



«ЖАМБЫЛ. ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ»
жобасын жүзеге асыру жөніндегі
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Көшербаев Қ.Е. төраға

Аймағамбетов А.Қ.

Райымқұлова А.Р.

Ақыш Н.Б.

Әбдуәлі А.

Әбдіғұлов Р.

Есдәулет Ұ.О.

Жамбылова С.Т.

Искаков Ә.М.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Қирабаев С.С.

Құрманғалиева Ж.Д.

Матыжанов К.І.

Мәдібаева Қ.Қ.

Рақыш Ж.С.

Ханкей Е.

Ыбырайым Б.Б.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ЖАМБЫЛ

Шығармаларының
а к а д е м и я л ы қ
т о л ы қ ж и н а ғы

БІРІНШІ ТОМ
Өлең-толғаулар



Алматы, 2021

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 қаз)

Ж 13

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Идея авторы және жоба жетекшісі:

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (жалпы редакциясын басқарған), Қасқабасов С.А., Мәдібаева Қ.Қ., Рақыш Ж., Ханкей Е. (жауапты редактор), Акимова Т., Салтақова Ж., Мүрсәлімова Н., Елесбай Н., Оралбек А. (жауапты шығарушы), Набиолла Н.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Тілепов Ж.
филология ғылымдарының докторы, профессор Негимов С.

Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Ханкей Е., Оралбек А., Набиолла Н. – Алматы: ЖШС «Brand Book», 2021. – 716 бет.

ISBN 978-601-230-097-0

Жамбыл Жабаев шығармаларының академиялық толық жинағы текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып, ақынның 175 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр.

Академиялық жинақтың бірінші томына ақынның өлең-толғаулары топтастырылған.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-230-097-0 (1-том)
ISBN 978-601-230-098-7 (жалпы)

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2021



АҢДАТПА

Жамбыл – қазақ әдебиеті тарихындағы суырыпсалма ақындықтың, авторлық ауызша әдебиеттің көрнекті өкілі. Оның шығармашылық мұрасы – ғасырдан-ғасырға ұласқан жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрді саф алтындай таза күйінде жеткізген жауһар жәдігер. Ақындық, айтыскерлік, жыршылық өнерді ұлттық мәдениеттің биік өресі деп таныған қазақ қоғамы шығармашылық тұлғаны қашанда туралықтың, әділеттіліктің, адамгершіліктің символы ретінде ардақ тұтты.

Жамбылдың даңқы Кеңес дәуірінде шырқау биікке көтерілді, өрісі кеңейді. Мемлекет қамқорлығына алынып, хатшылар тағайындалып, тұрмыс күйіне, шығармашылық жұмысына қолайлы жағдайлар жасалды. Өткен заманның кәрікұлақ куәгері, көргені мен көңіліне түйгенін ірікпей бүкпесіз айтатын турашыл жырау жалпақ жұрттың жанашыр жыршысы ретінде бұрынғы шығармашылық сара жолын жаңа жігермен жалғастырды. Ақын жаңа заманды зор шабытпен жырға қосты. Шығармалары мыңдаған данамен жарық көрді. Әлемнің 160-тан астам тілдеріне аударылып, шартарапқа тарады.

Жамбыл бұрынғы жыраулар үлгісімен халыққа арнау сөз айтып, елдік, ерлік, бірлік, татулық, туған жерді сүю, Отанды қорғау секілді адамзат үшін өзекті болған мәселелердің барлығына үн қосты. Халық «өмірге қайта туып, қайта келген» ақынның жырларына қуана қол соқты. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезінде айтқан күш-қуатқа толы рухты өлеңдері қайрат беріп, жігерін оятты. Жамбыл шынайы талант, қуатты ақынның қай кезеңде, қандай қоғамда да елдің қайғысы мен қуанышын тең бөлісетін айнымас тұлға болатындығын шығармашылығы арқылы айғақтады.



Оның әділеттің ақ семсері болып жарқылдаған шағы – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Өкінішке қарай, дауылпаз жыр дүлдүлінің кемел шағындағы тамаша туындылары толық сақталмады. Оның Қазан төңкерісіне шейін жырланған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» сынды дастандарын, Құлмамбетпен, Сарыбаспен, Досмағамбетпен, Шашубаймен, т.б. айтыстарын сол замандағы жыршылық, айтыскерлік өнердің таңдамалы үлгілері деуге болады. Алайда, сол жыр маржандарын дер кезінде жазып алып, жариялау ісі тым кеш басталды.

Жамбылдың әдеби мұрасын жинап, хатқа түсіру XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында ғана қолға алына бастады. Ақын шығармаларына көңіл бөліп, алғаш рет 1925 жылы «Терме» журналында дерек берген Шамғали Сарыбаевтың, арнайы хатқа түсіріп, тиісті ғылыми мекемеге өткізген Сабыр Шәріповтің 1927 жылғы көлемді қолжазбасы – жамбылтанудың бастауында тұрған аса құнды мұра. Сәкен Сейфуллин Жамбылдың өз аузынан жазып алған Құлмамбет ақынмен айтысы 1931 жылы «Ескі әдебиет нұсқалары» жинағында баспа жүзін көрді. Кейіннен көпшілік туындыларын ақынның өз аузынан Қалмақан Әбдіқадіров, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Әбділда Тәжібаев, Қасым Тоғызақов сынды әдеби хатшылары жазып алып отырған. Қазіргі біздің қолымызға жинақталған материалдар – осындай қамқор қолмен хатқа түсіп, баспа бетін көрген шығармалар. Шындығында, суырыпсалмалық пен айтыскерлік, жыршылық дәстүрдегі ақын шығармаларын жазбаға түсіріп, жинақтап, жүйелеп, қалыпқа келтірудің үлкен қиыншылықтары бар.

Біріншіден, шабыттана жырлап отырған ақынның аузынан шыққан сөзді сол қалпында хатқа түсіріп алу өте қиын шаруа. Жаттап алып қайталап айтушылар ішінара өзгертулер жасауы әбден мүмкін. Өлеңді бастапқы айтқан қалпында ақынның өзі де қайталап бере алмайды. Баспасөз бетінде жарияланып, кітап болып шығар кезде әртүрлі саяси сүзгіден өткізіліп,



редакцияланып отыратыны бар. Сондықтан Жамбыл өлеңдерінде әркелкілік көп кездеседі.

Екіншіден, айтыс – синкретті өнер. Театр қойылымына бергісіз айтыс өнерінің күрделі болмысы қағазға түскенде әрінен айырылады. Аламан айтыстарды толық қағазға түсіру де мүмкін емес. Сөз қолданыстарындағы ала-құлалық – ауызша жеткен мұраларға тән сипат.

Үшіншіден, Жамбыл шығармашылығындағы тарихи дастандар да ауызша айтылып, таралып отырған. Жыршы бір айтқан жырын қаз-қалпында қайталамайды. Әр айтқан сайын шығарма құрылымына, сюжет желісіне, өлең өрнегіне азды-көпті өзгерістер жасалады. Ауызша әдебиеттегі көпнұсқалылық автордың өзінен басталады. Ондай өзгешеліктерді жаттап алып айтушылар да қоюлата түседі. Жамбыл жырлаған дастандар да көпнұсқалы болып келеді. «Өтеген батыр» дастанының үш нұсқасы бірі-бірін қайталамайды.

Шығармашылық мұраға коммунистік идеология тұрғысынан баға беру ұстанымдарынан арылған уақытта Жамбыл сынды бірнеше қоғамдық формацияны басынан кешірген, ұзақ ғұмырында артына мол мұра қалдырған ақынның шығармашылығын жаңаша саралаудың өзектілігі артып отыр. Жамбылдың шығармашылық тұлғасына қатысты «Ол Кеңес өкіметінің сойылын соқты, Ленин, Сталин сияқты көсемдерді жырлады» деген солақай сын айтылатыны да шындық. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ ақын-жырауларының билік басындағы тұлғаларға жыр арнау дәстүрі ежелден бар. Қай кезеңде, қай қоғамда да ақын-жыраулар өз дәуірінің болмыс шындығын жырлайды. Жамбыл шығармаларында өз заманының ахуалын жырға қосты. Ақынның мол мұрасынан сол уақыттың саяси ұстанымдары мен идеологиялық бағыт-бағдары анық көрінеді.

Қазіргі әлемдік гуманитарлық ғылым талаптары бойынша әдебиет пен өнер туындылары, ең алдымен, көркемдік-эстетикалық жағынан талданып, бағалануы тиіс. Ақынды, жазушыны



«нені жазды», «кімді жырға қосты» деп емес, «қалай жазды» деп танитын шарт алға шығуы керек. Осы тұрғыдан келгенде Жамбылдың Кеңес өкіметі тұсындағы өлеңдері мен толғаулары көркемдік, әсіресе, эмоциялық әсері жағынан өте қуатты күшке ие. Бұрынғы басылымдарда бірде қосылып, бірде қалып келген өлеңдерді, жыр-дастандарынан күзеліп қалған шумақтар мен айтыстарында адасып жүрген жолдарға барлық нұсқаларын жинақтап, текстологиялық салыстыру жасай отырып, академиялық толық басылымын шығару ақын шығармашылығына деген тарихи әділеттілік. Мұндай ғылыми басылым жамбылтануды ескі саяси-идеологиялық талдау әдістемесінен арашалап, шығармашылық мұраға деген әдеби-эстетикалық көзқарасты нығайтып, оны жаңа сапаға көтереді. Кеңес өкіметі кезінде естен шығарылғанымен, мұндай ұстаным қазақ әдебиетінің де, әлем әдебиетінің де тарихында бұрыннан бар, ал қазіргі заманда берік орныққан өнегелі дәстүр.

Академиялық жинақты дайындау барысында осы уақытқа дейінгі шыққан ақын шығармаларының толық жинақтары түгел қамтылды, ондағы озық тәжірибелер мен маңызды деректемелер барынша ескерілді.

Жамбыл шығармаларының алғашқы толық жинағын 1940 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы Жамбыл атындағы Әдебиет және халық творчествосы секторы әзірлеп шығарған. Редакция алқасында Т.Жароков, Ғ.Орманов, Қ.Сағындықов, Е.Ысмайылов, Ә.Тәжібаев болған. Осы басылымында Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанының 1938 жылы «Әдебиет майданы» (№7,8) журналында басылған, 1939 жылғы «Сұраншы батыр» атты жеке жинағындағы мәтінге жырдың II тарауы қосылып беріледі. Жинаққа енген айтыстар, өлеңдері мен дастандарына түсінік жазылған.

Келесі толық жинақ – 1946 жылғы басылым. Қазақтың біріккен мемлекет баспасынан шыққан. Редакциясын қарағандар: С.К.Кеңесбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев (редактор). Жинақта Жамбыл шығармаларының



жарияланымдары туралы мәлімет берілген. Қысқаша библиографиялық көрсеткіші бар.

Бұдан кейінгі 1955 жылғы басылым үш томдық болып шығады. Редколлегия құрамында филология ғылымдарының докторы Н.Т.Сауранбаев, филология ғылымдарының кандидаттары О.А.Нұрмағамбетова, Қ.Б.Тұрғанбаев, М.Ғұмарова (жауапты редактор) бар. Бұл жинаққа 1946 жылғы басылымда жоқ 26 жаңа өлең қосылған. Алғысөзде Жамбылдың 1946 жылғы жинағына қатысты өлеңдердің газеттегі нұсқасына баса мән берілгені атап көрсетіліп, мынадай салмақты сын айтылған: «Жамбылдың баспаға әзірлеген өлеңдері оның қарауынан өтпеген. Жамбыл шығармаларын баспаға әзірлеп, жинақ етіп құрастырушылардың аса үлкен қателіктері – әртүрлі түзетулер мен жөндеулерді көп жасаған. Жамбылдың көзі тірі кезінде онымен келіспеген. Осының салдарынан Жамбылдың бұрынғы жинақтарында, әсіресе, 1946 жылғы толық жинағында, көптеген бұрмалаушылықтар мен қателіктер кеткен» (1955 жылғы жинақ, 9-б.). Бұл жинаққа Қалмақан Әбдіқадіров жазып алған Жамбыл шығармаларының мәтіні пайдаланылады. Ондағы Сталинге қатысты мәтіндер қысқартылған. Қолжазбада М.Ғұмарованың қолымен жазылған мынадай ескертпе бар: «Республикалық, облыстық газеттермен салыстырылған өлең текстері кезінде жазып алған хатшыларына беріліп расталды».

1957 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан жинақтың редакция алқасы: М.О.Әуезов, М.Базарбаев, Е.Ысмайылов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова. Шығармалар мәтінін баспаға әзірлеп, түсініктерін жазғандар: О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Т.Сыдықов. Жинаққа енгізілмеген жекебасқа табынушылық сарынында жазылған шығармаларының жалпы саны 16 өлең деп нақты көрсетілген. Жинақ соңында ғылыми негізді түсінік берілген. Жамбылдың Кенесарыға қатысты мәтіндерінің қайсібір тұсы, 1940, 1946 жылғы жинақтарында жоқ шумақтарының толықтырылып берілгендігі айтылады. Оған жинақты шығарушылар саясат ыңғайында



«Қасымовтардың шектен тыс зұлымдықтарын әшкерелейтін бөлімдері бұрынғы жинақтарына кірмеген. Газетке басылған тексті арқылы бұл жолдар қалпына келтірілді» деген «түсініксіздеу» түсінік береді (1957, 6-б.).

1982, 1996 жылғы басылымдарында да мәтіндік, құрылымдық өзгерістер жасалған. Жалпы редакциясын Сұлтанғали Садырбаев басқарған 1996 жылғы жинақта Кенесары ханға қатысты 1938, 1939, 1940 жылдардағы нұсқаларында берілген мәтіндер қайта қосылады. 1996 жылғы жинақтың құрылымдық жүйесінің ілгерідегі басылымдардың ауытқыған тұстары бар.

Соңғы толымды деген басылым – 2012 (2014) жылғы 4 томдық толық шығармалар жинағы. Б.Ыбырайым мен Р.Әбдіғұлов баспаға дайындаған бұл басылымда Жамбылдың ақындық мұрасын зерттеу, түгендеу, текстологиясын айқындау мәселелеріне біршама ден қойылып, шығармалар мұрағат материалдарымен салыстырылып, толықтырылып жаңа сапаға ие болған.

Жамбыл мұрасы Кеңестік дәуірде әр кезеңдегі саяси ахуалға қарай үнемі өзгеріп басылып отырған. Олай болуының басты себептері ретінде ақын шығармаларының толық жинағын дайындау кезінде екі үлкен саяси науқанның қатты ықпал еткенін көреміз. Біріншісі, Қазақстан тарихын маркстік-лениндік таным тұрғысынан қайта қарау жөніндегі Қаулыға (1947) байланысты. Осы уақыттан бастап Жамбыл шығармаларындағы Кенесары хан бастаған тарихи тұлғалардың барлығы өшірілді. Тіпті, тарихи дастандарына да күмән туып, күзеліп шықты. Мәселен, «Өтеген батыр» дастанындағы Абылайға байланысты шумақтар қысқарған. Барлық шығармаларындағы діни ұғымдар, тарихи тұлғалар, орысқа қарсы шумақтар, тайпа, ру атаулары редакциялауға ұшырады.

Екіншісі, Сталин дәуірін жекебасқа табыну ретінде танып, тәрк ету (1956). Кейін шыққан жинақтардың барлығынан Сталин және басқа да саяси тұлғалардың аты-жөні алынып тасталды немесе өзгертілді, оларға қатысты айтылған мақтау, мадақ қысқартылды. Жамбыл дастандарына кеңестік кезеңде зорлықпен



қосылған Сталинге байланысты шумақтар 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) жылғы жинақтарда қайта қысқартылған.

Қазіргі тәуелсіз сана кезінде Жамбылдың әдеби мұрасын арнайы текстологиялық сараптан өткізіп, байырғы нұсқасын қалпына келтіру осы жаңа басылымға артылған үлкен міндет болды.

Жамбылдың өзі жазған қолжазба мұра жоқ. Жыраудың өз аузынан жазып алған хатшылар қолжазбаларының көпшілігі сақталмаған. Сақталғандарының өзін түрлі қорлардан іздестіріп, там-тұмдап жинауға тура келді. Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі мен Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалдық музейінің басшылары (Жамбылова Салтанат Тезекбайқызы, Искаков Әуелбек) музей мұрағаттарында сақталған қолжазбаларды М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына электронды көшірмесін өткізді. Ұлттық ғылыми кітапхана мен Институт қорындағы материалдарды қосқанда біздің қолымызға Жамбылдың хатшылары жазған араб, латын әріптеріндегі қомақты қолжазба мұра жинақталды.

Академиялық жинақтың бірінші томына Жамбылдың өлеңдері мен толғаулары топтастырылды. Жамбылдың 1917 жылға дейінгі саяси бояу сіңбеген таза лирикалық өлең-толғаулары мен 1944 жылға дейінгі аралықтағы ақынның өз аузынан жазылып алынып, көп өңдеуге түспеген шығармалары бұл жинақтың сүбелі бөлігін құрайды. Сонымен қатар, «Ерназар колхозының митингісінде Жамбыл сөйледі», «Ежов (Ежоп) батыр туралы», «Ұсынамын», «Ер күні», «Әулиеата еліне», «Жайратқан жаудың шебін арыстаным», «Ал, Жамбыл сөйлесін», «Командирге», «Мерекелі бір күнім», «Ғылым», «Біздің мектеп», «Мұғалім», «Той», «Туды Сталин бағыма», «Ерлер күні», «Кино-театр», «Әр байға тиген келіншекке», «Естігенде даусымды», «Жаса балам біз үшін», «Бес мың жауды айдадың», «Америка Құрама Штатындағы азаттық сүйгіш халыққа», «О, ұлдарым, ұлдарым» деген сияқты бұрынғы жинақтарға енбей келген шығармалары жөнінде «Түсініктер» бөлімінде толымды мағлұмат берілді.



Ақынның осыған дейінгі жарық көрген 1937, 1940, 1946, 1955 (үш томдық), 1957, 1982 (екі томдық), 1996 (екі томдық) және 2012 (2014) жылғы (төрт томдық) жинақтары, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақталған латын әрпінде машинкада терілген 159, 160, 161, 162-бумалардағы өлеңдері, Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорында сақталған әртүрлі жинаушылардың араб және латын әрпінде хатқа түскен 651-бумадағы нұсқалары, сондай-ақ Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі қорындағы көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған және латын әрпінде машинкада басылған («Оригиналы стихов и поэм») және қарындашпен, көк сиялы қаламмен өңдеулер жасалып, шимайланған «Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқалары» (1939-1941 жж.) сынды қолжазбалары өзара салыстырылды.

2012 (2014) жылғы басылымға енген кейбір өлеңдер қолжазба нұсқаларында басқа тақырыппен бөлек өлең ретінде берілген. «Шағым» деп аталатын белгілі өлеңі Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі қорындағы латын әрпіндегі («Оригиналы стихов и поэм») деп аталатын бумада екіге бөлініп, «Молда» деген атпен өз алдына бөлек өлең болып басылған. Өлеңнің: «Жаңа өлең айта бастаған шағым еді, әкемнің оқы деп молдаға ұстап бергені есімде. Жая жайлауында едік. Молдаға бардым, босағасын аттағанымда-ақ бір тар қапасқа кіргендей болдым. Енді шықсам дүниенің түгіне қарамай, беталды лағып кеткім келді...

Сабактан шығысымен қалың қарағайға зеңіп жоғалдым. Бірақ іздеп тауып алысты. Әкем зорлайын деді оқуға. Сонда былай дегенім есімде бар», – деп қос нүкте қойылып әрі жалғасқан өлең жолдарынан кейін Жамбылдың: «Содан былай әкем де үндеген жоқ», – дейтін сөзі бар. 2012 (2014) жылғы жинақтағы «Түсініктерде» өлеңнің екіге бөлініп берілгені жазылған, ондағы стильдік өзгешеліктер де мысалдармен көрсетілген, бірақ Жамбылдың осы кіріспе сөзі берілмеген. Текстологиялық



салыстырулар нәтижесінде осы сияқты қолжазба нұсқаларда басқа тақырыппен аталған кейбір өлеңдер белгілі болды.

Ақын шығармаларын хатқа түсірушілер буманың мұқаба парағында жазып алған әдеби хатшының аты-жөні тұрғанымен, сол кездегі саяси жағдайға байланысты қолжазба бумалардағы өлеңдердің астына «Жазып алған мен емес» деп қолын қойып, бастартқан жағдайлары да кездесті.

Үш томдықтың екінші томына Жамбылдың «Өтеген батыр» (3 нұсқасы), «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» жырлары, «Көрұғлы», «Бақ, Дәулет, Ақыл» дастандарының Жамбыл жырлаған нұсқалары, «Замана ағымы», «Туған елім», «Ворошилов туралы дастан», «Менің өмірім», «Менің бақытым», «Өмірдің тууы» толғаулары, «Ауызекі әңгімелер» циклі мен музыкалық мұрасы топтастырылған.

Ақынның «Өтеген батыр», «Сұраншы», «Саурық батыр» жырларының 1937, 1953 жылдардағы қолжазба нұсқалары 1938, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996 және 2012 (2014) жылғы жарияланымдарымен салыстырылды. «Сұраншы батыр» жырындағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты шумақтар осы академиялық басылымында толық қалпына келтірілді. Мәтіндік-құрылымдық тұрғыдан салыстыру аталған туындылардың барлығында дерлік мәтіндік өзгерістер, ауытқулар, әр жылдардағы мақсатты түзету, өзгерістер, техникалық себептен болған ағаттықтар бар екендігін көрсетті.

1940 жылғы жинақта «Менің өмірім» атты толғаудың соңында қара сөзбен жазылған «Түсіндірме» тек 2012 (2014) жылғы басылымында ғана берілген, бұл жинақта ол біраз өзгерістермен толықтырылды.

Дастандар мен толғаулардағы еларалық, елішілік, руаралық мәселелерде жасалған өзгерістер, қысқартулар, алмастырулар түзетіліп, ол жөнінде жинақтың «Түсініктер» бөлімінде кеңінен баяндалды.

Салыстырулар барысында құрылымдық өзгерістер, жеке сөздердің дұрыс оқылмауынан немесе арнайы саяси мәнде



өзгертілуінен болған ауытқулар негізінен түпнұсқа мәнді араб қарпіндегі қолжазба мәтіндері бойынша түзетілді.

Екінші томның бір бөлімі Жамбылдың музыкалық мұрасына арналған. Мұнда ақынның жыр сарындары, ән әуендері, айтыс мақамдары мен күйлері топтастырылған. Музыкалық шығармалардың ноталық жазбасы мен мәтіндері, орындаушылар мен нотаға түсірушілер жөнінде мәліметтер берілді. Бұл бөлімді өнертанушылар Ақан Әбдуәлі, Мұрат Әбуғазы, Нұржан Жанпейіс дайындады.

Академиялық басылымның 3-томы Жамбылдың айтыстарына арналады. Жинаққа «Жамбыл мен Айкүміс», «Жамбыл мен Бақтыбай», «Белектің қызы мен Жамбыл», «Жамбыл мен Сары», «Майкөт пен Жамбыл», «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны», «Жамбыл мен Бөлтірік», «Құлмамбет пен Жамбыл» (*Сәкен Сейфуллин жариялаған нұсқа*), «Құлмамбет пен Жамбыл» (*Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа*), «Жамбыл мен Сарбас» (*С.Шәріпов жазып алған нұсқа*), «Жамбыл мен Досмағамбет», «Жамбыл мен Шашубай», «Жамбыл мен Болық», «Жамбыл мен Молда Бағыш», «Тоқтағұл мен Жамбыл», «Нұрилә мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі» сынды 16 айтысы енді. Сонымен бірге Қырғызстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық ілімдер бөлімінің қорынан (инв. 1753) табылған¹ «Тоқтағұлдың Жамбылға жолығысқаны» атты айтысы алғаш рет ұсынылып отыр.

Жамбыл айтыстарының алғаш басылғаны – 1931 жылы Сәкен Сейфуллин дайындаған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көрген «Жамбыл мен Құлмамбет айтысы». Мұнан соң 1940 жылғы ақынның жеке жинағында Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен, Шашубаймен болған айтыс үлгілері жарияланған. Ал, 1946 жылғы басылымында Жамбылдың 12 айтысы берілген. Мұнан кейінгі әр жылдарда

¹ Көшірмесі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (713-бума) сақталған – ред.



жарық көрген (1955, 1957, 1982, 1996) жеке жинақтарында ішінара редакцияланған сөз-сөйлемдер болмаса, бұл айтыстар өзгеріссіз қайталанып басылған. Тек 2012 (2014) жылғы 4 томдық толық шығармалар жинағының бірінші томындағы жекелеген айтыс нұсқаларын есепке алмағанда (Құлмамбет және Сарбас) нақты 14 айтысы жарияланды. Мұнда Жамбылдың қырғыз ақындары Молда Бағыш және Болық ақындарымен болған қағысулары алғаш жарық көрді.

Жамбылдың классикалық айтыстары саналатын Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен, Шашубаймен болған ірі сөз сайыстарында қолжазба нұсқа мен басылым арасында біршама айырмашылықтардың бар екені, көптеген сөздердің, сөйлемдердің, сөз тіркестерінің дұрыс оқылмағаны, түсіп қалғаны, көркемделгені, редакцияланғаны анықталды. Мысалы, «Жамбыл мен Досмағамбет айтысына» қатысты Жамбыл мен Досмағамбет кезегінің ауысып кету фактілері анықталды. Айтыс мәтіні бұрын жарық көрген айтыс нұсқаларымен салыстырылып, текстологиялық тұрғыда зерделеніп, осы жинаққа қолжазба нұсқасы бойынша берілді.

Томның бір бөлігі фотосуреттер, қолжазба нұсқалардың сипаттамасы мен факсимилесіне арналды.

Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағы ақынның қағаз бетіне түскен шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтану ғылымының сарасынан өткен, әр шығармаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар «Түсініктерде» дәйектеліп, Жамбыл туындыларында баяндалатын тарихи оқиғалар, тұлғалар, жер-су атаулары туралы деректер, есімдер көрсеткіші, сөздіктер қосымшасымен дайындалған ғылыми басылым болып табылады.

Редакция алқасы



ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАР





1917 жылға дейінгі
өлеңдер







ШАҒЫМ

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жонымды,
Талай дүре соғылды.
Торсылдатып танадай,
Жыртар болды тонымды.
Тілің ащы бала деп,
Қайнатты әбден сорымды.
Оқымай-ақ кетейін,
Байламаңыз жолымды.
Алдыңыздан өтейін,
Не жазып ем солғұрлы?!
Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа,
Жем дәметкен дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған,
Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам,
Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, қинама,
Болмас енді зорлаған.

ӘКЕМЕ

Сөртінің ұрлап кара атын,
Жазықсыз қиып қанатын.
«Жапанда жаяу қалдырып»,



Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын ығыр қып,
Ойым жоқ шұрқан² салатын.
Қоныстан елді бостырып.
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!
Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке.
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз құр келеке.

ТӘЙТІ МЕН ШЫБЫЛ ШАЛҒА

Қажыдан кеше ғана келді дерек,
Союға мал, шашуға ақша керек.
Тәйтекем ұжмақтан орын тапты,
Қаза тауып жарықтық елден ерек.

Ақшаңды шаш, ағайын, малыңды же,
Жақсы өлімге жабығу болар қате.
Жас қалып, алдында кәрі кетсе,
Оның өзі емес пе, той-мереке.

² Шұрқан – бүлік, жанжал мағынасында.



* * *

Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқан барсаң, шығындарсың.
Көбінің өлгендердің жиып алып,
Ақыретке барғанда шырылдарсың.

САРЫБАЙҒА

Сарыеке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып талап қылдым,
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Жаманның көңілі көкте, жерде басы,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы...
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Біреулер «қайтемін» деп қалтаңдап жүр,
Әркімнің аузына бір жалтаңдап жүр...
Біреулер біліп тұрып жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Көңілі кейбіреулердің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.



Қайсысын маған соның еп көресіз?
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз...
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,
Өлең болсын серігің деп бересіз!

* * *

Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрын.
Алдаңдым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын.

БАЙҰЗАҚ МОЛДАҒА

Отынға екеу кетті, бірі – молда,
Мінгені молдасының шұбар жорға.
Молдасы Сарыекемнің ұрлық қылып,
Құдая, кешіре гөр, өзің тоба?!

КӘМШАТ ҚЫЗ

Кермиық Кәмшат қыздың көрдік көркін,
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.
Секілді алтай түлкі сылаң қағып,
Шеніне келтірмейді-ау емін-еркін.
Қырандай қияннан-ақ ілер едім,
Қырқада қызыл жүзін бұрса бертін.

Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім,
Сан жерде шаршы төске самғап едім.
Жұртшыдай жұрт торымай, алысқа ұшып,
Алатын тоятымды таңдап едім.



Айдынның ақ шортанын жібермейтін,
Жасымнан жаза баспас қармақ едім.
Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу,
Сол ғана жүрегіме берген жылу.
Ажары бет пен жанның бірдей емес,
Керек-ау, Кәмшат, соны пайым қылу!

Солмай ма көктемдегі әдемі гүл,
Оңбай ма бетке біткен әдемі түр?!
Еңкейіп екіндіге күн құласа,
Көріксіз көрінбей ме дүние бір.

Осының бәрі мысал ойлағанға,
Кәмшат қыз, ойлан, ойлан ба, оны өзің біл.
Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң,
Тынар ма, айтып өтпей қу қызыл тіл!..

* * *

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр-мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа-қамзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан,
Қомытсынып жерінген,
Жұбайыңды есіттім,
Таңдап тапқан еліңнен.
Өзі қарау, тарыншақ,
Қас Қарымбай делінген.
Салғаныңды көрермін,
Соған барып серуен.
Сөйлесермін оралып,
Сонда, Кәмшат, сенімен!



САРАҢ БАЙ МЕН ЖОМАРТ КЕДЕЙ

Малы көп бай жылайды қар жауғанда,
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда.
Жерден алтын тапқандай кедейлер жүр,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға.

Малы көп бай ертемен жейді қаймақ,
Қой шығарып, кедей жүр қозыны айдап.
Ең болмаса айранға тойғызса деп,
Жатса, тұрса тілейді «а, Құдайлап».

Сараң байдың үйіне қонақ келсе,
Қояды кәрі қойын ол ыңғайлап.
Кедей жомарт үйіне мейман келсе,
Жалғыз қойдың тұрады басын байлап.

* * *

Бай жалтан, кедей қалтан, халық дархан,
Көп жердің дәмін таттық сыбай-салтан.
Елімнің азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім, сенің арқаң!

ӨЛЕҢШІ ОМАРҒА

Жағынба босқа байға, Омар ақын,
Байлардан саған мынау кедей жақын.
Енеңді мықтап мырза бір боқтайды,
Берерде қойға қоңыр шолақ атын.

Тек отыр, меніменен айтыспай-ақ,
Жетеді саған ақын некен-саяқ.



Үрпиіп жүні түскен қоңыр қаздай,
Соғуға қанатыммен тұрмын аяп!

ЖАНЫС АҚЫНҒА

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай – деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен
Кетер ме екен жығылмай!?
Құлаштап бір кетейін,
Көбен³ құсап тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы⁴ бұйым ба-ай!
Селтендеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай.
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?!
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде жеңген Шыбылдай⁵.

³ Көбен – арықтап жүріп, ет алған жылқы.

⁴ Жабы – қарапайым жылқы.

⁵ Шыбыл – Ұлы жүздегі ру аты.



ЖЫЛҚЫШЫ

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.
Саяқ іздеп Саркемер, Сартаукұмнан,
Табылса деп, жонымыз бір тілінбей.
Байтал түгіл бас қайғы болып жүріп,
Қайтпекші едік, төсектен біз түңілмей!

ПҰШЫҚТЫҢ ҰРЫҒА АЙТҚАНЫ

Шығып ем бүгін мініп көк байталға,
Кез болдым екеуіңе көк қайқаңда.
Көк байтал өзі семіз, өзі буаз,
Жануар шаба алмаса өкпе айтам ба?

Екеуің келе сала пұшықты алдың,
Өкпесін өзі дімкәс қысып та алдың.
Қалғандай қағындысы құрттан әлі,
Пұшықты бартылдатып ұшықтадың.

Олжалап кетерсіңдер байталымды,
Қалмаймын мен де бүгіп айтарымды.
Осы өлең қайда барсаң қиқу салып,
Қуалар бойларыңнан сайтаныңды.

Білемін, бірің Манас, бірің Сырым,
Пұшықты тонағаның жаман ырым.
Атыңды біреуіңнің бірің атап,
Көріп пе ең, адам тонап бұдан бұрын.



Ала бер байталымды, Сырым, Манас⁶,
Байталға мейлің өліс, мейлің талас.
Атыңды екеуіңнің біліп алдым,
Аржағы керегі жоқ, болды қалас!

КЕТІПТІ ҒОЙ БАСЫҢ АУЫП

Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-хауіп.
Екейдің жыңдысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой басың ауып.

ӘЗІЛ

Жамбылға астың жауырын,
«Таңдап-ақ астың тәуірін».
Түйе қарап жүрген бұл Жамбыл
Аймалап бассын әуірін.

САРАҢ КЕЛІНГЕ

Естемес бастас болдың Кәсенменен⁷,
Сөйлейді мына келін
Аузын ашып әсемменен.
Бар екен деп асыңды төгіп-шашпай,
Бұдан былай асып жүр бәсеңменен.

⁶ Сырым, Манас – Қасқарау елінен шыққан ұрылар.

⁷ Кәсенменен – Қасен Мәңке болыстың інісі.



КЕСІРЛІ ҚАТЫНҒА

Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қырғыз, қазақ бас қосса, топ жарады,
Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың!
Ел жұтаса, екі елі кемімейді,
Қара қазан қатыны сараң байдың.

* * *

Ел едің құт дарыған Есім-Малай,
Қыдырып қызығыңды көрдім талай.
Арқанда үрлеп ішіп, шайқап төктім,
Қайтқалы бет түзедім елге қарай.

Кең біткен етек-жеңі ағайын ең,
Беріпті саған дәулет соған жарай.
Балаңа бесіктегі белгілі ғой,
Санатқа ілінбеген Қожан қалай?

Барармын баян қылып бәрін төске,
Бейілің берекеңмен болар есте.
Адамның алыс жүрсе аңсары ауып,
Көруге құмартары сол емес пе?!

Жан екен жағын сауған аларманда,
Артымнан мен кеткен соң солай деспе.
Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім,
Жөнім жоқ сені мақтап сөйлемеске.

Ағайын-туған есен бол,
Алшайып атқа мінейін.
Енді айналып келгенше,



Аңсай-аңсай жүрейін.
Шүйгініңе сонылап,
Шынарыңа түнедім.
Қош аман бол, құрметті ел,
Қадіріңді білейін!

ҚУҒЫН

Екі жылқы алдырдым,
Майтөбенің жонынан.
Бергенім жоқ қолымнан,
Ұры әкетті торыған.
Ізі осылай ойысты,
Қуып келем соңынан.
Сөзім емес, Бәйке,
Сізді ұрыға жорыған.
Қыдыр шалған жылқыңның,
Қаратыңыз тобынан!
Табылмаса тобыңнан,
Көрейін өз сорымнан.

ШӘБДЕНГЕ

Уа, шаһибаз, хан Шәбден!
Атым арып келді әбден.
Тоным тозып жүдедім,
Орын бермей жан төрден.
Ақ ордаңа енейін,
Аман-сәлем берейін,
Аз дамылдап алайын,
Өзіме-өзім келейін.
Жан таң қалған сөзімді,



Алдыңа бір төгейін.
Күн қиядан батқанша,
Ай қиядан асқанша,
Ағыл-тегіл тер болып,
Жорғалайын, желейін.
Басы биік Алатау!
Жер өмірден көрінер,
Арнап келдім, батыр-ау,
Амандасып қолың бер!
Ауыл алыс болса да,
Атағыңды көрдім бел.
Атым арық, тон тозық,
Қысып келді аштық, шөл.
Жерімізде жұт болып,
Өспей қалды биыл төл.
Бұйымтайым, мұңым да,
Әзірше айтар сізге сол.

СЫРТТАНҒА

Қыдыралы, Құлшаннан,
Құлаш ұрған Сырттаным.
Жерді болжап күн шалған,
Жүргеніңді ұққамын.
Қыдыралы, Есімбек,
Эрентальды сабаған.
Ер туған ұл десін деп,
Бір кәдеге жараған.
Маманыңның өрені,
Тиын-тебен санаған.
Құтылғалы кетіпсің,
Олар жапқан жаладан.
Енді ниет етіпсің,



Кім кірмеген қаладан.
Сендей қазақ аз шығар,
Үміт қылған баладан.
Екі балаң жетілсе,
Құтыларсың табадан.
Дәметкемін жетімше,
Сендей білгір ағадан.

* * *

Төментіннен келесің екі қуым,
Елдің жәйін білесің буын-буын.
Қанын сорып екеуің атқа мінсең,
Тағы кімнің тартасың сары суын.
Елден тиын қоймайсың түтін санап,
Есебіңнің аяғын шығарарда
Рахмет пұшықты алдың талап.

СЫЗДЫҚ СҰЛТАНҒА

Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды,
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқыңды естіп жүруші ем,
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.
Ауылға жүр, қонақ бол,



Атан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсың, Сыдеке,
Ата жолы деген сол!
Арнап келіп алғаның,
Алтын жүзік, сары қасқа ер.
Атаңыздың аруағын,
Сыйлайды екен бір тайпы ел.
Екеуінің⁸ қалғаны –
«Он бір жыра» деген жер.
Оны да айтты ағайын,
Іштен шықты қайғы-шер.
Атаның не арманы –
Іздеп келіп артынан,
Бата қылса сіздей ер!

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕРДЕН⁹

Кенесары, Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды. Қазақты орысқа бермеймін деп, Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, солдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер-дүниені алып қаптаған патша әскері азаймады, күн сайын көбейе берді, зеңбірегін сүйретіп, Кенесары, Наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды. Елді қойға тиген қасқырдай талады. Кенесары, Наурызбай сол таланған елді қорғаймын деп, қасына мың сан батыр қол ертіп жүрді. Бірақ Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді? Ол етектен алған «иттерден» жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы оңған ба? Кенесарының

⁸ Екеуі – Кенесары мен Наурызбай батыр.

⁹ Хан Кене. Алматы: Жалын, 1993. 146-148-бб.



тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды. Олар патшадан шен-шекпен алды, аға сұлтан болды, заседатель болды. Сөйтіп, ел іші өзара бірлігі кетіп, ынтымағы жойылған кезде патшаның солдаттары Кенесары, Наурызбайды Сарыарқаға тұрғызбай, мазасын ала берді: ауылын шапты, мал-мүлкін талады, қатын-балаларын тұтқындады. Ақырында Кенесары Ұлы жүзге – Алатауға қарай беттеп көшті. Әуелі Балқашта, Іленің қойнауында, жалайырдың шетінде жатты. Бұл жер жұттан шалғай еді.

Орыс әскерімен белдесуге күш жию үшін:

*Қамауда жатып хал болмас,
Қолыңа қалың ел қонбас, –*

деп, Кенесары соңынан ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме?! Сонан Қордайда шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтады ғой. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келді деген соң Ұлы жүз – Дулат елі қалмай жиналды, күні-түні Кененің ауылын босатпады. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының ерлері Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рүстем де қалмай келді. Кенесары екі күн ұдайы ешбір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап, ауыр ойланып, төмен қарап отырып алды. Рүстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақ боз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, «алдиярлап» қолын қусырып, рұқсат сұраудан басқа бір ауыз тіл қатуға бата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбай ғана сөйлескен. Сонда 19 жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің маңдайшасын көтеріп, былай депті:

– Хан бетін басып, басын тұқыртып, неге төмен қарай береді? Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар ауылымызда жеткілікті, біз ел бастаған, жау жасқаған батырды көргелі келдік, – депті.



Сонда Кенесары басын жұлып алып:

– Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп, жоғары шық! – депті.

Сұраншыға оң тізесінен орын беріпті. Сонан кейін барып Сыпатай, Рүстемдер де «алдиярлап» үйге кірген екен. Бірақ Кенесары олардың бірде-бірімен жылы сөйлеспей, өзінің үйіне баса-көктеп кірген ер жігіттермен ашылып сөйлесіпті. 17 жасар Байсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп, Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының алдына тоқтапты. Әкесі Тойшыбек:

– Бұл не бейбастық, сен ханды басынамысың? – деп шыға келіп ұрысқан екен, Бәйсейіт кимелеп:

– Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды, – деп, үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да оң тізесінен орын берген. Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір қалың, қайратты қол құралады. Кенекеннің Жетісуға келгенін бір кезде Сүйінбай бәріміз ұзақ жырмен айтушы едік, сонан есте қалғандары тіпті аз...

Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген,
Кенекем келді алыстан.
Ақауызы арқырап,
Ақ сауыты жарқырап,
Жауар бұлттай түйіліп,
Найзасын көкке үйіріп,
Наркескені жарқылдап,
Наурызбай келді арыстан.
Жауды көрсе қуанған,
Алмасын қанға суарған,
Табыннан шыққан Бұқарбай,
Ту ұстаған Нәпбай,
Жортуыл жолшы Бұғыбай.
Жалаң қылыш байланған,



Жау қайда деп сайланған,
Батырлар келді Қордайға...
Кенесары келген соң,
Өңкей ерді көрген соң,
Ерлігін жаннан асырған,
Бес қаруын асынған.
Келді Саурық, Сыпатай,
Жас Байсейіт, Сұраншы,
Келді бәрі қалмастан,
Кенесары алдына
Өңкей көкжал бас қосқан...
Қара тасты айырар,
Қайраттары алмастан.
Сондай ерлер өтті ғой,
Дұшпанымен айқасқан... – деп толғаушы едік.

МӘМБЕТКЕ

Уа, қадірлі Мәмбетім,
Ауылыңда алты күн,
Дамыл алмай әндеттім.
Ән мен күйді тоғылтып,
Айналанды сәнді еттім.
Атан беріп, ат беріп,
Ақырында дәндеттің.
Алты ай өтіп арада,
Ауылыма сен жеттің.
Жамбыл үйі жаман деп,
Атақ жайып сен кеттің.
Үйім жаман болғанмен,
Сөзімді жұрт сыйлайды.
Айтқандарым жаққан соң,
Алыс, жақын тыңдайды.



Сен жамандап кетсең де,
Мені жұртым қимайды.
Бай есіркеп бермейді,
Айтқаныма улайды.
Қайтармасаң бодауын,
Тағы артынан тулайды...
Айтпасыма болмайды,
Қылығы ішке сыймайды.
Түк қайыры болмаса,
Несіне мал жинайды?!

* * *

Садырмекке ат шапты,
Суықтөбе баурында.
Қырғыз, қазақ бас қосты,
Сәке болыс ауылында.
Қатарлап үйді тіктіріп,
Қамбалап қазан қайнаттың,
Желілеп бие байлаттың.
Сауын айтып, ас беріп,
Ақындарды сайраттың.
Атаңа зорлық көрсеткен,
Мырзабек пен Кәшкенің,
Басына таяқ ойнаттың.

СӘТ САЙЛАНАРДА

Лашын құстай таранып,
Сыртың сұлу көрінген,
Неңді медеу саналық,
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түйелер,



Қысырады биелер,
Қыста қырсыз, жұт болдың.
Елге жүгінді үйе бер.
Шығынмен де шаршаттың,
Енді қайтіп күй енер?!
Көргеніміз сол болса,
Неміз қалды сүйенер!
Қазбасам да мен онша,
Елдің өзі-ақ жүйелер.

ЖАЛҒЫЗБЫН ДЕП ЖҮРМЕСІН

Сәлем айт барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен байтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай.
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай!

ТІЛЕМІСКЕ

Ей, Тілеміс, Тілеміс!
Тілің мірдің оғындай.
Тиіп кетсе күйдірген,
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса,



Құтылмайды соғылмай.
Құр сүлдесі қалғанша
Қара терге шомылмай!
Кебекбай мен Ноғайбай,
Тіліңнен-ақ именіп,
Жүр ғой сені соға алмай!

АБЫШҚА

Мәмбетәлі ауылында,
Атандым мен абышқа¹⁰,
Абышқа деп мына қыз,
Тиіп кетті намысқа.
Абышқаның сақалы,
Әлде бұған таныс па?
Абышқаны байқасам,
Емес екен алыста.
Абышқа ма, қарашы,
Біздің әсем дауысқа,
Ұзақ таңға қарлықпас,
Ұлы дүбір шабыста.
Айтқан сөзім шет болса,
Сынатайық қалысқа.
Не болмаса жөнде өзің,
Тұлғаң түзу жан екен,
Түсінетін әр нұсқа...

¹⁰ Абышқа – қырғызша шал деген сөз.



МӘҢКЕ ТУРАЛЫ

Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ештеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.

Сөздерін ұзарта келеді,
Өңешін қызарта келеді.
Өнімі азырақ жерде,
Үстіне тұз арта келеді.

Ыңыранып отырып алады,
Әр алуан қырға салады.
Ақыры Құдай жарылқап,
Қалталарын толтырып алады.

АРТЫҚША ТУҒАН АЗАМАТ

Жігіттіктің кезінде,
Жігерлі болса ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда,
Халыққа сөзі ем болар.
Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын,
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасың,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар.



Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде,
Өлімді кім ойлайды.
Жігері болса жігітің,
Орындамай қоймайды.
Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын.
Кезеңді жерде кез болса,
Қорқып тізгін тартпайтын,
Батыр Қараш, Саурық,
Шапырашты Өтеген,
Батырлардың еңбегі,
Таныс маған ертеден.
Жамбылдың да серті бар,
Әділдік көрмей өмірден,
Жүрегінде дерті бар.
Ішіне Жамбыл түскен дерт,
Зұлымның салған өрті бар.
Қырандай Жамбыл қалқыса,
Өзі салған өрт жалын,
Зұлымға қарай шалқыса,
Елдің серті – ер серті.
Дұшпанның басын шарпыса!

ҚАБАТ ТУСЫН КҮН МЕН АЙ

«Аумиін» деп қолыңды жай,
Қабат тусын күн менен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Ылғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қыз,



Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі –
Қойға кетсін қудалап,
Түйеге кетсін біреуі –
Екі көзін уқалап,
Егін ексін біреуі –
Су сағасын томалап,
Оттың басын шаңдатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы бақсын біреуі –
Асауларды күделеп.
Сөз сөйлесін біреуі –
Көп ішінде сүбелеп.
Жақсы лепес – жарты ырыс,
Ескіден қалған мақалды
Соза беріп, қайтейін,
Бата аяғы тақалды.

ӨСИЕТ

Ой-хой, дүние серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе – лебіз, шықса – жоқ,
Қауіп етіндер өлімнен.
Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден.
Дәулетіңнен не пайда,



Таусылмастай көрінген!
Жалғыз мұраң сол болар,
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де,
Көмілмейді кебінмен.

* * *

Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашан да жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға.

ШАЛТАБАЙҒА

Салқын келіп тоң-торыс,
Сыртқа сыздап қарайсың.
Сенен басқа жоқ болыс,
Деп өзінді санайсың.
Шарға түсер шағында,
Қара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малың да,
Ақ жем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше,
«Жамағат!..» деп жалындың.
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың.
Сан рет кеп алдыңда,
Сағым сынып сарылдым.
Сазаратын Жамбылға,
Саған сонша не қылдым?!
Бақсы басы қаңғырар,
Бабын таппай тамырдың.



Жанды есінен тандырар,
Қиынын-ай бабыңның!..

ҚАЛИҒА

Ей, Ордабай ұлы Қалиым!
Үстінде тұр ақ үйің.
Қасыңда тұр қара үйің.
Атағыңды білемін,
Сыртыңнан-ақ танимын.
Атан сұрап, ат сұрап,
Деп келгем жоқ жарыын,
Байдабектің бірі едің,
Сары бәйбіше ұлы едің.
Сартаукұмды мекендеп,
Баяғыдан жүр едің.
Сахарада қонысың,
Малға толы өрісің.
Сойылыңды соғып тұр,
Ұлығың мен болысың.
Біздей жаһанкезбені,
Қомытсынсаң қомытсын.
Бірақ айтып кетейін,
Жүзім қайтып көрген жоқ,
Сенен қорқып нетейін.
Күле-күле жүрсін ел,
Менменсіген бейліңді,
Елге жайып өтейін.



КӨКІМГЕ

Бері отыршы, Көкімім,
Қандай екен өкімің.
Елді билеп алуға,
Қай арадан бекідің.
Әлде бекіп келдің бе,
Арын сатып бетіңнің?!
Бір тояйын дедің бе,
Ақысын жеп жетімнің.
Әлде ғарып көз жасын,
Көрейін деп бекіндің.
Ашып жауап қайыршы,
Көкім, сенен өтіндім.

ТОҚТАҒҰЛҒА

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан-төре айналмай ма сендей ерден.

Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп.

КЕДЕЙ КҮЙІ

Ұзынағаш, Қаратас,
Қалқабайдай қайран жас.



Бекеттен¹¹ нан қоймайды,
Жалаң аяқ, жалаң бас.

Оған ауыз жарымас,
Сондадағы ар қылмас.
Қалт-құлт етіп жүргені,
Қысы-жазы қарны аш.

Қайтып жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас.

Болмайды ішкен асың ас,
Қайтіп сүйек жасымас.
Мұныменен Қалқабай,
Сордан көзің ашылмас.

Ағайынмен, бар, сырлас,
Тегін тамақ татырмас.
Жарылқары жалғыз-ақ:
«Жетерсің» дер, «басың жас!»

ЕСЕНӘЛІ МЕШКЕЙГЕ

Жаралғалы жегенің қазы, жамбас,
Қарның ашты дегенге адам нанбас.
Ет пен майды ішіңе нығап тығып,
Адамшылыққа инедей орын қалмас.
Ылғи лас көтерген өміріңше,
Атан өгіз сияқты сен бір маубас.

¹¹ Бекет – Ұзынағаш бекеті.



Сен тойғанмен, біреулер аш қалып жүр,
Деп ойлама түбінде теріңді алмас!

ҚИСЫБАЙҒА

Ей, Қисыбай, Қисыбай,
Бері қарашы қымсынбай.
Шапаныңды бергенше
Көңілім тұр тыншымай.
Етігіңді қоса бер,
Жүрсін десең шымшымай.

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа-бірлігіңді бұзып кетер.
Ебін тауып ұстамай өшіктірсең,
Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер!

* * *

Үштоқал болыс болды атпай-шаппай,
Қисыбай іс істедің ебін таппай.
Күртібай Үштоқалға еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай.

ӘДІЛДІК КЕРЕК ХАЛЫҚҚА

Ұзынағаш базарында, Сарыбайдың баласы – Қисыбай болыс болып тұрған кезде, қан базардың ортасында, қасында бірнеше ұлықтар, төрелер бар Қисыбай кездесіп: «Мынау Жамбыл деген қазақтың ақыны», – деп таныстырады. Төрелердің тілмашы Жамбылды қылышымен нұсқап:



– Бұл қандай ақын, айғайлап ағаш алғанның бәрі ақын, анық ақын болса, бізді өлеңге қосып айтып көрсін, – дейді.

Сонда ұлықтың жақтырмағанын білген Жамбыл ішінен ызаланып өлеңдетіп қоя береді.

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан.
Қазақты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған.

Кедейді көрсе керіліп,
Сөйлесуге ерініп.
Сендерге ермек болуға,
Жүргенім жоқ зерігіп.

Базарға келсем тиын жоқ,
Киетұғын киім жоқ.
Кісі өлтіргіш ұрыға,
Ұлықтан да тыйым жоқ.

Байдың бабын таппаған,
Ұлыққа сөзім жақпаған.
Жалған ақын мен емес,
«Жазықсыз төре» сен емес.

Жарлы-кедей халықты,
Жамбыл осы жақтаған.
Шаруаның күйі жоқ,
Кіруге бүтін үйі жоқ.

Егін салар жері жоқ,
Сөзін сөйлер ері жоқ.
Қолына егер жер тисе,
Байлардан оның кемі жоқ.



Жарлы-кедей жасының,
Күйі жоқ бір басының.
Қадірлемей ұлық жүр,
Халықтың нелер асылын.

Байдың орып астығын,
Табалмай әділ бастығын.
Ақыны байдан ала алмай,
Сорлы кедей жасыдың.

Байдың малын бағасың,
Күз пішенін шабасың.
Қолына түсіп қалған соң,
Еңбекті қайдан аласың?!

Жарлыны бай жалмасын,
Ұмытқан соң тәубе Алласын.
Ұлықтан сол тілегім:
Анық шындық жүрегім,
Нашарға салық салмасын.

Сарнасын, ақын сарнасын,
Төреге сөзін арнасын.
Тыңдамаса ол төре,
Халық тыңдар жалғасын.
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреге бай салмасын.

Ағылсын жырым бұлақтай,
Төгілсін сырым құрақтай.
Болыс-төре жүрген жоқ,
Халықты қорлап, жылатпай.
Шабарманы шаптығып,
Барады елді шыдатпай.
Болыс-төре, билерді,



Кедейлер отыр ұнатпай.
Жаз жатақта қалдырып,
Салыққа малын алдырып,
Кедейлерге теңдік бер,
Қысы-жазы шулатпай!

Халықтың сырын терейін,
Қалықтап ұшып көрейін.
Шындықты айтқан Жамбылды,
Төрелер кетті ұнатпай.

Сонда төрелер Жамбылды жаратпай, Қисыбайға ала көздерімен қарап, базардан сырғып кеткен екен. Халық «тара» деген ұлық сөзін тыңдамай, Жамбылды қоршап, «айта беріңіз» деп тұрып алышты. Қызып алған Жамбыл халықтың қызығып, сүйсіне тыңдағанына өршелене түседі. Домбырасын шертіп, өлеңді ілгері қарай өршіте береді:

Төгейін жырды халқыма,
Халық тыңдап сөзіңді,
Жақсы көрсе өзіңді,
Тартынба, Жамбыл, тартынба!

Бұлбұлдайын сайрайын,
Жігерімді қайрайын.
Сәулемді елге түсіріп,
Аспандағы айдайын!
Тас бұршақтай ұшырып,
Екпіні күшті сөз дайын.
Жиналып халық тұрғанда,
Тыңдауға көңіл бұрғанда,
Сөз дариясын қозғайын.
Толқыны кетсін серпіліп,
Тоқталмасын іркіліп.
Болыс елді аралап,



Жарлыны шауып, жаралап,
Сөзін сөйлеп малдының,
Көзін ойып жарлының,
Ас берсе бай саралап.

Иттей көрдім төрені,
Тамаққа тойса үретін.
Халықтың ақын перзенті,
Ақтарып сырды беретін.
Жүйріктің ақын өрені,
Бәйгеде жауырын керетін.
Айтқандары өтірік,
Ұлыққа кім бар сенетін.
Сыздауық жара секілді,
Денені сыздап керетін.
Жамбыл ақын сөйлесе,
Жарасы қалар жарылып,
Ел аңғарып көретін.

Қызыл тілім іркілме,
Шер-құмардан шығайын,
Құмармын жастан шіркінге,
Неден қорқып бұғайын.
Шерімді айтсам арылтып,
Түзелер тасып шырайым!
Іштегі өрт-жалынды,
Жасырып кімнен тығайын.
Күннен күнге күшейсе,
Ақтармай қалай шыдайын.

Тыңдасын халқым құлақ сап,
Біраз сөйлеп көрейін.
Халықтан аяп қайтемін,
Алланың берген көмейін.
Жамбыл көрді жасында,



Шабындыны, шаңдарды.
Біреуді біреу талаған,
Жыртқыштықты, заңдарды.

Халықты асқан дараға,
Сатылып тамақ параға,
Көрдім сондай хандарды.
Жүрсе де халық ашынып,
Осыны қашан аңғарды.
Көрсеткендер қарсылық,
Қайыршылап сандалды.
Сандалдырып малды алды,
Малды алмады жанды алды,
Жарлының батып жанына,
Сермеген ханның қылышы,
Бітіп тірлік тынысы,
Ханның қолы қандалды.

Түн қараңғы дүниенің
Ататұғын таңы бар.
Қараңғының шырағы –
Жанатұғын шамы бар.
Дүниенің тұрағы –
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.

Бақшалы сарай бағында,
Әділетті шағында,
Салтанат құрған халыққа,
Шындық пенен аныққа,
Сайрайтын бұлбұл табылар.
Бақыты үшін заманның,
Халықтың сүйген ақыны,
Бұлбұл болып танылар.
Базарға келсем ақшам жоқ,



Сүйікті қонар бақшам жоқ.
Сорлы кедей шаруаның,
Қайырлы таңы атқан жоқ.
Қаралы елдің халқына,
Дұрыстықты айтқан жоқ.

Хан-төрелер алдаса,
Би-болыстар арбаса,
Шаққыш жылан уытты,
Халықта шыр қалмаса.
Заманның айғақ ақыны,
Кім айтар Жамбыл болмаса?!
Сөз тыңдар заман кез болса.
Зарықтырмай тез болса,
Жамбыл куә емес пе?!
Сөзімді халқым тыңдаса,
Ақындар жаттап сарнаса.
Жырыма үлес жыр қосып,
Жамбылға да арнаса.

Қисық жол тура шабылса,
Елден қырсық арылса.
Жамбылдың жыры тасқындап,
Селдей болып ағылса!
Алым-салық жинаған,
Жарлыны жаныштап қинаған,
Дұшпанға құрық салынса.
Елдігі кетіп барады,
Хан жайлаған қазақтың,
Қорлығы өтіп барады,
Халық көрген азаптың.
Жарлы-жалшы кедейлер –
Ермегі күлкі-мазақтың.
Араны байдың ашылған,
Барды жоқ деп жасырған.



Тебеген есек секілді,
Тепкілеп орын бермейді
Бос жатқан жер қасынан.
Осындай азап түрлері,
Жүздеп өтіп келеді,
Замананың басынан!

Жаман әдет халықта,
Бай айтса болды «жарайды».
Бай шығармас жарыққа,
Жаны ашып кімге қарайды.
Жарлыға біткен жалғызды,
Бай өзіне санайды.

Қанын сорып қанайды,
Диуанадай талайды.
Қасқыр көрген жылқыдай,
Шұрқырасар иіскелеп,
Жұлдырып қоңын тарайды.

Бай жібермес пайдасын,
Өткізіп арбап, айласын.
Міне, осындай сұмдарға,
Жігері Жамбыл қайнасын!

Байлықтың түбі пайдадан,
Өтірік-қулық, айладан.
Ұрлық-зорлық, талаумен,
Жүздеп жылқы, мыңдап қой,
Байлар судай айдаған.

Жарлының көз жасынан,
Жиналған малы зұлымның,
Көпіріп көлдей тасыған.
Бай байлығын мадақтап,



Көзі жетпей осыған,
Тұншығып босқа тұманда,
Адасып талай халықтар,
Төте жол таппай жасыған.

Бал аштырып бақсыдан,
Адастырып жақсыдан.
Көңілі қалды халықтың,
Хан, төре, ұлық-тақсырдан.
Қысым жасап халыққа,
Ары болды қанішер,
Қойға тиген қасқырдан.
Өмір бойы осылар
Аяусыз елге қас қылған.
Екі қазан бір үйге,
Қысым жасап астырған.
Жуан білек қамшымен,
Нашарларды қорқытып,
Мазалаған састырған.
Салындыдай суға аққан,
Қалған халық мажаурап,
Қалың өрт, апат, тасқыннан.

Айтшы халқым, бекер ме,
Өмір өстіп өтер ме?!
Жылжып жылдар өткенмен,
Айлар асып кеткенмен,
Күндер қуып жеткенмен,
Көкейден, сірә, кетер ме?!

Еркіндік жоқ елімде,
Иелік жоқ жерімде,
Бағасы жоқ, пайда жоқ,
Бақытсыз сорлы қайда жоқ,
Желмен ұшқан тозаңдай,
Босқа кетті терім де.



Халықпен бірге қалықтап,
Айналаны шарықтап,
Көз көргенді анықтап,
Еңбегім бар менің де.

Асқар тау ғаріп емес пе –
Айдынды көлі болмаса,
Ер жігіт ғаріп емес пе –
Белгілі елі болмаса.
Ел де ғаріп емес пе –
Белгілі белге қонбаса.
Ағаш ғаріп емес пе –
Мәуесі өсіп тұрмаса.
Су да ғаріп емес пе –
Арнасы тасып толмаса.
Әйел ғаріп емес пе –
Ерден бағы жанбаса.
Малдар ғаріп емес пе –
Шөп-шүйгінді шалмаса.
Жаз да ғаріп емес пе –
Құрғақшылық торласа,
Қыс та ғаріп емес пе –
Қарсыз тонмен мұздаса.
Көрік ғаріп емес пе –
Салған темір қызбаса.
Ұста ғаріп емес пе –
Темірдің суын таппаса.
Ақын ғаріп емес пе –
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе –
Әділеттен аттаса.
Халық ғаріп емес пе –
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе –
Еңбегі алға баспаса.



Арғымақ ғаріп емес пе –
Арам тер болып ақсаса.
Малшы ғаріп емес пе –
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе –
Өтірік айтып ақтаса.
Көл де ғаріп емес пе –
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе –
Ағашты дұрыс жонбаса.
Заманның сыры емес пе –
Заманға қайғы жемес пе,
Домбырасын қолға алып,
Жамбыл ақын толғаса!

Көрдім талай байларды,
Халықтың бағын байлаған.
Айдаһардай айбарлы,
Елді сорып жайлаған.
Талайлар кетіп жай қалды,
Өмірден соры қайнаған.
Ақын қанат жаза алмас,
Халықтың іші тазармас,
Бұзық болса айналаң.
Домбыраны қолға алып,
Жамбыл ақын гулетті.
Іштегі шер қозғалып,
Күй артынан күй жетті.
Осы өлеңге Жамбылды,
Көкірегі даңғылды,
Өмір шіркін үйретті.
Уайым өсіп, ер жетті,
Елді қайғы тербетті.
Бас қоса алмай бірігіп,
Тоз-тоз болып ел кетті.



Ақыл айтар адам жоқ,
Қарсы тұрар шамаң жоқ.
Елдің қамын ойлайтын,
Сауық-думан ойнайтын,
Қасіретсіз заман жоқ.
Қор болған елде талай ер,
Ерді басқан қайғы-шер.
Ер еңбегі көрінбей,
Пайдасыз кеткен аққан тер.

Жамбыл отыр сарнаған,
Елге сөзін арнаған.
Жыр да кетті төгіліп,
Тасыған судай арнадан.
Жамбылдың жағы талмаған,
Жері жоқ Жамбыл бармаған.
Жүйрік тарлан секілді,
Жүгірістен танбаған.
Таудан ұшқан қырандай,
Қонар жерін таңдаған.
Денесі қызып алғанда,
Алдына жан салмаған.
Қызып Жамбыл шапқанда,
Кімдер жолда қалмаған!

КӘДІРБАЙДЫҢ ТӨБЕТІ

I

Аяқтарын алдырып,
Астымда атым болдырды.
Айдалада қалдырып,
Құба жонға қондырды.
Жаяу қалдым қаңғырып,
Не жаздым мен сол ғұрлы.



Жұртта қалған жұрынмен,
Ат аяғын байладым.
Дәрі шөппен ем қылып,
Өлтірмеуге ойладым.
Маңайынан шыбынды,
Бүркіп, сілтеп айдадым.
Елді сорған төредей,
Атқа қонған елемей,
Бүгелектерді айдадым.
Түйе жүрген соқпақтан
Таптым сулы бір апан,
Атымды әбден суардым,
Сілкінді атым есінеп,
Қоя берді кісінеп.
Өзім баурында отырған,
Қырға қарап салдым ән.

– Шыда біраз, жануар,
Енді жолда болдырма.
Жолдас та жоқ жалынар,
Тек ермегім домбыра!..
Таудан асты күн бұғып,
Ай көрінді бір жақтан.
Келеді екен бір жігіт,
Қылаң атқа жүк артқан.
Көтеріле салдым ән,
Атын бұрды ол маған,
Жөн сұрастық жалма-жан.
– Шырағым, мен Жамбылмын,
Өзің қайдан, атың кім?
Ауылдарың қай жерде?
Қатын, балаң бар ма әлде?
Тоқ па үйдегі балалар?
Қанша ед үйде ұл мен қыз?



Мол ма ед үйде ет, қымыз?
Жігіт жерге түсті аттан:
– Менде болмайды ол мақтан,
Бала түгіл қатын жоқ,
Қатын алар затым жоқ,
Елді кезген сен ақын.
Кәдірбайға бір барып,
Жайың бар ма тоятын?
Біз қалдырған қай-қайда,
Жолаушысың бұ күнде,
Барып кетсең болмай ма
Кәдірбайдың үйіне?
Кеше өліп бір төбеті,
Бай қайғысы болды көп.
Шақса керек қаракұрт,
Ит арсылдап жұлынып,
Әбден ығыр болды жұрт.
Жер тырналап дөңгелеп,
Өлді ақыры сол төбет.
Итті көріп Кәдірбай,
Жылап, ұрсып, салды ойбай.
Ат шаптырды жан-жаққа,
Ақын-жыршы дегеннің,
Бәрін жиып алмаққа.
Бай бейілін, мейірін,
Сән-салтанат сейілін,
Ақыл, күшін, зейінін,
Ең ақыры төбетін,
Күймен, жырмен мадақтап,
Бәйіт¹² қылып беретін.
Бай сыйламақ боп отыр,
Зерлі шапан, елу қой,

¹² Бәйіт – бұл жерде баяндау деген мағынада.



Екі бірдей жорға атын.
Ет-қымызды былай қой,
Жүз тақта шай, бір қатын...
Сенен озар жоқ ақын,
Сен ғой соны алатын.

II

Жыршыларда дамыл жоқ,
Күндіз-түні айқайлап.
Кәдірбайды мақтап кеп,
Терлеп-тепшіп сор қайнап:
«Тәңір ашқан бағынды,
Қыдыр баққан малыңды.
Жүйрігің – тек жұлдызың,
Жорғаң – судың құндызы.
Өз мінезің қырмызы,
Ел-жұртыңа жағымды,
Шынжыр балақ, шұбар төс,
Ата тегің мәлім-ді.
Жандаралмен жақын боп,
Талай атың жайылды.
Губернатор келмесе,
Тамағыңды сағынды.
Атың сенің ендеше
Патшаға да танылды.
Атамандар іздеп кеп,
Бірге түлкі қағысты.
Қымыз ішіп, етің жеп,
Үйінде дем алысты».

III

Жыршы біткен шуылдап,
Мақтағаны – Кәдірбай.



Итін жоқтап бір уак,
Елден маза, кетті жай.
Шаршады, әбден терледі,
Жамбылға да сөз берді.
Тұрды төрден Кәдірбай,
Қарап қойды Жамбылға,
Қитар көзін төңкеріп,
Сандықтарын бір шолып,
Түлкілерін бір көріп,
Қымыз жұтып алды да:
– Жырлайды деп естідім, –
Аузыңа түскенді.
Ауылында бел шешпейді,
Қорқыт болып түз кезіп,
Қайда болса жүр безіп,
Ішінде бар сұмдығы,
Күйлерің боп шер, жылау,
Салады деп жұртқа ылау.
Кәне, бері жақын кел,
Төбетімді жырлап бер,
Кебісінді шеш, – деді.

IV

Күй жосылып жөнелді,
Екі шектен боратып,
Қоя бердім өлеңді,
Жыршыларға қаратып:
– Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма осылай!
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ,
Пайдасыз жұртқа құр айқай.
Мақтағанға сабылып,
Ұятсыз, арсыз сараң бай,



Бастарыңды көтерші,
Тіленіп, сұрап жыланбай!
Сөздеріңе күйіндім,
Қанша айтсаң да тойғам жоқ,
Шықпай қалды бүйірім.
Жамбылға құлақ салыңдар,
Сөзімнен пайым алыңдар,
Жарлыдан безген байымас,
Тілене берген жарымас.
Байға жылап жалынған,
Жұрт болмайтын нағыз нас.
Өлеңсіз адам – есіркер,
Ақылсыз адам малмен тең.
Байларға басын имеген,
Еркін боп өтер дүниеден.
Өлеңін сатқан қу кезеп,
Ол бір шыбын, сұр көжек.
Ей, жыршылар, құлақ сал,
Сөздеріңді тыңдадым,
Байға селтең қақтыңдар,
Шыдады эзер қу жаным.
Ал, Кәдірбай, құлақ сал!
Жамбыл сөзін тыңдап қал:
Итіңді жаман демеймін,
Күзетіп жүр малыңды.
Көпшілікті бүлдіріп,
Ұрлап алғандарыңды.
Итің қуып қасқырды,
Ауылдан талай қашырды.
Таңынан талай тартқылап,
Қасқырды талай састырды.
Даусыменен шошытып,
Қасқырларды тықсырып,
Таудан талай асырды.



Естісең, міне, расымды!
Айтсам сөзім нанымды,
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған,
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды.
Кетпеймін айтпай онымды:
Қайнатып Құдай сорынды.
Ит өлмей-ақ, сен өлсең,
Болар еді тым-ақ орынды.

ӨСТЕПКЕДЕ

Үйсін, Найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада құр үйлдің.
Ұлық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларыңды түйіндім.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым.



* * *

Халықтың еркі кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.
Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп:
Он тоғыз – отыз бірдің арасынан.
Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!
Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?!

ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ

(1916 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА)

Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көкорайға жайылған,
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма лаж?!
Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз?!



«Бес үйден бір жігіт!» – деп,
Болыстар жүр шапқылап.
Жасауыл үй тінтпек,
Қылыштары жарқылдап.
Бүйтіп көрген күн құрсын,
Жапырақтай қалтырап!
Таусылғандай тынысың,
Күнде жүрек қансырап...
Дүниенің кеңдігі –
Жүргеніңде басың бос.
Жан қысылса, белгілі,
Таба алмайсың жақын дос.
Өз араңнан шыққандар
Таяқ соғар өзіңе.
Әр нәрсеге бір зауал,
Дейтін еді кезінде.
Би, болысты Тәңір атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ, не қалды,
Ата жұрттан кету бар.
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар.
Не болмаса, шыбындап,
Тағдырыңа көну бар.
Көнсең күнде шығындап.
Ит қорлықта өлу бар!

ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.



«Отыз бір – он тоғызды алад» деген,
Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –
Дейді де еңіреді, егіледі,
Қайғының күндіз-түні күйін тартып.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір-шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егер де бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз» деп.

Ел-ел боп, жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып, толқындады,
«Бір сая бола ма деп шыбын жанға?»

Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
Қарғалы деген тасқын бір өзенге.
Пристав кетті «еріксіз аламын» деп, –
Көресің бұл істі деп, кезегінде.

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.



Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз,
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір бәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды сайлап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жұрт,
Қамалғандар тірідей тартып азап.
Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» – деп.
Губернатор, жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтқан жандаралдың «Бекболат!» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды «дарға асып, тарт!», – деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.



Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Иманыңды айтатын молданды тап,
Үндерінді шығарма, өңкей надан.
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»

Самсыны¹³ алған екен Ботбай¹⁴ қамап,
Оларға жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.

Пристав та Самсыға барған екен,
Жаныбектің мешітін қамап алған екен.
Жаныбек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.

Ала алмай күні бойы әлек болды,
Жаныбек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып, Ұзынағашқа,
Шаңдатып келе жатты қара жолды.

Бөлек-бөлек топтанып шоқтай болып,
Бай көпесті өлтірді Ботбай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан.
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

¹³ Самсы – жер аты.

¹⁴ Ботбай – ру аты.



Шиенде¹⁵ де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топбасы Саттар өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып, өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,
Шапшаң түсіп, келсін деп хабар салды.
«Қашқындарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.

...Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына,
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

ХАЛЫҚ КЕГІ

Бой бермес ел өмірі, асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.
Бірде от, бірде суды көктей көшіп,
Талпынып тілегіне басты ілгері.

¹⁵ Шиен – Суықтөбе тауының солтүстігіндегі жер аты.



ЖОЛ ҮСТІНДЕ

Ақмырзаның баласы,¹⁶
Ежелден едік сырдесте.¹⁷
Атым арық, қарашы,
Амалым жоқ мінбеске.

Жол үстінде болдырып,
Ант еткендей жүрмеске.
Айдалаға қондырып,
Кетер ме екен бір кеште.

Сырдесте адам осыны,
Айттырмай-ақ білмес пе!
Кеусенім¹⁸ деп тарыдан
Берсе қайтер бір десте?!

ТАППАСПЫН СЕНДЕЙ САЛАҚТЫ

Атаң сенің Таңат-ты,
Жұртты аузына қаратты.
Мені үйіңе шақырып,
Алып кепсің арақты.
Қарасаңшы, шіркін-ай,
Жырым-жырым балақты.
Тарғап, Самсы ауылынан
Таппаспын сендей салақты.

¹⁶ Ақмырза – Екейден шыққан бір атаның аты.

¹⁷ Сырдесте – сырлас.

¹⁸ Кеусен – қырман иесінің таныстарына беретін сыбағасы.



1921-1935







БЕЛСЕНДІЛЕРГЕ

Заман ақыр болған жоқ,
Жамбыл сөзден қалған жоқ,
Ел жайлаудан көшкен жоқ,
Көктен жасыл түскен жоқ,
Сендер шетке қағатын,
Жамбыл атым өшкен жоқ!..
Мен баяғы Жамбылмын,
Әлі сөзге даңғылмын.
Қыртыстарың сүймейтін,
Мен сендерге не қылдым.
Қайсысыңның үйіне,
Қайыр тілеп қаңғырдым?
Жаным барда кеудемде,
Сендерден кем болмаймын.
Дүрілдетіп жер-жерде,
Өлең-жырды толғаймын.
Домбыраға қол соғып,
Иығымды қомдаймын.
Тек кездесіп қалмаңдар,
Ыңғайына сондайдың!

АҚЫН БОЛДЫМ ОН ҮШТЕ

Ақын болдым – он үште,
Алатын құстай тарандым.
Алды-артыма қарандым,
Шарықтадым әр жерде,
Келгенінше шаманың.
Жауап бергім келмейді,
Десе қайда барасың!
Байқадым біраз аралап,
Шапырашты, Екей баласын.



Ақындық қонбай тұрғанда,
Жалтақтап Жамбыл тұратын,
Ұлық пенен төренің,
Ұрлағандай танасын.
Шарласын Жамбыл шарықтап,
Қырандайын қалықтап,
Байқасын үні, шамасын.
Ағайын елдің ішінен,
Сөз ұқпайтын кісіден,
Таппады Жамбыл бағасын.
Жасымадым өрледім,
Домбырамды сермедім.
Ақындармен таласып,
Жүйрікпенен жанасып,
Жалған ақын кез болса,
Жасқанып жол бермедім.
Тасқындады өлеңім,
Дамыды шалқып өнерім.
Толтыруға ұмтылдым,
Өлеңнің олқы кемерін.
Садақтайын сайланып,
Сөз өткірін ойланып,
Ататын оқтай безендім.
Жел сөзден тауып табысты,
Жібермедім намысты.
Қисықты түзеп мінедім,
Артықты тілмен теңедім.
Арқасында жел сөздің,
Жақын еттім алысты,
Жас Жамбыл елмен танысты.
Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім.
Жыртық киім кигенім,



Арық, жауыр мінгенім,
Думан топты қақ жарып,
Жастық шақта жүргенім.
Ақ бөкендей желгенім,
Ақынның көріп мергенін.
Өмірменен жанасып,
Жарлыменен санасып,
Ақиқатты сөйледім.
Ақ домбыра ергенім,
Сөздің оғын кезесем,
Алыстан атып жеткіздім.
Дұшпанға арнап кезесем,
Өңменінен өткіздім.
Мерген болдым, атқышпын,
Көздедім көрсем қылаңды.
Шешен болдым тапқышпын,
Алдымда көп ел сыналды.
Төте жолмен төтелеп,
Елдің сырын жетелеп,
Арқадан – арқа қыр асып,
Егескенге шыдасып,
Жамбылдан кім бар шыдамды?!
Он жеті мен он сегіз,
Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты,
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді,
Үйсін, Найман құп алған.
Көрғұлы Сұлтан, Өтеген,
Шежіресін тыңдаса,
Шығушы еді құмардан.
Өленді жастан дарытқан.
Малға қашан жарытқан.
Жамбыл ақын нәсібі.
Өзімді сүйген халықтан.



Қазынасы кең дүние,
Жамбыл қашан тарыққан.
Көңілін ашып кетейін,
Біраз қызмет етейін,
Халыққа мұңлы зарыққан.
Шер-құмардан шығарып,
Шертейін күйлі өленді,
Жасымнан бойға дарытқан.
Өлең деген өнерді,
Дәулет – елдің ырысы,
Сарқылмас қазан кемерлі.
Шаршамастан шалдығып,
Араладым әр елді.
Ұлы той, жиын астарда,
Арка, Алатау асқарда,
Жиналған топта кәрі-жас
Сүйсіне тыңдап кенелді.
Жиырмаға жасым келгенде,
Ор текедей желгенде,
Алдымнан шыққан кес-кестеп,
Жолықтым талай мергенге.
Тісін қайрап жүрсе де,
Ата алмады сығалап,
Қарамды мерген көргенде.
Тірі күнде аттырсам,
Қолыма қылыш шаптырсам,
Өзімді санап мен жүрдім,
Тірі емес – өлгенге!
Жиырма беске асқанда,
Ай ілесті аспанда!
Жұлдыздар тұрды сығалап,
Шырқап әнге басқанда!
Талқандап бұздым бөгеуді,
Кемелге келіп тасқанда.
Үлгі беріп өлеңнен,



Елге ұрық шашқанда,
Жарыспақ болып келгендер,
Шаңға ілеспей қашқанда,
Домбыраның пернесін,
Дами берді он саусақ,
Дем алмастан басқанда,
Жолдас болған домбыра,
Жамбыл да қалмас болдыра,
Отыз да жатыр ойланып,
Шақырып мені қам қыла.
Заманыңнан қалыспай,
Сілтеп құлаш алысқа-ай,
Бес саусағым қырқыла,
Жел сөзбен жүрек жандыра,
Құрышын құлақ қандыра,
Отыздан асты жасымыз,
Ақылға толып басымыз,
Ақыры шауып ағындап,
Бәйге атындай арындап,
Ақын жанның жүрегі,
Жас баладай мінезі,
Балалық қашан арылмақ.
Өткір сөзім қылыштай,
Толғадым сөзді тыныстай.
Сөздің қоры ұлғайды,
Тағдыр берген ырыстай.
Жүрмедім босқа сайыспай,
Жасым кетті алысқа-ай,
Көнгіш болдым өмірге,
Мінезім – шылғи, қайыстай.
Асылдан соққан ақ семсер,
Келемін мен де қайыспай!
Тот баспадым, сынбадым,
Өзімді өзім шыңдадым.
Қырғыз – қазақ жиылса,



Топты жарып жырладым.
Топтан озған ақынды,
Топ ішінде тыңдадым.
Бәйге атындай жұлынып,
Шаппай қарап тұрмадым.
Қойды өмір жаратып,
Жел сөзімді таратып,
Тоқтамадым қызғанда,
Тыңдауға халық тұрғанда.
Түн артынан түн кетті,
Күн артынан күн кетті,
Кештер батып, таң атып,
Келгенде жүйрік бабына.
Бәйге бермес шапқанда,
Кім тура кеп тоқтатар,
Қызып тұрған шағына!
Көрді Жамбыл қырықты,
Кезек күтіп тұрыпты.
Сымға тартқан күмістей,
Сынымды бұзбай тұрғанда.
Жиырма бес қайта келгендей,
Қырықта қылаң ұрамын,
Шалғандай таудың қыранын.
Өлеңім кетті селдей боп,
Жердің жүзін қаптаған.
Суға аққан сеңдей боп,
Жері жоқ барып жатпаған.
Қырық бес те келіп жолықты.
Елу де келді еркіндеп,
Жамбылды елу ойлантпақ.
Елуді жас деп еске алмай,
Жұмсадым мол қайратты,
Асау тайдай ойнақтап.
Сақтадым есте ойланып,
Елудің есіп өтерін.



Қызыл көзі алақтап,
Қызыл тілі салақтап,
Азу тісі сылқылдап,
Буындары былқылдап,
Ақ көбік шашып аузынан,
Арыстандай ақырып,
Кәрілікті шақырып,
Алпыстың білдім жетерін.
Бұлқынсам да ақырып,
Қайратты, жастық шақырып,
Ілгіштенген тамақта,
Тұрды біраз қақырық.
Арылмады тамақтан,
Тастасам да қақырып.
Алпыстағы шалдардай,
Алжымадым шатылып!
Алдағы өмір, өткен жас:
Ақшыл тартқан сақалым,
Буырыл тартқан ғазиз бас,
Аздап белгі береді,
Жаралсам да темір-тас.
Өмірді болдым көргендей,
Жетпіс те жетті желгендей.
Қажымастай бұл тағдыр,
Қасиетін бергендей.
Кәрілік емес сол күнде,
Қажытқан мені замана.
Қақырық қатып, шер болды,
Қайғы-дерт ішке жамала.
Елу жыл қырғын болса да,
Ел көргенін тана ма?!
Ел аузында жыр болып,
Кетті сөзім тарала.
Би, болыс көрдім сол кезде,
Жетегінде төренің,



Ұқсас болып өңкілдеп,
Мұрнын тескен танаға.
Жамбыл айтпас дүниеде,
Жел сөз айтса жалғанын.
Шер тарқатып сол кезде,
Қозғадым іштің арманын.
Өлеңім топан суындай,
Жетісудан ақтарам.
Тыңдамай жердің алысын,
Арқаға жетіп дауысым,
Алтайдан да аттағам.
Қартайдым деп өмірде,
Қайғыланып жатпадым.
Жастық шіркін көңілді,
Сонда да болды мақтаным.
Мақтаным емей – немене,
Көңілдің күйін жақтадым.
Жетпістен асып сексенге,
Жылжыдым ептеп беттедім.
Кәрілікке еңістеп,
Мойындап, мен де кетпедім.
Көптен көксеп тарыққан
Қажыған ел зарыққан.
Теңдік берген заманға,
Аман – тірі жеткенім!
Бетіме шырай әр берді,
Жан денеме нәр берді.
Теңгеріп нашар кедейді,
«Мен ұлықпын» демейді.
Біз тілеген заң шықты,
Кісі еңбегін жемейді!



БАТЫРАҚ – КЕДЕЙЛЕРГЕ

Төбеге әкеп ту тігіп,
Той, мереке етіндер!
Алалы болмай ауызың,
Ынтымақ қылып бекіндер!
Теңдікке жетіп қолдары,
Теңелсін жетім-жесірлер.
Бір ауыздан сөз шығып,
Кесірді ескі кесіндер!
Жамбыл ақын батасы,
Батаның жоқ-ты қатасы.
Мұратыңа жетіндер!

ҚАЗАҚСТАН ТОЙЫНА

Халықтың енді, міне, жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені.
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені.
Елімді сансыз жылдар қоршап тұман,
Өмірінде азап шегіп өкінгені.
Советтің өкіметі көп жасасын!
Намысты жауымызға кетірмеді.
Болайық өкіметке кедей ұйтқы,
Секілді, темір тіреу көпірдегі.
Жарқырап тұла бойды шаттық кернеп,
Ажарым шырайланды бетімдегі.
Ағытқан бар арынын арғымақтай,
Қиырдан қия шауып лепіргені.
Сенімен туған елім біте қайнап,
Жан емен әңгіменің шетіндегі.
Сондықтан, бабаң Жамбыл әнге шырқап,
Қырандай қос қанаттың серпілгені.



* * *

Уа, қарағым келіншек!
Сатшы маған майыңды.
Білемін сенің жайыңды.
Базарға май сатам деп
Алдап келдің байыңды...

ЖАСТАР АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

А, Жамбыл! Кезің келді сөзің бастар,
Барынша құлаш созып, аяқ тастар!
Алдыңда жаңа өмірдің өркендері!
Өрімдей келіп тұр ғой сөзің қостар.
Айтқызбай саған тіпті ерік қоймас,
Еңбекпен еркін өскен мына жастар.
Еріксіз думанға да түсіп ең ғой,
Жастарға тәбәрігің бар ма тастар.

Ақтаршы сандығыңның аузын ашып,
Едің ғой тілдің кені болған нәсіп,
Бұлағы қара өлеңнің таусылар ма,
Қалмастан тым болмаса, бірер қасық?
Күйін шерт домбыраңның, таста әнді,
Қинамай – қол жетпеске текке жанды.
Тәспықтай шумақталған термең қайда?..
Сал соған, кәрі тілден тамыз майды.

А... у!.. Термемен сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында,
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан тандың ба?!
Тұяғың тозып, топай боп,
Китіндеумен қалдың ба?!



Шаршы топқа түскенде,
Шабысы болар шалдың да!

Ой! Домбыра алып қолыма,
Он жасымнан сарнадым.
Дәл жетпіске келгенде,
Жүгірістен танбадым.
Бүгінгідей есімде:
Думанды жарып әнменен,
Семейге де барғаным.

Топтан озып онда да,
Бәйгінің алдын алғаным.
Алғаным құрсын қайтейін,
Опасыз жалған сұм өмір,
Мені текке алдадың.
Бүгінгідей жиында,
Бір сағаттай болмадым.
Ұлы жарыс алдында,
Шырқата әнді салмадым.
Жоққа есеп жастардың,
Алдында Жамбыл болғаным.
Қиыстырып кестесін,
Әннің салып дестесін,
Тарихи жиын алдында,
Бәйгіні шауып алмадым.
Ендігі тілек біреу-ақ,
Қимылдап қал, тіл мен жақ.
Сөз танабын астарла,
Дәуірлеп өскен еңбекте,
Суыт шапқан еңбекке,
Жастарға тәбәрік тастарға.
Не қылса да Жамбылға,
Енді жастық кез келмес.
Жүрегінде сақтаулы,



Асыл сөзі өзгермес.
Сендердікі бұл заман,
Оған талас сөз болмас!
Қорытса да қаншама,
Өзгеріп алтын жез болмас,
Аяққа шұлғау қылса да.
Асыл жібек бөз болмас,
Балшық қосып соқса да.
Дүррі гәуһар тас болмас,
Жамандық адам өзінен,
Болатындар жас болмас,
Қайшылай тасқа соқса да.
Болаттың жүзі пәс болмас,
Тыңдап көр Жамбыл қартыңды,
Сендерден, сірә, кем түспес.
Жырдың асыл кенімін,
Айтысқандар менімен,
Талай-талай жеңілген.
Қыза шапса шын тарлан,
Жері болмас тең түспес.
Айғайласа шын ақын,
Әні болмас – ел білмес!

ҰСТАЛАРҒА

Ей, Оспан, сенің атаң Тастемір-Танабай ма,
Ұсталық кедей күйін жаңалай ма?
Бозжорға кібіртіктеп жүре алмайды,
Қайтеді, Оспан, мұны тағалай ма?

Екеуіңе бергенім жалғыз бақыр,
Ақсақ ұстаң – қайда жүр, бермен шақыр!
Сол бақырды бергелі үш ай болды,
Бітпес пе екен болғанша заман ақыр.



Қарсы алдыңда отыр ғой, соқыр кедей,
Орақ алып қолына отыр кедей.
Бір орақтан алсаң да бір пұт бидай,
Қалтақтайсың, Ермекбай, ішпей-жемей.

Күнгеі беттен Ермекбай дүкен сапты,
Антұрған, күнгеі бетті қайдан тапты.
Бірің ақсақ болғанда, біреуің сау,
Қайдан қостың екеуің ынтымақты?!

ОРАЗҒА

Тас өртеген жұмысшы әкең сенің,
Қоймаған Қаскелеңнің ойып кенін.
Сені апарып орысқа беріп еді,
Оқысын деп сүйретіп ескі көнін.
Тастың тілін білетін әкең Қиқым,
Белгілі сенің шешең Дәрмен сылқым.
Енді, міне, үкімет басқарасың,
Бір кезде болмаса да жалғыз жылқың.
Қазыбек арғы атаң жауды қуған,
Дұшпаннан бір тайпа елді қорғап тұрған.
Сен-дағы бабаңа ұқсап батыр тудың,
Қасына қаһарланса, қармақ құрған.
Қара болсаң қара бол, ханнан аулақ,
Кедейдің сөзін айттың, дауын даулап.
Қара қылды қақ жарып жүрсең егер,
Бағың өсіп кетерсің, отың лаулап!

ЖАЙЛАУ

Ерназардың колхозы,
Ұйқысын таңнан ашқанда,



Масайрап күн әлемге,
Нұр сәулесін шашқанда,
Колхозшылар топтанып,
Жиналысып келісті.
Жасыл, жым-жырт далада,
Келіп сәлем берісті.
– Баста, Жәке, жайлауға,
Көкшіл су, шөбі гүлденген,
Жібектей жылы жел ескен,
Мал басып, пенде жүрмеген,
Деді маған жігіттер.
Дедім: «жақсы соңыма ер!»
Атыма мініп гүл жайнап,
Кеттік жүріп малды айдап.
Жайлауды көріп жылқылар,
Шұрқырасып, салды ойнақ.
Қуанышты колхозым,
Жайлауға қонып ен жайлап.
Жақұттай алтын таң атып,
Жұлдыздың көз қысқанын.
Көрдім көкте қалықтап,
Ақиықтың ұшқанын.
Көз алдыма Алатау,
Меруерттей шалмасы.
Таудан құлай аққан су,
Бауырында өскен алмасы.
Қиялай өскен қарағай,
Таныс өзен арнасы.
Көзімді жұмып отырып,
Жайлауды мен табамын.
Шұрайлы жерге колхоздың,
Топты малын бағамын.



1936







ҚАЙТА ЖАСАРДЫМ

Жалғанды жалпағынан басып өтіп,
Жасарып, қайта туып, алдым бекіп!
Қаусаған отыз тісім қайта шықты,
Болғанда қызыл иек әлім кетіп.

Алдырып ескі серік домбырамен,
Шалдарды отырған кім қадірлетіп?!
Жеткенде тоқсан жасқа шөккен нардай,
Жүрекке дем берген кім дүбірлетіп?!

Жеткенде сөнер оттың әлпетіне,
Қиялға жол берген кім өрге өрлетіп?!
Ол – қуат, күш туғызған партияның,
Сол ерге армай-ашпай келдім жетіп.

Думан қып, келдім бір топ ақынменен,
Қуанған қалың қазақ халқымменен.
Жырым да, сырымдағы бәрі алдында,
Елімнің жақсы өнер салтыменен.

Елім бар мекен еткен шексіз дала,
Сол дала байтақ жатқан жоқ шекара.
Халқымның саған деген махаббаты,
Арқаның даласындай шексіз дара.

ХАЛЫҚТЫҢ СӘЛЕМІ

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.
Өлеңді төгіп, өрнектеп,
Асулардан асырды.



Қара терге малынып,
Еңбегі кетіп далаға,
Тойса тойып тамағы,
Тоймағанда аш жүрді.
Қалың халық көтерген,
Өмірдің ауыр, зіл – тасын,
Жылдан-жылға тасыды.

Жаңғыртып ен даланы,
Әнді шырқап көлбедім.
Өлеңмен ойып оюды,
Сөзді мініп желдедім!
Сонда менің көргенім:
Құнарсыз дала, қаралы ел,
Күңіренген, зарланған.
Қанын сорған жыланнан,
Ғасырлар арыла алмаған.

Көз жіберсем алысқа:
Көпті көрдім дегенім –
Көп зарыққан ел екен.
Шексіз дала дегенім –
Ұлтарақтай жер екен.
Ерлерді көрдім дегенім –
Ер емес екен, кем екен.
Хандарды көрдім дегенім –
Халыққа қонған шер екен.
Тауды көрдім дегенім –
Тау емес екен, дөң екен.
Өзен, көл көрдім дегенім –
Көз жасынан сел екен.
Кемдіктің кесіп бұғауын,
Енді азаттық құсы боп,
Халқым, кірді берекең!



Қайғыдан халқым арылып,
Бақыт құсын ұстадым.
Лениндік ұлы партия,
Халықтың халін көтеріп,
Жоғалтты өмір қыспағын.
Қарық қылды дәулетке,
Алыста қазақ ауылын,
Қырғыз, өзбек қыстағын.
Алатау, Алтай жеріне,
Қолы тиді ұстаның.
Сардалада темір жол,
Зәулімді шарлады,
Күміс қанат құстарым.
Қаптаған мал, ен дәулет,
Бақыт, өмір, сән-сәулет,
Әшекейге бөленді,
Советтік Қазақстаным!
Түр кіргізді далама,
Шексіз мақта, көп егін.
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай, көмір, жез бен мыс,
Жылдан-жылға көбейіп,
Кеңейтіп келед көлемін.
Мұқтажы жоқ елімнің,
Үйінен табад керегін.
Қарағанды, Қарсақпай,
Ембі менен Балқаштай,
Кеннің әлденешеуін,
Тағы тауып беремін.
Осыны жырлап айтуға,
Бақытты халқым атынан,
Домбыра алып жөнөдім,
Алып келдім алыстан,
Бақытты қазақ халқының,



Махаббатты, жалынды,
Большевиктік сәлемін!

ЕЛІМНЕН МӘСКЕУ ЖЕТКЕНШЕ

Елімнен Мәскеу жеткенше,
Жазыла түсіп жол жатыр,
Көк орай шалғын жер жатыр,
Асқар-асқар тау жатыр,
Еңсесі биік дөң жатыр,
Айдын шалқар көл жатыр,
Көлден де көп ел жатыр,
Шегіне көз жетпестей
Ақ Еділдей сел жатыр.

Осынау ұзақ сапарға,
Желмаямен жетер ме ем.
Керуен құрап түйеден,
Асқар таудан өтер ме ем.
Төрт аяқты жануар,
Қалса шөгіп болдырып,
Құла дүзде қондырып,
Қайғыменен өтер ме ем.

Ерттемедім жүйрікті,
Қомдамадым түйені,
Жүйріктердің жүйрігі,
Жүкті поезд тиеді.
Жұртпен бірге мені де,
Жөнелгенде тербетіп,
Ағытылды шабыстың,
Жан көрмеген тиегі.
Қақ жарылып жол берді,



Сырқырап таудың сүйегі.
Гүлді дала, шалқар көл,
Қол бұлғады қуанып,
Құтықтады ол мені.
Сүт пісірім кешікпей,
Аңқыған жүйрік жөнелді.
Каганович өмірімен,
Жаяуым құсқа теңелді.
Сталиндік әділ ер,
Қондырып жолға жұлдызды,
Салдыртып болат көпірді,
Қызыққа халқым кенелді.
Отарбаның ішінде,
Мамық төсек үстінде,
Бесіктегі баладай,
Жамбылың мәз боп бөленді...
Қазақстан даласын,
Орады Түрксиб шеңбері.

Паровоздың тізгінін,
Қағады елдің ерлері.
Қою түтін бұрқырап,
Күндей көзі жарқырап,
Биігіңе өрледі.
Қарағанды, Балқаштың,
Көмір мен мыс кендері,
Біріне-бірі қосылып,
Теңіздейін тербелді.
Жеттім, міне, Мәскеуге,
Жер қойнында тағы жол –
Мраморлы метром,
Алтын сарай бейне зор.
Атқан оқтай поезы,
Зырқырайды шапқанда ол.



Жұлдыздан көп жарығы,
Сан жетпейтін неткен мол.
Жер жүзінде болып па,
Осынша қызық тамашам!
Мынадай алтын сарайға,
Бас сұқты екен қандай хан?!

ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген,
Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа,
Сәуленде келіп табысқан.
Дариядан артық ақылың,
Төбең биік ғарыштан.
Қартайғанда бір көріп.
Зират етіп қайтуға,
Жамбыл келді алыстан,
Жер жүзінің кіндігі –
Мавзолейдің тасында.
Жер жүзінің шырағы –
Кремльде – қасында.
Жолыңды таймай ұстаған,
Бақытқа жұртты нұсқаған,
Артық туған шәкіртің –
Тауап¹⁹ етіп өзіңе,

¹⁹ Тауап (арабша) – берілу, жолында болу мағынасында.



Шәкіртіңнен жөн сұрап,
Кетуге келген көп халық,
Көріседі осында.
Уә, данышпан, сабазым!
Езілгенді теңедің,
Зарыққанды жебедің,
«Жер жүзіне шам-шырақ
Орнатамын!» – деп едің.
Миллиондаған халықтың,
Сүйеніші едің, белі едің!
Бұрынғы кезде шеткері,
Қалып, санға қосылмай,
Жүрген қазақ елі едім,
Мені де сен теңедің.
Ұлы көшке ілесіп...
Соңынан еріп жөнедім.
Дәулетке батып белшеден,
Ырысқа қандым, кенелдім.
Заманнан бергі құрсаудың –
Сен ағыттың тиегін.
Жер жүзінің кемтары,
Сүйеген саған иегін.
Сенен алып нұр сәуле,
Қуатым толып, күш өсіп,
Бекіді менің сүйегім.
Бәрін бірдей құнарттың,
Алпыс екі жүйенің.
Адамзаттың асылы,
Аруағыңды ардақтап,
Көпті көріп көндіккен –
Ақшыл тартқан басымды,
Алдыңа келіп иемін!



ОРДЕН АЛҒАНДА

Тоқсандағы Жамбылға,
Толқынданып сөз келді.
Көктеменің көгіндей,
Кәрі өмірім өзгерді.

Ел еңсесін көтерген,
Шаттық заман кез келді.
Өмір берді Октябрь,
Бозбаламын мен де енді.

Алтын орден алғаным,
Терең жырдың тиегі.
Көрікті Отан алдына,
Ақын жырын үйеді.

Қайнаған іс, қалың күш,
Қаһарманын сөз қыла.
Ақиық қыран құс боп ұш,
Сайра шешен домбыра.

Бой балқытқан үніңмен,
Жалпы әлемді бір шайқа.
Тұрмыс оңды, көңіл шат,
Еліндегі жырды айта.

Винтовкасын кезеніп,
Сарбаз шықса соғысқа.
Домбырасын безеніп,
Жамбыл барад соғысқа.

Жаудың мойнын жұлдыра,
Сарбаз шапса қылышын.



Жау жүрегін сындыра,
Жырдың салам құрышын.

Жырдың терең болуы –
Октябрьдің жемісі.
Күшті қуат мендегі,
Бақытты елдің өрісі.

Барып әзір Отанға,
Байтақ жазық далаға.
Шаттық жырын жырлаймын,
Жырымнан ашық нұр жаға!

КАЛИНИН АҚСАҚАЛҒА

Алдыңа іздеп кеп тұрмын,
Саумысың, басшым-ініміз!
Жаңарды ғой бұл кезде,
Заманымыз, күніміз.
Келіп ең өзің ауылыма,
Ұстап едің қолымды.
Көрініп еді халқыма,
Жылы шырай жүзіңіз.
Құйылып еді құлаққа,
Ақылды дана сөзіңіз.

Тойлы думан күнімде,
Колхозыма келіп ең.
Мәңгілікке мекенге,
Жерімді бөліп беріп ең.
Өседі қазақ елі деп,
Жүрегіңмен сеніп ең.



Сені қатты сүйіп ем,
Жаныма тең көріп ем.
Содан бері қыс өтті,
Жаз да келді жайрандап.
Трактормен қопарып,
Тындырып қойдық жерді айдап.
Түйем шықты өріске,
Боталары маймандап.
Қойым өрді қаптайлап,
Қозыларым салды ойнақ.
Жылқыларым шұрқырап,
Төрт түлікке толды аймақ.
Осынау аулым-колхозда,
Малшы да мен, жыршы мен,
Өлеңдеткен айқайлап.

Жайлауға шықты үй тігіп,
Алатаудың бауырына,
Салдық малды төрт түлік,
Таудың семіз сауырына.
– Малға бекем болыңдар, –
Деп тапсырдым қауымға.
Өзім шықтым сапарға,
Сәлемдесіп қайтуға,
Мәскеудегі бауырыма.
Қабыл етсең, бауырым,
Шақыра келдім қайтадан,
Қонаққа сонау ауылыма!

КЛИМ БАТЫР

Қылышынан қан тамған,
Найзасынан зәр тамған,



Иргелес елді жылатқан,
Ордасын, туын құлатқан;
Алтай мен Орал арасын
Борандатқан, шаңдатқан;
Талай жерді қаңыратқан,
Ардақты ма Шыңғыс хан?
Дейміз бе, біз, Шыңғыстың
Атағы асқан, күші асқан
Клим Ворошиловтан?
Я болмаса ертегі,
Дейміз бе, Ғали арыстан?
«Ғали тауда, далада,
Жын, перімен алысқан;
Дәуменен найза салысқан,
Диюменен жарысқан,
Зұлпықарын сілтеген,
Сілтеске қылыш тас кескен,
Жеті қабат жерді өткен,
Кідірмеген тоқталып,
Ұстамаса жәбірәйіл,
Көтерген жерді өгізді
Өтпекші екен қақ жарып».
Ертегіде ер Ғали
Осылай болып көрінед.
Өтірікті шын қылған.
Бұл қулығы молданың.
Теңерміз бе, Ғалиді
Ел сүйетін Климге?
Ескендірді мақтаман,
Рүстемді де даттаман;
Олар біздің Климдей
Бола алмаған, болмаған!
Манас шыққан қырғыздан
Ол да мұндай болмаған.



Кенесары, Наурызбай
Алатауға оқ атқан,
Өз хандығын қорғаған,
Заманында Кенені
Қырғыз, қазақ қарғаған.
Қарғаған соң қалың ел,
Бастарын өзі жалмаған.
Тарихты болжап шолысам –
Қандай батыр болса да,
Жеңілмей өткен бірі жоқ;
Қанша атағын жайса да,
Қалың әскер қолының
Қырылмаған күні жоқ,
Шабылмай қалған жері жоқ.
Жауға жерін бермеген
Тигенге қылыш сермеген,
Сынаспақ болған дұшпанды
Шыбын құрлы көрмеген;
Ат мінбеген жаратпай,
Әскері темір болаттай
Жеңілуді білмеген;
Байтақ жерді қоршаған,
Жалпақ елді қорғаған,
Ленин ерден оқыған...
Ворошилов батырым,
Артық көрмен еш жанды,
Ел сүйген сендей ерімнен.
Сол еріме енші етіп
Арнап бағам бір құлын,
Өсіремін мәпелеп,
Кір шалдырмай бір қылын.
Тайдан құнан шығарып,
Дөненінде үйретем,
Ат болудың қылығын.



Сөйтіп баққан құлынды,
Тұлпары етем мінетін
Еңбекші жұрт ұлының!

ДАСТАРХАН ЖЫРЫ

Бір дастархан үстінен,
Отырмыз, міне, дәм татып!
Бір орыс, екі қазақпыз,
Мәз-мейрам әнге шырқатып.
Ақ самаурын алдында,
Тәтті шайы бұрқырап,
Анда-санда жырлатып.
Көрсеткендей қошемет,
Қояды бізге тіл қатып.
Отырмыз біз, үшеуміз,
Бір кісінің ұлындай.
Ойнаймыз да күлеміз
Тебіскен тай мен құлындай.
Үстімізге тағы да,
Келсе де қалмақ, грузин,
Алыс елдер ұлдары –
Қытай менен Қырымдай.
Бұдан да қызық болар ед
Келелі іске ырымдай.
Қарсы алар ек ашып сыр,
Достық берік, жүрек бір
Сөз қалмас ед ұғылмай.
Мынау үлкен Мәскеуім
Терезеден көрінген –
Отаным алтын ошағы,
Думанға шаттық көмілген.
Жарқыраған жұлдызы,



Кремль мынау тұрғаны,
Рахмет нұры себілген.
Төрт мұнара тамаша,
Әлемге тегіс көрінген.
Кремльдің жұлдызы
Жарық дүние шырағы,
Мәскеу мен қазақ ауылын,
Бас әлемнің ұлдарын –
Туыстырған дәнекер,
Ұлы Октябрь ұраны.

ҒАСЕМ ЛАХУТИҒА

Бақытты ел бас қосқанын етіп өлең,
Лахути, тәжікше сен жаздың сәлем.
Елжіреп дауысыңа шын жүрегім,
Қазақша мен де саған жауап берем.

Сенің жырың халық жыры – халқы тәжік,
Бұлбұлдай шырқатады әнге салып.
Мен айтсам қазақ халқы күй қосады,
Шаттық үні кетеді әлемді алып.
Бақытты жер, алтын күн нұры астында,
Сайраңдап ән қосады біздің халық.
Өлең, жыр аққу құстай тізбек тартса,
Артынан ереді күй көкті жарып.
Тыңдашы, Дағыстанның тауларынан,
Өлеңі Сүлейманның бұлақ ағып,
Белорус даласынан ақын Янка,
Шырқайды ол да әсем әнге салып.
Ұлы Отан сансыз тілде, үн қосады
Бірігіп орыс, түрік, қазақ, тәжік.



Сорғалат, көтер даусың, әндет әсем,
Ұрпағы Фердоусидің ақын Ғасем.
Шынардың астын қуған бұлақтай боп
Сылдырлар бізбен бірге миллион шешен.

Жыр болды Отанымыз, ұлы жұмыс,
Тайсалмай жауды кескен алмас қылыш,
Ел достығы, татулық, тауысқандық,
Ен байлық, зор қуаныш, бақыт тұрмыс.
Зорлық пен зұлымдықтың жоғалғанын,
Жер күліп, дарығанын бақ пен ырыс.

Лахути сал көзіңді, жайнады бақ,
Ол бақта жайқалып тұр гүл, қызғалдақ.
Жұпар иіс бой балқытып, ойды тербеп,
Күміс шық жалтырайды маржандай-ақ.
Көк жиек көзді ұялтып еркелейді,
Меруерттей ашық аспан тұр жарқырап.
Иранның жібегіндей желі майда
Тотыдай нәзік үнмен тұрған шырқап.
Таныдым қартайғанда өмір сырын,
Дүниенің төрт бұрышы ой мен қырын.
Жер астын, теңіз түбін, дүние шетін,
Асқарын асқар таудың, жері шырын.

Соқыр ек, енді әлемді тұрмыз танып,
Күніміз – ұлы Ленин берді жарық.
Аттанды жарық күнге, кең байтаққа –
Теңдікке Октябрьде жеткен халық.
Ең жақсы жер жүзіне заң жүргізген,
Адамның данышпаны асқан алып.
Ардақты ғасырларға даңқы кеткен,
Нұрымен халықтарды еткен қарық.



Лахути, екеумізде бір ғой тілек,
Астында бір жалаудың соғар жүрек.
Түрлі тілмен бір мақсат өлеңдетіп,
Жырлаймыз халыққа бірдей достық тірек.

Ғазелі парсы елінің, қазақ жыры,
Қосылып толтырады бірін-бірі,
Мадақтап ел ағасын, жұрт данасын,
Шырқаған азат елдің шығады үні.
Заманға аты шыққан асыл ерге,
Тең емес көк жұлдызы, жердің гүлі.
Кәрі ағаң сол көсемді жырлайды әлі,
Тарихтың оны жырлар мың бұлбұлы.

Кез келді ой тиегін ағытатын,
Қолыңа ал, домбыраны Ғасем ақын!
Ғасырлар біздің күйді, біздің жырды,
Мың халық болсын мәңгі шырқататын.

ӘЛЕМДІ КЕЛДІМ АРАЛАП

Әлемді келдім аралап,
Күшімен будың, көмірдің.
Еділ менен Жайықтың,
Белдерін қия баса өтіп,
Шұрайын көрдім жерімнің.
Алты күнде айшылық,
Алыс жолды қысқартып,
Ордасын көрдім елімнің.
Ақталғанын таныдым,
Заманнан бергі сарсыған,
Табан ет, маңдай терімнің.
Дүниенің сөнбес шырағы –



Келбетін көрдім Лениннің.
Ақыл-ойдың дариясы,
Даруы болған сабазым,
Ғасырлар тартқан шерімнің.
Шашы ағарған басымды,
Иіп, төмен еңкейіп,
Алдынан өттім ерімнің.
Айтып өттім күбірлеп,
Өзі салған жолымен,
Көркейгенін елімнің.
Астананы аралап,
Қызықтың көрдім талайын.
Гүлденген бақша, тас көше,
Зәулім биік сарайын.
Сән, салтанат, тамаша,
Көз тоймайтын қараса,
Қайсы бірін санайын!
Халқы алды қарсылап,
Еңбекте келіп бас қосқан,
Өзіммен туған ағайын.
Еңбектің кені – астана,
Ақылдың кені – астана,
Бақыттың кені – астана,
Қызығыңа теңеу жок,
Жоқты қайдан табайын!
Бақытты тұрмыс орнатып,
Көрсеткен өмір ұшпағын.
Теңдікті беріп қолыма,
Лениншіл ұлы Сталин.
Көңілде арман қалдырмай,
Қызықты көрдім, шарладым.
Жер астынан жүретін
Оқтан жүйрік отарба –
Саяхат салып барладым.



Шамы – жұлдыз жарқырап,
Асыл тасты әшекей,
Оюлап тұр жан-жағын.
Аспанменен таласқан,
Мақпалы берен құлпырған,
Астаналық театр
Қойнын ашып қарсы алды
Қуанып келген бауырын.
Бұрын құл мен күң болған,
Тұрмыстың тартқан ауырын
Қазақтың ұлы, қыздары,
Астананың халқына,
Көрсетті қырдың өнерін –
Ән, өлең, күй сауығын.
Туысқандық жүрегі,
Қуана соғып, қалың жұрт,
Шапалақтап қол ұрды.
Дәулеті тасқан қызықты,
Көргенде колхоз ауылын.
Тілі басқа көп жұртты,
Бір анадан туғандай,
Ағайын етіп сыйлатқан,
Ардақтаймын, сүйемін
Советтің жарқын дәуірін.
Қол ұстасып көрісіп,
Құзырын да таныдым,
Калининдей ағаны –
Елімде еңбек қайнатқан,
Бір жүз жетпіс миллион,
Бақытты болған адамды,
Баласындай мәпелеп,
Мұқтажын тауып бағады.
Клим батыр қасында,
Қол бастаған жауынгер –



Қызыл жұлдыз жағалы.
Данышпан басшыларыма,
Елімнің халқы бағалы.
Сол көптің бірі мен едім,
Кремльде Калинин,
Өз қолымен алып кеп,
Ұлы сыйлық наград,
Омырауыма қадады.

.....
Көріліктің көнбей ырқына,
Анадан жаңа туғандай,
Қызықтың көрдім байтағын.
Қаным қайнап бойымда,
Өмірді қайта шайқадым.
Домбырамды қолға алып,
Гүлдендірген елімді,
Жыр етіп көпке айтамын.
Уа, әлеумет, құлақ сал!
Қария Жамбыл жырласын!
Мен сөйлемей кім сөйлер,
Заманым менің сырласым.
Жалынды жастар құрдасым,
Бақыт құсы қолында,
Елімді де, мені де
Қызыққа бөлеп, әдилеп,
Мәпелеп бізді тұрғасын.
Бастан өткен шолыдым,
Тоқсан жылдың тұлғасын.
Барып қайтты Мәскеуге,
Бақытты ұл, қыздарым,
Бірліктің, күштің, өнердің,
Ұлғая бермек өрісі.
Алтайдан бастап батысқа,
Көз жетпейтін алысқа,



Созылып, бекіп, нығайды,
Азаттықтың желісі.

.....

Арманы жоқ жастардың,
Балапандай балбырап,
Баурайында гүлденген,
Бақыттан шомып бақытқа,
Заманы мынау түрленген,
Өмірі мынау әшекей,
Оранған жібек бүлдемен.
Солармен бірге жүрер ем,
Солармен бірге күлер ем,
Жас бола қалған күнде мен.
Қуаты толып қуанып,
Жамбыл келді жеріне.
Әңгімесін шертеді,
Колхоздағы еліне.
Домбырасын көтеріп,
Шаттық жырын шығарад,
Алатаудың дөңіне.
Өлеңім – балға, ән – қашау,
Таудың салам кеніне...
Өзім тірі тұрғанда,
Ұлы көсем Ленин,
Жүрегіме сақтаймын
Өлеңді де, сені де.
Халыққа беріп азаттық,
Кеңіттің өмір қыспағын.
Ақылыңды күндеген,
Ішінен күйсін дұшпаның!
Өзі арнап тапсырған,
Бақытты жердің дұшпанға,
Аттатпасын пұшпағын.



Мен де қызыл жауынгер,
Сенсің менің штабым.

МӘСКЕУ ТУРАЛЫ ЖЫР

Жүрегім – жыршы домбыра,
Бақытты қартың Жамбыл, мен!
Естиді Отан даусымды
Бөгелме, Жамбыл, сөйлеуден!
Оралдан асып, даладан,
Еділден асып айқара,
Заулатты мені отарба,
Жорғадайын шайқала.

.....
Отаным қандай кең байтақ,
Мәскеуім неткен тамаша!
Айналам шаттық, байлық, бақ,
Көз тоймайды қараса,
Қартайдым қажып демес ем,
Жасасам тағы тоқсан жыл.
Көрініп тұрса Мавзолей
Шақырса күнде Кремль.

.....
Кіндігі жердің Мавзолей,
Жатыр онда ұлы адам,
Табыты күндей нұр шашқан
Ақылы мұхит данышпан,
Атын әлем жаттаған
Жатқан Ленин арыстан,
Үздік шыққан жарыстан,
Жығылмаған, алысқан.
Түстім келіп метроға
Домбырамды өңгеріп,



Жөнелді алып отарба
Жұлдызы жанған дем беріп,
Поезды ұшқыр сүйемін,
Мәскеуімде – ауылымда
Отарбама иемін.

.....

Күшейді халқым достығы
Туысты орыс қазақпен,
Отаным тыныштық тірегі
Өрбіген бақыт көктеген,

.....

Күзетшісі жерімнің,
Батыр Клим бастаушы
Сүйген ұлы елімнің.

.....

Үстімде жібек шапаным,
Басымда бөрік құндыздан,
Заманым – көктем нұр төккен.
Жарығым – шамым жұлдыздан,
Бақыттың кені – Отаным
Жайлауым алма бағындай,

.....

Жетілдік жауға жалынбай.

ГОРЬКИЙГЕ

Горький сынды аяулы адам өлді деп,
Бой түршігер естідім мен суық кеп.
Ашып жаным, өртенгендей болды өзек,
Даңқына риза, сүйген бір дос жаным ед.

Зор дауылпаз қанатынан қайрылды,
Көк сұңқарым тасқа соқты майрылды.



Әніменен еңбек еткен шын ері,
Ұлы Отаным Горькийінен айрылды.

Ол туғанда дүние қара түн еді,
Жақ қарысқан, қол бұғаулы құл еді.
Тек тіршілік құр сүлдені сүйреткен,
Өмір шіркін өмір ме еді? Түрме еді.

Отша тіліп сол қараңғы түндерді,
Ол әндетті, елге қуат үн берді.
Дауысымен түн ұйқыдан оянған,
Сансыз халық ащы дауыс үнге ерді.

Ленин дана сүйді оны дос көрді,
Зор еңбегін ардақтады қош көрді.
Еңбекші ел сөзін оқып мақтаған,
Жақсы көрер жаны ед жақын қастерлі.

Ол күрестің ащы әндерін қалдырды,
Алтын сөзден көк сарайын салдырды.
Оның салған әніменен күң мен құл,
Ауыр жүкті арқасынан алдырды.

Оның әні атқан таңның әні еді,
Ақиқаттың адам көрер мәні еді.
Жарық таңды жайдары жүз қарсы алған,
Тілек қосқан бар халықтың сәні еді.

Жаз шыққанда бүгін елім көгіне,
Құйылғанда жыр толқыны төгіле.
Қарт өмірі оның қандай қастерлі ед,
Шаттық жыры жеткен әбден шегіне.

Арманы жоқ Горькийімнің жанында,
Өлгеннен соң зор тілегі таңында.



Таудан аққан таза бұлақ сипатты,
Мәңгі орнаған социализм бағында.

Күй күңіренген перне сайын төкті шер,
Өлді бүгін шындық сүйген қайран ер.
Адам ұлы жыршысы деп дос еткен,
Ленин сынды ұлы көсем кемеңгер.

КЕКТІ АШУ

Бойымда қайнап кекті ашу,
Қаһарын төкті домбырам.
Өлеңім от пен у шашты,
Шапшыған бойда қызды қан!
Арқырап аққан өзендей,
Тасыды ашу аулымнан.
Буырқанды, бұрсанды,
Мені туған күшті Отан!
Ашу неге қызбасын –
Ұсталып отыр үш хайуан:
Троцкий деген ит,
Қанды аузымен құтырған.
Қапшақ болған жерінде,
Қандата соқтық тұмсықтан.
Зиновьев қара бет –
О да қанға ынтыққан.
Каменев деген қасқырдың,
Бұғауладық тұмсығын,
Азуын жұлып, ырситқан.

Сондарында қорқаулар,
Түнді таңдап жүр екен.
Отанымның бақытын,



Алмақ болып жүр екен.
Базарына фашистің,
Салмақ болып жүр екен.
Су орнына қан ішіп,
Қанбақ болып жүр екен.
Сүйген елдің жүрегін,
Жармақ болып жүр екен,
Қойынға кірген жыландай,
Жатпақ болып жүр екен.
Кремльдің жұлдызын,
Қақпақ болып жүр екен,
Адамзаттың жүрегін,
Шақпақ болып жүр екен.
Күллі әлемнің ай, күнін,
Атпақ болып жүр екен.

Ұшар ма жылан аспанға –
Ұмтылса күнге жетер ме?
Жер хайуаны түйеге –
Бүркітше қанат бітер ме?
Ұлығанмен қасқырлар –
Жұлдызға зиян етер ме?
Жанған отқа иттердің –
Қанды тісі өтер ме?
Фашистің ит екені,
Айтыңдаршы, бекер ме?!
Отанымның дұшпанын,
Бұғауладым, ұстадым.
Атылсын! – дейді ауылым,
Поселка, қала, қыстағым...



ҰЛЫ ЗАҢ

Өлеңім, шарла ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды!
Өмірде заңды көп көрдім,
Сол заңдар бүгіп белімді,
Көзімнің жасын қан қылды.
Маңдайға әжім түсіріп,
Қайнатып миды даң қылды.
Жүргізді заңын «бір құдай»,
Жүргізді заңын Абылай.
Қылышпен жұмсап законды,
Жүргізіп жауыз Николай,
Кең дүниені тар қылды.
Солдатқа ұлды алдырып,
Ардақтысын аттырып,
Аруды малға саттырып,
Елді ерікке зар қылды.

Заңның тартып зардабын,
Зарлады налып қалың ел.
Халықтың мініп мойнына,
Бай, мырза, шора алды бел.
Ажал, аштық, жауыздық,
Даланы кезіп құйындай,
Көздің жасын етті сел.
Шарла, өлеңім, ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды!
Ақыныңа тізгін бер,
Сүрлеуден даңғыл жол болып,
Бұлақтан теңіз шығады.
Тастан болат жаралып,
Халықтан туып данышпан,
Топшылап сөзді буады.



Бақытты өмір кезінде.
Бар әлемде теңі жоқ,
Бақытты бала туады.
Баламен егіз ұлы боп,
Колхозданған ауылда,
Жақсы жыр дүкен құрады.
Шат тұрмыстың жыры шат,
Барлық көркем сөздердің,
Біздің сөз сәуле шырағы.

Шаттықтың тартып әуезін,
Аралап, колхоз ауылын,
Тыңда, дала, Жамбылды!
Тыңда, Қастек, Қаскелең!
Сөйлесін кәрі бауырың.
Ардақтаймын Советтің,
Әділ заңын тамаша,
Орнатқан шаттық дәуірін.
Жүрекке нәзік жыр беріп,
Табиғатты меңгеріп,
Ар, атаққа ие етіп,
Марқайтқан еңбек қауымын.
Советтік біздің ұлы заң,
Жастарға байтақ жол ашты.
Бақ пердесін көтеріп,
Олжаға олжа ұласты.
Әділ заң ұлы тойымда,
Жұртты аузына қаратып,
Шығарды қызым – Күләшті.
Ардақтаймын бұл заңды,
Астананың мектебін,
Ашты колхоз ұлына.
Бауырлас көрші елдердің,
Қатарына қосылып,



Өмірдің астық шыңына.
Шырқа, ақындар, көтере,
Шығара таудың қырына!
Өлеңмен топқа қосылып,
Қандыр көңіл құштарын.
Өлеңменен айтып бер,
Ұлты басқа, тілек бір –
Елдер тілек қосқанын.
Отанымның гүлденіп,
Өлеңге қос көркейтіп,
Шаттықты сүйіп құшқанын.
Өлеңменен ұрандап,
Еңбекпенен олжаға,
Шақыр тегіс қалдырмай
Даланың ауыл, қыстағын!
.....

КҮЛӘШҚА

Қызым келді қасыма қызғалдақтай,
Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай?!
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Бір мін жоқ мүсініңде арғымақтай.

Жас болдық, тау құлатып, судай тастық,
Енді бүгін амалсыз қырдан астық.
Батқан күннің таудағы сәулесіндей –
Ұзап кетіп қалыпсың, қайран жастық.

Қыз түгіл, енді маған кемпір қайда,
Бұл күнде жай жүргеннің өзі пайда.
Ақша жүз, оймақ ауыз, қара көзбен,
Жолығып жүруші едік терең сайда.



КЕНЕНГЕ

Кенен, Кенен дейді ғой елдің бәрі,
Жақсы көріп кетіпті жас пен кәрі.
Төрт аяғы тең жорға өлеңінің,
Құлағымнан кетпейді салған әні.

ТОҚТАҒҰЛ

Немерем бір кітапты оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты.
Байқаймын, тыңдағанның көңілі шат,
Алғандай әр сөзінен бір ләзатты.

Қанысып мауқымдары, жырғап жаны,
Тырп етпей қызығына әбден батты.
Жан еріп, жүрек сергіп, бойды билеп,
Денені асыл сөздер шымырлатты.

Алмастай кейбір сөзі жарқ-жүрқ жайнап,
Жалындап жанған оттай тұр жарқылдап.
Тез жетіп тыңдаушының көкейіне,
Айбатын бірде шыңдап, бірде қайрап.

Жетелеп жұрт қиялын, ойды безеп,
Өшпестей жүргеніне құйған қайрат.
Ерекше өзгелерден қылығы асқан,
Жырына сөз асылын тізген сайлап.

Апырай, деді әркімдер, кімнің жыры?!
Берейін тағы да айтып деймін мұны.
Сапырған Алатаудың жыр-өзенін,
Қырғыздың бұл атақты Тоқтағұлы.



Тасындай Тянь-Шаньнің бойы биік,
Тоқтағұл ерен биік жырдың шыңы.
Сөздері сап алтындай көзді тартып,
Жарқырап жан балқытып тұрар нұры.

Топ жарған жүзден, мыңнан ел жүйрігі,
Баураған ел жүрегін таң бұлбұлы.
Өзінің бір бойына біткен ақын,
Қырғызда күннің көркі, сөздің гүлі.

Үңілсең тереңірек жырларына,
Байқалар ел шаттығы, елдің мұңы.
Манаптың қылшылдаған қылышынан,
Тоқтағұл жасқанбаған сынып қыры.
Езілген бір заманда жасын төгіп,
Ел-жұрты қайтып жақсы көрмес мұны.
Тоқтағұл жасын төккен бұл тілменен,
Жауға да жалтақтамай қатты тиген.
Қол-аяғын бұғаулап болат шынжыр,
Айырған тар қапаста жарық күннен.

Сібірдің түкпірінде жүргенде де,
Жүрегі жасыған жоқ, елін сүйген.
Алыстан ел құлағын елеңдетіп,
Өткір сөз жатты өріліп өктем үннен.

Ойласам Тоқтағұлдай ақын ерді,
Ет-жүрек әлі күнге елжірейді.
«Азаттық, азаттық!» деп аңсап өткен,
Тоқтағұл – ойлап тұрсам, ел жүрегі.

Заманға ол аңсаған жетті, міне.
Тоқаңның азат, еркін бүгінгі елі.
Лениннің ұлы туы шырқап биік,
Жерінде Тоқтағұлдың желбіреді.



Бөлеген Алатаудың ойын, қырын,
Бақыттың жайнап тұрған көрем нұрын.
Тең өскен сұңқар ұл мен нұрлы қызым,
Солардың дүбірінен естіп тұрмын,
Сайраған Тоқтағұлдың бұлбұл үнін.

Тыңдасақ кеше оның зарлы күйін,
Тыңдаймыз бүгін, міне, нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас,
Жалғаны бар ма айтшы, менің мұным.
Ақынның құламайтын күмбезіне –
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім!

ҚЫРҒЫЗ ҰЛЫ, ҚҰЛАҚ САЛ

Қырғыз ұлы, құлақ сал,
Ежелден қимас бауырым.
Жайлап жүрдік саялап
Іле, Шу, Нарын бауырын,
Атамыз болған бал тату,
Анамыз болған жан тату,
Келін менен бозбала,
Ұлы менен қыз тату.
Басына басы қосылып,
Жанына жаны қосылып,
Араласқан ауылым.
Біреді ұрттам сүт тапса,
Бөліп ішкен қауымым,
Әлемге айғақ мен Жамбыл
Ашық айтар ұл-қызға,
Қазақ бауыры қырғызды
– Батырым! – деп мақтаған,
Бір қыңыр сөз айтпаған,



Ақ қалпақты ер қырғыз,
– Төрге шық! – деп сыйлаған.
Қазақ барса қырғызға:
– Кел, қазағым, кел! – деген.
– Қимас бауырым сен, – деген
– Бала қайда?
Малға бар,
Бағлан алып кел! – деген.
...Украин, Белорус,
Россияда ұлы орыс,
Грузин, армян, түркімен, –
Тоқсан ұлтты Күншығыс
Сүймеді десем бір-бірін,
Дей алар оны кім дұрыс?
Тілеген емес ел ұрыс,
Елді бұзып, бүлдірген
Хан билеген құрылыс.
Қазақ, қырғыз ежелден,
Қауышқан тату ел болды.
Жүрегі бір, жолы бір,
Сыйласқан тату, тең болды.
Біріктірмей екі елді,
Қанды шеңгел хан билеп,
Пейілі жаман би билеп,
Араздық салып ортаға,
Ақ патша да қан сорып,
Бүлдіріп бұрын ол келді.
Найзаларын оқталып,
Ай балта, қылыш қолға алып,
Шырық бұзып, ел шапты.
Ел бөлініп екіге,
Азулыға шайналып,
Азаппенен күн көрді,
Жетістірді еліңді –



Бақытты совет дәуірі.
Жауығу жоқ, жақсы дос –
Елжіреп екі ел бауыры.

КРЕМЛЬДІ ТЫҢДАДЫМ

Алатау шыққан күнмен мұнарланып,
Нұрлана, сәулелене тұрды жанып.
Күмістей жұлдыз – көкте, алма – бақта,
Үн шашты радио толқынданып.

Сол үнді мен тыңдадым құлақ түріп,
Қуанды қарт жүрегім аласұрып.
Тұрғандай иранбақтың ортасында,
Бұлбұлдай төгілтейін жырды құйып!

Асқындай алыстағы Кремльден,
Тасқындай қол шапалақ тауды керген.
Оята жердің жүзін, жүрек жылыта,
Өрге өрлей партияның үні өрбіген!

Үн тыңдап тыныштыққа жиһан батқан,
Тарихи уақыт бүгін сағат соққан.
Тербете трибунды құрыш дауыс,
Баяндап дәуір сөзін саңқылдатқан.

Грузин тыңдап тауда, қазақ қырда,
Белорус, армян елі гүлді орманда.
Халқымыз партияның әрбір сөзін,
Сақтаған көкейіне тыңдағанда.

Сөзінде құрыш қуат жалындаған,
Сұлулық, сенімділік сағындырған.



Мейрімді жанға жайлы аталық сөз,
Кіршіксіз ойын таза ұғындырған.

Жанды сөз жаңа заңнан, дүниені –
Орады, күннен жылы ойды-қырды.
Жасырақ ағұстағы жемістен де,
Жұлдыздан сұлуырақ, таңнан нұрлы.

Ұмытпан ноябрьде осы күнді,
Сондықтан домбыраны, әнді, жырды
Шырқадым, шын жүрекпен халықтардың
Қалтқысыз бақыты үшін шаттық күйді...



1937







БАЛАЛАРҒА

Балалар, аманбысың шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң,
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған
Қуанып жастығына сендей ботам.

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су –
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ...

АСҚАН БҰЛБҰЛ

Орыстың өлеңінің ақын көркі,
Алмастай мың құбылған меруертті.
Дүниеге асыл сөзден төктің маржан,
Жарқырап тар заманда-ақ шықтың еркін.

Патшаның қорқау бастық жеңдеттерін,
Сен көрдің, таныдың сен, лас жерін.
Қарысқан қан майданда қылыш тимей,
Қолынан қанды жеңдет жанды бердің.

Не керек, сөзің тірі – өзің тірі,
Алтындай жарқырайды жайнап гүлі.
Жүз жыл болды, қара жер сені алғалы,
Сен әлемдік ақынсың осы күні.



Қуанып көзі жайнап, мейірі қанып,
Башқұрт, түркпен, белорус, қазақ танып.
Оқиды жазғаныңды, шаттанады,
Сөзіңнің бір де бір өлмеуі анық.

Сен Пушкин, қалың жұрттың туысқаны,
Сен Біздің бұл ғасырдың өлең, әні.
Өлеңің жаңа атқан таң, жайнаған гүл,
Жұпары, інжу-маржан, өмір сәні.

Бұл күнде біздің өмір жайнаған гүл,
Құлпырып барған сайын төгеді нұр.
Ән шырқап, бізбен бірге қуан, шаттан,
Мәңгі өлмес, асыл сөзді асқан бұлбұл.

ПУШКИНГЕ

Өнердің алды қызыл тіл,
Тілде жүйрік ол дүлдүл.
Ақынның мұхит теңізі –
Пушкинге бүгін бір жүз жыл.
Менің айтқан жүз жылым –
Өлім емес, өмірі!
Өмірде оның өлмейді,
Ел сүйген таза көңілі.
Әлемге кеткен аты бар,
Алтынмен жазған хаты бар,
Күн сөнбей, ол сөз сөнер ме?!
Шыңдағы шынар өмірі,
Қиядан жібек қырмызы,
Кестелеп тіксе хор қызы,
Шытырмақ шимай гүл шығып,
Тауыс құс жазса қанатын,



Көз тартып көркі алатын,
Патсайыдай құлпырып,
Пушкиннің жыры дәл сондай,
Әлемнің ажар көрігі.
Шам-шырақ деген тас жатар,
Теңіздің терең түбінде.
Сүңгіп адам соны алар,
Шам қылуға түнінде.
Май құйған шам сөнсе де,
Шам-шырақ сөнбес өмірде.
Жақсы сөз бейне шам-шырақ,
Орнаған мықтап көңілге.
Жақсы сөздің иесін,
Ұйғара алман өлімге.
Олай болса Пушкинді,
«Тірі» деп керек сенуге.
Жақсының жауы – жексұрын,
Патша, хан, би, бегің де.
Ол өмірдің өртіндей,
Өмірі ұқсас көмірге.
Арпалысты, алысты,
Бүркіттей шеңгел салысты,
Ел шырағы ақынның,
Сөзін жерге көмуге.
Асылдың бетін ашушы,
Ерікті елдің адамы –
Ұлы Совет Одағы.
Украин, орыс, белорус,
Түркпен, өзбек, қазағы.
Ұлтының атын санасаң,
Әлденеше он болады.
Алып Отан бірлігі –
Бір-ақ үйдей болады.
Ер қадірі ерлерде,



Зер қадірі зергерде,
Ері дана елімде,
Асылдың бәрі бағалы.
Ақылды туған жасым бар
Ұлы ақынның үлгісін,
Маржан етіп тағады!..
Асылдың беті ашылып,
Әлемге нұры шашылып.
Шалқардай көңілі шалқыған
Советтің алтын заманы.

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРГЕ

Құрыш күш, жарқылдаған болат семсер –
Құралған ауыр күнде қызыл әскер.
Жатқанда күн менен түн арпалысып,
Бастаған сені Ленин данышпан ер.

Ардақты атың шыққан қан майданда,
Атамас атағыңды таңдай бар ма?!
Ерік үшін, елің үшін, жерің үшін,
Тайсалмай айқастың сен сан майданда.

Советті шаппақ болып келген сұмдар,
Жайқадың, жайын таптың өңшең мұндар.
Сықылды темір қазық қозғалмас күш,
Ұлы ісің әлемге аян, ақын жырлар!

Жайнаған біздің өмір бейне бір бак,
Жан-жақтан жалақтаған жау сығалап.
Жасқанбай жасай беред одан елім
Темір қол, ел шетінде күзетім сақ.



Алатау бойын әппақ меруерт басқан,
Қазынасы Алтай, Кавказ қойнын ашқан.
Шүйгіген қыран қалқып құздарында,
Сен тұрсың ел күзетіп, тапжылмастан.

Жайқалған, кең даланы егін жапқан,
Маужырап мәуелері нұрға батқан.
Қырымнан қылт еткенде қыран көзің,
Сезеді кім болса да, келе жатқан.

Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан,
Ол ісі қанқұмардың қарғыс атқан.
Малым көп, бақшам жеміс, жер-суым мол,
Бір сүйем тілемейміз жерді жаттан.

Ал егер сұм құзғындар шықса қаптап,
Тимек боп шекараны келсе аттап;
Көтеріп қасиетті туды қолға,
Шығамыз шеру тартып, елді сақтап.

Сен сонда, қызыл әскер, қайратқа мін!
Туғызып жау басына қаралы күн.
Қалдырмай сайда санын, құмда ізін,
Талқанда, жер дүниеден жоғалсын сұм!

Сен жауға ұмтылғанда қайраттанып,
Қолына қарт Жамбылың домбыра алып.
Шабады сендерменен бірге ерлерім,
Шалқытып ерлік әнін, майдан жарып!

Х СЪЕЗГЕ

Жіберген елім таңдап ұлы тойға,
– Ұлдарым, – деп бақыттың қамын ойла.



Бөленген алтын заңның шұғыласына –
Одақтас Қазақстан абыройда.

Бақыттың шам-шырағы, жарық таңы,
Нұрымен ұлы Ленин жаңа заңы,
Есейіп Қазақстан Одақ болдык
Келісіп ұлт пен ұлттың ынтымағы.

Өркендеп социалистік шаруам өсіп,
Бақшадай кең қонысқа қондым көшіп,
Өндіріс, колхоз, совхоз бәрі думан,
Күншығыс жаңа Отаным – алтын бесік.

Тамаша естігем жоқ мұндай заман,
Масайрап ен жасаған ерікті адам.
Жасарып сендермен бір қол соғады
Қария көпті көрген Жамбыл бабаң.

Орнықты Күншығыстан тіктік орда,
Көтеріп қызыл жалау алып қолға.
Бұл жалау қараңғыға күн боп туар
Еліне Күншығыстың тұрған торда.

Бұдан да Алтын заңның нұры жарық,
Жайнасын, масайрасын барлық халық.
Таратып жер жүзіне бақыт нәрін,
Шөлдеген адам ұлы қалсын қанып.

Х СЪЕЗДІ ҚҰТТЫҚТАУ

Уа, құрметті ұлы съезім!
Баянды болсын қадамың.
Басын қосып отырсың,
Байтақ жатқан елімнің



Игі жақсы адамын.
Сөз сөйлейін термемен,
Еліммен бірге азат боп
Жырым шыққан кермеден.
Өлеңде қанша қасиет?
Ерлеріне елімнің,
Бағалы алтын зерімнің,
Бас қосқан ұлы тобына,
Байғазыға бермеген.
Тілде қанша қасиет?
Айшылықты алты аттап,
Асыл сөзді тақпақтап,
Топ алдында желмеген.
Заманым мынау құлпырған,
Бұрын түсте көрмеген.
Ақиық, мұзбалақтай,
Қыраннан көз жіберсем,
Көремін елді көлбеген.
Жапалақ ұшпас жапанды,
Бәйшешекке шомылтып,
Жайлау еткен заманым.
Сусыз шөлді құнартып,
Бұлақ еткен заманым.
Қамыс пенен қурайды,
Қолдан қайта туғызып,
Құрақ еткен заманым.
Айыл кескен бауырын,
Арқаның топшы жауырын,
Майға бөлеп сауырын,
Пырақ еткен заманым.
Аш, арықты теңгеріп,
Тарихты билеп меңгеріп,
Қаусаған елге әл беріп,
Кемтарына дән беріп,



Ұжмақ еткен заманым.
Адам аяқ баспайтын,
Асқар Алатауларды,
Адамға керек мүліктің,
Бұлағы еткен заманым.
Ит байласа тұрмайтын,
Патша мен байдың мекенін,
Арамзадан арылтып,
Береке, бақыт, рақатқа,
Төгілдіріп малынтып,
Бір жүз жетпіс миллион,
Ерлеріне еңбектің,
Тұрақ еткен заманым.
Көрсө таңға қалатын,
Қараса үлгі алатын,
Берекелі елімді,
Жер шарына нұр берген,
Шырақ еткен заманым.

.....

Уа, құрметті ұлы съезім!
Қала менен дала да,
Колхозданған ауыл да,
Кәрі менен бала да,
Заңға қолын жайып тұр.
Соларға қосып даусымды,
Домбыра қолға ұстадым,
Жаңа заңды заңды етіп,
Бірге шырқап әндетіп,
Құлпырып тұрған елімді,
Мұнан да көркем сәнді етіп,
Тарқады мүлдем құштарым.

.....



ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКА

Он жетіге жас толып,
Басына шаттық бақ қонып,
Елім жігіт болғанда;
Ақыл, күші ержетіп,
Көңілінен шер кетіп,
Айдай балқып тұрғанда;
Домбырасын қолға алып,
Жыр ағызып толғанып,
Жырдан жаңбыр жауғызсын,
Елдің қарты Жамбыл да.
Одақтас боп бөліндік,
Отау тіктік енші алып,
Өз алдына үй болып,
Орда тігіп орын ап,
Күншығыстан жай салып,
Жеті жылда бау салып.
Сегіз қанат үй берді,
Бір жүз алпыс бау салып.
Шаңырағы күмістен,
Белдеулері жібектен,
Уықтары келіскен;
Отау сондай түрленген,
Бөленгендей гүлдермен,
Ол гүлдену, дегенім –
Техникамен безенген;
Аумай, талмай көшеміз
Жайнап тағы өсеміз,
Асуменен асқардай
Алда талай кезеңнен.
Біз өсеміз, жайнаймыз,
Біз шаттық деп сайраймыз,
Өйткені, көш басшымыз



Ақылы теңіз тереңнен,
Көшіп қонған жеріміз,
Қызғалдақ боп гүлденген,
Көш басшымыз біздерді,
Басқа елдермен бірдей ғып,
Право беріп теңеген.
Елімді менің көркейтіп,
Жылдан-жылға есейтіп,
Қуанышпен бөлентіп
Шаттыққа дәйім бөлеген...

ЕГІС ТУРАЛЫ ЖЫР

Жер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық,
Жарыспен еңбек жазын біз қарсы алдық.
Қыртысын қара жердің қарсы айырып,
Қажымай жер қазынасы қабын жардық.

Далада асыр салдық ойын, тойдай,
Ұнтадық кесек жердің бірін қоймай.
Жасырып оған алтын дән тұқымын,
Бітірдік көктемгі егіс ісін тойлай.

Нөсерлеп, бусандырып келгенде май,
Орады колхоз жерін шалғын орай.
Қарсы алды алтын таңды, әнге салды,
Үстінде егістіктің қара торғай.

Иранның кілеміндей жүз құлпырған,
Даласын егін басты Қазақстан.
Телегей-теңіздей боп жатқан егіс,
Үстінен қалықтайды аэроплан.



Күзеткен қызыл әскер елім шетін,
Ер ұлым жасқандырар жаудың бетін.
Өсе бер еркін шыққан піскен егіс,
Сақтауға жаудан сені солар кепіл.

Жанды еңбек, жан шаттанды, жайқалды егіс,
Толқындай басын бұлғар дала тегіс.
Орындап, партияның айтқан сөзін,
Береміз жеті миллиард жерден жеміс.

Жолымен Турксибтің поезд заулап,
Тиеп ап бидай, күріш кетер шумақ.
Халқымның уәдесі ісіне сай,
Партия айтқан сөзін орындамақ.

ЖЫРҒА ҚОСАМ ЕРЛЕРДІ

Нұрға бөлеп әр адамның жүрегін,
Колхозшылар сыбанған ақ білегін.
Қайда барсам, қажырлы еңбек үстінде,
Көрем ұлы партияның түлегін.

Даласында толқын атқан ну егін,
Гүлжазира колхозымды сүйемін.
Еңбек етіп, бақ, ырысқа кенелген,
Көрсө бүгін бізді ұлы Ленин.

Сейтқали, сол ерлердің бірі едің,
Қуаныштан гүл жайнаған реңің.
Қайда барсам, шын ерлерім, сендерді,
Мақтан етіп, жырға қосып жүремін.



СҰР ЖЫЛАН

Ысқырды тағы сұр жылан,
Екі айыр тілі у жылан,
Бақытты бейбіт елімде,
Жасырынған сұм жылан.
Ой-шұқырды сағалап,
Елді торып жағалап,
Жабықтан кірген қу жылан.
Үрген иттер айтаққа,
Сатылған жауыз, бай тапқа.
Жарықтан қашқан бандалар,
Өңшең соқыр жын жылан.
Қанқұмарлар жыланы,
Троцкий ылаңы,
Қайдағы зұлым сұм жылан.
Жай жылан ба, бұл жылан –
Қара жолда, бас қосып,
Халыққа қара күн тосып,
Сақтаған зәрін бойына,
Туғызбақ боп бізге ылаң.
Халықтың қара жаулары,
Бас қосып қай-қайдағы,
Елеусіз жүріп елімде,
Нелер сұмдықты ойлады.
Құтырған иттер жалақтап,
Аш қасқырдай алақтап,
Сілекейі шұбырып,
Ішінен қанжар тағынып,
Ұлы тісін қайрады.
Көрінген жерге қорғалап,
Жарықтан түнге жорғалап,
Жасырынып сағалап,
Ой, шұқырға сайдағы.



Байқаусызда қойыннан,
Шыға келіп бойыңнан,
Бақытты бейбіт еліме,
Ел бастаған еріме,
Қапыда өлім сайлады.
Арамзаның күйрығы,
Бір-ақ тұтам деген бар.
Біз жыланнан қорықпаймыз,
Кесетін оны берен бар.
Халыққа қастық ойласа,
Қара тас басар кеудесін.
Жаныштай тасқа езерлік,
Ел табаны – шеген бар.
Халық қарғысын алғанға,
Қара жерден орын жоқ,
Құрысын, өлсін сұм мұндар.
Жер бетінен жоғалсын,
Інінен шықпай тұншығып,
Атаңа нәлет қу сұмдар!
Жарық күннің жанары,
Жауға аяусыз жанады.
Жайратар, өртер, күйдірер,
Заңның жалын жарығы.
Күзетке шыққан қалың ел,
Қаһарлы бүгін қабағы.
Қай шұқырға кірсе де,
Сұр жыландар сумаңдап,
Бірін қоймай табады.
Бақыт заңы күшінің,
Сұмдарды езіп тастарлық,
Асқан алып табаны.
Індеріне су құйып,
Ұясын өртеп талқандап,
Тамырын құртып шабады.



Сансыз жылғы күресте,
Тапқан істің анығын.
Ащы менен тұщыны –
Татқан талай халығым.
Айыра білер ел-елдің,
Ақ пен қара парығын.
Жауды аяған жаралы,
Түбінде бір қалады.
Есіңе тұт еңбекші ел,
Қам көңілдің қамығын,
Өткен өмірің тарығын.
Жауға қатал болайық,
Халық қаһарын салайық,
Көтертпей басын езгілеп,
Улы тісін қағайық.
Жер бетінен құртайық,
Халқымның жауы – залымын.
Басы өлсе де жыланның,
Құйрығы тірі қалмасын.
Күлін көкке ұшырып,
Тастайық шауып тамырын.
Сөйтіп таза шынардай,
Еркіндетіп еңбекті,
Еліміз өссін, гүлденсін,
Мәңгі күннің кіршіксіз,
Алған соң алтын жарығын!

МАЙ

Тоқсан жыл түрлі ән қосып,
Жыл да жазда бір тосып,
Тағы да, міне, май келді.
Бетпақ шөлге жан кіріп,



Өлі бойға қан жүріп,
Құздың мұзы бұзылып,
Ағылды дария ойда енді.
Көк қызғалдақ гүл жарып,
Нәр жинап бойға жер – ана,
Жанды-жәндік қуана,
Сайрады бұлбұл сайда енді...
Біздің колхоз біледі,
Май қызығын көп көрген,
Тәтті менен тұщыны,
Бұрын талай жеп көрген,
Бұл жерге керек айла енді.
Жылдам егіп егісті,
Дүрілдетіп еңбекті,
Жаңғыртамыз жер, көкті,
Тағы да тағы өсерміз –
Өсетұғын жай келді.
Тасыды су, байла енді,
Айда егісті, айда енді!
Октябрь мәңгі – май айы,
Қыс ызғарын айдаған.
Бай, капитал – аяздың,
Ертеден орнын сайлаған.
Фашистердей боранды,
Қанын сорған адамның,
Зәндемі қолын байлаған.
Қара түнді қиратып,
Қажығанды ширатып,
Тарыққанға дем беріп,
Аш-арыққа өң беріп,
Жеміс гүлі жайнаған;
Бейне бақша айналаң,
Бұлбұл құстар сайраған.
Ленин көсем сол бақшаң –



Бақташысы, иесі,
Тәрбиелеп, мәпелеп,
Өсірген елі – шиесі.
Еркіндеп өніп, өсуге,
Біріне-бірі ілесуге,
Әр жемісі орнын,
Өзіне алған тиесі.
Арам шөпке орын жоқ,
Бұзылса көзге түседі,
Бетіндегі күйесі.
Ленин елдің жарығы,
Ардақтайды халығы,
Май күнінде әнге сал,
Бақытты елдің баласы.
Даусыңды сенің естіп,
Батсын жаудың қарасы!
Ұлтпен ұлттың бірлесіп,
Қосылды үні, қарашы!
Шырқағанда әндетіп,
Ленинград, Мәскеуім,
Отанымның қаласы.
Үн қосады елдері,
Мұхит пен теңіз көлдері,
Кавказ, Қиыршығыс пен
Орта Азия арасы.
Он бірдің бірі сапынан,
Одақтың шығыс жағынан,
Әндетіп үн қосады,
Қазақтың байтақ даласы,
Қатыны, ері, баласы,
Жамбылдай қарт бабасы.



ЖАЗ ЖЫРЫ

Атымды ертте, балалар,
Күлімдеп, міне, жаз келді.
Түйе боздап, қой қоздап,
Тізіліп қатар қаз келді.
Жастардың жүзі жайраңдап,
Кең өмірде сайраңдап,
Махаббат, мейірім, ән мен күй,
Ойын, күлкі, наз келді.
Тамаша, өмір, шаттық жыр
Қала, дала ой мен қыр,
Ерекше жаз биыл жаз –
Төгілген көктен алтын нұр.
Назданар адам аз ба енді,
Көйлек көк те, тамақ тоқ,
Еш пендеде уайым жоқ,
Жасармас қай жан жазда енді.

Отаным байтақ мәңгі бақ,
Гүл, бәйшешек толған жер.
Он бір жұрт – он бір туысқан,
Қанаттас қатар қонған жер.
Он бір жұртым – он бір бақ,
Ішінде еркін сайраңдап,
Мәуесін тәтті сорған ел.
Шағаласы шаңқылдап,
Қаз, үйрегі қаңқылдап,
Көкорай шалғын, орман, көл,
Шалқып жатқан ен дәулет,
Салтанат, шаттық, сән-сәулет.
Аймағым асқар қорған бел.
Жауын мен дауыл, бораннан,
Жасқанбай шалқып асамыз,



Жауды жайқар жарақ сай.
Табанмен таптап басамыз;
Қыздырып еңбек дүкенін,
Желпілдетіп жер бетін,
Жемістен шашу шашамыз;
Көзіне жете ашамыз;
Жер қазынасын игеріп,
Болаттан сұңқар ұшырып,
Мұхиттан әрі асамыз;
Мініп алмас тұлпарды,
Қуаттан дария ағызып,
Баспаған жерді басамыз;
Ерліктен ерлік туғызып,
Өрге өрлеп, тасамыз!

Жайнай бер жазым жылдан жыл,
Жаңарып дүние түрленсін;
Алтын бақша ұлғайып,
Бұдан да қызық түрге енсін;
Ен бақытқа еркіндеп,
Жайлаған елің гүлденсін;
Октябрь атты алтын күн,
Себелеп рақмет сәулесін,
Бұдан да жарық нұр берсін;
Бұлбұлың дулап сайрасын,
Еңбегің қызып қайнасын,
Нұрыңды әлем, ел көрсін;
Бұғаудан қолын шешуге,
Сенімен тағы ілесуге,
Өнеге болсын, дем берсін!



СҮЛЕЙМАН СТАЛЬСКИЙГЕ

Сүлейман алтын бұлбұл, сен – Дағыстан,
Ішінде сайрандаған гүл бағыстан.
Кешегі жыртқыш аңдар заманында, –
Біз өстік орын алып тар қапастан.
Бүгін қапас жаңарып гүл жайнады,
Бақыт жыры төгіліп бұлбұл құстан.
Бұлбұлдардың мекені меруерт гүлді,
Біз жырлаймыз, мақтаймыз Ұлы Отан.
Ескі дүние жарасын жазды бәрі,
Еркіндеп кең бақшада масайрасқан.
Өлең көзі тауымнан тулап ақты, –
Дағыстан, даласынан Қазақстан,
Еліміз гүл, қызғалдақ жері балды,
Нұр төккен төбесінен әдемі аспан.
Халыққа бақыт, бұлбұлға дауыс берген,
Ленин ғой ұлы көсем ол данышпан.
Барлық халық қастерлер Сүлейманды –
Асыл сөзі жаныңның кілтін ашқан.
Мен де саған құттықтап сәлем жолдап,
Қол соғам даласынан Қазақстан.
Жерің таулы, ұлы Кавказ, миуасы көп,
Сұңқарлар заңғарында шырқап ұшқан.
Бақыт гүлі қаулаған шешек атып,
Әтір исі аңқыған көңілінді ашқан.
Жастық жайнап, ескілік сөніп жатыр,
Таза ауа, мөлдір сумен көк гүлстан.
Қартайсақ та даусымыз жаспен бірдей,
Жаңардық, қайта тудық, осы тұстан.
Жиһан кезіп шырқаймыз өр қырандай,
Таудан құлар далаға судай тасқан.
Ол жырымыз арналсын мәңгі-бақи –
Сан сұңқарлар сұңқары әлемде асқан;



Адам ұлы ардақтар тамаша жан,
Тарихтың заңғарынан зор данышпан.
Елінде біз жырлаймыз,
Ақыл мен жүрек тулап ой ұласқан.
Ленин деп жырласақ дауыс қосып,
Өлең кетер бұлақтай аққан тастан.

ЖАЗ

Жаз жайнап, жан-жануар жанаттанған,
Жадырап май айында науаттанған.
Су ағып, жер айналып жанарланған,
Жиһанда біздің таңдай таң атпаған.

Жарқылдап жабырқаусыз жайнады жан,
Жұлқынып жазғы егіске жарақтанған.
Шыңына шыбық шаншып, гүл түлетіп,
Сайлы елім саяхатқа саяттанған.

Қой қоздап, түйе боздап, құлын қунап,
Даланың төлі ойнақтап аяқтанған.
Бұзылмай айдын көлдің ақ қаймағы,
Құс шайқап балапаны қанаттанған,

Безесе кәрі Жамбыл қызыл тілін –
Хош көріп қазақ, қырғыз мадақтаған.
Бәйгеден күнде келген кәрі тарлан,
Бәрін де той, думанның аяқтаған.

Күй боздап домбырадан, өлең қоздап,
Қыз бұлғап орамалын қарап қалған.
Жүз жасап, жүз жаз көрген бұл Жамбылды,
Ешбір жаз бүгінгідей қаратпаған.



Жазында Отанымның жаңа жасап,
Құлшындық қыран құстай тояттаған.
Жадырап, жаз гүлімен бірге гүлдеп,
Тамырым алпыс екі тарап тұрған.

АЛАТАУ

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.

Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
Өрік, алма, алмұрт, жиде-жемістер көп,
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып.
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында,
Асаудай ойнақ салар балық шолпып.

Етегі сол таулардың мидай тегіс,
Тегіс жер гүлін жарған миуалы егіс.
Еліне мекен етіп еңбек қылған,
Жегізер аямастан түрлі жеміс.

Алатау Жетісумен құшақтасқан,
Еліне мекен етіп еңбек қылған.



Бауырында Қазақстан астанам бар –
Ағайын орыс, қазақ араласқан.

Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын.
Қызығын сол жайлаудың көрем десең, –
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ар жағы – қаптаған ел Қытай жері,
Бер жағы – ен жайлаған қазақ елі.
Басында бақыт жырлап Жамбыл отыр,
Желбіреп қызыл жалау шығыс белі.

ҚЫМЫЗ

Үйірілген қышқыл, тәтті сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз.

Ашыған кең сабада алтын қымыз,
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз.
Айтушы ек іштен налып, саған қарғыс,
Кедейге келмегенде шартың қымыз.

Байда бар, жарлыда жоқ тартым қымыз,
Көз сатып, бардан ішкен халқым қымыз.
Байлардың сабасында «аллаһуп» тап,
Кедейдің торсығында там-тұм қымыз.

Сапырған жайлау жайлап байлар қымыз,
Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.
Кеңейтіп жуан қарын май қосуға,
Сар тұздық қозы етімен шайнар қымыз.



Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз,
Еңбекші ел аттанғанда кегі қымыз.
Байдың қуып, алуға малын тартып,
Беретін ет пенен сүт сені қымыз.

Бай қайда? Елден қудық бүгін қымыз,
Төңкердік зор сабасы түбін қымыз.
Көрінбей түнде жортып құмдарда жүр,
Ішпейді бұлақ суын түгіл қымыз.

Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз.
Стахановшы ерлерге дем беретін,
Бір сүйеу еңбегіне кәрі қымыз.

Еңбекші ел тартып алған табы, қымыз,
Ен өскен колхоз аулы ма, қымыз.
Әр ферма ортасында күмшілдейді,
Өзгеше бүгін тәтті дәмі, қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Елімнің социалистік асы болдың,
Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз!

ИСПАНДЫҚ ТУЫСҚАНДАРҒА

Кең даласы қазақтың,
Құлпырады гүл жайнап.
Өзбекстан бір елім,
Гүлстандай – алма бақ.
Тәжікстан түлеген,
Желі жібек – күн шуақ.



Қайта туған бәрінде,
Қажырлы берік халқым шат.
Отанымның жазында,
Жадыраған жан рақат.
Сол ортада отырып,
Салсам көзді шамалап,
Испан елін көремін,
Қайнаған бойы күш, қайрат.
Алпарысқан жауына,
Жіберіп жатыр оқ қадап.
Құйылып жатыр майданға,
Батыр жігіт, жүйрік ат.
Туысқан, бауыр, батыр ел,
Соғысты біз де көргенбіз.
Отанды жаудан тазартып,
Күн-түн қатып желгенбіз.
Ақыры күшті асырып,
Қандатып жауды жеңгенбіз.
Желкесін қиып жебірдің,
Сазасын сүйтіп бергенбіз.
Жеңіспенен, табыспен,
Бақытқа сүйтіп келгенбіз.
Туысқан, бауыр батыр ел,
Сал күшінді аянба!
Әлі келмес аттының,
Біріккен берік жаяуға.
Көріп отыр Жамбылың,
Жеңісің жақын, таяуда.
Қысың кетіп, жаз келіп,
Көгергелі тұр жерің.
Азап кетіп, бақ келіп,
Гүлденгелі тұр елің.
Биікке қада, қызыл ту,
Сол ту болар тірегің.



Жеңбей қару тастама,
Тізгіңді бермей басқаға,
Қазақстан атынан –
Арнап сәлем жазғанда,
Сіздерден осы тілегім!

ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНА

Біздің көрші Қытайға,
Жапон тағы ұрынды,
Қан іздеген аш қасқыр –
Манжурды басып алғанда
Қытайға бәле салғанда
Көріп ек сонда-ақ зұлымды.
Айуандығы асқан жауыздар,
Жазықсыз елге қол салып,
«Қуа берсе қорқақты,
Батыр болар» – деген сөз,
Осыған келер жорымды.
Оңай-ақ басып алам деп,
Басына бәле салам деп,
Теңесе де фашистер,
Қытайға әлсіз шыбынды.
Қалың Қытай қозғалып,
Намысын халық қолға алып,
Бас қосып қарсы аттанды,
Бұзбаймын деп жұбымды.
Қандай айла өтсе де,
Жаудың беті сырылды.
Өр майданнан ер шығып,
Қирата жауды жеңгенде
Еңбекшісі әлемнің
Құттықтады мұныңды.



Қазақстан елінен,
Отаны бақыт жерінен –
Құттықтаймын мен-дағы,
Жау қуған әрбір ұлыңды.

АМАНКЕЛДІ

Өлеңді айт дегенде ағылтқанмын,
Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын.
Ел сүйген, еңіреп туған ерді мақтап,
Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын.

Ойлансам сөзім шежіре, қиял желі,
Өтеді көз алдымнан тарих белі.
Толғанса батырлардың батыл ісін,
Қомданад сонда Жамбыл сөйлегелі.

Ардагер Амангелді ердің ері,
Keң өріс, жалпақ дала туған жері.
Елі мен мекенінің туын ұстап,
Қол бастап, қан майданда аққан тері.

Ленинді жаны сүйіп, соңына ерген,
Жауына ажал оғын тартқан мерген.
Шешеден ел қамқоры ұл боп туып,
Ер болып, майданда да ұл боп өлген.

Қазасы батырымның жұртты еңіреткен,
Ол кезде Жамбылдың да жасын төккен.
Бұл күнде ер еңбегін қошеметтеп,
Шертемін жеңіс жырын мен де көппен.

Өлген жоқ Амангелді әлі тірі,
Әнеки, ілулі тұр ақ семсері!



Орнатып ол көксеген арманды ойын,
Мен де шат, рақаттанған қарттың бірі.

Батыр бол, балаларым бәрің-дағы.
Тап берген дұшпан иттің сынсын сағы.
Семсерін Амангелді тот баспасын,
Ел қорға, ұлы күннің туса шағы.

ҰРПАҚТАРЫМ АЛДЫНДА

Ұрпақтарым алдында,
Ұқсап жазғы шалғынға.
Мойындамай шалдықты,
Жасарған Жамбыл шағында.
Сайрайды, талай сайраған.
Өмірім балдай, балдырған,
Құмарымды қандырған,
Көңілімді, көзімді,
Өмірімді, өзімді,
Инжудей тізген сөзімді,
Отанымның сәулеті,
Шам-шырақтай жандырған.
Өкіметі Советтің,
Нұрымен күндей балқытып,
Болмағанды болдырған.
Қарасам көзім тойдырған,
Бәйгеден озып жүлде алған,
Шауып мүше күнде алған.
Өлеңнің кенін қазайын,
Бауырымды жазайын,
Жүйрік емен болдырған.
Көңілімді, көзімді,
Өмірімді, өзімді,



Отанымның сәулеті,
Шамшырақтай жандырған.
Осы баққа, жарыққа,
Көтере алмайды жау-жарак,
Жау күшімен қорғалад,
Жау жоласа жорғалап,
Күл болған тағы күл болад.
Осы шамның жарығын,
Көбелектей аңдыған.
Жалақтаған жау күшік,
Бұғып жүріп тіміскіп,
Большевикпен ойнама,
Құлатады тауыңды!
Большевикпен ойнама,
Қиратады жауыңды!
Халықпен жау ойнама,
Жас тайлақтай тарпиды!
Халықпен жау ойнама,
Жауды жаншып құртады,
Отанымның ұрпағы!
Құртқан сайын жауларын,
Құрыштай күші артады!
Сондықтан да, қарт Жамбыл
Отыз тістен төгіп жыр,
Өлеңнің қара боранын,
Күйдің бомбы-жарағын,
Жауға қарсы тартады!
Домбыраны мен тартсам,
Өлеңді шырқап мен айтсам,
Бақыты үшін халықтың,
Топқа айтамын алқалы.
Тек бұл емес Жамбылдың,
Толып жатыр тағы да,
Тағы-тағы айтары.



Өмірім балдай, балдырған,
Құмарымды қандырған.
Көңілімді, көзімді,
Өмірімді, өзімді,
Отанымның сәулеті
Шамшырақтай жандырған.

ҰЛЫ КӨШ

Кавказ бен Алтай, Алатау
Асқар, асу белімсің.
Шығысым – қиыр зор тайға,
Құрсаңған болат темірсің.
Батысым – байтақ Украина,
Гүлденген бақша гүлімсің.
Солтүстік – ұлы мұхитым,
Ұшан дария шегімсің.
Қытай мен Қырым арасы,
Бір жағың орыс даласы,
Тұтаса жатқан тұла бой.
Ортаң Орал саласы,
Колхоз бен совхоз өзімсің.
Осылардың ішінде
Алтын ошақ Отаным,
Қазақстан – Гүлстан,
Жайнаған менің елімсің.
Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр күн,
Бұлдырап кеткен құрғыр күн.
Бұрынғы күнім күн бе еді?
Күн емес қара түн еді.
Тар құрсаулы тәж-тақыт
Патша бізді биледі.
Халыққа қара жамылтқан,



Арылмас азап сабылтқан,
Қанау, талау, отарлау,
Қара түн түнек – түрме еді.
Ату, айдау, оқ, қылыш,
Жаралау, асу, құл қылу
Патшаның болды білгені
Рақымсыз қара бетінде,
Зұлымдық, зорлық ниетінде,
Адамдық жылы шырай жоқ,
Халыққа қарап күлгені.
Патша тағын, бай бағын
Қайтып сақтап қалам деп,
Өткен заман заңының
Осылай өмір сүргені.
Ал бүгін, міне, жарқырап,
Нұрын шашты алтын таң.
Әлемге бірдей сәулесі,
Октябрь берген ұлы заң.
Заң болғанда қандай заң,
Көрмеген бұрын ешбір жан.
Шын бақыттың адамға
Есігін ашқан гүлстан.
Арманға бізді жеткізіп,
Қайғыны ойдан кеткізіп,
Мәңгі жарық алтын күн,
Туғызған бізге бұл заман.
Еркінді етіп еңбекті,
Бел ал деген осы заң.
Еңбек ет те, міндет ет,
Демал деген осы заң.
Әйел, теңсің праваң –
Сен ал – деген осы заң.
Қартайсаң да қайғың жоқ, –
Жассың деген осы заң.



Бұлбұл үнің бұлақтай, –
Тассын деген осы заң.
Елдің шетін күзету –
Ең ардақты праваң.
Жорғалап келсе сұр жылан,
Желкесін қиып, жеткізбей
Кесе бер деген осы заң.
Сансыз халық достасып,
Он бірің қол ұстасып,
Өсе бер деген осы заң.

Бүгін, міне, қарасам.
Бір көш кетіп барады.
Салтанатты, сәулетті
Гүлдей болып жанары, –
Масаты кілем жамылған,
Алтыннан қоңырау тағынған,
Дабысы жерді жарады.
Адамы гүлдей жайнаған,
Қызыл жалау байлаған,
Ел қуанған бір думан,
Шырқатып әнге салады.
Ұлы Одақ елімнің,
Бұл көші алға жөнеген.
Баратын жері бір жайлау –
Елімді нұрға бөлеген
Комунизм жайлауы,
Рақаттың мәңгі дүниесі
Түнді таңға теңеген.
Түскен жолы даңғыл жол
Мүдде ғып өткен көрсетіп,
Маркс – Энгельс көреген.
Жолға көшті бастаған
Ленин дана жолымен,



Партия бастап барады,
Айқын тартқан сонымен.
Құладың ұшпас құмдардың,
Қарсақ жортпас құздардың,
Ойы, қыры, жонымен.
Бұлдыр, бұлдыр белестен,
Көш аса алмас дөңестен
Елім асып барады.
Адам ұлы көрмеген,
Көрмек түгіл білмеген,
Асу-асу жерлерден
Көшім асып барады.
Көш бастаған Ленин
Адастырмай бұл жолдан –
Еркін асып барады.
Басқан сайын тамаша,
Сан жетпейтін санаса,
Бақыттың шамы жанады...
Ворошилов батырым!
Атыңа сай ақылың,
Әскерінді бастадың,
Болаттан сұңқар ұшырдың,
Алмастан қару пісірдің,
Құрыштан сауыт кигіздің,
Жаулардан сен қорғадың,
Елімнің жер-су, аспанын.
Калинин батыр, көп жаса!
Түлік малды өргіздің.
Салтанатты орнатып,
Қуанышты көргіздің.
Қырағы көз ұланым!
Тұманды түнде сақтаған,
Көшімді жаудан шырағым.
Фашистердің тығылған



Жабықтағы жыланын
Жорғалатпай Отанға
Күлін көкке ұшырған,
Талқандап жаудың планын.
Куәсі ғасыр Жамбыл қарт
Көз салған дүние шегіне.
Ұлы көшке ілесті
Тұлпар атпен тебіне.
Қолымда алтын домбыра,
Аузымнан жырым төгіле,
Шырқатып әнге салады,
Даусы жерді жарады,
Он саусағым жорғалап,
Домбыраның шегіне.
Миллион рақмет айтамын
Компартия еріме –
Асудан қиын өткізген,
Арманға қолды жеткізген,
Халықтың кемеңгеріне.
Даңқынан жау күйреген,
Ілгері елін бастаған
Мәңгі бақыт жайлауы –
Коммунизм көгіне!

ОКТЯБРЬДІҢ ХХ ЖЫЛДЫҒЫНА

Сөйлей бер, ақ домбырам дүрілдеген,
Шарықтап күй төгілді бүгін менен,
Бас қосқан қуанышты мерекеде
Гүл жайнап, әсерлене күлімдеген.

Шын өмір басталады Октябрден,
Қайнайды күй-көмейі Октябрьмен.



Ортаңда жүз жасаған Жамбыл отыр
Ғасырдың куәсімен көкте-күнмен...

Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан,
Тұншықтым неше жылдар, кетті мазам.
Бұзған күн тасқын басын октябрьде,
Жүз де емес, XX жылда-ақ құлаш жазам.

Ғасыр бойы бейнет пен азап шеккен,
Зар жылап жұртпен бірге жасын төккен.
Ақынмен бабаң құрдас бақытты елім,
Токсанда арманына қолы жеткен.

Арманның белбеуінен ұстаған күн,
Октябрь XX жасқа толды бүгін.
Күшті қол серпіп тастап көзін ашқан,
Миллион жыл жұрт еңсесін басқан жүгін

Аттанған Октябрьде еңбек ұлы
Ұласты байтақ елде шаттық күні,
Бастаған елді бақыт туын ұстай
Лениннің партиясы күннің нұры.
Тамаша айтып болмас біткен ісін,
Ен заман, ерікті адам еңбек күшін,
Гүлдендік, орнаттық біз шат өмірді
Халық үшін, Отан үшін, адам үшін!

Бауырлас бір кісінің баласындай,
СССР – ел жасадық, анасындай.
Ұлында өгейі жоқ – бәрі бірдей –
Бірге өскен жемісті алма ағашындай.

Күш беріп Октябрьде атқан таңға,
Ленин нұрын төкті ұлы заңда,



Береді бақыт жолын нұсқап өзі
Қол созған бұл жарыққа барлық жанға.

Отаным бейне бақша бақыт қонған,
Кілемдей елім, жерім гүлге толған.
«Лап!» десе «тап!» берерлік жарағым сай,
Ешбір жау ала алмайтын болат қорған.

Жатқанда нашар елді байлар талап,
Манчжур, Қытай, Испанды қасқыр қамап.
Абиссиния жерінде жесір зарлап,
Фашистер адам тонап, қанын жалап.

СССР – ел жасады бір бәйтерек,
Асқардай тұлғасы бар тұрған бөлек.
Басында бақыт нұры шамы жанып,
Лениннің қызыл туы нұрын төгед.

Біріккен байтақ елдің жүрегінде,
Мәскеуде, күннің көзі – Кремльде,
Мәңгі өлмес, нұры сөнбес Ленин жатыр
Сәулесі жұртқа бірдей түн де, күн де.

Сөйлей бер, ақ домбырам дүрілдеген,
Өзгеше құйылар күй бүгін менен.
Қарасам шат жүзіңе халқым сенің,
Көремін көсемімді күлімдеген.

ӨЛГЕНІҢ ЖОҚ, СЕН ТІРІ

Дағыстанның бұлбұлы,
Жайнаған жырдың жұлдызы
Стальский ақынның –



Есіттім, міне, өлеңін.
Олай болса төгіл жыр,
Домбырадан ағыл жыр,
Досым үшін қозғамай –
Тыныш қоймақ сені кім?

Заманда, заман шын заман,
Қартайып көрдім қызықты.
Көңілді тартты нұр заман,
Құмартып жүрек үздікті.
Шарбы ораған сынақтай.
Жүйкемді қатқан жібітті.
Шарықтаған шалқардай.
Үдете түсті үмітті...
Бұрынғы дала, дала ма?
Жайнады, міне, нұр төкті.
«Бетпақдала, Мырзашөл», –
Деген жерге гүл бітті.
Алатауда ұжмағым,
Ұжмақтай бүгін түр бітті.
Дағыстан құмы кешегі –
Бүгін онда гүл бақша,
Сүйкімді, көркі келбетті.
Олай болса, ақыным,
Сені мен менде өлім жоқ!
Өмірдің шамы күн нұры,
Күн нұрына сөну жоқ.
Өмірлік сенің жырың бар,
Жырың сіңген елің бар.
Замандасым, жан досым,
Дағыстанның бұлбұлы.
Жырдан дария ағызған,
Жырың жырдың шекері,
Ел көңіліне жазылған.



Сені ойладым, жыр кетті,
Домбыра көңіл тербетті.
Көзден де ақты бір тамшы,
Ыстық судай тамызған.

Өлгенің жоқ, сен тірі,
Сені сүйген ел тірі,
Жырдан қырда бақша еккен,
Жыршыға бесік тербеткен,
Алатауда мен тірі.
Шатырым жібек шағылдан,
Бауырым, бізде өлім жоқ,
Бізден өлім арылған.
Ағызып айттым жырымды,
Ел тыңдады мұнымды.
Домбырам шаттық күй тартты,
Жыр бұлағы құйылды.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ

Бір жыл бұрын Партиям
Бейне тасқан дария,
Ой өзенін ағытып,
Сөйлегенде жария –
Тыңдағанбыз миллион жұрт,
Басы боп мендей қария.
Алтын заңды съезім,
Жайған сонда алдыма,
Алтын заңда айтылмай
Ел тілегі қалды ма?!
Әйел, еркек, кәрі жас
Қостап қарсы алды да,
Күйге басты тасыған,



Шаттықтан көк жаңғыра!
Тапты заңнан бақытын
Миллион жұрт, әрбір жан.
Біріне оқу, біріне
Берілді өнер жаңадан.
Шаршағанда демалыс –
Шипалы өмір шадыман.
Аңсағанға қызықты,
Ағыл-тегіл той-думан.
Осылардың ішінде,
Менің де тиіп сыбағам.
Серпіп қанат шырқады,
Еркін сайрап домбырам.
Партия берген алтын заң,
Жыл ішінде ержетті.
Масатыдай түрленіп
Отанымды гүлдетті.
Бесіктегі баламды,
Ана болып тербетті.
Тоқсандағы шалымды,
Шарықтатып көңілін,
Көкке құлаш серметті.
Қанат берді халқыма,
Әуелетті, өрлетті.
Ағытылған өзендей,
Сарқыратты еңбекті.

Партия берген алтын заң,
Жауға тиді жалындай.
Жалмаңдаған жауыздың,
Ұясы қалмас жарылмай,
Ұсқыны қашып қалтырап,
Кіріріне көр таппай,



Басарына жер таппай,
Төбесінен түсті жай.

Партия берген алтын заң,
Жылдығында жаңадан,
Жыр төккізіп аузымнан,
Берді арылмас күш маған.
Күш емей не теңбе-тең,
Он сегізде ұлмен тең,
Орнымды алам сайлаудан.

ХАЛЫҚТАР ТУЫСҚАНДЫҒЫ

Тыңдаушым, келіп маған сендер сынды,
Жырла, – деп сұрадыңдар өткен күнді.
Өткенде домбырамды күйлеп едім,
Қозғады ол – үн орнына қайғы, мұңды.

Ызындап мұң шаққандай желден жаман,
Ашқысы келмейді аузын ескі жарам.
Ақынға күй кернеген үн бере ме
Бұлдырап кеткен құрғыр зарлы заман?

Ойласам ескі жара от боп жанад,
Өлең, жыр күй кернетіп айқай салад.
Қамаған халқын Ресей тар қапасқа –
Өткен күн – қарысқан жақ, қатқан қабақ.

Түтіккен қара түнде күнді көрмей,
Арман ғып таң сәулесін қолды сермей.
Көтеріп ауыр жүкті өткен елім!
Қан қара, жаны жара тек қана өлмей.



Қаһарлы жауыз патша халықты алдап,
Бүлдіріп, ойран салып, елді жалдап.
Қорғады соныменен тәж бен тағын,
Ол күлді, ел жатқанда уайым сарнап.

Қырқысты қазақ, қырғыз айдауменен,
Шабысты түрік, армян қайрауменен.
Түн, бұғау, алдау, арбау, дін-шариғат
Қан құйып халық көзін байлауменен.

Еврейді «жөйт» қойып тентіретті,
«Сарт», «ноғай», «қырғыз», «хохол».
Үгіттеп өштестіріп өзді-өзіне,
Туыстар бірі қанын бірі төкті.

Бастаған сәуле-нұрға адамзатты,
Ленин қара түнде дабыл қақты.
Миллион ер көтеріліп, бірге шықты,
Зорлықты талқандады бейне абақты.

Оқ, мылтық, қылыш, найза қаруланып,
Көсемнен жауынгерлік нұсқау алып.
Төңкеріп жауыздарды тастады елім,
Капитал қолқасына қолды салып.

Жиырма жыл босатқанға елімізді,
Бөледік, гүлге орадық жерімізді.
Бақыттың ұлы Отаны Одақ құрдық,
Жинадық, түрдік етек-жеңімізді.

Ерікті ел армян, қазақ, тәжік, қырғыз,
Бас қосты алпыс ұлт – жайнады жүз.
Жарқырап ортасында ұлы Мәскеу –
Жүрегі Отанымның жарық жұлдыз.



Кілемдей қайда барсаң жайнаған жер,
Кең дүние, еңбек қызу қайнаған жер.
Бақ орнап, ен далаға нұрын төгіп,
Ішінде ақын – бұлбұл сайраған жер.

Бәрі дос қайда барсаң жаттығы жоқ,
Бір кезде қамшы ойнатып, атылған оқ.
Жерлерден тату-тәтті, сөз естисің,
Жарқын жүз бір бауырдан туғандай боп.

Бірі жоқ тұман түнде кектескен ел,
Жауласып жазықсыз қан ағызған сел.
Қасқырдай бірін-бірі басып жейтін,
Аяусыз айуан заңы тентегі тел.

Октябрь нұры астында мәңгі жарық,
Туысқан қол ұстасты барлық халық.
Бір туған бақытқа ортақ ел жасалды –
Білмеген, жасамаған бұрын тарих.

Он бір ел егіз туып, түзеген сап,
Айтуға сөз жетпейтін түр мен сымбат.
«Алтын заң құшағында еркін өс», – деп,
Үйреткен дүниеде достық қымбат!

Бзалы, қара пиғыл жау жаралы,
Тіс қайрап, құтырған ит көз салады.
Оған қарсы күн санап достық өсер,
Тірегі Отанымның – күш қамалы.

Ол қамал мәңгі шеккен, тастан берік,
Болаттай шегендеген, қызған көрік.
Орнықты Кремльдің қорғанындай
Басына Ленин қабыры бергендей серт.



Жайна елім, гүлде, көгер, шырқа, әнге сал!
Дүкен құр, өмір жаса бір тәтті бал.
Егін ек, бақшанды өсір, қала тұрғыз,
Қайыссын, жерді бассын қаптаған мал!

Шөл дала сусын ішсін, шөлі қансын,
Алма өссін, гүл бақшасы жапырақ жарсын.
Сайрандап адам ұлы кең дүниеде,
Бұлбұл құс бойы балқып әнге салсын.

Атымен ұлы Ленин жеңген халық,
Қоймасын – адам өмірі – алды ақтарып.
Бақытқа ұшан-теңіз қолы жетті,
Мұхитта шомбығандай алтын балық.

Жасасын, алғыс айтам Ленинге,
Сөйлейді данышпанды барлық тілде.
Жеткізген барлық елді қуанышқа,
Жырлаймын партияны күн де, түн де.

ЖЕҢІС ПЕН ШАТТЫҚ

Жеңіс пен шаттық сенің атыңды атап,
Тойыңа осы өленді тартады қарт.
Жырымның өр дауысты қыранысың,
Мен де шат, мендей және халқым да шат!

Ажарың алтын сәуле атқан таңдай,
Сөйлемен дабысыңды домбыра алмай.
Көреген партияның сенсің көзі,
Қай халық қарар саған құмарланбай.



Жеңісің жеңістердің асқарындай,
Лениннің ілгері аяқ басқанындай.
Ұстаған ұрпағымның туы сенсің,
Данышпан Компартиям – аспанымдай.

Дем берер шаттығысың бар әлемнің,
Қайралған семсерімсің қолда менің.
Қарманған қара ниет дұшпандарды
Қиратып батыр қолмен шабады елім.

Жеңіс – сен ауылдарды, қалаларды
Аралап, бар халқымды еттің әлді.
Нұрыңмен жүрегіме өлең құйып,
Айдынға алып шықтың мендей шалды.

Жеңісім жеңістердің асқарындай,
Лениннің ілгері аяқ басқанындай.
Ұстаған ұрпағымның туы сенсің,
Данышпан Компартиям – аспанымдай.

Жеңіс пен шаттық сенің атыңды атап,
Тойыңа осы өлеңді тартады қарт.
Жырымның өр дауысты қыранысың,
Мен де шат, мендей және халқым да шат!

12-ДЕКАБРЬ

Күнінде ұлы тойдың бойды кернеп,
Лапырып арнасында шабыт өрлеп.
Толқындай бұлтты сөгіп көзге ілікпей,
Бұлқынып асау қиял құлаш сермеп.
Жорғалап желмаядай жер-су баспай,
Нөсерлеп төгіледі өлең селдеп.



Ақынның асқақ көңіл, қызыл тілі
Самғайды сұңқардай боп ағып, келбеп.
Оймыштап сөз нақысын ұлы тойда,
Шаттанып асыл сөзден тоқиды өрнек.
Сөзі алтын, тілі майда, жыры жібек,
Еркіндеп ен бақытта бойын тербеп.
Кәрі ақын қадірлі күн келгенінде,
Шырқайды домбырасын көкке сермеп.

Елім бар басқа елдерден тұрқы бөлек,
Бостандық жемісінен еткен қорек.
Ай күліп, жазы туып балбыраған,
Тамылжып мизамы ұшқан, балын төгед.
Бау-бақша ұшан-теңіз ен дәулеттің
Жайқалып жапырағы жұпар себед.
Құлпырған колхоз қыры қызғалдақты,
Тамаша жүз құбылып, әсемденед.
Құрақтай көк егіннің көп өнімі
Құнартып жылдан-жылға артық өнед.
Ыңырсып колхозшының төрт түлігі
Ауылдан маң-маң басып, өріске өред.
Қаламның көк шудалы алыптары
Қуаты сыртқа теуіп күңіренед,
Ауыл мен қала арасын сайраңдатып,
Желдетіп желмаядай поезд желед.
Ақиық мұзбалақтай аэроплан
Зуылдап көз ұшында дөңгеленед.
Жансызға жан бітірген жас ұрпақтар
Күші өрен, ақылы кең, ойы зерек.
Қиылған қалам қасы жас сұлулар
Ойнатып он саусақтан өнер төгед.
Елімнің кәрі-жасы бірдей батыр,
Жер тіліп, суды ағызып, бұлтты сөгед.
Дәулетті, сәулет, мүлік бар қызығын



Шашаусыз шашып-төкпей халқым көред.
Халықтың данышпаны ұлы Ленин,
Асусыз асқар біткен алтын терек.
Мәпелеп қалың елге нұрын төгіп,
Таусылмас ен бақытқа қойды бөлеп.
Азаттық арнасына алып келген
Көсемін қалың халық жақсы көред.
Айсызда адастырмас шам-шырағы...
Күдіксіз көтеріле соңына еред...
Сөнбейді, ұлы Ленин жарық күнім,
Жалпыға жарқыратып төккен нұрын.
Тасыған емін-еркін ен дәулетті
Көріп пе мұндай болып тарих бұрын?
Көсемі қалың елдің Компартия
Сүйікті өзі құрған Ленинімнің.
Түйдектеп жаңа заңға түгел жазды
Олжаны ішіндегі жиырма жылдың.
Күй кернеп, шаттық тасып, нұрға бөлеп,
Гүлге орап түрлендірді ой мен қырын.
Сайлауда – ұлы күнде Отанымда,
Ұсынар елім таза, адал ұлын.
Сақталық ұлы олжаны жауға бермей,
Халықтың жалғыз тайын етпей шығын.
Капитал аузын ашса, тұмсық сұқса,
Жауабым бере аларлық, жауға мығым.
Осындай ұлы ерлерге дауыс беріп,
Миллион жұрт қол көтермек, міне, бүгін!
Халқыммен мен бірге ұран салып,
Ақтарып ағызамын сөздің сырын.
Халықтың шамшырағы Компартия,
Өмірім – бәрі саған, даусым, жырым!



ШЫНЫҚТЫРДЫ БОЛАТТАЙ

Ал, Жамбылың сөйлесін,
Домбырасын қолына ап,
Безенте қақсын пернесін,
Аршындап құлаш сермесін,
Тізілтсін бір термесін!
Өңіме шырай енгізді
Коммунистік партиям.
Нұсқауы оның алтын сөз
Шекер балдай татыған.
Өркендетті, өрлетті,
Асырып саты-сатыдан.
Жақсылыққа жол сілтеп,
Жамандыққа жолатпай,
Отанымды зорайтып,
Шынықтырды болаттай.
Компартия көсемім,
Халыққа нұсқау беріп тұр.
Айтқаны еш мүлтіксіз,
Орындалып келіп тұр.
Беріліп барлық ынтамен,
Күллі халық сеніп тұр.
Арам тап қалып адыра,
Социализм жеңіп тұр.
Аймағымды әсемдеп,
Жемісін шашып, сеуіп нұр.
Бақыттың зәулім шыңына,
Халқым құлаш сермеген.
Қаскөйіне жұртымның,
Өмір сүру бермеген.
Қызықты нұрға бөленді,
Советтің жерін жерлеген.
Жаңа заң бақыт арнасы –



Адамзаттың тарихы,
Еш уақытта көрмеген.
Жаңа заң берді право,
Халықты барлық етіп тең.
Оқуға, еңбек етуге,
Тынығуға алып дем.
Бүгін осы еркін ел,
Думанданған ұран сап.
Ұлы күні ұлыстың,
Қуанышты, көңіл шат.
Дамылсыз сайрап домбырам,
Ойнақтайды он саусақ.
Тасқындап күй төгілтем,
Ұлы күнде ән шырқап.
Еңбекке еш қажымай,
Жұрт сенімін ақтаған.
Ерегіскен дұшпанды,
Табанға салып таптаған.
Өнеге, іс үлгісін,
Көп үйренген, жаттаған.
Қаскүнем жауын елімнің,
Айбарымен жасқаған.
Алуан адал ісі үшін,
Партия, жұрт одағы
Ардақтап, сүйіп мақтаған.
Ерлерге елім сенеді,
Даусын соған береді.
Елімнің Ұлы Советін,
Сайлайтұғын күн бүгін,
Адал ұлын елімнің.
Жалынды жас отаншыл,
Шопанға дауыс береміз.
Еңбекті талмай етумен,
Мәпелеп төлді өсірген,



Жасынан бейнет көп көрген,
Басынан бәрін өткерген,
Еңбектің көріп дәулетін,
Бүгінде құлаш сермеген,
Жаңа заңның қуаты,
Көкірегін кернеген,
Салиханы сайлауға,
Даусымды мен берем!

ШОТА РУСТАВЕЛИГЕ

Қара күндер қартайтты,
Қартаймайтын қаламды.
Қара бақыр мыс етті,
Күннен жарық адамды,
Сондай күнді жоғалтар,
Мен аңсадым заманды.
Аңсағаным алдымда,
Көрдім ұлы данамды.
Туды бақыт жұлдызы,
Шаттық мұхит оралды.
Сонда ғана ақынның,
Жүрегі күннен шоқ алды.
Жасарып жиһан бел алды,
Өрісін үлкен кең алды,
Кавказдан тауып сені алды,
Алатаудан мені алды.
Кәрі дүние бозбала
Болмаған енді не қалды?..
Каспий, Кавказ қос отау:
Бірің терең, бірің шың.
Ұшар басың Қазыбек,
Тұғыр екен көкте күн.



Күннен ұлық ұл тапқан,
Кереметсіз дейді кім?
Дарынды ақын Шотадан,
Барлық елге тарады үн.

КАВКАЗҒА

Аңсаған көңілім серіле,
Бүгілген белім керіле,
Сапар шегіп жол тарттық,
Сүйікті Кавказ еліне.
Ағайыным, жанатым,
Жал, құйрығым, қанатым –
Грузия дана халқына,
Арнаймын сәлем шарқ ұра.
Сөзден туған данамын,
Алатаудың алабын,
Жаңғырта әнге саламын...

КАВКАЗҒА СӘЛЕМ

Ақсақал Жамбыл келед жанаттанып,
Қиялы қияға өрлеп қанаттанып,
Жазылып бүкіш белі қуаттанып,
Туған ел сәулетімен санаттанып!
Қолға алып домбырасын жаны жайнап,
Советтік дәуірінде талаптанып.
Ән шырқап шарықтаған сағатында,
Жыр арнап, шың Кавказға қанат қағып.
Ардақты ел, ер туғызған алтын бесік,
Бөленіп сенен ақын Шота да өсіп,
Ертеде тау тебіренге төккен жыры,



Еліне Қазақстан желдей есіп,
Жетті де, сазына оның қосылды ауыл
Советтік дәуірінде гуілдесіп.
Жайнаған қуанышты, нұрлы өмірде,
Грузиннің ұлы халқы күлімдесіп.

Келемін ұшып Кавказ асқарына,
Теңіздей бақыт берген астанаға.
Жайнатып, жылағанды жадыратып,
Ұшырған баулып қыранды аспанына.
Партия халықтарды достастырған,
Мейрімді кәріге де, жас балаға.
Сұңқардай түлеп ұшып тауға жаным,
Аңқыған асқарына Дағыстанның.
Ақын дос Сүлеймандай құрдасымның,
Саңқылдап ауылына жетсін әнім.
Өлген жоқ Сүлейманның отты өлеңі,
Өшіре алған жоқ ажал оның әнін.

Ащы әні өткен оның таудан, тастан,
Жырыма оның жыры кеп ұласқан,
Құлпырып Қаскелеңнің көгалындай,
Әсем ән Алатаудай шыңнан да асқан.
Жасасын советтенген сүйікті Отан,
Күндей боп ұлы Октябрь нұрын шашқан,
Құп алсын Кавказ халқы сәлемімді,
Шыңының шынар тасын сүйген аспан.

ОРЫНБОР

Ойласам ой түседі Орынборды,
Орынбор талай-талай жанды көрді.



Белгілеп көк жұлдызын жолаушылар,
Тырнадай керуен көшіп, салған жолды.

Орынбор ол кездерде қала ма еді?
Қала еді, бірақ патша қамалы еді.
Қазақ, қырғыз, өзбек пен орыстың да
Мұжығын тас-талқан ғып талап еді.

Патшаның қанды тырнақ шеңгеліне,
Шыдамай сорлы халық шерменіне.
Ел үшін ер Пугачев батыр ұлы
Аттанған күшін жинап білегіне.

Қарсы боп патша құрбан болат торға,
Ойқастап шауып тиген Орынборға.
Қан сорғыш шонжарларға шүйілгенде,
Ер Пугачев нажағай ед жуандарға.

Нөкері казак, орыс, башқұр саңлақ,
Оларды бастап Пугачев салған ойнақ.
Байларға өршелене өрт боп тиген,
Шалғысы сақалының желмен ойнап.
Зәріне жандаралдың кәрін төккен,
Әйтсе де ер арманда өліп кеткен.
Жыр қылып Пугачевтің басқан ізін,
Ардақты ақын Пушкин келіп кеткен.

ЧАПАЙ

Еділ, Жайық үстінде
Торлаған қара бұлтты
Серпу үшін күшіне
Түсіп Чапай жорытты.



Патшаның торын қыркуға,
Жандаралды құртуға,
Халық үшін жан қиып,
Түсті сыпыра жортуға.

Астына мініп ақ атты,
Қолына алды болатты.
Қылышын қанға боята,
Найзасын тасқа қайрата,
Жауының қанын жосылтып,
Тасқын судай бората,
Алғыр алмас сапысын
Күміс қыннан суырды.
Жауының алып апшысын,
Жаубүйректтей қуырды.
Орыс, қазақ, башқұрттан,
Сарбаздары жиылды.
Чапаев бастап майданға,
Ақбоз атпен тигенде,
Қыран құстай шүйілді.
Ворошиловтай беренді,
Буденный батыр өренді
Көргенде Чапай жарқылдап,
Күшіне еніп дендеді.
Партиядантмандат ап,
Жауына қылыш сермеді.
Астына мінген ақбоз ат,
Орғып өрге өрледі!

Лашын құстай саңқылдап,
Жапыра жауға тигенде,
Оңды, солды түйреді.
Еділ, Жайық суына
Жауын қойдай тоғытып,



Ор текедей орғытып,
Жауды жеңбей тынбады.
Ол майданға тигенде,
Еділ, Жайық толқыны,
Қан толқын боп тулады.

Жау түгіл, ер мүсіннен,
Ер Чапайдың күшінен,
Шошып батыр түсінген,
Күміс өзен үстінен,
Торлаған қара бұлт қашты.
Жау жеңіліп, бұлт қашып,
Көгінен күн нұр шашып,
Бақыты үшін халықтың,
Қуанған дауыс ұласты.
Жүргенде жауды жапыра,
Қайран Чапай қапыда,
Бостандық үшін талпына,
Жау қолынан оққа ұшты.
Оққа ұшып жатса да,
Түспеді қолдан қылышы.
Жайыққа Чапай ақса да,
Жоғалмады ұлы ісі.

Чапайдың қалған серігі,
Қызыл қыран көрігі.
Аспан астында аңқылдап,
Қылышы қолда жарқылдап,
Қызыл тудың астында
Ұқсап миллион тасқынға,
Жеңді жауды жұмыла.
Қаннан тамған Чапайдың
Әр тамшысы Еділге,
Алтын алап егінге,



Нұр тамшы боп төгіле,
Оған өскен әрбір дән
Жауға оқ боп көріне,
Беттей алмай енді жау,
Еділдің тамшы суына;
Чапаевтай талай ер,
Өсіп, өніп туыла,
Болаттай түскен снына,
Дұшпан қарсы келе алмайд,
Халықтың батыр ұлына.
Лениндей жарық күнімнен
Құйылды жерге шұғыла.
Тоқсан жасқа толғанда,
Туған жерін шолғанда,
Қайта туған қарт Жамбыл,
Домбыраны қолға алып,
Бұлбұлдайын толғанып,
Ер Чапайды ойға алып,
Қуана қосты жырына.

ОДАҚ

Одағым десем ойыма,
Шалқыған шалқар көл түсер.
Көк жиегі бал-кұрақ,
Көкорай шалғын жер түсер.
Сазға біткен өрімтал,
Бағында сансыз бұлбұлы,
Шырқап салған үн түсер.
Көз тартарлық жанарлы,
Көрікті көгал жамылып,
Ашық түскен күн түсер.
Айдынға бауыр төсеген.



Аққу, үйрек, қоңыр қаз,
Балапан терген жем түсер.
Шалқардың беті кілкіген,
Кіршігін сырып желпіген,
Жағымды жанның азығы –
Қоңыр екпін жел түсер.
Көркі көгал нуындай,
Кіршіксіз көлдің қуындай,
Одақ боп өскен ел түсер.
Жамбыл көрген тоқсан жыл,
Жинап келген талай сыр.
Одақтасқан күнімде,
Қол ұстасқан күнімде,
Нөсерлеген жыр түсер.
Бала күнде көргенім,
Тезек, Шәбден ордасы,
Елдік болмай езілді, –
Деген жоқ ешкім қорғашы.
Көлкіп тұрған көл болды,
Көптің аққан көз жасы.
Іле, Қапал, Талас, Шу,
Ұзын аққан жылғасы.
Жамбыл кезді жетпіс жыл,
Өзгермеді тұлғасы.
Қайда барсам белшеден,
Надандықтың қордасы.
Тақырға шыққан тарыдай,
Қосылмады ел басы.
Заманнан заман өткенде,
Жас жетпіске жеткенде,
Лениндей ер көрдім...
Қырым, Кавказ, Алатау.
Байқал, Балтық, Тайга анау.
Арасында мейірлі,



Бауырласқан ел көрдім.
Бір кеуденің жүрегі,
Бір мүдденің тілегі,
Жүз деп миллион білекке
Шақ келетін жең көрдім.
Сонда ғана мен Жамбыл,
Жүрген жері жетпіс жыл,
Кәрі көңілім жасарып,
Жайнап өскен гүл көрдім!
Сарнап, зарлап жетпеген,
Асанқайғы, Жиренше,
Ел малынған игілік,
Ен ырысты мен көрдім.
Гүл деген сөз келер ме,
Гүлді өңірге тақпаса.
Әлем жанға сенер ме,
Көрсете көзге айтпаса.
Ақын аты ақын ба,
Құрғақ сөзбен мақтаса.
Мен айтқанмен ел сенбес,
Көрерлік зат таппаса.
Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы.
Алқабы кең ойпаттың,
Суға да болмас тояры.
Одақтан білім арна ақты,
Мейірлете даланы.
Қызыл құм мен Бетпақ шөл,
Гүлден шоғын қадады.
Көрікті бүгін қаланың,
Бұл дегенім – адамы.
Білімге тұғыр Алатау –
Алтыннан ірге қалады.
Көк жұлдызын қолға ұстап,



Түймесі етіп қадады.
Осыларды мадақтап,
Жамбыл жыры сондықтан,
Көктен күнді шалады,
Күркіреп жерді жарады!
Жерге ұрмақ орнатып,
Аймаққа туған күнім бар.
Мәдениет бесігі –
Колхоз атты қырым бар.
Одағымның бір гүлі,
Құс дауысты бұлбұлы,
Күләш сынды қызым бар.
Жамбыл, Күләш жалқы емес,
Әлденеше мыңым бар.
Ән маржанын шашқандай,
Күй теңізі тасқандай,
Аялап Одақ өсірген
Мындаған қыз, ұлым бар.
Ескі өмірде көмілген,
Бүгін ашық көрінген,
Сахнадан ел көрген,
Айнаға түскен сырым бар.
Одағым бақыт ордасы,
Күнге тіккен туым бар.
Одағым маған тіл берді,
Шешен тілге жыр берді,
Бірлескен күнге арнаған,
Міне, осындай жырым бар!

ЛЕНИН

Үнің кетпес құлақтан –
Ағыны күшті бұлақтан.



Тау суындай тасқыны,
Талқандап құзды құлатқан!
Өрісі кең өрлеген,
Түбі терең мұхиттан,
Ағыны жылдам сынаптан,
Жер жүзіне тараған,
Аузына әлем қараған.
Қара қылды қақ жарып,
Жылағанды жұбатқан.
Солтүстік пен оңтүстік,
Батыс, шығыс – әлемде,
Балдан тәтті сөзіңнің,
Дәмін алған ұнатқан.
Үнің мәңгі өшпейтін,
Адамзаттың алыбы –
Батыры сенсің – Ленин!

Жанарың жанған жайдары,
Күн нұрындай жайнаған.
Мүз жүректі жылытып,
Түнекті түре айдаған.
Арамтамақ жауыздың,
Патша қанды ауыздың,
Ақылынан тандырып,
Қанды қолын байлаған.
Еңбекші халық ұлына,
Тізгін беріп қолына,
Бақытқа көшін бастаған,
Күреске күшін сайлаған.
Өсиетің – сөнбес күн,
Күш-қуаты миллион мың,
Жауға қарсы шапқанда,
Жігері қозып қайнаған.



Бастаушысы тірегі,
Ақылы сенсің – Ленин!

Мұхиттай болып шалқыған,
Әлемнен асқан кең дана,
Тұманды түріп, көк сөгіп,
Туғызған таңды, сен ғана.
Біліміңмен мың жыққан,
Нұрыңнан балқып күн шыққан,
Ақиқатқа жол сала,
Езілген елді шақырып,
Көтерген соңғы майданға,
Сезімге салып ой, сана.
Күн мен құлдар бас қосып,
Ұранға ұран ұласып,
Адамды сорған айуанға,
Аттанғанда ту ала,
Миллионның жүрегі –
Жақыны сенсің – Ленин!

Сенің жаққан жарығың,
Бастаған барлық майданда:
Адам ұлы бас қосып,
Аттанғанда арманға,
Еңбекші ұлы испанның,
Жауына ойран салғанда,
Қалың қытай солдатты,
Басты байлап өлімге,
Жауына қарсы барғанда,
Қаһармандар қарысып,
Адамзаттың дұшпаны –
Фашизммен алысып,
Жауға ойран салғанда,
Жауды алқымнан алғанда,



Фашизмнің тұтқыны
Түрмеде жатқан мың сан ер,
Сазара күтіп атар таң,
Күнде ертеңмен талғанда,
Күреске түзеп салатын,
Қуаты, күшті, жігері –
Тірегі сенсің – Ленин!

Сенің үлгі, өрнегің,
Миллиондаған жүректе.
Кең бақытқа талпынған
Санада, салтта, тілекте.
Фабрик, завод, қалада,
Колхозды, гүлді далада,
Белсенген балғын білекте.
Жер танабын қуырған,
Тау қоймасын суырған,
Адамзат асқан ерлікте,
Арыстан асқан жүректе.
Төсіне ерлер қадаған,
Ардақты алтын орденде.
Жарқыраған көкіректе,
Еңбектің, істің, бақыттың,
Өнегесі, үлгісі –
Жүрегі сенсің – Ленин!

Жолың сенің өлмейді,
Балқып шығып төкті нұр.
Күрес, тартыс ордасы
Өмірге берген шырай шыр.
Күшіңмен сенің жанады
Жайнаған оты электр.
Сәулеңмен сенің жарқырап,
Асылдар нелер төккен нұр.



Нұрыңмен сенің гүлденген
Жайқалған жеміс ой мен қыр.
Атыңа сенің үн қосып,
Ел шырқайды ән мен жыр.
Тетігі сенің қозғауың
Техника мен өнерде
Ағытқан бүгін терең сыр.
Сен орнатқан мәңгі бақ,
Біз жайлаған шаттық шақ,
Мүддесі адам сансыз жыл.
Сөзің бізге тастаған,
Мәңгі баққа бастаған,
Адамзаттың атасы,
Асқан дана ақылды,
Ұстазым сенсің – Ленин!

ТУЫСҚАН ЕЛ

Қақты қанат жаңадан
Кең даламда домбырам,
Қайта естілді ауылымда
Жамбыл жырлап салған ән.
Домбыра күйін келтіріп,
Ойға шомып толғанам.
Ойға шомып толғансам,
Көз алдымнан өтеді
Кешегі бір сұр заман.
Сұр заманда түн еді,
Ауылымның үстін торлаған.
Даласы қайғы аңыраған,
Жайлауы жайсыз қаңыраған,
Соққан жынды құйындай
Күншығыстан батысқа



Елімді жаншып қорлаған,
Өтіп еді Шыңғыс хан.
Қанға бөлеп халқымды
Малым кетті айдалған.
Әскері салып ыланды,
Ерлердің қолы байланған.
Қарындас кетіп күндікте,
Құл боп бауыр айдалған.
Шыңғысқа барып қол болған
Қорлық көрдік байлардан.
Қыстаудан көшіп шұбырып,
Айрылдық тағы жайлаудан.
Қырғыз, қазақ, өзбектер –
Жерсіз, сусыз, қоныссыз
Құтылмадық зарлаудан.
Құтылғанда Шыңғыстан,
Николай келді есіріп.
Халқымды қанға бояды,
Туған жерден көшіріп.
Отырғызып есікке,
Төрімде жатты кесіліп.
Төсенгенім мұз болды,
Шұрқ-шұрқ жамбас тесіліп,
Желім қалды кесіліп,
Көгенім қалды шешіліп.
Ұмытармын мен қалай,
Октябрьдің келгенін.
Ұлы Ленин көсемім
Өзі келіп аулыма
Жай-күйімді көргенін.
Қосарына алғанын,
Қолыма қару бергенін.
Қасарған қасқыр дұшпанды
Қайтып жерді баспастай,



Қайтып есік ашпастай,
Қирата бәрін жеңгенін.

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр.
Бірімен-бірі туысқан
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Монғол, ұйғыр, дүңгендер,
Армян, тәжік, грузин,
Орыс пенен украин –
Терезесі тең жатыр.
Алатау, Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлаққа даусы кеп жатыр.
Отанымда естимін
Алыстан жаудың дабырын.
Жауға қарсы аттанған
Қаһарлы халық дабылын.
Күншығыста ер Қытай,
Еліне тиген қасқырдың
Қақпаққа жатыр азуын.
Адуын жауға оқ жұмсап,
Көрдiң бе елдің қағуын.
Осынау соңғы майданда
Туысқан көрші елдердің
Мен де күтем өлеңмен,
Жеңіп теңдік алуын.

Арылма, өлең, арылма!
Домбырам күйден жаңылма!
Арнал жырым көсемге –
Туған менің бағыма!



Ұлы Ленин Жамбылың –
Сайран сап гүлді бағында.
Он бір орда тіккіздің
Күндей күшті заңында.
Сол ордалар ішінде
Еркін жүріп жырлаймын
Туысқан елдер шаттығын,
Жасарған қайта шағымда.

ТЫНЫҚ ДОННЫҢ ҰЛДАРЫНА

Қарасам ауыл, қырға да
Жігіт боп өскен ұл бала,
Орыс, қазақ тумалас
Жортса әзір жорға да.
Бұрынғы бір өткен кез,
Жасаған бізді ала көз.
Шекпен, шен ап патшадан,
Балпаң басқан бай мен хан
Шығарып жолдың тозаңын,
Еңіретіп елдің боздағын,
Тәлім алған қасқырдан,
Құлқынына сатылған,
Молда мен бай, атаман
Жандаралмен жандасып,
Тозаққа елді матаған,
Құлқыны кең қорқаулар
Елді қанап семірген,
Семіріп олар елірген,
Сол бір сұмырай заманда
Қаналған ер еңіреген.
Бүгінгі шуақ таңдағы,
Тынық Донның ұлдары



Жамбылға туған ұлсыңыз.
Елімнің жүйрік тұлпары
Ойнақтап тұр мінсеңіз.
Колхозды менің ауылым,
Етегінде тауының
Жылқыларын түлетті,
Жігіттері жүректі,
Қуанды қарт Жамбыл,
Ойнап-күліп жүрсеңіз.
Тынық Донның ұлдары
Талшыбықтай өрілген,
Жан-тәнімен жүрегі
Партияға берілген.
Жарқырап туған елі үшін
Аямайды жанын да.
Өзінің туған жері үшін
Қияды қасық қанын да.
Ұлы Отанның таңы үшін,
Ұлы халық бағы үшін,
Ауыл үшін, қала үшін,
Завод үшін, дала үшін,
Шалқып аққан Дон үшін,
Партия үшін, халық үшін,
Халқының достық даңқы үшін,
Керек болса қанын да,
Аямайды жанын да.

Тынық Донның ұлдары,
Қылыштары қайраулы,
Қасқыр шапса қиядан,
Сендер ұшқан ұядан –
Бүркіттейін шүйіліп,
Ақ қылышты үйіріп,
Ат қойындар түйіліп,



Жау қирасын қиылып!
Аттан! – деген дауысын
Қолбасшының есіткен
Сағатында-ақ Қастектен
Жамбыл әзір жүруге,
Жүйрігіне мінуге.
Жамбыл мініп атына,
Қарамай кәрі, жасына,
Немересін, ұлдарын
Ертіп алып қасына,
Жорыққа дайын келуге.
Аттан! – деген дауысын
Қолбасшының есіткен,
Сағатында-ақ Қастектен
Тізе бүкпей жорытып,
Айбынды қызыл әскерін
Қасына Жамбыл ертіп
Алатаудың дөңінен,
Айдын Балқаш көлінен,
Колхоздан, қырдан, Ертістен,
Алтайдан, Каспий шенінен,
Әулие-ата өрінен,
Қостанайдың белінен
Жігіттерін ерітіп
Мылтық оқтап, жортақтап,
Домбыра тартып шалқақтап,
Жамбыл жетед бас болып,
Шалқыған әнмен серілтіп,
Мен келгенде бас болып,
Келемін шалқып жас болып,
Ұлы Отанның таңы үшін,
Ұлы халық бағы үшін,
Партия үшін, халық үшін,
Халқының достық даңқы үшін,



Жер үшін, туған қала үшін,
Құлпырған Қазақстанда
Шалқыған алтын дала үшін
Мен келгенде, келемін
Бақытты біздің ел үшін,
Алтын Тынық Дон үшін!
Донда туған ұл үшін!

ӨМІР ЖЫРЫ

Өшпейді халық жыры, қартаймайды,
Өшед деп оны ешкім де айталмайды.
Халықтың жүрегiнiң түкпiрiнен
Төгiлген күй – шын жорға тайпалмайды.
Алтындай ел iшiнде сақталынған
Сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды...

Еске алсам ертегiдей ертенi өткен,
Талай жан жүрегiнiң жырын төккен.
Еңiреп ен даладан бақыт iздеп,
Таба алмай Асанқайғы аңсап өткен.
Құландай тақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен.
Еске алсам аңсағанда ескiдегi,
Ертеде қиял ненi көксемедi!
Кiлемге отырып ап, көк сайрандап,
Сұңқарша ұшуды да көксеп едi.
Ол кезде патша мен хан зынданының,
Тұншыққан жырды бар ма ед ескергенi?
Есiмде ескi ертегi аңыз қылған,
Ұлы өмiр жыланына шағылдырған.
Үскiрiк есiп тағдыр қара желi,
Өкпемдi қарып аяз қабындырған.



Жамбылдың жыр төгілген тілін байлап,
Үніне туған елін сағындырған.
Мен ұзақ өмір сүрдім, көпті көрдім,
Көргенді ойға түйдім, ойлай жүрдім.
Құзынан таудың биік шыңға өрлеген
Есіттім жырын ақын Шота ердің.
Кавказдың шыңыменен шендескендей,
Құлағым шалды иесін шерлі жырдың.

Жайнаған Грузиннің жас ұлына,
Көз түсті тауда жортқан асылына.
Түнерген тау басына тұмандайын
Ізіндей я жолбарыс жасырына.
Шотаның шырқап салған жыры арналған,
Келешек жас өспірім ғасырына.
Ысқырып өрмелеген тау мен тастан,
Мен көргем абжыланды сұры қашқан.
Жүректің оттан ыстық тәтті жырын
Өршігіп сөндіруге тасқын тасқан.
Жортқан жолбарыстай ақын Шота
Халқына тәтті жырын алып ұшқан.
Жайлаған жылан-шаян тау құлады,
Патша өлді, еркін ақты тау бұлағы.
Құйылған бұлақтайын халық жыры
Маржандай таудан шашқан саңғырады.
Ақынның жүрегінен шыққан өлең
Шарықтап ұшты ұқсап тау қыраны.

Жүз жылдап, жарық көрмей ой қиялы,
Жүрген кез есімде еді ойға оралды.
Даланың шөбі қурап ыстық күнге,
Жатқан шақ шұбап жолсыз керуені.
Ашығып, азып-тозып жол шеккенде,



Бораған алды-артынан ақ бораны.
Кімдердің өшпеді ол кез сағы сынып,
Кім өсіп еді ол кез, кімдер күліп.
Қоқырап жалсыз, қомсыз түйе үстінде
Таңылып Тарас ақын ойға ұйып,
Езілген даладағы елді көрген
Самұрық екі басты жатқан бүріп.

Тараспен батқам мен де бірге мұңға,
Түйеге бірге мініп жүргем құмда.
Менің де, оның-дағы жырларымыз
Ол кезде жоғалған ед сіңіп құмға.
Жырымен тау жаңғыртып Пушкин де өткен,
Жүрегі жараланған ақын тұлға.
Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай.
Тамсанта Онегин мен Татьяна
Алабын Алатаудың әнге орай.
Туысқан халқыменен құшақтасқан,
Біледі Қазақстан туғанындай.

Жылдан жыл өтті ақын қиялындай,
Жамбыл қарт жырын таудың бұлағындай
Құюмен келе жатыр, туған елін
Аралап жаны шолпан шырағындай.
Қайрылмай ханнан өтіп, – таңға жетіп
Кавказдың шарықтады қыранындай.
Күреске шақырмаған ақын ба ақын,
Ақын болса халыққа болсын жақын!
Жырласын ақын болса халық жырын,
Біздің даңқ Кремльдей болсын жарқын.
Нұр алып Кремльден гүлденген жыр
Жырлаған көсем сүйген ұлы халқын.



Шота мен Абай, Тарас, Пушкин де өткен,
Халыққа құлаш жайып жыры жеткен.
Көксеген туған елдің күні Ленин
Ұрығын шын бақыттың халыққа екен.
Жиһандық планеттің ол ақыны,
Жамбылдың ұлы әкесі нұрын төккен.



1938







ҰЛДАРЫМ МЕНІҢ КОММУНИСТ

Екінші өмір – ғасырды,
Көргенде жаңа асылды,
Үндемей қалай тұрайын,
Жырламай қалай тұрайын?
Ұлдарым менің коммунист,
Немерелерім комсомол,
Шөберелерім пионер,
Қуанып соған Жамбылы,
Шебер сөздің даңғылы,
Кәрі жаны жасарған,
Құлшына қайта жасалған,
Қоздатып жырды құя бер!
Бұл Жамбылдың көздері
Көз ұшынан көреген,
Бұл Жамбылдың жүрегі
Жеңілмес күшті өлімнен.
Бұл Жамбылдың жырлары
Жүйрігірек желіңнен.
Бұл Жамбылдың жаны жас
Жарығырақ көгіңнен.
Қалған емес өрлеген
Ойым менің өмірден.
– «Ертте атымды!» – дедім мен, –
Немере, шөберелеріме.
Жарқылдасын үзеңгім,
Жүретін жерім өз елім.
Көз салайын жеріме,
Жердің гүлді көгіне,
Аралайын, барайын
Жерімнің таулы, өріне.
Бұлақ аққан бауырынан,
Қыран ұшқан тауынан,



Көрейін, – дедім, барайын
Сталин туған жеріне.
Ұландар атты ерттеді,
– Шексең сапар, шек, – деді.
Шығарып салып балаларым,
Мақсатыңа жет, – деді!
Жүрдім жолдың жонымен,
Чапаевтың майданға
Шапқан шалқар жерімен.
Көрдім таудай толқынын
Өткенде Каспий шенінен.
Щорс батыр шарлаған,
Днепр толқып тулаған,
Шалқып жатқан бақ көрдім,
Украина жерінен.
Көрдім сұлу Еділді,
Еділдей еркін елімді,
Ертегідей елдегі
Көрікті, биік өрімді
Шалқып жатқан елдегі.
Жырлағанда көргенді
Қайтер еді теңесем
Күміс айдың нұрымен.
Қайтер еді теңесем
Көктің сұлу күнімен!
Бірақ көктің сұлуы,
Сұлу емес елімнен.
Осы өленді, жырымды
Саған айтам, Сталин!
Тап өзінді жаныма
Балап айтам Сталин!
Көрдім туған үйінді,
Үйінде тұрған күйінді,
Май шам, шағын терезе,
Жұпыны жиһаз, бұйымды,



Жез самаурын, тас табак
Саздан соққан секілді.
Көрдім кестелі орамал
Сұрткен талай бетінді.
Кішкене үйдің үстінде
Көрдім аспан аяңды,
Қыран ұшып, қаз қонған
Таулы, тасты далаңды.
Жерге бақыт бақ беріп,
Бізге нұрлы шақ беріп,
Көк күніндей нұрланған,
Халық қамын ойлаған,
Ғасырға ұлын сайлаған
Балқып ыстық қаныммен
Сүйгім келді жаныммен,
Мейрімді сенің анаңды!
Жас ұрпақтар білесіз
Бұрынғы өткен заманды.
Бөлтірігі бөрінің
Қозыға шапқан заманды.
Аспан жерге айналып,
Ыстық болған заманды.
Боранда малға жұт келіп,
Қастық қылған заманды.
Қара қарға қарқылдап,
Қан жалаған заманды.
Табанында патшаның
Езіліп халық қақсаумен
Зар жылаған заманды.
Сол кездерде тұзақтың,
Торында жүріп мазақтың,
Қорлығына шыдамай,
Батырлар шыққан бір талай
Даласынан қазақтың.
Оқысаң жырды – толғауды,



Толғауда ер боп жырланды
Исатай мен Махамбет
Олар халық батыры.
Онан соң шыққан толғанып
Амангелді Иманов.
Қарсы тұрды би, болысқа
Бүкіл халық жиналып.
Соның бәрі жауыздың
Сұм өмірдің қасы еді.
Соның бәрі езілген
Халықтың ғана досы еді.
Сол батырдың бәрінің,
Халықтың, жастың, кәрінің
Тілегін халық ерінің,
Тілегін халық жерінің,
Тілегін тау, құзының,
Тілегін ұлы, қызының,
Тілегін ауа, даланың,
Тілегін мейрімді ананың,
Тілегін әке, ағаның,
Тілегін сәби баланың,
Тілегін ақын, дананың
Жиып, түйіп бір жерге,
Біліп, көріп біздерге
Құрып мықты штабын,
Құйып нұрлы нұсқауын
Берген ұлы Ленин.
Компартия – нұр көзім,
Саған айтар бұл сөзім.
Сен езілген халықтың,
Шырағысың жарықтың,
Аға менен баланың,
Ата менен ананың,
Шырадай аштың сен көзін.
Шөліркеген даланың



Сусынын сен қанғыздың.
Даланың айдын алабын
Көл ғып бұлақ ағыздың.
Жерге қызыл бақша егіп,
Қырдан шешек жарғыздың.
Халықтың даңқын, достығын
Жер шарына барғыздың.
Бақыт беріп, бақ беріп,
Еңбектен өрнек салғыздың.
Тілегі сенде халықтың,
Жүрегі сенде халықтың,
Өмірден нәубет жауғыздың.
Жадыратып Жамбылдың
Жүз жасаған жүрегін,
Жасартып қайта соққыздың,
Жырын көкке жеткіздің,
Бұлақтайын төккіздің;
Жүрегім, жырым өлгенше
Сенікі, жаным сөнгенше.
Өйткені дана партиям
Жалқау тартқан жаныма
Өмірдің нұрын еккіздің!

ҚАЙТА КЕЛГЕН ЖАСТЫҚ

Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты,
Тоқсаннан әрі кетіп, жүзге де асты.
Шебер сөз, асыл меруерт, шаттық күйі,
Жамбылдан енді, сірә, құтылмасты.

Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,
Кез болды енді оған алтын заман!
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,
Тарихтың домбырасын қолыма алам!



Қатардан шал болсам да қалғаным жоқ,
Досқа күй, дұшпаныма өлеңім оқ!
Жасартқан советтік дәуірінде,
Қарт жырау – енді сенің арманың жоқ!

Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі, –
Гауһардай нұрын төккен екі көзі.
Тоқсанда қайтып алып жиырма бесті,
Жасарып қарт бабаңның тұрған кезі!

Жиырма бес маған тағы қайтып келді,
Сәлемін алтын күннен айтып келді.
Қалайша жыр төкпесін, ән соқпасын,
Шаттықтан нөсер төккен дәуірде енді!

Па, шіркін! Қайтып келді маған жастық,
Дәуірде өрге өрлеп гулеп-тастық.
Кавказдан, Алатаудан ағындатып,
Шаттықтың бұлағының кілтін аштық!

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ

Атымды менің ерттендер,
Қыдырып қырға шығайын.
Тілге бір келсе жер мен жел,
Өңгіме дүкен құрайын.
Аяз қарып бетімді,
Ширатсын біраз етімді.
Көңілім де біраз сергісін,
Жүзіме қызыл өң кірсін,
Қиырды көзбен шолайын.
Қиялым тағы өрбісін,
Қолыма қайта шақырып,
Қондырғандай болайын



Қайран жастық он бесін.
Кірсіз аппақ шағала,
Наурыздағы далаға
Көз жіберіп қарасам,
Көңілімді жетелеп,
Бала күндей тербесін.
Аппақ торғын шапанды
Шетсіз далам шіренген.
Қарт Алатау қашанғы
Басы көкке тірелген.
Көміп жатыр қалың қар
Ескі киім жолдардан,
Талай қалың қолдардың
Заман-заман үдерген.
Ақ шапанды кең далам,
Сүйкімдісің сен маған.
Жай-күйіңді білем мен,
Не күндердің сілемі,
Қар астында міне енді.
Тек есіме аламын
Өткізген сенің басыңнан
Ертедегі өміріңді.
Көзім көріп тұрғандай
Тұнжырайды қабағым.
Хан, патшаның тұсында
Халық түскен қысымға,
Қара бұлттай қалың қол
Жорық тартып өлкеңде,
Сайларда ағып қаннан сел,
Өлікке толған әр төбе,
Ұмытқан жоқ біледі ел,
Шыңғыс пенен Темірдей
Қара күннің хандарын.
Бақыты үшін өзінің
Жорық ашып жол тартып,



Қалың елді қиратып,
Басып-жаншып өмірдей
Кене де өтті бұл жерден.
Білем жолын бұлардың
Қырғын, аштық, қайғы, мұң!
Қараған ба ед обалға!
Ұмытқам жоқ мұны мен.
Домбыраның тілінен
Қарғыс айтқан соларға
Әлі күнге шығады үн.
Естімейді оны жер,
Жым-жырт, қарлы не білер.
Қайдағыны ойға сап,
Қиялды тек өргізер.
Қырға шықсам ой тербеп,
Жел де сөйлеп шуылдар.
Заман сырын өткен көп,
Құлағыма сыбырлар:
Патшада құрал көп еді,
Халықта қару жоқ еді.
Қазақ, тәжік, өзбек,
Тау, далалы жері көп,
Билеп-төстеп жетімдер,
Патша қолы кеп еді.
Ел жүрегі түршікті,
Қызыл қанға боялып,
Талауратып күн шықты.
Күңіренді қан дала,
Қайғы, зарлы үн шықты.
Жайлау қурап, көл құрып,
Қалың халық тұншықты.
Тарылды жұрттың заманы,
Сақараға тізілді,
Патшаның темір қамалы.
Ұлық, төре, бай, манап



Патша жақты паналап,
Елді бірге талады.
Қол, аяқты кісендеп,
Абақтыға қамады.
Сорлы құлақ есітті
Күңіренген даланы.
Азап көрген зар дауыс
Жүрегімді қажады.
Хан мен сұлтан, бай мен бек
Патшаларға телмендеп,
Табандарын жалады.
Қайда жүрсе бөрілер
Бірін-бірі табады.
– Уа, кең дала, кең дала,
Сан ұмтылдың сен жана.
Қолға құрал алуға,
Зұлымдарға шабуға,
Қолда шоқпар, құр бақан,
Құрал ма сол құр қоқан.
Исатай мен Махамбет,
Есімде әлі ер Бекет.
Ел бастаған батырлар
Қолда сойыл, құр келдек.
Шыдатсын ба зеңбірек,
Патша қолы пәрменді,
Оқ боратты не керек.
Жоса қылып салды енді,
Байлар матап алды ерді,
Жаттың жапан әлсіреп.
Қырға шықсам ән салар,
Не заманды еске алар.
Ел егеске бел байлап,
Жеңеміз деп айқайлап,
Күнді көрдім жар салған.
Халыққа жолды нұсқады,



Ел бастаған көсемім
Берді қуат күш маған.
– Қозғал, – деді майданға,
Көздеріңді аш, белің жаз
Құрал ұста, қорықпа,
Жауыңа аттан, майдан аш!
Әділет, бақыт, жер мен су
Алу үшін белің бу! –
Жер мен көкте жаңғырды
Большевиктер ұраны.
Озбырды естен тандырды
Күшті қолдар құралы.
Қол бастады күн көсем.
Құрал алды әйелдер,
Атқа мінді «күл-құтан»,
Жоса болды бай, сұлтан.
Кілең батыр соңында,
Қызыл туы қолында
Қол бастады данышпан,
Ұмытпаймын мен мұны
Жарқырады күн нұры.
Айықты әбден, түн тұман.
Енді аралап даланы,
Көзді алысқа жіберсем,
Елестейді талайғы
Есіме енді түсірсем,
Қайта жасап заманды,
Қол бастады күн көсем.
Түнектерде, түндерде,
Не жолсызда жүргенде
Болды жұрттың шырағы.
Қамалған жұртты тар жолда
Не қиыннан шығарды.
Патшалардың қоймасын,
Талқан қылып әрқайсын



Берді жұртқа құралды.
Кемеліне келді жұрт,
Мешеу күндер болды ұмыт.
Қаһарман менің халықым
Күшті, ерікті сезді өзін,
Қолда билік, бақ пен құт –
Ел қарулы мәңгілік
Жаутаңдау жоқ, әркімге.
Қару – бақыт күзеті,
Оны ұстаған қызыл ер,
Бейбітшілік сүйеді.
Күші құрыш біздің ел
Осындай шат күнімде,
Қар оранған дүние,
Жерімді шарлап кеземін.
Көңіл құсы қырланып,
Екі бетім нұрланып,
Өзімді еркін сеземін.
Шекараны бағып тұр
Ылғи батыр, көзелім.
Көздерімен шалып тұр
Шексіз жатқан даланы,
Тау менен сай-саланы,
Қалың орман, ну жыныс
Ертіс, Іле өзенін,
Колхозды ауыл, қаланы,
Қырау басқан бұтаны,
Қар қымтаған жотаны,
Қала толған сағаны,
Оқып, ойнап шулаған
Мынау бала-шағаны.
Байтақ жатқан өз елім,
Осыны шолып, ой толғап,
Қырды аралап келемін.
Ворошилов батырым,



Қалаулы ұлы халқымның,
Тойда өлеңді дамытып,
Жан-жағымды жаңғыртып,
Құттықтайын деп едім.
Батырым, маршал, ер ұлым,
Сүйіктісі елімнің,
Ленин ерге ілестің,
Алып ақыл, көмегін.
Қиын күнде қол бастап,
Жауды қырдың ойқастап,
Сан жеңіске жеткіздің!
Елді сүйеп, демедің,
Сен бастаған өренім
Күнде арттырды өнерін.
Елің киді болат тон,
Шекарасы болаттан
Берік сертің еліңе:
«Қасиетті жеріме
Ешбір жауды жолатпан!»
Деп уәде бергенің.

СӘЛЕМ БҮКІЛ ХАЛЫҚТАН

Көңіл көкке шарықтап,
Қуанбасқа немене.
Құйғандай қуат сергіді
Тоқсандағы денеме.
Сақшы ерлердің салтанат
Тойында жырым жебеле,
Жыр қырманын төбеле,
Үлестір жұртқа, себеле.
Қуанышқа жырыңды айт,
Қызыл қыран еріңді айт,
Ерді айтпасаң жырыңның



Ажары, сірә, келе ме?
Олай болса ой тербет,
Жорғаласын тіл – Жамбыл.
Жел жетпес жүйрік домбыраң
Бабын келтір, мін, Жамбыл.
Сандуғашы советтің
Қастерлеп баққан – дүр Жамбыл.
Бала ойнағы төбе едің,
Төменнен төмен сен едің,
Күн астынан көрінген
Болдың бүгін шың – Жамбыл.
Тоқсаннан асып тыңайған,
Қайраты тоқсан бұл – Жамбыл.
Бұлақтың көзін издесең,
Ырыс берген кім десең,
Түбі терең тұңғиық,
Төгілмес неге сыр – Жамбыл.
Тоғыз ақын қоршалап
Отырса Жамбыл төрінде,
Тоқсан бірде қол жетсе
Ойға түспес өмірге.
Ширыққан жібек шешіліп,
Жазылған жүйрік көсіліп
Ағызатын күн болды.
Арынды жырды менің де,
Айтып тілім жетпейтін,
Асқардай басып өтпейтін,
Қастерлі қалың қасиет
Толып жатыр елімде.
Ұйытқы соған Ленин,
Лениннің шәкірті:
Фрунзе, Клим, Чапаев
Айбынды туған арыстан.
Шабакқа шапқан наһандай
Тереңде жауын қағысқан.



Елді шауып ақ, манап,
Алашорда қан жалап,
Хан, патша езген халықты.
Тағы ұстауға ноқталап,
Арпалысқан кезінде
Ерлерім жауға шабысқан.
Жалынды туы желбіреп,
Қорғауға елін шығысқан.
Қызыл әскер ұлыма,
Оның жиырма жылына,
Ворошилов батырға,
Жас өспірім баладан,
Ата менен анадан,
Жырмен сәлем ақыннан!
Сәлем бүкіл халықтан!...

ӨНЕРДІҢ ӨСУІ

Неге шықсын домбыра,
Жаңадан ішек тақпаса.
Таққанынан не пайда,
Бабыменен қақпаса.
Құр қағудан не пайда,
Ән менен күй таппаса.
Құйқылжыған құс әуез,
Қосылып соған айтпаса.
Көркем өнер – жас бөбек,
Сүйкімді болмас бақпаса.
Тортасын алған бал қаймақ,
Бойына сылау жақпаса.
Үлпілдеген қызыл шоқ,
Басына үкі тақпаса.
Бөбектер келер өсімтал,
Еркелетіп мақтаса.
Жамбылдың аты ақын ба,



Жылғадай жыры ақпаса?!
Ақын деген бір бұлақ –
Көмілер көзін ашпаса.
Көзін ашар көпшілік,
Сүйсіне тыңдап қоштаса.
Алтын сөз де ас болмас,
Елеусіз жерге тастаса.
Ер қадірін ер баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер соққан
Зергер білер деген сөз.
Өмір барда ескірмес,
Бағасы құнды өрен сөз.
Алтын ірге ел барда!

ҚҰРТ КӨЗІН

Бақытты халық, сөз тыңда,
Бақасқан жау әлі көп.
Түнге үйренген жарқанат,
Күннің оған сәні жоқ.
Қорегі нәжіс қорқауға,
Піскен астың дәмі жоқ.
Улы тілді жыланға
Жан жақпайды, зәрі жоқ.
Адамнан күтпе жақсылық
Елге жылы қаны жоқ.
Ұяты жоқ, ары жоқ,
Жан қадірін білер ме,
Денесінде жаны жоқ.
Жаны жоқ дене сасыса,
Жұкпалы індет еліңе,
Көмгеннен басқа емі жоқ.
Қасаң теспес қол тесер,
Біз ұстасаң сабы жоқ.



Ондай істен мүлт кету,
Өскен елге мәні жоқ.
Күнге не деп көрінер,
Күн сүймейтін қара бет.
Итке оны теңесең,
Ит жеркенер, – жала, – деп.
Жыланға оны теңесең,
Демес пе еді әрі әкет.
Ұқсасы жоқ әлемде,
Бұл не деген пәлекет!
Әлем көркі асылды,
Жоюға еткен әрекет.
Адам атын білмейтін,
Әлпеті жаман бір індет.
Куйбышевтей көсемді,
Горький сынды шешенді
Әлем сүйген керемет
Шамшырақты өшіріп,
Өміріне қол сұғып,
Жүргендерден не үміт!
Мен тілеймін қалың ел,
Ел өкілі мен Жамбыл,
Жоғалт көзін ылаңның,
Қойма жерде, бір минут!
Өскен елдің ұлдары,
Жеңімпаз ер бала бол.
Бақытты елдің қамқоры,
Елдің қамын ойлайтын,
Сталиндей сара бол!
Қалтыратқан қас жауын,
Климше елге пана бол!
Жау жолатпас қырағы,
Елдің жанған шырағы.
Білімір, тапқыр ер жүрек
Сынды дана бол!



ҰЛДАРЫМ – ПАПАНИНШІЛЕРГЕ

Ақ басты Алатаудың Жамбылымын,
Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын.
Көктемдей, қызғалдақтай қызық заман,
Қайта туып жасарған балғынымын.

Ырысты қалың халқым – гүлім менің,
Гүлімнің қызғалдағы жырым менің.
Теңіздей тасқындаған зор қуаныш,
Ойымды тербеткендей бүгін менің.

Бейнесін төрт заманның өзім көрдім,
Заманның онан арғы сөзін көрдім.
Қалмақ хан, Тезек төре, Құдияр хан,
Ұсқынын Николайдың көзбен көрдім.

Мен қашан айтам десем жыр таппадым,
Келмеді тапсам жырды сыр сақтағым.
Қоқанның жалаң қабат шапанындай,
Жырымның ұнатпаушы ем құрғақтарың.

Жыр таптым, кісі менен іс таппадым,
Іс дерлік ауызға алар күш таппадым.
Сондықтан, «ағаш ерге – жіп құйысқан»,
Жыр таптым, мақпал құндыз еш таппадым.

Тоқсаннан асты жасым, жүзге келдім,
Табылды арман етіп іздегенім.
Ел көрдім, ел бастаған ер де көрдім,
Кезімде олақ тартқан сөзге менің.

Ер көрсең сөзге сияр асырып айт,
Теңіздей толқындаған тасынып айт.
Шоқтығы көтерілсін сүйген достың
Пітірін дұшпанының қашырып айт.



Жырыңды досың болса күлдіріп айт,
Жау болса, жау тигендей бүлдіріп айт.
Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал,
Дәл тиген ақ берендей жұлдырып айт!

Олай болса, қарт жырау, Жамбыл баба,
Жерінде жайраң қаққан елге қара.
Қосылып омыртқасы өзенге өзен,
Қосақтай қосылысқан көлге қара!

Теңіздей ел талабы шалқып жатқан,
Үмітті ұшқыр қиял болашақтан.
Ұлына мен мақтанбай кім мақтанар,
Іспенен ел қиялын орындатқан.

Аз емес атақты ұлым, әлденеше,
Қиялдан асып туған тоқсан есе!
«Тәңірдің» бермес бағын тартып алған,
Жамбылмын, жер қожасы, мен ендеше!

Ұлым бар құрыш мініп, көкті өрлеген,
Күнге асып, ай мен жұлдыз қалған төмен.
Күніне жұмыр жерді жеті айналса,
Жетуге болжалында күші келген.

Тұмсығы жұмыр жердің қатқан мұзы,
Тылсым боп өмір бақи жатқан құзы.
Тылсымның ашып жарық ашты сырын,
Елімнің алып туған ұлы-қызы.

Сүйікті партиядай шын данама!
Тоғыз ай мұз төсенген төрт балама,
Папанин, мұзды тілген ер Шмидтім,
Бұл сөзді арнап жаздым сізге ғана!

Рүстем, аты шыққан Әлінің де,
Мақтаны кісі өлтіру бәрінің де.



Қатесін құдіреттің қайта соққан,
Көріп пе ең ер естіріп дерлі күнге.

Ертеkte көкте болып кілем көлік,
(...оқылмайды) Құдайды атқан құсқа мініп.
Таулардан отты, мұзды өтіпті мыс,
Үйреніп сиқыршыдан дуа үшкіріп.

Майдан аш, қанды майдан тиылсын деп,
Майдан аш, елге бақыт құйылсын деп.
Майдан аш өлім құртып, өмір үшін,
Майдан аш жауыз дүние түңілісін деп.

Майдан аш, қанау түрлі үзілісін деп,
Майдан аш, елге еркіндік берілісін деп.
Майдан аш, мұзды, құзды жолым жерге,
Ерікті Кеңес туы тігілісін деп.

КҮН НҰРЫ

Пернеге бауыр басқан кәрі бармақ,
Арынын домбыраның шыңға самғат.
Ақтарып Жетісудың тасқынындай,
Ал, ағыт, өлеңіңді Горькийге арнап!

Ежелден менің жырым елге арналған,
Жүрегімді ел сырымен, мен жалғағам.
Елімнің жаны сүйген ұлдарына –
Жамбылда сөз қалсын ба арналмаған!

Сондықтан, домбырамды аламын да,
Кетемін асқар ойдың алабына.
Ағыт деп, асыл сөздің қазынасын,
Сөйлесем домбырама – қаламыма.



Бұл Жамбыл талай-талай жыр шығарды,
Тоқсан жыл тоқығанын түгел қазды.
Лениндей көсемімнің сүйген досы,
Жырлаймын бүгін Горький дауылпазды.

Жырлайды Горькийді айтып елдің бәрі,
Жаттаймыз оның жырын жас пен кәрі.
Үйренген дауылпаздың өнегесін,
Сұңқардай көкті кезді балалары.

Уа, Горький, асқан терең, ел ғалымы,
Асқар ой, дария ақыл, сөз даңғылы.
Асылдың қылауындай әр сөзіңді
Халықтың қадірлейді қарт Жамбылы.

Ер сүйдің, еңбек сүйдің, елді сүйдің,
Қуандың ел қуанса, бірге күлдің.
Сұңқардай сорғаладың қаһар шашып,
Жауларға, зұлымдыққа оқша тидің.

Уа, Горький, халық ырысы күнді сүйдің,
Халық үшін қайрат төктің, жандың-күйдің.
Қалайша жаудың саған өшіккенін
Түсіндім түгел бәрін түйдім-түйдім.

Уа, Горький, мәңгі өлмейтін шынды сүйдің,
Достықты, махаббатты сүйдің шүйгін.
Осыны өз қолымен жасап берген
Лениндей асқан дана ұлды сүйдің.

Қорғадың Лениннің ұлы туын,
Қаһарлы қаламыңмен жауды қудың.
Қастасқан қара жүрек сұр жыландар,
Қапыста зәрлі тістің тигізді уын.



Уа, Горький ардақтадың әділетті,
Барша адам сүйді оны адал ниетті,
Қас қылған өміріңе жау нәлетті
Кәрленіп құрыш халық талқан етті.

Елімде Ленин тірі, Горький тірі,
Жүрегі елімізге күндей жылы.
Жаулардан елді, жерді тазартамыз,
Қалады қалыбында күннің нұры!

КУЙБЫШЕВКЕ

Лениндік партияның адал ұлы,
Жүрекке сары майдай тиген жылы.
Жаннатын жер үстінің қолдан соққан
Бақытты, ырыс құйған елдің ұлы.

Шын ұлдың сарқылу жоқ өмірінде,
Бейнесі байтақ елдің көңілінде.
Төрт жағын шыңнан қалап, тең боп тұрған,
Өлімнен хақы бар ма жеңілуге.

Өлмейді, өлмек емес ел сүйген ұл,
Алпыс ұлт бәрі бірдей тең сүйген ұл.
Сүйікті адал ұлым Куйбышевке
Елжіреп, жүрек майдай сүйсінген ұл.

Күн нұрын ел басына түсірген ұл,
Жауымен улы-азулы алысқан ұл,
Достықтың бірлік пенен ұйытқысы
Большевик ел басқарған данышпан ұл.

Партияның жолына берік ұлым,
Тарихтың иранбақтай көрігі ұлым.



Жайнаған байтақ Отан бақшасына,
Еңбегің жарқыраған сенің ұлым.

Аударған жер қыртысын тракторым,
Өрмектей өре салған өнер-білім.
Самолет аспанға ұшса, жерде поезд
Автобус желден жүйрік пырақ міндім.

Құлпырған қызғалдақты Алатауым,
Бақытты колхоз атты жаңа қауым,
Әлемнің ең алыбы әскер күшім
Ұшырған күлін көкке келген жаудың.

Өмірің осы сенің өрістенген,
Өрігің осы сенің жемістеген,
Саладай сан жыл ақса сарқылмайтын
Елің бар социалистік Отан деген.

Қол салған өміріңе улы тырнақ,
Қурайдай түбін жұлған қалды қурап,
Ұлы Отанға арналған Жамбыл жыры
Күнде өсер елмен бірге шыңға шарлап.

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЖЫР

Бәріңде аманбысың жалпы халқым,
Орденді үстеріңе келді қартың.
Лениннің заңыменен тура жүрсен
Іздемей, қолдарыңа келеді алтын.

Қарт та болсам ескерді еңбегімді,
Жер мен көктің ішіне кетті даңқым.
Жассыңдар талпыныңдар талап етіп
Айтылған бұл сөзімнің білсең парқын.



Еңбек қымбат дүниеде, еңбек ұлық,
Ерінбей ұмтылындар ерте тұрып,
Қандырып суғарыңдар егініңді
Қоймастан арам шөбін тастап жұлып.

Алыңдар машинаңды ремонттап,
Шабысқа сайманыңды қой реттеп,
Атқарғын науқаныңды мәментінде
Бітпейтін жұмыс бар ма қылсаң көптеп.

Бақытты колхозшылар ұйымдастың
Көп табысқа жетісіп алға бастың.
Лениндік партияның арқасында
Байлық пен рақатқа ұшырастың.

Жауыздар қойып па еді зар еңіретпей,
Зар жылап жер мен суға жүрдік жетпей,
Қожа ғып жер мен суға ерік берді,
Жетер ме ең бұл байлыққа еңбек етпей?

Насиқат үгітіме көңіл бөлгін,
Отаншыл түлектері еңбекші елдің.
Көрдіндер орден алған азаматты
Емшегін идірген соң қара жердің.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ ЖЫР

Ғасырға айғақ кәрі мен,
Алдымда ғасыр жасаған
Сөз есіттім кәріден:
«Дуадақ болдым суы жоқ,
Аққу болдым көлі жоқ,
Сыбызғы болдым үні жоқ,
Асыл болдым құны жоқ»



Дейтін бұрын кәрілер.
Тұяғы болат тұлпардай,
Қанаты құрыш сұңқардай,
Көрікті келді көкорай,
Айдында жүзген ақкудай
Бал дариядан су ішіп,
Қуат алған дәмінен
Тұңғыш келген кәрі мен.
Шынардан биік шыбығым,
Заманның көрдім тұнығын,
Өмірдің шашқан ұрығын
Армансыз жанның бірі мен,
Заманым да жоғары,
Адамым да жоғары
Бұрынғы өткен кәріден
Асып тудым бәрінен.

БЕСІК ЖЫРЫ

Ұйықтасын деп бөбегін,
Домбыраның қос ішегін
Жамбыл бабаң қағады,
Қаққан сайын өлеңі
Бұлақтайын ағады.
Қағады Жамбыл қос ішегін
Өсуің үшін, өсуің.
Ұйықтасын деп бөбегің,
Тербелсін деп бесігің,
Көкте де жұлдыз ұйықтады,
Жайлауда жусап мал-дағы.
Мамық жүнді жас ылақан,
Ұйықтап қырда ботақан,
Алтын жалды құлыншақ,
Жұмып көзін бұзауқан,



Сида сирақ қошақан –
Төлдің бәрі ұйықтады,
Ұйықта сен де балақан!
Шегіртке ұйықтап шөбінде,
Бақа жусап көлінде,
Қалғып құрақ өзенде,
Балық тағы ұйықтады
Аудария түбінде...
Ұйықта, сәулем, бөбегім,
Болды сенің дегенің.
Тәрбиесін беріп тұр,
Отаныңның сүйікті
Бөбегінің бірісің –
Бәрінен де сен сұлу,
Бәрінен де ер сұлу,
Біздің жердің құлпырған
Жас өспірім ерісің!..
Балалық жастық шағынды,
Өсірді елің дарынды.
Еліңменен бір көрдің
Жарқыраған бағыңды.
Бақ жұлдызы жайнатты
Жас бөбегім жаныңды.
Өмірің кең шалқыған,
Жолың ашық аңдаған,
Сен үшін бақша бұлбұлы
Сұлу әнін сайраған.
Сайдың сұлу гүлдері
Сенің үшін сары алтын
Аққан күміс арнадан.
Көзің жарық жұлдыздан,
Шашың жібек құндыздан,
Сен бір артық көркемсің
Биік асқар, шың-құздан.
Қара көз, сәби бөбегім,



Аса берсін өнерің,
Батыр болып өсе бер,
Жанарыңды жанғызған.
Бала күнде өзіміз
Сендей болып өспедік,
Сұм өмірдің бұрынғы
Не бір уын кешпедік?
Май айында ұраның
Салып, қолда флағың
Шыққаныңда көшеге,
Қуанғаннан көзіме
Жастар келіп егіле,
Түсіп кетед менің де
Балалық шағым есіме.
Жігіт боп өс, сен жылдам,
Пионер және комсомол
Боласың өсіп жас бөбек.
Комсомолдан өскен соң
Боласың жігіт – большевик.
Ұйықта бөбек жас қазақ,
Бесігің балғын толған нұр,
Көзіңді жұм, демінді ал,
Күзетте қызыл әскер тұр.
Туған елдің туында,
Кәріге, жас буынға
Бақыт нұры жанып тұр.

МӘСТЕК ПЕН ТҰЛПАР

Ертеде, ерте ертеде
Астыма менің мінгенім
Тұлпар емес мәстек ед,
Шуу-шүулеп әрең жүргенім.
Борбайы борша, арқа арша,



Көтерген әрең өз белін.
Жауыры қазған ошақтай,
Қыр арқасы пышақтай,
Сүйреткен жалғыз сүлдерін.
Сол мәстекті тебініп,
Өлендеттім, ән салдым.
Ойға бардым, қыр бардым,
Қара көз қызға көз салдым.
Ауылдан ауыл аралап,
Тулағымды сабалап,
Тепсіне бердім, тұрмадым.
Мазақ етті қара көз,
Мәстегімнің тұрманын.
Өлеңімді өрлеттім,
Өрге құлаш серметтім.
Қалың елдің ішінде,
Зарын айтып сорлының,
Қайғылыны еңіреттім.
Жесірлерді жетектеп,
Жетімдерді тербеттім.
Көтерем мәстек үстінде
Талай да талай жерді өттім.
Талқармаған елді өттім,
Күндердің күні болғанда,
Ат шаптырған, той қылған,
Думанды жерге кеп жеттім.
Арғымақ қосқан бәйгеге,
Байлар қылды кесірді.
«Мәстек мінген әрі тұр!
Жүйрік мінген бері тұр!» –
Деп жуандар есірді.
Қызығын қалдым көре алмай,
Ордаға қалдым ене алмай,
Бәйгесіне ат қосып,
Шабыстан қалдым ере алмай.



Жата кеттім бір жерге,
Қорлыққа көрген көне алмай.
Түсімде көрдім бір тұлпар,
Жер тепсінген жануар,
Қарай қалдым көз алмай.
Оқыранып шақырды,
Шыр айналып, тұра алмай.
Қайғырыппын түсімде,
Қалам ба деп міне алмай.
Тағы міндім мәстекке,
Ұйқымды ашып, түс тарап.
Елді кезіп жөнелдім,
Жануарды қақпалап.
Он тепсінсем бір басып,
«Тоқтай тұршы, тоқталап!»
Түсте көрген тұлпарым,
Таптырмай кетті әбден-ақ.
Жас жүректі жаншыды,
Қиялға тұлпар ұялап.
Көз ашып бір күн қарасам,
Ақ түскен кезде шашыма,
Қадалыпты қызыл ту
Алатаудың басына.
Қажырлы халқым шығыпты,
Жауыма қарсы ашына.
Көктемнің күні туыпты,
Қалыпты тұман басыла.
Жайлаудан байды қуыпты,
Бас ұрғызбай қашыра,
Үйір-үйір жылқыны
Үйіріп әкеп қойыпты,
Өзімнің дәл қасыма.
Жайлауды басты өз малым,
Жаңадан жырды қозғадым,
Бәйгелі тойда колхоздың



Жүйрігін көрдім озғанын.
Жабағы жүннен арылып,
Жетілді мәстек тулағы,
Жырымды сүйіп ардақтап,
Таныды мені партия,
Еңбегіме сыйлық деп,
Түсімде көріп ынтыққан
Тартты алдыма тұлпарын.
Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды.
Аққудай мойын иіліп.
Қазығында ойнайды.
Тоқыма жібек, ері алтын,
Ауыздығын шайнайды.
Үзеңгісі сыңғырлап,
Қарасам көзім тоймайды.
Қанатты тұлпар астымда,
Құндыз бөрік басымда,
Омырауымда орденім,
Жар достарым қасымда,
Қайтадан міне, аттандым,
Қиырға болжап көз салдым,
Тоқсанға келген жасымда.
Далам да гүл, тауым гүл,
Аспан ашық, жер жайсаң.
Тұманмен бірге түріліп,
Құрыпты көзден ылайсаң.
Домбырам бүгін сайрайды,
Серпіліп, сергіп ән салсам.
Шүү жануар, шүү тұлпар!
Үстінде бүгін мен сұңқар,
Алты айлықты алты бас,
Алдымда күткен халқым бар!
Тұлпарлы жігіт атанған
Отан берген даңқым бар.



Кремльді жырлайын,
Партияны жырлайын,
Домбыраны тартыңдар!

ОТАНДЫ СҮЙ

Балқытып бақыт ұйып елге, жерге,
Жасарған мен Жамбылмын елмен бірге.
Келді дос, сүйсіндірді көңілім хош,
Махаббат, қою достық қалың елде.

Сүйкімді үн, әсем әнім, терең күйім,
Елгезек – ыстық жүрек көңіл, миым.
Отанға, ел жүрегі партияға
Тартатын дем біткенше менің сыйым.

Жасарған Жамбылда бар жалғыз тілек,
Құлпырған шаттық шалқып, өмір үдеп.
Тірегім большевиктер елге ұйтқы,
Өмірге өріс берген жалғыз жүрек.

Сол жүрек ел достығы берік бірлік,
Бірліксіз болмақ еді қандай тірлік,
Әлемдік адал адам бақыт үшін,
Жығылмас ырысты ту сол өмірлік!

Мен ғасырдың айғағы жүзге келдім,
Ел бірлігін, бақытын іздеп едім.
Айды аялап, күн құштым, нұр жамылдым,
Кездесіп жетпіс үште іздегенім.

Ұрпағым іздеп келген бақытты жас,
Кімде кім бірлік бұзса халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек коммунист,
Өсиетім: сол үшін құшағыңды аш!



Өсиетім: шындықты, адалды сүй,
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй.

Отанды сүй, ел сүйген көсемді сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.
Тілек тіле ел сүйген партияға,
Дос еткен бар халықты етіп бір үй.

ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Көзіңді салшы далама,
Түкті кілем түріндей.
Тауыма сұлу қарашы,
Қыздардың жиған жүгіндей.
Өзеніме қарашы,
Ағып жатқан гүрілдей.
Ауылыма қарашы,
Қырдың қызыл гүліндей.
Ән, күйімді тыңдашы,
Батырлықтың үніндей.
Төбеге шығып отырмын
Домбыра менің қолымда,
Әдейі шықтым күзетке,
Колхоздың малын шолуға.
Түйем жатыр алдымда,
Жайылған жылқым оңымда.
Көптігі шөптей сыңсыған
Қаптаған қойым солымда.
Көлден құрақ суырған,
Желіні сүттен сыздаған,
Сиырым анау шұбырған
Сауғызуға ауылға.



Осынша байлыққа жеткізген,
Төрт түлікті өргізген,
Өзеннен су ішкізген,
Жайлаудан қызық көргізген,
Сораптап сүт саудырып,
Уыстап май жегізген,
Ботасы боздап егізден,
Қойы қоздап сегізден,
Халқыма дәурен сүргізіп,
Иемін жерге дегізген,
Қарасам кім деп көз ашып,
Компартиям – шырағым.
Қыздырып бойды өлеңім,
Домбыраны бұрадым.
Колхозымды жиып ап,
Шын жүректен жыр төгіп,
Сөйлеп бір кетті жырауың.
Ынтамен халқым тыңдады,
Күшімді сонда сынадым.
Партияны жырласам,
Жалықпай тыңдап мың бір түн.
Тағы да, Жәке, тағы деп,
Тоқтатар емес сұрауын.

БІРІНШІ МАЙ ЖЫРЫ

Жер жасарып май туады.
Әлем түлеп құлпырады.
Көк майсадан шешек атып,
Бұлбұл гүлге ұмтылады.
Жадыраған жаздың күйі
Неше алуан үн шығады.
Жаз анасын сүйген көңіл
Сүйген сайын ынтығады.



Ортекедей ойнақтаған
Колхозымның жылқылары.
Ақ маржандай ертеңгі шық
Нұрын шашып күн шығады.
Жан жасартқан майдың көркі
Жұпар ісі аңқымалы.
Тасытқандай шаттық селін.
Қандай жүрек шалқымайды.
Сүйген өмір бір махаббат
Сағат сайын артылады.
Қатық болып ұйығандай
Адал халық ынтымағы.
Май күнінде жанға жайлы
Ынтымақ пен күн туады.
Май күнінің майда желі
Май құйғандай жүрегіме.
Халықаралық қалың достық
Жеткізгендей тілегіме.
Жүрегімде Испан батыр
Пиренейдің түбегінде,
Жауыз жаумен жағаласқан
Ерік алғалы өз еліне.
Ұлы Отан – совет елім
Бақыт ұйып көлемінде.
Ленин жолы – бақыт туы,
Гүлдендім мен жиегінде.
Жалпы әлем осындай күн
Мен ұзамай көремін де!

КҮН ТОЛҒАУЫ

Өлеңім, май күнінің толға жырын!
Қақ қанат, қуаныштың ақтар сырын.
Жастығым шыққан күндей туды жаңа,
Құлпыртып көкке бөлеп жердің түрін.



Құл болған қара зындан сұр мекенде,
Тамұқтай жаншып азап суық көрде,
Езілген халқым босап шықты сонда,
Ленинмен жарық жолға – Октябрьде.

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,
Келші ұшып, сайрай түсші, бұлбұл тағы.
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарындар,
От жүрек еркіндіктің адамдары!

Сүйкімді көгімдегі күледі күн,
Сол күннің толғап жырын береді үн.
Аспан, жер айналаның бәрі біздік,
Халқыма қол қусырып бағынған шын.

Тауына Алматының көз жіберсем,
Қара орман, бұрқыраған суын көрсем.
Тұлғасы Алатаудың халқыма ұсап,
Қайратпен көтерілед менің еңсем.

Көрпесін кәрі ұйқының сілкіп тастап,
Кең далам, міне, өлеңді шықты бастап.
Көктемнің күн нұрына шомылған соң,
Шалдар да бозбаладай кетті ойқастап.

Жаз жырын, гүлдің жырын төгеді май,
Ерлікті жан жүрекке егеді май.
Бақытты кәрі, жасын бірдей сүйіп,
Шапағатты күн нұрын береді май.

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,
Кел ұшып, сайрай түсші, бұлбұл тағы.
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарындар,
От жүрек еркіндіктің адамдары!



О, күнім, төге түшші сәулеңді сен,
Күшіңмен көп тарасын бақытты өлең.
Нұрыңнан басқа елге де жылу жібер,
Май күнін елімдегі сүйсін әлем.

Айт, күнім, жырлағанда ақын Жамбыл,
Құлпырған даусын қосып шықты Әлімқұл.
Құлпырған Грузия шуағындай
Мен үшін сонау Кавказ туған ауыл!

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,
Кел ұшып, сайрай түшші бұлбұл тағы.
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,
От жүрек еркіндіктің адамдары!

О, күнім, Жамбылыңның тарат жырын,
Тарат сен, ұлы халық ән мен күйін.
Жеткіз сен, май шұғыласын күткен елге,
Бақытты бай Отанның шаттық үнін.

Тасысын жарық бақыт тасқан сайын,
Шаттығым аса түссін асқан сайын.
Жер беті біздің жырмен дауыс беріп,
Сөйлейтін болсын түгел бақыт жайын.

Күнім сен, лебің ыстық, түсің жарқын,
Күнім сен, тартқан сыйың қызыл алтын.
Сан жылдар сепкен сәулең мұнаураатқан,
Хандарға, патшаларға етпей рақым.

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,
Кел ұшып, сайрай түшші, бұлбұл тағы.
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,
От жүрек еркіндіктің адамдары!



О, күнім, көріп пе едің, жерде заңды,
Жарығы асқан сенен, күші де әлді.
Жалғыз-ақ Отанымның бақыт заңы
Құлпыртты күндей сүйіп адамдарды.

Сол менің өмірімнің жарық таңы,
Халқымның орындалды көп арманы.
Бақыттың бітпес көзі, кең дариясы –
Күнім осы Советтің алтын заңы!

ТАҒЫ БІТТІ ЖАҢА КҮШ

Жамбыл алсын домбыра,
Сал құлақты, Майтөбе!
Тоқсан үш жыл жолдассың,
Тоқсан үш жыл сырлассың.
Неше тоқсан өткізген
Ғұмырлы қартсың ертеде.
Ортадан алсаң Шыңғыс бар,
Қанды жорық тұрмыс бар,
Таяғы – найза қолға ұстар,
Шанышқан адам кәуебі,
Елде қанша қылмыс бар?!

Өшікті неге хан-төре,
Е, Майтөбе, Майтөбе!
Болған кезде хан төбе,
Болған кезде бай төбе,
Меңіреу едің сен неге?
Ашулы едім мен неге?
Көңіл беріп күлдірген,
Жылы жүзді қай төре?!
Алатаудың лаңы,
Лайланған бұлағы,



Алатулы Абылай,
Асыр салған хан Кене –
Елден өлді ол неге?
Қайғырмадым мен неге?
Кебінсіз, көрсіз өлсе де,
Өткен күнді жырласам,
Сүйінгендей нем бар ед?
Ел мен ханды бөлетін
Өзіңдей биік шың бар ед.
Арғы бетің ызғар ед,
Бергі бетің мұң, зар ед.
Иығында бай, манап,
Бауырың толған құлдар ед.
Құл атаған халықты –
Хандардың ханы Қоқаны,
Император атағы,
Түйесін жұтқан түгімен.
Батпақты судың наһаны –
Патша деген мұндар ед.
Биік сенің басың деп,
Күнге тұрған жақын деп,
Сені ескерген кім бар ед?
Мені алып ақын деп,
Ел сүйетін жақын деп,
Мені ескерген кім бар ед?
Сол сияқты мұнды күн,
Желдей саулап өткенде,
Сенен ызғар кеткенде,
Менен мұң-зар кеткенде,
Советтің алтын заманы,
Ел қолына жеткенде,
Қуаныш, бақыт нәсерін,
Тамылжытып төккенде,
Қара, мына Жамбылға,
Жыр төгілді алдында!



Бозбалалық күй берген,
Өмірден бөліп сый берген,
Күнгірт тартпас күн берген,
Алжаспайтын ми берген,
Алтынменен аптатып,
Күміспенен қаптатып,
Зәулім сарай үй берген.
Астыма жорға мінгізіп,
Үстіме торқа кигізіп,
Тәкаббар біткен шынардың,
Басын маған игізіп,
Төбемді көкке тигізген.
Көп тілегі көреген,
Қынжылмайтын береген,
Бұл не деген бай заман!

Майтөбенің бауыры,
Гүл-гүл тартып жайнаған.
Ел гүлінің бұлбұлы –
Жамбыл бүгін сайраған.
Мен көмілген құрыш ем,
Тапты мені нұр заман.
Сталиндей шебердің,
Дүкенінде дәуірдің
Қайта соғып семсер ғып,
Алғыр тасқа қайраған.
Керегіне шапсын деп,
Ел жанына байлаған.
Алып халқым, анам ең,
Сені сүйген балаң ем,
Арлаласқан алпыс ұлт.
Құмы алтын, суы сүт,
Туын тіккен ырыс-құт,
Достығы берік жаңа жұрт
Ұйтқысы большевик,



Жүзге келген Жамбылды,
Советке мүше сайлаған.
Олай болса Жамбылға
Тағы бітті жаңа күш.
Партияның нұсқауы
Мойныма жүктеп біраз іс.
Анам үшін – ел үшін,
Колхоз, совхоз қалың ел
Тоқсан үш жыл жүрген жер.
Ұсыныс етсең мен үшін,
Арнаның аузын ашайын,
Теңіз болып тасайын,
Құлпырып қайта жасайын.
Ұзартып жырдың өрісін,
Алпыс ұлтты ұлы Отан,
Жан шыққанша жыр айтам,
Сүйген елім, сен үшін!

ҚЫМБАТТЫ СЫЙ

Дүниеде жалғыз күн бар нұры сөнбес,
Оны сөнед дегенге әлем сенбес.
Ақылдың сомдап соққан биік шыңы
Ленин мен компартия соған теңдес.

Еңбекке бере алатын анық баға,
Мұқтажы жоқ, ерікті халық қана.
Ондай ел – бақыт тапқан өз Отаным,
Ер ұлы ел бастаған алып дана.

Тұрған күні кара тау қалқасында,
Халқымның мен жетістім ортасында.
Халық та, мен де жеттім мұратыма,
Нұрымның компартия арқасында.



Алыбы адамзаттың ұлы Ленин,
Еңбек еткен халықтың күні – Ленин.
Жүрегімнің төрінде жұлдыз едің,
Мәңгілік тақтым енді сені Ленин.

Қымбат сый, қымбат бақыт, шексіз құны,
Үкіметім сыйласа – халқым сыйы.
Шаттық заман арнасы ағып жатқан,
Мен емес мұны таққан – халық жыры.

КОМПАРТИЯ – КӨСЕМІМ

Ленин – сүйікті әкем туған менің,
Күніңнен шұғыла шашты менің жерім.
Ағылтты жүз жасаған жырды жүрек,
Домбыра алтын күйден өріп өрім.
Сенімен дастарқанда бір шай ішіп,
Көктегі атқан таңды бірге көрдім.
Сенімен бірге ойласып, бірге жырлап,
Қақтырды жырға қанат ақын серің.
Сенімен бірге сүйіп құшақтаймын,
Отанымның балаларын – жігіттерін.
Жырымның сұлу үні болдың өзің,
Сондықтан толқындаттым өлең көлін.
Көңілдің қуанышы, таң шапағы,
Даңқ, күш, абыройым сенсің күнім.

Ардақты алтын жұлдыз сенсің жырға,
Арналған өзіңе сый жырым тыңда.
Бірге өсіп халқымменен, бірге ән салған,
Жүлде алған Отанымнан мен бір жорға.
Балпаңдаған байларды жырмен ұрғам,
Өшпестей қонғаннан соң өлең қолға.
Біреуден сұрап алған өлең емес,



Қайнатам қара өлеңді оңға, солға.
Барлауым бұрын мен де Қорқыттайын,
Секілді Асан қайғы түсіп зарға.
Ол кезде керуендей өмір кешкен,
Жете алмай алтын үміт күткен таңға.
Мертіккен ботақандай жастық шағым,
Еме алмай ана уызын батқам қанға.

Туғанда той жасайд деп Жамбыл күтті,
Ойлаппын бекер ондай бос үмітті.
Көз ашсам, қартайыңқы қара ағаштың
Қан тамшы жапырақтары жасын төкті.
Артынан екі басты самұрықтың
Қарғалар қанды қанат ұшып өтті.
Қолы жоқ, аяғы жоқ, қанаты жоқ
Самұрық шолақ құйрық құзғын нетті.
Өмірде көк көрмеген, жер көрмеген
Халықты қансыратқан жауыз текті.
Ай батқан қара түнде халық зарлап,
Қыздарды малға сатып зар илетті.
Төгетін ұлға, қызға рақымын
Ананың сөзсіз аузы болды кілтті.
Кілттенген емерілмей еріндері,
Ол күнде шерден қанды жүрек жұтты.

Туғаным қара қарлы борандарда,
Бізғарлы көп жасаған кәрі тауда.
Зар қаққан домбырама үн бергенде,
Ленин сен жасаған келдім тойға.
Күмістей домбырамның қос шегінен,
Өрілді жырдан өрім осы тойда.
Құндыздай, күлім қақты далам менің,
Жастардың жүрегіндей жұлдыз жан да,
Даланың ұшқан теңіз қиырынан
Деп ескен алтын ауа самға самға!



Қырында колхозымның толқындаған
Егістер шалқып өскен осы таңда.

Келді дос туысқандар қауымыма,
Жамбылдың өлең аққан ауылына.
Құп алып, немеремді, шөберемді
Жыр арнадым партия – жарығыма.
Мен туған Қастегіме күн туғанда,
Сыйлаған нұрын ақын алыбына.
Жиналып өзбек, башқұрт, украин,
Грузин, қарақалпақ алабыма.
Осетин, ұйғыр бәрі туысқаным,
Отанға арнап өлең-жыр шығаруға.
Жарайды, жұлде алған мен кәрі тарлан
Қастектен тояттандар арыныма.

Мәңгілік нұрлы Ленин жұлдыздығың,
Өмірді көрдің алда жүз жыл бұрын.
Мұхиттай ой тетігін жарқ еткіздің,
Секілді суда сұлу құндыздығың.
Сезесің алдағыны жүз жыл бұрын,
Сезімім, жан жұлдызым, сен үздігім.
Арнаймын саған жырды, алтындайын
Жайнатқан сенің сәулең жердің жүзін.
Саяңда сенің халқым алға өрледі,
Маягі – ту, жұлдызы – коммунизм.
Сенімен бар өмірі Отанымның,
Өйткені сенсің өрге өргізгенім.
Ту алып қан майданда жауды жеңіп,
Халқыма сенсің күнді көргізгенім.
Құлпыртқан Отанымды данышпаным,
Сәулеме сенсің жарық сепкізгенім.

Жайнатқан жүректе нұр Ленин мені,
Халқыммен сүйгем бірге мен Ленинді.



Тап бүгін жүрегімнің қақ үстіне
Партия өз қолымен тақты сені.
Қадаған бұл орденді халық күні,
Мен емес, алған мұны халық жыры.
Мен дағы, халқым дағы қанаттанып,
Шаттанып, шешек атты дала гүлі.
Қуанып немерелер атқа мініп,
Жүз жылғы қайта туды жырдың сыры.

Жорғалап қара құрттай уын шашқан,
Біткен жоқ қоршап тұрған бізді дұшпан.
Сеземін ұлы майдан әлі алда,
Жайқаймыз жау келсе егер іштен-тыстан.
Орденім маған таққан ұлы Ленин
Ала алмайд қауласа да ажал тұстан,
Шығамын жауға қарсы өзім бас боп,
Қуатты халқымды ертіп күші астам.
Бүркіттей қанат қаққан қарлы аязда
Ағызам жауға қарсы жырдан дастан.
Жыр үшін, алтындаған өмір үшін,
Ер үшін, Отан үшін нұры ұласқан.
Жүрегім бірге соғад, ұлы Ленин
Сенімен бірге Отанға нұрын шашқан.

БАЛАМ ТЫЧИНАҒА

Арнаған жырларыңды партияға,
Ертеден естуші едім жұртпен бірге.
– Ата, – деп маған да арнап жіберіпсің,
Жатсаң да, сонау алыс Украинада.

Күш артып отырғанда ақ үйімде,
Өлеңің меніменен келді тілге.
Отты жыр, өз баламның тартуы деп,
Сақтадым жылы көріп жүрегімде.



Көп рақмет ескергенге, елегенге,
Украина бір мақтаным ер кеудемде.
Сыйға-сый, құрметіңе құрметім деп,
Жібердім жинағымды балам мен де!

ГҮЛДЕНДІ ДАЛАМ

«Ақсақалым алтын» деп
Баға берді ел маған.
Бұлақтың көзін ашқандай,
Арнаның суы тасқандай,
Өріс берді жыр маған.
Алатауда кәрі ағаш,
Жапырақсыз, гүлсіз жалаңаш.
Суалса суы ұзақ жыл,
Жарылса сонан бүгін гүл,
Құйғаны болар нұр маған.
Маған да, байтақ елге де,
Балқаш, Арал көлге де,
Қызылқұм, Бетпақ шөлге де,
Арыс қоңыр белге де,
Сондықтан кірген шырай, сән.
Батпайтын гауһар күні бар,
Солмайтын қызыл гүлі бар.
Лениндік заманда
Раушан жарық атты таң.
Ел иесі мен – адам,
Бұл заманның жырынан
Кәрі жанды аяман.
Құшағымды жайғанда,
Қойныма келіп күн кірді.
Күллі адамның ырысы
Күннен қымбат нұр кірді.
Шат өмірлі Жамбылды



Жамбыл емес жалпы елді
Сүйіндірді, күлдірді.

Ортама келді ырыс-құт,
Өрістеді тағы үміт,
Шарықтады шаттығым,
Гүлденді, далам, гүлденді.

ЖЕҢІС ЖЫРЫН САЙРАҢДАР

О, балалар, балалар,
Қарашығы көзімнің,
Қуанышы сезімнің,
Кеудемдегі жүрегім,
Таянышым – тірегім,
Ардақтысы елімнің,
Гүл шешегі жерімнің.
Алдыңа келді қарияң,
Өлең боп аққан дарияң,
Домбырасын басуға,
Жырынан шашу шашуға,
Кездесіп көзбен көруге,
Халық сәлемін беруге.
Қуанбасқа бола ма,
Жырламасқа бола ма,
Осы отырған тойымда?!
Қуаныш сыймай қойынға,
Сталинді ту етіп,
Жеңістің қақтық дабылын.
Ойдан келді батырым,
Қырдан келді батырым,
Қаладан келді батырым,
Колхоздан келді батырым,
Сол батырлар ортаға ап,



Өзінің сүйген ақынын,
Шешіп жатыр жаңадан,
Жеңістердің ақылын.
Біз Алатаудай ел едік,
Теңемек болды ойға жау.
Біз тасыған теңіз сел едік,
Теңемек болды шөлге жау.
Біз атып болған таң едік,
Түн етпекші болды жау.
Біз әлемге жарық күн едік,
Өшірмекші болды жау.
Батыр болған ұлымды,
Құл етпекші болды жау.
Күндей күлген қызымды,
Күң етпекші болды жау.
Жау ма бізді бөгейтін,
Жау ма бізді жеңетін?
Қозғалып еді Алатау,
Табанында қалды жау.
Долданып еді океан,
Толқыны жауға салды ойран.
Қаһарланды отты күн,
Оқ боп жауға өтті күн.
Қуырдақтай қуырды,
Күлін құмдай суырды.
Шындықтың шаптық семсерін,
Дұшпандардан ақты қан,
Шүберектей жыртылды.
Өз ұлдарым игеріп,
Тізгінді қолға алғанда,
Қыран құстай қомданып,
Қияға көзін салғанда,
Қараңдаршы, не көрем?
Қуана түскен ел көрем,
Көгере түскен жер көрем,



Атып жатқан мұнайды
Таусылмастай сел көрем.
Ағып жатқан алтынды
Тұтасқан бейне сең көрем.
Үйіліп жатқан көмірді
Асусыз белге тең көрем...
Отаншыл жас ұрпағым,
Тағы да құлақ салыңдар!
«Болаттайын берік топ»
Деген атақ алыңдар!
Дұшпанға азу басыңдар,
Қанын судай шашыңдар,
Дұшпанға семсер қайраңдар,
Оттай ойнап жайнаңдар,
Бас көтерсе кімде-кім,
Күрмеп тілін байлаңдар.
Бақыты үшін Отанның,
Бақыты үшін елімнің
Жеңіс жырын сайраңдар!

ЖАМБЫЛДЫҢ ХАЛЫҚ ҮШІН ҚАЛҒАН ЖАСЫ

Жүзге кеп бақыт тапқан, ақын Жамбыл,
Дүниеге түгел кеткен атың, Жамбыл.
Тілекке көп аңсаған бүгін жеттің,
Далада жасасаң да ғасыр, Жамбыл.
Француз, Испан, Үнді, бүкіл Одақ,
Оқыдың арнап жазған хатың, Жамбыл.
Ел сөзі әрі мақтан, әрі міндет,
Сөзінді терең ойға батыр, Жамбыл.
Құйған соң алқабыңа нұр тасқыны,
Мұхиттай шарықтаған, тасы, Жамбыл.
Тасытқан социалистік алтын ғасыр,
Сондықтан көкке жетті басың, Жамбыл.



Сүңгі де түбі терең тұңғиыққа,
Жырыңның жина қымбат тасын, Жамбыл.
Қаймағы адамзатың көсем үшін
Татымды жыр шербетін сапыр, Жамбыл.
Өң берген, өріс берген, өмір берген,
Тойыңа бақыт, ырыс шашу, Жамбыл.
Халыққа соны берген заманынды,
Шарықта, шыңға шығар атын, Жамбыл!
Күш құйған жүрегіне, жігер берген,
Ардақтап, артық сүйед халқын Жамбыл.
Бір минут оны ойынан шығара ма,
Жасаса тағы жүз жыл жасын Жамбыл.
Халық үшін төрге төсеп төсек етер
Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл.
Көтерген көкке төбе тірелгенше,
Иеді көпшілікке басын Жамбыл.

Мен Жамбыл ғасыр тұрған жүздегі қарт,
Сайлауға ұсыныпты ел депутат.
Депутат – Ұлы Совет мүшелігі,
Қол жетпес ұлы міндет, орны қымбат.
Капитал ел басқарған қауымында,
Мендей қарт күнелтеді қайыршылап.
Қай уақта ел сайлаған қадірлісін,
Жүргенде бірі күліп, мыңы жылап?
Болмаса социалистік күндей заңы,
Еш елде болмақ емес адам азат.
Сайлауға сүйген ұлын ұсынуға,
Қолында ердің ерік болуы шарт.
Сондықтан бізге ғана бірдей сайлау
Талғаусыз қатысатын бар азамат.
Мейрімді бірлік берік, қою достық,
Жайрандап, не істесем көңілім шат.
Мейлі – мың жасасын, жүз жасасын,
Мұндай күн көрген емес еш адамзат.



Лениншіл алғыр ойлы большевиктер,
Елімнің ұйтқысы мықты ынтымақ.
Тірегім коммунистік қызыл туым,
Жеңімпаз жеңілмейтін күшті қуат.
Ел сенген депутаттың кандидаты,
Ішінде кандидаттың Жамбыл қарты.
Ұл десе ел, басымды иіп қызмет етем,
«Төрелік» депутаттың емес аты.
Ол маған өз дауысын сеніп бермек,
Мойнымда Алатаудай елдің ақы.
Біткенше ақырғы дем айтам жырын,
Елімнің үстем болсын мәртебесі.
Соғайын асыл жырдың асқар тауын,
Түскендей күллі әлемге шұғыласы.
Көркейіп көркем өнер өрістесін,
Шарықтап шат елімнің, салтанаты.
Өңім – қарт, өмірім – жас қажымайтын,
Қуатым – заманымның шарапаты.
Мен әскер сап алдында садақ тартқан,
Елімнің өшпенді жау келсе қасы.
Сайлаушы халық алдында ант етемін,
Жамбылдың халық үшін қалған жасы.
Тынымсыз күні-түні етпек қызмет,
Жамбылдың кәрі жаны, домбырасы!

САЙЛАУ КҮНІНЕ

Бармақтай жәндік бұлбұл құс,
Жаһанда жауы – зәрлі қыс.
Аңсағаны жаз болар,
Жаздың қонып гүліне,
Ел ынтығып үніне,
Бақшасында мээ болар.
Бармақтай жанда қуаныш,



Мұхиттай терең бар дыбыс,
Шырқайды күйін, талмайды.
Жаз күні жаһан түлеткен,
Әсем күйін үдеткен,
Мен құс емес – адаммын,
Гүліне қонған заманның
Шаттық күйін сайраймын.
Жүзге келдім демейін,
Тойыма шашу берейін,
Жырдың туын тігейін,
Жалпақ далам гүлдеп,
Жалпы халқым күлімдеп,
Жасарып Жамбыл көнесі,
Бақытты күйі аңқылдап,
Шолпандай туған жарқылдап,
Өсті елімнің өресі.
Өмірге шырақ жағылып,
Балдан дария ағызып,
Бөленіп нұрға көбесі.
Партия берген жаңа заң
Ел тілегі қалаған
Жаңа өмірдің шегесі.
Заманнан заман – еш заман,
Қол сұғып, бетін аспаған,
Өмірдің шын белесі.
Ата-бабам бұрынғы
Арман еткен өлгенше
«Жерұйық» атты жер осы.
«Сегіз жұмақ» іздейтін,
Қартаймайтын, өлмейтін
Орнатып алған ел осы.
Шарықтадым, шалқыдым,
Шырайы жанды халқымның
Нұрда жүзген кемесі.
Күнге тіреу бойым бар,



Бойыма теңдес тойым бар.
Тойым тойдың төбесі.
Еркі бірдей елім бар,
Елім сүйген ерім бар,
Ерлерім тойдың иесі.
Ұлы думан бұл тойда
Жібімес кімнің денесі?
Заманды шолып көрейін,
Ту басыма келейін.
Жайлы еді деп кім ақтар,
Атақ үшін, бақ үшін
Хан қойды алтын тақ үшін, –
Әкесін жарған Зұһақбар²⁰,
Аты шулы Мұхамбет,
Болу үшін ел үмбет
Сағитқа құран жаздырып,
Құдықтан құрап бергізді,
Берген соң таспен көмгізді.
Шайтан бар деп нандырып,
Бақталас боп Петрді
Орда ішінде өлтірді.
Өлтіруші қатыны
Ел қоймаған сайлаусыз
Қабаған ит байларсыз
Елде болмас жақыны.
Әділет жоқ, заңы жоқ,
Еліне атқан таңы жоқ,
Хан әулеті қан құмар,
Гитлер мен Муссолин
Жалпы жұрттың дұшпаны
Қаныпезер әлі бар.
Испан, Қытай қырылып,
Үй, орманы бұзылып,

²⁰ Зұһақбар – Фердаусидің «Шаһнамасындағы» жауыз патшаның аты.



Басып жатып қайғы, зар,
Жауын жарға түсіріп,
Күлін көкке ұшырып,
Ертең мендей той қылар.
Менің бүгін сайлауым,
Сайладым елдің қаймағын.
Өмірдің берген ұшпағын
Еліме ырыс, береке.
Ел гауһарын еледім,
Ел қамқоры керегім,
Қуанышты жалпы жұрт,
Үлкен үйде алпыс ұлт,
Ерге дауыс беремін.
Жаңа заңмен жаңардым,
Кандидат мен де саналдым,
Ғасыр көрген көнемін,
Орындалған ойыма,
Ұлы думан тойыма,
Шашу болсын өлеңім.

ХАЛЫҚ ҰЛДАРЫНА

Көп жаса, атаңды іздеп келген балам,
Жасартты советтік мені заман.
Халықтың ардақты ұлы қызыл әскер,
Күшіңе басын иді барлық ғалам.

Нұрың бар Октябрьдей сөнбейтұғын,
Елің бар күнде өрістеп өрлейтұғын.
Бұлжымас алпыс ұлтта достығың бар,
Ешбір жау сырттан келіп жеңбейтұғын.

Сәлем айт сапта жүрген сан балама,
Жау жүрген мықты болсын айналаға.



Ататын жауға жырдан оқ жонамын,
Гүлденген менде сақшы кең даламда.

Батырым, командирім, балам Борис,
Атанды іздеп келдің жерден алыс.
Жайнаған жаз гүліндей Қазақстан
Жамбылда тіл жеткісіз ұлы табыс.

Сәлем айт армияға батыр болсын,
Халыққа коммунистей жақын болсын,
Үлгі алсын Клим батыр ерлігінен,
Жұлынып жау тамыры – оты сөнсін.

СЕССИЯНЫ АШАРДАҒЫ СӨЗ

О, жолдастар, жолдастар!
Асыл тастан шығады,
Ақыл жастан шығады.
Өрбіп өскен кіл жастар,
Тоқсан үште жасы бар,
Алатаудай шашы бар,
Өмірі жас, жасы қарт,
Жамбылменен құрдастар,
Жарлығымен халықтың
Жамбыл қартың сөз бастар.

О, жолдастар, жолдастар!
Шешен кісі сөз бастар,
Адал кісі ел бастар,
Адал туған ұл болсаң,
Халық сүйіп қолға ұстар.
Қалауына жараған,
Адал ұл деп балаған,
Жолдасым, балам – жан достар.



О, балалар, балалар!
Баланы баулып өсірген.
Компартия дана бар.
Ырыстың шалқып шалқары,
Кенеліп өскен дала бар.
Іргесі құрыш ақ маржан
Көркем салған қала бар.
Көкейге сөнбес шам жаққан
Қаулап өскен сана бар.
Маркс-Ленин ғылымы
Тынықтан аққан саға бар.
Көксеген бақыт бар адам
Сол араны жағалар.
Арыған ел азаптан
Сол арнадан нәр алар.
Өрісі ұзын ол арна
Әлемді түгел аралар.
Оған бөгет болатын
Қандай дәуде шама бар?
Тоқсан үштен жас асып,
Жүзге келдім сағалап.
Талай суық күн өтті,
Жанымды қасқыр қамалап.
Халқым болды тоғайым,
Жан сақтаған паналап.
Домбырам болды ермегім,
Коршаласа жамағат.
Күн қақтаған тулақтай,
Арық атты сабалап.
Жетпіс екі жыл өтті
Даланы кезіп аралап.
Жетісудай жас көрдім,
Ағып жатқан сорғалап.
Қамауда тұрған бас көрдім,
Көгендеген қоралап.



Сырықсыз үйдей сықырлап,
Ел отырды тобалап,
Бай отырды құдайсып,
Өрге тасы домалап.
Аш-жалаңаш ел азып,
Реңсіз дала құлазып,
Өтті, кетті ескі күй,
Айтамын оған лағанат!
Көрсін әлем бүгінгі
Шырайы жанған түрімді.
Алатауым, даламның,
Ұлы байтақ Одағым
Сыпырған қанау бұғауын.
Еркін өскен адамның,
Сырын сырлап кім жетер,
Советтік мына заманның
Жырын жырлап кім жетер,
Коммунистік қоғамның.
Орғып шапқан машина
Құлынындай құланның.
Құдірет салған құлыптың
Күл-талқанын шығардым.
Өмір кілті адамда
Тұтқасындай құманның.
Тірегі соның партия,
Шынарындай шынардың.
Көксегенім жаңалық,
Мен жаңаға құмармын,
Ел бейнеттен арылды,
Отаным Одақ қарулы,
Ерім алып, жалынды,
Іздегенім табылды.
Нұр көмкерді тауымды,
Көркейтті колхоз ауылды.
Бауы берік достығым



Қалтыратты жауымды.
Бақыттың ақты дариясы,
Тығыншығы алынды,
Қуанды, Жамбыл, қуанды!

Сүйікті ұлым, достарым,
Халық өкілі Жамбыл қарт
Брыс туын ұстадым.
Социалистік заңымның,
Күні атқан таңымның,
Қозғалысы қанымның,
Рақаты жанымның,
Соны маған сыйлаған
Компартия көсемім.
Әлем әлем болғалы,
Әлемге адам қонғалы,
Атқан болар талай таң,
Өткен болар талай жан,
Өмір үшін жасаған,
Кім көріпті мұндай заң?!
Жаңа заңды жасаған
Жаңа өмір мен жаңа адам.
Ескі дүние күркесін,
Күл көмірлі білтесін,
Шығарушы күл-талқан.

Халық түгел қатысып,
Адамын таңдап қалаған,
Сан бейнеттен арылып,
Ел менен ел достасып,
Сан бұғаудан арылып,
Ер ерікті болғанда,
Сан бөлшектен арылып,
Жер ерікті болғанда,
Елменен ел достасып,



Достық қолын ұстасып,
Тең ерікті болғанда,
Социалистік жаңа заң
Қоршауы соның ораған.
Жасасын ырыс жаңа заң!
Жасаушы соны дана адам.
Елдің құты партия
Жолына жаным садаған!
Жаса, көркей, жаңа адам
Халық сүйіп қалаған.
Жасасын халық бақытты,
Күннен де жарық заманаң!
Жаңа заман құрылды,
Жаңадан болды өрнегі.
Ақ түйе қарнын жарғандай,
Керегін алды жердегі.
Техниканың тетігі,
Көкке көлбей өрледі.
Өрлеген сайын өрістеп,
Өзінің шықты ерлері.
Ерлер шығып жаңадан,
Жаңаша болды еңбегі.
Стаханов Алексей,
Стахановшы елдегі.
Техниканы мінгелі,
Жер қыртысын қопарып,
Астынан алды көмбені.
Көк тәңірісі Коккинаки,
Шар боп ұшқан желдегі.
Мындап батпан жүгінді,
Қос қалтадай теңдеді.
Мұз тәңірісі Папанин,
Сегіз ай тұрған сендегі.
Одақ атты ұлы Отан
Тірі жаннан сұрасаң,



Кім айталар аузымен
«Табиғатты жеңбеді?»
Қисық соққан «Кұдайдың»
Анайы ісін жөндеді.
Сондықтан оны күллі адам
Гүл ашылған жер деді.
Достар жайды құшағын
Сталин құйған нұр деді,
Суырды жаулар пышағын,
Улы тісін басынды,
Желкесін шұқып қасынды,
Ысқырған жылан інінен,
Құйрығын бізге сермеді.
СССР-дің халықы,
Табыстың әлем алыбы.
Жаңадан еңбек қайнады,
Іс басқарған басшымен,
Қағаз жазған хатшымен,
Тау уатқан кеншімен,
Соқа жыртқан қосшымен.
Табысында айырма,
Артық, кемі қалмады.
Ас адамның арқауы,
Сананың білім шалқары,
Нығайып белін байлады,
Қала, дала теңесіп,
Тел қозыдай тең өсіп,
Ашылды білім майданы.
Театр, клуб үйі бар,
Шырқаған ән, күйі бар,
Сән-салтанат сайраны.
Күннің нұры аққандай,
Даланы түгел жапқандай,
Ел құлпырып жайнады.
Күңгірт ауыл, кәрі ауыл,



Көзі бар, көңілі көр ауыл
Орнында жаңа ауыл,
Ескінің шықты ойраны!
Алтыдан бірін әлемнің,
Айтып тұрмын мен саған.
Кәсібі тең жігітпен,
Өлгенді қайта тірілткен,
Сорғалап құйған нұр заман.
Одақ атты Ұлы Отан,
Большевиктер бастаған,
Енші бүгін тек саған.
Капиталист айналаң,
Шеңбер болып қоршаған.
Жар астында жау тұрса,
Бейқам жатқан ұйқы арам.
Испан менен Қытайда,
Қанды боран бұрқаған.
Жанталасқан жауың бар,
Қасын тіккен ол саған.
Азғын-құзғын адамды
Үйреншік иттей жұмсаған.
Жасуындай иненің
Жарық тапса қол салған,
Ұмытпас сабақ бұл саған.
Сырттан келіп жау алмас,
Іштегі жау сүйемей.
Жалағалы жау отыр,
Кілемге түскен күйедей.
Бірақ бізде қорған бар,
Бұрандалы шегедей.
Боран аспас төбедей,
Мұз ұнтаған кемедей,
Халықтың адал баласы,
Бір жүректі денедей.
Ол қорған Қызыл Армия



Ворошилов бастаған
Аяқ аспас өредей.
Елім елдің алыбы,
Ерім ердің алыбы,
Қоршаған, жаудың бықсыған,
Жана қалса жалыны,
Компартия штабы,
Халқымды өзі бастайды.
Бір тілекті ұл мен қыз,
Бүкіл отан халқымен
Армияға бірлесіп,
Бейбітшілік қамы үшін,
Қалың елдің бағы үшін,
Көрсетер достық көмегін.
О, балалар, балалар!
Ақылы кәміл даналар,
Сессияны ашқанда,
Айтарлық сөзім және бар.
Ел сайлады, шын сенді,
Елдің тұзын ақталық.
Жамбыл деп маған ат берді,
Сөнуге қалған қартты алып.
Сессияны ашуға,
Право берді көп халық.
Сталиндік заң қосқан,
Міндетті тұрмын атқарып.
Бүгін тағы жасардым,
Құрметке ұлы шаттанып.
Жаңа заң ерік бергенде,
Тоқсан үшке келгенде,
Қазақстан елінің,
Ұлы Совет тобының
Бірінші бетін мен аштым.
Бостандық жайып өркенін,
Халыққа түгел жеткенде,



Жердің үсті, күн астын,
Бүгін бе, әлде ертең бе,
Жұмыр жердің үстінде,
Совет деген бір Одақ
Болуға күмән қылмассың,
Мен дүниеден кеткенде,
Бақыт, ырыс, сән өмір,
Ұрпағыма жеткенде,
Жер жүзінің адамы,
Бірінші топ өткенде,
Немерем бе, балам ба,
Ашады топты мендей боп,
Оған да жоқ күмәнім.
Елім, ерім, Отаным!
Ашылды деймін бұл тобың,
Берік бірлік – достыққа
Жамбыл берді батасын!
Ел көсемі партия,
Советтік біздің жаңа заң,
Ел достығы жасасын!

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІНЕ

Шойын жолмен жорғалап,
Доңғалақтар доңғалап,
Шығып Ұзынағаштан
Созылғандай алысқа.
Сібірге, оңтүстікке
Арқырап поезд асады.
Батысқа да Шығысқа
Құстай ұшқан поездар
Шөлді, құмды басады.
Теңіздерден, таулардан,
Шөлден, көлден, құмдардан,



Тайгалардан, орманнан
Асып өтіп әйгіге,
Шыққандай тұлпар бәйгеге
Тасқындай күші тасады.
Жердің гүлі аймағы –
Колхоздың алтын аңғары,
Бақ қонған сұлу таңдары
Құстай ұшқан поезды
Құшақтап қарсы алады.

Шойын жолмен жорғалай,
Жорға поезд алшақтай,
Домбыраның шегінде
Ойнаған шебер саусақтай,
Құйылғанда құйындай,
Үйріледі ұршықтай,
Жүгін тиеп зырлауда
Поездың жүйрік жампозы,
Тиеген жүгін Мәскеуге
Ерназардың колхозы.
Республика жолдайды
Мәскеуге сыйлық тартуын –
Меруерттей жайнаған,
Бидайдан сыйлық арнаған.
Тартуын артып арқырап,
Күн-түні поезд заулаған.
Тиер аппақ мақтаны,
Мамығы пүліш мақтаулы,
Мамығын қызыл түлкінің.
Асыр сап тауда ойнаған.
Сол поездың ішінде
Арналынған Мәскеуге,
Тиелген өлең жолдары,
Жамбылдың да жырлары
Халық сүйіп тыңдаған.



Поезд күн-түн заулауда
Күрілдеген тасқындай,
Оңтүстік, Батыс, Шығыста,
Сібірде, байтақ алысқа
Аңқуда күші асқындай.
Тиеп Мәскеу поезға
Қысында да, жазында,
Жібереді сыйлығын
Ерназар атты колхозға.
Топ-тобымен келеді
Машина да Мәскеуден,
Комбайнның көк құрыш
Асылы да Мәскеуден.
Келед қызға орамал
Онан жібек өтіп пе.
Келед ұлы Мәскеуден
Жігіттерге етік те.
Стахановшы ерлердің
Ісінен ол өңілген.
Стахановшы ерлердің
Күшінен сол көрінген.
Біз айбынды ерлерміз
Үстіне болат киінген.
Қол бастаған ер нарком
Берсе егер әмірін,
Дабылшы қыран атойға
Қақса егер дабылын.
Қырағы жас машинист
Шалынып дабыл хабары,
«Дайынмын!» деп береді
Гудокпен ащы жауабын.
Сонда болат тегершік
Темірді тебе өрге өршіп,
Рельсінді ұрады,
Кривоностың қуатты



Қолдары поезд бұрады.
Сонда: фашист ұясын
Талқандап, тау қиясын,
Отанның бронепоезы
Жапыра жуды қырады.
Сонда: әрбір бақташы,
Отанына болысад.
Бронепоезд өтсін деп,
Жауды жеңе жетсін деп,
Пулеметпен жол ашад.
Сонда әрбір қарауыл,
Сонда колхоз, бар ауыл
Гранитпен жол ашад!
Жасаған жоқпын мен босқа,
Жүз жасаған жасым бар,
Отан үшін сол кезде
Болады Жамбыл кочегар,
Паровоздың сол кезде
Жүрегіммен жүрегі,
Дүрсілдеп бірге соғады,
Ұшқандай тау түлегі.
Жанымның ыстық қанындай
Паровоздың парындай
Қайнайды матор тірегі.
Жол тартып сонда алысқа,
Батысқа, Сибирь, Шығысқа
Гүрілдеп темір тасқындай
Бронепоезд асқанда
Жол береді тау мен өр,
Тап сол кезде қырандай
Партия сөзін ұрандай
Шартарапқа шарықтап,
Жан-жақ бронепоезға
Ашады қызыл семафор.



ЖАУҒА – ОҚ

Жамбыл деген жай атым,
Халық менің шын атым!
Жал, құйрығым, қанатым,
Социализм Отаным,
Қалаған бақыт мұрасын.
Совет менің мыңдап жыл,
Аңсап тапқан мұратым.
Жаңқамды жауға бермеске,
Отанға берген бар антым.
Миллион-миллион барлық жан,
Арыстан жүрек ер балам,
Сарқылғанша тамшы қан,
Қорған, шебін құратын.
Жау мойнын жұлатын, –
Антым осы болатын.
Қасиетін Отанның,
Отаным менің шын дүние,
Аңсап адам тілеген.
Бейнесі оның нұрлы жаз,
Жер жасарып түлеген.
Ұзын өре өркені,
Күнде ұзарып үдеген.
Мұндай Отан қайда бар,
Бақытқа елді бөлеген?
Отаным елдің жанындай,
Қандай арсыз ала алар,
Қанды айырып денеден?
Кімнің оғы аспақшы,
Одағым тұрған төбеден?
Отпен ойнап күйгелі,
Жау жармасса шыңыма.
Қанды соғыс ол жауыз
Шала ұстаған қолына.



Соғыстың соққы жауабы –
Бірлік туы қолымда.
Ел көсемі сол кезде
Халықтың берер ұранын
Алпыс ұлттың айбынды,
Адалды сүйген ұлына.
Бейбіт жатқан еліңе,
Бір оқ атса, мың оқ ат!
Пасық аяқ аттаса,
Төбесінен тау құлат!
Қайтсын кейін қорғалап,
Ақсын қаны сорғалап,
Өз қанына бөгелсін,
Қанға болса құрқұлақ.
Тұяғымен танкінің,
Күлге айналдыр мылжалап!
Жыланға көз аштырмай,
Төбесінен бомбалат!
Бізде жауға рақым жоқ,
Жау жазасы жалынды оқ!
Таста кейін шаласын,
Өз жерінде жансын өрт!

БІЗДІҢ ОТАННЫҢ ҚЫРАНДАРЫ

Самғадым, тағы самғадым,
Домбыра алып толғандым,
Тауыма оқ атқанның
Құлатты қыран тауларын.
Таумен бірге құлатты
Жылмаңдаған жауларын.
Ауама оқ атқанның
Қырықты қыран ауларын.
Құтырған самурайлардың



Қиратты қол салғанын.
Суыма оқ атқанның
Селкілдетті өр, сайларын.
Бұлтыма оқ атқанның
Қол-аяғын байладым.
Айыма оқ атқанның
Батырды ерлер айларын.
Күніме оқ атқанның
Күл қылды ерлер жандарын.
Жеріме қадам басқанның
Басты әскерлер желігін.
Қырандар өскен қыршыннан,
Қыран құстай құлшынған,
Балаларының ерлігін
Көріп Жамбыл тасыған.
Тоқсанға келген жасында,
Жау аптығын басуға,
Ер баласы суыған
Ақ семсерің ашыла.
Айбынды жыр жырлайды,
Бұл жырым дос-досыма,
Бұл жырым қас-қасыма
Отанымның жауына
Жырым оқ боп шашыра!
Отан үшін майданнан,
Ер жүрегі таймаған,
Пожарский комиссар
Секілді айбынды өлеңім,
Ердің сүйген беренін,
От шашқандар жұртыма
Күйді өзінің отына.
Кір келтірмес ерім бар
Отанының атына.
Құтырған жау кездесе,
Қырандайын ерлерім



Бүріп тастап кетеді.
Қылыштайын ерлерім,
Қиып тастап кетеді.
Оқ атса жау еліме,
Жаудың тиген жерінде
Жауды жеңіп жапырып,
Аспанды жара ақырып,
Жау сүйегін жем қылып,
Үйіп тастап кетеді.
Көкке тіреу Құзар тау,
Құзар тауға түу сонау
Жапалақ ұшып жетер ме?
Айға шауып арыстан,
Өмірін сарқып тауысқан –
Деген нақыл бекер ме?
Шын туласа көк мұхит
Шың басына су құйып,
Салын батпай кетер ме?
Тауды ұшырғам сұрапыл,
Көптің күші бір дауыл
Кеселеп дұшпан өтер ме?
Аспанда тұрған ай Отан,
Көкте тұрған күн Отан,
Күллі әлемді қуантқан
Гүл жайнаған нұр Отан.
Көп көксеген тілектен,
Ірге салған шын Отан.
Эльбрустің тауындай
Үздік шыққан ірі Отан.
Өмірінің таңына,
Ел мен менің бағыма
Күннен алған гауһарым –
Социалистік ұлы Отан.
Ұлы Отанды есейтіп,
Ес берген де партия.



Ұлдарымды батыр ғып
Өсірген де партия.
Қырағы ғып ұрпаққа.
Күш берген де партия.
Найзасы өткір ақ алмас
Салса тастан өтеді.
Қылышы өткір мұқалмас,
Шапса тасты кеседі.
Аты жүйрік әскерім
Қуса жауға жетеді;
Қолы күшті батырым
Қай жау аман кетеді.
Қалың қолдан қаймықпас
Жігіттері жетелі.
Ойға алғанда заманды,
Заманымның тұлғасы
Компартия данамды.
Бақыт нұрын құйды да
Гүлдендірді даламды.
Шыңға шыққан шынардай
Шынықтырды адамды,
Батыр қылды баламды.
Қия таста таймайтын
Құйма құрыш табанды.
Шегіме жау келмейтін,
Жауға жаңқа бермейтін,
Ұлы Отанның шегіне
Соқты болат қамалды!
Жапонның жауыз жендеті
Күйерін білмей отта ойнап,
Батарын білмей суда ойнап,
Бізге аузын ашқанда,
Бізге қадам басқанда
Ұлы Отанның күшінен
Күл-талқан боп жоғалды.



Күзеттегі ұлына,
Жеңіс жырын ағыза,
Жырдан шырын тамыза,
Алғыс айтып ерлікке
Қуанды, Жамбыл, қуанды!

ҒАЛЫМ ІНІМЕ

Қош келдің, ағанды іздеп ғалым інім,
Жасарған өркені өсіп жаңа өмірім.
Асауын табиғаттың бағындырған,
Тірегім – өрістеген оқу, білім.

Заманы ұлы Октябрь үдемелі,
Бақытқа адамзатты бөлегелі.
Жамбылдың бұрынғыдан жыры басқа,
Халықтың орындалып тілегені.

Бұрынғы зарлы жыры шаттық болды,
Ашу-араз орнына достық болды.
Достықтың ұйытқысы Компартия
Күннен де жүрегіме ыстық болды.

Мен оны ешқашан да ұмытам ба,
Іздесем, досым, бұрын табылған ба.
Мінекей жер шетінен іздеп келдің,
Жолықтым бауырыммен сағынғанда.

Теңіздей тағы болдым тасытқандай,
Тасқан жүрек жауларды жасытқандай.
Отыр, ғалым, әңгіме айт, мейірім қансын,
Сөзің бар қайтам деген асыққандай.

Ғалымдар біздің елде таудан биік,
Оның орны жоғары – халқы сүйіп.



Ғалымға да қамқоршы Компартия,
Сондықтан құрмет етем басымды иіп!

Басталса арсыз жауыз жаудан жорық.
Бірлікпен батыр шықпақ елді қорып.
Көп ұлтты, мықты достық ұлы Отаным,
Сүйегін көлге тастар күл ғып үгіп.

Уа, інім, құрметіңе өлең айттым,
Тақалып жүзге келген Жамбыл қартпын.
Бауырым, ұлы Россия – Отаныма
Қартынан Қазақстан сәлем айтқын.

ТРАМВАЙ

Күнде, күнде құлпырды
Алатау сенің бауырың.
Трактор мен комбайн
Күрілдеді ауылым.
Сансыз жапа бейнеттен
Арылғанда халықым.
Құлазыған далада
Қаланың құрдым алыбын.

ЦК тұрған Кремль –
Соғып тұрған жүрегім.
Сол жүрек маған жан берген
Шалықтап өмір сүремін.
Шаттықтың берді шалқарын,
Қуанам күнде, күлемін.
Үздіксіз маған нұр құйып,
Орындалды тілегім.
Ақ домбырам арындап,
Арнадай ағып сарылдап,



Жырыңды ағыз халыққа,
Бүгінгі жырың асыл жыр,
Жыр біткеннен басым жыр,
Тыңдаудан құрыш қана ма,
Алматының көрігі,
Адамның жүйрік көлігі
Трамвай жүрді қалада.
Ұлым, қызым өмірім,
Заманға құрдас серігім,
Жырдан шашу балама!
Трамвайшы балалар,
Атаңнан ақыл ала бар,
Күшейте түс тоғиңді!
Қалаң менен далаңа
Сөнбес жағып шырақты,
Ұзайта бер жолыңды,
Босатпа бірлік тобыңды!
Мадридта, Шанхайда
Бүлдірген елді айуанға
Тарт деңдер жауыз қолыңды!
Шектен жаулар асқанда,
Аяғын қия басқанда,
Тогындай күшті оғыңды,
Тас-талқан ғып уатып,
Сүйегін жардан құлатып,
Дүниеден жоқ қыл көрімді!

ҰШҚЫШ ҚЫЗДАРЫМА

Жаһанда бір жерлер бар,
Аңға ұқсаған елдер бар.
Ол елдердің байқасам
Капитал елін байқасам,
Құлпырған біздей түрі жоқ,



Оның жұпар гүлі жоқ,
Бұлбұлы жоқ, үні жоқ.
Ерлік етер ұлы жоқ,
Еркін өскен қызы жоқ,
Ондай елдің көшерін
Ұйтқып соққан жел білген,
Қонарын терең сай білген,
Ондай елді жырламан.
Мен жырласам, бақ қонған,
Өмірі өрлеп шаттанған
Өз елімді жырлағам,
Жырлаймын әлі, жыр табам,
Біздің ел – бір бақытты ел,
Лениндей күні бар.
Құлпырған қамқа жерінің
Суы бал да, гүлі бар.
Сол елменен бірге өскен,
Жамбылдың да ілескен
Әні, жыры, үні бар.
Біздің елді мен айтсам,
Асауды күшті жеңген ел.
Бағындырып полкосты
Самолетке мінген ел.
Ер жігерлі қыздарым
Бағынтты полюс мұздарын,
Бізде қыз да, ұл да есті,
Тел құлындай тең өсті,
Біз – көк, судың қожасы,
Жаңадан дүние жабдықтап,
Қол қусырды табиғат,
Сүйіндірді қыздарым
Полюске самғап ұшқаның.
Жамбылдың да өлеңі
Самолетпен бірге ұшты.
Бөбегім де, ұлым да,



Қыздарым да жыр құшты.
Қыздарым гүл құшарсың,
Тағыда тағы ұшарсың,
Қусаң құсқа жетерсің.
Қызуында майданның
Самолетпен жауларды
Жеңіп талқан етерсің.
Миллиондаған ұл, қызым,
Отанның көркі жұлдызым,
Отан үшін қақ қанат.
Өсірген еркін ұрпақты
Отанға мың рақмет!

ҮЛКЕН МХАТ-қа

Ел өссе жер үстінде, мендей өссін,
Отанның бақшасында гүлдей өссін,
Өрістеп ұлы ұяда, қыз қияда
Мұхиттай суы шалқып желдей ессін.

Ел өссе, мендей болып ғылым өссін,
Техника, мәдениет, білім өссін.
Басшысы большевиктер, елі ерікті,
Өнерден басып өтпес менен ешкім.

Ұясы көркемөнер МХАТ ордам,
Шарықтап елім үшін еңбек қылған.
Өнерпаз, әлемге үлгі ұл өсірдің
Алтындай зер шебері тартқан сымнан.

Алып ел, әлемдегі алып өнер,
Қырық емес, жүздеген жыл тойың келер.
Өнердің жер үстінде нұр бесігі,
Мәпелеп ұл мен қызды өсір шебер.



Мен, Жамбыл үлкен МХАТ саған арнап,
Жіберем елден алғыс сәлем жолдап.
Өс, өрле, мәдениет қазынасы бол,
Жеңімпаз Октябрьдің туын қолға ап!

ЕЛІМНІҢ ҚЫЗДАРЫНА

Танадай көзі жайнаған,
Талпынса қанат талмаған.
Қуанышты қыздарым
Беті қызыл алмадан.
Алтын кірпік, ай қабақ,
Жамалы жарқын, айнадан.
Жүрегі қызыл Кремль
Жұлдызындай ойнаған,
Көкте болса көгінде.
Жерде болса жерінде,
Қолға алғанын қопарып,
Құлшына жеңбей қоймаған.
Алатаудың бақытты
Бұлбұлындай сайраған.
Бақ дарыған Отанның
Қыздарым жерін жайлаған.
Қартайған Жамбыл атаңның
Қыздарымдай жасарған,
Жыры бар сізге арнаған.
Сол жырды енді айтамын,
Қыздарымды көргенде,
Көрген сайын жасарам.
Сендермен бірге жүргенде,
Төбем көкке тиеді.
Қуана сіздер күлгенде,
Жамбыл желдей еседі
Көмейден өлең келгенде.



Бірің білгір оқушы,
Бірің кілем тоқушы,
Бірің доктор, кейбірің
Далада алтын колхозшы.
Соны көріп қуанад
Тоқсанға Жамбыл жеткенде.
Құлшынбай Жамбыл не қылсын,
Тоқсан жасты бүркіттей
Бүріп тастап жеңгенде.
Көлде жүзген аққудай
Қызымды да өсірген,
Шахтаның тасын уатқандай
Ұлымды да өсірген.
Жүрегімнен жылжыған
Жырымды да өсірген.
Күннен де нұрлы партия
Осыларды өсірген.
Отан үшін, ел үшін,
Толқыны күміс көл үшін,
Шөбі шүйгін жер үшін,
Отанды күндей күлдірген
Партиям үшін, ел үшін
Қыздарым гүлдей жайнаңдар,
Еңбекке, іске таймаңдар!
Сендер де бір әскерсіз,
Ел шетіне жау келсе,
Тас-талқанын шығарып,
Жай тасындай қайнаңдар!

ЖАСТЫҚ ЖЫРЫ

Жүрегім менің елжіреп,
Көзімнің жасы мөлдіреп,
Өткізіп ем ертерек,



Өксумен бала шағымды.
Көксегем бірақ көбірек,
Бақытты болашағымды.
Алба-жұлба киініп,
Кедейлікке күйініп,
Жаяулап жерді жағалап,
Домбыраны сабалап,
Безегем тіл мен жағымды.
Иегіме сақал біткенше,
Октябрь нұры жеткенше,
Аймалап туған еліме,
Күн гауһарын сепкенше,
Жаралағам жанымды.
Ленин менен партия,
Октябрьде таңымды
Атқызғанда аялай,
Қой үстіне бозторғай
Жұмыртқалап ұялай,
Туғызды оңнан айымды!
Сонан былай өмірдің,
Құсы қонып қолыма,
Құстай ұшқыр сезімді
Беріп менің жаныма.
Жеткізіп Жамбыл өлеңім,
Отанымның ойы-қырына.
Қанат қаққан сұңқардай,
Қарасам жан-жағыма,
Жер жаңарып, ел өрбіп,
Көрді жастар шолпандай,
Шалқыған шаттық шағыңды.
Бәрі балам немерем,
Немерем мен шеберем.
Оның атын сұрасаң,
Бақытты туған комсомол.
Комсомолдар шүйілсе,



Тастүлектей түйілсе,
Халық жауы, тап жауын
Жымырып жерге шаншады ол.
Таң жастары жайнаған
Компартия баулыған,
Қарашы, міне, қаулаған
Комсомолдар қанша мол!
Ұлы Ленин ұрпағы
Гүлдерім менің – комсомол.
Жасым кәрі болса да,
Жүрегім менің комсомол.
Қанаттанған қырандай,
Қадірлі елде комсомол.
Қызығамын көргенде,
Болсам деп мен де комсомол.
Толып жатыр Отанда,
Ұлым менің комсомол.
Жасым кәрі болса да,
Жырым менің комсомол!
Бағы ашылған елімде,
Ұлдарымның үніне,
Жасарған менің әнім де,
Тұра ала ма қосылмай!
Сендердің ыстық қандарың,
Нұрлана түссін таңдарың,
Айналайын айбарлы,
Жүректі жас балдарым.
Осындайда сендерге
Жыр тұрсын ба жосылмай!
Туса тусын туындап,
Жас дегенің осындай!
Кеп-кеше туған бала еді,
Жетіп қапты жиырмаға,
Жігіт боп бәрі өсіпті,
Не деген шіркін несіпті!



Өмірдің балын жесіпті,
Егілген ойға, қырға да,
Елге дағы, жерге де,
Көкке дағы, көлге де,
Анаға да, ұлға да,
Өмір беріп ерге де,
Бақыт беріп нұсқаған,
Ер комсомол ұрпаққа.
Ерлік қадам бастырған,
Ұшқыш етіп жастарды
Ұшса көктен астырған,
Ер боп өскен жастарға,
Өрле деп биік асқарға,
Өрлеу жолын ұсынып,
Күннен де биік ұшырып,
Мұз түндігін аштырған.
Улы оғын шашыратып,
Ұлы Отанға тас атып,
Жау келсе егер лепіріп,
Жауды жеңіп, жапырып,
Қас қылғанды тас қылған!
Соның үшін толғанып,
Домбырасын қолға алып,
Түсіріп жырды жортаққа,
Жиырмаға жетіп жасанып,
Жауға қарсы қасарып,
Жеткен жасты көргенде,
Кәрі Жамбыл жасарып,
Отан үшін майданға
Барады Жамбыл жырымен
Өлеңнің көлін тастырған.



ОКТАБРЬ ҮШІН

Арындаған тұлпардай
Домбырам қосылад ағыла,
Тау шоқысы Талғарым,
Күн тұғыры заңғарым
Жиырма бірде комсомол
Балам шықты қарыңа.
Жиырма бір жыл жаз да өтті,
Жиырма бір жыл қар кетті,
Жиырма бір жыл бәйшешек
Жиде болды тауыма.
Октябрь таңы атқанда,
Жиырма бір жыл нұр құйды.
Блайсаң дүние шаңына
Нұр құйғанда не берді?
Қураған шынар көгерді,
Жапырақ өсіп жайқалып,
Гүл оралды сағына.
Таудан соққан дауылдай,
Сорғалап құйған жауындай,
Тоқсаннан асқан Жамбылың
Жыр тоғытты тағы да.
Ніл суындай ағыза,
Бал суындай тамыза,
Жиырма бірде жаңа жұрт –
Достық, туы – алпыс ұлт
Қызу берді қаныма.
Ел есейді, ер жетті,
Ескіден қалған шер кетті.
Ел басшысы партия
Желі тартқан бағыма.
Алмасындай Үндінің
Өткірленер күн бүгін.
Қайыспас құрыш қаусырма



Қуат біткен жағыма.
Бабы келген тұлпардай,
Шабыты келген сұңқардай
Жыр теңізін шалқытар
Жамбыл келді бабына.
Сегіз перне, екі шек,
Кәрі саусақ үйреншек,
Тілге коса самғатып
Салайын шаттық сазына.
Жыр тыңдасаң, шын тыңда,
Хантәңірдей шың тыңда,
Каспий, Арал кел тыңда,
Оңтүстікте құм тыңда.
Саңырау болған Сарыарқа,
Алатауым, Алтайым
Октябрьге жеткенше,
Басыннан тұман кеткенше
Тозығы жеткен тон болып
Сен де мендей қартайдың.
Жиырма бір жыл жарық күн
Қуат берді бойыма.
Жаңа дүние жаңа жыр
Толқын берді ойыма.
Құлазыған даланың
Құт ұйытты қойнына.
Алтын ақты Алтайдан
Шашу болды тойыма.
Қарағанды, Қарсақпай
Ашты қойнын алшақтай.
Ембі емшегін идірді,
Емген елі тойына.
Қаратау, Шымкент күшке енді,
Балқаш, Қоңырат мыс берді,
Ерікті елдің қолына
Берді барын бойында.



О, Алатау, Алатау,
Алтай, Арқа, Каспий-ау!
Оның қарсыз солық мұз,
Сен түлеген тоты құс.
Теңеу бердім жаннат деп,
Теңеу бердім гүл бақ деп,
Себебі бар мұнымның
Октябрьде берілген
Бойында бар жаңа күш.
О, кең дала, кең дала!
Елің жаңа, жер жаңа,
Жанған шырақ айнала,
Сырттан батпас саған тіс.
Ұлың, қызың білімпаз,
Жерің гүлбақ, күнің жаз.
Жаса, Октябрь – өрісте!
Отанымнан өтті қыс.

ДӘРІГЕРЛЕР СЪЕЗИНЕ

Қазақтың тиеп алған көп мақалын,
Мен өзім көпті көрген ақ сақалмын.
Дәрігерлердің съезін құттықтарда
Солардың бәрін де мен есіме алдым.

«Байлық алды – денсаулық» – деген мақал,
Ғасыр бойы жатталып келе жатқан.
Халық айтса қалып айтпас дегендейін,
Дұрыс-ақ, орынды сөз тауып айтқан.

Өткен күн көзге танық, ойға елесті,
Білемін қан сасыған заманды ескі.
Жасы жүзді қусырған кәрі Жамбыл,
Басынан өткерген ғой не белесті.



Қанқұйлы Николайдың заманында,
Езіліп елім оның табанында.
Халқымды қай-қайдағы ауру басып,
Оба кеп, елді қойдай қырмады ма?

Оба кезіп қазақтың сар даласын,
Өлімнің жалаңдатып ұстарасын.
Нелер қыршын, нелер сабаз халық ұлының
Мезгілсіз қиып кетті жас колқасын.

Сүзек, шешек, мерездер айналдырып,
Халқымды аурумен булықтырып,
Есімді, еркімді алып езген патша,
Қырылса қараған жоқ мойнын бұрып.

Нұр шашқан жаңа дәуір заманасы,
Халқымның бәрі түгел мал мен басы.
Аурулар әлдеқашан арылды елден,
Қазақтың дем алды еркін сахарасы.

Партия ардақтайтын адам басын,
Аударып халқыма шын ықыласын.
Елімнің денсаулығын ойлайды ылғи,
Күлімдеп күн сияқты нұрын шашып.

Гүлденген қызғалдақтай қыздарымның,
Айбатты арыстандай ұлдарымның.
Дені сау, әл-қуатты болуы үшін
Салады Кремльден көзінің қырын.

Құттықтап съезінді, дәрігерлерім,
Бәріңе жүрегіммен сәлем бердім!
Денсаулық майданында, балаларым,
Әрдайым орындандар ел тілегін.



Атану ел дәрігері үлкен атақ,
Сақтаңдар сол атақты іспен ақтап.
Сақтаңдар денсаулығын Отанымның,
Құртыңдар ауруды келген отап!

СӘЛЕМ БЕРЕМ МӘСКЕУГЕ

Сәлем берем Мәскеуге,
Арман бар ма, Мәскеуім,
Сені көрген адамда.
Сендей сұлу қала жоқ,
Он сегіз мың ғаламда.
Уа, құрметті астанам,
Сәлем бердім өзіңе.
Мені тарттың алыста,
Жылы ұшырап көзіме.
Отанымның жүрегі,
Жалтыраған айнадай,
Көшең қандай сәулетті,
Аспан зәулім үйлерің,
Тұрғындарың дәулетті.
Күллі ғалам көз тігіп,
Москва саған қарайды.
Бақыт тапқан біздің ел,
Өмір гүлдеп күлгенде,
Нұрлы астанам Мәскеуім,
Жүрегіне санайды.
Отанымның тамырына,
Барлық бақыт, барлық ой,
Кремльден тарайды.
Дүние жүзі бұл күнде,
Москва сені біледі.
Шет елдерде езілген
Қан аралас жас ағып,



Екі бірдей көзінен.
Аш, қорлықта жүргендер,
Саған көзін тігеді.
Сенен үлкен күш алад,
Жауларымен күрессе,
Арта түсед жігері.
Кремльдің басында,
Қызыл жұлдыз жанып тұр.
Ол елімнің бақыты,
Ұлы Октябрь берген нұр.
Астанамды аралап
Салтанатын қарадым.
Мавзолейге бас идім,
Әсер алдым, жыр құйдым.
Аспандаған үйлердің,
Қабаттарын санадым.
Анау тұрған әдемі үй,
Күн отырған Кремль.
Жатыр Ленин жанында,
Күндіз, түні тыңдаумен
Отанымның жүрегін.
Астанамды көргенде,
Қуат кірді бойыма.
Жүрек сондай қуанып,
Өлең түсті ойыма.
Ағындагты жырымды
Күн сияқты Кремль.
Сәлем, қызыл Мәскеуім!
Отанымның жүрегi.
Халық бақытын жыр қылған,
Дала ақыны Жамбылдан
Мәскеу, саған көп сәлем.
Жаса, ардақты астанам,
Көзін тіккен күллі әлем!



ЛЕНИН ОРДЕНІН АЛҒАНДА

Замандасым, құрдасым,
Халқым сүйген Калинин,
Аға-інілі кездестік,
Сағынысқан іңкәрім.
Жіберген соң тұлпарын,
Шаттық толды көңілге.
Жамбыл келді Москваға,
Күн сияқты Кремль –
Отанымның жүрегі.
Шарықтатып ойымды,
Күшке бөлеп бойымды,
Тасқындады өлеңім,
Күн бейнелі елімнің
Берген сыйын аламын.
Міне, Ленин орденім
Көкірегіме қададым.
Құрдасымын ғасырдың,
Күмісі бар шашымның.
Бақыт берген еліме,
Нұр бітірген өңіме,
Заманымның шындығын
Халқыммен бірге жыр қылдым.
Кремльдің төрінде
Серт етемін өмірге,
Жүрек соғып тұрғанда,
Асқан ұлы бейнелі
Негізі болар жырымның,
Лениндік ЦК штабым,
Өмірдің берген ұшпағын.
Қуат барда бойымда,
Өлең түсер ойыма.
Халықтардың туысқан
Оттай ыстық достығын



Жырларыма қосамын.
Сүйікті анам – Отаным –
Сені мен ылғи жырлаймын.

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЕКІ ЖЫЛДЫҒЫНА

Тасы Жамбыл өзендей
Үйдек-түйдек жыр ағыз.
Сұрағанда жырыңды,
Өзің сүйген қалың көп
Көмейіңе үн беріп,
Домбыраға күй беріп,
Бүгін алға келгенде
Жырлайтұғын күн нағыз.
Советтік біздің ұлы заң
Бар бақытың табылған
Әр сөзіне күш беріп,
Күндей нұрға суарған.
Халқым сүйген адамның
Өз қолымен жазылған.
Сусындадым сол заңнан,
Қуат алған, күш алған,
Жүз жасаған жасымда,
Ақ кіргенде шашыма.

Мен өмірге көз салдым,
Көп жыл бойы зарладым.
Мен заңдарды көп көрдім,
Бір ғасырлық жасымда.
Нелер сұмдық заманды
Мен басымнан өткіздім.
Талай-талай заң көрдім,
Зар жылаған күн көрдім,
Ескен ащы мұң көрдім.



Сонау өткен қу заман,
Адыра қалған өңкей заң
Үмітімді өшірді.

Советтік жаңа ұлы заң
Көсегемді көгертті,
Ырысымды көбейтті,
Көңілімді өсірді.
Осыншама ұзақ жасымда
Советтік мына заңындай
Әділ заңды көргем жоқ.
Қуанамын сол заңға,
Жанарымда жанады от,
Тек советтің заманы
Халқыма күліп қарады.
Алтын заңды жырласам,
Жырым шалқып дариядай
Толқындайды, ағады.
Советтік біздің ұлы заң,
Оның әрбір сөзінен
Нұр тамшылап тамады.
Біздің елдің адамы
Советтік жаңа бұл заңнан
Бақытын, ойын табады.
Жырлай қалсам сондықтан
Аттай ұшқыр шабады.
Жамбыл заңды жырласа,
Шыққанында жыр дауыл
Күллі совет қауымы
Оған құлақ салады.
Советтік алтын заманым
Білмегенді білгізді,
Жылағанды күлгізді.
Есек мінген қазақ ем,
Хан, патшаға мазақ ем.



Бақыт берді өзіме,
Жігер берді сөзіме,
Нұр ойнатты көзімде,
Әсер берді сезімге.
Бұл заманның тұлпары –
Отарбаға мінгізді.
Иесіз жатқан сары дала,
Жаңаланды, жайнады.
Самаладай көп үйлер,
Салдырды оған сан қала.
Жүрегімді жарық қып,
Білімге енді қарық қып,
Советтік біздің ұлы заң
Өркенімді өсірді.
Жырлағанда заңымды,
Заңдағы көп бағымды
Көмекейім көсілді.
Советтік алтын заманым
Қызық дәурен сүргізді.
Мектеп ашып оқытты,
Білімге бөлеп ұл-қызды.
Жасай берсін өмірім,
Өсе берсін көңілім,
Нұрға орансын көп жүрек.
Өркендеткен елімді,
Гүлдендірген жерімді,
Бізге ұлы заң берген,
Сұрағанда күллі елім,
Қуанғанда жүрегім,
Халық атынан айтамын
Партияға рақмет!



«СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН» ТОЙЫНА

Құттықтаймын өлеңмен,
Шыққанда бес мың нөмірің.
Сенің әрбір бетіңнен,
Көрем елім өмірін.
Балаларым оқыса,
Не жазған деп тыңдаймын.
Әрбір сөзін тыңдасам,
Өсе түсер көңілім!
Біздің елде баспасөз –
Айтар сөзі халыққа
Коммунизм ұраны.
Большевиктік баспасөз,
Күрес ашып жаулармен,
Бақытты өмір құрады.

Нөмерің толған бес мыңға,
Өлең түсті ойыма.
Елімізде шығатын
Шындықшыл көп газеттің
Берер батам – бірі бол!
Сөйле шындық сөзімен,
Партияның тілі бол!
Сталиннің тілі бол!

МАЛ ӨСІРГЕН АЙМАҚҚА

Төрт түлікті өсірген,
Тұнық суды кешірген,
Колхоздағы ерлерім!
Құтты болсын съезге,
Басты қосып келгенің.
Малды өсірген, өргізген,



Шалғынды шалып жегізген,
Малға жайлау жайнатқан,
Тау бауырын жайлатқан,
Құлындатып биені,
Боталатып түйені,
Мыңғыртқан малды елім бар,
Біздің алтын аймақтан!
Төрт түліктің тұяғы,
Жерді шарлап із еткен.
Шабандарым асқарда,
Жегізбей малды қасқырға,
Күні, түні күзеткен!
Ай мүйізді сиыры,
Желінінен сүт аққан.
Тау өркешті аруана,
Ағылған шартараптан.
Күңгір-күңгір кісінеген,
Алтын жалды арғымақ.
Шапса жерді қуырған,
Ескен желдей ағындап.
Қой қозысы құландай,
Ешкісі бөрте бұландай,
Колхозда өскен түлігім
Жайылған қаптап табындап.
Малым тұрсын жерімнің
Меруерт болды әр тасы!
Бағы қонған елімнің,
Құлпырған мынау жерімнің,
Отаным құрыш қалқасы!
Малыма шөп болатын,
Шалғыны шалқар көлімнің,
Алтын дәні аймақты,
Аялаған елімнің,
Күнім менен көгімнің,
Жаннат болған жерімнің



Себебін халқым сұрасаң,
Партияның арқасы!
Немерем, ұлым, балаларым,
Өсе берсін малдарың!
Малға қастық қылатын
Құрт Отанның жауларын!
Қой үстіне бозторғай
Жұмыртқалап ән шырқай
Тұрған кезде қарт Жамбыл,
Секілденіп дәл бұлбұл,
Партияның атына
Жырлаған, жырлайд жырларын!

ЗАМАН

О, Сталин, Сталин,
Ұлым және ұстазым.
Домалақ жердің бақыты
Сен қызыл ту ұстадың.
Бақытты заман көркі деп,
Бақытты елдің еркі деп,
Бақытты туға сап қылып,
Мен домбыра ұстадым,
Қуаныш жырын бастадым.
Бұл бастауым қай мезгіл?
Ерте ме, кеш пе жұрт айтсын.
Алатаудың қойнында
Тоқсан үш жыл жайладым,
Тоқсан үш жыл қыстадым.
Қартайған Жамбыл жарқылдап,
Қартайған дауыс сәмпылдап
Шыққан күні дос күйді.
Жер беттейді дұшпаным,
Бойыма біткен қуатым,



Шаттық теңіз – суатым,
Тіріде жеткен мұратым,
Сталин менің ұшпағым,
Тыңдасын досым, дұшпаным.
О, Сталин, Сталин,
Елге шырай, өң бердің.
Діңкелеген халыққа
Қолын ұстап дем бердің.
Өзегі талған халыққа
Ағыл-тегіл жем бердің.
Қапаланған халыққа
Денесі сезгір жел бердің.
Тандыры кепкен халыққа
Шалқып жатқан көл бердің.
Есікте жатқан халыққа
Мақпал төсеп төр бердің.
Жерін, суын бай алған,
Сеңге соққан балықтай,
Боран соққан арықтай,
Ескегі жоқ қайықтай,
Еркін жеткен халықтың
Ерік бердің, жер бердің.
Ала құла әл жайын
Еңбекке өлшеп теңгердің.
Мойынға қол салысқан,
Аузынан бал алысқан,
Бал қаймақтай достығы
Бірге туған ел көрдім.
Бұл сияқты дәулетті
Ұл Сталин сен бердің.
Мен түлегің, сен шыңым,
Құзыңнан ұшып өрледім.
Шырылдап көзім ашқанда,
Тәй тұрып аяқ басқанда,
Сүйерім менің ел дедім.



Дария боп жырым тасқанда,
Алатаудан асқанда,
Құятын елді көл дедім.
Көз салып қарным ашқанда,
Әл, қуатым қашқанда,
Халық болды сенерім.
Майлы басын жырымның,
Басқаға бөліп сермедім.
Патша болып, хан болып,
Манап болып, бай болып,
Жетпіс екі жыл бойы
Түспек болып келсе де,
Ел де, мен де өлшедім.
Қайта жасап қайнадым,
Бұлбұл болып сайрадым,
Союз атты кең қоныс,
Сонау Қырым күнбатыс,
Сонау Камшат күншығыс,
Арасында алып ел
Бәрі алдыма жиналған,
Өлең айтып, ән салған,
Дүрсілдері жер жарған,
Ұлы думан той қылған
Тоқсан үште бір шалға.
Ғасыр жүрген мен Жамбыл
Мұндай енді көрмедім,
Есітпедім, білмедім,
Ұлым, қызым, ей, халық!
Комсомолым, сендер –
Қызғалдығым, шешегім,
Ел басқарған көсемім,
Ел ақыны шешенім,
Тойларыңды бастайын.
Хан билеген қанды күн,
Қайғылы күн, зарлы күн,



Шыңғыс хан,
Әбілқайыр, Жәнібек,
Аяғы соның көп сұлтан,
Көрген кезде қыспағын,
Қорқыт деген кім еді,
Қуумен (*сөз жоқ*) жүр еді.
Дүние кезіп қашумен
Өмір сақтау тілері.
Ондай қашқан Қорқыт жоқ,
Ол халықтың жыры еді.
Өлім болып қан құсқан,
Қашып жүрген ел еді.
Ел әулие болмаса,
Өз тұрмысын сол күнгі
Қорқытқа неге теңеді.
Асан қайғы, жиреншем
Болды ма, жоқ па кім білсін.
Тоқымдай жерден қорығып,
Көздей (*...оқылмады*) көрінсе,
Алдына алып әлпештеп,
Атыма дейтін – өңгерсем.
Жерді неге сүйеді,
Сол үшін неге сүйеді.
Ел тілегі көп тілек,
Ол да соның бірі еді.
Жер аңсаған ел еді
Көрден туған (*...оқылмады*)
Көрнекті жақтан ел ұлы
Көрде жатып жетілді.
Еркін жерде өсе алмай,
Көзге түсіп кете алмай,
Кемеліне келгенде
Көрге неге бекінді?
Кемелге келген (*...оқылмады*)
Көрінді де бел алды,



Еңбегімен ел алды,
Ел-жұрт үшін жер алды,
Үш жүз жылдан асырып,
Өмірден орын көп алды,
Көп халықтың тілі мен
Таусылмас жыр бола алды.
Ел әулие болмаса,
Туғызып көрден неге алды.
Көрден туған ел едің
Бейнемен айтқан мен едім.
Тағы бір бейне Өтеген,
Қос іздеп кетпеген
Шырқ айналып дүниені
Олар міндей Өтеген.
Патшаның суық ызғары
Қумады кімді мекеннен.
Өтеген елдің тілегі ед,
Дей ұмтылған жетемін.
Жеттім міне, ел бүгін,
Той тойладың сен бүгін,
Қайта тудым мен бүгін.
Айтсам теңеу жетер ме
Сталиндей алыпқа.
Ақ домбыра қолға алып,
Айлар, жылдар толғанып,
Бар бейнесін теңедім,
Күннен түскен жарыққа.
Халық айтқан соң қалып айтпас
Ұғады соны халықта.
Ей ақындар, шешендер,
Туған анаң халыққа
Қызмет етем десеңдер,
Әлі де соны анықта.



1939







ЖАҢА ЖЫЛ

Домбыраны қолға алсам,
Ағылған күй мен жыр көрем.
Өміріме көз салсам,
Жайнаған жарқын нұр көрем.
Туған айға қарасам,
Теңеліп өсіп аласам,
Жанға жайлы жанары,
Жылжып бір келген жыл көрем.
Бақытты халқым, шат елім,
Жаңа жылдың келгенін,
Шаттықпен қарсы ала біл.
Күмістей қардың суынан,
Суарылған қырынан,
Көктемде егін салады.
Жаңа жыл жылжып келген соң,
Өндіріс те өрлесін.
Тебіндей өскен төрт түлік,
Туындай түлеп төлдесін:
Жаңа жылда мың бұрап,
Домбыраның пернесін,
Жамбыл да күндей жарқырап,
Жамбыл бір құлаш сермесін!

ОРЫНДАЛҒАН АНТ ТУРАЛЫ ЖЫР

Ленинге ұлы нұрдайын
Жыр арнап, оның дидарын
Тіл жеткенше сипаттап,
Құяйын өлең балдайын.
Бірге туған Ленинмен,
Тұңғиық теңіз түбінен,



Сүзіп бір алған інжудей
Сөз асылын таңдайын.
Көсемім көркем келбетің
Арайлап атқан таңдайын,
Көзің шолпан жұлдыздай,
Жиһаннан биік маңдайың.
Жүрекке жылы, көзге ыстық
Туған алтын айдайын.
Көз алдымда тұлғаң тұр
Биік бір зеңгір таудайын.
Халықты нұрың қарық қып,
Қараңғыны жарық қып,
Жарқырап жанған шамдайын.

Сен туғанша әлемге
Күн туды ма көгінен?
Сен туғанша әлемге
Туды ма ай көк төрінен?
Сен туғанша әлемге
Жыл жарды ма жерінен?
Сен туғанша біздің ел
Арылды ма шерінен?
Сен туғанша кетті ме,
Бұлт асқар тау белінен?
Асыл Ленин сондықтан
Сен нұрлысың күннен де.
Асыл Ленин сондықтан
Сен сұлусың айдан да.
Тарихтың ұлы алыбы
Сен биіксің таудан да.
Халыққа қанат қаққызған,
Әлемге таң атқызған,
Сен жарықсын таңнан да.
Жалыннан күшті бір отсың,



Күннен де күшті қуатсың,
Туған бір біздің жалғанда!
Мавзолейді мен көрдім
Тоқсаннан асқан жасымда.
Құшақтап қана сүйгендей
Тұрдым біраз басында.
Езу тартып, көз жұмып,
Жатысыңа жан ұйып,
Балқытқандай келбетің
Таудың қара тасын да.
Нақ өзіңдей пішінде,
Қырандайын күшінде,
Орындап берген ұлы антың
Кремльдің ішінде –
Сталин тұр қасында.
Партия атын жоғары
Таза қылып ұстадың.
Деп еді, – Ленин , – ұлы антын
Орындады Сталин!
Отанның ұлы одағын
Нығайтып кеп ұстадың.
Лениндік ЦК – штабым
Сусынындай жанымның,
Ыстығындай қанымның,
Жарқырап атқан таңымның
Ұлы Ленин алыбы.
Ленинше туды ұстаған,
Ленинше елді бастаған
Бүгінгі Ленин – Сталин.
Лениндік ЦК – штабым,
Жарығымның жарығы!
Ұйықта, Ленин данышпан,
Өлген жоқсың, тірісің,
Жүрегінде халықтың,



Нақ төрінде тарихтың,
Жарығында жарықтың,
Өмірдің де нұрысың,
Сен жерімнің гүлісің,
Сен елімнің тілісің,
Жерімнен ағып құйылды
Қызыл алтын, күмісім.
Рең шашқан өмірден
Өрбіді менің ырысым.
Компартия – көсемім,
Көркейткен қызыл штабын!
Жалыннан күшті бір отсың,
Күннен де күшті қуатсың.
Өзіңнен ғана алынған
Менің дағы тынысым.
Жаңа күшпен тасқынды,
Өрлеген шарлап аспанды,
Жүз жасаған жасарып
Жамбылдың да жырысың!

ЕГІС ЖЫРЫ

Аспаннан аппақ қар жауды,
Қар емес, жерге нұр жауды.
Осы қардың егіске
Болашағы болжаулы.
Көктен түскен күміс қар
Жер мейірін қандырдың.
Тазалығы ақ қардың
Сақалындай Жамбылдың.
Аппақ қарды кара жер
Суырып сүттей емеді.
Емсе емсін, сол жерге



Ел егісін егеді.
Көктем келіп, күн жылып,
Тоң қақырап, қар еріп,
Гүрілдеп өзен сарқырап,
Қиқулап ұшып қаңқылдап,
Айдын көлдер жарқырап,
Қараша қаз сымпылдап,
Құстар қайтып келеді.
Ойнақтап түлік еркіндеп,
Ызы-қиқы мал төлдеп,
Жер желегі желкілдеп,
Күн де нұрын төгеді.
Гүлге оранып бар дала,
Суға оранып сай сала,
Сағымданып айнала,
Ұсап бір шар айнаға,
Көріскендей елмен жаз
Әлі-ақ жетіп келеді.
Қара жердің құшағы
Қарға толғанға ұқсайды.
Толса толсын елімнің,
Елім қонған жерімнің
Жазғытұрым жайқалып,
Сұлудайын найқалып,
Егіні бітік өнеді.
Ау, халқым-ау, ау, халқым!
Егінің ырыс сары алтын.
Сары алтынды егуге,
Өнімін көзбен көруге.
Тоқ болу үшін балаларың,
Күйлі болсын малдарың,
Сайлы болсын жабдығың.
Дайын тұрсын егіске
Трактор, соқа сайманың!



Өзі орып, өзі шабатын,
Егістен өнім алатын
Дайын тұрсын комбайн!
Былтырғы егіс сыйлаған,
Тұқым қорға жинаған,
Тазаланып ақталсын,
Сары алтындай сақталсын
Меруерттей бидайың!
Ау, халқым-ау, ау, халқым!
Егінің ырыс сары алтын,
Жазғы егіске дайындал!
Бұл егіске, жылмаңдай,
Сусып келген жыландай,
Зұлым бүлік салатын,
Дәнді де ұрлап алатын,
Жауды жанға жолатпа!
Жалғыз дөнін колхоздың,
Сұғанаққа ұрлатпа!
Сақта тұқымды егетін!
Тракторды таза ұста,
Ұрлатпастан бір винтін!
Қырағы бол жауыңа!
Күресіңдер осы үшін!
Жалқауларды екпінді ет,
Мейірімді бол дос үшін!
Күрессіз ырыс бола ма,
Күрессіз ырыс қона ма,
Күреспесең дән үшін
Егінің бітік шыға ма?
Неге десең, ау, халқым!
Әлі де жау біткен жоқ
Қырағы бол ұғына!



ОТАНЫМНЫҢ БАТЫРЛАРЫНА

Абыройлы аймағым,
Ал тыңдаңыз, кәнеки!
Сөйлейін деп келеді
Тіл менен жақ, көмекей.
Жамбыл – Жамбыл болғалы,
Жыр санаға толғалы,
Жамбыл – Жамбыл болғалы,
Ел көшіп талай қонғалы
Көрген талай батырды,
Батырлар тіккен шатырды.
Желекті найза қолға алып,
Сұр жебені жолға алып,
Жолбарыстай долданып,
Ағайын үшін арланып,
Шамырқанса шарт кеткен
Көрген талай батырды
Жауға тиген шамданып.
Жамбыл – Жамбыл болғалы,
Жыр санаға толғалы
Есіткем талай батырды.
Ер Рүстем, Дастанды,
Сұраншы батыр, Өтеген
Жауына оқтай төтеген.
Селебелі, Сауытты
Көргем батыр Саурықты,
Жау қамалын бітеген.
Шықса да олар майданға,
Халыққа қоныс табалмай,
Бостандық, бақыт ала алмай,
Еңіреп елдің ұлдары
Қу найзасын құшақтап,
Арманда өлген, арманда.



Неге десең ол кезде
Хан талауда, жалмауда.
Жамбылдың да сол кезде
Өткен бір жыры зарлауда.
Ол бір кезде халықта
Ұмтыларға шама жоқ.
Қарленсе де хан патша,
Жайнаған қара халыққа
Заман ақыр болған жоқ.
Әуеден Иса түскен жоқ,
Жерде Мәді жүрген жоқ,
Қара халық алайда
Сол бір сұмырай заманда,
Бүйірі шығып көрген жоқ.
Ол кезде баста тізгін жоқ,
Аққу көлде жүзген жоқ,
Алайда халқым сол күнде-ақ,
Бақыттан күдер үзген жоқ.
Абыройлы аймағым,
Ал, тыңдаңыз, кәнеки!
Сөйлейін деп келеді
Тіл менен жақ, көмекей.
Ұрыс шығар мияттан,
Сөз атасы – құлақтан,
Су атасы – бұлақтан,
Ер туады – халықтан,
Нұр шығады – жарықтан,
Сөз келеді – икеммен,
Ақ болат шығар – дүкеннен.
Тоқсаннан асқан жасымда
Жалынды қызыл ер көрдім.
Дұшпанға қылыш сілтеген,
Қазіргі қызыл батырдың
Айбыны жауды қайырып,



Қара тасты айырып,
Көк берендей түтеген,
Ленин менен Октябрь
Халық үшін туды да,
Халық үшін майданға
Белді берен буды да,
Қызыл әскер ерлерге
Беріп қызыл туды да,
Самғаған сайын қырандай,
Шақырып майданға ұрандай
Жаңғыртты тау мен шыңды да.
Сол кезде қызыл әскерлер –
Нар кескен болат семсерлер,
Нажағайдай жалтылдап,
Ауыздықпен алысты
Арғымағы аңқылдап,
Қан майданға шабысты.
Сұр жыландай патшаны
Жеңіп жерге жанышты.
Ақ жағалы жеңдетті
Ақ қылышқа шанышты.
Бай, бек, манап, сұлтанды
Қиратып, ерлер бұрқанды.
Біздің халық сол кезде
Көрді атқан нұр таңды.
Сонан бері құлпырды
Елдің дала, қырлары,
Ойды, қырды құлпыртқан
Атқан бір таңның нұрлары.
Қамалы құрыш қызыл ер
Халықтың батыр ұлдары.
Таудан аққан бұлақтай,
Өшпей жанған шырақтай,
Жарқырады сол үшін



Жамбылдың да жырлары.
Қамал алғыш қайратты
Әскерлерім айбынды.
Күшін оның сұрасаң,
Аударғандай тауларды.
Оны жеңбес еш кісі,
Оның танкі, пушкісі
Қан жалатып жеңеді
Ішкі, тысқы жауларды!
Қамал алғыш қайратты
Оның күшті салты бар.
Бақытына ұлы істің,
Жүзінен сүйіп қылыштың
Отанға берген анты бар.
Әскерлердің қорғайтын
Бақытты құрыш халқы бар.
Жалындатып жігерін,
Жаудан аман өз елін
Сақтауға берген анты бар.
Ұлы Ленин көсемнен
Күн нұрын алған халқы бар.
Ворошилов, Буденный
Секілді батыр даңқы бар.
Найзаларын саптаған,
Самолетін самғатып,
Дирижаблі қаптаған,
Арғымақ атын баптаған,
Оттан да күшті жалынды,
Аттатпас ешбір жауынды,
Дауылда қаққан дабылды,
Ерлерімнің даңқы бар!
Абыройлы аймағым,
Ал тыңдаңыз, кәнекей!
Жырдан жентті жегізсін



Тіл менен жақ, көмекей!
Жырды қалай төкпейін,
Менде Октябрь нұры бар.
Өшпес жарық нұрланған
Отанның ойы, қыры бар.
Күміске толған шалқары,
Егінге толған алқабы,
Жерімнің жаннат гүлі бар.
Алтайдың айдын алабы,
Ембінің аққан мұнайы,
Өндірістің шыңы бар.
Әскердің берген антындай,
Найзағайдай жарқылдай,
Жауға қарсы тартынбай,
Отан үшін құйылған
Жамбылдың да жыры бар.

ТАРАС

Украина елінің,
Украина ұлының,
Мен есіттім жырларын.
Тарастайын бұлбұлын,
Днепрдің суындай,
Айдын көлдің қуындай,
Жеткен менің жеріме,
Естіледі еліме
Тарас салған бұлбұл үн.
Байқап бір тұрсаң жырынан,
Үнінен оның зар шыққан,
Жас орнына көзінен
Жас аралас қан шыққан.
Ойға бір шомып ойласам,



Зарлатқан оны зар заман,
Тұсауын салып құлдыңтың,
Билеген патша зар заман,
Қол-аяғын кісендеп,
Байлатқан оны зар заман.
Өз елінен айрылып,
Қазақтың алыс қырына,
Маңғыстаудың бойына,
Айдатқан оны тар заман.
Сол бір өткен заманда,
Қу домбыра қолға алып,
Қу тілді безеп толғанып,
Құлазыған далада
Тарастай мен де зарлағам.
Дауысым оның даусымен,
Қосылып сонда сарнаған.
Қағынан безген құландай,
Тауынан безген бұландай,
Сол бір қытымыр заманда,
Жүректе сүлде қалмаған.
Сол бір кезде, ақыным
Сен де іздедің бостандық,
Мен де іздедім бостандық,
Халықта да, сенде де,
Халықпен бірге менде де,
Еркіндіктің таңына
Күшті еді бізде күштарлық.
Князь, жендет патшаға
Тіліңді мірдей қададың.
Ханға, биге, манапқа,
Патшаға, байға, санатқа
Сегіз қырлы жебедей
Мен де тілді қададым.
Қытымыр күнде тіресіп,



Біз де қарап жатпадық.
Хан, патшадан, князьден
Қорықпай, бұқпай, қарысып,
Біз де тілді тартпадық.
Бақыт үшін толғаған,
Жүрекке жырды сақтадық.
Сол көксеген бақытты
Көре алмай кеттің көзіңмен,
Дүниеден сен кетіп,
Қалсаң да, таңға жеттім мен.
Халықпен күткен бақытты
Көрдім мен, міне, көзіммен.
Бұл бақытты көзіммен
Көрдім сенің еліңде.
Мен де көрдім сен болып,
Көрді менің елім де.
Нұрлы күннің сәулесін
Бақытты бүкіл ел көрді.
Гүлге оранған қамқадай,
Шалқар көлді жер көрді.
Ленин көсем кемеңгер
Нұрлы таң үшін алысқан.
Халыққа бақ қондырған
Алыбым сол данышпан,
Елді бастап жеңіске,
Бай мен патша жендетті
Қара тастай жанышқан.
Күннің бөлеп нұрына,
Ақындардың жырына
Алтын арна жол ашқан.
Сенің де жырың шырқалды,
Менің де жырым шырқалды
Тоғысып елмен табысқан.
Жырың тарап оқылды



Барлық халық тілінде.
Жырың сенің жырланды
Украина жерінде.
Өлеңің өшпес жатталды
Қазақтың да елінде.
Тоқсаннан асқан жасымда
Жасарып қайта жар салып,
Домбыраны қолға алып,
Орын алды халықтан
Орденді жырым менің де.

Жау қарайды жалмандап
Елімнің арғы шегінен.
Дәм татпаққа суымнан,
Жайқалған жасыл көгімнен.
Дайын бол, менің Украинам
Беруге жауға көп соққы.
Ағытпа семсер беліңнен
Жайрасын сұмырай фашистер,
Атылған оқтан-сеніммен,
Табыссын дұшпан өліммен!

ЖЕҢІМПАЗДАР СЪЕЗИНЕ

Желпи соққан желдеймін,
Жол бермейтін белдеймін,
Жамбылды кәне тыңдаңдар!
Жатқан байтақ жеріме,
Жасанған жаздай еліме,
Жеңімпаз кілең еріме
Жастай жайнай сөйлеймін.
Жеңімпаздар съезін
Жалындаған жырыммен



Жер бетіне естірте,
Жаудың жанын шошынта,
Достарымды қуанта
Жүрегіммен тербеймін.
Қуанбасын дос неге!
Шошымасын жау неге!
Сөйлегенде партиям
Қыран құстай саңқылдап
Он жетінші съезде;
Жаттағалы әр сөзін,
Домбырамен – мен үйде...
Бес жыл өтті, бес жүздей
Атағы шыққан әлемге;
Отаным түлеп түлектей
Көз жарыды көрмеге;
Советтік біздің алтын заң,
Жарығын септі дүниеге;
Сол жарықтың нұрымен,
Партияныңтуымен
Халқым шықты төбеге;
Сол жарықтың нұрымен
Жауды тауып лақтырдық,
Жабысқан біздің кемеге –
Осыған дұшпан күйінді!
Осыған достар сүйінді.
Сол жарықтың нұрымен,
Партияның туымен
Теңіздей егін шалқыды;
Өріске қаптап мал толды;
Табакқа жая, жал толды.
Теңізде жүзген кемедей
Комбайндар қалқыды.
Көмірім таудай үйілді,
Темірім судай құйылды,



Мұнайым ақты бұлақтай,
Жайнады көзім шырақтай;
Даламды басты темір жол,
Тұлпарға мінді қалың ел –
Осыған дұшпан күйінді!
Осыған достар сүйінді!
Сол жарықтың нұрымен,
Партияның туымен,
Отаным болат жамылды,
Алмас семсер тағынды;
Аэроплан аспанда
Қанатқа қанат қосқанда
Жүрегі жаудың жарылды,
Таудай болат танкілер
Ұлдарыма бағынды,
Қыздарыма бағынды;
Тау бұзатын зеңбірек
Отанымның шетінде,
Жаудың келер бетінде
Күзетіп тұр бағымды, –
Осыған дұшпан күйінді!
Осыған достар сүйінді!

Сол жарықтың нұрымен,
Партияның туымен,
Жаңаланды барлық жан,
Кремльге сүйінді,
Кремльді шын сүйді –
Он бір отау – Ұлы Отан.
Өлең тақты орденді
Қайтқан жеңіп ерлердей
Сонау көлден Хасанның;
Орден тақты: инженер,
Білімділер оқыған,



Колхозшыдай, шахтердей
Алды орден мен орынды
Ең қымбатты қатардан.
Осыған дұшпан күйінді!
Осыған достар сүйінді!
Компартия тұр бастап
Ленин туы қолында;
Топты жарған жеңімпаз
Кілең ерлер соңында;
Әне, көсем сөйлейді,
Тыңда, Донбасс, Кузбасым,
Тыңда, Алтай, Оралым,
Қарағанды, Балқашым.
Колхозшылар, ал тыңда!
Командирлер кел тыңда!
Комбайншы, сен тыңда!
Бақыты үшін Отанның
Темір мен мыс қорғасын
Тасқындай түс, тасқында!
Өс төрт түлік, мың-мыңдап!
Жеті миллиард пұт алтын дән
Өссін жазда жайқалып,
Қарқынды қос қарқынға!
Айналадан көз тіккен
Жау қарайды телмірген,
Қол сұқпақшы алтынға
Отанымда өндірген;
Созған қолын қырқуға,
Қалдықтарын құртуға,
Етуге жексен жерменен
Қарулан, ақын, қарулан,
Жалын төсе, оқ төсе
Жау алдынан көлденең!
Қарулан, ақын қарулан,



Ең қайратты өлеңмен!
Жеңімпаздар съезін
Қосайық әнге күйменен
Партия туы астында
Асуға тағы белдерден,
Берейік серт съезге
Берейік серт Отанға
Серттің бірі осы өлең!

ЕҢБЕК КӨКТЕМІ

Қар еріді, мұз кетті,
Жаздың тұрды өкпегі.
Ыстық лепті жер сүйді,
Күн жақындап көктегі.
Көк күркіреп, құлпырып,
Көркем нұрын төккені.
Ауылға ауыл жақындап,
Ашылғандай өткелі.
Жадырады жас бала,
Қызара бөртип беттері,
Құлын, бұзау, қозы, лақ,
Шұрқырасып беттегі.
Жар тасынан ұя сап,
Таудың құры, жектері,
Қанат қақты қаз, үйрек,
Айдынына жеткелі.
Жарық көрді жаңа жан
Санына тіл жетпеді.
Сүйсіндірген бір көктем,
Тоқсан үшке жеткелі.
Байтақ елді жаңартқан,
Жанды қолдан жаратқан,



Қысқа өмірді ұзартқан,
Қарт Жамбылды жасартқан,
Шарықтатып шалдарды
Алпыс ұлтты қуантқан,
Көркемдердің көркемі,
Көлде кеме желкені,
Советімнің көктемі.
Жамбыл ғасыр жасады,
Өлген адам тірілмес;
Мен «өлі» едім – тірілдім,
Оны айтпай білінбес,
Айтсам әлем алдында,
Тілім тұлпар, сүрінбес
Күндей нұрлы шындыққа.
Тізе болмас бүгілмес.
Ескі өмірді тірлікке,
Есептесем – шын емес;
«Құл» атандым, ұл емес,
«Күн» атандым қыз емес,
Тірлік еткен халыққа,
Өмір деген бұл емес.
Мұң шеріттім жетпіс жыл
Өлең емес, жыр емес,
Қырда көрсем қызғалдақ,
Көңіл тоқтар гүл емес.
Шаттығы жоқ, зары бар,
Сорғалаған қаны бар,
Жетпіс жылдық өмірде,
Шала жансар жаны бар
Жүрген Жамбыл тірі емес.
Міне, көктем, міне, жаз,
Жан жайлаған, көңіл мез.
Тынық өмір көлінде
Саялаған елім қаз,



Шын көктемде құшақ жаз,
Бостандықтың көктемі
Өлген жанды тірілткен,
Сондай көктем болмаса,
Жыр қылатын мен емес.
Еркін елдің бейнесі –
Құлпырғаны ой мен қыр,
Көктем күні құйса нұр.
Шадыман елім бейнесі –
Тәтті күй мен тәтті жыр,
Жаңа дүние бейнесі –
Көк майсадан шықса гүл.
Жеті өзенде тынық су –
Аққан білім елге бұл.
Жалпақ дала жасады –
Отандағы жаңа өмір.
Ескі өсімдік жасарған,
Табиғи жаз – жаңа жыл.
Ескі дүние жасарған
Күшке жетпек қандай тіл!
Гүл бақшалы заманда,
Жаңа тілді мен бұлбұл.
Жаз болып заман жасартқан
Жаңа туған мен Жамбыл.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ СӘЛЕМ

Кәрі, жасын елімнің,
Тұнығына білімнің
Жүздірген тау бұлақтай,
Таңдауындай тарихтың,
Көзін ашып халықтың
Түнде жанған шырақтай, –



Оқытушы мұғалім
Білімі елге мағұлым.
Оқытып ел баласын,
Ашып көңіл санасын,
Оқымысты жастарды
Өсірді сүйрік құрақтай.
Гүлім бар ма ед жерімде,
Білім бар ма ед елімде.
Октябрьден жарқырап
Туғанынша таң атпай.
Октябрь күні туғалы,
Болатпен белді буғалы –
Октябрьдің нұрымен.
Халқым бақыт құшақтап
Жерім болды жаннаттай.
Оқытушы мұғалім,
Сендерді өмір нұрлады,
Сені алтын таң аялап,
Еңбегінді бағалап,
Үкімет – ұлы штабың,
Қадірлеп ұлы Сталин
Орден тағып сыйлады.
Біздің елдей ел бар ма,
Мұғалімді сыйлаған.
Жан бар ма, сірә, басқа елде,
Еңбегі біздей сыйланған.
Ғасырлардың ардақты
Ғасыры бізде жүлде алған,
Басқарушы большевик
Партиясы нұр жанған.
Тоқсаннан асқан жасымда
Октябрьден нұр алған,
Отан үшін сондықтан
Жамбылдың жыры жырланған.



МАЙ ЖЫРЫ

Отанның ойы, қырына
Қарасам: өзен құйыла,
Далама егін егіле,
Құрыш күш тракторіне
Көк соқалар жегіле,
Шуақтан тоң жарылып,
Күнімнен нұр алынып,
Қысты күні қар жапқан
Көк шығыпты жеріме.
Қарасам қаз қиқулап,
Көк үйрек ұшып көлдерден
Айдыным айға шапшыған
Тасыған өзен көлменен;
Бақылдап бақа, балықтар
Жөңкілген көк сеңменен.
Төрт түлігім толыпты
Ойнақтаған төлменен;
Жамбылдан да жыр шықты
Жайраңдаған елменен;
Күй төкті кәрі домбыра,
Он екі қабат пернеден;
Қартайған сайын бұл Жамбыл
Жасарып құлаш сермеген;
Көрсем де талай май айын,
Бүгінгідей жайнаған
Шадыман күнді көрмеп ем.
Жыл мен жаңа жаңарған
Жамбылдың жыр мен тілегі
Отанды жаудан қорғауға
Соқсын күшті жүрегі.
Қаны қара жауларды
Жүректен шыққан күшті жыр
Бүркіттей бүгін бүреді!



Ұлы өмірдің күшіне
Сұм төбеттер үреді;
Үрсе, үрсін үрумен
Ұлып бара өледі.
Бізге үруін қоймаса,
Құтырып бізбен ойнаса,
Я шыңдауға ойласа,
Күркіреген күндей-ақ
Қаһарын халық төгеді.
Отанға берген антымыз:
Ашуланса халқымыз
Жауларды оқпен бастыра,
Жеті қат жер астына,
Жеңеді де, көмеді!
Өшігіп бізге оқ атқан
Самурайын жапонның
Қырды Хасан көлінде,
Қызыл ері Отанның
Жауға көктен жай тастап,
Өлеңіммен ойқастап,
Жауға жырдың батпанын
Тастап атқан оқтайын,
Өлеңнің оғын атамын!
Отан үшін тартынбай,
Отанның батырларындай,
Жау тисе менің жеріме
Мұнан да күшті оқ атармын!
Батыры үшін заманның,
Бақыты үшін даламның,
Өмір берген халыққа
Партиямның – данамның,
Жеңісі үшін, балаларым,
Айтамын, өлең, айтамын.
Ақ кірсе де сақалға
Дат кірген жоқ ақылға.



Жырым Қызыл батырға,
Арнаған сұлу Отанға,
Қартайған сайын жасарған
Тоқсаннан асқан атаңмын!
Сондықтан да көңілге
Өлең келіп, өмірге
Қуана қарап, құлпырып,
Советтік мына заманда,
Жамбыл болып атандым.

ЖЕҢІС ЖЫРЫ

I

Бұл күнге Жамбыл жеткенше
Өлеңнен нөсер төккенше
Сөз бұлағын толғаған.
Сұр жебесін қолға алған,
Көрген талай батырды;
Айсыз аспан астында,
Таулы зеңгір асқарда
Өрге жортып өктеген,
Жаубүйрек қып ет жеген,
Тігіп тулы шатырды,
Өсіп-өнген әріден;
Сол батырдың бәрінен
Айбатты, ақыл-айлалы,
Өткірірек найзалы,
Жұлдызы жанған маңдайға,
Артық туған майданға
Жағасы қызыл ер көрдім,
Болатпен белі қыналған,
Қолына қызыл ту алған,
Жауды шолып, жан-жаққа



Қырандайын қаранған;
Алуан қызыл батырды
Социалистік заманда,
Әлпештеген ел көрдім.
Қой үстінде бозторғай,
Жұмыртқалап ұялай,
Байлығы шалқи елімнің,
Балығы тулап көлімнің,
Қартайған осы жасымда
Жоны пүліш, кені күміс,
Құшағына толып ырыс
Тұрған шалқып жер көрдім;
Сол шалқыған жерімде
Мен де өлеңді меңгердім,
Жадырай өскен халқыма
Жырымнан жент-жем бердім;
Күн астында күй төгіп,
Ай астында жыр төгіп,
Алтын шанақ, күміс шек,
Домбыраны өңгердім;
Шекарада елімнің
Кені күміс жерімнің
Астында алтын туының,
Шыңында зеңгір тауының,
Желігін басқан жауының,
Күзеттегі ұлдардың,
Жағасы қызыл ерлердің
Жорығын жырлап беруді
Жүрегім сүйіп жөн көрдім,

II

Қанды ауызды қасқырдай
Қаны тасып асқандай



Қысық тісті, қысық көз
Сұмырай жапон болып кез
Өткен жылы құтырып
Шапқан Хасан көліне;
Шекараға оқ атқан,
Көлді оқпен оятқан, –
От шашып қызыл еріме;
Алдырмай көп мазасын,
Берген жаудың сазасын.
Күзетші ерлер елімде;
Шықты біздің танкілер
Жапыра майдан төріне;
Шықты қызыл атты әскер
Тұлпарларын тебіне;
Шықты самғап сұңқардай
Бомбовоздар көгіне;
Қабандары жапонның
Қаһарлы ерден қан жалап
Жапырылды жеңіле.
Лениннің ұрпағы –
Ұлы Отанның сұңқары
Жауды жеңіп жапыра,
Қызыл туды құлпыртып,
Тікті апарып ерлерім
Заозерный беліне.
Жеңбей қоймас біздің ер
Тиіскен жауды еліре,
Болсадағы жау – тажал!
Халық күші – жауға ажал!
Біздің ер жеңбей қоймайды,
Жауға оқтай ойнайды,
Көгі болса көгінде,
Жері болса жерінде,
Ерлік үшін ант берген
Еңбек сүйгіш еліне.



III

Тұнық, мөлдір көліміз,
Тыныштық, бақыт еліміз,
Тыныштықты сүйеміз;
Тыныштықты бұзып жау тисе,
Жауға біз де тиеміз,
Тиіп қана қоймаймыз,
Сазайын оның береміз;
Сазайын беріп қоймаймыз,
Талқан қылып жеңеміз,
Жендеттері жапонның
Іші оттай жанған соң
Өз күшінен түңіліп,
Қан майданда жеңіліп,
Сұңқарынан советтің
Хасан көлдің маңында
Сыбағасын алғасын,
Қайратынан халқымның
Мойырылып жатты жау,
Бір жыл бұғып, дем алып,
Және қайта қозғалып,
Тыныш жатқан Монғолдың
Халқына қаба тіс салып;
Монғолға келіп моладан
Сүйегін ұрлап Шыңғыстың.
Қурап қалған сүйекпен
Жүзін жанып қылыштың
Өтірік аруақ көрқап боп,
Көрді қазған зымыстан –
Оқ жаудырып, от шашып,
Танкісі отқа тұтасып,
Құтырып шапты тұс-тұстан.
Бәле іздеген бәлекор,



Қарғылы фашист төбеттер
Жапоннан шығып Монғолға
Көшті бейне ұшпа бұлт.
Ұшпа бұлтқа Монғолдан
Жаңбырдайын оқ жауса,
Монғол халқы ашумен
Зеңбіректей толғанса,
Халықын ері қаһарланып
Қырандайын қомданса,
Күшті Монғол елінен,
Оқ жаңбырдың желінен
Ұшпа бұлт қашар қысталып!
Айтқан сөзді құрыштай
Ұстауды біз білеміз,
Достарға көмек береміз,
Қадірлейміз Монғолды.
Біздің қызыл сұңқарлар,
Жапырып жатыр жауларды,
Монғол жақ шекараға
Аттатпаймыз аңдарды,
Былтыр Хасан көлінде
Ажал болып тиіп ед
Жауларға біздің қызыл ер.
Ажал түртіп келді жау
Шегіне биыл – Халкин-Гол,
Самурай жендет немені.
Монғол халқы жеңеді.
Жеңетін бар тірегі.
Жеңетұғын үлгіні
Бізден көріп біледі;
Өйткені біздей – Монғолдың
Тыныш тұру тілегі;
Өйткені Совет Отаны –
Тыныштық, бақыт жүрегі.



Сол жүректен дем алып,
Монғол халқы майданда
Тыныштық бұзған жаулардың
Сыбағасын береді;
Соғысқа қарсы соғысып,
Жауларды қанға тоғытып,
Армиясы Советтің
Жазасын беред жөндеттің;
Жапоннан шыққан жалаңдап
Қазады көрін төбеттің!
Тыныштық сүйген халқы үшін,
Еркіндік, бақыт даңқы үшін.
Жапырып жауды – ер беретін
Жеңімпаз ерлік салт үшін.
Жау тисе егер көгінен,
Яки судан, жерінен
Талқандап жауды жеңеді ер
Отанға берген ант үшін.

МАЛ ӨСІРУШІЛЕРГЕ

Түйдектеле топтана,
Шоғырлана шоқтана,
Шоқтығы биік жұртымның.
Табаны тас тілгендей,
Тұғырынан талпынып,
Қияға ұшқан қырағы
Қыраны түлкі ілгендей.
Жасы кіші жандары,
Жасарып кәрі шалдары,
Астанада тоғысып,
Ай маңдайлы ақ жарқын
Миығынан күлгендей;



Оны да байқай қарасам,
Теңеліп өсіп аласам,
Қолына бақыт тигендей;
Екпіндей шабар ерте, кеш
Арыстан жалды, салқы төс,
Ауыздықпен алысқан,
Тебінгіден тас жарар,
Арымайтын астына
Арғымағын мінгендей;
Өйткені күміс күлкісі
Көлік боп өткен жылқысы
Текежаумыт тұқымы
Құйрық жалын түйгендей;
Төрт түлік толған мал иесі,
Арайлап атқан таң иесі,
Қаулаған қалың колхозшы
Қызығын өмір көргендей;
Сиырлары сыймайды
Мүйізі бұлт ілгендей;
Емшегінен сүт шапшып,
Желіні жерге тигендей;
Шөбін үйсе маялап,
Семіздіктен шаялап,
Қойларының құйрығы
Басқан ізін сүзгендей;
Ойнап құлын-тайлары,
Жібек бұйда тайлағы,
Тау өркешті нарлары,
Орақ тұмсық, жұлдыз көз
Ботасы боздақ інгендей;
Егіні піскен қаймақтай,
Бидай басы бармақтай,
Қырманға сыймай құйылып,
Алтыннан тау үйгендей.



Колхозшы менің ауылым –
Орыс, қазақ бауырым,
Қаулай өскен қауымым.
Жегені бал, жемі жент,
Үстіне торқа кигендей;
Осы баққа, ырысқа,
Алтын Отан қонысқа,
Жер шары түгіл, күн шары
Жүгініп басын игендей;
Берді десең мұны кім?
Берген Ұлы Октябрь...
Сондықтан Жамбыл жырлайды,
Жырламай қайтіп шыдайды –
Халқына жыр сыйлайды,
Жұрт құлағын түргенде.
Олай болса тыңдағын,
Жасы кіші балаларым!
Жасы жастас шалдарым!
Еңбек етсе құрыштай
Стаханов ұлдарым!
Таңнан өрген маралдай
Төрт түлікті бөлендер,
Өсе берсін малдарың.
Ұлы Отанның аймағын
Партия жаңа жеңіске,
Шақырып бірлік тегіске
Құлшынты, міне, көреміз.
Сол ұранды ақтауға
Антымызды береміз.
Өсу үшін күшіміз,
Өрбу үшін ісіміз
Малды өсіріп мыңғырта,
Жердің жүзін жаңғырта
Күндей жайнап өсеміз.



Жер дүниеден мойны ұзын
Бізде асыл түйе бар;
Арғымақ жылқы, бие бар;
Малынан артық әлемнің
Біздің елдің сиыры,
Қаптап жатқан қой, жылқы
Қора-қора үйірі;
Мөлдір сулы, көк майса
Қазақстан қиыры;
Мал өсірген елімнің
Әлемнен биік иығы;
Бақыт берген адамға
Социалистік заманым.
Осы жасқа келгенше,
Бақыттың жырын жырлаған
Менің де жоқ арманым.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Елім менің жерге бай,
Айдынды шалқар көлге бай.
Төрт түлігі мыңғырған,
Егісі көз тұндырған,
Тауы тола кенге бай.
Москвадан барып ашылған,
Көрікті біздің көрме бай.
Ел байлығы тұтасқан,
Жерді қаптай, өрді орай.
Жамбыл қалай шыдасын,
Оны жыр ғып толғамай!
От оттаған жерімнен,
Құлжадайын семірген,
Қошқар менен қой да бар,



Тау текедей мүйізді,
Сүті шәрбәт уызды,
Ақ бөкендей ешкісі,
Көрдің бе бізден басқа елде
Мұндай байлық қайда бар?!
Көп малдың бір көрігі,
Жерді сызған желіні,
Бұзауқанның анасы,
Сиыр деген бізде бар,
Мүйізі көкті тіреген.
Сандай санды жылқы бар,
Сауырынан түлеген.
Мыңғырған менің елімде,
Дегерез деген жерімде,
Мың сан құлын енесі,
Мама болған биесі,
Текежаумыт айғырдың
Арғымақ туған баласы.
Колхозды елдің қымызға,
Иіндей толған сабасы.
Алматыдан андыздай,
Үлкендігі қарбыздай
Бақшада өскен алмасы.
Туысқан елде тоғысқан,
Шын еңбектің қызығы.
Көрмеде тұр Мәскеуде,
Грузиннің алмұрты.
Мейізі мен жүзімі,
Оған жалғас жайнаған,
Өзбекстан өрігі.
Ұлпалы ақ мақтасы, –
Көрменің бір көрігі.
Түркменстан жерінің,
Текежаумыт ат деген,



Құлағымен ойнаған,
Бейне таудың елігі.
Үйір-үйір жылқыдан,
Жүгенін үзе жұлқынған,
Арғымақты таңдап ел,
Әскерге асыл ат берген.
Сталиннің саясы,
Сталиннің аясы,
Бізге осындай бақ берген.
Маңғазды, маң-маң маң басқан,
Табанын шірей дәл басқан,
Түйе деген бізде бар.
Өркештері жар тастай,
Күн шалмаған маңдайын,
Дулығасы таудайын,
Қызыл бұйра нарлар бар.
Аруана жүр ойқастай,
Біздің елдің егісі,
Еңбегінің жемісі.
Бітік шығып жайнаған,
Украина елінен,
Қара топырақ жерінен,
Ойы менен қырдағы
Алтындайын бидайы,
Жетіле пісіп желкілдеп,
Қырманына сыймаған.
Қырда болат комбайн
Өзі орып, өзі жинаған;
Алтайдан алтын алынды,
Балқаштан мыс қазылды.
Қарағанды көмбесі
Тас көмір боп алынды.
Анау жатқан Ембіден
Мұнай көлдей ағылды.



Біздің халық еңбегі,
Көк темірді жібіткен,
Біздің Отан өнері,
Машинаны жүгірткен.
Он бір Одақ елімнің,
Халқы бірге туысқан.
Он бір Одақ елімнің,
Еңбегі, көркі тоғысқан.
Он бір Одақ өрге өрлеп,
Қызыл туы желпілдеп,
Тұғырға қонған қырандай.
Отанға еркін қонысқан,
Елде де, еркін жерде де,
Мәскеудегі көрмеде,
Жер жүзінен мойны ұзақ,
Туы астында табысқан.
Құлашты алға сермейміз,
Күннен-күнге өрлейміз.
Бұл байлықтың жалғыз да,
Түйірін жауға бермейміз.
Жау тиіссе бір шеттен,
Тас-талқан ғып түйрейміз!

ҚАНЫ БІР БАУЫРЛАРЫМЫЗҒА

Қайнап бұлақ шықпаса,
Таудың тасы құлай ма;
Батыр-батыр болмаса,
Болатпен белін қынай ма;
Ұл батыр боп тумаса,
Атқан оғы борай ма;
Ақылды боп туған ер
Өзгеден ақыл сұрай ма;



Көлден құлан су іпсе,
Көлдiң мiнi құрай ма;
Сенген кезде астана,
Бiлмесе елдi басқара,
Халқына ұл ұнай ма?

Жолын ақыл билейдi,
Жорыққа шыққан жолшының,
Ойын ақыл билейдi,
Өрен жүйрiк ойшының;
Қыздырмаса думанды
Несi тойшы тойшының;
Қасқыр жесе қойларын
Несi қойшы қойшының?
Дұрысты дұрыс демес пе,
Тап осындай емес пе,
Халықты тастап қанды оққа,
Қашқаннан соң жан-жаққа
Үкiметi Польшаның
Күнбатыс жақ крайда.
Украина, Белорус
Қаны қандас, ел ед дос;
Озбырлыққа шыдамай,
Иштерi оттай жаныпты;
Жәрдем берер жан болмай,
Торға түскен қалыпты
Оқ астында қалыпты.
Ер бастаған ел ед деп,
Етек жеңi кең ед деп,
Асу бiр жатқан бел ед деп,
Аударып бiзге назарын
Құтқар деп қолқа салыпты.
Украина, Белорус
Қаны қандас ел ед дос,
Оны оқтан қорғауға



Аяймыз ба көмекті;
Әрине, біз халық үшін,
Халықты сүйгіш салт үшін,
Майданда өсіп өрлеген
Лениннен үйренген...
Біздің халық салтымен,
Отанға берген антымен,
Тұлпар мініп, ту алып,
Танкісі таудай шұбалып,
Польшаға аңдай аттанды,
Найзасын ұстай желекті.
Украина, Белорус,
Тыныштатты даласын.
Алдына алып сүйді әне,
Туысқан елдің баласын;
Амандасты қол беріп,
Көріп кәрі анасын.
Қызыл ерді ел аңсаулы
Құшақ жайып қарсы алды;
Қызыл тудың құлпырған
Көргеннен-ақ қарасын.
Қарсы алмай енді не қылсын,
Кезінде көмекке үлгірген.
Жәрдемге әскер жіберген,
Біздің елдің біледі
Компартия данасын!
Қызыл ердің жолында
Жау қамалы тапталған,
Жауынгер ердің бұрын да
Анты талай ақталған!

Украина, Белорус
Қаны қандас ел ед дос
Сол елді оқтан сақтауға
Біздің ерлер аттанған.



Майданға түссе алқалы,
Кім ат басын тартады,
Халыққа берген антын ер
Тағы да ақтап қайтады
Жүрегінде сақталған!
Мақталар бұл жорықта
Ерлер ғой талай мақталған.
Даңқ десе даңқы зор,
Халық десе халқы зор,
Тобын бұзбай сапталған,
Отан үшін, халық үшін,
Жеңімпаздық салт үшін,
Тыныштық сүйген ел үшін.
Украина, Белорус
Жайнаған гүлді жер үшін,
Айта берсем жерім көп!
Көңілім шалқып өскен мен
Жасарып қызыл әскермен.
Аузымда жыр, қолымда оқ,
Жырым – досқа, жауға – оқ!

* * *

Әбілқасым, үйіңе келдім төтен,
Бұл күнде бір-ақ уыс, қандай тәтең?!
Қолқалап қолтығынан сүйемесең,
Үйіңе кеш болса да қонбай кетем.

КӘРІЛІК

Көкірегің күрілдеп,
Көздің алды ірілдеп,
Қаз-қаз басқан баладай,
Буындарың дірілдеп,



Қартайған соң, немене,
Хауіп ойлайтын күнің көп.
Айлашы екен кәрілік,
Бірге түнеп, бір жүріп,
Сыр білдірмей, сұрамай,
Не көрсетіп тонамай,
Мүшенді алған біріндеп.

ОТАН ҮШІН

Сонау өткен ғасырдың
Нелер шешен, ғалымы
Әділдік таңын көре алмай
Зармен өксіп налыды,
Аңсап бақыт сәулесін,
Гүлдей солып арыды,
Күңіреніп өтті талайлар
Кездеспей өмір жарығы.
Сол күндердің бірінде
Тарихтың тұлғасы
Туды адамзат алыбы.
Сол келді де – тарихқа
Түрлендірді елімді;
Сол келді де – құлпыртып,
Гүлдендірді өмірді;
Сол келді де – жайнатып,
Шаттандырды өмірді,
Шарықтатты көңілді;
Ол қайтпайтын арыстан,
Дұшпанын саздай жанышқан.
Капитаны өмірдің
Ол – Ленин данышпан,
Парасатты ғасырда
Заманым күндей жайнайды;



Әйгіленді әлемге
Отанымның айбары;
Желбіретіп полюске
Жеңістің туын байлады.
Күміс қанат қыран құс
Күнді құшып ойнады;
Завод, фабрик, қаламда
Ұлы еңбек қайнады;
Колхозды аулым қаптатып
Әр түлік мал айдады,
Жыр арнасын ағызып
Әнші ақын сайрады.
Арналады Отанға
Жырдың шырын қаймағы.
Сондықтан мен жырлаймын
Нұрлы жаңа заманды;
Әнге қосып шырқаймын,
Әлпештеген анамды;
Бақытты өмір маршалы
Компартия данамды;
Отан үшін, халық үшін
Мен жырымды арнадым;
Игілігі үшін халқымның
Төгемін сөздің маржанын;
Отанды сүю өлгенше
Жалғыз-ақ сол арманым.

ОКТАБРЬ ТОЛҒАУЫ

Домбырамды қолға алсам,
Айналама көз салсам,
Ағыл-тегіл жыр келер,
Қартайған бұл шағымда



Қанат бітіп Жамбылға,
Қалайықтың алдында,
Қақса шекті, жыр етіп
Жиырма екі жылды егер;
Ұлы тойым – Октябрь
Көңіліме сап дүбір,
Жүрегімді жыр бөлер;
Ұлы Октябрь – жыр басы,
Ақындықтың арнасы;
Октябрьді айтсам-ақ,
Тас бұлақтай сарқырап,
Көңілімнен жыр өрер.

Октябрьден бұрын мен
Кеуіп қалған арна едім,
Түк қалмаған түрінен
Қаусаған бір шал едім.
Домбыра күйін хан бұзып,
Хандық құрған заң бұзып,
Тұрған шақта шаршаған
Шөліркеген жан едім.
Жаңбыр суын көрмеген,
Ұзақ жаздай шөлдеген
Елегізген еліктей,
Жортқан жолсыз көлденең,
Айдаладай ажарсыз
Қаңсып, кеуіп қап едім.
Қураған қырда сүйектей
Зарлаған зар жақ едім.
Шашыма ақ кіргенде,
Бақыт көрдім көрмеген.
Бастауымен Лениннің
Көшті ілгері керуен,
Партия бастап халықты,



Күннен-күнге өрлеген.
Орыс, қазақ, қырғыз да
Қанатын көкке сермеген, –
Жамбыл бүгін толғаса,
Түйдек-түйдек сөз келер,
Қайнар көзі болмаса,
Қайдан ағып су өнер?
Құяр арна болмаса,
Құралар ма айдын көл?
Құлпыра ма онда жер?
Біреу тоған қазбаса,
Гүлденер ме онда шөл?
Қуаңымды көгерткен,
Өлеңімді үдеткен –
Менің арнам – Октябрь,
Кәрі бойға әл берген,
Өлеңіме нәр берген
Ленин дана іңкәрім
Көсемім ұлы кемеңгер.

Өсіпті, көрем, ұрпағым
Екпіндеген еңбегі:
Салған ұзын темір жол,
Қазған жаңа өзендер,
Елімде завод, машина,
Жерімді күш кернеді.
Қызыл әскер – сұңқарым
Жауларға ырық бермеді!
Жағаласқан дұшпанның,
Талайларын жерледі,
Батыстағы біздің дос
Украина, Белорус
Пан қолында шерлі еді;
Бұрын, қазақ халқы да,
Хан қолында шерлі еді.



Отанымның ұлдары,
Октябрьдің ұрпағы,
Езілген халық қауымына,
Беріп туды қолына,
Батыстағы бауырына
Бостандық ап бергені.
Жырыма арқау болғандай,
Тере берсем термені
Осы күнде көңіл хош,
Қаны қандас еліміз дос,
Украина, Белорус
Менің ұлым сенікі;
Сенің ұлың менікі;
Ер туған ұл елдікі;
Бақытты біздің жердікі,
Украина, Белорус!

Ел өмірі күнде той,
Ойқой, қызық заман ғой,
Сергіткен қарт кеудені!
Октябрьдің тойында
Жамбыл қарттың сиына
Түсті осындай көргені.
Уа, құрметті Ұлы күн!
Жарық берген таңымсың,
Қартайғанда сен үшін
Күй мен жырым ағылсын!
Көз жұмғанша жырлаймын
Ел жұртымның бағы үшін.
Бақытты айтсам бабым көп,
Күй жосылып, сөз үдеп,
Түзеледі шабысым.
Ұраным боп Октябрь
Қуатым боп ұрпағым,
Жарқын шығар дауысым.



Мен жырлаудан талмаймын,
Барған сайын самғаймын,
Октябрьдің таңы үшін.
Ортасынан ауылдың!
Тауларынан Жамбылдың
Шырқаған бұл кезімде,
Жер әлемнің жүзіне
Жетіп жатсын дабысым.

ИІСТІ МАЙҒА

Иісің жақсы нәрсесің жас адамға,
Жараспайсың тоқсанды жасағанға.
Жас күнімде жанымнан шықпайтындар,
Бәрі де ұқсап кетті ғой қашағанға.

Жабы жүйрік болар ма байлағанмен,
Жасық – болат болар ма қайрағанмен?
Жамбыл қайта жасарып жігіт болмас,
Жағасын неше қайта майлағанмен.

Жабағыны жапсырып иегіме,
Жүргеніме, өзім де күлемін де.
Короліндей қартаның қаужиыппын,
Қанша жылу болғанмен жүрегімде.

ҮНДЕУ

Елдің ақын ұлдары,
Егей өңкей тілмәрі,
Ел-елден кеп қостың бас,
Ертіс, Жайық, Іле, Сыр,



Ұшан-теңіз сулары
Каспий, Арал, көл Балқаш.
Сабасындай өлеңнің,
Арнасындай өзеннің
Өрен жүйрік кәрі, жас,
Топтарыңа келгенде –
Айтатұғын сендерге
Арнаулы бір жырым бар,
Үлкен, кішің құлақ ас:
Шабыт беріп толғантып,
Жамбыл қартты қозғалтып,
Домбырасын, міне, бұл
Қолға қалай алдырмас!
Партия боп ұраным,
Шарықтаса қиялым
Қанатымды талдырмас!
Қара тасты жібіткен,
Суық мұзды еріткен,
Баққа туған күн көсем,
Бақыт берген партия.
Соған жырды төкпесем,
Мейірімді қандырмас!
Қажыған көп шабыста,
Қарлыққан қарт дауысқа
Саңқылдатып үн берген,
Ақындарды сайратып,
Шежіре жақ тіл берген
Данышпаным партия!
Жасағанда алпыс жас,
Қалай қиял шалқымас!
Қалай сүйек балқымас!
Қозғар түгел осы жыр
Алпыс екі жүйені;
Қарт жүрекке құйып нұр



Кәрі денем иеді...
Шаттық толып ойыма,
Төбем көкке тиеді.
Бір соққандай менімен
Елдің ұлы жүрегі,
Қуанышқа бөленіп
Жиі соғып, күледі.
Соны сезген кәрі жан
Күш өргізіп тамырдан
Тағы қуат үдеді.
Кәне Жамбыл қозғалсын,
Көне даусым самғасын.
Ақтарылсын асыл сөз,
Айтылмай жыр қалмасын.
Ақындықты сынар кез!
Уа, Нұрпейіс, қайдасың?
Уа, Орынбай, шырқа сен!
Қалқа, Нартай, Нұрлыбек,
Жырларыңды нөсерлет! –
Ақтарыңдар арнасын.
Шежіре шешен ақындар,
Дауысыма дауыс қосыңдар!
Тау жаңғыртып, жер жарсын,
Сөздің шырын қаймағы
Инжу жырлар қайдағы
Партияға арналсын!

БІЗДІҢ КИРОВ

Жырым, оның бейнесін
Жырла, сұлу санадан,
Күрес пенен жеңістің,
Тұлғасы еді ол жемістің,



Оны халық ұмытар ма?
Сұрашы өскен даладан.
Тіл қатты, эне, кең дала:
Оны – адамның гүлі деп,
Ерді ұмытпай айтты ел:
Батыр Киров тірі деп!
Сұңқары еді дауылдың
Қанатын күш кернеген,
Қарлы Кавказ тауы да,
Еділ, Жайық маңы да
Ұмытқан жоқ оны, жауына
Қылышын өткір сермеген.
Қап тауынан ол атса,
Жайықта жауға жеткізіп,
Жайықта тұрып оқ атса,
Құрылықтағы дұшпанның
Өңменінен өткізіп,
Жауға ырық бермеген,
Лениннен алған күшімен,
Большевиктік қайратпен,
Қаһарлы күшті айбатпен
Жауын жеңіп жерлеген,
Қайралған оның шындығы
Майрылып тіпті көрмеген.
Оның жылы мінезі
Жалынды адам жүрегін
Жырдай сұлу тербеген.
Оның сөзі мұхиттың
Толқынындай өрлеген;
Ол – биік тау басына
Жаққан оттай сәнбеген;
Оның шырын сөзінен
Күй шыққандай болушы ед.
Он екі қабат пернеден.



Оған арнап сондықтан
Жыр төгемін тоғытып
Түйдек-түйдек термеден.
Киініп сұр шинелін
Келіп көрді ол көзімен
Қазақстан даласын,
Аспанменен таласқан
Алатаудың аясын;
Алтын атқан Алтайдың
Көрді көркем саласын,
Риддер менен Балқаштың
Кен кернеген арнасын.
Жылы жүзбен сөйлесті
Көріп іні, ағасын,
Заманынан хандықтың
Құтылған және құлдықтың
Қауымын көріп, халықтың
Шарықтатты санасын.
Ертісте тұрып ойлады ол,
Жарқын жүзбен сөйледі ол,
Алтын Қазақстанның
Өзінің туған ұлындай
Көрген құшып анасын.
Ырысты көріп шаттанды
Толтырған көз шарасын;
Маңдайынан сипады
Бақытты елдің баласын;
Құттықтады халқымның,
Мекен еткен ерім ед
Ұлы Ленин қаласын,
Ондағы ұлы майданда
Дұшпанын жеңіп ойрандап,
Сөккен жаудың жағасын.
Қандай қол жау қапыста



Ер Кировқа оқ атты,
Қайран, құрыш сұңқарды
Оққа ұшырып құлатты...
Ол өлген жоқ, шынында,
Өлер ме оққа большевик,
Денесі құрыш қуатты!
Лениншіл алғыр қыранның
Кремльден сұңқары
Алуан-алуан алып боп
Қағып ұшты қанатты!
Дұшпаннан алып кегінді,
Басқарып тұрған елінді
Компартия штабы
Жапырып жауды қиратты...
Ісін халқым ұнатты,
Біздің қызыл әскердің
Сұңқарлары қияқты,
Тұлпарлары тұяқты,
Құрыштайын құйылған,
Ұлы Ленин ұрпағы,
Қарап көзің жетпейді.
Күміс қанат сұңқары,
Тізгінін сүзе шапқандай
Тау тарпиды тұлпары,
Біздің ерлер жетілген,
Болаттайын беркінген
Елімнің осы іңкәрі!
Сталин көсем тұрғанда,
Қызыл әскер жауларды
Польшадағы пандарды
Тиіскен Хасан көліне
Сұмырай самурайларды
Қирата жеңіп шулатты!
Тауды, орманды аудартты,



Танкілерін тулатты;
Күміс қанат құстарын
Қара бұлттай қаптатап
Көктен жауға оқ зулатты.
Тағы да жау тиіссе,
Тіктесіп оқпен түйіссе,
Жеңеміз қырқып тілімдеп.
Жеңімпаз күштің ордасы,
Құрсанған оқтың қордасы.
Құрсанып тұр күшінде
Кронштад күрілдеп;
Алтайдан бастап Балтыққа,
Балтықтан бастап Карпатқа
Тоғысқан күшті көргенде
Жау қорқады дірілдеп...
Ел белі қайтіп бүгілмек,
Осы күшті көргенде,
Делебем қозып менің де,
Жырға басам күлімдеп!

* * *

Кекілік ұшып дүр етті,
Ғали шошып дір етті,
Қарны ашып қалжырап,
Екі иығы салбырап,
Кешке ауылға құр жетті...
Атқаны бір сауысқан,
Оқтың бәрін тауысқан.
Ұялғанын байқаймын,
Бәсең шыққан дауыстан.



ЖАҒАНДА ЖОҚ ТЕҢІМІЗ

Жер байлығы болмаса,
Жерден алтын шығар ма?
Ел қамын ойлар болмаса,
Ерден ақыл шығар ма?
Теңіз терең болмаса,
Түбінен інжу терер ме?
Көгінен күн тумаса,
Жарықты жұрт көрер ме?
Туып, өну болмаса,
Адам өрбіп өрер ме?
Күн сипатты ұл тумаса,
Күнге адамды теңер ме?
Күн келбетгі дана адам
Күн сөнгенде сөнер ме?
Нұрдай адам болмаса,
Жарқыратып әлемге
Таң шапағын төгер ме?
Нұр сипатты дана ұлдың,
Күн сипатты адамның
Туғанын жұрт біледі.
Сондай ердің тууын,
Болатпен бел бууын,
Күткен еді жұртымның
Ғасыр бойы тілегі.
Сол ұлы адам туғанда,
Қанат қағып шыңнан да,
Ұшты таудың түлегі;
Көтерілді күлімдеп,
Аспаннан көк жиегі;
Күмістеніп көрінді
Атар таңның иегі;
Бесігі – тау, анасы – ел



Жазғы самал тербеп жел,
Өсірді оны аймағым
Етуге өмір тірегі;
Ол ержетіп өскенде,
Ел тағдырын шешкенде
Қара бұлттай серпілді
Заманның басқан түнегі.
Оның биік тұлғасы
Жеткізбейді тауыңа;
Оның терең ақылы
Түпсіз мұхит дария;
Оның сөзі жалынды
Толқындай ұрған жарына;
Жазық маңдай, жарқын жүз,
Туды ол адам бағына,
Қыран кеуде, кен топшы
Айбыны күшті жауынан.
Оның аты Ленин.
Тұлға болған таңыма;
Соның күшті нұрымен,
Жылу кірді жаныма;
Қызу кірді қаныма;
Мұнан алпыс жыл бұрын
Мен отыздан асқан ем;
Жел аударған қаңбақтай
Өмірдің ызғар желінен
Даладан безіп қашқан ем;
Бірде мініп есекке,
Бірде жаяу, есепке
Алынбай, әбден сасқан ем;
Соғылған ем тарығып
Маңдайымнан тасқа мен...
Советтік мына заманда
Жазылды бүкіш беліміз;



Ұлы дәуір жазында,
Нұрланды бүкіл еліміз;
Тарқады біздің шеріміз.
Ленин туы астында
Коммунистік партия
Бастауымен бақ қонып,
Інжу шашып көліміз,
Алтын атты жеріміз;
Шалғынданып көгіміз;
Шалқар, ұлы елменен,
Сөйлескендей желменен,
Шүйгін болды шөбіміз;
Туындай өсіп төліміз;
Жер кернеді кеніміз;
Хан менен би, патшадан
Ежелгі жау дұшпаннан,
Алынды таптық кегіміз!
Көсегеміз көгеріп,
Жібіді кепкен көніміз;
Салынды еркін әніміз;
Алынды еркін деміміз!
Алатаудың бауырында
Қаламыз толы құл болған;
Верный атты қалада,
Құлазыған далада
Құл мен жарлы мың болған;
Қалада патша жендеті,
Құлдыққа қожа – міндетті,
Көшеде жалғыз жарық жоқ,
Қараңғы керең түн болған;
Мешіт, шіркеу, абақты, –
Аранын ашқан ін болған.
Алыс тұрып қаладан,
Есекке мініп даладан,



Оқта-текте қалаға,
Келетін күйсіз күн болған.
Кез келгенде бас иіп,
Бүгежектеп асыға,
Бас изесем сақалым,
Тиіп ердің қасына;
Ай, антұрған, жендеттер,
Деп ішімнен қиналғам.
Алатау қазір түрленіп.
Алатау қазір гүлденіп,
Алматы менің астанам
Күндей жайнап нұрланған.
Алатаудың алқабы
Дала еді бұрын шөлдеген!
Атан тайып, нар шөгіп,
Болдырып бура зар шегіп,
Жәндік бар ма ед өлмеген?!
Сол жер қазір жайнады,
Сол жер қазір арналы
Орал – Көшім каналы
Өзен болды өрлеген!
Сәуле беріп жарықтан,
Ұлдарға хат танытқан,
Құлшындырып қойшының,
Кісенін шешіп ағытқан;
Батырағын даланың,
Білімді ғып оқытқан,
Батыр ғып батыл ең күшті
Білімге құстай тоғытқан;
Советтің ылғи отты ұлын
Әкесіндей ардақтап,
Бес жылдық ұлы планда
Еңбегімен алға аттап,
Халқыменен бірге аттап



Таңның нұрын төкті кім?
Ленинге берген ұлы антын
Мұғалім, ақын, докторын,
Орындап оның шын шартын,
Ұшан қиыр теңіздей
Еліне еңбек етті кім?
Қанаттанған халық үшін,
Бақыттанған жалпы үшін,
Қыран құстай қомданған,
Күні-түні ойланған
Кім екен – деп сұрадым
Жүрегімен жайнаған?
Ұрпаққа алтын заң берген,
Халқына мәңгі таң берген,
Депутаты халықтың
Жүрегімен жайнаған?
Тұрған кім сөйлеп көп тілін?
Деп домбыра шегінен,
Жүрегімнің төрінен,
Сұрап едім, тіл қатты;
Деп ол – Ұлы партия!
Сондықтан мен жырлаймын
Партияның нұсқауын!
Біздің ұлы Отанның
Он бір алтын отауы
Туын тікті көріңіз!
Он бірдің бірін санаса,
Қазақстан тамаша
Өркендеді өріміз.
Каспийден бастап Алтайға,
Тоғысқан алқап шегіміз;
Ұлы Отанның кеңіді
Ойы менен қырлары;
Кәрі, жасы, қыздары,



Өсті есепсіз ұлдары;
Достығы үшін халықтың
Нығайды тартқан желіміз.
Ел достығын ұстаған
Коммунистік партиям
Кремль, Мәскеу – төріміз!
Қуатты ұлы держава,
Тегеурінді тегі біз;
Асқар таудай халықпыз,
Жиһанда жоқ теңіміз!..

ЖЫР АРҚАУЫ

Көпті көрген көнемін,
Көп заманнан келемін.
Сырттан көрген кісіге
Сыны қашқан денемін.
Тән қартайған, ол рас,
Астық тоқсан белеңін.
Бірақ менің жаным жас,
Күнде көктеп, өнемін.
Көктегенім емес пе,
Үдеген күй, өлеңім.
Жамбылды жас демес пе,
Көрген адам өнерін.
Мен танбаймын жырымнан,
Сөз миуасын теремін.
Советтік біздің ұлы заң
Жыр арқауы дегенім,
Ұлы заңның нұрынан
Жүрекке күш егемін.
Жаным жырға жылынад,
Ойыма нұр себемін.



Шаршамаймын мен әлі,
Өз күшіме сенемін.
Шығам талмай балаша,
Басына Майтөбенің.
Көз жіберем қырандай,
Шолам аспан кемерін.
Көз алдымда тұрғандай,
Жер дүние дегенің.
Біздің Отан күн мен ай,
Шырайына енемін.
Бізден түскен нұр сәуле
Шұғыла шашып жер жерге
Ұлғайтқандай көлемін.
Батыстағы бауырым
Украина, Белорус
Алтын заңның нұрында
Ұлы Отанның халқымен
Мәңгі айрылмас болып дос
Бас қосқанын көремін.
Мен солардың тобында,
Қарт домбыра қолымда,
Гүрілдетіп күй тартып,
Жарқын-жарқын ой шалқып,
Жырды ағытып төгемін.
Жүрегімнің қайраты,
Жауды жеңген айбаты
Жанымда өңкей өренім.
Шаттық сыймай бойыма
Халқым менен ән қоса
Компартия көп жаса! –
Деп айтуға келемін.



ТҰРАПҚА

Е, жарқыным, келдің бе?
Айтшы, кәне, кебің не?
Құр құлағым елеңдеп,
Сен тындырып келер деп,
Мен отырдым сенімде.



1940







ҚАЛМАҚАНҒА

Насыбай бер, Қалмақан, насыбай бер,
Насыбайың бар болса жасырмай бер.
Саулық қойдың жасындай жасым қалды,
Біреп жылға Жамбылды асырай бер.

ОСПАНБАЙҒА

Сенің әкең баяғы Қаракүшік,
Көшеде жатушы еді арақ ішіп.
Ауылға содан келіп молда болып,
Күн көріп, жүруші еді бала пішіп.

ТӨЛЕГЕНГЕ

Сыртың сұлу болғанмен,
Сөзің сылдыр жігітсің.
Бірді арытып қойып ең,
Бір семізді мініпсің.
Бүйте берме, колхозшы
Деп жүрмесін бүліксің!

* * *

Менің мініп келгенім жирен дөнен,
Жорға басып аяғын киреңдеген.
Таса жерге байла да, шөп салып қой,
Біреу мініп кетпесін сүйреңдеген.



АРҚАНЫҢ АРҚАУЫ

Күші құрыш біздің ел
Салып болат темір жол
Тартты құрыш желісін;
Кестелеген жерімді,
Кенелдірген елімді –
Темір жолым бел күшім;
Арқауындай өмірдің,
Қанатындай елімнің,
Жайды өрге өрісін;
Қарталы мен Ақмола
Араларың айдала –
Сараң ед бұрын ел үшін.
Батыр туған ұлдарым,
Лениндік ұрпағым,
Сарыарқаны кестелеп,
Түрлендірді жер үстін.
Жан кіргізіп далаға,
Толтырды ну қалаға
Орғып тұлпар от арба
Жетті зулап Арқаға;
Отарбаның өрлерін
Қолдан жасап ерлерім
Көрді тұлпар желісін!
Темір жолдай екі шек,
Жырды жырлап екпіндеп,
Нөсер жырым төгілсін.
Алуан ұлдың бұл ісін
Өз көзіммен көргенде,
Арқаға жол өргенде,
Жолды салған ерлерге
Қуанышты жүректен,
Шын ықылас ниетпен
Жырдан сыйлық берілсін!



РАХЫМБАЙҒА

Рахымбай, отырмысың мені бағып,
Ауру әр адамды қылар кәріп.
Екі тізем сырқырап бастырмайды,
Келуім мұң болды ғой сыртқа барып.

МЫРЖЫҒА

Балаң бойдақ жүр ме әлі ала қыстай,
Кетгі ме әлде шарықтап бала құстай.
Қорадағы тауыққа көзін тіккен,
Төңіректеп жүр ме әлде, қара құстай.

«Құс баласы қырымға» деген сөз бар,
Сен ұқпасаң, бұл сөзді өзге ұғар.
Өрісің тар өзің де жазған едің,
Саған тартса, ұзамай жүрген шығар!

БОЛАТ ТОНДЫ БАТЫР

Батырларын елімнің,
Бағы ашылған жерімнің,
Бір емес, мың жырлағам.
Ер боп туған жастарым,
Қайнаған күш, жас жалын
Қиын емес жыр маған.
Тастүлек, сайып қырандай
Мұнартып ұшып мұзды күн
Ұлдарым елді қорғаған;
Жырым бірге майданға
Барсын оқтай ойнаған,



Бомбысы жерде жарылса,
Танкісі тауда ойнаған;
Күміс қанат, болат құс
Топшысын тауда қомдаған,
Самолетке ер салып
Жері бар ма шолмаған;
Бұлт жамылып, мұз жастап
Командирлер қол бастап
Соқса да боран – тоңбаған.
Болат тонды батырлар
Еңіреген ердей ел үшін –
Аямай ерлер бар күшін
Жауды жеңбей қоймаған!
Қылышы қара тас кесіп,
Найзасы айға бойлаған.
Елін ері қорғаса,
Ел де ерін қолдаған.
Елге, ерге қамқоршы
Партияның атымен
Қызыл ерлер майданды
Күшейтті де, талқан ғып
Жеңді талай жауларды!
Болат тонды батырым
Бұзды қамал, тауларды,
Есімде әлі Хасан көл
Майданда жаңбыр төгіп сел
Жапондарды жөңкітіп,
Жосылтқаны қызыл ер!
Жауға жауған жаңбырым –
Нөсер-нөсер, оқ еді,
Қалың бұлт дегенім –
Аспан жүзін шымқаған
Болат құстың тобы еді.
Айбынды осы жойқын күш



Украина, Белорус
Елін азат өткенде
Арды берген жоқ еді!
Көңілімді қуантқан
Халқымның осы өсуі,
Өсірген оны тербетіп
Октябрьдің бесігі.
Бесігі емей немене,
Көз жіберіп қарашы,
Отаныма өнеге –
Ұлы Ленин қаласы;
Онан әрі көз салсаң,
Екі дүние арасы;
Көрсетіп тұр фин жұртын
Балтық теңіз жағасы;
Қасқыр жолды, мұз келді,
Аюлы орман ағашы;
Сол орманнан көрініп
Оқ атқан жау қарасы;
Әлемге аян болған соң
Бізге жапқан жаласы;
Астан-кестен Балтықтың
Толқынға симай сабасы;
Қаласы үшін Лениннің,
Халқы үшін сол финнің,
Атой салып аттанды
Отанымның баласы.
Фин халқының бағы үшін,
Аямаған бар күшін,
Ұлдарымның таласы.
Жалаңдаған жаулардың
Берілді мықты сазасы!
Көре алмаған дұшпандар
Не демейді, – табашы;



Керуен көшер, ит үрер,
Үрген ит не бітірер!
Кімнің жеңіп жатқанын
Атады, атар аттарып
Тарих өзі бағашы.
Көшті біздің керуен,
Өрлей асты өрінен,
Керуенді өрбіткен
Біздің жердің аясы.
Қатты салып шеңгелін,
Бүріп жатқан фин жерін
Құтқарып түнек, құлдықтан, –
Менің батыр ерлерім
Танкілермен тау бұзып,
Оқты кектен жауғызып,
Елемей көл, құздарын,
Тегеуріні жау жаншып,
Жерді басқан зілді аршып
Күрейді оқпен мұз, қарын.
Қаласы үшін Лениннің,
Халқы үшін сол финнің
Майдан ашып жол тартты
Болат тонды ұлдарым!
Төңіректі болжасам,
Құрыш қорған шекарам;
Самаладай самсаған
Болат тонды өз балам;
Маңдайында жарқырап
Жұлдыздары жайнаған,
Сол емес пе, шырқатып
Жамбылды да қозғаған!
Елім бейбіт, жерім құт,
Тілім – шырын, жырым – жент
Көмейімнен қоздаған;



Біздің елдің батыры
Болат тонды, қуатты,
Мұнан батыр озбаған!

ТЕЗЕКБАЙҒА

Жігіттер, не дейсіңдер Тезекбайды?
Тепкізген күрең атқа жирен тайды.
Не үй, не түз шаруасын ойламайды,
Не деп атаушы едіңдер осындайды?!

БОЛЬШЕВИКТЕР ТОБИНА

Гүмбірлетіп домбыра,
Алсам сені қолыма,
Пернелерге тіл бітіп,
Сөз нәсерін өрбітіп,
Жыр құйылар ойыма.
Сөйлесем дос-жаранға,
Жыр құйылмас заман ба?
Көк қаусырған Талғардай,
Шыңын бұлақ жарғандай,
Өлең шіркін лақылдап,
Сыймай кетер бойыма.
Қалай сыйсын қара өлең,
Балқып ерид шаттықпен,
Тоғысқанда тойында.
Мен ғана ма бұл келген,
Көк өрім тал күллі өрен
Еріп келді соңыма.
Ақ сақалды, бурыл шаш,
Мен бастаған жыршы жас,



Құтты болсын айтамыз,
Большевигім тобына!
Қазақстан атынан,
Топтарыңа шақырған,
Қарт жырауың мен едім.
Жырым шалқып ел ішін,
Елдің ұлы жеңісін,
Партиямның алдында,
Айтайын деп кеп едім!
Осы топқа қарасам:
Айбынындай елімнің,
Қуатындай жерімнің,
Оза шауып жүлде алған,
Шын болаттан құйылған,
Балғасындай өмірдің,
Большевикті көремін!
Өміріме өнеге
Бақ орнатқан келеге,
Байтақ шалқар өрістен,
Мызғымайтын жеңіспен,
Озат шыққан өренім.
Білім десе білімін,
Түлік десе – түлігін,
Мүлік десе – мүлігін,
Өмір десе – өмірін,
Темір десе – темірін,
Көмір десе – көмірін,
Алтын десе – алтынын,
Тілегенің халқымның,
Сый ғып тартты керегін.

Аңсаған елге су берді,
Шөл далалар гүлденді.
Дауысты ашып қарлыққан,



Бүгін өмір жаңартқан,
Халықтың сүйген өлеңін,
Майырылмас алмас заводтай
Біздің осы өмірден
Алуан сұңқар ер шықты.
Қауырсыны темірдей,
Нажағайдай жарқылдап,
Көктен жауған шартылдап,
Жаңбырша оғы төгілген!
Тайсалмастан дұшпаннан,
Темірменен құрсалған.
Жаудың інін жемірген,
Жауар күндей түнеріп,
Жорыққа жойқын үдеріп,
Қаулай өрген жерімнен.
Батырлары елімнің
Қасиетті жерімнің
Жау бастырмай шенінен.
Соның күшті тобында
Өлеңім – оқ қолымда,
Мен де жаудан шегінбен!

О, большевик ерлерім!
Елге тұтқа өрнегім,
Нұр үстіне нұр құйып,
Бақытқа елді бөлендер!
Бақыттың асқар шыңына
Өрлей берсін өнерлі ел.
Білімге, күшке, іске ұста,
Бар әлемге боп нұсқа,
Өрлей берсін өрендер!
Мен үдермін бұдан да,
Қуат беріп тұрғанда,
Компартия кемеңгер.



Үдеген сайын ұлы ісің,
Сендер үшін, ел үшін, –
Сарайымнан саңқылдап
Шығар талай өлеңдер.
Жаудан қайтпас қарт жүрек,
Мен де сіздей большевик,
Мені кәрі демендер!

ЖАНҚҰТТЫҒА

Көп жүріп, жеттік ақыр – аш кезеңге,
Көргенше енді қайтып мен төзем бе?
Білмеймін, жүкті әйелдей жүрек күпті,
Жүреміз ұрып кетіп қайсы өзенге!..

КҮНІ ТУҒАН ЕЛІМ

Домбыра алып, ел кезіп,
Тұманды күнде мен безіп,
Кешегі жүрген шағымда:
Күннің батқан жағында
Бар екені қандай жер,
Бар екені қандай ел
Сезілген күңгірт Жамбылға.
Күн туып нұр шашқанда:
Елім қолы аспанға
Созса жетіп, Октябрь
Таңы құмар басқанда:
Батыс, Шығыс, Оңтүстік
Құлақ түрді жыр тыңдап
Жамбылдайын даңғылға.
Таңы атқан менің елімнің,



Көмегімен ерімнің,
Күнбатыс жақ шектегі,
Халықтың да көктемі
Шығып, көлкіп көлдері,
Ерік алды батыста
Украина елдері;
Бақ орнатқан таңында,
Күннің нұрын көрді анық
Советтің алтын заңында;
Шырқай шықты дауысым,
Жақын болды алысым,
Барсам Ұзынағаштай
Жолы жақын жалғауға,
Күннің нұрын Мәскеуден
Бірінші рет көрген ел;
Тақта отырған паңдарын
Тас-талқан ғып жеңген ел;
Өркендеген бағымен
Советтің алтын заңымен
Қырандайын самғауда;
Жаңартып ойы, қырларын,
Халқы сүйген ұлдарын
Депутатқа ұсынып,
Праволы сайлауға.
Ол теңдікті кім берді,
Кім берді өмір ұшпағын?
Десең, – баққа туған ел,
Бақыт берген Ленин
Оның аты ұлы ат,
Ол – бірінші депутат
Халықшыл ұлы сайлауда!
Тұманды күнсіз елдердің
Күні бүгін жайнауда;
Ұлы Ленин данышпан,



Ол – жанған нұр таңына,
Ол – туған ел бағына,
Ол – еңбектің тауына,
Жеткізді елді, сол үшін –
Жамбыл дайын сайрауға.

АСАУ ҮЙРЕТКЕН ЖІГІТТЕРГЕ

Асау тайға мінуші ек,
Ауыл кезіп жүруші ек.
Атанушы ек «бозбала»,
Атағымыз сол ғана.
Неге екенін кім білсін?
Не білім жоқ, еңбек жоқ,
Құр әйтеуір көңіл тоқ,
Секілді едік буыршын.
Өмірді бос өткізіп,
Жұртқа қадір кеткізіп,
Жүрдік пе екен қыз үшін!
Сендер ондай болмаңдар,
Елдің қамын ойлаңдар,
Қылжақпастық құрысын!

ТӘЖІБАЙҒА

Жасымнан атым аян Жамбыл едім,
Сүрінбес қара сөзге даңғыл едім.
Сөйлесем сары түнге шалдықпайтын,
Қақырап қайран даусым қалды менің.

Шалқыған аспан-көкке қайран әнім,
Шырқасам кіргізетін тойдың сәнін.



«Ә» десем, аузымнан бытырайды,
Шіркінге, не болғанын біле алмадым.

Тәжібай, саған қалай менің мұным,
Аулақта сұрайтұғын бұл бір сырым.
Әнді алған, әр нені алған сұрамастан,
Күнәлі, бәлкім бұған кәрілігім?

МАЯКОВСКИЙГЕ

Түнгі жұлдыз сәулесі,
Көтерілген түндіктей,
Су толқынын көркейтер!
Домбыраның пернесі,
Егіз шекті көркейтер!
Көркейер ме гүл бақша,
Бұлбұл күйін толғамай?
Көркейтпес пе түніңді,
Көкті жара туған ай?
Күндіз жарық болар ма?
Күннің нұры ойнамай?
Шапса жүйрік кесілген,
Кіл сайгүлік өсірген,
Тұлпарындай Дегерес,
Жылқы көркі болар ма,
Жүрмеген соң жорғалай.
Гүлденер ме сусыз жер?
Ақпай бұлақ айнадай?
Жыр сымбаты болар ма,
Өмірменен жайнамай?
Бұлбұл көркі болар ма,
Тұрса үнсіз сайрамай?
Құр жыр жанды тартар ма, —



Құйылмаса аймалай?
Жыр жігітті желпінтпес,
Ұрандамай майданға!
Жыр қуаты күшеймес,
Оқша атылмай жауларға!
Жырыңды ел сүймесе,
Тұрар ма жыр таңдауға?!
Біледі біздің кең дала,
Дарынды совет ақынын;
Өлеңін оқтай боратқан,
Жауды жеңгіш батырын.
Оның жыры қалықтап,
Халықтан тапқан жақынын.
Маяковский ел ұлы,
Ол жайнаған жыр гүлі, –
Оның жырын жырлайды,
Менің бүкіл ауылым.
Жыр батыры өлген жоқ,
Ол өлімге көнген жоқ,
Оның атын ұмытпайды,
Бақытты елім, бауырым!
Оның жырын жатқа алды,
Қазақ халқы қауымым.
Ташкентте өзбек өз елім,
Грузин халқы – өзегім,
Орманда өскен ойрат та,
Жаттады асыл сөздерін,
Жырының күшті жалынын!
Ол өлеңнің маягі,
Оны білед бар елі,
Жыр жолының жарығын!
Өшпес жырлы ақынның,
Тойын бірге тойлауға,
Келді туған Мәскеуге,



Ақын Жамбыл алыбың!
Жаттасын ақын ұлдарым,
Ақындық оның арынын.
Ақындық оның дарыны,
Бейне біздің Махамбет.
Оның әрбір сөздері,
Жауды өртеген секілді өрт!
Махамбет ақын жырымен,
Құрыш найза қырымен,
Көтерген халық туымен,
Хан Жәңгірден қорықпай,
Белдескен ер бетпе-бет!
Жауына күшті жекіріп,
Хан бетіне түкіріп,
Бақыты үшін халықтың,
Бел бүкпестен кеткен ед!
Жыры өшпейтін ақынға,
Советтік біздің батырға,
Той үстінде толғанып,
Домбыраны қолға алып,
Білдіремін жырмен ниет.
Ол шын сүйген ақын ед,
Партияны, өмірді,
Ол шын сүйген батыр ед
Кемеңгер ұлы Ленинді.
Сондай асыл ақынды,
Сол үшін халық сүйеді,
Қырдан шыққан өренді.
Ақын, ашут, жыршылар,
Таудан аққан бұлақтай,
Ақтар жырды, кел енді!
Өмір үшін, халық үшін,
Біздің елдің даңқы үшін,
Өлеңнен ту көтере,



Жаңғырта барлық дауыспен,
Жырға бөлеп бер елді!
Жыр батыры ақын ұл,
Өмірде қалай аттаса,
Сіз де, батыл аттаңдар,
Қанды майдан, дауылдан,
Қабак шытып, қайтпаңдар!
Жыр тербетсін ел жанын,
Жыр жайратсын ел жауын,
Алған беттен қайтпаңдар!
Жыр жеңіске шақырсын,
Досқа балдай татысын,
Шөлін басқан даланың –
Толқынындай Нұраның,
Жырды елге баптаңдар!
Жырмен өмір сымбатын, –
Жырлап бақыт қымбатын, –
Сары алтындай сақтаңдар!
Қиядан ұшып қырандай,
Ақынды жырға шақыра,
Большевикше ұрандай,
Коммунизм жолында,
Жыр нөсерін төгелік
Шығалық озып шығандай!

ТҮРКСИБТІҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫНА

Бұрын белді бүтетін,
Айшылық азып жүретін,
Жерлерді алты-ақ қарыштап,
Жорыта шауып жарыс сап,
Болат тұлпар желгенде
Ұзақ жолды қысқартты.



Советтік жарқын таңымда
Шалқып тұрған шағымда,
Болат тұлпар тізгінін
Ер қолына ұстатты,
Техниканың тетігін
Ел қолына ұстатты,
Поезд келіп жеріме,
Ырыс қонып еліме,
Айналдырды қалаға
Бұрынғы ауыл, қыстақты.
Шойын жол шаршы төріме,
Тартылып тау мен өріме,
Жүйрік тұлпар Түрксиб,
Келіп еркін еліме
Қартайғанда менің де
Адымымды ұзартып
Медеу болды беліме.
Арпалы, алтын сұлыдай,
Ас қылғандай қылғымай,
Қарағанды көмірін,
Жейді жорғам жеміне.
Сол тұлпарға мініп ап,
Москваны да көргенмін,
Болат тұлпар сырғала
Жорғала, поезд, жорғала
Жорғалайын мендағы
Домбырамды қолға ала.

Жарқылдаса нажағайдай
Жапырғандай жаудың түгін
Түгін емес – жаудың жанын
Ұшырғандай көкке күлін.
Жермен жексен жасағандай,
Отша өшіріп жау өмірін.



Жаңа өмірден өріп өрім,
Тұлпар мініп, ту тігіп,
Шыққан түлек қырағы ерім,
Жаудан қорғайд туған елін,
Уыз дәннен ту көтерген
Толқындана еккен егін,
Сол егіннің әрбір дәні,
Көк қорғасын оқтай әрі,
Бергендей-ақ жаудың емін.
Жау баспастай туындаттық,
Ішіндегі шүйгін шөбін
Құйдық қара құрыш тастан
Омырылмас Отан шегін.
Біздің елдің жері, көгі,
Жер, су, көкте жүрген ері,
Бақытты өмір таң сазынан
Көкірек кере алған демін.
Күн туғалы көктен жанып,
Жаралғалы кәрі тарих,
Адамзаттың ұрпағынан.
Жорғала, жырым, жорғала,
Жорғалаған жырымдай,
Дөңгелектер доңғала.
Біздің совет адамы
Орайды жердің шеңберін,
Тағы да жаңа жол сала...

ОЛ ЗАМАНДЫ МАҚТАМАН

Туып, өсіп, жайлағам,
Қазақстан аймағын.
Көргем талай заманда,
Көк орманы өрімдей,



Көк майсасы кілемдей,
Алатауын қар көмген,
Бауырына гүл өнген,
Жыр шырқағам даламда.
Ол заманда кең далам,
Өгей едің сен маған.
Гүл біз үшін көктемей,
Ел бағын хан ұрлаған.
Құлазыған құм кезгем,
Жабырқатып жанды езген,
Табаныма тас батып,
Көзіме сора жас қатып,
Маңдайымнан күн өтіп,
Қақтап жанды қинаған.
Сол далада қаңғырып,
Іздеп адам таппаған.
Өлгендердің сүйегін,
Көргем жендет таппаған.
Тек мүлгіген қара жер,
Қурады тау, төбелер,
Жанның терең сырындай,
Ақындардың жырындай,
Бауырына аялап,
Алтын, күміс, қорғасын,
Кен байлығын сақтаған.
Сол байлықты алуға,
Ол бір сұрғылт заманда,
Елдің қолы батпаған.
Далада ағып өзендер,
Мекендемей оны елдер,
Толқынында балықшы,
Аумен балық тартпаған.
Осынау кең даламда,
Күні күңгірт заманда,
Керуен де жол таппаған.



Жұрт соңынан жоқшылық,
Көшке ілескен итше ұлып,
Ел қабағын ашқызбай,
Азабы жоқ артпаған,
Патша салып бұғауға,
Тұншықтырып хан, молда,
Азап шеккен Жамбыл да,
Ол заманды мақтаман.

МЕКТЕП БАЛАЛАРЫНА

Балдырған балғын, балалар,
Мойнына қызыл байлаған.
Түрлерің гүлдей жайнаған,
Мектеп боп ынтық-әуесі,
Жасынан білім ойлаған.
Қарасам қанша тоймаймын.
Айналам сендей жеткіншек –
Мәуелеп өскен бәйшешек
Өмірдің жазын тойлаған
Ортаңда гүлдеп көркейген
Ұялы мен бір бәйтерек
Сендерді қоссам жырыма,
Саңқылдап үнім сайраған.
Қазандап кәрі саусағым,
Ішекте бойлап ойнаған.
Мектептен сендер келгенше,
Тағы да бір жыр ойланам.
Келген соң айтып бермесем,
Балалар, кінә қой маған!

Жасарып, көктеп бойлаймын.
«Жәке!» леп салған қолқаңа



Жаңадан жырлар толғаймын.
Жайнаған мынау заманда
Жас болу қандай адамға
Қызық пен бақ деп ойлаймын.
Мектепке тұрған гүмбірлеп
Қуанып ойнап жүгіріп,
Алуға білім барасың.
Көзімді салсам осыған
Көңіліме ойлар саласың.
Ленин бабаң оқуынан –
Өмірге право аласың.
Сананың ашып көздерін,
Кітаптың білім сөздерін,
Өмірдің талай кездерін
Біліп ата-ананың
Бұрын талай қиналып
Қынжылумен келгенін
Көріп ойға түйесің.
Мектепте кісі боласың,
Дүрмекке еріп, дірілдеп.
Мектепке бәрің бүгін кеп,
Оқисың, думан саласың.
Томдарын оқып Лениннің
Бұлағына жүзіп білімнің
Сусындап сонда қанасың.
Сендерді көріп сүйсініп...
Кремльде атаң Сталин
Күлімдеп көзі қарасын!
Маған да қуат құяр бұл
Осыны көрген қарт Жамбыл
Сендерден несін аясын!



ӘЛЕМДЕ БІР ЖҰЛДЫЗ БАР

Мен шеккелі қай заман
Өмірдің ұзақ сапарын.
Не көрмеген көне көз,
Ағарғанша сақалым.
Қилы-қилы жол тартып,
Үміт алда мұнартып,
Демеу болған көңілге,
Жалғыз, жанған сәулеге,
Жеткенімше құмартып,
Бір ғасырды жасадым.

Ол бір күңгірт түнекте,
Елестеген үмітті,
Мен бе, жалғыз іздеген?
Көп сапырылып, қажалып,
Сол сәулеге қадалып,
Кімдер көзін сүзбеген?!
«Үміт алыс, өмір шақ»,
Жаны қажып, жабырқап...
Кімдер күдер үзбеген.
Күллі байтақ елдей боп,
Жасын жасап мендей боп,
Сөйлескен кім жүзбенен?
Кітабындай өмірдің,
Шежіресін еліңнің,
Естірсіз де білерсіз
Кеңессеңіз бізбенен.
Осынша ұзақ сапарда,
Күн мен жыр боп ермегім,
Жинап, теріп көргенді,
Ұзақ жолдан мен келдім.
Қайда барсам қамығып,



Қабағын ашпай жабығып,
Үдере көшкен ел көрдім.
Жол торабын жоғалтқан
Көрдім өмір керуенін.
Жұлдызбенен жол жүріп,
Жәрдем күтіп аспаннан,
Жалбарынып сасқаннан,
Көргем көкке сенгенін.
Қамаоғанға жол табар,
Қандай қайрат қолда бар.
Үдере көшкен елменен
Мен де бірге сенделдім.
Жас жалындай күнімде
Өлең болып тергенім,
Зарын айтты осы өлең
Жапа шеккен елдердің.
Таудың басын бұлт шалып,
Құлазып дала қуарып,
Жұрт жығасы жығылды,
Қандай жорық қуырды,
Соқпағында сол күннің
Не теперіш көрмеді
Асқар, асқар белдердің,
Құс ұшпайтын шөлдердің,
Қиырында ел күңіреніп,
Байлар сорып жыландай,
Қулар шоқып құзғындай,
Хан, сұлтаны «Құдайдай» –
Салып улы шеңгелін.
Жұртты бүріп сығымдап,
Тоя жеді жемдерін.
Қарсы шауып соларға,
Ел өрледі нелер бір.
Жасы қыршын, жас өткір,



Қаза тауып қапыда,
Көргем талай өлгенін.
«Қарағай найзаң сынды ма?
Кәріп жаның тынды ма?» –
Деп ақыннан жыр борап,
Көкірегін шерге орап
Қайғыменен көмген күн...

Зарыққан соң ағайын,
Сарғайтып жүзді сары уайым,
Мұңға толып сарайым,
Шолды көзім жан-жақты.
Аспан нұрсыз, жер үнсіз,
Қара бұлтқа ай батты...
Көріксіз жаз, Құлансаз
Суы құрып сай қапты.
Судырамай құрағы,
Сарқырамай бұлағы,
Қарт бурадай түнеріп, –
Тілсіз бейне бір өлік –
Жым-жырт шөгіп тау жатты.
Баспанам жырттық ылашық,
Шығарға күш жоқ қыр асып,
Көріп ек мұңды аймақты.
Ыза кернеп бойымды,
Сан толқытып ойымды,
Зығырымды қайнатты!
Жан шыдар ма күйінбей,
Күңіренген ел үніндей, –
Жамбыл күйін аңыратты...

Сүйтіп үміт сөнгенде,
Күнім қараң дегенде,
Тынып тұрған дүниенің,



Жарқ еткізіп түндігін,
Серпіп, кенет ашқандай.
Керең дүние селт етіп,
Түгел құлақ асқандай,
Жер жара бір шықты үн,
Серпініне сол үннің,
Серпілді де сырғып түн,
Жер мен көкті жарылқап,
Нұрға бөлеп шықты күн!
Ел еңсесін талай жыл,
Қара тастай басқан зіл –
Ыдырады қайғы, мұң.
Бойын жазып, жадырап,
Күнді құшты маужырап,
Мелшиіп жатқан тау мен құм.
Елдің құрғап көз жасы,
Көкорай болып көл басы,
Толып өзен арнасы,
Құнарланып құндағы,
Құлпыра берді күз бен шың.

Қуаныш бөлеп жүрегін,
Айтты сонда бар елім:
Жарық күні әлемнің –
Ленин! Ленин! Ленин!
Ұлы есімін Лениннің,
Атаған сайын күш қосып,
Күннен-күнге үдедім.
Ұзақ сапар шеккелі,
Мақсатқа осы жеткенім.
Талай заман іздеген,
Көптен көксеп көздеген,
Үмітіне жетті елім.
Өмірдің ауыр қыспағын,



Қиратып Қазақстаным,
Отанның ұлы халқымен,
Өткізді жиырма өткелін.
Айтсам күнді бүгінгі,
Қазақ халқы қазірде,
Көріп тұр ғой нұр күнді.
Ерен күшті ел болды.
Көсегесі көгеріп,
Кең өлкелі бел болды.
Асты күміс, үсті ырыс,
Таудан алтын, сайдан мыс,
Телегей теңіз көл болды.
Жерден мұнай атылса,
Көктегі құстың қанатын,
Қақтыратын жер болды.
Азуын айға білеген,
Айбаттанса үдеген,
Елде айбарлы ер болды!
Малы қаптап өрісті,
Ағашы миуа, жемісті,
Жоны женттей егісті, –
Қазақстан аймағы –
Алтын жайлау жер болды.

Қайратым құрыш, ойым өр,
Қажымас, қайтпас елім зор.
Қойным толған қазына,
Шығып өмір жазына,
Бөгелместен беттедім.
Арман еткен мың жылғы,
Адастырмас жұлдызды,
Халқым тауып тұрғанда,
Қалай жырды төкпейін.
Әлемде бір жұлдыз бар,



Ол бар жерде күндіз бар,
Ол жоқ жерде күнде ызғар.
Ол – жиһанның жүрегі,
Ол – жер мен көк тірегі!
Күллі әлемнен ол биік,
Жарқыраған нұр құйып,
Бақытқа елді бөледі.
Ол әлемнің шырағы,
Өмір, бақыт бұлағы
Сонан ғана өреді.
Ол – Кремль жұлдызы,
Ол – өмірдің күндізі.
Адастырмас сәулесін,
Әлем жүзі біледі.
Қазақстан тойында,
Өмір тұрқын бір болжап,
Нелер түсіп ойына,
Қарт Жамбылдың жыр толғап,
Осы айтайын дегені.

МЕН БІР БИІК БӘЙТЕРЕК

Мен бір биік бәйтерек,
Көкке бойым бойлаған,
Қармақты терең тамырым,
Жайылып жерді шарлаған.
Бұтағым бар ма жайқалып,
Жапырағын жармаған?
Күннен көркем нұр алып,
Бұтағым күміс бұралып,
Ауадан жұпар дем алып,
Жапырақтарым жайнаған.
Бәйтерекпін дегенім –



Жасым жүзді қармаған;
Тамырым терең дегенім –
Халқым ғой күшті қаулаған.
Бұтам жапырақ жарғаны –
Жастық шағым аумаған.
Жапырақтарым дегенім –
Жастарым менің самғаған.
Жастарым – гүл комсомол,
Қолы құрыш, күші мол,
Алған беттен таймаған;
Тепсе тескен тасты ұлан,
Ұядан ұшқан жас қыран,
Қанатын қақса талмаған.
Жұмыс десе жең түріп,
Майдан десе ұмтылып, –
Ұлдарымның ерлікпен,
Қамалы бар ма алмаған.
Ақмола мен Қарталы,
Теміржолын тартуда,
Шығыс жолын шеңберлеп,
Салып болат сақина,
Еңбектен артта қалмаған!
Орал – Көшім каналын,
Мырзашөлдің аралын,
Көлге бөгеп алабын,
Суға тоған байлаған.
Алтайдың алтын өңірін,
Қарағанды көмірін,
Кенге бөлеп қолымен,
Отанына сыйлаған.
Майданда бейғам қалмауға,
Отанын жаудан қорғауға,
Ұлдарым менің баптанған,
Әскерге де аттанған,



Мылтығын тот шалмаған.
Қазақстан тойында,
Жастардың өскен бойына,
Қарап көңілім қуанып,
Соларға жырым арнаған.

БАҚЫТ ЗАҢЫ

Хан, патша, би билеген,
Заманда елді илеген
Жұртты опқан аң көрдім,
Дәрмен қалмай денемде.
Енді өлем ғой дегенде,
Өмірге атқан таң көрдім.
Ұлы көсем Лениннің,
Бастауымен елімнің
Көзін ашқан заң көрдім.
Лениннің ұлы жолымен,
Жазылған заңнан сән көрдім,
Әр сөзінен сол заңның
Халқым тапқан олжамның
Асқар тауын сан көрдім.
Заң мен таңға кенеліп,
Теңдік алып теңеліп,
Жайраңдаған ел көрдім.
Көркін көрдім елімнің,
Гүлін көрдім жерімнің.
Өмір деген айнадан;
Бойжеткен қыз, бозбала,
Қартайған шал, кәрі ана,
Дауыс алып сайлауда,
Сүйген ұлын елінің
Депутат қып сайлаған.



Ұшан қиыр бай халқым,
Жайлауы, жері сары алтын,
Отанымның бар елі,
Сүйіктісін халықтың
Депутат қып таңдаған.
Дем алуға, өңбекке,
Оқу, өнер, өрнекке,
Сайлануға, сайлауға,
Ұлы Отанды қорғауға,
Ашылған бағым арнадан.
Сиырларым бұзаулап,
Кулық бие құлындап,
Аймағым мал аңдаған.
Арғымақ ат ойнақтап
Шапса шыққан бәйгі ақтап,
Ауыздығын шайнаған.
Озат шыққан еліммен
Майданшыл кіл еріммен
Бәйгім бар ма алмаған?
Қызық жоқ мен көрмеген
Заңмен өсіп өрбіген,
Халқым менің қаулаған.
Латвия, Литва,
Карелофин халқы да,
Бессарабия ұлты да,
Украина, Белорус,
Буковина жұрты да.
Советтік алтын заңымды
Қолдаған да самғаған.
Бұл заң – елдің бағы үшін!
Бұл заң – ажал жау үшін!
Бұл заң – ұлы табысым,
Бұл заң – қуат, әл маған.
Ағарғанша сақалым,



Аузымда алтын мақалым.
Заң мен таңды жырласам,
Ленин атын атадым
Сол үшін Жамбыл сайраған.

ТАУДА

Мен бір шал тоқсан жасты құрдас еткен;
Тайғанап жүре алмаймын қия беттен.
Ел кезбей атқа мінбей, араламай,
Жатамын үйде тыныш сол себептен.

Бұл кезде белім бүкір, көзім бұлдыр,
Белге алып шыға алмайды тізе құрғыр.
Құлағым қаңылтырмен қаптағандай,
Ел сөзін естімейді қаңғыр-күңгір.

АБАЙДЫҢ СУРЕТІНЕ

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа.
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған –
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терең ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..



* * *

Жүрек неге соғады өрге қарап?
Жағар-жақпас білмеймін ішкен тамақ.
Байдан сауған кедейдің сауынындай,
Лөгдір балам, отырмын саған қарап!..

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ

Шақырған жоқ сендерді Жамбыл жайға,
Ақылдасып қойындар осындайда.
Әркім өзін емшілмін деп ойлайтын,
Ұрып кетіп жүрмеңдер екі сайға.

* * *

Кедей көтеріліп қырда жүр,
Байлар бұғып ойда жүр,
Жамбыл сайрап мұнда жүр!

ҚИҒАШ ҚАС

Өлмейтін пенде болмас жаратқанда,
Күн шығар шыр айналып таң атқанда.
Қанбай ма көз құмарың құралайдай,
Бұрылып қиғаш қасты қаратқанда.

Қатын деген еркектің бауыр еті,
Қыз құшақтау көңілдің ғанибеті.
Жөні келсе, Жамбылды ескере жүр,
Келіншектен қалған жоқ әлі ниеті.



ЖАУЛЫҒЫМЕН БЕТІН БАСЫП

Өлеңім ор қояндай жортасың ба,
Өр көңіл өлең айтпай қорқасың ба?!
Талайдың екі көзін жаудыраттың,
Жиырма мен отыз жастың арасында.

Жүрген жақсы жақсымен араласып,
Жеңге жүрер ортада жанталасып.
Жеңгеден де ойнауға тыныш,
Жаулығымен жататын бетін басып.

КӘДЕНЖАН

Кәденжан, қайдан келдің күндей болып,
Жаңғырып таудан шыққан үндей болып.
Анда-санда көргенде мауқым басып,
Риза болып, қаламын көңілім толып.

Жақсы менен жаманның түрі басқа,
Қонып алып, таранар тоты тасқа.
Қасың қара, болғанда мойының қаз,
Жарықтығым, мауқым бас – аралас та.

Қарасаң көзің күндей күлімдеген,
Бір серпіліп қаламын үніңменен!
Көзің қырын сала жүр, жарықтығым,
Біз де жігіт болғанбыз дүрілдеген.

БАЛДЫЗЫМА

Балдызжан, жаба салшы ішігімді,
Шәуілдетпей, байлап қой күшігіңді.



Көрпемді ашып, қойныма кіріп келсең,
Оятып алар ма едім, «бұзығымды».

* * *

Бай үйінің артында шөп жатқанда,
Мына қыздың күйеуі кеп жатқанда.
Шөп төсектің үстінде сыпылдатып,
«Шолақ қасқыр» бірдеме жеп жатқанда.

КЕНЕНГЕ

Кешегі анау, боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
«Кенен, Кенен» деп жүр ғой, елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі.
Сәлем берсең, қарағым, сәлемет бол!
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарыбас, Әлмен бар ма еді, біз білмеген.
«Бабаның батасынан» деген нақыл,
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген.

ҚОНАҚ БАЛА

Сөкпей кет, қонақ балам, қонақ шырақ,
Бар болса, көкірегіңде жырлы бұлақ.
Асыл сөз, ақ пайғамбар өлең ғана,
Қор қылма өтсеңдағы қайыр сұрап.



МАЙТӨБЕ ЖАЙЛАУЫ

Күнде басын шүйкелеп,
Аспанға басын үйкелеп,
Қағып-сілкіп тұратын,
Тау емес пе, бұл!

ОСПАНҚҰЛҒА

Оспанқұл, інім, қырғызым –
Сендер де менің қызығым!
Күллі қырғыз бауырыма,
Тілеймін өмір қызығын! /1938/.

АҚЫНДАРҒА

Шаштары бар дудар-дудар,
Сөз аңдыған, өңкей қулар!

* * *

Сенің әкең баяғы Қаракүшік,
Көшеде жатушы еді, арақ ішіп.
Ауылға содан келіп, молда болып,
Күн көріп, жүруші еді, бала пішіп.



БАРЛЫБАЙҒА

Қазақта көптен жүрген мен бір тауық,
Шырағым, емдеймісің емін тауып.
Қаттырақ жауырынымнан қыса түссе,
Жүрекке болмас па екен үлкен хауіп?
Емдетпей, ерлік етіп жүре берсем,
Кетпей ме тұла бойға түгел шауып.

«ДОКТОРЫМ, ОТЫР БЕРМЕН БЕЛІҢ ШЕШІП...»

Докторым, отыр бермен белің шешіп,
Бұл өмір әр пендеге берген несіп.
Аймалап қиғаш қасты құшам ба деп,
Алаңдап, бара жатыр күнім өтіп.
Әкелсең маған арнап қатын тауып,
Сүйгеніме келер ем атпен шауып.
Ұрғашыны көргенде бас айналып,
Естен танып кетемін ауық-ауық.



1941







Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң,
Жалқауырақ тартыппын қартайған соң.
Көңіліздеу секілді көрінемін,
Дос алыстап, қасымнан жар тайған соң.

Тарыншақтау мінезім – ұрысқақтау,
Еріншектеу болыппын – тырысқақтау.
Айқайласа жүйріктей бүйірі қызған,
Ақын-ақ ем бір күнде ұрыншақтау.

Жас баладай ілезде кетем қалғып,
Қартайған соң бір ұйқы алған аңдып.
Жазуыңды, Ғали-ау, қоя тұршы,
Шаршаңқырап отырмын басым мәңгіп.

* * *

Сақалым темір күрек борға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған?

Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,
Аузымды опырайтып тісімді алды.
Босатып буынымның шегелерін,
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды.

Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып, ұзартады.
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандап тізе тұсқа тұз артады...

* * *

Жетіппін жүре-жүре қыр басына,
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.



Елбіреп екі аяғым дірілдейді,
Көз жетпей тұрарыма, тұрмасыма.
Тамырдың тілі қандай, дәрігерім,
Жамбылға турасын айт, сыр жасырма!
Жетелеп біраз күнге жүріңдерші,
Кез болдық қайдан демей, бұл масылға.
Болыппын жыртық үйдей саңылауым көп,
Тұрғандай жан-жағымнан жел гуілдеп.
Өзіме өз дәрменім жетер емес,
Болысып жібермесең біреуің кеп!

АЛҒЫС

Дос жараным, өренім,
Сүйіншімен келіпті.
Бәрін билеп денемнің,
Бір қуаныш ерітті.
Қарт жыраудың жырына,
Ұлы сыйлық беріпті!

Бұл құрметке, дариға,
Сия болса дария,
Қағаз болса жапырақ,
Қалам болса әр бұтақ,
Қару тауып берер ме!
Сөз тапсаң да гауһардан,
Күй тартсаң да тайпалған,
Біреуі сай келер ме?!

Жырақ жатқан жапанда,
Жырауды қосып қатарға,
Өмірімді өрлеткен,
Өлеңімді өргізген
Айтам алғыс, Отанға!



КӨКТЕМ МЕН МАЙ ДАҢҚЫ

Көрдім тағы көктемді,
Жылы жүзді жетті жаз.
Жаңа үйімнің төріне,
Шұғыла шашып жеріме,
Көктің нұрын төкті жаз.
Далама жастар дән егіп,
Дән еккен дала сәнденіп,
Етегін түре еңбекке
Елім, жерім болды мәз.
Жаңбыр төгіп аспаным,
Гүл көтеріп бастарын,
Бұлты көшкен тауымның,
Қыран сүйіп асқарын,
Еңбекпенен денесін,
Шынықтырып жастарым.
Көлде жүзді қоңыр қаз,
Тасқындай ағып Іле, Шу
Құстар ұшып ызы-шу,
Жасағандай жазға мәз,
Жылқыда бие құлындай,
Құйрық атып құландай,
Асыр салып еркелеп,
Мыңғырып дала мал төлдеп,
Қоштасты жаз бен қысқы аяз,
Жаздың көріп жайнауын
Менің де жаңа жайлауым,
Алатаудан қол бұлғап,
Кел деп шалға сайраңдап,
Құлпырған анау Құлансаз.
Сұңқардай көңіл талпынып,
Май айында шалқыдық,
Жер жарғандай ұраны.



Елімнің бір думаны
Міне, тағы май келді.
Бұл думанға елімнің
Салтанаты сай келді.
Шықты тулы ұлдарым –
Самолеті көгінде,
Зеңбірегі жерінде,
Кемесі мұхит төрінде,
Танкісі болат тегінде,
Көріп тұрмын құралын.
Мен де бірге сонымен,
Шаттанып жаз нұрымен,
Советтік заңның жолымен
Жастарға арнап жыр шырқап
Жасарып күнде тұрамын.

ӨМІРДІҢ ҚЫСЫН ЖАЗ ҚЫЛДЫ

Өмірдің қысын жаз қылды,
Елдің көңілін мәз қылды,
Жасасын, ұлы Отаным.
Тоқсан бестегі Жамбылды
Бозбаладан оздырды,
Жер жарылып шөп шықты,
Шөп шыққанда көп шықты.
Жайлауым енді салқын боп,
Көңілім менің жарқын боп,
Партиямның әр сөзі
Айтылып жатыр алтын боп.



ЖЕР БАЙЛЫҒЫ

Биылғы көктем жадырап,
Қыс қуаты ыдырап,
Қар еріп, тау мұнарып,
Сай-саланы су алып,
Жазылды жер жазығы,
Қарап жатпай халық өзі,
Жамбылдың да колхозы,
Жотаны жатқан жалданып,
Жыртты жерді қақ жарып
Турағандай қазыны.
Жыртқан жерге дәнді егіп,
Еккен дәнін сәнді егіп,
Алатаудан тік аққан
Көзі қайнар бұлақтан
Егінін жұртым суарып
Жайқалды жер азығы.
Жер асылын береді,
Еңбек еткен емеді.
Онысыз не күн көреді,
Арқауы айтқан адамның
Еңбек – тоба қазығы.

МАЛ АЗЫҒЫ

Қырларымда, даламда,
Алатаудың бауырында,
Жарыса өскен жауынға
Не деген шөп жайқалған,
Ұзынағаш алаңын,
Майтөбенің етегін,
Колхозымның отырған



Қарасам да қай жағын
Көк орай шалғын жайқалған.
Байлығы шөптің өнуін,
Оны жұрттың қоруын
Ұстарадай шаш алған
Машинаның оруын,
Жеткізе тілмен айта алман.
Машина кеп шөп шауып,
Шөп шапқанда көп шауып,
Сүт шайқалмас үстінен,
Жорғадайын тайпалған.
Аяқ бассаң таудай боп,
Көк орманды баудай боп,
Алыстан шошақ көрінген.
Малды жұтқа бермейтін,
Қысқы ызғарға көнбейтін
Сабағын сықсаң бал шыққан,
Дәнін сықсаң май шыққан,
Ел малының азығы
Мая-мая үйілген.

ЖАН АЗЫҒЫ

Тотығып, тозбас жаныңа,
Бойдағы ыстық қаныңа,
Қуат берген бойыңа,
Жер жиһанның жанары,
Жарқыраған күн де азық.
Қоңыр салқын ауалы,
Таулы, жазық далалы,
Жұпар иісті мәуелі,
Көкірегіңді ашқандай,
Көңілге қош гүл де азық.



Тегеуріні тепкісіз,
Белден кешіп өткісіз,
Ат шаптырсаң жеткісіз,
Айналасы айшылық,
Айдын шалқар көл де азық.
Қазынасын толтырған,
Үй тіккізіп шатырдан,
Жемісі көп орғызған,
Алтын бесік ел де азық.
Еңбегінен өнілген,
Қос бұрымдай өрілген,
Көрсө көзің сүрінген,
Шайқалып желге үрінген,
Шалқар егін жер де азық.
Кең далаға сыймаған,
Осы егінді жинаған,
Осы құтты жырлаған,
Жанға әдемі жыр да азық.

ЖАЛҚАУЛАРҒА

Кей жалқаудың біздерде,
Жұмысқа қолы тимейді,
Еңкейіп басын имейді,
Үйіріле алмай ұршықтай.
Маңдайынан тер шықпай,
Еңбекпен араз кісідей,
Қимылдауды сүймейді,
Нәр өнерін еңбектен,
Бал емерін еңбектен,
Нағып солар білмейді?
Жұмысқа барса сүйреңдеп,
Тек құрғақ сөз баққаны.



Қайта-қайта жұтынып,
Айнала шырт-шырт түкіріп,
Құр насыбай атқаны.
Қимылынан тұрысы,
Жұмысынан жүрісі,
Көбейед те, сонымен.
Айтуға да тұрмайды,
Еңбек күнге тапқаны.
Бұл жалқаулар ақылға,
Келмесе тегі ақырда,
Белшесінен зиянға,
Арылмастай батқаны.

МЕН КЕЛДІМ АМАНДАСА

Басын өрге көтерді Жамбыл ата,
Ғафу еткін сөзімде болса қата.
Бір-екі ауыз болмайды сөйлемесем,
Жамбасымнан жер өтті жата-жата.

Колхоздың келіп қондым жайлауына,
Ешкімнің көнгенім жоқ айдауына.
Би-болыс, елу басы шар тартқанда,
Қосылып көргенім жоқ сайлауына.

Және де салқын болад таудың басы,
Жамбылдың тоқсан беске келді жасы,
Жайылып мал өріске шыққан кезде,
Көрінбей қалып жатыр таудың тасы.

Мен келдім амандаса алдарыңа,
Шопандар, берік болғын малдарыңа.
Көңілі көтерілді қозғалуға,
Рахмет айтып қойғын шалдарыңа.



Жамбылдың жайлаудағы салған әні,
Құлансаз, Қарабастау жердің сәні.
Мал жайлап, қыстап жүрген уақытында,
Көрген жоқ жерге тамып малдың қаны.

Жамбылдың салған әні жайлаудағы,
Құлын-тай желі тартып байлаудағы.
Он бес пен жиырманың арасында,
Толықсып, көңіл шіркін қайда аумады.

Жайлаудың шөбі шүйгін, суы тұнық,
Асау қайда құтылар салса құрық.
Үлкенсаз, Ұзынағаш, Қызылқұмда
Көбейтіп шашқан жерсің малдан ұрық.

Өріске көз жібердім жатқан малға,
Аяғым ұмтылады бассам алға.
Жасынан шопан болып, қойды баққан,
Қойын амандасып Тойбай шалға.

Тойбайым, аманбысың, Тоян қандай,
Қып-қызыл екі бетің боялғандай,
Көргенде қатар өскен келіндерді,
Дүбірлеп көкірегім оянғандай.

Тоқсаннан асып қалды менің жасым,
Қалыпты көкшіл тартып сенің басың.
Құмардан құрт ішкендей шығар едім,
Тоянның қысып қойсам қабырғасын.

Жайылған малдың ізі қиядағы,
Көктенше мал тоқтайтын тиянағы.
Тербеліп көңіл шіркін көтерілді,
Ұшқандай құс талпынып ұядағы.



Көктөбе, Майтөбеден бөлініп көр,
Шаштай боп, шалғын шөбі өріліп тұр.
Алаяк, Қызылкезең, Сарысайдан,
Жылқы мен қой құлағы көрініп тұр.

Аққолтық, Қасқабұлақ малдың жайы,
Ыңғайлы мал қыстауға асу, сайы.
Күнгейін қақпа тастың пайдаланса,
Ағып тұр мен мұнда деп, шөптің майы.

Малшының мал өсірер келді шағы,
Қойшының көтерілер болса бағы.
Көк қаптал, өрісі бұлақ, гүл шашып тұр,
Жайқалып жел соққанда жапырағы.

Айдаутас, Қамаутөрде жатар киік,
Талғардың тал шоқысы таудан биік,
Үшқоңырдың жайлауы қандай жазық,
Елу мың қой өзенде жатыр сыйып.

Жасылкөл арқасында шалқып жатыр,
Бетінде аққу, үйрек қалқып жатыр.
Баржыға жүк тиеген параходтай,
Ақ бидай сым жолдармен тартып жатыр.

Бер жағында Жасылкөл, Құмбел жатыр,
Малшылар жайлап отыр – тігіп шатыр,
Шөп тамырын құм төккен Қарғалыға,
Өмірде болған емес жері тақыр.

Совхоздың жайлауы еді Қарақия,
Тасына қыран бүркіт салған ұя.
Кейінгі ұрпақтарым айта жүрсін,
Қолыңа ал, Рахметжан, қалам-сия.



Сарқырап таудан бұлақ ағып жатыр.
Малшылар малды аман бағып жатыр.
Таң ата жылқышылар малын жинап,
Желі тартып, қазығын қағып жатыр.

Ізтілеу тамаша іздеп кетпек болды,
Шөткелеп етікке май жағып жатыр.
Қарт атам, шөлдеп қалды-ау, дем алсын деп,
Сатика, қымыз құймай нағып жатыр?

Қар жатпайтын жер еді Қарақыстақ,
Колхоздың отырады малы қыстап.
Сатика, ұйқың келсе жата тұрғын,
Тар жерде, не қылайын сені қыстап.

Қайрақты, Қызылкезең көштің жолы,
Сол саймен тауға шығар малдың молы.
Колхоз, совхоз жайлауда қанат қосса,
Желдісайдың өзені малға толы.

Берекелі жер еді Сарыжазық,
Шыққан шөбі колхоздың малына азық.
Лениннің бастаған жолыменен,
Өкімет келе жатыр құлаш жазып.

Бұлт қоршаса, күн жауар Суықтөбе,
Етегінде бүркіттей жатқан көде.
Ақтастының адыры арқар, жусан,
Айтпай тастап кетейін оны неге.

Қоңыр жайлау, Қадарша, Талдыбұлақ
Сұлутөрдің жазығы малға тұрақ!
Колхоз, совхоз құралып мал өсірді,
Арамыздан кеткен соң бай мен кулак.



Қойшыларды көрген соң қолыма алып,
Домбыраның құлағын алдым бұрап.
Кедейдің қанын төккен қанаушылар,
Ақыры кетті өздері қайыр сұрап.

Мал қайтарып, шөп шапты келіндерім,
Жәкесіне кеткен бе сенімдерің.
Малшылар тыңдағалы отырған соң,
Айтуға біраз өлең ерінбедім.

Даусымды сағынып қалған шығар,
Көп күн болды сіздерге көрінбедім.
Өзім де шаршап қаппын өрден шығып,
Қалмасын деп отырмын көңілдерің.

Қырғызға барайын деп түстім жолға,
Мінгенім астымдағы күрең жорға.
Жүрісі жаман жігіт ел ішінде,
Ақыры тайғанақтап түседі орға.

Аспандағы айналып тамақ үшін,
Құс келіп оралады жайған торға.
Есіне бұл сөзімді сақтасын деп,
Сол үшін домбыраны алдым қолға.

Қарағайлы жер екен Үлкен Кебін,
Жайқалып гүл төгіп тұр шыққан егін.
Қырғыз-қазақ баласы бір кісінің,
Ажыратып айтпайды ешкім шегін.

Ағады төңкеріліп Шудың суы,
Шығады қар кетерде жердің буы.
Осы судың ағыны жатқан жерде,
Көлденең жерде жатпас шөптің қуы.



Семізбел ар жағында Қошқар жатыр,
Сол жерде кездеспеген достар жатыр.
Көкарттың оңтүстігін пайдаланып,
Жерлеген бір облысты Оштар жатыр.

Жол салған Қапшағайдан Қаратауға,
Көңілім көтерілер шықсам тауға.
Отырма, Тоян, сені шыбын тістеп,
Балықтай тыпырлайсың түскен ауға.

Түрленген шөбі қандай алабас тон,
Сөмкелдің тауы биік бәрінен шоң.
Сіздермен амандасып қолыңды алып,
Дәм татып бір табақтан қайтқаным оң.

Омарбай, сізге келіп болдым қонақ,
Түсінбес сөз мәнісін кейбір олақ.
Келермін қайта айналып күзге таман,
Жайқалған ақ бидайға түскенде орақ.

Есіктен сәлем беріп Күлен келді
Аузыма айтатұғын өлең келді.
Суғарып күрең атты жем беріп қой,
Адам жоқ жұмсайтұғын сенен жөнді.

Жүрмісің аман-есен, Күлен батыр,
Айтуға саған арнап өлең жатыр.
«Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар,
Тамыры бұл сөзімнің терең жатыр.



ЖАЙЛАУЫМЫЗ – ҚҰЛАНСАЗ

Таңнан соғып самалын,
Жайлау маған жанарын,
Жадырата салғанда,
Түсіп әрне есіме,
Кәрілікпен көнеріп,
Қала қоймай үдеріп,
Самғай шыққым келді бір.
Көк жайлаудың төсіне.
Таудың басын ораған,
Не бұлыңғыр, не тұман.
Тамаша ғой қарасаң
Қоңыр салқын кешіне.
Тауында мұз қыстаған,
Жазда шыбын ұшпаған,
Жайлауымыз Құлансаз,
Мыңғыртқан малын өсіре.
Жан-жағынан адамға,
Бақ берген біздің заманда,
Шығып осы жайлауға,
Жатамын бие байлатып.
Құлындарым тел өсіп,
Енесімен тең өсіп,
Ерге лайық тұлпар боп,
Даланы жүрсін шаңдатып.
Жұпар ауа, сары қымыз,
Бой балқытып бал қымыз,
Жамбыл жатар жайлауда,
Домбырасын сайратып.



* * *

Мен де бір жас баламын қыңқылым көп.
Сіркем бұл су көтермей ыңқылым көп.
Жарқ етіп, жанымнан бір өтсейші деп,
Тұрады жас күніме ынтығым кеп.

Қураған жапырағым мен бір терек,
Томар боп сүйектерім қалса керек.
Жазда да жасаң тартпай отырғаным,
Тұр екен қай жерімде, шіркін жүрек?!

АТА ЖАУМЕН АЙҚАСТЫҚ

I

Бейбіт елім тып-тыныш,
Қойны толған бақ, ырыс,
Елмен бірге кенеліп,
Рақатқа бөленіп,
Жатқанда алып жан тыныс,
Ел тынышын кетірген,
Алас ұрып лепірген
Құлаққа кеп шалынды
Сұры суық бір дыбыс.
Құлақ түріп тыңдасам,
Дыбысы екен жаулардың
Адамға қас аңдардың,
Іздеп келген қанды ұрыс.
Тұрпатына қарасам,
Дүниені обардай,
Обыр-жеміт қомағай
Қан аңсаған қара құс.
Европаның жан-жағын
Қармап қанды қармағын,



Шеңгеліңнен қан ағып
Қай сұмдыққа бармадың?!
Толмағандай жемсауың,
Алғың келіп жер шарын
Қанды ізіңмен шарладың!
Көрге кірер кезіңде,
Құтырғаның емес пе,
Бізге ауызды салғаның!

II

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде
Көз жібердім мен елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген
Қаһармандық аңғардым
Жау сазайын берерге.
Жау тиді деп саспастан,
Аяқтарын нық басқан,
Айбатынан көресің
Аспанмен күші астасқан!
Құйған құрыш тәрізді
Тұлғасында күшті ызғар
Батырлықпен ұштасқан.

III

Көз жібердім сонда мен
Жүрегіне елімнің;
Кремльді болжап ем:
Қуат құйған бойына,



Шырақ жаққан ойыма
Келбетін көрдім ерімнің;
Бақытты елге бел болып,
Батырларға дем болып,
Тұрқын болжап тарихтың,
Қамын ойлап халықтың
Таразылап заманды
Шәкірттері Лениннің,
Халық бағын ойлаған.
Шам-шырағы өмірдің,
Жанарындай көзімнің
Ұлы көсем Лениннің,
Өзі орнатқан өмірін
Жеткізген бізді бұл халге
Жау түгіл шыбын қонғанға
Қияр ма Отан өңірін!
Сол тұлғасы елестеп,
Аяған жан жолыңнан
Адамдық жан емес деп,
Толқып бір кетті-ау көңілім!

IV

Сен шақырсаң партиям,
Әмірің ортақ маған да,
Төгіп жырдың нөсерін
Домбырамды алам да,
Айналам жас – нөкерім,
Мен де барам, қалам ба!
Қорғауға елді кім шықпас,
Аттанар қала, далам да;
Кәрі дүние килікті
Жайнаған біздің заманға;
Адырға шығар деген бар
Асыққан аң ажалға.



Екі дүние айқасты
Майдандасқан алаңда!
Қаһарланып аттандық
Қаусаған кәрі дүниеден
Енді тамтық қалар ма!
Олар фашист – сұр жылан
Уын шашқан адамға!
Денеге уын дарытпай,
Жаныштап басын жыланның
Салайық, халқым табанға!
Ондай мерез ордасы
Қалмасын тіпті ғаламда.
Жас өмірдің жайқалған
Жұлғызбай жалғыз жапырағын,
Жайпайық деп жауларды
Жар салды жырау жаранға!

ӨЛІМ МЕН ӨМІР БЕЛДЕСТІ

Аз сөйлеп, көпті болжаған,
Әріден терең ойлаған,
Сталин жолдас, қарағым,
Сөзіңді естіп сөйлеген,
Жүрегін түгел тербеген
Кәрі мен жастың, баланың!
Тебірендім қатты мен-дағы.
Күшімді жинап қайдағы,
Қазандап бастым аяғым!

Сөзіңнен түгел түсіндім:
Жалмауыз жаудың пішінін,
Құбыжық түсті арамның!
Ел-елге салған тұмсығын,



Еттерін жеген кісінің
Нысабы жаман сұмырай!
Ерікті, бақты жоймаққа
Еліме ашқан аранын,
Бұл неткен қорқау қасқыр деп,
Бойымды билеп ашу, кек
Түнерді бұлтша қабағым,
Жайпауға құштар жан-жағын
Тоңмойын, дүлей жау мәлім,
Аямас күшін, амалын;
Боратып жатыр оқтарын,
Жаудырып жатыр доптарын
Бұзам деп Отан қамалын.

Қайтарып десін солардың,
Өтінде оқты боранның,
Халық үшін жанын пида етіп,
Аспан, жерді гулетіп,
Пәршелеп жаудың легін,
Талқандап танкі түйдегін
Тойтарған ерлер жау алдын,
Қаһарман батыр соларға,
Қуатты тірек боларға
Түгел шық өрен-жараным!
Жырымды жұртым енді есті:
Өлім мен өмір белдесті!
Не керек жанды аяуың,
Бұл жолдан қалған малың мал!
Бұл жолдан қалған жаның жан!
Не дейін айтып аяғын.

Қайраты құрыш халық ек,
Қамалды талай алып ек,
Жығып ек туын дұшпанның!



Ұран қып ұлы нұсқауын
Лениндей көсем дананың!
Тағы да берді нұсқауын –
Сол енді жұртым уставың –
Сайлаған жаудың ажалын!
Қан кешкен сонау майданда
Айбынды Қызыл Армия
Орында түгел талабын!
Жібермес жауға ол кегінді,
Жанындай қорғар елінді,
Қанішер фашист жаулардың
Қуырар әлі-ақ заманын.

ҚЫРМАН БАСЫНДА

Келдім мен де қырманға,
Шыдаман қарап тұрғанға;
Тоқсанға келдім демеймін
Түрініп етек-жеңімді
Қорғауға шығам елімді.
Жыр жырласа көмейім,
Жігітше жазам белімді.
Халқыммен бірге мен-дағы
Түбітше түтіп жауларды
Жібермен намыс-кегімді.
Аузы-басын шаң қылып,
Естерінен тандырып,
Шыға алмастай қайтадан
Басын әбден мылжалап
Алармын сонда демімді.



АТТАН, БАТЫР ҰРПАҒЫМ

Екі он екі жыл өтті,
Жердің жүзін тебіrentті;
Мұндай жылдар болмаған
Жаудыраған жанға нәубетті.
Жер жүзіне еркіндік,
Сәулесін сеуіп көркемдік,
Октябрьдің шұғыласы
Күркіреп күндей нұр төкті.
Жиырма төрт жыл өмірдің
Сәулетіне – көңілдің
Сезімін шертіп беремін,
Май айында биылғы
Мұнан да есіп мерейім
Болып ед елім келбетті
Жамбылдың да жүрегі
Өзгеше соғып ойнақтап
Шығарған жыр өрнекті.
Жазғыдан өмір өзгерді,
Өзгергенін көз көрді,
Зеңбіректен оқ атып,
Оғын қардай боратып,
Жау қол салып өңірге
Қырым мен шауып Карельге.
Денесіне елімнің,
Қанды сапты сапысын
Жендетіне серметті.
Жау бізге атой салса да,
Оқ жаңбырдай жауса да,
Октябрьдің мейрамын,
Біз сұстана тойлаймыз.
Жаңғыртқандай жер, көкті,
Бұл соғыста қайратты,
Көрсетіп құрыш айбатты,



Тулап теңіз тасқындай,
Күшіміз жауды басқандай,
Күшейтеміз күн-түні
Майданды да, еңбекті!
Айтылған халық ішінде
Кейбір сөздер есімде:
Жылға қойып мал атын,
Я болмаса аң атын –
Жылан жылы дейтұғын, –
Кейбір жылды жыландай,
Ұлу деп те атайтын –
Кейбір жылды ылаңдай
Бұл жыл биыл қатты жыл,
Атақты майдан атты жыл,
Төбесінен фашистің,
Оқ жаудырып бар күшпен,
Дүбіріндей тұлпардың,
Бұл жыл жауды жұлқар күн,
Сорғалап ұшып қырандай!
Мұнан бұрын жыр айтқам
Қаласына Лениннің,
Москва үшін жыр тапқам
Жүрегі болған елімнің.
Домбырамды күндіз-түн
Ыза кернеп шертіп тым,
Түн ұйқымды төрт бөліп,
Жата алмаймын оянбай!
Халқым үшін жырымды,
Шығармасам үнімді,
Тұрады мейірім қана алмай,
Қаһар төгіп дұшпанға
Өткен ата-бабамыз,
Жаудың темір құрсауын
Қырқуға амал табамыз!
Өрлетер бақыт сәулесін



Өркенді бала-шағамыз!
Игі өмірдің сәулесін
Ойлайтын жалғыз мен емес,
Жалғыз болар ел емес!
Жеңіс туы өзімде,
Өмір нұры көзімде,
Тағдырдың соққан сағатын,
Бақылап, тілін табатын
Жарқырап күндей жанатын.
Жеңіс десе бар халық,
Қырандай қағад қанатын!

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНДЕРІМ

(Алғашқы нұсқа)

Ұлы Ленин дананың,
Атындағы қаланың,
Бесігінде тел өскен,
Балаларым, жараным,
Сәулетім, сәнім-айбарым!
Анасындай даланың,
Өзендердің алабын,
Байқағанда байыптап,
Бейнесін көрем Неваның.
Көпірі осы Неваның,
Көзіме түссе көрікті,
Бір серпіліп қаламын.
Аңғарсам қала аймағын:
Балтықтың терең жарларын,
Қаланы нұрға шомылтып,
Ымыртта жанған шамдарын.
Зәулім-зәулім үйлерге,
Алтынды күмбез салғанын,
Қиырдан болжайд жанарым.



Қаласынан Лениннің,
Өрби өскен балаларым,
Сәулетім, сәнім-айбарым!
Осынша жасқа келгенде,
Осынша өмір сүргенде,
Осынау күнге жеткенде,
Жырдан нөсер төккенде,
Осындай гүлді қаланы,
Ұрланып келіп шабуға,
Жорғалап келіп шағуға,
Ұмтылғанын, – көрді көз,
Ашылған сұмның араны.
Талқандаңдар, құтырған,
Фашист тобын қайырып.
Жалтартпастан жауыздың,
Шабыңдар басын айырып.
Бұрылып қарай алмасын,
Артына да қайрылып.
Сүйегі қурап үйілсін,
Біздің жерде майрылып.
Қаһарлы елдің қайраты,
Жауды қырқай қырады.
Сусыған қара жыланды,
Қыршынынан қияды.
Қазақстан жерінен,
Таулы, қырлы өрінен,
Батысқа қарай, ағындап,
Жүйрік поезд жол тартқан,
Ленин атты қаланың,
Жанындағы Неваның
Қорғауға жаудан алабын.
Түйілген тастай, балаларым,
Сәулетті күшім, айбарым.
Балаларым, ата-бабаңды,
Біледі Жамбыл талайдан,



Олар: ескі заманда –
Қуғында, қанды қамауда,
Көрген патша бұғауын.
Төрт патшаның тұсында,
Елмен бірге қысымға,
Мен де түсіп томсарып,
Құрыған бұрын амалым.
Сондағы, тек, дегенім,
Құласа екен деп едім,
Петерборда салынған,
Қараңғылық қамалын.
Енді жаңа заманда,
Елімнің еркін алдында,
Ажарына қарттықтың,
Қарамастан шалқып тым,
Қаһарындай халықтың,
Ызалана толқыған,
Айбарындай Балтықтың,
Домбыраның қос шегін,
Шертіп, жырды шалқыттым!
Ұлы Ленин қаласы –
Сымбатты сұлу безенген
Инжу-маржан секілді,
Сап түзеп үйің тізілген.
Әр тасыңнан нұр ойнап,
Тұрғандай Ленин сөзінен.
Тұңғыш айтқан Лениннің,
Есіткенде ойлы үнін, –
Қараңғылық арқауы,
Сәулелі сөзбен үзілген.
Сәулеті, сондай көрікті,
Әперген бастап ерікті.
Осы қала алабын,
Қорғаған құрыш балаларым,
Қуанышым, айбарым.



Бұл гүлденген қаладан,
Сай тасындай сайланған.
Машинаның талайын,
Киров бізге сыйлаған.
Қаласына Лениннің,
Бауырындай өзінің,
Құшақ жая сүйініп,
Алматым менің жайнаған.
Ерлікпен өрлеп биіктеп,
Балтықтан – Қызыл Флоттан,
Ұлдарым Қазақстанға,
Келіп, қайтып жылма-жыл,
Тойымды бірге тойлаған.
Қаласынан Лениннің, –
Алуан ұлы елімнің,
Дәнін алып білімнің,
Өркендеген, өрбіген.
Ағызып жырдың бұлағын,
Жатқанда, Жамбыл құлағын,
Тосып еді: бір хабар,
Естілді оңбаған.
Ол хабар не? – деп сұрасаң,
Жан-жағыма қарасам,
Жалмауыз жауы елімнің,
Шетіне келіп жерімнің,
Қаласына Лениннің,
Ұмтыла шауып, аранын,
Ашып арсыз қоймаған.
Тұрпатын болжай қарасам,
Жалаңдаған зымиян,
Өмірде қарны тоймаған.
Жеті басты жалмауыз,
Сусыны қанға қанбаған.
Үстінен сол дұшпанның,
Біздің батыр әскердің –



Жалынды оғы жарқылдап,
Жай түскендей ойнаған!
Өлтіре жауға оқ төгіп,
Жыланның басын жоқ қылып,
Жау ұясын қиратып,
Денесін ерлер ширатып,
Бақшада бұлбұл сайратып,
Демалатын күн жақын.
Ленин атты қаланың,
Тазартып жаудан аластап,
Қорғайтын құрыш, балаларым,
Сәулетті күшім, айбарым!
Елестейді көзіме,
Атылған оқтың жалыны.
Отанның байтақ жерінен,
Майданның жеңіс дабылы.
Соғыстың осы күнінде,
Жеңімпаз ердің үнінде,
Дұшпанның жақын көрінді,
Таянғаны өлуге!
Жау денесін тірідей,
Қара жерге көмуге,
Қимылда, дос, жараным!
Ленин атты қаланың,
Құрыштай берік қамалын,
Нық ұста, батыр ұланым!
Немістің қорқау аңдары,
Жерімізден арылсын.
Қазылған көр оларға,
Қан-майданда табылсын!
Лаулаған оқтың өртінде,
Жалғызы қалмай жағылсын!
Ұлы Азамат соғысы,
Кезінде де, – ер күші,
Жендеттерін патшаның,



Көргеміз отқа жаққанын,
Халықтың кегі, бағы үшін!
Қазір көрсең құрсаңған,
Ақболаттай бұрсаңған,
Ұлы Ленин қаласын.
Қамалы құрыш, айбатты,
Ұлдары батыр, қайратты,
Қаусырғандай қуатты,
Аспан мен жер арасын!
Жауларға елдің мұрасын,
Тапталмаймыз, бермейміз,
Гүлденген бақша, ағашын.
Қаласына Лениннің,
Жан-жағынан елімнің,
Жүйткіп күн-түн отарба.
Жас ерімнің өскенін,
Майданға қызыл әскерін,
Жөнелтті Қазақстаным,
Тұрғызып сап-сап қатарға.
Қазақстан елінен:
Өндірісті жерінен,
Мұнайы мен темірін,
Мыс, қорғасын, көмірін,
Астығын, етін, дәмді асын,
Ат басындай алмасын,
Жіберді сізге ерлерім,
Қаласына Лениннің.
Тиген жауды қиратып,
Қарасын жойып құртарға.
Сәйгүлік, жүйрік тұлпарын,
Майданға талмай жортатын,
Сыйлық етіп тартты ерге,
Тезірек таптап құртсын деп,
Тиіскен жауды Отанға.
Білімпазды, халықты,



Ерлерді жинап Жданов,
Қызыл туын қолға алып;
Қорғаған Отан алыпты.
Ворошилов батырым,
Майданның тігіп шатырын,
Әскерін лек-лек бастаған,
Жауға бомбы тастаған, –
Командасы жер жарып,
Қаласын құрыш Лениннің.
Қорғауға көркін елімнің,
Аттан! – десе штабым.
Қайт етпестен дегенін.
Барлық елім, бар ерім,
Қаптады, қаптайд қалмастан!
Қуаты өткір алмастан,
Талқандайды қоймастан,
Фашист иттің қалғанын!
Табалмастан баспана,
Көрерміз сонда доңыздың,
Оққа өртеніп жанғанын.
Күндіз күлкі, түнде ұйқым,
Келмейді бүгін менің де,
Жау тиді елге дегенде:
Арнап жырды ерлерге,
Төзе алмастан толғадым!
Ленин атты қаланың,
Қорғап құрыш алабын,
Бұрқана түс, балаларым!
Сәулетім, сәнім-айбарым!

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!



Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат –
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді –
Жау біткенді жеңгелі.
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтағандай ел кегі,
Сендерге дем бергелі!
Жолды кернеп қол кетті,
Нева алабын қорыңдар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!
Ата-бабаң баяғы
Аян еді Жамбылға.
Құрсаулы қол, аяғы,



Аударылған ауылға.
Төрт патшадан теперіш,
Көргендерін білем мен.
Петербордан қара күш,
Құласа деп тілеп ем.
Тілей-тілей өмір өтті,
Сақал, шашым ағарып,
Сонда бір күй тебіrentті,
Балтық толқып дем алып...
Жаңғырығы құлақтан,
Кетпейтін бір күн еді.
Ел жүрегін қуантқан,
Ленин көсем үні еді!
Сөзі нұрдан жаралған,
Ленин ыстық күн еді!
Сол келген соң жоғалған,
Замананың түнегі!
Өмірімнің жұлдызы –
Енді сенсің дегенім.
Ленинград ұл, қызы,
Қайыспандар, өренім!
Дүкенінде жасалған,
Машиналар алуанын,
Киров әкеп еліме,
Қуаныш қып алғамын.
Сендерменен қашаннан,
Аға-інілі болғамын.
Жоқ қой дегем Алматы,
Енді менің арманым.
Су қыраны секілді,
Балтықтағы ерлерім,
Сыйлық алып не түрлі,
Келгендерін көргемін.
Бірге тойлап тойымды,
Бірге көрген серуенім.



Немерем мен шөберем,
Бесігінде сендердің,
Жастайынан үйренген,
Ғылым, білім өрнегін.
Бүгін Жамбыл тыңдаса,
Естиді жау келгенін.
Есігіңе таласып,
Созыпты обыр өңменін.
Естерінен адасып,
Жолына үйіп өлгенін.
Жеті басты жалмауыз,
Жайыпты қан шеңгелін...
Дегеніне жетпес ол,
Қақпа алдында қансырар,
Келген шығар айдап сор,
Жылан басы жаншылар.
Жау түнегі аршылар,
Тағы сайрар бұлбұлдар.
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар, ұл, қыздар!
Ұлы халық өскен жер,
Бауыр басқан жасымнан.
Жау зақымын көрсендер,
Дауысың шығар ашынған.
Оқтар тиіп, өрт шалып,
Дүние мүлік шашылған.
Қанішер жау жүр шауып,
Арандары ашылған...
Білем, бірақ өмірі аз,
Сондықтан жау ентелер.
Ажалына асыққан,
Обырларды жұтар жер.
Қарсы аттанды жауға жұрт,
Көтерілді қалың ел.
Жау батпаны жатыр деп,



Қайысқан жоқ біздің бел.
Тірек болған еліме,
Туым едің сен алғаш.
Ленинградтың төріне,
Жау аяғын сала алмас!
Келген жауды түйіліп,
Жеңген едің бұрын да.
Жау сүйегі үйіліп
Қалған өзен, қырында.
Патша қолы – құлдары,
Қырғын тауып бұл-дағы,
Сонау соғыс кезінде,
Құмың болған «құндағы!»
Ленин шәрі қайратты,
Ол бір өткен күнінен.
Жауға қатал айбаты,
Аңғарылар түрінен.
Камалына оқ дарымас,
Ол бір құрыш асыл тас.
Бақшасының қақпасы
Жау қолына табылмас!
Қаласына Лениннің,
Жан-жағынан елімнің,
Ағытылған отарба.
Батырларын жіберген,
Ауыл, қыстақ, шәһәр да.
Ел салмағы қорғасын,
Қорғағалы ордасын,
Құйып жатыр қалаға,
Деп жауымыз сорласын!
Қазақстан жерінен
Мұнай да ағып тасыған.
Сұр қорғасын темірмен,
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл мыс,



Секілденіп жалын күш,
Барып жатыр осыдан.
Сәт сағаты жеткенде,
Көсем жарлық еткенде,
Жаудың тілі байланар,
Солар сөйлеп кеткенде!
Оққа ұқсаған дәндерім,
Қызыл шырай алмалар.
Бал татытып дәмдерін,
Барып жатыр бәрі де –
Жүйрік пенен жорғалар,
Соның бәрі көмегім,
Қанқұмарды жеңуге,
Желкесінен жегенін,
Сығып ала беруге!
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!
Сырда тұрып аңғарам,
Құтырған жау өлерін.
Торыққаннан ұлиды,
Торып қала көлемін.
Жамбыл тұрып тыңдаса,
Сараң тартқан құлағын,
Жаңғырығып тау-тасқа,
Күнде келер бір жаңа үн.
Жауға жұртты шақырған
Сайыпқыран Жданым –
Мектеп, завод, шахтыдан,
Жинаған ұл, қыздарын.
Нажағайдай ойқастап,
Ворошилов қол бастап,
Қаймықпауға, қайтпауға,
Кәрі, жасқа ой тастап,
Жасандырған жасағын,
Жерді болжап айқаспақ,



Жабықпағын Ленинград!
Отан әмір берген шақ.
Сап-сап болып қол барар,
Қорғап сені ол қалар.
Қатты майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар!
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар!
Құс ұйқылы көнемін,
Қайтып ұйқы көремін!..
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім!
Қаласындағы Лениннің,
Сайыпқыран, өренім!

МОСКВА – МЕНІҢ ҚАМАЛЫМ

Көкті бұлт торласа,
Көктен нөсер төкпес пе?!
Торлаған бұлтты нажағай,
Сорғалай тіліп сөкпес пе?!
Төгілген нөсер толастап,
Өткінші болып өтпес пе?!
Жел аңқылдап, күн шықса,
Қара бұлт көшіп кетпес пе?!
Қастасқан жаудың түбіне,
Қаһарлы халық жетпес пе?!
Балықшының қармағы,
Нән балықты қаппас па?!
Ысқырынған жылан да,
Шағуға шапса адамға,
Айыр тілін айырып,
Шалқасынан қайырып,
Қылышпен басын шаппас па?!



Халықтың қас дұшпаны,
Халықтан ажал таппас па?
Өте алмайтын өткел жоқ,
Асу бермес тау да жоқ,
Халықтан күш кеткен жоқ,
Жеңілмейтін жау да жоқ,
Күшейсін ерлер саптары.
Сусып фашист сұмырай,
Еліме шапты алақтап.
Қораға тиген қасқырдай,
Қанды тілі салақтап.
Құрулы біздің қақпанға,
Көрдік түсіп жатқанын.
Тас-талқан ғыш фашисті,
Қиратқан біздің ер күшті!
Оны жаудың өздері,
Көрді көрер көздері.
Біздің жерде қырылып,
Сүйегі қурап үйіліп,
Аяусыз ажал тапқанын.
Москва, Ленин қаласын –
Ағы мен көздің қарасын,
Отанның гүлді даласын,
Қорғап жатқан ерлерім,
Жауға қарсы оқтарың,
Борасын қардай атқаның.
Мерейім, нұрым – Москвам,
Нәр алған сенен жас, кәрім.
Әлемнің жарық сәулесі,
Шұғыласындай сәскенің.
Құшағында құлпырып,
Елмен бірге өскенмін.
Өзің боп жалғыз тынысым,
Қамалым, қорған – құрышым,
Қиырда жатсам бел болған,



Қаймықпай қайтпай сол үшін,
Халықпен бірге ант беріп,
Қорғасам сені дескенмін.
Тілегі болған әлемнің,
Жүрегі болған әр елдің,
Өзіндей жалғыз тынысқа,
Жалмаң қағып жұтынып,
Аласұрып құтырып,
Аранын ашқан жауыздар,
Нысанаға сені алып,
Көрдім көзі тескенін.
Қаһарман, Москва, қимылда
Қимылдар шағың шынында.
Ленинің өрен-жараны –
Қимылда, қызыл әскерім.
Ажалға келген алыстан,
Қасқырдай іші қабысқан,
Қиратып жібер аш белін.
Қанқұйлы жауды қаусырып,
Қаруын қанша жұмсаса,
Қаймықпай қайтар дестерін.
Отаның соққан құралмен,
Ордалы жауды ойран ғып,
Шығарып жібер естерін.
Москва менің қамалым,
Көз салсам солай ертемен,
Көзіме бәрі елестеп,
Тигендей көкке дәл төбем.
Ленин жатқан Мавзолей
Кең дүние – әлемдей!
Қасында жайнап жұлдызы –
Заманның жарық күндізі,
Сәулесі қайда жетпеген!
Жүрсе де қандай қиырда,
Ыстық боп жан сол нұрға,



Азаттық күткен адамзат,
Жетсем деп соған көксеген.
Қартайған көне шағымда,
Кез болып менің бағыма,
Бойыма қайрат көп берген.
Масайрап Москва ордамда,
Бақытпен күнді өткерген.
Ұялы терек секілді,
Ұл, қызым өскен жанымда,
Таң қалған әлем Жамбылға!
Жаудың сол ішін өртеген.
Пиғылы жаман, пейілі тар,
Гитлершіл залым, жауыздар,
Жалаңдап жақын келгенмен,
Қаптатып қолын төнгенмен,
Қаймығып одан кім бұқпақ!
Қорлыққа ондай жоқ көнбек!
Алдымда кәміл қолбасы,
Лениннің дана жолдасы –
Көсемім күнім – Сталин
Құртуға көзін дұшпанның
Ленинге мықтап серт берген.
Мызғымас қамал осы серт!
Болады жаулар мұнда мерт!
Қаһарман Москва қамалы –
Жаулардың айқын ажалы!
Жандарын сығып алады,
Қысқан соң бір күш өкпеден.
Жылы киім, жүйрік ат,
Көк қорғасын, ақ болат,
Елмен бірге әзірлеп,
Сендер үшін баптадым.
Халықтың қызыл еріне,
Біріне емес бәріне –
Ер туған құрыш еліме,



Өрши түс жауға түйіле
Арнай да толғай айтқаным.

МОСКВАҒА

Москва – жүрек тербеген,
Ойды, миды билеген,
Кремльдің сарайын,
Бір емес, талай көрген ем.
Сол сарайға сан рет
Тәжім етіп, енген ем.
Жаздың келіп келбеті,
Гүлге оранып жер беті,
Шалқытып жанды ел бағы,
Кәрі жырау мен дағы
Москваға өрлеген
Жырды, сөзді арнағам,
Дауыстап шешен пернеден!
Жапырақ түсіп сарғайып,
Шуылдап күзгі желменен,
Күздің көзі қыраулы,
Қара суық гулеген.
Сауытты құрыш Москвам,
Ұштасып жаумен асқынған.
Қаскүнем аңның тобымен,
Айқастың шығып көлденең!
Тастүлектей тобыңмен,
Қорғасындай оғыңмен,
Дұшпаныңды талқанда,
Қалмасын жау өлмеген.
Қуатты құрыш, Москва,
Неміске қадам бастырма!
Күн-түн жауды күл қылып,
Салыңдар табан астына.



Өртеп жауды жалындай,
Шалғымен шапқан шабындай,
Шауып, қират, Москва!
Қара басын қылышқа,
Қағып қират Москва!
Рақымсыз жауларың,
Қаныпезер ашқарақ,
Тез жоймасаң, ол залым,
Тәніңе дақ тастамақ!
Әр төбешік, оларға
Мола болып қаларға,
Бар күшінді аянбай,
Шауып қират, Москва!
Жау жеңетін тәсілді
Тауып қират, Москва!
Ұшқан құс та қайдағы,
Аққан су да сайдағы,
Жаңғырыққан таудағы,
Атайды айқын атыңды,
Сүйікті сенің Москва.
Қар жамылған шың, күз да,
Аспандағы жұлдыз да,
Нұрланған асыл атыңмен
Көрікті сенің Москва.
Қойның толған қазына,
Кентгі өмірдің жазына.
Орда болған өзіңе,
Арнап асыл сөзімді,
Қажет болсам жолына,
Аямастан өзімді,
Беруге де жан пида
Ерікті мәңгі Москва!
Жау қарасы жақындап,
Жармасқанда белеңге,
Гүрсілдетіп алыстан,



Оқ атқанда денеңе,
Немерең мен шөберең,
Баурыңа кеп енгенде.
Оларды ашық алаңнан,
Мрамормен қаланған,
Темір жолы тартылған,
Сәулеті сұлу артылған,
Жер астында салынған
Салтанатты сарайға,
Сақтайсың қауіп төнгенде.
Оларды жаудың оғынан,
Қорғаған қамқор қолыңнан
Бейіліңді көрем де,
Ширай түсед денем де.
Түн ұйқыңды төрт бөліп,
Бомба түсіп жарылса,
Жарылғаны құлаққа,
Алыстан кеп шалынса.
Ұран сап сені қорғауға,
Сапталған лек-лек ер түгіл,
Аттанбай тұрмас «керен» де.
Жау тыңшысы түн кезіп,
Көктен отты сәулесін
Жіберсе ұрлап, соқыр да
Танып жаудың белгісін,
Оқпен бөгеп ұстайды,
Москваға келгенде.
Қызыл тудың астында,
Кремльдің қасында,
Граниттен салынған,
Табытта жатқан ұлы адам!
Денесі жансыз қалса да,
Мәңгі ұйқыда болса да,
Атылған мылтық дауысын
Естіп, жауға қарғысын,



Жаудырып ойға бойлаған.
Тілсіз, үнсіз жатса да,
Жау зеңбірек атса да,
Бәрін шалған құлағы.
Ел жадында ұраны,
Халық қамын ойлаған.
Москваның ұлдары,
Білемін батыл қолдары,
Арыстандай айбатты,
Дұшпанын жеңбей қоймаған.
Компартия сенімді,
Бастаған, бастайд елімді.
Москваны жауларға
Бермей мәңгі қорғауға,
Жай тасындай ойнаған!
Белдескен талай майданда,
Дұшпанға ойран салғанда,
Өшіріп жаудың қарасын,
Таптап патша палашын.
Москваның қарына,
Көміп, терең жарына,
Боранға, қарлы дауылға,
Қарамастан жауынға,
Табанға салмай қоймаған!
Мұнан талай жыл бұрын,
Ұранымен Лениннің,
Москвадан баулынған,
Түлектері елімнің,
Құртып талай жауларды,
Талқандап ед торлаған.
Халқына Ленин көп жылдан
Мойымай еңбек істеген,
Оянбастан көз жұмған.
Алайда туы халықтың,
Қолынан мәңгі түспеген.



Сол Лениннің өмірлік
Табытының қасында,
Москваның басында,
Көзіндей боп дананың,
Жұлдызындай сананың, –
Бір нұр ойнайд өшпеген!
Ертегідей ғажайып,
Күмістен тасы қаланып,
Ресейдің шебері
Төгілгендей өнері,
Салған талай сарайды,
Төккендей нақыш кестеден.
Мерекелі күндерде,
Шығып тулы мінбеге,
Москваның төрінде,
Сөйлеген талай Сталин.
Қатарынан орындап,
Үш бесжылдық планды,
Елді, жерді жайнатып,
Салып ұлы ұранды.
Құлпыртып Отан өңірін,
Құйып құрыш құралды.
Өмірмен бірге өрлеткен,
Кәріні, алуан ұланды!
Отанымның жүрегі –
Бізге мәлім Москва
Жаңа ғасыр бастаған,
Жиһанға нұр астана.
Суық күз қабақ түйсе де,
Москва, сірә, жылар ма?!
Жау жабылып төнсе де,
Жандаспай ақыр тынар ма?!
Москва, сені ұлы адам,
Қарулы қолмен қорғаған,
Жауды талқан қыларға!



Қар жауып, мұз қатса да,
Боран борап жатса да,
Сені жауға бермейміз,
Мәңгі-бақи Москва!
Түсімде емес, өңімде,
Жау жандасып өлімге,
Қол салып біздің өмірге,
Ұмтылды саған, Москва!
Қауіп-қатер төнгендей,
Қол ұшын халық бергендей,
Күн туды саған, Москва!
Ұлы, қызын елімнің,
Асылын жас өрімнің
Аттандырар ұлы күн
Шын туды саған, Москва!
Қарсы тұрып жауларға,
Москваны қорғауға,
Ажал оғын боратып,
Ату үшін аңдарға,
Аянбаңдар, ер елім!
Гүрілдеп аққан Нева да,
Сұсты Сибирь, Қырым да,
Москва үшін аямай,
Беріп жатыр көмегін.
Риддер, Шымкент, Балқашым,
Беріп құрыш, қорғасын,
Мұнайын Ембі тастыра,
Көмірін тиеп бастыра,
Жіберуге көмекке,
Көрікті саған Москва.
Ұшан-қиыр қырдағы,
Қазақстан ұлдары,
Полктарын бұрқантып,
Құрыш, болат құрсантып,
Өмір үшін, ел үшін,



Ұлы астана сен үшін,
Атанды күшін астыра.
Туғаннан маған еншілес,
Салқын, самал кең дала.
Ат белінде өскемін,
Ауылды шолып айнала.
Таң атып, саз бергенде,
Таңнан атқа мінгенде,
Тізгінді қағып жіберіп,
Үзеңгімді шіреніп,
Жортып белге шыққанда,
Айналамды таң қыла.
Шеруін тартып майданның,
Тұрғандаймын аңғара.
Москваны қорғасып,
Шығындар деп ұласып,
Аттан деп дабыл қағамын,
Қуатты қыз бен ұл бала!
Ұлан-қиыр қазақтың
Аспанынан кейде мен,
Есітемін бір үнді,
Сыбырлаған желменен.
«Аттан түсіп тынығып,
Көтер елді жырменен!» –
Деген үнді құлағым
Шалады, – жырлап бер, – деген!
Қадала қарап сонда мен,
Батысты шола жіберем,
Жанарымды сөнбеген.
Түн жұлдызы дірілдеп,
Сарқырап өзен, гүрілдеп,
Көзге түсед сол кезде,
Ер қуаты өрлеген.
Сонда иген оқ жақтың,
Адырнасын тартқандай,



Домбыраның қос шегін,
Он саусағым қаққандай,
Жыр да кетед сорғалап,
Кеудемдегі кернеген,
Москваның сәні үшін,
Астананың жаны үшін,
Жүректен шыққан жырымды,
Арнап, қызыл тілімді
Сайратам, құлаш сермеген!

СОВЕТ ГВАРДЕЕЦТЕРІНЕ

Тіл ұшында бір сөз бар,
Жалындана жайнаған.
Құлаққа сол сөз тигенде,
Серпіліп бүкіл денең де,
Қаның да қызып қайнаған.
Жырың да қызық сайраған,
Сол сөз жетсе көкті өрлеп,
Жүрегінді күш кернеп,
Жаның сергіп самғаған.
Сол асыл сөз – тоқсан күн,
Төбесінен дұшпанның,
Жай оғындай ойнаған!
Құрсанғандай күш-куат,
«Гвардия» деген ат,
Беріліпті ерлерге
Қан майданда таймаған.
Атақты талай аттар да,
Мұнан күшті ат бар ма?!
Жауынгерлік жүрекке,
Бұл аттан тәтті зат бар ма?!
Ұлы даңқы бұл аттың,
Жердің жүзін шарлаған.



Гвардия майданда,
Ұлы Отанды сақтауда,
Ұлы сыйлық алғанда,
Біздің жақын-жараннан
Кімнің мейірі қанбаған!
Полктың күші құрыстап,
Қолына қызыл ту ұстап,
Тайғақ кешу, тар жолда,
Көрсетіп ерлік майданда,
Қуатты ер қаптай қаулаған,
Сыйлық алып, сапталып,
Мұқалғанын жаулардың,
Естіп, қанып аңғардым.
Қазып жатыр жауға көр,
Жеті қабат көк пен жер,
Тасыған су да арнадан.
Батырлар бел буына,
Шығыпты жеңіс шыңына,
Айбатты күшпен андаған.
Жаңбырдай оғын боратып,
Ерлерім жауды қиратып,
Қан майданда қаруын
Дұшпанға сілтеп қандаған.
Майданнан келген қуаныш,
Бар денемді билеген.
Шаттандым мен де шарықтап,
Ер туғызған елменен.
Қару алып қолына,
Гвардия тобына,
Сегізінші жасақ боп,
Қосылып ерлік көрсеткен,
Немерем мен шөберем.
Өркендеп өрге өрлеген,
Батырларға ұласқан,
Аттанарда қол қысқан.



Сезімді кәрі Жамбылдың,
Есінде шығар бар ұлдың,
Ерлігін жырмен тербеген.
Қазақстан ұлдары,
Желбіреп қолда тулары,
Ақ алмастай жарқылдап,
Жеңгенін жауды алқымдап,
Көрдім тағы, көрген ем.
Жауынгерлік жүрекпен,
Майданда күшті білекпен,
Ажалды жеңген арменен,
Өмір берген нұрменен,
Жігерлен, жайна жігіттер,
Қарулы құлаш сермеген!
Денені құрыш ширатып,
Фашист тобын қиратып,
Жау жүрегін ұшыра,
Жаудың құтын қашыра,
Бастырма қадам көлденең.
Қолбасшылар бастаған,
Ерлерім ширай бас қадам!
Гвардия ұласып,
Ұмтыла түс, жол ашық!
Қайнаған қан мен бойдағы
Күшінді бұрқант кернеген!



1942







ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ КЕЗЕҢІ

Қар жауып ой мен қырыма,
Нұрын сеуіп аулыма,
Туды айналып тағы да,
Жұлдызды жаңа жыл басы.
Көмкерілді көк мұзға
Сай-саланың жылғасы,
Боранға төсеп бауырын,
Құрсантып құрыш қаруын,
Қару қып көсем ұранын,
Жаудың басқан арынын,
Ерлердің ерен тұлғасы.
Өз мекенін иеленген,
Боранды қысқа үйренген,
Ер денесі береннен,
Майданды жарған қолбасы,
Жаңа жылдың жұлдызын,
Маңдайға ала ұл, қызын
Қия шауып фашисті,
Қирататын күн туды!
Бұралқы жауды қиратып,
Қамалын бұзып алдыртып,
Көк пен жерді жаңғыртып
Оқ ататын күн туды!
Тазартып жаудан даланы,
Жаулар алған қаланы
Өзімізге қайтарып,
Зұлымның күшін тойтарып,
Жоғалтатын күн туды!
Біздің ерлер саспады,
Жау жасағын жасқады,
Немістер қаша бастады,
Қалдырмай жеңіп шығыңыз,



Келтірмей жаудың шамасын!
Қорғап Ленин қаласын,
Жыртқыштарға көрсетпей
Москваның қарасын,
Ростовтан асыра
Дұшпанды қуған ұлымыз!
Жау шегінді түңіліп,
Іннен інге тығылып,
Өлігі жолда үйіліп
Қалып жатыр қырылып
Берлинге дейін қуыңыз!
Ұлы орыстың найзасын
Жарқылдатып, жау басын
Кесіңдер, тірі қалмасын,
Қылышты қия ұрыңыз!
Жұлдызындай жаһанның
Болат семсер жарқылдап,
Жауларды қуып алқымдап,
Жеңімпаз болып шығыңыз!
Москвада штабым,
Компартия баулыған
Қырандай сені ұядан,
Сарқылмас қуат қаулаған,
Жер үстінде желкілдеп
Жайнай бермек туымыз!

ТӨЛЕГЕН ЕР

Ерлікпен өлген еркін жас,
Арманына жетпеді.
Қайраулы тұрған еді алмас,
Оқыста сынып кеткені.
Кегін алар миллион жас,



Құрыштай қайнап кектері.
Арпалысқан дұшпанның
Қанын судай төккелі,
Жөңкіліп жау қашқанда,
Табылмас келген өткелі.
Қазақтан шыққан жас ұлан
Жалындады, жайнады.
Алтайдан ұшқан ол қыран,
Тұяғын өткір қайрады.
Болат еді-ау тұяғы,
Өткір еді қияғы.
Жауды алыстан болжайтын,
Көргіш еді қырағы.
Төлегендей батырға,
Не айтсам да сияды.
Жас та болса ерлігі,
Жүрегіме ұнады.
Атылып тұрған оқтан да,
Қайтпады ол, шыдады.
Қан төгіскен майданда,
Ерді халық сынады.
Майдандағы ерлігін,
Жамбыл көптен білетін.
Жанын қиды ел үшін,
Сондықтан жаным сүйетін.
Төлегендей батырды,
Өлді деуге келмейді.
Ер екен тапқыр, ақылды,
Ерлігі оның өлмейді.



ҚАЛЖЫҢ

Ғали менен Рақымбай,
Мені жемдеп жүрмісің?
Егіншінің атындай,
Байлап арпа, сұлысын.
Мұнша бағып, баптауды,
Жақтырмайды тым ішім...
Қазылырақ тартқанға,
Қысылыңқы тынысым.
Ақпан менен қаңтарда,
Соғым шүйгін болсын деп,
Ырым етіп күл сеуіп,
Соямысың кім білсін!..

СОВЕТ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ

Ызғарлы қыстың желінен,
Ауыздан шыққан лебіммен,
Жырымды күйлі пернеден,
Немерем, балам, шөберем,
Тағы да бір тыңдасын.
Ерлеріне майданның,
Түйінін шешіп толғаудың,
Шешіле Жамбыл жырласын.
Белдескен жаудан таймаған,
Жанары оттай жайнаған,
Жүректе кегі қайнаған,
Фашистерді қиратып,
Оқпен қуып айдаған.
Алғалап қылыш қайраған,
Туған жерін сақтауға,
Тасқындай күші арнадан.



Қызыл әскер ұлына
Кәрі ақын жырын сайласын.

Ерлерім, көріп қуанам,
Жауға сұсты түрінді.
Ер туған ата-бабаның,
Түріне ұқсас қадамың,
Жыры түгіл жыраудың
Ел сізге несін қимасын.
Ақ сүтін беріп, емізген,
Өсіріп, батыр дегізген,
Сылап, сыйпап майданға,
Аттандырып өргізген
Анаға сендер сүйеніп,
Ел қорғар ер боп туғасын.
Қамы үшін ана ұлының,
Тігіп жылы киімін,
Жіберуде майданға,
Жылытсын деп тұлғасын.

Қаруың болат құйылған,
Құрышынан халықтың.
Ер етіп сені өсірген,
Ерікті халық алып тым.
Қолынан ұлы Лениннің
Жасалған бағын елімнің,
Ала алмайды ешкім де,
Ол – таңы мәңгі тарихтың.
Қиратқан халық дұшпанын,
Ол – майырылмас құрышы,
Қамалды болат сауыттың.
Көктен келген дұшпанға,
Қара жерді қаптырған.
Судан келген дұшпанның,



Кемесін суға ақтырған.
Жерден келген дұшпанға,
Ақ қарда ажал таптырған.
Ер туған біздің жауынгер –
Ұрпағы батыр алыптың.
Майданда олар белдесіп,
Бағы үшін сәби баланың,
Бойын кернеп ұлы ашу,
Кегі үшін қала, даланың,
Жойып жатыр жауларды,
Жауызға енді бас қайғы.
Дұшпан әбден сөгіліп,
Болмаса да жеңіліп,
Әлде де тырнақ салуға,
Ойласа да шабуға,
Елірсе де құтырып,
Оны жерден сыпырып,
Қызыл ер қырқып тастайды.
Қарлы күн қақпай қабағын,
Күнбатысқа жанарын,
Аударып алыс назарын,
Жаңбырдай оғын жаудырып,
Фашистің қиып аяғын,
Біздің қызыл қырандар,
Жауды күн-түн жасқайды!
Жау сазайын береміз,
Жалтартпастан жеңеміз!
Фашистің тобын жойғызып,
Оққа көзін ойғызып,
Қардан кебін кигізіп,
Біздің Қызыл Армия,
Жеңіс туын жария,
Қолына мәңгі ұстайды.



МАЙДАНҒА ХАТ

Хаттарыңды алдым, балалар,
Қарадым қанша үңіліп,
Қаһарман іске барабар
Қайраттар қаулап тұр күліп.
Жауынгер балам Дүйсекей,
Командир балам Сахаров,
Сөздерің күшті бірегей
Соққандай жауды жапырып.
Қиратып жауды салуға
Ұлдарым менің қам қылған,
Хабарлап соны Жамбылға
Хаттарың мейір қандырған.
«Құртамыз жауды! – депсіңдер,
Алынар ұпай, одан кек!
Күтеміз Жәке, жыр жібер,
Береді бізге ол көмек!»
Кәріліктің көнбей ырқына,
Жырлаймын жазғы жырды әлі.
Болысам жауды құртуға,
Қаһарман жұрттың ұлдары!
Белгілі маған биыл қыс,
Көрмеді дамыл балалар,
Алдырмай жауға еш тыныс
Қаздырды қардан молалар.
Тыныштық жырын бұзды жау,
Көп елге сойқан салды олар,
Кетпеді бірақ есен-сау
Кезікті кекке қанқұмар.
Қаһарын төкті біздің ел,
Фашистер қылған қастыққа,
Қанынан жаудың ақты сел,
Қайтара қуды Батысқа!



Дидары жаздың жарқырып,
Жадырап күлді балғын жер.

* * *

Дидары жаздың жарқырап,
Жадырап күлді тағы жер.
Жасанған мұздай жау-жарак
Жайнады жазша жауынгер.
Трактор елде аршындап,
Бұзылды шындар, не бір бел.
Сіңіріп дәнді топырақ
Құлпыртты қырды егіндер,
Бұлақтар ақты сарқырап,
Шырқады бөбек өрімдер.
Ағаштар жайды жапырақ,
Шешегін атты не гүлдер.
Тізіліп көктің төрінде
Тырналар қайтты, көріңдер!
Соларды шолып бір сұрақ
Қояйын, көңіл бөліңдер!
– Жеңудің кілті неде екен,
Сарқылмас күштің көзі не?
Жаз тілі қалай дер екен,
Салдыңдар құлақ сөзіне:
– Жеңудің кілті ежелден
Өшпейтін күнде – көсемде,
Ашынған кекте, еңбекте
Жаралған бақ боп неше елге,
Ырысты жерде, әлбетте!
Сөйдеді нәрлі жас құрақ,
Сөйдеді бұлақ сарқырап!
Тырна да солай тіл қатты,
Жамбылды солар жырлатты.



Немісті қожа тұтқан ел
Болған жоқ ешбір қоғамда!
Сабасы толық өзендер
Сарқылмақ па екен Дунайға!
Бәйтерек, қайың, емендер
Бас имек пе қурайға?
Тұйғынға жүрген төбенде,
Жарбаңдап ұшқан төменде
Жапалақ бөгет болар ма?
Жүректі, күшті берен ер,
Халықтың қамы дегендер
Басқаға бодан болған ба?
Қуатты жаздай құлпырып,
Шығамыз жайнап мейрамға.
Қайратпен қаһарлы ұмтылып,
Кіреміз қатты майданға.
Жеңімпаз қолда туларың
Ер жүрек батыр, ұлдарым,
Бастайды жаудан таймауға.

СӘЛЕМ АЙТ

Жолың болсын, шырағым,
Балаларға сәлем де.
Күнде түріп құлағын,
Күткен кәрі бар елде.
Қиуада жатсам да,
Соларға үн қосамын,
Сөнер күндей тартсам да,
Соларды мен тосамын.



СЫЙЛЫҚ

Туған елім, сөз тыңда!
Саған айтар сөзім бар.
Атақ беріп Жамбылға
«Ардақты, ерке – дедің, – шал».
Ал сөйлейін алдыңда,
Сөз беріп тіл даңғылға.
Сөйлейтін жер келгенде,
Жұртым кезек бергенде,
Мен бөгеліп қалдым ба?!
Заман-заман тапталған,
Қалың қазақ баласы,
Ауыр азап атқарған,
Көзден ағып сорасы.
Іздегенін таппаған,
Бұрынғы ата-бабасы.
Сол азаптан құтқарған,
Ленин адам данасы.
Сол есіммен аталған,
Мекені – Балтық жағасы.
Ойыңа білім, нұр салған,
Бақыттың тұңғыш қаласы.
Қайратына әлем таң қалған,
Қалаға сонау қарашы.
Алысып қыстай жауымен,
Қаймығып титтей ықпаған.
Жаудырса бомба әуеден,
Жауынан қорқып бұқпаған
Жаудырған сайын өрлеген,
Қаланы қайта мықтаған.
Тыныштық, дамыл көрмеген,
Түні жоқ түгел ұйықтаған.
Аязда, қарда, боранда,



Ауыр күндер болғанда,
Қабағын қажып шытпаған.
Ғасырдың мол мұрасын,
Бақыттың сақтап ұясын,
Лениннің туын жықпаған.
Қаймығып қала күшінен
Сескеніп зәрлі түсінен,
Өлігін тау-тау қалдырып.
Жынынан әбден айрылып,
Соғылған итше қыңсылап,
Басынан қаны тамшылап,
Қаладан жаулар сырттаған.
Қыстай дамыл көрмеген,
Жауға ырық бермеген,
Төніп келген жаулардың
Талай мыңын жерлеген.
Қаласына Лениннің,
Қамалына елімнің
Халқым, сыйлық тартады.
Шашуы деп жеңудің!
Көк найзалар үйірген,
Мұздай темір киінген,
Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген,
Шеру тартып қол барсын!
Жауды қуған торлаған,
Ерлерден не аяйық
Жанын қиып қорғаған,
Еліміздің ордасын!
Соларға сый – ет пен май,
Ұн мен күріш, қант пен шай,
Жолдаймыз сан тоннасын.
Ер сыйлаған ел едік,
Ең құрметті тамағы,



Сары майы, қаймағы,
Елдің соған жолдансын.
Жауға ататын оғың деп,
Жауынгерлік жолым деп,
Жібереміз соларға,
Көмір мен мыс, қорғасын.
Сыр мен Ертіс тасқандай,
Жауды жаншып басқандай,
Қозғалғандай тау, құздар,
Сыйлық артқан поездар,
Түйдек-түйдек қозғалсын.

ТЕМІР ТҰЛПАР МІНГЕН ҚЫЗ

Қараймын да қараймын,
Қай-қайдағы өмірге.
Еске түсер талай күн,
Өткен менің елімде.
Ел басына күн туса,
Ер аттанған өлімге.
Көк найзасын қолға алып,
Семсер байлап беліне.
Дабылдарын өңгеріп,
Сауыттарын бөктеріп,
Жауар күндей түнеріп,
Көшкен елдей үдеріп,
Ерлер тартқан жорыққа,
Жауын жеңіп келуге.
Ел деп анық еңсесе,
Ерге, тәйір, өлім не!
Солар маған жыр болған,
Көп ой салып көңілге.
Сондай күндер сын болған,



Елдегі қыз, келінге!
Мен соларды көп көргем,
Түн ұйқысын төрт бөлген.
Ер тұлпарын баптаған,
Екіталай күндерде,
Ер намысын саптаған.
Ерте тұрып, кеш жатқан,
Ер орнына түн қатқан.
Кірпік ілмей тандарда,
Ие болып мал-жанға,
Ел сенімін ақтаған.
Не шаруаны қолға алса,
Бітпей тыным таппаған.
Ердің қамын ойласа,
Ішкен асы батпаған.
Ерге қайрат, дем беріп,
Елге медеу, бел болып,
Ерден зият аттанған.
Екі айтқызбай мақұл деп,
Елі-жұрты қадірлеп,
Шаужайынан қақпаған.
Екі кісі бас қосса,
Ертегідей аңыз ғып,
Елжіресе мақтаған.
Ел мықтыда – ер мықты!
Екпіні – сел қаптаған.
Ерегескен дұшпанды,
Ерік бермей таптаған!
Туды тағы сондай күн,
Тағы соны толғаймын,
Заман туды күтпеген.
Оқ пен өрттің тұманы
Дүниені бүркеген.
Ер жорықта, майданда,



Талмай қылыш сілтеген.
Ел үшін ер жан қиған!
Жыр емес пе бұл терең.
Жаудырса да оқ зеңбірек,
Жасқана ма ер жүрек?
Тұмандарда шымқаған.
Ерлер көкте шырқаған,
Болат құсын самғатып,
Серік болып бұлтпенен.
Жау үрейін ұшырып,
Көктен жасыл түсіріп,
Жау тынысын бітеген.
Отанда не арман бар,
Сондай батыр ұл тапқан!
Қайратын жан аңғарар,
Қаһармандық тұрпаттан.
Қақырығы қан татып,
Оқты қардай боратып,
Танктерін бұрқантқан.
Тұрса дағы құз қамал,
Тұрса дағы мұнда ажал,
Ердің тауын жоқ шаққан!
Жаудан алып ел кегін,
Жайпап, қырып ерлерім,
Күн сарылып, түн қатқан.
Аман болса мұндай ер,
Жеңілер ме туған ел!
Сендерге де бұл – бір сын,
Елдегі қыз, келіндер!
Күнде көрем ауылда,
Темір тұлпар мінген қыз.
Жапан қырды төңкерген,
Жерді егінмен көмкерген.
Елді азыққа тоқ еткен,



Дұшпанға ажал оқ екен!
Жәрдем берген қауымға,
Сарғаюға салынбай,
Оза жүрген басқадан.
Жақсы көріп жанындай,
Тракторын баптаған.
Қасқалдақтың қанындай,
Қасық майын сақтаған.
Майдан қамы дегенде,
Үйдегі асын татпаған.
Болысам деп ерлерге,
Титтей дамыл таппаған.
Қараңғы, айсыз түндерде,
Серік болып Үркерге,
Шырқап қырды тербеткен.
Есітсе жан ер жеткен!
Қыз, келіннің өлеңін,
Аймақ түгел жаттаған.
Қырда егін құлпырған,
Салмақ тартып баста дән!
Қыздарыма болысқан,
Үйдегі ана, жас балам.
Жұрт қайраты тоғысқан,
Шал да қарап жатпаған.
Не қыруар, көп жұмыс,
Қыз, келінім атқарған!
Бейне майдан бұл бір іс
Кең даланы қаптаған.
Билегендей болды күш,
Көтерілем, шат болам;
Елге қуат, елге ырыс –
Қыздарыма мақтанам, –
Сталиннің сөздерін
Көкейінде сақтаған;



Өңкей ерім-көзелім
Ана сүтін ақтаған.
Ертең тағы көремін,
Жинағанын көп егін.
«Сенсе туған ел бізге,
Біз жігіттен кембіз бе?
Астығы мол – ел қарық,
Біздер ектік – біз алдық!» –
Естісем сөйдегенін
Жырды тағы ақтарам.
Соны күнде ойлаймын,
Сонда былай толғаймын:
Ертең жауды жеңгенде,
Ерлер қайтып келгенде,
Екеуіңді құшақтап,
Бәлки, жасы моншақтап:
– Енді дамыл алындар!
Еркін өмір, бағың бар!
Құлын-тайдай бірге өсіп,
Қызық дәурен сүр! – десіп,
Сүйер сонда ата, анаң!..

АТТАНДЫРУ

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам.
Құлағыңда құлыным,
Дауысым жүрсін жырлаған.
Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің,



Көңілімді қимаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр, балам!
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!
Ел ерлігі, бірлігі
Сынға түскен бұл заман!
Саған айтқан сөзімнен,
Сабақ алсын тыңдаған.
Айтылған сөз деп ұқсын,
Аңғарлы жан «бұл маған!»
Қош, қош, балам! Қош айттым,
Қолымды, міне, шошайттым!

ҚАНАРМАН ХАЛЫҚ ДОСТЫҒЫ

Өткізген жерім жасымды,
Ағартқам сенде шашымды,
Ыстықсың өте тым маған,
Еріме ылғи болысып,
Елімді жаудан қорысып,
Ерінбей сенде жырлағам.
Алалы жылқы, ақты қой,
Қырында өсіп мыңдаған.
Қыдырлы, шалқар көлдерің,
Балығы тайдай тулаған.
Барқыттай, шүйгін белдерім,
Көтерем үзсе қуанған.
Жарқылдап жасыл көгінде,
Жаңбыры тартып егінге,
Жайқалып жапан жырғаған.



Қастанды жаудың кегіне,
Қоймасы таудың алынып,
Көмірлер қыза жағылып,
Қайнатып кенді тұр қазан.
Кемпір мен шал да шаршамай,
Балаға дейін қаршадай
Еңбекте ширап, шыңдалған,
Қаруға халық жаттығып,
Гитлерге өлім, шыңдалған.
Әлемнің аңыз сөзі боп,
Қуаттың қайнар көзі боп,
Ержүрек ерлер шығарған,
Қаһарман Қазақстаным!
Қарасам көзім тояр ма,
Қуатты мұндай болар ма,
Ол заман да бұл заман!
Жарасып жұртпен дүрмегі,
Ерлігі досқа ұнаған.
Сүйкімді көпке көрініп,
Досына үлгі делініп,
Сүрінбей өткен сындардан,

Немерем, менің ұлдарым!
Осынау бір жыл ішінде,
Шат болып қаһар, күшіңе,
Қолыңды талай жырладым.
Аталық айтып сөзімді,
Ала алмай кәрі көзімді,
Жорыққа жолдап тұрғамын.
Сендерге жырмен дем бердім,
Есендік, саулық сұрадым.
Ленинград пен Москва
Қиратып жауды қасында,
Әлемге атақ шығардың.



Бастаған қолды Панфилов,
Сорына жауыз сұмдардың.
Толтырды шаттық көңілге,
Қазақтар орыс жерінде,
Тайсалмай шауып өлімге,
Гвардеец атанып,
Үлгі боп байтақ еліне
Ерліктің тікті туларын.
Көздеген арғы жағаны,
Дегенде жаудан тағы алды,
Шаттыққа тіпті сыймадым,
Украина топырағын,
Көкірегіндей ананың,
Жауған оқтан жасқанбай,
Сарайларын ашқандай,
Сүйіпті менің ұлдарым!
Жасыратын сыр ма бұл?
Естіп соны қарт Жамбыл,
Көкірегі толқынып,
Жас ірікті бұл да бір.
Жетті жылды жыл қуып,
Қан майданда қабынған...
Жауды жеңер күн жуық,
Партияның сөзі – заң!
Қабырғасын қаусырып,
Дұшпанды біз тықсырып,
Сығамыз жан-жағынан.
Күннен-күнге күшейді,
Қаһарлы халық достығы,
Қалмайды аман жау бұдан.
Жауды жедел құртуға,
Қазақстан күшті құй,
Қарыштай бас, сал ұран.
Жеңісті естіп тұр халық.



Біздің дүбір сарыннан.
Келе жатқан жер жарып
Ертеңгі ұлы дауылдан!

ОТАН ӘМІРІ

Тұнжыраған күн туды,
Жау қолқаға ұмтылды.
Топыраққа теңемек,
Ата мекен жұртыңды,
Аянатын не қалды?
Аяулыңды жау алды!
Жеріміздің сәулеті –
Кавказға да таянды.
Кубань, Кавказ, Дон, Еділ
Ежелден құт еді бұл
Ел ырысы аяулы.
Есерсоқ жау елірген,
Еңбекпенен егілген
Тартып алмақ даярды.
Қатер бұлты төнгенде,
Ел намысы дегенде,
Ерлер қашан аянды!
Жеме-жемге келгенде,
Жауды қысып шеңгелге
Жанын сығып алар-ды!
Қарыс жерің – қаныңдай,
Темір жолың – тамырдай.
Заводтар мен фабриктер
Жеріміздің жанындай.
Еңбекпенен көгерген
Құтты қоныс көкорай
Еліміздің бағындай.



Ата-баба мұрасы
Көздің қара-ағындай!
Соларды жау шапқанда,
Лауламас кім жалындай?!
Жау бір сүйем жер алса,
Есін жимақ күшеймек.
Ол кішкене бел алса,
Осалдамақ біздің шеп.
Ойласандар осыны
Шегінетін жөн бар ма?
Жауға қияр ол ғұрлы
Жарты сүйем жер бар ма?
Шегінгенің – өлгенің,
Ерлер енді соны ойла!
Елді жауға бергеннен
Өлген артық одан да!

Уа, ұлы өрен, жас ұлан!
Асыраған сені елің
Ақ сүтімен жасыңнан;
Еш асырған жоқ едің
Жаудың кегін басыңнан;
Сол ержүрек өренін
Ерлікке Отан шақырған:
– Адал ұлдар, балалар,
Көз жіберіп қараңдар!
Неміс алған жерлерде
Қалды қандай қалалар!
Шырылдаған бала бар,
Еңіреген ана бар.
Еңсесін жау басқан соң,
Елде қандай баға бар!
Солар еске түскенде,
Жан қалай жай таба алар?



Сай-сүйегің сырқырар,
Кеуденде кек бұрқырар!
Олай болса, құлақ сал,
Ұлдарым, бір сөзім бар:
Аянбаған, жауды алар!
Аянғанмен мұндайда,
Дей көрмендер жан қалар!
Қорқақ адам қор болар,
Көлеңкеден қорғалар,
Құрдай бұғып жорғалар,
Көрінгенге жем болар,
Көзден жасы сорғалар.
Жұртқа жәрдем берер ме,
Қиын күнде ондайлар?
Жарқын өмір сүрер ме,
Қорқақ қоян, торғайлар?
Сондықтан, ер ұлдарым,
Тынысыңның барында,
Төрт мүшенің сауында,
Қолда дәрмен тұрғанда,
Шыдап өлім, құрбанға,
Қатайып тас, темірдей,
Қарыс жерге шегінбей,
Қас дұшпанды қаптаңдар,
Донның жойқын селіндей!
Қатарың болса құрыштай,
Қаһарың болса қылыштай,
Жау қалмайды жеңілмей!
Шегінбе! – деп Отан тұр,
Шегінбе! – деп халық тұр,
Халық үшін бас тігу –
Отан айтқан жарлық бұл!
Соны адал орындар,
Сонда ғана өмір бар!



Елін есен сақтаған,
Арын жауға сатпаған,
Ана сүтін ақтаған.
Балаларын сүйер шал!

БОЛЬШЕВИКТИК ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ

Майтөбенің өңірі,
Сол күні аса нұрланып,
Алатаудың ақ басын
Күмісті нұрға күн малып,
Қызғалдақ пен сарғалдақ,
Алақан аша гүл жарып,
Үйіріп тілін төлдердің
Бал бетеге, шырмауық.
Жапырақтанған тал, терек,
Жайқала жайнай ырғалып,
Сайрағыш сан құстардан
Тәтті әндер жырланып,
Тамашалап соларды
Тұр едім биік белесте,
Шулаған бір кеңеске
Құлақ түрсем: «Ауылға
Келді десті Фурманов».
Фурмановты бұрын да
Естіген кәрі құлағым.
Алматы деп естігем
Оның мекен тұрағын.
«Жағып жатыр – дескен жұрт,
Бақыттың өшпес шырағын.
«Орындайды – дескен жұрт,
Елдің барлық мұрадын».
Алматыға жете алмай,



Арық, жауыр есекпен,
Кедейлікті нәлеттеп,
Күнде тұра төсектен,
Жетуге күнде асығып,
Жұқарған сабыр, шыдамым.
Сағынған ерді көрген соң,
Амандыққа келген соң,
Одан бір сұрау сұрадым:
«Осынау жалпақ жалғанда,
Жамбыл қарт – дедім – тұрғалы!
Іздеуден шындық жүрегі
Бір уақыт та тынбады,
Жетпіс бес жыл өткенше,
Дауылда ұшқан кептерше,
Көз ұшында бұлдырап,
Қуған шындық зырлады.
Ұшқыр ойым ұмтылды,
Сонда да оған жетем деп,
Кешусіз теңіз, асусыз
Таудан да зырлап өтем деп,
Бөгеттен бірақ өте алмай,
Шындыққа қуған жете алмай,
Есекпен тұрмын тепендеп.
– Шындық қайда, білсең айт,
Қарт құлақ сені тындайды,
Ақылдылық, ақындық,
Достық бар екен өңінде.
Сөз бастауы Жамбылды
Ұқтырам деген сенімде,
Сырласа келіп сыпайы,
Деді: «шындық – өмірде,
Сол өмірді жасаушы
Еңбек сүйген елінде,
Бақытты елді бастаған



Лениншіл ұлы партия,
Ақын қарт, бірақ, шын бақыт,
Тимейді тегін үлеске,
Шын бақытқа жетеді
Шыдаған қанды күреске.
Большевиктер бастаса,
Халық оны қостаса,
Мен кепіл, шындық жеңуге».
Фурмановтың сөздері,
Ұялай қалды ойыма.
Жиырма бес жасымдай,
Қуат кірді бойыма.
Сарқылған жырым тағы да,
Тасқындап болды дария.
Ленин менен Октябрь
Күнінен көзім нұрланып,
Өтірік пен шындықтың.
Шегін білдім айыра.
Жырымды қосып халыққа,
Өтірікті өртесіп,
Шыбынсыз жасыл шындықтың,
Жайлауына ел көшіп,
Елмен қондым жайыла.
Жиырма бес жыл жайлауда,
Талмады тілім сайрауға,
Халқымның шаттық тойына.
Шалынды бір күн құлаққа,
Гүрс еткен мылтық дауысы,
Селк ете қалды кең далам,
Селк ете қалды тау іші.
Кім? – десем, дейді – «фашистер,
Өлімтікшіл аш иттер,
Адамның аң, тағысы».
Сол күні жинап елімді,



«Буындар! – дедім – белінді!
Асындар, – дедім – қаруды.
Кімде-кімнің кеудеде,
Советтік болса намысы,
Кимеңдер нәлет қамытты!
Құтылған халқым құлдықтан,
Халыққа артық бақыт жоқ,
Большевиктік шындықтан!
Қорғарың – бақыт табысы.
Басталғалы бұл майдан
Мінеки, болды жыл жарым,
Соғыстың өрті өрістеп,
Қызына лаулап тұр жалын,
Қан кешіп жүр тізеден,
Батыр қыз, батыр ұлдарым!
Батыр қыз, батыр ұлыма,
Қосылды барып жырларым,
Аямай жатыр халқым да,
Қолдағы барлық жиғанын,
Қызым, ұлым, жырымның,
Халқымнан алған күшімен.
Фашистерді қырғанын
Естісе кәрі құлағым,
Тасқындап жыр-бұлағым,
Дүниеге естірте,
Шырқаймын жеңіс ұранын.
Кілтін ашқан бақыттың,
Жиырма бес жылдықта,
Бақытта еркін жасаған,
Айтарым менің ел-жұртқа:
– Азат басты егерде
Салмаймын десең құлдыққа,
Фашистермен күресте,
Малды, жанды аяма!



Аяғанмен мал, жанды
Қанқұмар фашист қоя ма?
Ішсе, қанға тоя ма?
Бір адым кейін аттама!
Қарасы жаудың өшкенше,
Жеңгенше жауды тоқтама!
Жеңістің бізде тетігі –
Лениндік жолдан таймайтын,
Большевиктік шындықта!
Большевиктік – Лениндік –
Сталиндік шындықта!

ҚАРАҒАНДЫҒА ХАТ

Қарағанды ерлері,
Майдандағы батырдай,
Мәртебем деп сендерді,
Сыйлап сәлем жібердім!
Жүз жасаған Жамбылдың
Жасытпас деп жігерін;
Қағар деп еңбек дабылын,
Сыбанар деп білегін.
Жерлерінде көмір бар,
Көмір болса, темір бар,
Темір болса, құрал бар,
Құралды елде өмір бар,
Көмір керек ендеше,
Көтеріле соғыңдар!
Жанталасып жауың тұр,
Аянатын не орын бар?
Жауар күндей түнеріп,
Түсерсіңдер шахтаға.
Қимылдандар, балалар,



Халқымыздың бақытына!
Қан төгілген ұрыстан,
Көмір қазу қатты ма?
Аянсын деп жұмыстан,
Ана бізді тапты ма?
Жау жағадан алғанда,
Батыр қарап жатты ма?
Бас, балалар, қимылда
Жан аямай бұл жолда.
Екі көзім сендерде,
Жүрсем де мен қиырда.
Ер бұрқанып аттанса,
Құрулы шеп бұйым ба?
Күш топаны қаптаса,
Жауды жеңу қиын ба?

АЛЫНБАС ҚАМАЛ

Тыныштық күнде сөйлесем,
Төгілген тілден шекер-бал.
Қатерлі күнде тебіренсем,
Сөзімде менің қаһар бар.
Түндерде тыныш жата алман,
Құлағым түріп хабарға:
Сталинград шаһардан
Ұмтылған дұшпан Еділге,
Еділім үшін жан қимас
Жігіттер бар ма елімде?
Қорғаған соны ерлерім
Ту етіп, намыс, ел кегін.
Егесіп келген жерлерде
Қорқытқан емес ерді өлім!
Кешегі қиын күндерде



Жауыздар төніп бүргенде,
Қаһарман батыр Сталин,
Қасына ертіп достарын,
Ертегі болар ерлікпен,
Қиратып жаудың қыспағын,
Царицын шенін бастырмай,
Білемін жауды жеңгенін.
Солардан өсіп таралған,
Дауылды күнде жаралған,
Ержүрек, батыр ұлдарым
Қадалса, жаудан қан алған!
Дарытпас уын жыланның
Көремін қамал араңнан!
Жалын мен түтін ішінде,
Алынбас қамал пішінде,
Сталинград қалаң тұр.
Жартастай берік күшінде.
Қазақтың батыр ұлдары
Жан үшін жаудан жан алған,
Сендерді көріп тұр кәрі
Жанары талмай қараудан.
Бермендер жауға қаланы
Қолымен елдің қаланған!
Соқтығып соған дүлей жау,
Жосадай қанға боялған,
Сендерде болып тұр әне,
Халайық көзі ғаламнан.
Ежелден елдің анасы –
Еділімнің маңы бай.
Қоритын елдің кәдесі,
Тамшысын қасық қанындай.
Татам деп соны төнсе жау,
Шыдар ма жаның ауырмай?!
Қомағай жауды телмірген,



Шарпындар, ерлер, жалындай,
Қаһардың селі қаптасын,
Еділдің тасқын шағындай.
Халқың көріп мақтасын,
Сендердей сабаз ерлерін.
Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім сонда баламды:
Сталинград қалаңды,
Қорғас деп жүрек, жаныңдай!
– Алғадай, – дедім, – аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай.
Жырымды жеткіз ерлерге,
Майданға қаққан дабылдай.
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай.



1943







ЖАҢА ЖЫЛ СӘЛЕМІ

Жастар маған гүл тартып,
Мен жастарға жыр тартып,
Жаңа жылды тойлағам.
Жан қызыққа құмартып,
Өмірімді ұзартып,
Ортасында ойнағам.

Жасаулы жас қарағай –
Жасөспірім баладай,
Қарасам, көз тоймаған.
Соған ұсап гүл жайнап,
Жүруші еді жыр сайрап,
Қыз балам мен бозбалам.

Жаугершілік күн туып,
Жұрт майданға ұмтылып,
Ұмытылды ол заман.
Енді көрсем жастарды,
Тас түйілген қаһарлы,
Халық қамын ойлаған.

Күн сарылып, түн қатқан,
Қабағына қар қатқан,
Қару асқан зор адам.
Мұздан темір құрсанған,
Алыптарға ұсаған
Аспаһанды толғаған.

Қарлы боран ішінде,
Қаһарманның түсінде,
Елестейді сол маған.
Оққа төсеп кеудесін,



Күшпен басып жау десін,
Туған елін қорғаған.
Қызым менен ұлыма,
Соғыстың жаңа жылында,
Сыйлығым – жыр жолдаған.

ВОРОНЕЖ БАТЫРЛАРЫНА

Керіліп жатқан кең дала –
Құнарлы қонысы орыстың.
Қанындай қорып сол жерді,
Батырлар, жаумен соғыстың.
Қылауы құсап асылдың,
Қыруар елден тоғыстың.
Құрыштан құйған қамалдай,
Бөгедің, бермей жол үстін.
Дағдарды дұшпан таба алмай,
Құлпысын құтты қоныстың.
Воронеж болды бейнесі
Мызғымас, берік сол күштің.

Атадан адал туған ұл,
Аянбай жаумен алыстың.
Азат басты қылмай құл,
Арыңды сақтап қалыстың.
Қатерден қорқа білген бе,
Қаһарман ұлы намыстың.
Қаптаған жаудан қаймықпай,
Қасқара тұрып шабыстың.
Дауылға, селге бүлк етпес,
Жартасша шыдап қарыстың.
Қайтардың десін жауыздың,
Төксе де төніп, бар күшін.



Воронеж батыры атандың,
Бас тігіп елдің бағы үшін.
Жеңесің жауды, білемін,
Қуатың күшті бар үстем.
Тоқтамақ, білем, тасқын сел,
Таптамақ емес тау үстін!
Мұқатты жауды біздің ел,
Жеңбегі солай ақ істің!

ЛЕНИНГРАД ЖАСТАРЫНА

Ақ сақалды Жамбылға,
Мейман келді алыстан.
Қаласынан Лениннің,
Қалың жаумен алысқан.
Жау қоршауын бұзды деп,
Талай айлар қарысқан!
Оның айтқан сөздері,
Бір қыздырды қанымды,
Бір толқытты жанымды...
Күрес десе тоймаған,
Жастарды айтты жалынды!
Қуат құйып сол маған,
Жырым сонда ағылды.

Ленинград жастары!
Шоламын сені қияннан.
Қарлы боран, тұманнан,
Қаһарманша құрсанған,
Қарсы қарап ажалға,
Ашу кернеп томсарған.
Кескініңді көремін,
Көзіме ыстық жұлдыздан.



Жауға қарсы сен едің,
Құрыш қамал тұрғызған.
Дұшпанға ырық бермедің,
Келгендерін жерледің.
Салғызбадың талауға,
Қанішердің шеңгелін.
Одан бері он алты ай,
Тірескелі дүлей жау,
Қалаға жол таба алмай,
Қарағалы жалаңдап,
Батып саған бара алмай!
Елестейсің көзіне,
Алынбайтын қамалдай,
Құтқармайтын ажалдай!

Қаланы жау қамаса,
Қажымадың, саспадың.
Қадам кейін баспадың,
Дұшпан оғын жаудырса,
Қаймықпадың сен одан,
Қарсы құрал жасадың.
Суықтарда тоңбадың!
Айтқан серттен аумадың!
Ризамын, жастарым!

Адал туған, ұлдарым!
Сендерде көз-құлағым.
Елестейді көзіме,
Қатты соғыс кезінде,
Қабағыңнан қар жауып,
Қала бағып тұрғаның.
Сән, сәулетті шаһардың
Тынбай жамап сынғанын.
Тасын төсеп көшенің,



Қайта қалап кесегін,
Талмай жұмыс қылғаның.
Өмір солай жалғасқан,
Қамалыңа соқтығып,
Дұшпан бойын қан басқан...

Көзім менің сендерде,
Жиын жасап төменде.
Жазылмайды жондарың,
Жау ұшқанмен төбеңде...
Кіріп қызу кенеске,
Қала қамын сөз қылған,
Сендер батыр емес пе?!
Қорғап жаудан қаласын,
Қайрат қылған баласын,
Жұрт қаһарман демес пе?!

Тұрпаттарың елестер,
Түнерген түн ішінде:
Қалам ұстап, толғанған,
Қалың ойдың үстінде.
Қаламдарын құйған сөз,
Күш бергендей кісіге:
«Қажымандар бауырлар!
Қандыбалақ жауың бар!...» –
Дегеніңді естісе,
Жұмысты кім ауырлар!
Жастарыңа сәлем де!
Кәрі Жамбылы – мен елде.
Батырлығын баяндап,
Байыптатып өренге,
Домбырама күй қылып,
Қостым жырлап өлеңге.
Ленинград өрені,



Құлақ салсын, қарағым.
Жау шапқанда қаланы,
Жан-жағыма қарадым.
Сонда ойыма келеді.
Көшесінде Неваның,
Ер тұлғасы, денелі,
Кутузовтай бабаңның.
Машинадан қол сілтеп,
Халқына үндеп қаланың.
Тұлғасы тұр елестеп,
Ұлы Ленин дананың.
Сөзі семсер секілді,
Шежіресі заманның.
Шақырып тұр ерлікке.
Батыр Киров қарағым.
Жданов, Жуков, Клим ер,
Үлгісі солар, біліңдер,
Ендігі өскен баланың!
Жас жауынгер, өренім,
Елдің көзі сендерде!
Жеңіс жақын, көремін,
Сенім кәміл кеудемде.
Невадан жау жосылар,
Дон, Еділден қашқандай.
Жан қалмас деп шошынар,
Қаһарыңнан сасқандай.
Күшіңе күш қосылар,
Зәулім Кавказ асқардай.
Жау шыбыны қысылар,
Үстінен зіл басқандай!
Дүбірлерің жер жарар,
Жаһан құлақ асқандай.
Жасыл ойнап, жауды айдар,
Жерден тұманды ашқандай.



Ес жиғызбай дұшпанға,
Шап, өренім, жасқанбай!
Ажал іздеп келген жау,
Кетпесін жер жастанбай!
Сендер салған ұранға,
Жамбыл да үнін қосқандай!
Жеңісінді жырлауды
Жырау атаң тосқандай!

БАЛАМА ХАТ

Хатыңды, ботам, оқыдым,
Халіңді білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді
Болыпсың, балам, қаһарман.
Қайтармай жаудан бетінді,
Қаптаған қолға қасарған.
Жазыпты сәлем достарың,
Сөздері семсер секілді,
Құрыштан құрап қақталған.
Қыруар елден тоғысып,
Жігіттер еді аттанған.
Қаймықпай жаумен соғысып,
Хабарын айтқан қайтарған.
Жазыпты бәрі хатында:
«Құртамыз жауды жаһаннан,
Болмағы кәміл жақында,
Жауыздың орны – жаһаннам!»
Есінде, балам, бар шығар,
Айтқаным Отан әмірін:
Шегінбе жаудан, жанды сал!



Шешілмек содан тағдырың.
Айнымай, балам, антыңнан,
Әкеңнің тілін алыпсың,
Түсіндім түгел хатыңнан,
Тайынбай жауға барыпсың.
Өзіңді қиып өлімге,
Арыңды сақтап қалыпсың.
Қамалын жаудың опырып,
Қоршаған шебін жарыпсың.
Өлігін жолға толтырып,
Табанға таптап салыпсың.
«Көрері сол деп зұлымның»,
Хатыңда, балам, жазыпсың.
Ризамын, балам, ризамын,
Ризамын ердің бәріне!
Аталық сөзім бұл, жаным,
Құлағын салсын кәріге.
Тыншығар күндер жеткен жоқ,
Майдан көп, балам, әлі де.
Қалтырар әлі жер мен көк,
Төзе алмай халық кәріне.
Жауызға жасыл жарқылдар,
Найзағайдай сүзіліп,
Көк бұлттан сарқылар,
Кіріріне жер таппай,
Залымдар сасып қалтырар.
Дауысың жарқын саңқылдар,
Мәртебең басып артылар,
Айбатың асар дұшпаннан,
Жауыздың күшін жапырар.

Аянба, балам, аянба!
Бәлекет сонда аршылар.
Алғадай, ылғи алда бол,
Аянған адам болмақ қор!



Бәйгеге барын тігемін,
Сендерге арнап осы жол.
Достарыңа осыны айт:
Жауларыңды жеңіп қайт,
Айтарым, арнап саған сол!

ҚАМАЛ БҰЗҒАН ҚАҺАРМАН

Ер сүйікті еліне,
Ел намысын жықпаған.
Қару байлап беліне,
Кегін алған дұшпаннан.
Қасиетті халыққа,
Қолбасшының есімі,
Жаудан тайқып ықпаған.
Тұтқиылдан саспаған,
Қалың қолды бастаған.
Ойы терең теңізден,
Бойы биік асқардан.
Есімі елдің ұраны,
Естісе жау жасқанған.

Батыр Қызыл Армия –
Халқымыздың қорғаны!
Ғаламға аян, жария
Батырларым ондағы.
Баққаны асыл мұралар,
Дүние еңбек сарсылған.
Адам – адам болғалы,
Сөзімді сол қозғады,
Ойымды сол толғады,
Бар тілегім соларда,
Болсын деумен жолдары!



Қол алдында Сталин
Жорық тартқан жорыққа,
Қаһарманым, қолбасшым,
Аты аяулы халыққа.
Ғасырлардың шырағы,
Бөлене бер даңққа!
Соған қарап аңғарам,
Қол бастаған көсемге,
Ел қорғаған ерлерге,
Елі бәрін арнаған.
Ең жүйрігін сайлаған,
Еңбектерін сый еткен,
Ертегідей жыр еткен,
Ел көмектен талмаған.

Тоқушы едім мен кеше,
Естігенін құлағым:
Орыс бесік тербетсе,
Еркелетіп ұланын.
Айтатыны: «ер жетсе,
Ерлерге ұқсап шырағым!
Чапаевтай ер болса,
Жасқануды білмеген,
Жауға басын имеген!» –
Деп естігем ұранын.
Қазақ ішін аралап,
Жүрсем елді жағалап,
Естігемін әр үйден,
Ертегідей әлдиден:
«Ер боп өсіп, елім де!
Махамбеттей батыр бол,
Қарсы шапқан Жәңгірге.
Амангелді атаңдай,
Жаудан, балам, шегінбе!



Кавказ тауын жайлаған
Грузиннен тыңдағам:
«Тынба жауды жапырмай,
Жолбарыс тон батырдай!»
Білем Каспий мен елін,
Тербеткенде бөбегін:
«Көрұғылыдай батыр бол,
Жаудан қайтпа!» – дегенін.
Қай халықта болса да,
Балаға айтар мысал көп;
Бабалардың тұлғасын,
Бәйіт етіп жырлаған –
«Сен де сондай болсаң!» – деп,
Ойхой, шіркін, сонымен,
Кеше естісе құлағым,
Бүгін көрдім елімнен.
Бабалардай ұл көрдім,
Бас тартпаған өлімнен.
Оқтан қайтпай төгілген,
Оза тұлпар тебінген,
Қаһарланып ұмтылса,
Жау түйдегі сөгілген.
Жиырма бесте бұрсанып,
От шашылған демінен.
Қасиетті Отанның
Қамы кетпей көңілден,
Қараған жан түсінген,
Қара үзбеген сеніммен.
Қалған ата-бабадан
Ұл бойындағы ыстық қан.
Қаһар болып құйылса,
Төтей алмас жау жылан!
Қырғын тапқыр немістер
Қалды ма екен есітпей:



Батырларын Советтің,
Балтырлары бесіктей!
Тұрпатынан сом біткен,
Ер пәрмені сезілген.
Жеңіс сонда-ақ естілген,
Сталиннің сөзінен.
Жар салғамын ерлерге:
– Кетпе Кавказ, Еділден,
Күт, береке өңірден!
Берме Сталинградты,
Қанша терің төгілген!
Жұмса барлық қуатты,
Батырларым, – дедім мен.
Воронежден жылжыма,
Жем болады шегінген!
Үлгі ал сені құраған,
Ұлы көсем Лениннен.
Бабаларша басты тік,
Баспа қадам жеріңнен.
Жартасқа ұсап жауды тос,
Арың артық елімнен!

Ұлы Отанның әмірін
Орындадың ерлерім.
Дегеніне жау зұлым,
Жете алмады, көрді елің!
Жартасқа ұсап жол тостың,
Дауылға ырық бермедің.
Бабаларша белдестің,
Батырларша сермедің!
Майыстырып белдерін,
Бырт-бырт үздің шеңберін!
Өзің құрап шеңберге,
Малғұндарды жерледің!
Қалбалақтап қашты жау,



Қаһарыңнан сендердің.
Қарға тастап өлгенін,
Қайғы басып өндерін,
Күллі әлемге болды аңыз,
Сталинградта жеңгенің!
Ризамын, ерлерім!
Жауға намыс бермедің.
Қажып қабақ шытпадың,
Қан майданға өрледің.
Шеру тартып батысқа,
Дүниені кернедің.
Қабыстырып қамалын,
Тарылдырып заманын,
Сындыра жау белдерін!
Батырларым, ала көр,
Жауға кеткен ел кегін.
Батыс жаққа бара бер,
Айықтырып жер, көгін.
Басқан зілден серпілсін,
Қасиетті жерлерің!
Қайғыларын кетірсін,
Қан жылаған шерлі елің!

Батыр Қызыл Армия
Ұлы Ленин құраған,
Ұлы Сталин шыңдаған.
Жиырма бес жыл ерлігін
Әлем жүзі сынаған.
Қидаласып жүр әні,
Қан майданда тулаған.
Амал тауып қиыннан,
Ақыл берген ұлы адам.
Бәрін шолып қиырдан,
Аумай бастап ілгері,
Батысқа! – деп бұйырған.



Көрем ерлер тұрпатын,
Тас болатша үйрілген,
Алдаспанды үйірген,
Алдында су жырылып,
Ұмтылса тау иілген.
Қамал бұзған қаһарман,
Жиырма бес жасында,
Құбылаға бет алған.
Жауды жеңіп жаншуға!
Батысқа ұмтыл, ерлерім,
Жерді түгел ашуға.
Ленин туы астында!
Ұлы Сталин қасында!
Қолбасшың бар қасында.
Күллі халық көмегің,
Бақыт күні басында.
Мен де жырмен қосылдым,
Жүзге ұласқан жасымда.

ТУ АСТЫНДА БЕРГЕН АНТ

Малшы сырын білем мен,
Қасында өскем жасымнан.
Ел тарихын үйренгем,
Ертегіші малшыдан.
Малмен жасап, бірге өрген,
Жайы мәлім ғасырдан.
Қиындықты бір көрген,
Малға жаны ашыған.
Бұлтты, желді күндерде,
Сақтап боран-шашыннан.
Тас қараңғы түндерде,
Қорғап ұры, қасқырдан.



Борандармен таласып,
Жаңбырларға малшынған,
Етек – төсек, жең – жастық,
Сөйтіп дәулетті асырған.

Қырды кезіп байқадық,
Колхоз малы отырған.
Жасыл дала жайқалып,
Дариядай толқыған.
Сол өңірдің бәріне,
Төрт түлікті толтырған.
Сол қуат боп кәріге,
Көкірегім толқыған.
Күрең жорғам астымда,
Сұр домбырам қолымда,
Жігіт-желең қасымда,
Бардым малды шолуға.
Жылқы жатыр өрісте,
Құлындар жүр құндыздай.
Көзіңе ыстық, келісті
Құнан, тайлар жұлдыздай.
Сиырлар жүр маңқиып,
Желіндері жер сызған.
Бүйірлері томпиып,
Бұзау емген уыздан.
Сахара той қылғандай,
Дуылдаған қой қоздап,
Тойдың әнін салғандай,
Ботақандар жүр боздап.
Төрт түліктің тіліне,
Малшылардан кім озбақ?
Соны көріп, білдім де,
Ән шырқадым, жыр қозғап.



Бейбіт жатқан Отанға,
Салғанда кеп жау бүлік,
Қаның қайнап жапанда,
Қарақшыға жан күйіп,
Ер майданға мінсін деп,
Ел қорғаған жан қиып,
Жал-құйрығын үкілеп,
Жіберіңдер сан жүйрік.
Жөнелтіңдер бағланды,
Жүздеп-мыңдап мал жиып.
Жүректерін жалғауға,
Май жібердің бал құйып.
Жүз жасаған кәріңе ем.
Жұқа тартқан қаужиып.
Кеңескенде бәріңмен,
Тағы менен ал бұйрық:
Істеріңді көрейік,
Айтқанымды құп алған.
Ерге көмек берейік.
Кек алғанша бұ жаудан!
Аршылғанша жеріміз,
Айыр басты жыланнан.
Жау қолындағы еліміз,
Құтылғанша жылаудан!
Осы болсын антымыз,
Тойларыңда ту алған.
Сталинге айтыңыз:
Ер қазақпыз сыналған,
Қашанғы ата салтымыз,
Беттен қайтпас бір алған.
Сендерге арнап қартыңыз,
Тартты жырын қуанған!



ТОЙ КҮНІ ТАЯУ

Боранды қыстай бұрсанған,
Болат пен темір құрсанған,
Бұлтты күндей тұнжырап,
Қабағын қатып томсарған
Қаһарман Қызыл Армия
Қамалын бұзып дұшпанның,
Ғаламға қылып жария,
Жапырып жауды, жар салған!
Ерлерге сәлем кәріден,
Туысқан елдің бәрінен:
Тігемін түгел жолыңа,
Қайратым құрыш әлі де!
Тепкінің қатты тигенде,
Шыдамай жаудың қамалы.
Шатынап, сынып, жарылды,
Шабуыл жолы салынды!
Тартылып жерден танабы,
Тынысы жаудың тарылды.
Дегенмен қатты майдан бар,
Бішқынар әлі айдаһар.
Бісқырар әлі шығам деп,
Ұлдарым, одан таймандар!
Құралды өткір қайраңдар,
Жасылдап атып жайнаңдар!
Жосадай қылып жауызды,
Жөңкілтіп жерден айдаңдар!
Тасқынға қатты қақтығып,
Балықша дұшпан қайраңдар!
Алатын жауды айлаң бар,
Қолыңда күшті сайман бар.
Қол басшымыз партия,
Сынаған шыңдап майдандар!
Жеңіске бастап келеді ол,
Күніміз жақын сайрандар!

**ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕКТЕН***(Жамбылдың жауабы)*

Өңкей өрім балалар,
Қолымыздан өсірген!
Ар азығын алғандар,
Ананың ақ төсінен!
«Аталасаң» еркелеп,
Орын берем қасымнан.
Сендер едің сол бөбек,
Оң тіземе асылған.
Айтушы едім мен ертек,
Қилы заман ғасырдан.
Ұға білсең, боп зерек,
Көңілім судай тасыған.
Өжет едің жасыңнан,
Шығармаймын есімнен,
Сендер үшін басынан,
Талай күнді ел кешірген...
Ер жеткізген осылай,
Жасқандырмай ешкімнен!
Елдің қамқор досындай.
Ер кәдесі ескіден,
Жау жағадан алғанда,
Аттандырдық майданға:
«Жауға ойран сал!» – десумен.
Сендер қолқа салғанда,
Жырды аяйын несін мен!
Қарақтарым, оқыдым!
Хаттарыңды арнаған.
Батырлықты тоқыдым,
Бұрын құлақ шалмаған.
Неше алуан ел өткен,
Мұндай ерлік болмаған.



Қаһарың жер тербеткен,
Қайрат берген сол маған.
Баймұрзин мен Бұрышев,
Жауған оқтан таймаған.
Танктермен ұрысып,
Нажағайша ойнаған.
Ыбырайым, Мырзабай,
Жау қыруға тоймаған.
Көзегенге боп қырғи,
Көрінгенді қоймаған.
Кеңес етіп соны ылғи,
Күндіз-түні ойланам.
Сол батырлық болып күй,
Өлеңімді қозғаған.
Қайсы бірін айтамын,
Көңілімді толғаған.
Хаттарыңнан байқадым:
Батырлықтың келбетін,
Мұздай темір құрсанған,
Жауар күндей томсарған,
Советтің өжет әскері
Қамал бұзып жол салған.
Несін аяр туған ел,
Өзі өсірген баладан!
Есіл-дерті бір сендер,
Зор үмітпен қараған.
Береді деп біле бер,
Керегіңді ел қалаған!
Білем: қатты майдан бар!
Көп жер жатыр жау алған.
Жау қолында қалғандар,
Қанды азапта қаналған...
Уа, қарағым, балалар!
Ер бол демей не дейін.



Ереуілді майданда,
Үстем болсын мерейің!
Жауды қырып айдауға,
Талмай көмек берейін.
Дүбір қосып айғайға,
Қызыл тілді жебейін.
Сендерге өлең айтқанға,
Еш шаршадым демейін.
Қан майдан боп жатқанда,
Қарлығар ма көмейім!
Жүз жасаған жүректен,
Жырларымды төгейін.
Көктемнің күніндей,
Жауды жеңіп, күлімдеп,
Келгеніңді көрейін!
Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!

ЖАУ АЖАЛЫ ЖАҚЫН

Жайқалады көк майса,
Шөлі қанса жаңбырға.
Партияның үндеуі
Күш құяды Жамбылға.
Партияның үндеуі
Жетті қиыр ауылға
Айтқан талай нұсқауы,
Қонды бәрі жадыма.
Жазған бұйрық Сталин
Жиһан тына тыңдаған,
Құтын алса дұшпаның,
Дос-жараны қуанған
Сап түзеңдер кәрі, жас,
Партияның тілі сол,



Қит еткенге құлақ сал,
Қиуадан бәрін шол.
Ел мен майдан – екі ара
Бір жүрекпен қозғалсын.
Басы-көзі қан, жара,
Жоса болып жау қалсын!
Соны мен бір толғайын!
Жырым жұртқа таралсын,
Қасқыр шапқан қойдайын,
Быт-шыт қылып арасын,
Қанат сілтеп самғайын
Құртуға жау қарасын.
Сүйегімде салтым бар,
Жасымайтын соғыстан.
Батыл, қайсар халқым бар,
Үлгі үйренген орыстан.
Еркін қайрат, ақылдар
Бір бойына тоғысқан.
Тынбақ емес мұндай ел,
Шешпек емес үйде бел.
Жауды қумай қоныстан.
Болған емес өмірде,
Отанымның жерінде
Фашист билік құрған күн.
Соқтықса да қандай жау,
Кеткен емес қайта сау,
Өз қанына тұншыққан.
Жер айыққан қырсықтан.
Күле жайнап күн шыққан.
Басқан емес қара түн.
Фашистке де сол зауал,
Ажал жақын оларға!
Мұраларды қиратқан,
Балаларды шулатқан,
Жұрт аруағын қорлаған,



Әйелдерді зорлаған,
Бейкүнәні тонаған,
Бейбіт елді талаған –
Қарақшыға қанішер
Еш рақым болар ма?
Жұрт аузында бір-ақ сөз:
Жоқ қыламыз жауды тез!
Топырақты таптатпай,
Талқандайтын жетті кез!
Серті осылай бұл елдің:
Бір өлімге мың өлім!
Жиырма сегіз батырдың
Кегін алар жұртым бар.
Мен де соның жыршысы,
Қалғанша қан тамшысы,
Қызмет етем бұл жұртқа,
Жанды қидым, бас тіктім,
Жырым мұны ұқтырар!
Құтқарғанша қорлықтан
Бұғаудағы туғанды,
Біткенше жау обыққан,
Неге аяйын бұл жанды.
Аярым жоқ бұл жолдан!
Айтарым сол бәріңе,
Қайрат, қару тіл болған
Мен сияқты кәріге.
Партияның үндеуі,
Көкте ойнаған жасылдай,
Жау қабағы ашылмай,
Көктен оқ боп тұр құйып,
Қасарғанмен түк келмей,
Қанішерлер қалжырар,
Соңғы демі біткендей,
Аяғын әлі-ақ шалғылар.



«ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ» ГАЗЕТИНЕ

Қайраулы қылыш, найзадай,
Қаһарлы сөзі найзағай,
Талайдан мәлім ол маған.
Тәрбие сөзден талмаған,
Жеңіспен айтып даңқты,
Күреске үндеп халықты,
Жауынгер «Қызыл жұлдызым»,
Ерлерге нұсқа танытты.
Еңбегін елге жеткізіп,
Жамбыл да жырын ағытты.
Қолымда көне домбырам,
Сөйлесе, нақыл сөз ұғам.
Білімді мыңды жығады!
Батырдан дұшпан ығады!
Халықпен жаны бір адам,
Қажымай қорғап намысты,
Қалайда жеңіп шығады!

ӘКЕ ӘЗІЛІ

Сойған түлкі секілді
Сатышым жүр ырсиған.
Тұрабымның тұрпаты
Бұқашадай тырсиған.

Аққұлаға қарасам
Ішін алған тораңғы.
Қызық көріп балаша
Отырамын соларды.

Жаужапырақ секілді
Жартыбай жүр қаудырлап.



Мазамды да кетірді.
Сөз сөйлесе саудырлап...

Құйымшағы бүріскен
Нағашыбек ешкідей.
Жымың-жымың күліспен
Жүре беред естімей.

Бәрі маған аян ғой,
Айта берсем тағы да.
Бірақ өліп қалам ғой,
Мен солардың «бағына».

АЛАТАУДЫ АЙНАЛСАМ

I

Түнеугүнгі кеткеннен
Ғали, жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін,
Жол-жөнекей көрдің бе?

«Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйықта» – дедің бе?
«Қалай қиып қалдырдың
Қарт әкеңді елінде?»

Елжірейді өзегім,
Ауырады белім де...
Қаза болып көзелім,
Халім қиын менің де.

II

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?



Сарыарқаны сандалсам,
Саңылағымды табам ба?

Өлім деген у екен,
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да.

III

Құр сұлдерім, есім жоқ,
Жүріп тұрған десім жоқ,
Деп қараймын сәбиге:
«Игіліктің кеші жоқ!»

Бала қалды жетім боп,
Келін қалды жесір боп,
Біздей кәріп кісіге,
Көз салыңдар есіркеп.

IV

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
«Орынсыз деп өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ.

Көп жайланған жабының
Жал-құйрығы сұйылар...
Сол сияқты Жамбылдың
Жұқарыңқы түрі бар.

Көңілі бос – кәрінің,
Көкейлерің ұғынар.



Көтермей жан жалынын,
Көзден жасы құйылар.

Жасым жүзге кеп еді,
Мен өлгенім жөн еді.
Ақ таяққа сүйеніп,
Сен жыласаң төнеді.

Не істеп едім, Құдайым,
Қорлығына жылаймын!
Келіп қапты, балалар,
Өңшең өжет шырағым.

Орнымнан мен тұрайын,
Белді бекем буайын.
Келші жақын, Әлімқұл,
Күндерім, түбін сұрайын.

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары аяқ болған бар ма екен.
Қырға шығып шақырсам,
Алғадайдай боздағым,
Келер күнің бар ма екен.

Мінген атың кер ме екен,
Кекілде аққан тер ме екен.
Жырға қосып шырқасам,
Алғадайдай боздағым,
Тәтемнің дауысы дер ме екен.

Жылағаным жыр болсын,
Көзімнің жасы нұр болсын.
Жақсыменен жолдас бол,
Қойныңа сайтан кірмесін.



* * *

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары-аяқ болған бар ма екен,
Сарғайып қана шақырсам,
Алғадайым келердей күн бар ма екен?!

Бозарып атқан таң ба екен,
Бозар-аяқ болған бар ма екен,
Мінген атың кер ме екен?
Кекілден аққан тер ме екен,
Қиырға бір шығып шақырсам,
«Тәтемнің даусы» дер ме екен?!

Мінген де атым сұр бөрте,
Алғадайды алдың еп-ерте.
Мен жыламай, кім жылайд,
Жал-құйрығы кеп-келте.

Қаз келеді қаңқылдап,
Балақ жүні жалпылдап.
Алғадайым келсе жарқылдап,
Мен шығар едім аңқылдап.

Қазықұрт пен Қаратау –
Тамам тауға пана тау.
Дүниенің қызығы,
Ұл мен қызда болады-ау!

Жасым жүзге кеп еді,
Мен өлгенім еп еді.
Ақ таяққа сүйеніп, Алғадай-ау!
Сен жыласаң жөн еді.

Қорқытпаймын, Құдайым,
Қорлығыңа жылаймын.
Жүзге жасым келгенде,
Салып тұрсың уайым.



Рахмет, Кененім,
Көңіл айтып келгенің.
Белімді бекем буайын.
Енді орнымнан тұрайын.

СӘЛЕМ САҒАН, КОМСОМОЛ

Көзімнің нұры секілді
Сендерді айтсам, бұрқырап,
Бойда қуат өреді.
Тас бұлақтай сарқырап,
Көңілге өлең келеді.
Басқа қауіп төнгенде,
Тұтасып жау келгенде,
Қаһар шашып, ұмтылдың,
Кек бұрқырап кеуденде.
Көк болатты киіндің,
Жауар күндей түйілдің,
Нажағайдай жарқылдап,
Тастүлектей шүйілдің.
Басты тіктің өлімге,
Қамал болдың еліне,
Жауды бөгеп иірдің,
Өлігін жолға үйдірдің,
От, жалынға күйдірдің,
Қалғанын қайта жосылттың,
Жандарынан шошыттың,
Жас қаһарын таныттың,
Жалыныңа қарылттың.
Жесір қатын, кемпір, шал,
Жас бөбекке болып жар,
Құл-бұғаудан ағыттың!
Байтақ Отан – бесігің,
Бақытқа ашқан есігің,
Бұл Отанның барында,



Балам, артық несібің!
Сендер Отан жанындай,
Тамырдағы қанындай,
Заводтағы жалындай,
Шахтадағы сарындай,
Егіндегі дабырдай,
Әндетіп мал бағудай,
Дүбірінді естимін,
Дүбірлеген дауылдай.
Ұйым болып құралып,
Қуат болып көңілге,
Толған айдай нұрланып,
Жиырма беске келгенде,
Той жасатып, қуанып,
Қызығыңды көргенде.
Сәлем саған, комсомол! –
Тойларыңды құттықтап,
Ән шырқаймын мен елде!..

АҚЫНДАРҒА АРНАУ

Алатаудан, Арқадан
Ақындарым келіпсің,
Тілдерінен бал тамған,
Жақындарым келіпсің.
Ертiс, Едiл, Iле, Сыр,
Бас қосқалы келіпсің.
Жүрген жері думан жыр
Сендер елге көріксің!
Шаршы топта төгілген,
Сөздеріңді сағындым.
Көзге жылы көрінген,
Өздеріңді сағындым.
Астананың елімен
Бір қуанған кәріңмін.



Алтын орда төрінен,
Қолыңды алып көріскен,
Сәлемі осы Жамбылдың!
Жата алмадым тыншығып,
Сендер келді дегенде.
Бір отырдым, бір шығып,
Елең қағып өлеңге.
Мұндай дүбір, жарыста,
Кім қызбайды намысқа!
Көтермеші боп келдім,
Ақындарым, қарышта.
Ұлы жиын үстінде,
Сөз сарапқа салынар,
Ой тарапқа шабылар.
Өрен жүйрік өткен жер,
Ұзын жол боп қалынар.
Кекендеген торының,
Ізі қайдан табылар?
Жүйрік жүйрік болар ма,
Шаршы төске сермемей?
Қыран қыран болар ма,
Тас қияға өрлемей?!
Жорға жорға болар ма,
Төрт аяғы тайпалмай?!
Батыр батыр болар ма
Қалың жауды қайтармай?!
Ақын ақын болар ма,
Арқа қызып, ән салмай!
Жиылған көп халайық,
Сөзіне ұйып тамсанбай?!
Ақындар, көз салыңдар,
Қиуаны шалыңдар,
Қиқу салып талайдан,
Келе жатқан сарын бар.
Ұзын жолда біз өткен,



Өренге көп тәлім бар.
Жырға лайық елің бар
Сүйінбай мен Қатаған
Қара өлеңді матаған,
Атын жаттап балалар,
Әлі күнге атаған.
Кеншімбай мен Орынбай,
Өлең сөздің қорындай.
Көрінеді сорабы
Керуен көшкен жолындай.
Құл, Құлманбет, Құлыншақ,
Майкөт, Сарбас, Қуандық,
Бұлдырайды тауға ұқсап,
Көңілімізді құмар ғып.
Шөже менен Кемпірбай,
Өлең-жырдың жұртындай!
Біз солардың өрені,
Көк дауылдай боратып,
Сөз бастандар келелі.
Елге лайық ерің бар,
Төрі толған түлікке,
Ұлан-байтақ жерің бар.
Көкорайлы белің бар,
Айдын шалқар көлің бар,
Сабасы мол көп өзен,
Өлке толған егін бар.
Жаз өрісің – көк жайлау,
Қыс қонысы – соның бар.
Тау мен далаң сақтаған,
Қойны толған кенің бар.
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай мен мыс, көмір бар.
Осы дәулет тұрғанда,
Неменеден кемің бар?!
Осыларды толғайтын,



Ақындарым, жөнің бар!
Қыруар завод, қалаң бар,
Гүл жайнаған далаң бар.
Сол даланы жайнатқан,
Жұртқа үлгі адам бар.
Жауды қуған жөңкілтіп,
Батырларға қараңдар.
Жас арыстан пішінді
Жауға ойран салған бар.
Батыр сынды, мүсінді,
Мәліктей көп балаң бар.
Қаһарман қып жасаған
Халқымызды заман бар.
Не болғанын бүгінде,
Бөбектердің білуге,
Бәйіт қылып тараңдар,
Замананың жыршысы
Сендерде не арман бар?!
Сол заманның тұлғасы,
Лениннің жолдасы,
Қамал бұзған қолбасы
Ұлы Сталин көсемге
Жырларыңды арнаңдар!
Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай.
Ағытыңдар өлеңді!
Жазғытұрғы тасқындай.
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Маясар, Қуат, Жақсыбай!
Өлең-жырды дүрілдет,
Жарқылдатып жасылдай.
Сөздеріңнің күшінен
Жау жүрегі түршіксің.
Жырларыңды естіген,
Дос құмардан бір шықсын!



1944







БАТЫР ТУЫ

Туы тұрса қадаған,
Ердің туған жерінде.
Атын айтпай оны адам,
Қалай қисын өлімге?
Амангелді батырым,
Сен тірісің өмірде!
Алысың мен жақының,
Күнде сені көруде.
Қару-жарақ бойыңда,
Семсер, қылыш белінде.
Жүрсің жеңіс жолында,
Басшы болып шеруге.
Арыстандай долданып,
Қан майданның төрінде.
Алдаспанды қолға алып,
Ұран салып жеңуге.
Сен жүр демей не дейін,
Рух берсең өренге!
Тасытсаң ер мерейін,
Батыр бабам! – дегенде.
Ұрпағына бел болған,
Батырлар көп ел-елде.
Мұзбалақтай толғанам,
Мен де сені көрем де.
Шолсам байтақ еліңді,
Күш өреді денемде.
Осындай құт жеріңді,
Жауға өренің берер ме?!
Кілең батыр жас берен
Достығы берік келгенде.
Елің еркін, өскелең,
Жете бермек дегенге.
Қызыл туың желбірер,
Ленин берген төбемде!
Жеңуі хақ, сенеді ел
Компартия – кемелге!



АТАНЫҢ ӘЛДИ

Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені етейін жұбаныш,
Алғадайым өлгелі,
Боп кетіп ем жылағыш.

«Ата, ата» – деп келген соң,
Айналайын, алайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң,
Жүрегімді жамайын.

Ермек болып отырсаң,
Мен бір әнге салайын.
Көңілімді шат қылсаң,
Көтеріліп қалайын!

ӘШЕКЕЙГЕ

Көзімдей көріп жүргейсің,
Сыйға бердім шапанды.
Той-жиында мінгейсің,
Көлденең тарттым атымды.
Жәкең жатыр кеткелі,
Берейін саған батамды.

СОҢҒЫ СӨЗ

Сендің бе жарқыраған шам-шырағым,
Қалдың ба тас бітеліп қос құлағым?
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сеп болып, сөйлетесің жалғыз жағым,

Қалыппын ие болмай өзіме өзім,
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.
Балалар, өлгенімше болысыңдар,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім!



ҚОСЫМШАЛАР







ТҮСІНІКТЕР

1917 жылға дейінгі өлеңдер

«*Шағым*» – Өлеңді 1941 жылы жазып алған – Ғ.Орманов (қолжазбасы сақталмаған). Алғаш 1946 жылы Жамбыл Жабаевтың 100 жылдық мерейтойына орай шыққан бір томдық толық жинағында берілген. Ақынның кейінгі барлық негізгі жинақтарына кірген. 1946, 1955 жылғы жинақтарда өлең екіге бөлініп берілген. 12 жолдан тұратын, «Не жазып ем сол ғұрлы?» деген жолмен аяқталатын алғашқы бөлігі барлық жинақтарда бірдей.

«Оқымаймын молдадан», – деп басталатын екінші бөлігінің екінші жолы 1946 жылғы жинақта «Елі шығып қамдаған» болса, 1955 жылғы жинақтан бастап «Не оқытпақшы ол маған?» деп берілген. 1946 жылғы жинақтағы «Жем андыған дорбадан» тіркесі кейінгі жинақтарда «Жем дәмәткен дорбадан» деп берілген. Осындай аздаған стильдік өзгешеліктері болмаса, өлеңнің негізгі мазмұны бірдей.

1946 жылғы жинақты дайындауға ерекше мән беріліп, ақынның өлеңдерін жазып алуға тағайындалған топ (Ғ.Орманов, Т.Жароков, Қ.Сатыбалдин, Қ.Тоғызақов, Ә.Тәжібаев, т.б. жинақты дайындауға ғылыми жетекшілік жасаған Е.Ысмайылов, Жамбылдың шығармашылық өмірбаянын жазған С.Бегалин) жазып алған өлеңдерін Жамбылға тыңдатып барып, жинаққа дайындап, жауапты жұмыстар атқарған. Осы себепті кейінгі жылдары шыққан жинақтарға 1946 жылғы жинақ негіз болған. Жинақ түсініктері де сол уақыт үшін жоғары ғылыми деңгейде жазылған.

Өлеңді жазып алған Ғ.Ормановтың айтуынша, бұл өлең 1860 жыл шамасында айтылған. Өлең айтылған кезде Шапырашты Екей руы қазіргі Қарасай ауданының жерінде Қаскелең, Шамалған маңындағы Жая жайлауында тұрса керек. Сол жерде Жапа баласы Жамбылды ауыл молдасына оқуға берген.



Бала Жамбыл молданың қатал тәртібіне шыдамай, қашып кеткен. Әкесі молдаға қайта апармақ болғанда Жамбылдың айтқан өлеңін әдеби хатшының жазып алуына олардың Жамбылмен әңгімелескенде ақын өміріндегі негізгі кезеңдік, өмірлік эпизодтарды арнайы сұрағандары себеп болуы керек. Әйтпесе Жамбылдың ұзақ өмірінде әр жерде, әр жағдайларда айтылған мыңдаған өлеңдерінің уақыт қабаттарында қалғаны анық.

«Бұл жинаққа өлеңді 1982 жылы шыққан 2 томдықтың 1-томында Жамбыл Жабаев мұражайындағы қолжазба бойынша берген нұсқасын алып отырмыз» деп 2014 жылғы 4 томдықтың 1-томындағы түсінікте жазылған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 160-бумадағы кирилл әрпімен машинкада терілген нұсқасында өлеңнің: «Қозғалтпайды жонымды» деген үшінші жолы «Қозғалтпайды жон жағым» деп берілген. Мұндағы «жонымды» және «жон жағым» деген сөз тіркесі өлеңнің негізгі мағынасына ешбір нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Сондықтан 2014 жылғы жинақтағы жарияланымына өзгеріс жасамадық. Ал Жамбыл мұражай қорындағы латын әрпіндегі («Оригиналы стихов и поэм») деп аталатын бумада өлең екіге бөлініп:

«Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа,
Жем дәметкен дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған,
Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам,
Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, қинама,

Болмас енді зорлаған», – дейтін жолдары «Молда» деген атпен өз алдына бөлек өлең болып берілген. Өлеңнің: «Жаңа өлең



айта бастаған шағым еді, әкемнің оқы деп молдаға ұстап бергені есімде. Жая жайлауында едік. Молдаға бардым, босағасын аттағанымда-ақ бір тар қапасқа кіргендей болдым. Енді шықсам дүниенің түгіне қарамай, беталды лағып кеткім келді...

Сабақтан шығысымен қалың қарағайға зеңіп жоғалдым. Бірақ іздеп тауып алысты. Әкем зорлайын деді оқуға. Сонда былай дегенім есімде бар (деп қос нүкте қойылып, аталған өлең жолдары берілген). Оның соңына: «Содан былай әкем де үндеген жоқ» дейтін Жамбылдың кіріспе сөзі бар. 2014 жылғы жинақтағы түсінікте өлеңнің екіге бөлініп берілгені жазылған, ондағы стильдік өзгешеліктер де мысалдармен көрсетілген, бірақ Жамбылдың осы кіріспе сөзі өзге жинақтарына енбеген.

Бұл жинаққа өлең 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Әкеме» – Әкесі Жапаға айтқан өлеңі. Жапа Ыстыбайұлы жас кезінде қарулы ер жігіт болып, жортуылға, барымтаға жүрген көрінеді. Ауқаттылардың Жапаны барымташы ретінде ұстағаны жайлы деректер бар. П.Кузнецовтың «Джамбул внук Ыстыбая» атты романында Жапа 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі Бекболат Әшекеевтің аталары ұстаған жортуылшы жігіттерінің қатарында суреттеледі. Қамшыгер деген даңқы көпке белгілі болған. Жапа Жамбылдың өзіндей мықты жігіт болуын, жортуыл жолына түсуін қалап, ұлының қолына домбыра алып, ақындық жолға түсуін қолдамаған. Бала Жамбыл «Әкеме» өлеңін әкесінің осындай бір талабынан кейін шығарған.

Өлең бірінші рет 1946 жылы шыққан жинаққа беріліп, кейінгі негізгі жинақтарының бәріне кірген. 1946 жылғы жинақта он жолы екі шумақ етіп берілсе, 1996, 2010 жылғы жинақтарда әр шумақ жеке өлең ретінде жарияланған.

1946 жылғы жинақта «Ойым жоқ шұрқан салатын» деп берілген жолдағы «шұрқан» сөзін 1955, 1957 жылғы жинақтарда «бүлік» сөзімен ауыстырған. Одан кейінгі жинақтарда алғашқы қалпымен берілді. 1946 жылғы жинақта өлеңнің алғашқы «Сөртінің ұрлап қара атын» деп келетін жолындағы «Сөртінің»



деген сөзді 1982 жылы шыққан жинақта «Сорлының» деп өзгерткен. Осы жинақта «Әкеме» өлеңіне берілген түсінікте С.Бегалиннің Жамбылдың көзі тірісінде жинаған өмірбаяндық материалында «Сөртiнiң» деген сөздің орнында «Сорлының» деген сөздің тұрғанына сілтеме жасайды. Жамбыл шығармаларын жариялау барысындағы негізгі еңбек – ақынның 100 жылдық мерейтойына орай шыққан 1 томдық толық жинағы. Қазақстан біріккен мемлекет баспасынан шыққан, Қазақ ССР Ғылым академиясы дайындаған жинаққа үлкен көңіл бөлініп, әдебиетші ғалымдардың, ақынның әдеби хатшыларының үлкен тобы жұмылдырылған. Жинақтың ғылыми түсініктерін Жамбыл шығармашылығының білгірі Е.Ысмайылов пен Қ.Тұрғанбаев жазған. 1946 жылғы жинақтағы «Әкеме» өлеңіне берілген түсінікте: «Жамбыл 15-16 жасынан домбыра тартып, өлең айтуға құмар болған. «Өлеңнен басқаға көңілім соқпай, басым ауған жаққа кетіп қалушы едім», – дейді Жамбыл. Той-жиындарда ақындардың думанын көріп, Жамбыл соған еліктеген. Кейбір жиында ән салып, Сүйінбайға сынатқан. Сүйінбай ақын болады екенсің деп баға берген. Бұл өлеңнің жазылуы туралы Ғали былай дейді:

– Жамбыл ақындарға ілесіп, бір ай ел аралап кеткен екен. 19 жасар Жамбыл ел аралап көпті көріп, қайта оралғанда, әкесі ұрсып:

– «Сенің жолың бұл емес еді, Үйсін-Найман арасында жүрген менің жолымды ұстауың керек еді» – деген. Сонда Жамбыл әкесіне осы өлеңмен жолының басқаша екенін айтып, батасын сұраған. Баласынан жеңілген әке:

– Ендеше жолың болсын! – деп батасын берген.

Мұнда Жамбылдың өз әкесі – Жапаны жеңу мәнісі: әкесінің Сөртi батырдың қара атын олжа қып алуын айтқаны. Сөртi Найманда Қаптағай ішінде Көлдей деген елдің батыры. Көлдей, бөлек Шоқай (Калек-Шолақ батыр) Жапаның нағашысы екен. Жапа, Ғалидың айтуынша, бір жортуылда Матай ішінде Қайнар Қаражомарт деген досында жатып, Сөртiнiң Найманға мәлім



«Қара киік» деген атын олжалап әкеткен. Соның кесірінен Қаптағай мен Шапырашты соғысып, бұл жақтан Қашкенің үлкен баласы – Сұраншы, Саурықтың ағасы (Саурықтың әкесі) Стамбек өліп, ол жақтан Рүстем төренің алдауымен Естемес батыр бастатқан тоғыз батыр өліп, ақыры екі ел егер болып зорға тынған. Жамбыл бұл өлеңінде әкесіне соны аңғартқан көрінеді. Өлеңді Жамбылдың өз айтуынан жазып алған Ғали. Жинаққа бірінші рет кіріп отыр», – деп нақты мәліметтер берілген. Бұл оқиға туралы кейінгі кезде тарихшылар да жазды.

Жамбылдың біраз сюжеттік белгілері бар өлеңдерінің («Кәдірбайдың төбеті», «Зілді бұйрық», т.б.) бұрын көлемді жыр деңгейінде айтылғаны туралы деректер бар. «Әкеме» өлеңін де Жамбыл жастау кезінде көлемді жыр түрінде айтса керек.

Өлеңнің әр жылғы жарияланымдарына текстологиялық салыстырулар жүргізілді. ӘӨИ 160-бумадағы кирилл әрпімен машинкада терілген нұсқада «Жапанда жалғыз қалдырып» деген өлеңнің үшінші жолы «Жапанда жаяу қалдырып» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Тәйтi мен Шыбыл шалға» – Бұл өлеңнің бір шумағы (Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын... Ақыретке барғанда шырылдарсың) алғаш 1955 жылғы жинақта беріліп, 1957 жылғы жинақта қайталанды. 1982, 1996 жылғы жинақтарда «Тәйтi мен Шыбыл шалға» атауымен Жамбыл музейінен алынған ақынның ауылдасы Омардың айтуынан жазып алынған нұсқа бойынша берілді. Алғашқы нұсқа (шумақ) Үмбеталы Кәрібаевтан жазып алынған.

Жамбылдың әкесінің інісі Тәйтi Мекеге барып, қажы болып қайтпақ сапарында қаза болады. Жиналған халық қалай естіртудің есебін таппай абыржып отырғанда, Жамбыл келіп, өзі естіртеді.

Мекеге барған жерде өлген Тәйтiнің киіміне, ақшасына Шыбыл руының қажысы Сауырбай деген ие болады.

Сауырбай алғашында «Тәйтiнің дүниесін мен алғаным жоқ» деп танады, бірақ Мекеге бірге барған сапарлас адамдары куә



болып, алғандарын қайтарып береді. Осы орайда «Қажымызды ұры атандырды» деп, Шыбылдар жағы қызынып, көп сөз болады.

Жамбыл болса «қажы болып қайттық» деген Сауырбайдың мінезін ажуалап, өлең шығарады. Бұл өлеңді 2010 жылы шыққан жинақта «Тәйтiге» және «Шыбыл шалға» деп екі шығарма ретінде берген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сарыбайға*» – Өлең 1946, 1957, 1982, 1996, 2010 жылғы жинақтарда берілген. Жамбылдың айтуынан Ғали Орманов жазып алған. Ақынның өзіне оқып бергенде: «Бұрын ұзақ айтушы едім, қазір көп жерін ұмытып қалыппын», – деген.

Сарыбай Айдосұлы (1821-1890) бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Ұзынағаш болысы 1-ауылда туған. Жамбылдың ағайыны, Шапырашты Екей руы Ізбасар атасынан. Бейіті Ұзынағаштан Жамбыл ауылына (мұражайына) баратын жолдың бойында. ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында барымта, кісі өлімі себептерінен айыпты болып, айыбын өтей алмаған Екей руының аталары бытыраған кезде Сарыбайдың әкелері Іленің оң жағына өтіп кетеді. Алғашқы орыс переселендерімен араласқан алғыр бала Сарыбай орысша тіл үйренеді. Орыстың отаршыл әкімшілігі Іленің сол жақ бетіне (Зайлисский край) өткенде, Сарыбайды тілмаш, жолбасшы етіп алады. Орыс әскерімен бірге 1860 жылдарға дейін Қазақстанның оңтүстік бөлігін билеп, аса қатыгез, халықтың намысын таптайтын мағынасыз саясат жүргізген Қоқан хандығына қарсы соғыстарға қатысады. Кейін орыс әкімшілігі арқылы Екей руының байырғы жерлерін қайтарып алып, Шымкент пен Талдықорған арасында, Балқаш көліне дейін бытырап кеткен руластарын жинап орналастырған. Осы кезде жер дауы сияқты қиын мәселелерді шешуде үлкен табандылық көрсетеді. Ақылды, ұстамды саясат жүргізіп, үлкен беделге ие болады. Верный уезіндегі үлкен жиындарға қатысып, жер дауы, құн дауы, мал дауы, т.б. мәселелерді шешуде ақылдылығымен, әділдігімен көзге түсіп, сол кездегі баспасөз беттерінде жақсы жақтары сипатталған материалдар шыққан.



1867 жылы патшаның «Дала облыстарын басқару туралы Уақытша ережесі» жарияланды. 1868 жылы 28 февральда «... Уақытша ереженің» жергілікті жерде жүзеге асу барысын тексерген комиссиясының қорытындысында Сарыбай туралы «...ақылды және ісіне берік, шығу тегі – төменгі саты», – дейді. (Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архив, ф.44, оп.1, д. 28659, 331-бет).

Жамбылдың Сарыбайға арналған өлеңі 1865 жылдар шама-сында айтылған. Жамбылдан жазып алған – Ғали Орманов.

Өлең бұл кітапқа 2014 жылғы толық жинағы бойынша берілді.

«Айрылдым арманменен...» – Жамбылдың Бұрым деген сүйген қызына арнап айтқан өлеңі. Алғаш ақынның 1982 жылғы жинағына Жамбыл мұражайынан алып берілген.

Айқым руындағы Қыдырма деген кісінің көрікті қызы Бұрым мен Жамбыл айтысады. Ақылына көркі сай Бұрымды Жамбыл қатты ұнатады. Бұрым да Жамбылдың ақындық өнеріне бас иеді.

Бұрым Шыбыл руындағы бір бай адамның баласына айттырылып қойғандығын өлеңмен жұмбақтап жеткізеді. Егер Жамбыл алып қашса, қарсы емес екенін астарлап айтады.

Жамбыл Бұрымды алып қашуға бел байлағанымен, ондай әрекеттің реті келмейді. Ел жайлаудан күзеуге көшіп келе жатқанда, Жамбыл Бұрымды алып қашып, бірден өз үйіне әкелмей, Сарыбай бидің інісі Саржанның үйіне түсіреді.

Қыздың төркіні оны кім алып қашқанын сезіп: «Бұрымды алып қашқан Жамбыл көрінеді, қайдан тапса да тапсын», – деп әкесі Жапаға сөз салады.

Араға Жапаның інісі Тәйті жүреді. Сарыбайға «төрелік айт, Жамбыл бізді тыңдамас» деп өтініш білдіреді. Сарыбай Жамбылды шақыртып алып, осы сөздің шындығын сұрайды. Жамбыл мойындайды.

Сарыбай қиын мәселені шеше алмай қиналып, екі жақтың да көңілін қимай барып: «Жамбыл шырағым, Бұрымның қайын жұрты қатал, Екей жаңадан ел болып келе жатыр еді, тағы



да бүлінеді, тілімді алсаң, Бұрымды төркініне қайтар!» – дейді. Жамбыл аға сөзін аттап кете алмайды, көнеді.

Қызды алып қашқан Екей руының айыбы деп, Шыбылдар қызды үш тоғыз айыппен қайтарып алады. «Сарыбайдың абыройынан аса алмадым, алғашқы арманым Бұрымнан осылай айрылдым», – деп Жамбыл қатты қапаланған.

Өлең бірінші рет 1982 жылғы жинақта жарияланғаннан кейін 1996, 2010 жылғы жинақтарға Жамбыл мұражайындағы қолжазба бойынша толықтырып, «Бұрымға» деген атаумен берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Байұзақ молдаға» – Өлең алғаш 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған. Кейін 1982 жылғы жинақта берілді. Сарыбай Айдосұлының ауылда ұстаған молдасы ұрлық істеп, ұсталып қалады. Осы оқиғаға қатысты айтылған бір шумақ экспромт өлеңде дінді даттау, идеялық сипат жоқ. Оқиғаны қысқа, нақты баяндаған реалистік сөз.

Бұл жинаққа 2014 жылғы басылым бойынша берілді.

«Кәмшат қыз» – Алғаш 1946 жылғы жинақта берілген. Содан кейін Жамбылдың негізгі жинақтарының бәріне кірді. Өлеңнің «Кермиық Кәмшат қыздың көрдік көркін» деген жолы 1982 жылғы жинақта ғана «...көрдім көркін» болып берілген. Өлең атауы 1946 жылғы жинақта «Кемшат қыз», 2010 жылғы жинақта «Камшат қыз» деп берілген. Бұл жинаққа «Кәмшат қыз» нұсқасын алдық. 1996, 2010 жылғы жинақтарда өлең тұтас шығарма ретінде берілген. Басқа жинақтарда қара өлең түріндегі алғашқы жартысы мен жеті буынды екінші бөлігі жұлдызшалармен бөлінген.

1982 жылғы басылымға Жамбыл мұражайындағы қолжазба бойынша аздаған текстологиялық өзгерістер жасалған. Өлеңнің ЖМҚ-дағы нұсқасында: «Көкірек елінде Керім дегеннің Кәмшат дейтін сұлу қызы бар екен. Ақын екен өзі. Ел кезіп жүріп бір кезім келеді сол үйге. Білмеймін, қорашсынды ма мені, әйтеуір онша бойына тоғытыңқырамады қыз. Алайда бірдеңе деп кетейін деген оймен, таңертең аттанарымда бір-екі ауыз өлең айттым»



деген ақынның кіріспе сөзі бар. Өлеңнен мынадай өзгертулер кездесті: «Шаң жұқпас» – «шаң қонбас» (ЖМК), «Ажары бет пен жанның (ӘӨИ 160 бумада «іштің») бірдей емес» (ме екен? ЖМК. («Оригиналы стихов и поэм»). «Сан жерде шаршы төске самғап едім» деген жол ӘӨИ 160-буамадағы кирилл әрпімен машинкада терілген нұсқада: «Шалдықпай шаршы төске самғап едім» // «Жұртшыдай жұрт торымай, алысқа ұшып» ӘӨИ 160-буамадағы нұсқада: «Құмайдай құрт аңдымай, қиянға ұшып» // «Сол ғана жүрегіме берген жылу» ӘӨИ 160-буамадағы кирилл әрпімен машинкада терілген нұсқада: «тұлабойға» // «Оңбай ма бетке біткен («арудағы» ӘӨИ 160-буамада) әдемі түр?!» – деп берілген.

Жамбыл 29-30 жас шамасында Шудың бойындағы Күнту руының ауқатты адамы Керім дегеннің Кәмшат деген сұлу қызын көреді. Қыз Жамбылды менсінбейді. Қыз бойынан мін таба алмаған Жамбыл қыздың болашақ күйеуінің «...қарау, тарыншақ» екенін айтады. Осындай жерлерде айтылатын өлеңдердің ішінде бұл өлең ұстамды сипатымен ерекшеленеді. Өлеңді Жамбылдың айтуынан жазып алған – Ғали Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Сыртың бір сұлу жан екен**» деп басталатын өлең «Кәмшат қызға» айтқанының жалғасы.

«**Сараң бай мен жомарт кедей**» – Өлең алғаш 1971 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Жамбыл Жабаевтың таңдамалы шығармалар жинағында жарияланған. Кейін негізгі жинақтарының бәріне енген. 1982, 1996 жылғы жинақтарда соңғы бір шумағы жұлдызшалармен бөлініп, бір атаумен берілген. 2010 жылғы жинақта соңғы шумақ «Бай жалтаң» деген атаумен жеке берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Өлеңші Омарға**» – Өлең алғаш Жамбыл мұражайының қолжазба қорынан алынып, 1982 жылғы жинаққа берілген. Омар деген өлеңші ақын бір жиында Жамбылмен айтысуға ниеттенеді. Өлең – айтыс тууы мүмкін ситуациялардың айтысқа ұласпау себептерінің бір мысалы ретінде құнды материал.



«Жаныс ақынға» – Өлең алғаш 1946 жылғы жинаққа беріліп, кейін негізгі жинақтарының бәріне кірді. Жамбылдың бұл өлеңі шамамен жиырма жасында айтылған сияқты. Жамбыл алғаш өлең айта бастаған кезінде Жаныс ақын кездесіп, Жамбылмен айтыспақшы болады. Жамбыл сұрастырып қараса, Жаныс Шыбылдан шыққан Шықай ақынды жеңген екен. Жамбыл Ғалиға өлеңді жаздырып отырып: «Жаныс ақынның жағын аштырмай баурап жібергім келіп, осы өлеңді қоя бердім», – депті.

Жаныс ақын қайырып өлең айта алмапты. Бұл өлең – айтыстық ситуацияның өрбімей қалуының тағы бір мысалы. Өлеңді жазып алған – Ғали Орманов.

Өлең бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жылқышы» – Жамбылдың бұл өлеңі алғаш 1946 жылғы жинақта шығып, кейінгі негізгі басылымдарының бәріне кірді. Дәл, үнемді стильмен жазылған реалистік сипаттағы өлең. 1870 жылдары қыстыгүні тау бөктеріндегі елдің жылқысы, қойы төмен құмға кетеді. Жамбыл да жасында кей жылы жылқы баққан екен. Екей ішінде жылқышы орыс баласы бір күні Жамбылға жолығыпты.

– Менің алғалы жүрген қалыңдығым бар еді, сол келмедің деп өкпелеп сәлем айтыпты. Соған бір ауыз өлең үйретіп бер, сәлем айтып жіберейін, – депті.

Жылқышыға Жамбыл сонда осы өлеңді шығарып берген. Өлеңді әдеби хатшысы Ғали Орманов Жамбылдың өз аузынан жазып алған. 1946 жылғы жинақтағы түсініктегі «жылқышы орыс баласы» дегендегі орыс баласы – Екей руының бір атасы.

«Пұшықтың ұрыға айтқаны» – Өлең алғаш 1946 жылғы жинақта беріліп, кейінгі жинақтарға сол нұсқа бойынша кірген. Өлең уытты сөздің әсерінің айқын бір мысалы. Жамбыл өлеңді Ғалиға жаздырып отырып: «Осы өлеңді шығарғанда жиырма бес жасымда едім, Жиёмбек деген пұшық Суықтөбе қайқаңында келе жатса, елсіз жерде екі ұры кез болып, астындағы көк байталын аударып әкетіпті», – деген. Жиёмбек жаяу келе жатқанда Суықтөбенің бауырында Жамбыл жолыққан.



Осы өлеңді жазып алған Ғали Ормановтың айтуынша:

– Байталыңды тауып берейін, алған адамдардың белгісін білесің бе? – дейді Жамбыл.

– Белгісі есімде жоқ; әйтеуір бірінің аты Манас, бірінің аты Сырым екен, – дейді Жиёмбек.

– Сол да тәубаға жарайды, – деп Жамбыл осы өлеңді пұшыққа үйретіп береді, өзі де жүрген жерінде осы өлеңді айтады. Ақыры Қасқараудың жұртқа мәлім ұрылары байталды сіңіре алмай, айыбымен Жиёмбекке қайтарып береді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Кемінгі зой басың ауып*» – Өлеңді ел аузынан жазып алған Сапарғали Бегалин. Бірінші рет 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналының алтыншы санында жарияланған. 1982 жылғы жинаққа сол нұсқа бойынша берілген. Өлеңде өмірде болған, ел арасында ауызша әңгіме түрінде сақталған оқиға айтылады. Бірде Есқожа елінің болысы Құдайбергеннің үйіне Жамбыл келеді. Сөз арасында Құдайберген Жамбылды кемітпек болып:

– Бір жыңды Екеймен жарысамын деп, атым өліп қалды, – дейді.

Құдайберген Ұзынағаш базарынан Қарақыстаққа қайтып келе жатқанда Екей елінің Таңат деген бозбала жігіті болыстың қасынан шауып өтеді.

– Екейден атым қалса, атым Құдайберген болмасын! – деп бұл да тұра шауыпты. Содан екеуі ерегесіп, ауылға жеткенше жарысыпты. Келісімен болыстың аты қызылмай болып, дөңгеленіп өліпті.

Болыстың осы қылығын естіген Жамбыл ыза болып, келе-междеп өлең шығарған.

Бұл жинаққа өлең 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Әзіл*» – Өлең 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналының алтыншы санында жарияланған. 1982 жылғы жинаққа сол нұсқа берілген.

Бірде түйе қарап жүріп, Жамбыл бейтаныс біреудің үйіне қонады. Келген қонақтың кім екендігін білмегендіктен, үй иелері Жамбылды әншейін біреу шығар деп жөнді ықылас-пейіл



көрсетпейді. Өлең тамаққа бата жасалғанда айтылған. Көшпелі тұрмыста кездесіп тұратын қазақы мінездің, өкпенің бір мысалын реалистік сипатта көрсеткен.

«*Сараң келінге*» – Өлең алғаш рет 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналының алтыншы санында жарияланған. Ақынның 1982 жылғы жинағына сол нұсқа бойынша берілген. Өлеңді Бұйдалы руындағы Аба байдың баласы Естіместің сараң әйелінің қылығына орай айтқан.

Бұл жинаққа өлең 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Кесірлі қатынға*» – Жамбылдың көлемі шағын болғанмен, мазмұнды, әлеуметтік сипаты мол, аз штрихты портреттері бар өлеңі туралы 1982 жылғы жинақтағы түсінікте: «Өлең 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналының алтыншы санында жарияланған, өлеңді баспаға ұсынған Сапарғали Бегалин. Түпнұсқа сол журналдан алынған.

Бір жылы қыста жұт, жазда індет болады. Елдің күйі төмендеп тұрғанда, Жамбыл Алматының күншығысындағы (Талғар ауданы, Қызылту селосы) Саймасай болыстың ауылына барады. Алты қанат ақ үйдің тұсына келіп:

– Мынау тұрған ақ үй кімдікі? – деп жөн сұрайды Жамбыл есіктің алдында жүрген қызыл күрең семіз әйелден.

– Қызыл болыстыкі, – деп жақтырмай жауап береді әлгі әйел. Әйелдің «Қызыл болыс» дегені Саймасай болыс еді.

Жамбыл болыстың үйінде қонақ болады, «ақын келіпті, өлең тыңдаймыз» деушілердің арасында омыраулап отырған әлгі қызыл-күрең әйелді көзі шалып қалған ақын сөзді бірден әзілден бастайды. Саймасайдың ағасы Алмасай дегеннің әлгі әйелі ел ортасында қатты қысылып, ақыннан кешірім сұрапты», – деп жазған. Өлеңде аты аталған Саймасай – М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің прототипі. Қосай шешен де өмірде болған, дерегі бар кейіпкер.

Өлең мәтіні жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ел едің құт дарыған...*» – Өлең алғаш 1946 жылғы жинақта шыққан. Жамбылдың айтуынан жазып алған Ғали Орманов. Жамбыл 30-дар ішінде, Шу бойынан шығып Балқаш бойына



барып, Есім-Малай деген Ыстының бір руы ішінде болады. Бір ай жүріп ел аралаған. Қайтарында елмен «Ел едің құт дарыған Есім-Малай» – деп басталатын өлеңмен қош айтысқан.

Есім-Малай туралы Жамбыл Ғали Ормановқа мынадай әңгіме айтыпты:

– Бір атадан үш ұл бопты. Малай бәйбішенің баласы екен де, Есім, Қожан тоқалдың баласы екен. Бірақ Қожан пысық боп, ағасы Есімді қой соңына салып қойыпты. Ақыры Қожанның қорлығына шыдамай, Есім Арғынға барып, сонда жүріп үйленіпті. Есім – кең пейіл, адал адам екен, соңынан Есімнің аты шығып, оған қулық қылған Қожан санатқа ілінбей қалыпты.

Өлең 1996, 2010 жылғы жинақтарда «Ағайын туған есен бол» деп аталған. Мәтіндерінде ешбір өзгеріс жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Құғын*» – Өлеңді Ғали Орманов жазып алған. Алғаш 1946 жылғы жинақта берілген. Осы нұсқа кейінгі жинақтарға кірді.

Жамбыл: «Осы өлеңді айтқанда отыз екі жаста едім», – депті әдеби хатшысы Ғали Ормановқа. Егін жинап жатқан кезде екі жылқы ұрлатып, қырғызға іздеп барған. «Кіші-кебін» деген жерде бір бай қырғызға жолығып, осы өлеңді айтыпты. «Бәйке» деп тұрған Жамбылдың сөзін жыға алмай, жылқының ішінен екі саяқты тауып беріпті.

Өлеңдегі «Бәйке» адам аты емес. Қырғыз тілінде «аға» деген мағынада қолданылады.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Шәбденге*» – Өлең алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланды. Осы нұсқа кейінгі жинақтарға да берілді. Жантайұлы Шәбден – XIX ғасырда өмір сүрген қырғыздардың шоң манабы. Халыққа беделді болған, кей тұста қырғыз-қазаққа атағын шығару үшін «жомарттық» әдісті де пайдаланған. Ресей әкімшілігі полковник атағын беріп, қырғыздарды басқаруға пайдаланған. Жамбыл, қазақтың басқа да ақындары Шәбденге барып, өнерлерін көрсетіп, сый-сияпаттарын алып тұрған. Шәбден жайында баспасөз бетінде материалдар шыққан. Архивтерде көптеген деректер бар.



1879 жылы жұт болып, көктем кезінде Жамбыл ауылы қатты ашыққан. Сонда Жамбыл қырғыз елін аралап, өлең айтып, сауын жиган. «Үлкен-кебінде» отырған Шәбден ауылын іздеп барып, өлең айтқан. Осы өлеңді жазып алған Ғали Ормановқа Жамбыл: «Алғашқы сәлемдескендегі өлеңім еді», – депті. Шәбден Жамбылға он сегіз жылқы айдатыпты. Бұл көмек ашыққан елге дер кезінде жетіп, жазға ілініп кетуіне сеп болған.

Өлең мәтіні жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сырттанға*» – Өлең алғаш рет 1946 жылғы жинақта жарық көрген. Жамбылдың негізгі жинақтарының ішінде 1955 жылғы үш томдық жинағына кірмей қалған. 1982 жылғы жинақта өлеңнің:

«Дәметемін жетімше,

Сендей білгір ағадан», – деген соңғы екі жолы берілмеген.

Жамбыл 1880 жылдары Верный қаласында (қазіргі Алматы) Найман руының біраз адамдарымен кездескен. Олардың ішінде аты әйгілі Маман бай, Тәнекенің Есімбегі, Құлшаннан Сырттан батыр болған. Соларға арнап, ақын осы өлеңді шығарған. Өзінің екі баласы Барлыбек пен Тұрлыбекті Верныйға оқуға берген Сырттанды бұл өлеңінде Жамбыл көтере айтады. Сырттан – кедей болған адам. Сондықтан байлар оған шет қақпайлық та жасаған. Жамбыл «екі балаң жетілсе, құтыларсың табадан», – деп оған емеурін білдірген.

Өлеңде айтылған Эренталь – елдің тыныштығын бұзып қаталдық көрсеткен Қапал уезінің бастығы.

Есімбек Эрентальды сабап, Верныйға айдалса да уездің бастығын жеңіп шығады. Сол үшін Жамбыл Есімбекті мақтап айтады. Есімбек – Біржан салмен айтысқан ақын Сараның жақын ағасы.

Жамбыл осы өлеңінде Маман балаларының саудагерлігін сынаған. Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Төментіннен келесің...*» – Өлең алғаш 1982 жылғы жинақта Жамбыл мұражайының қолжазба қорындағы мәтін бойынша жарияланды. Өлеңде «Рахмет пұшықты...» дегеннен басқа ешкімнің



аты аталмаған. 1982 жылғы жинақтағы өлеңге берілген түсінікте: «Қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданының батыс жақ бөлігі – ол кезде Батыс Қастек болысы деп аталған, өлең сол болыстың старшыны мен елу басы Андасов Әбілқасым мен Сүлейменұлы деген екі атқамінердің ел ішіндегі лаңына қарсы айтылған. Олар ойдан шығарып, «қара шығын» деген алым-салықтың түрлерін көбейтіп, халық содан ығыр болған», – деген деректер бар.

«Сыздық сұлтанға» – Өлең алғаш Жамбылдың 1946 жылғы жинағында шыққан. Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов. Ал кейінгі 1955, 1957, 1982 жылдары шыққан жинақтарда берілмеген. Мұның себебі – Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық күресіне кеңестік идеологияның теріс баға беруі. Сыздық (Садық, Сыдық, Саддық деп те аталатын жерлер кездеседі) әкесі Кенесары қайтыс болғанда, 10 жаста қалған. Есейгеннен кейін алғырлығымен, ержүрек батырлығымен, қолбасшылық қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Үнемі Орта Азиядағы Ресейге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың ішінде жүріп, өмірі жорықта өткен Сыздық әскери тактикалық өнердің, әскербасылық таланттың ерен үлгілерін көрсетумен болған. Жамбыл өлеңінде Сыздық Кенесарыұлы өмірінің бір кезеңі жайлы қысқаша баяндалған.

Өлең алғашқы жарияланымынан кейін 1996 жылға дейін қайта басылмаған. Ұлы Отан соғысы кезінде саябырсыған солақай идеологиялық саясат 50-жылдарда қайта өршіген. Ақынның 1955 жылы шыққан үш томдық толық жинағының бірінші томындағы алғы сөзде: «Ақынның өзі қайтыс болғаннан кейін шыққан 1946 жылғы жинағында жарияланған кейбір өлеңдер тарихи деректер мен архив материалдарына және Жамбылдың өз көзқарасына негізінен қайшы келеді. Жамбылдың өз шығармаларында халықтың қас жауы, қара басының қамын ойлаған қанішер Кенесары Қасымов туралы айтқан өлеңдері жоғарыда келтірілді. Кенесары Қасымовтың баласы Сыздық туралы Жамбыл мақтау өлең айтты деу тарихи шындықты бұрмалау», – деп жазылған. Әрине, бұл пікір – сол кездегі қатал идеологиялық талаптың әсері.



1946 жылғы жинақта «Сыздыққа» өлеңіне жазылған түсінікте: «1884 жылдар шамасында Сыздық Кенесарыұлы қырғызға келген. Қырғыздар үй тігіп, мал сойып, құрметпен қарсы алған. Қырғыз, қазақтан Орман ауылына 17 ақын жиналған. Солардың ішінде Жамбыл да болған.

Қырғыз ағайындар басында әкесінің кегін жоқтайды деп Сыздықтан қымсынса да, соңынан райласып сөйлескен.

«Сонда Сыздықтың айтқаны мынау еді», – депті Жамбыл Ғалиға:

«Мен сендермен шабысқалы келгем жоқ, табысқалы келдім. Сен де туысқанымсың. Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ, жалғыз-ақ тілегім: әкемнің сүйегін бер – аталарыма қосайын, алтын жүзігін бер – қолыма салайын, сары қасқа ерін бер – астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ еді», – дейді.

Қырғыз ағайындар Кенесарының алтын жүзігі мен сары қасқа ерін береді де, сүйегін тауып бере алмайды. «Он бір жыра» деген жерге көмілген екен, білетін адам өліп қапты деп жауап береді.

– Қап болмас! – деп отырды да Сыздық, сары қасқа ердің басын қанжармен қақ айырып шапты да, жіліншік-жіліншік алтындар алды. «Әкемді өлтіруін білсеңдер де алтынын алуды білмеген екенсіңдер. Уақасы жоқ, бұйырған нәсіп қой!» – деп қалтасына салды дейді.

Жамбыл Сыздыққа осы өлеңді сонда айтыпты. Сыздықпен кездескенін Жамбыл кейін үлкен ертегі қылып та айтқан. Сыздық батырдың жалғыз көзді дәумен кездесіп, үңгірге қамалып, одан қалай құтылғаны жайлы ертегіні өте қызық етіп айтады».

1993 жылы шыққан «Хан Кене» кітабында, ақынның 1996, 2010, 2014 жылғы жинақтарында өлең «Сыздық сұлтанға» деген атауымен, ал 1946 жылғы жарияланымында «Сыздыққа» деген атпен берілген.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр.



«*Есте қалған әңгімелерден*» – Жамбылдың Жетісуға Кенесары Қасымов келген кездегі оқиғаларды, көтерілістің барысын, сол кездегі тарихи жағдайды қара сөзбен, өлеңмен баяндаған шығармасы. Шығарма мәтіні Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы 1328-бумада сақталған. Алғаш 1993 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Хан Кене» жинағында (146-148-бб.) жарияланды. Жинаққа дайындап тапсырған фольклортанушы ғалым – Кенжехан Матыжанов.

Шығарма мәтінінде баяндалатын оқиғалар, сол кездегі тарихи ситуациялар, кейіпкерлер Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысын зерттеген тарихшы Бекмахановтың зерттеулері мен М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасының мәтіндерінде бар, мазмұндық, идеялық жағынан сәйкес келеді. Егемендік алғаннан кейінгі кездегі тарихшы, әдебиетшілердің, журналистердің жұмыстары мен Жамбыл шығармасында қысқаша айтылған, аталып өткен фактілер көрсетіліп жүр. Ғылыми зерттеулерде көп айтылып жүрген көтеріліске қатысушылармен қатар Саурық, Сұраншы, Байсейіт, Нәпбайлар аталады. Саурық, Сұраншы батырлардың Хан Кененің соңғы жорығына қатысуы туралы кейінгі кезде мұрағаттық деректер табыла бастады. Байсейіт Тойшыбекұлы жайында да деректер бар. Ал Нәпбай («Ту ұстаған Нәпбай») туралы ізденістер керек. Кенесары Қасымов Жетісуға келген кездер шамасында туған, ес білген, жас шағында ел есінде сақталған оқиғаның негізгі қатысушыларын Жамбыл ұмытпаған болу керек.

2014 жылғы жинаққа «Есте қалған әңгімелерден» шығармасы «Хан Кене» кітабындағы мәтін бойынша берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Мәмбетке*» – Өлең алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланып, кейінгі жинақтарының бәріне кірген. Жамбылдың айтуынан Ғали Орманов жазып алған.

1880 жылдардың ақырында Жамбыл Меркедегі Ботпай елін аралап, Мәмбет байдың үйінде алты күн жатып өлең айтқан. Мәмбет Жамбылға түйе бастатқан тоғыз беріп аттандырған.



Сол жылы күздігүні Қастекте (Жамбыл ауданы) бір жиын болып, Мәмбет Жамбылды іздеп келіпті. Жамбылдың үй тұрмысы нашар екен, Мәмбет қонбай аттанып:

– Жамбылға сәлем де, түзде көріп, үйде көрмейтін кісі екен! – деп кетіпті.

Ертеңіне Жамбыл ағайындарынан сол сөзді естіп, Мәмбеттің соңынан іздеп барып, шаршы топта осы өлеңді айтқан. Сол кездегі ақындық кәсіптің сырларын ашатын реалистік өлең.

«*Садырмекке ат шапты...*» – Өлең Жамбылдың 1982, 1996, 2010 жылғы жинақтарында берілген. Ақынның шығармашылық өмірбаянын зерттеумен айналысқан Сапарғали Бегалин 1944 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы «Қоғамшыл» колхозының мүшесі Мұстафа Дөненұлынан жазып алған өлеңнің түпнұсқасы Жамбыл музейінің қолжазба қорында сақталған. Өлең Садырмек деген қадірлі адамның асында айтылған.

Аталған ас 1895 жылы болады, бұған Шапырашты мен Дулаттан көп адамдар қатынасады. Оның себебі, Садырмек пен оның інісі Сәке әртүрлі себептермен бытырап кеткен Тайторы деген рудың басын қосады, оларды Жиренайғыр деген жерге орналастырады. Мырзабек, Кәшке секілді байлардың қорлығынан құтқарады.

Міне, осындай қазақ, қырғыз, дүнген халықтары қатынасқан ұланасыр үлкен жиынды басқару Жамбылға тапсырылады. Сәке 1916 жылғы ұлт-азаттық күресі басшыларының бірі. Мырзабек, Кәшке Шапырашты Еміл-Есқожа руларының аталары.

«*Сәт сайланарда*» – Өлең 1946 жылғы жинақтан бастап, Жамбылдың барлық негізгі басылымдарында берілген. Дулаттың ішінде Жаныстан шыққан ауқатты адам Сәт Ниязбеков Ұзынқарғалы болысына екінші рет болыстыққа сайланардағы әрекеттері кезінде біраз ел наразы болады. Бұрынғы болыстық кезеңіне көңілі толмаған адамдар Жамбылдан «өлең шығарып, Сәтті жығып бер», – деп сұрайды. Жамбыл себебін сұрағанда, «қыста жұтқа ұрындырды, жазда шығынмен шаршатты», – дейді. Қарғалы, Қаскелең маңындағы елдер бас қосқан жиында



Жамбыл осы өлеңді айтқан. Жамбыл мұнда өзінің сыншылық, әшкерелеушілік қуатын барынша пайдаланбаған. «Қазбасам да мен онша...» деп, өтініш жасаған елдің тілегін ғана орындаған. Сәт кейін Жамбылмен жақсы қарым-қатынаста болған. Сәт Ниязбековтың 1916 жылғы ұлт-азаттық күресіне қатысушылардың қатарында болғаны жайлы деректер бар. Өлеңді жазып алған – Ғали Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жалғызбын деп жүрмесін» – Абай Құнанбаевтың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда айтылған өлең. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында осы оқиға, Әбдірахманды алып қайтуға келген туыстарына Жамбыл мен Сәт Ниязбекұлының көңіл айтуға келуі жеке тарауда суреттелген. Романда Әбдірахман Алматыда (Верныйда) өледі. «Абай» энциклопедиясында Ташкентте қайтыс болған деп айтылған.

Өлең 1978 жылы жамбылтанушы ғалым Нысанбек Төрекұловтың ұсынуымен «Жетісу» газетінде және Н.Төрекұловтың «Жамбыл мен Кенен» кітабында шыққан. Жамбылдың 1982 жылғы жинағында өлеңге берілген түсінікте: «Әбдірахман Абайұлы Семей қаласындағы уездік мектепте оқыған, 1886-1889 жылдары Тюмень қаласындағы реалдық училищесінде 5, 6, 7-кластарды бітірген, 1890 жылы унтер-офицер, 1892 жылы портупей-юнкер, содан соң подпоручик деген әскери шенге ие болған.

Әбдірахман (Әбіш) Ибрагимов 1891 жылдары науқастананды, 1892 жылы жазда Одессада, содан соң Кавказдағы Абас-Туман госпиталінде емделеді, күзде Ташкентке қызметке ауыстырылады.

Әбіштің денсаулығы біртіндеп төмендей берген соң, Семейге бір табан болса да жақын ғой деп Верныйға келеді. Ақыры Әбдірахман әкесі Абайға хат жазады: «Мағауияны жіберіңіз, Мағрипа келмей-ақ қойсын, жас баласы бар ғой...», – деп дерек келтірілген.

Дәл осы тұста Абайдың баласы ауырып жатыр дегенді естіп Жамбыл мен Сәт болыс Верный қаласындағы Әпсемет деген



кісінің үйінде сырқаттанып жатқан Әбдірахманның көңілін сұрауға арнайы келеді.

Арада аз уақыт өткен соң 1895 жылы ноябрь айында Әбдірахман қайтыс болады, сүйегін уақытша Верныйға (Алматыға) қояды.

1896 жылы көктемде Алматыдағы Әбдірахманның сүйегін алып қайту үшін Мағауия бастаған Ысқақ Солтабаев, Тәнеке Байтуовтар Әпсеметтің үйіне келеді.

Әпсемет – Құнанбайдың інісі Жақыптың қызынан туған жиені. Ол Жамбылмен сыйлас, құрметтес адам болған.

Семейден келген қаралы көш Әбдірахманның сүйегін былғары табытқа салып, Алатаудан аттанар алдында, Абайға арнап Жамбыл ел атынан осы өлеңді айтады», – деген мәліметтер берілген. Өлең ақынның 1996, 2010 жылғы жинақтарға 1982 жылғы жинақтағы нұсқа бойынша берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Тілеміске» – алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланып, кейін негізгі жинақтарынының бәріне кірген. Бұл өлеңнің тарихы туралы 1946 жылғы жинақта: «1896 жылдары Жамбыл қырғызға бара жатып Сұлутөртегі Қасқарауларға соғып, Ноғайбай ауылында болыпты. Сол ауылда Қасқарау Кебекбай батыр жатыр екен дейді. Таңертең бәрі тысқа шығып тұрса, бір тастың басында шақшақ торғай құйрығы қыпп-қыпп етіп тұр екен.

Кебекбай батыр Тілеміске:

– Анау шіркін не деп қылпылдап тұр? – депті. Сонда Тілеміс:

– Ол, Ноқаң екеуіне ұқсап, ауыры болса алып кетейін, жеңілі болса тастап кетейін деп тұр ғой, – депті.

– Ай, Тілеміс тілің кесілсін, – деп, Ноғайбай теріс айналып кетіпті.

Сонда Жамбыл жұлып алғандай Тілеміске осы өлеңді айтып жіберген», – деген деректер берілген. 1946 жылғы жинақты дайындауға үкімет тарапынан үлкен талап қойылып, арнайы редакция құрылып, ақынның өлеңдерін жазып алуға қатысқан барлық әдеби хатшылары жұмылдырылған. Түсініктерді



негізінен сол кездегі халық ауыз әдебиетінің, Жамбыл шығармашылығының білгірі Есмағамбет Ысмайылов жазған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Абышқа*» – Өлең 1946 жылғы жинақта шыққан. Жамбылдың айтуынан жазып алған Ғали Орманов. 1896 жылдары Жамбыл қырғыз елін аралаған. Бұл өлең туралы Жамбыл Ғ.Ормановқа: «Мәмбетәлінің ауылын іздеп жүріп, кешке жақын бір ауылға келдім, – күн сілбіреген жауын, тысқарыда ешкім жоқ екен.

– Уа, кім бар-әй! – деп бар даусыммен айқай салдым. Бір қыз жүгіріп шықты да:

– Қоқый, абышқа тұрбай бар! – деп қайта кіріп кетті. Атты байлай салып мен де кірдім. Үй іші тоң-торыс қарсы алды... Ат-жөнімді сұраған соң ғана түс жылытты.

Ел орынға отыра мені есітіп Мәмбетәлі де келді. Ұзақ өлең айтып, күлісіп отырдық. Әлгі мені «абышқа» («абыш» қырғызша «шал» деген сөз) деген қызды айттырған елу бес жастағы біреу ұрын келіп жатыр екен» дейді. Жамбыл осы өлеңді сонда айтыпты.

«*Мәңке туралы*» – өлең алғаш 1946 жылғы жинақта берілген. Жазып алған – Ғали Орманов. Кейін негізгі жинақтардың бәріне кірген.

1900 жылдары Шамалған өзені бойында үлкен той-жиын болады. Бұрынырақ Жамбылдың аты жоғалып, оны Байтілес руының адамы Қаржаудан көреді. Жанғойлық болысы Мәңке Смайыловқа арыз берсе, Байтілес жағынан пара алып қойған болыс әділ шешім шығармайды. Жамбыл соған байланысты тәмпіш, ел жегіш, паракор болысты ел алдында әжуа етіп өлеңге қосқан.

«*Артықша туған азамат*» – нақыл, толғау түрінде айтылған өлең. Мазмұнына қарағанда ақынның ел арасында үнемі айтып жүретін шығармаларының бірі болуы керек. Ғ.Ормановтың жазып алған мәтіні Жамбыл мұражайында сақталған. 1982, 1996, 2010 жылғы жинақтарға сол нұсқа берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Қабат тұсын күн мен ай*» – Жамбылдың үйлену салтына байланысты берген батасы. Жазып алған – Әлімқұл Жамбылов.



Жамбыл мұражайындағы мәтін бойынша 1982 жылғы жинақта шыққан. 1996, 2010 жылғы жинақтарға «Бата» атауымен берілген.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша берілді.

«*Өсиет*» – нақыл түрінде айтылған өлең. Жамбыл өлең мәтінін жазып алған Ғ.Ормановқа: «Есімде қалған бір шумағы осы еді», – депті.

1901 жыл шамасында Бесмойнақ тауында ел арасында беделді, ауқатты болған Сәмбет деген кісіге ас беріледі. Алматы аймағы, Әулиеата жақ, көрші қырғыздар шақырылған асқа Жамбыл да барады. Осы аста Сәмбеттің жақсы қасиеттерін мысал етіп, асқа жиналған ел алдында шығарылған өлең. Алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланды. Өлеңнің 2014 жылғы жинақтағы: «Не әкетесің өмірден» деген жолы ӘӨИ 160-бумада: «Не әкетесің өзіңмен» деп берілген. Басқа өзгешелік кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Көп қарға тең келмейді...*» – өлең алғаш 1971 жылы шыққан Жамбылдың таңдамалы өлеңдер жинағында жарияланды. 1982, 1996, 2010, 2014 жылғы жинақтарға сол нұсқа бойынша берілген. Нақыл, мақал түріндегі шумақ.

«*Шалтабайға*» – өлеңді Жамбылдың айтуынан Ғ.Орманов жазып алған. Алғаш 1946 жылғы жинаққа кірген.

Шапырашты Есқожаның Мырзабек елінен шыққан Құдайберген болыстың баласы Шалтабай 1905 жылы болыс болған екен. Шалтабай болыстыққа сайланар кезінде Жамбылға әлденеше рет өлең айтқызып, сыйлап жүріпті. Кейін, шар салынып, болыстыққа сайланып алған соң, Шалтабай Жамбылға сырт бере бастаған: алдына барса сөзін бітірмей, әуре қылған. Жамбыл бұған шамданып, бір жиында Шалтабайға осы өлеңді айтыпты. Шалтабай 1928 жылы тәркілеуге ұшыраған. Туыстарымен жер аударылып, 1932 жылдың аштығына ұшырап, көп қудаланып, қорлық көрген. Жамбылдың Құлмамбетпен айтысында аталатын Құттықсейіттің Құдайбергені осы Шалтабайдың әкесі.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Қалиға*» – жазып алған – Ғ.Орманов. Алғаш 1946 жылғы жинаққа кірген. Негізгі жинақтарының бәрінде берілген.

Өлеңнің кейіпкері – Қали Ордабаев гимназияда білім алған, ауқатты отбасынан шыққан, әскери шені бар, сол кездегі әкімшілік қызметтер атқарған белгілі адам. 1928 жылы тіркiленген. Елі Алматының солтүстігіндегі Күрті өзенінің аңғарын жайлаған. Бұл өлеңнің туу туралы 1946 жылғы жинақтағы түсінікте: «1908 жылдары Жамбыл төмен Сартауқұмдағы Сарыүйсіндерге барып, Әлімқұл датқаның ауылдарын аралапты, өлең айтып көп сыйлықтар алыпты. Бұл жөнінде Ғали Орманов мынадай дәлелдер келтіреді:

Бері қайтарда Күрті өзені бойында отырған Ордабай ауылына түскен. Жамбыл Қали Ордабаевта екі күн қонақ боп, өлең айтқан екен. Сары Үйсін Байбурыл ақын:

Екейдегі Жамбылым,
Ел аралап қаңғырдың.
Елер ме екен Қали деп,
Екі күндей аңдыдың.
Ақырында шаршадың,

Төрде отырып қалғыдың, – депті. Бірақ Қали өзі гимназияда оқыған, қарапайымды менсінбейтін адам екен. Жамбыл мен Байбурылды «қайыршы» деп мысқыл қылыпты.

Көзін жұмып ойланып отырған Жамбыл сол кезде: «Ей, Ордабайұлы Қалиым» – деп осы өлеңді қоя беріпті», – деген нақты деректер келтірілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Көкімге*» – алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланады. Жазып алған – Ғали Орманов. Кейінгі жинақтарға осы нұсқа бойынша берілген.

1911 жылы Екей еліне старшын болған Көкім Мәйкеұлының жағымсыз әрекеттерін байқаған Жамбыл Алматы қаласында кездескен Көкімге осы өлеңді айтқан. Көкім 1933 жылы қайтыс болған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Тоқтағұлға*» – өлең алғаш 1978 жылы «Жетісу» газетінің 20 қазандағы санында шыққан. Мәтінін Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазба қорынан тапқан Нысанбек Төрекұлов.

Қырғыз халқының даңқты ақыны Тоқтағұл Сатылғанов 1864 жылы Ош аймағында дүниеге келген, 1898 жылы Сібірге жер аударылған. Айдаудан қайтқанда қазақ жерін басып өтіп, Жамбылмен кездескен. 1912 жылы қырғыздың Үлкен Көбін жайлауында манап, орыс үкіметінен полковник шенін алған Шәбден Жантаевқа үлкен ас беріледі. Қырғыз, қазақ түгел шақырылған аста Жамбыл Тоқтағұлға жолығып осы өлеңді айтқан.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Кедей күйі*» – өлеңді Жамбылдың айтуынан Ғали Орманов жазып алған. Алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланды. Шағын өлеңде терең әлеуметтік қатпар, гуманистік сипат бар. Ауыр жұт жылдары күйзелген елдің жағдайын ақын аяушылықпен өлеңге қосады. Реалистік сипаттағы шығарма. Бала-шағаның қамымен азық іздеп сандалып, қиналып жүрген ағайыны Қалқабайға жаны ашып айтқан өлең.

«*Есенәлі мешкейге*» – алғаш Жамбылдың 1955 жылы шыққан үш томдық жинағының бірінші томында жарияланады. Жамбылдың айтуынан жазып алған – Ғали Орманов. Ақынның басқа да көп өлеңдері сияқты бұл өлеңнің де өмірбаяндық сипаты бар. Бірде Жамбыл Есенәлі деген байдың үйіне қонаққа барды. Сонда Жамбылдың кедейлігін кекеткен болып: «Жамбылдың жүрегіне май батады дейсің бе?» – дейді Есенәлі мешкей, табақтағы қазыны өзіне қарай тартып. («Жамбылдың жүрегіне май батады дейсің бе, – деп Есенәлі деген бай қазыны асап отырғанда, мен оған өлең айтамын» деген ақын айтқан аз сөз ӘӨИ 160-буада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») бар.

Сараңдықпен аты шыққан Есенәлінің өз дастарханының берекесін өзі кетіргеніне ыза болған Жамбыл мысқылдап өлең шығарады.

Өлеңнің түпнұсқасы Жамбыл музейінің архивінде сақталған. Өлең ақынның 1955, 1957, 1982 жылғы жинақтарына кірген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«Қисыбайға» – өлеңді хатқа түсірген – Ғали Орманов. Жамбылдың 1946, 1957, 1982, 1996, 2010, 2014 жылғы жинақтарына кірген.

Қисыбай – Сарыбай Айдосұлының баласы. Ел билігіне араласып, Ұзынағаш болысына болыс болған. Қазақтың белгілі, әділ билерінің бірі болған әкесіндей беделі, атағы болмаса да біраз жыл ел басқарған. Жамбылға ағайын. Шапырашты Екей руының Ізбасар атасынан. Жасы Жамбылдан біраз кіші. Ағайындық тұрғыдан жақсы қарым-қатынаста болған. Жамбыл өмірінің бір сәтінен хабар беретін өлеңнің тууы туралы 1946 жылғы жинақта өлеңге берілген түсінікте: «Сарыбайдың баласы Қисыбайға айтылған өлең (шамасы Сарыбайдың асы болған, 1886 жылдары).

Бұл өлеңнің шығу мәнісі былай екен: «Қарақастекте той болғалы жатыпты. Соған баруға Қисыбай жаңа шапан, бешбент, етік тіктіреді. Жамбылдың жаңа киімі болмайды. Сондықтан Жамбыл: «Жаңа киімдерді маған бермесең, басқаларға бұрылып кетем», – деп сазарып отырып алады:

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,

Бәтуә-бірлігінді бұзып кетер.

Ебін тауып ұстамай, өшіктірсең,

Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер, – деп өлең айтады. Қисыбай бір киімін беруге ыңғайланса, «Ей, Қисыбай, Қисыбай!» – деп өлеңді тағы қоя береді. Сөйтіп Қисыбайдың жаңа тіктірген бар киімін алады. 1946, 1957 жылғы жинақтарда өлеңнің алғашқы алты жолы берілген. 1982 жылғы жинақта 4 жолды бір шумақ қосылған. Ал өлеңнің соңғы осы бір шумағы ӘӨИ 160-бумада жоқ. 1996, 2010 жылғы жинақтарда «Қисыбай» атауымен осы бір шумақ өлең ғана берілген.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша берілді.

«Үштоқал болыс болды...» – бұл бір шумақ өлең 1982 жылғы жинақта «Қисыбай» өлеңінің соңында жұлдызшалармен бөлініп берілген. 1996, 2010 жылғы жинақтарда «Қисыбай» атауымен осы шумақ қана берілген. Бұл жинақта әрқайсысын жеке шығарма етіп берудегі себеп: кейіпкері бір болғанмен, екі



өлеңнің суреттеп отырған оқиғалары бөлек, уақыты, өткен орны басқа. Бір уақытта айтылмаған. Бұл бір шумақ өлеңде айтылатын оқиғаның деректері әлі күнге дейін ел арасында сақталған. 23 атадан тұратын Екей руы Бәйбішенің балалары, Үштоқал деп шартты түрде бөлінеді. Бір болыс сайлауында Қисыбайға өкпелі болған Күртібай аталастарымен бірге (бәйбішеге жатады) Үштоқал жағының кандидатына дауыс береді. Болыстықты қарсы жақ алғаннан кейін Жамбыл Қисыбайға ренжіп осы өлеңді айтқан.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Әділдік керек халыққа**» – Жамбылдың ұзақ өлеңді, қарасөзді шығармасы. Эпостық құрылыс, элементтер бар. Шығарманы жазып алушы өлеңнің шығу тарихын ақынның өзі айтқан деректері бойынша өз атынан баяндайды. Өлеңді мәтін түгелдей Жамбылдың өз сөздері. Өлеңді мәтінде жыраулық поэзияның элементтері, тарихи шолу, толғау, терме үлгілері кездеседі. Жамбылдың ұлықтардың көзіне айтқаны мен олар кеткенде айтқанында мағыналық айырмашылықтар бар. Алғашқысында нақты ситуацияға орай айтылған адресті сыни-реалистік поэзия басым болса, екінші жартысында толғау, насихаттық, термелік сипат басым.

Шығарма Жамбыл мұражайының архивінен алынып, алғаш 1982 жылғы жинақта берілген. 1996, 2010 жылғы жинақтарда 9 бет шамасындағы шығарманың бір беттейін («Асқар тау ғаріп емес пе» деген жолынан бастап «Жамбыл ақын толғаса» деген жолға дейін) «Жаратылыс сыры» атауымен жеке берген. Соңғы жинақты құрастырушылар таза термелік сипаты айқын, формасы, өлең құрылысы бірдей келетін жерін бөліп алған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Кәдірбайдың төбеті**» – Жамбылдың өлеңмен айтылған сюжетті шығармасы. Шығарманың кіріспесі Жамбылдың Кәдірбайға айтқан өлеңінің алдындағы әрекеттерді, оқиғаны баяндаған мәтін. Жырға келмейді. Көлемі аз, көтеріңкі екпіні жоқ реалистік әңгіме түрінде өрбиді. Бірінші жақтан



айтылады. Төрт бөлімнен тұратын шығарманың төртінші бөлімі Жамбылдың тікелей Кәдірбайға қаратып айтқан өлеңі. Кең көлемді кіріспенің болуы бұл өлеңді ақынның көп жылдар ел ішінде айтып жүргенін көрсетеді. Жамбыл бұрын бұл шығарманы анағұрлым ұзақ айтқаны туралы деректер кездеседі.

Кәдірбайдың өлген итін жоқтап, ақындарды жинап өлең айтқызбақ болғаны Жамбылдың намысына тиіп, соған шығарған өлең.

Жамбылдың айтуынан Ғали Орманов жазып алған. 1955, 1957, 1982, 2014 жылғы жинақтарға кірген.

Өлеңнің ӘӨИ және ОҒК қолжазба қорларында сақталған нұсқасында мынадай өзгешеліктер бар. 2014 жылғы жинақтағы: «Атымды әбден суардым» деген жолынан кейін «Жараларын жуа алдым» деген бір жолы ӘӨИ 160-бума мен ОҒК 651-бума 4-дәптерде кездесті. Ал «*Өзім баурында (мен де орнымда, ОҒК 651-бума 4-дәптер) отырған*» және де «*Бай қайғысы болды көп*» (бөлекті ОҒК 651-бума 4-дәптер) деп берілсе,

«Ауылында бел шешпейді,

Қорқыт болып түз кезіп,

Қайда болса жүр безіп» деген үш жолы ӘӨИ 160-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптерде бар. Бұрынғы жинақтарда қысқартылған болуы мүмкін. Біз осы үш жолды 2014 жылғы кітаптағы мәтінге енгіздік. Өлеңде: «Күзетіп жүр малыңды» (Күзеткен қора малыңды, ӘӨИ 160-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер), «Көпшілікті бүлдіріп» (Жалпақ жұртты шулатып, ӘӨИ 160-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер) деп берілген. Бұларды түсінікте келтіріп отырмыз.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Өстенкеде*» – 1913 жылы Романовтар династиясының патшалық құрғанына 300 жыл толуына орай Ресей мен Ресейдің қол астындағы аймақтарда отаршылық үкімет тарапынан мерейтойлық шаралар ұйымдастырылды, тойлар өтті. Осы шаралардың бір пунктінде жергілікті халықтардың этнографиясын, тұрмысын, өнерін көрсету, көрмелер ұйымдастыру туралы



айтылған. Алматыда (Верныйда) Бас арықтың (қазіргі Абай даңғылы) бойында көптеген киіз үйлер тігіліп, қазақтың тұрмысы, үй-жайы, қолөнеріне қатысты ұлттық бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Қазақтың қару-жарағы, сауыт-сайманы көрсетілді. Бұл үшін Ұзынағаш болысынан Мақыш Райымбеков батыр шақырылған. Көрме көріністерінен фотограф Лейбин фотоальбом жасады (Ұлттық кітапхананың сирек материалдар қорында сақтаулы). Көрмеге 30 ақын шақырылған. 1982 жылғы жинақта берілген түсінікте төмендегі ақындар аталған: Жамбыл Жабаев, Қарабек, Байсалмақ, Мақыш, Сүлеймен, Арғынбай (Екей руынан), Арқабай, Мамырайым (Меркіден), Мүсірепұлы Сәдібек, Шүкітай (Жаныс руынан), Жанақбай (Бұйдас), Әбдіқадыр Қасымбаев, Өмірзақ Қарғабаев (Есқожа), Мұхаметжан (Қасқарау), Манақ (Жалайыр), Шарғын (Шағатай), Избасар, Жалымбет (Төлеміс), Байбурыл (Сарыүйсін), Қожантай (Құралас), Қарақбай (Дулат), Бекалы, Бектұрсын, Рысқұл, Құрама (Ысты); Үмбетәлі Кәрібаев (Айқым), Кенен (Қасқарау), Бармақ ақын, Қуандық (Сәмбет), Әмір (Тілеукабыл).

Бұлардың ішінде жасы үлкені де, ең атақтысы да Жамбыл болатын. Патша әулетін мадақтап өлең айтуға тиісті ақындарды үйге қамағандай ұстап отыруды Жамбылға тапсырған. Ақындар көрмені аралап кеткенде Жамбылға: «неге тараттың?» – деп орыс әкімі қол жұмсайды. Шарғын ақын екеуі таяқ жейді. Жетісу облысынан жиналған Үйсін, Найман, қырғыз бай-болыстарының жағымпаздығын көріп, етіне таяқ тигеніне намыстанып, осы өлеңді айтқан. Өлең тез арада ел ішіне тарап кеткен.

Өлеңді Жамбылдың айтуынан Ғали Орманов жазып алған. 1946 жылдан бастап барлық жинақтарына беріліп келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Халықтың еркі кетті...» – 1916 жылы Ресей үкіметі шет аймақтағы бұратана халықтардан 1-дүниежүзілік соғыстың майданында қара жұмыстар атқару үшін адам алу туралы жарлық шығарды. Айдаладағы империалистік елдердің эгоистік пиғылдарынан туындаған соғысқа баруға халық өкілдерінің қарсы



болуы заңды тілек болатын. Астамшылықпен ешбір дайындықсыз, ескертусіз жарлық шығарып, шұғыл тізім жасауға кіріскенде Қазақстанның әр жерлерінде наразылықтар туды. Әсіресе Торғайда, Жетісу өлкесінде халық жаппай көтерілді. Қолында отты қаруы жоқтың қасы болған. Қазақтарды тұрақты патша әскері, казактар, шұғыл түрде қаруландырылған орыс шаруалары аяусыз қырғынға ұшыратты. Елдің көбі шекара асып, Қытайға ауды.

Қазіргі Жамбыл, Қарасай аудандарының Үшқоңыр, Қарғалы, Ұзынағаш, Қастек, Шиен, Самсы, Тарғап деген жерлеріндегі көтерілісшілер арасында Жамбыл бастан аяқ болып, өз өлеңдерімен жігіттерді жігерлендірді. Патша әкімшілігі жасаған қара тізімнің ішінде басқа көтеріліс басшыларымен бірге Жамбыл да болды. Ақынның 1916 жыл оқиғасына орай туған бірнеше шығармалары бар.

Бұл өлең ақын мұражайы архивінен алынып, 1982 жылғы жинаққа кіргізілген. 1996, 2010, 2014 жылғы жинақтарда берілген.

Жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Патша әмірі тарылды» – өлең алғаш 1946 жылғы жинақта жарияланған. Жамбылдың айтуынан жазып алған – Ғали Орманов. 1946 жылғы жинақта өлеңге берілген түсінікте: «1916 жылы июнь жарлығын естігеннен кейін ел іші қатты дүрліккен. Патша әміріне қарсы көтеріліс жасауға бел байлаған. Жая, Қасқасу, Үшқоңыр, Құмбел, Үлкенсаз, Қарақия, Майтөбе, Қарабастау, Құлансаз жайлауында жалғас отырған елдер хабарласып, патша үкіметіне қарсы соғысуға бәтуа жасаған.

Жамбыл сол қозғалыста алдымен өлең айтып елге жар салған. Бұл өлең сол кезде айтылған. Бұған қоса «Зілді бұйрық» деген өлең шығарып, ел жаттап әкеткен.

Кейін, Қарғалы бойындағы Қарамолда деген елдің ереуілін қалаға хабарлап, «отряд» шығып, қозғалыс басшылары Бекболат пен Байбосынды ұстап алып, дарға тартқан соң ғана, ел толқыны толастаған. Бірақ, Жамбылдың өлеңі ел аузында сақталып қала берген», – деген.



Бұл аймақтағы көтеріліс тарихы кейінгі жылдары көптеген жаңа деректермен толықты. Патша әкімшілігінің көтерілісті бауға әскер шығаруына тек қана Қарамолда деген елдің қарсылығы ғана емес, Қастек, Шиен, Самсыдағы көтерілісшілердің шұғыл қимылдары – орыс әкімшілігінің елеулі орталықтарының бірі Ұзынағаш бекетіне қауіп төнуі де әсер еткен.

Өлеңде көтерілістің оқиғалық жағынан гөрі ұлт-азаттық идеяны толғау түрінде жырлау басым. Жамбылдың негізгі жинақтарының бәріне кірген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Зілді бұйрық**» – өлең 1946 жылғы жинақта жарияланған. Өлеңге берілген түсінікте: «Бұл Жамбылдың 1916 жылдың ұлы қозғалысы кезінде айтқан өлеңі. 1916 жыл жайында көптен жиналып келе жатқан бай фольклор материалдың арасынан тапқан Есмағамбет Ысмайылов. Өлеңді 1939 жылы Жамбылдың өзіне оқып көргенімізде – менің жырым мұнан мол еді, бұл сол кезде айтқан жырымның оннан бір бөлігі ғана дейді. Өлеңнің бірде-бір сөзі өзгерместен алғаш 1940 жылғы Жамбыл шығармаларының бір томдығында (105-108-бб.) басылған.

Байбосын, Бекболат екеуі де көтерілістің айбынды басшылары, Алматыда дарға асылған. Бекболат туралы халық ақыны Иса Дәукебаев шығарған дастан бар. Қалиқұл, Ботпай, Саттар да сол көтерілісті бастаған ерлер», – деген деректер берілген. Жамбылдың «Зілді бұйрықты» кезінде көлемді жыр деңгейінде айтқандығы туралы деректер бірнеше жерде кездеседі.

Көлемді сюжетті өлеңде толыққанды тарихи жырдың нобайы анық байқалады. Кіріспеде «Верныйдан» жандаралдар бұйрық қылды» деп бастап, содан кейінгі халықтың күйін суреттейді. Әрі қарай «Пристав келіп қалды бала сұрап», «Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап», «Пристав кетті – еріксіз аламын» деп 1916 жыл оқиғасын рет-ретімен суреттейді. Көтерілістің барысы «Суында Қарғалының ауыз ашты», «Бір бәлекет халыққа душарласты», «Келді де алып кетті жақсыны айдап» деп әр шумақ сайын қозғалыстың бір кезеңін беріп отыр. Бекболат Әшекеевтің дарға асылуы «Қалиқұлды бірге жазды дарасына,



Байбосындар қоса кетті арасында» деген жолдармен жалғасады. Мұнда аталған Байбосын Тамабаев, Қалиқұл Сапаевтар туралы деректер Бекболат бастаған Үшқоңыр көтерілісі жайлы архивтегі тергеу материалдарында көп кездеседі. «Зілді бұйрық» өлеңінде айтылатын көтерілісшілердің орыс пикеті Самсыны алуы, Ұзынағашқа (ол кезде Казанско-Богородское селосы) шабуылға дайындалуы, Шиендегі соғыс, сонда Сатай Көбегенұлы батырдың оққа ұшуы тарихи деректермен салыстырғанда дәлме-дәл келеді. Сатайдың аты 1940 жылғы жинақта Саттар болып қате жазылған. Кейінгі жинақтарда да солай берілген. 2014 жылғы басылымда Сатай деп жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Халық кегі*» – Өлең алғаш рет 1940 жылғы жинақта жарық көрген. 1982 жылғы жинаққа 1940 жылғы басылым негіз болған. Көркемдігі жоғары, патриоттық сипаты айқын бір шумақ өлеңде 1916 жыл оқиғасы кезіндегі халықтың көңіл-күйін берген.

«*Жол үстінде*» – өлең алғаш 1946 жылғы жинақта шыққан. Өлеңге берілген түсінікте: «1917 жылы Жылан жұты болған. Көктемде (1917 жылдың басында) ел тым ашығып, көп адамдары шығынданған. Аяғы жеткендер қадақтап, бұттап қаладан астық алып, егін салған. Сол кезде Жамбыл:

Жылан келді жалақтап,

Жұртты кетті тамақтап,

Қалаларға шұбырып,

Бидай жидық қадақтап, – деп айтқан өлеңі бар. Бірақ елдің бәрі бірдей астық салып үлгермеген. Көбі күздігүні кеусендеп, мал сатып астық жинаған.

Жамбыл үйі де астық сала алмаған. Күздігүні ел қыдырып, қырман аралап кеусен жинаған. Сол кезде Ұзынағаш аяғында тары жинап жатқан Ақмырза деген елге кездесіп, «Жол үстінде» деген осы өлеңін Жамбыл сол кезде айтыпты.

1940 жылы Жамбыл «Еңбекші арал» колхозына (Жамбыл ауданы) барғанда Ақмырзаның бір шалы:

– Жамбыл сен баяғыда осылай деп едің-ау! – деп есінде жүрген осы өлеңді айтып береді. Өлеңді жазып алған – Ғали



Орманов. Бұл жинақта бірінші рет басылып отыр», – деген деректер берілген.

Ақмырза 23 атадан тұратын Екей руының бір атасы. Қазір негізінде Алматы облысы Жамбыл ауданында Қарасу, Еңбекшіарал ауылдарында тұрады.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Таппасын сендей салақты» – бұл өлеңді «Қазақ әдебиеті» газетінің 1982 жылғы 2 көкектегі санына жамбылтанушы ғалым Нысанбек Төрекұлов ұсынған. Сол жылы шыққан Жамбылдың екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына берілген. Сол жинақтағы түсінікте: «Бірде Жамбыл Қордай жақтан қайтып келе жатқанда, Самсы селосындағы Қаттаубай қарттың үйіне түседі. Енді аттанып қайтайын деп тұрғанда сол ауылдың бір жігіті келіп:

– Жәке, біздің үйге де ат басын бұра кетіңіз, – деп қиылып өтініш айтады.

Жамбыл жас жігіттің көңілін қимай шақырған үйге барған бетте дастарханның үстінде тұрған бір шөлмек арақты көреді, бұған назаланғандықтан әлгі жігітке арнап осы өлеңді айтқан», – деген мәлімет берілген.

Өлең 1996, 2010 жылғы жинақтарда жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

1921-1935

«Белсенділерге» – 1921 жылы Ұзынағашта ауыл шаруашылығына қатысты жергілікті «Қосшы» одағының жиналысы болады. Ұзынағаштың оңтүстік жағындағы қазір Қайназар ауылы орналасқан жазықта үйлер тігіліп, Алматы облыстық әкімшілік өкілдерінен, Қастек ауданынан (қазіргі Жамбыл ауданы) қонақтар шақырылады. Алматыдан келгендер, жергілікті қызметкерлер, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Мақыш Райымбеков, т.б. ақындар, өнерпаздар оңаша тігілген үлкен үйге кіргізіледі.



Осы жиынға келген жасы 70-ті еңсерген Жамбылды елеп үлкен үйге кіргізе қоймайды. Өзінен жасы кіші ақындардың өлең айттып жатқанын естіген қарт ақын намыстанып осы өлеңді айтқан. Бұл өлеңнің тарихы жайында Е.Ысмайылов зерттеулерінде айтылған. Өлеңді 1936 жылы Ғ.Орманов жазып алған. Жамбылдың негізгі шығармалар жинақтарының бәріне кірген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ақын болдым он үште*» – 1922 жылы Октябрь төңкерісінің бес жылдығына орай өткен жиналыста шығарған өлеңі. Толғау түріндегі көлемді шығарма. Ақын өмір жолын жасына қарай шолып отырып философиялық ойлар айтқан. Жамбыл Жабаев мұражайының архивінен алынып, 1982 жылы шыққан 2 томдық шығармалар жинағының 2-томында берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Батырақ – кедейлерге*» – Алғаш Жамбыл мұражайының қолжазба қорынан алынып, 1982 жылғы жинақта берілген. Сол кездегі аудан орталығы Қарақыстақтағы шаруалардың жиналысында айтқан өлеңі.

«*Қазақстан тойына*» – Өлеңді 1936 жылы Ғ.Орманов жазып алып, 1937 жылы Алматыда шыққан алғашқы жинағында берілген. Кейін ақынның негізгі жинақтарының бәріне кірді. Жамбыл өлеңді 1924 жылы Алматыда Қазақстанның 4 жылдық тойында айтқан. Алғаш айтқан кезде өлеңнің көлемі анағұрлым көп болыпты.

«*Уа, қарағым келіншек...*» – Алғаш жазып алған – Ғ.Орманов. Өлеңді айтқанда Жамбыл Ғ.Ормановқа: «Қара есекті маймаңдатып, Сатышты сыйдаңдатып Қарақыстақ базарына бардым. Тамақ қымбат. Жәрдемге берілген аз ғана астықты пісіріп ішуге көже қатық жоқ. Соған бірдеме табыла ма деп барып едім... Базар шетінде бір келіншек май сатып тұр екен. Байқаймын, қымбат сұрайтын сияқты... Келіншек өңді кісі екен, қасында бір жігіт қылжыңдап, қолын қысып-қысып қойып тұр. Ойланып тұрдым да сонда осы өлеңді айттым. Неге екенін білмеймін, тілеуің бергір келіншек, майын тіпті арзан бере салғаны». (1946 жылғы



жинаққа берілген түсінікте.) Мұндағы Сатыш – Жамбылдың немересі.

Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Жамбыл мұражай қорындағы ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм») деген бумада өлеңнің тақырыбы «Келіншек» деп берілген. Жамбылдың Ғ.Ормановқа айтқан осы сөзі: «1935 жылы Қарақастек базарында бір келіншек май сатып тұр екен. Майы тым қымбат тәрізді. Келіншектің қасында қылжыңдаған бір жігіт бар. Қасына келіп былай дедім» деп өлеңі жазылып, содан кейін «Неге екенін білмеймін, келіншек дереу майын арзандатты» деген сөзі берілген.

Өлең ақынның 1946 жылғы жинағына кіріп, кейінгі негізгі жинақтарына енген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жастар алдындағы сөз» – Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов. 1934 жылы 16-18 маусымда Алматыда халық таланттарының республикалық слеті өтеді. Слетке қатысушылар құрметті қонақ ретінде шақырылған Жамбылдың өлеңін тыңдағысы келіп қолқалайды. Жамбыл сахнаға шығып, көпшілік алдында былай дейді: «Шырақтарым, маған кезек беріп отырсаңдар, сенімдеріңді ақтай алсам жарар еді. Өйткені, дауысты шырқатып ән салатын уақыт өтіп кетті ғой. Қазір жасым сексеннің сегізіне келіп отыр. Тістен де айрылды. Баяғы думанға түсіп жүргендегідей кезім болса, алдыма қандай шарт қойсаңдар да орындай берер едім, болмаса сендерден қолда барды аяйын деп тұрғаным жоқ. Күшім жетсе ойдағының бәрін бергім-ақ келіп отыр. Бірақ, ән салатын дауысым біткенмен, асыл сөзім жүрегімде сақтаулы. Сіздердің тілектеріңізді әнмен емес, енді сөзбен орындап көрейін:

«А, Нұржан, қаламыңды қолыңа алшы,

Даусыңды құйқылжытып әнге салшы.

Емес пе ең топтан озған кәрі тарлан,

Кеудеңде қалған жоқ па бірер тамшы», – деп Наушабайдың Нұржаны айтқандай...» деп осыдан кейін «А, Жамбыл!» деп өлеңін бастап кетеді. Бұл өлең слет кезінде «Лениншіл жас»



газетінің 17 маусымдағы санында басылған. 1940 жылғы бір томдығынан бастап ақын жинақтарында беріліп келеді.

Өлеңдегі: «Едің ғой тілдің кені болған нәсіп» деген жолдардағы «болған» сөзі ӘӨИ 161-бумада «біткен» деп жазылған. Басқа ешбір айырмашылық кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ұсталарға*» – Ауылдас ағайындары Оспан, Ермекбай ұсталарға айтқан өлеңі. Өлең ақынның музейінен алынып, 1982 жылғы екі томдыққа берілген. Оспан мен Ермекбайдың ұрпақтары қазір Жамбыл ауылында тұрады.

«*Оразға*» – Өлең Жамбыл музейінің қолжазба қорынан алынып, ақынның 1982 жылы шыққан екі томдығының 2-томына берілген. Қазақ халқының ірі қоғам қайраткері Ораз Жандосовқа айтқаны. Өлеңде экспромптпен Жандосовтың ата-анасы, аталары, өзі туралы қысқаша баяндап шыққан.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жайлау*» – Жамбылдың 1935 жылы айтқан өлеңі. Ақын ауылында құрылған Ерназар Елтаев атындағы колхоздың жазғы тіршілігі суреттеледі. Жазып алған – Ғ.Орманов. 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің желтоқсан айындағы санында басылған. 1940 жылдан бастап ақынның шығармалар жинақтарында беріліп келеді. Өлеңнің ЖМҚ-дағы тақырыбы: «Біздің колхоз» деп жазылған. Өлеңде кездескен бір ғана өзгешелік: «Таныс өлке арнасы» деген жолдағы «өлке» ӘӨИ 160-бумада «өзен» деп берілген. Біз «өзен» деп түзеттік.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

1936

«*Қайта жасардым*» – 1936 жылы сәуір айында Алматыда Москвада өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне әзірлік ретінде халық таланттарының республикалық екінші слеті болды. Бұл өлең сол слетте 26 сәуір күні айтылған. Жазып алған – Ө.Тәжібаев. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1 мамырдағы



санында «Шал сыры» деген атпен жарыққа шыққан. Өлең 1937 жылғы жинағынан бастап жарияланып келеді. Өлең бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді. Ақынның кеңестік тақырыпқа айтқан алғашқы өлеңдерінің бірі.

«Халықтың сәлемі» – Жамбылдың 1936 жылы мамыр айында өткен Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігіне қатысқан кезде айтқан өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 15 маусым күнгі санында шықты. 1937 жылдан бастап ақын жинақтарына беріліп келеді.

Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізгенде: «Адамзаттың данасы, Ленин менен Сталин» деген екі жол ӘӨИ 161-бума мен 1937 жылғы жинақта кездесті. Бұл екі жол кейінгі басылымдарында қысқартылып, 2014-те «Лениндік ұлы партия» деген бір жолмен берілген. Ал осы бір жол ӘӨИ 161-бумада, 1937 жылғы жинақта жоқ.

Өлеңнің: «Советтік Қазақстаным!» деген жолынан кейінгі:

«Лениннің шәкірті,
Сталиннің серігі,
Молотов, тыңда, тереңім!
Ұлы көсем екеуің:
«Халықтың өссін дәулеті,
Нығайсын колхоз» деп едің.
Алыста жатқан елімді,
Қолтықтан демедің.
Сол басшылық жемісі –
Қозыға толы көгенім,

Тұлпар болды көбенім» және де «Молотов, жаным, қабыл ал» деген ӘӨИ 161-бумада, 1937 жылғы жинақта бар он екі жол қысқартылған. Бұл жолдар осы жинаққа енгізілмеді. Мұндай саяси мазмұндағы және де «Ленин, Сталин» есімдері кездесетін қысқартылған жерлерді түсінікке беру керек деп редакциялық алқа шешім қабылдады. Сондықтан бұдан кейінгі осындай мәтіндер тек түсінікте ғана беріледі (қайталап жатпаймыз – *Ред.*)

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«Елімнен Мәскеу жеткенше» – Мәскеудегі онкүндік кезінде айтқан өлеңі. Қ.Әбдіқадіров жазып алған. Өлеңнің үзіндісі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 8 маусымдағы санында жарияланады. Жинақтарында беріліп келеді.

Өлеңге институттың мұрағатында сақталған ӘӨИ 162-бумадағы нұсқасымен текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Онда өлеңнің тақырыбы «Сталиннің ер досы» деп берілген. Сондай-ақ, «Аңқыған жүйрік жөнелді...» деген жолдан кейін көп нүкте қойылып: «Каганович өмірімен» деген бір жол қысқартылған (ӘӨИ 162-бума), ал одан кейінгі: «Жаяуым құсқа теңелді...» деп тағы да көп нүкте қойылып, «Сталиндік әділ ер» (ӘӨИ 162-бума) деген жол қысқартылған. Және де «Теңіздейін тербелді» деген жолдан кейінгі:

«Осының бәрін қарасам,
Қарағым сенің қайратың,
Сталиннің жан досы
Арыстандай айбатың!
Аударып ерім тастайсың,
Алдырмас болса қайда шың,
Ұйқы көрмей, бел шешпей
Сұңқары боп өлімнің,

Шығарып жүрсің пайдасын» деген жолдар ӘӨИ 162-бумада қысқартылған. Өлеңнің соңғы: «Бас сұқты екен қандай хан?!...» деген жолына көп нүкте қойылып, осы жерден аяқталған. Ал ӘӨИ 162-бумада бұл өлең:

«Ер болсаң бол Лазарьдай,
Хан үшін емес, халық үшін
Тереңнен сарай жасаған!
Арта берсін айбатың,
Каганович хан балам.
Аса берсін қайратың
Бейне құрыш қайнаған.
Өне берсін еңбегің,
Гүлдей болып жайнаған,



Таба бер таңнан олжаны
Сталиншіл күшіңнен,
Оттан да, судан таймаған.
Мен ақының болайын,
Даңқынды жырға қосайын,
Бұлбұлың болып сайраған» деп аяқталған.

Бұл жинаққа ӘӨИ 162-бумадағы жоғарыдағы қысқартылған жолдар енгізілмеді.

Мәтін жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ленин мавзолейіне*» – Жамбыл бұл өлеңді 1936 жылы Москвада қазақ көркем өнерінің онкүндігі кезінде Ленин мавзолейін көргенде айтқан. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 27 мамырдағы санында «Мавзолей» деген атпен басылған. Онда 2-жолдағы «нұр» деген сөз «түр» болып, 9-жолдағы «табысқан» деген сөз «толысқан» болып басылған. Өлең баспасөзде, ақынның 1937, 1938, 1939, 1940 жылғы шығармалар жинақтарында басылды. Кейінгі негізгі жинақтарының бәрінде берілген.

Өлеңнің: «Артық туған шәкіртің» деген жолдан кейінгі «Сталин отыр басыңда» деген жолы қысқарса (1937-де), «Тауап етіп өзіңе, *Шәкіртіңнен – (Сталиннен, ӘӨИ 162-бума, 1937) жөн сұрап*» болып өзгертілген. «Ұлы көшке ілесіп...» деген жолдан кейін көп нүкте қойылып, «Алдымда басшы Сталин», (ӘӨИ 162-бума, 1937) деген жол қысқартылған. Бұндай саяси бағыттағы қысқарған, басқа сөздерге алмастырылған коммунистік идеология көсемдерінің аттары мен оларға қатысты жолдарды түсінікте жоғарыдағыдай үлгіде көрсетіп отырмыз.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Орден алғанда*» – Кеңес Одағы Орталық Атқару Комитетінің 1936 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Мәскеудегі онкүндікке қатысқан Қазақстанның бір топ әдебиет пен өнер қайраткерлері ордендермен наградталды. Жамбыл Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды. Өлең сонда айтылған. Жазып алған – Ә.Тәжібаев. Өлең ақынның негізгі жинақтарында беріліп келеді. Өлеңнің 2014 жылғы жинақтағы: «Бақытты елдің өрісі...» деген жолынан



кейін, көп нүкте қойылған. Ал ӘӨИ 161-бума мен 1937 жылғы жинақта мынадай жолдар кездесті:

«Ол Сталин – күн нұры,
Қымбат күннің жарығы.
Бердім саған жүректі,
Ұлы отанның халқы,
Жолбасшы көсем, ұлым деп,
Еңбекші халық таныды.
Данышпан сенің алдыңнан
Қазақстанға қайтамын.
Сенен алған қуатпен

Халыққа өлең айтамын» деген. Кейінгі жинақтарда қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Калинин ақсақалға*» – Кеңес Одағы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.И.Калинин 1936 жылы 27 мамыр күні Жамбылға Еңбек Қызыл Ту орденін тапсырды. Ақынның сонда суырыпсалып айтқан өлеңі. Жазып алған – Ә.Тәжібаев. Негізгі жинақтарының бәрінде жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Клим батыр*» – Мәскеудегі онкүндік кезінде Кеңес Одағының ірі әскери, саяси қайраткері К.Е.Ворошиловқа арнап айтқан өлеңі. Жамбылдың саяси идеологиялық тапсырмамен, әдеби хатшыларының айтуымен шығарған алғашқы өлеңдерінің бірі. Онкүндік кезінде К.Е.Ворошилов Қазақстандық әдебиет, өнер қайраткерлерімен кездескен. Бұған дейін Жамбыл оны білмеген.

Өлеңдегі «Ленин ерден оқыған...» деген жолынан кейінгі: «Сталиннен үйренген» дейтін ӘӨИ 162-бума мен 1937 жылғы жинақта бар бір ғана жолы қысқартылған. Басқа айырмашылықтар кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Дастархан жыры*» – Мәскеудегі декада кезінде «Москва» қонақ үйінде шығарған өлеңі. ӘӨИ 161-бумада өлеңнің «Төрт мұнара тамаша» деген жолынан кейін:



«Көзің тоймас қараса,
Бақыттың арыс ғарышы,
Әлемге кербез керілген.
Сол жұлдыздар астында
Сталин көсем тұрады.
Ен тіршілік иесі,
Жарық дүние шырағы,
Мәскеу мен қазақ ауылын –
Жуыстырған дәнекер

Мәңгі бақи тұрағы» дейтін жолдары кездесті. Өлеңнің соңына: «Жазып алған Әбдіқадіров. 1/V 53.» деп көк сиямен қол қойған. 2014 жылғы жинақта бұл жолдар жоқ. Өлеңнің: «Бас әлемнің ұлдарын, (баласын, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм») // Ұлы Октябрь ұраны» (пырағы, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»)) деген соңғы жолдарында аталған өзгерістер кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ғасем Лахутига*» – Тәжік ақыны Әбілқасым Лахутидың Жамбылды орден алуымен құттықтап шығарған «Жамбылға» деген өлеңіне жауап ретінде айтқан өлеңі. Өлеңнің 2014 жылғы жинақтағы: «Қолыңа ал, домбыраны Ғасем ақын!..» деген жолынан кейін көп нүкте қойылған. ӘӨИ 161-бума мен 1937 жылғы жинақта көп нүктеден кейін: «Ән шырқап Сталинды жыр қылайық, Алыбы асқан дана адамзаттың» деген жолдары кездесті. Бұл кейінгі басылымдарында қысқартылған. Біз де оны түсінікте көрсете отырып, бұл жинаққа 2014 жылғы кітаптағы мәтін берілді.

«*Әлемді келдім аралап*» – 1936 жылы 6 маусым күні Жамбыл Мәскеудегі онкүндіктен оралғанда ауылдастары жиналып зор құрметпен қарсы алды. Сонда айтқан толғау жыры «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 24 қарашадағы санында «Қазақ өлеңі» деген атпен үзіндісі басылды. 1937 жылғы жинағында «Толғау» деген тақырыппен берілді. Кейінгі негізгі жинақтарының бәрінде басылды.

Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізілгенде ӘӨИ 161-бумада, 1937 жылғы жинағында толғаудың тақырыбы: «Халықтың жарық сәулесі, адамның досы Сталин» деп берілген.



Кейінгі басылымдарында Сталин есімі кездесетін жолдар мен кейбір шумақтар көп нүкте қойылып түгелдей қысқартылған. ӘӨИ 161-бумада, 1937 жылғы жинағында бар төмендегі:

«Бақытты тұрмыс орнатып,
Көрсеткен өмір ұшпағын.
Теңдікті беріп қолыма,
Лениншіл ұлы Сталин.

* * *

Осы жолды салғанда,
Алғашқы күрек ұстаған.
Ардақты досым Лазарьға,
Рахмет алғыс арнадым.

* * *

Тастатып тұрмыс ауырын,

* * *

Тізелесіп өзіммен,
Жібітіп балдай сөзімен.
Көппен бірге отырды,
Халықтың ұлы көсемі.
Қасында бәрі қоршалап,
Ағасына еркелеп.
Елімнің білгіш шешені,
Ақ дидарын көргенде,
Жетпіс жылдай қорланған
Жазылды жүрек кеселі.
Жайдары жүзін суреттеп,
Тегіс теріп жөнелсем,
Табылмас сөздің себебі.

* * *

Кеңіген елдің өрісі,
Қазақтың байтақ ән-жырын.



Оларға тиеп келісі,
Аз ғана жылда көп өсіп,
Астанаға арнаған,
Көрсетіп ойын берісі.
Осының бәрі өзіңнің,
Халқың үшін сіңірген,
Еңбегіңнің жемісі» және де «Өлеңді де, сені де» деген жолынан кейін:

«Бақытты тұрмыс орнатып,
Көрсеткен өмір ұшпағын.
Теңдікті беріп қолыма,
Лениншіл ұлы Сталин» деген ӘӨИ 161-бума мен 1937 жылғы жинақта бар қайырмасы қысқартылған.

Толғау: «Сенсің менің штабым...» деп аяқталады, одан кейінгі: «Өркенің өссін көп жаса,
Халықтың жарық сәулесі,
Адамның досы – Сталин!» дейтін ӘӨИ 161-бумада, 1937-де бар өлеңнің үш жолы да қысқартылған. «*Мәпелен бізді (өзің бағып, 1937) тұрғасын*» // «*Барып қайтты Мәскеуге*» (алдыңа, 1937) сияқты өлеңге аздаған өзгертулер жасалған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Мәскеу туралы жыр*» – Жамбылдың 1936 жылғы жазда Мәскеуде өткен онкүндіктің әсерімен шығарған өлеңі. Алғаш «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 5-санында, кейінгі жинақтарында жарияланған. Өлеңге текстологиялық салыстыру жүргізу кезінде ӘӨИ 161-бумада бар, ал жинақтарда қысқарған мынадай жолдар кездесті.

«Мінгізген жүйрік керемет,
Күн Сталин, көп рахмет.
Көрсеткен маған сый құрмет,
Күн Сталин, көп рахмет.
Бірге туған Ленинмен,
Ұлы Сталин, күнім сен.
Кремльге кірдім мен,



Кілең достар айналам.
Көзім түсті отырды,
Барлық жаннан ұлы адам.
Аты туы әлемнің,
Асқан бойы жаһаннан.
Марқабатты сүйкімді,
Қақты әкемдей арқамнан.
Мінгізген жүйрік керемет,
Күн Сталин, көп рахмет.
Көсемнің досы Лазарьдың,
Күреспен ашқан көзімді,
Жырлаймын көсем өзінді.
Сталиншіл қырандар.
Бақытын күшпен қорғаған,
Сталин рахмет, көп саған.
Құшағында Сталин».

Өлең «Жетілдік жауға жалынбай» деп аяқталған, ал ӘӨИ 161-бумада мынадай жолдар бар, бұлар да қысқартылған.

«Жерде бақыт жасаған,
Рахмет көсем, көп саған.
Жолдасым, замандасым сен,
Құрдасым сен жігіттей.
Отанмен бірге жырламай,
Отырам қалай жыр төкпей.
Сталин – біздің жүректе,
Сталин – біздің өлеңде.
Сталин – ту бар елде,
Сталин – күн әлемге.
Жаса, жаса, Сталин!» болып аяқталады.

Ал ӘӨИ 161-бумадағы кездескен жоғарыдағы қысқарған жолдарды түсінікте бердік. Жинаққа енгізілген жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Горькийге*» – Жамбылдың 18 маусымда Алексей Максимович Горькийдің қайтыс болған хабарын естігенде шығарған



өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш 1955 жылғы жинағында жарияланды. Содан кейінгі барлық негізгі жинақтарында берілді. ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм») деп аталатын бумада өлеңнің тақырыбы «Үлкен адам өлді» деген атапен берілген. Саяси бағыттағы жөндеулер мен қысқарған жолдар кездесті. Олар: «*Еңбекші ел (Ұлы Сталин, ӘӨИ 162-бума, ЖМҚ.) сөзін оқып мақтаған*», «*Ленин сынды ұлы көсем (Сталиндей, ЖМҚ.) кемеңгер*» болып өзгертілсе, соңғы шумақтың алдындағы мына төрт жол қысқартылған:

«Арманы жоқ Горькийдің жанында,

Өлгеннен соң зор тілегі таңында.

Таудан аққан таза бұлақ сипатты,

Мәңгі орнаған социализм бағында» деген. Бұл ӘӨИ 162-бума мен ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітаптағы мәтін жоғарыдағы бір шумақпен толықтырылып берілді.

«*Кекті ашу*» – 1936 жылғы тамыз айында троцкийшілдердің бір тобына сот болып жатқан кезде Жамбылдың әдеби хатшыларының айтуымен шығарған өлеңі. Жазып алған – Ә.Тәжібаев. Негізгі жинақтарында жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ұлы заң*» – 1936 жылы СССР Конституциясының жобасын бүкілхалықтық талқылау кезінде «Ерназар» колхозында (кейін Жамбыл атындағы колхоз) осы саяси науқанға арналған митинг болады. Сол митингте ақын осы өлеңін айтады. Бұрынғы жинақтарында «Сталиндік ұлы заң» деген тақырыппен жарияланған. Идеологиялық тапсырыс бойынша айтылған өлеңдердің бірі. Жеке сувенир-кітапша болып та шыққан. ӘӨИ 162-бума мен 1937 жылғы жинағында өлеңнің тақырыбы: «Сталиндік ұлы заң» деп берілген. Кейінгі басылымдарында: «Сталин» есіміне байланысты жолдар қысқарған және өзгертілген. «*Советтік біздің (Сталиндік, ӘӨИ 162-бума, 1937) ұлы заң*» // «Өлеңменен айтып бер» (Сүйінсін жырға достарың, ӘӨИ 162-бума) деп берілсе, «Өлеңменен ұрандап» деген жол 162-бумада жоқ, ал «*Еңбекпенен (Өлеңменен ӘӨИ 162-бума)*



олжаға» деп түзетілген. Өлең «Даланың ауыл, қыстағын!» деп аяқталған. ӘӨИ 162-бума мен 1937 жылғы жинақта бар:

«Миллиондаған халықтың

Қамын жеп еңбек сіңірген,

Сүйікті көсем данышпан,

Ұлы адам – Сталин!» деген жолдары қысқартылған. Бұл соңғы жол осы жинаққа енгізілген жоқ.

Жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Күләшқа*» – СССР халық артисі Күләш Байсейітоваға арнап айтқан өлеңі. Ақынды идеологиялық қысымның құрсауына алып, ақындық табиғатына жат шығармаларды айтқызып жатқан кездегі жалт етіп шыққан ең шынайы, көркем өлеңі. Жамбылдың 1971 жылғы жинағынан алынып, 1982, 2014 жылғы жинаққа берілген мәтін осы томға сол күйінде алынды.

«*Кененге*» – Халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаевқа арнап айтқаны. 2014 жылғы жинақтан алынды.

«*Тоқтағұл*» – Әйгілі қырғыз ақыны Тоқтағұл Сатылғановқа арнаған өлеңі. Жамбыл өзінің өміріндегі бірнеше ауыр кезеңдерін қырғыздар ішінде өткізген. 1932 жылы да қырғызда болды.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша берілді.

«*Қырғыз ұлы, құлақ сал*» – 1936 жылы күзде көрші қырғыз ауылдарына қонаққа барғанда шығарған. Жамбылдың 1971 жылғы жинағынан алынып, 1982 жылғы жинақта берілген. Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша алынды.

«*Кремльді тыңдадым*» – 1936 жылы желтоқсанда Мәскеуде Советтердің бүкілодақтық төтенше VIII съезі болып жатқан кезде шығарған өлеңі. Бұл өлеңде идеологиялық аппараттың жұмысы байқалады. ӘӨИ 162-бумада өлеңге «Сталинді тыңдадым» деген тақырып қойылған. Және де ӘӨИ 162-бумадағы соңғы мына төрт жол қысқартылған:

«Сен мәңгі данышпандар данышпаны!

Қолыңмен жазылды нұр халық заңы.

Бауырым, ер Сталин, рахмет!

Қуандым Отаныммен бірге тағы».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



1937

«*Балаларға*» – Жамбылдың 1937 жылы сол кездегі Қастек ауданындағы (кейін Жамбыл ауданы болды) балалар үйіне барғандағы айтқан өлеңі. Ақынның негізгі жинақтарының бәріне кірген. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең 2014 жылғы жинақта: «Бәрі де сендердікі әлемге айғақ...» деген жолмен бітеді. Үш шумақ өлең. Көп нүктеден кейінгі 5 шумақ қысқартылған. 1940 жылғы жинақта өлең 8 шумақтан тұрған. 1946, 1955, 1957, 1982 жылғы жинақтар үш шумақ. Ешбір айырмашылығы жоқ. Төмендегі қысқарған бес шумақ:

«Сталин – асқан дана бабаларың,
Болмайды одан жарқын аналарың.
Жайнатқан нұрын төгіп жүрегінің,
Барлық ұлт, барлық тұқым балаларың.

Дүниеде барлық жаннан мейірімді ол,
Адамға бақытты өмір көрсеткен жол.
Ойыншық, мынау кітап, қағаздарды,
Сендерге әдейі арнап жіберген сол.

Сталин – биік шынар, бір бәйтерек,
Тамаша бойы әлемнен асқан ерек.
Гауһардай нұрын құйған сабағымен,
Сендерді саясына алған бөлеп.

Күледі сендер күлсең ол да бірге,
Оқы дейд, білім алып, босқа жүрме.
Оқысаң өмір кілті өз қолыңда,
Жайнайды өмір ұқсап бейне гүлге.

Ардақтап есіңе ұста әр пионер!
Сталин – ардақты атаң, шын кемеңгер.



Данасы адамзаттың ақылгөйі,
Атасы бар ұланның Сталин ер!» Осы бес шумақ ӘӨИ 162-бу-
мада, 1940 жылғы жинақта бар. Бұл әсіре саяси мазмұны бар
жолдарды жинаққа енгізбедік. Өлең балаларға арналған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Асқан бұлбұл**» – Өлеңді Жамбылдың айтуынан жазып ал-
ған – Қалмақан Әбдіқадіров. А.С.Пушкиннің қайтыс болуының
100 жылдығына орай Алматыда өтетін салтанатты жиналысқа
дайындық кезінде айтылған. Негізгі жинақтарында жарияланып
келеді. Өлеңнің ӘӨИ 162-бумада, 1937 жылғы жинақтағы тақы-
рыбының астына (Пушкинге) деп жазылған. Басқа айырмашы-
лық кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Пушкинге**» – Жамбылдың 1937 жылы А.С.Пушкиннің қай-
тыс болуына 100 жыл толуына орай Алматы қаласында өткен
салтанатты жиналыста айтқан өлеңі. Өлең мазмұнынан орыс-
тың ұлы ақыны жайлы әдеби хатшыларының мәлімет берге-
ні байқалады. Өлең 1938 жылдан бастап ақынның шығарма-
лар жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің «Әлемге шық-
қан аты бар» деген жолының «шыққан» сөзі латын әрпіндегі
ОҒК 651-бумада «кеткен» деп берілген. Біз бұл жинаққа ОҒК
651-бумадағы: «Әлемге кеткен аты бар» деген нұсқасын алдық.
Ал өлеңнің «Советтің алтын заманы» деген соңғы жолы ӘӨИ
162-бума мен ОҒК 651-бумада «Сталиннің алтын заманы» бо-
лып жазылған. Өлеңнің мәтіні 1940, 1946, 1955 жылғы жинақ-
тарда бірдей. Ал 1957 жылғы жинақта:

«Асылдың беті ашылып,

Әлемге нұры шашылып.

Шалқардай көңілі шалқыған

Советтің алтын заманы» деген соңғы төрт жол қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітаптағы мәтінге жоғарыда айтыл-
ған бір жолы енгізіліп, беріліп отыр.

«**Қызыл әскерге**» – Өлең 1937 жылы халықаралық соғысқа
қарсы күн 1 тамызда айтылған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров.



Өлең 1938 жылдан бері Жамбылдың жинақтарына беріліп келеді. Өлеңге текстологиялық салыстыру жүргізгенімізде «Темір қол» – «құрыш күш» (ӘӨИ 162-бумада) // «Көтеріп қасиетті туды қолға» – «Басшымыз партияның туы астында» (ӘӨИ 162-бумада) // «Шығамыз шеру тартып, елді сақтап» – «Жауынды жоқ қыламыз жер ғып таптап» (ӘӨИ 162-бумада) болып өзгертілгені кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*X съезге*» – Жамбылдың 1937 жылы 21 наурызда Алматыда өткен Советтердің бүкіл Қазақстандық төтенше оныншы съезі қарсаңында шығарылған өлеңі. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің 20 наурыздағы санында шықты. Ақынның жинақтарына кірген. Өлеңнің «Бөленген алтын заңның шұғыласына» деген жолы ӘӨИ 162-бума, 1937, 1946, 1955 жылғы жинақтарында «Алуға Сталиннің алтын заңын» деп берілген. «Нұрымен ұлы Ленин жаңа заңы» ӘӨИ 162-бумада, 1937-де: «*Сталин*» болып, ал «Бұдан да Алтын заңның нұры жарық» деген жол ӘӨИ 162-бумада тағы да «*Сталиннің*» деп жазылған. Негізінен 1957 жылғы жинақтан бастап «Сталин» есімі өзгертілгені байқалады.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*X съезді құттықтау*» – Кеңестердің бүкіл Қазақстандық төтенше X съезінде айтылған өлеңді Қ.Әбдіқадіров жазып алған. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 22 наурыздағы санында, ақынның негізгі жинақтарында жарық көрді. Өлеңнің ӘӨИ 161-бумада, 1937 жылғы жинақта тақырыбы «Съезге» деп берілген. 2014 жылғы жинақтағы: «Шырақ еткен заманым» деген жолынан кейін нүктелер қойылып, 1955 жылғы жинақта кездесетін: «Осының бәрі ұлы еңбек, Адамзаттың алыбы – Ұлы Сталин дананың» деген үш жолы қысқартылған. Сол сияқты «Тарқады мүлдем құштарым» деген өлеңнің соңғы жолынан соң нүктелер қойылып, тағы да 1955-те бар: «Қалың қазақ баласын, Туысына теңгерген, Жасасын, ұлы Сталин!» деген үш жолы қысқартылған.



Бұл жинаққа 2014 жылғы кітаптағы мәтін өзгеріссіз ұсынылды. **«Одақтас республика»** – Өлең кеңестердің бүкіл Қазақстандық төтенше X съезінде Қазақстанның Одақтас республика болып жариялануына орай айтылған. Кезінде хатқа түсірген – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 29 наурыздағы санында «Одақтас» деген атпен басылды. ӘӨИ 162-бумада, 1937, 1946, 1957 жылғы жинақтарда да өлеңнің тақырыбы «Одақтас» деп берілген. Жамбылдың негізгі жинақтарына кірген. Өлеңнің «Күншығыстан жай салып» деген жолынан кейін ӘӨИ 162-бумада «Жеті жылда бау салып» деген жолы кездесті, ал одан кейін «Сегіз қанат үй берді, Бір жүз алпыс бау салып» деген екі жол 1937 жылғы жинақта бар (латын әрпінде). Бұл жинаққа аталған үш жол енгізілді. Өлең 2014 жылғы жинақта: «Шаттыққа дәйім бөлеген...» деп көп нүкте қойылып аяқталады. Текстологиялық салыстырулар барысында 1946, 1955-те:

«Ол көшбасшы Сталин!

Сүйед те ауыл, қыстағын,

Дария ақылды, дауылпаз,

Өмірді терең көреген» деген төрт жолы қысқартылған. Осы төрт жол ӘӨИ 162-бумадан да кездесті. Ал 1957-де: «Біз шаттық деп сайраймыз» деген жолдан кейінгі 11 жол түгел қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Егіс туралы жыр» – Жамбылдың 1937 жылы көктемгі егіс кезінде колхоз жерлерін аралағанда шығарған өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. 1937, 1946, 1955 жылғы жинақтарында жарияланған. Кейінгі жинақтарына да кірген. ӘӨИ 162-бумада өлең тақырыбы: «Егіс туралы жыр» ал, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»), 1937-де: «Егіс жыры» деп берілген.

2014 жылғы жинақта кездеспейтін:

«Қар кете бастағанда күннен күнге,

Декрет пошта әкелді Кремльде.

Егіске тырна қатар біз аттандық,

Трактор қара тұлпар ерім мінген» деген өлеңнің бастапқы төрт жолы ЖМҚ-дан («Оригиналы стихов и поэм») кездесті.



Ал өлеңнің соңғы екі жолы «Халқымның уәдесі ісіне сай» ӘӨИ 162-бумада, ЖМҚ, 1937, 1946-да: «Сөзі мен Сталиннің ісіне сай» деп берілсе, «*Партия (көсемнің, ӘӨИ 162-бумада)* айтқан сөзін орындамақ» болып аяқталса, ЖМҚ, 1937 жылғы жинақта өлең: «Не десе – дәл сонысы болып тұрмақ» деп бітеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жырға қосам ерлерді*» – Жамбылдың 1937 жылдың көктемінде Е.Ерназаров атындағы колхоздың озат еңбекшілеріне арнаған өлеңі. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейі архивінен алынып, 1982 жылдан бастап ақын жинақтарына кірген.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақтағы мәтін өзгеріссіз ұсынылып отыр.

«*Сұр жылан*» – 1937 жылдың сәуір айында троицкийшіл-бухариншілерге қарсы сот процесіне байланысты туған өлең. Жамбылға әдеби хатшылары айтқызған өлеңдердің бірі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Ақын жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Май*» – Жамбылдың 1937 жылы 1 мамыр мерекесінің құрметіне шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Негізгі жинақтарында жарияланған. Өлеңнің соңғы «Қазақтың байтақ даласы, Жамбылдай қарт бабасы» деп бітетін екі жолдың арасындағы «Қатыны, ері, баласы» деген ӘӨИ 161-бума мен 1937 жылғы жинақта бар бір жолы қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жаз жыры*» – 1937 жылы мамыр айында шығарған. Жазып алған – Ғ.Орманов. 1940 жылғы жинақта жарияланған. Аздаған идеологиялық сипаты болмаса, көркемдігі жоғары шығарма. Кейінгі жинақтарына енген. Салыстырулар жүргізілді. Ешбір айырмашылық кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сүлейман Стальскийге*» – 1937 жылғы 17 мамырда Дағыстанның әйгілі ақыны Сүлейман Стальскийдің 68 жасқа толуына арналған құттықтау өлеңі. Әдеби хатшыларының



айтуымен шығарылған. Өлең мазмұнына қарағанда Жамбыл С.Стальскийдің өлеңдерімен танысқан. Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов. Негізгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің: «Ескі дүние жарасын жазды бәрі» – «Ескі дүние жаңарып жазды бойын» (ӘӨИ 162-бумада) // «Ленин ғой ұлы көсем ол данышпан» – «Ленин мен Сталин ғой ол данышпан» (ӘӨИ 162-бума, 1937) // «Елінде Октябрьдің біз жырлаймыз» – «Елінде Сталиннің біз жырлаймыз» (ӘӨИ 162-бума, 1937) // «Ленин (Сталин, ӘӨИ 162-бума, 1937) деп жырласақ дауыс қосып» // «Жазында Отанымның (Сталиннің, 1937) жаңа жасап» болып өзгертілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жаз» – 1937 жылғы маусым айында шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1937, 1940 жылғы жинақтарында жарияланған. Көркемдік деңгейі жоғары шығарма. Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізілді. 2014 жылғы жинақтағы мәтінде: «Жарқылдап жабырқаусыз жайнады жан» деген жол 1937, 1940-та: «Жарқылдап жабырқаусыз жайдары жан», сол сияқты «Бәрінде той, думанның аяқтаған» – 1937 жылғы жинақта: «Бәрінде той, думанның адақтаған»; «Құлшындық қыран құстай тояттаған» – 1937, 1940-та: «Құлшындым қыран құстай тояттаған» деп берілген. Кейінгі жинақтардағы стильдік өңдеулерді дұрыс деп санап, бұл кітапқа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Алатау» – 1937 жылы маусым айында айтқан өлеңі. Өмірі Алатаудың жайлауы мен баурайында өткен ақынның көркемдік деңгейі жоғары өлеңі. Аздаған замана тынысы бар. Өлеңді Жамбылдың айтқанынан жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Ақынның негізгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізілді. 2014 жылғы жинақтағы мәтінде: «Алатау Жетісумен құшақтасқан» деген жол 1937-де: «Алма-ата Жетісудың бәрін басқан» болып, «Еліне мекен етіп еңбек қылған» – 1937, 1940-та: «Еліне қазыналы қойнын ашқан»; «Ағайын орыс, қазақ араласқан» – 1937, 1940-та: «Бір бауыр орыс, қазақ



араласқан»; «Ар жағы – қаптаған ел Қытай жері» 1937, 1940-та: «Ар жағы – еңіреген ел Қытай жері»; «Басында бақыт жырлап Жамбыл отыр» – 1937, 1940-та: «Басында бақыт жырлап Жамбыл жатыр» болып берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Қымыз**» – Жамбылдың осы кезеңдегі сапалы шығармаларының бірі. Идеологиялық сипаты бар біреп жол ғана. 1937 жылы жазда айтылған. Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов. Ақынның негізгі жинақтарында берілген. Өлеңнің: «Сар тұздық қозы етімен шайнар қымыз...» деген жолынан кейінгі:

«Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз,

Еңбекші ел аттанғанда кегі қымыз.

Байдың қуып алуға малын тартып,

Беретін ет пенен сүт сені қымыз» деген төрт жолы ӘӨИ 161-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм»), 1937-де кездесті. Кейінгі жинақтарында қысқартылған. Ал 1955 жылғы жинақта бұл өлеңді екі бөлікке бөлген. Бірінші бөліктегі «Сапырған жайлау жайлап байлар қымыз» деп басталатын өлең шумағы мен «Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз» деп басталатын екі шумақ қысқартылған.

2014 жылғы томдықтағы мәтін ӘӨИ 161-бума, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм»), 1937 жылғы кітапта кездескен жоғарыдағы бір шумақпен толықтырылып, осы жинаққа беріліп отыр.

«**Испандық туысқандарға**» – Жамбылдың Испан халқының франкошыл бүлікшілер және Италия мен гитлершіл Германия фашистеріне қарсы күресінің бір жылдығына байланысты 1937 жылдың 18 шілде күні шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Негізгі жинақтарында жарияланып жүр. Әдеби хатшыларының деректері бойынша айтылған өлең.

Бұл кітапқа 2014 жылғы жинақ бойынша берілді.

«**Қытай халқына**» – Жамбыл бұл өлеңді әдеби хатшыларының мәліметтері негізінде айтқан. 1937 жылы 7 шілде күні жапондар бейбіт жатқан Қытайға шабуыл жасағанда, өз



тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғаған көрші халықтың ерлігіне арнаған өлеңі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 17 қазандағы санында «Қытайға» деген тақырыппен жарық көрді. ӘӨИ 161-бумада, 1940, 1946 жылғы жинақтарда тақырып «Қытайға» деп жазылған. Жазып алған – Ғ.Орманов. Ақынның негізгі жинақтарында жарияланып жүр. Салыстыру жұмысын жүргізгенде өлеңнен мынадай өзгешеліктер кездесті. 2014 жылғы жинақтағы өлеңнің:

«Қарайған қаны капитал,
Шығармаққа бір жанжал,
Қай манда осал ел бар деп.
Ала қояр жер бар деп,
Олжалауға, талауға
Фашистер беті бұрылды.

* * *

Қатын, бала қырылды.
Обалсынар оларда.
Адамдық, сірә, ар бар ма?
Дүние түгел түңілді.

* * *

Шанхай мен Нанкин жетсе де,
Қатайды Қытай жұмылды.
Соққыға қарсы соққы ашып,
Жыртқыштардың тұмсығы
Қан жалата ұрылды.
Тегеуріні темір халық қолы
Ұйымдасып шыққанда» деген жолдары ӘӨИ 161-бумада жоқ. Міне, осы соңғы жеті жол ӘӨИ 161-бумада мынадай:

«Жапонның сұм жыланын,
Жырытқыштардың тұмсығы,
Қан жалата ұрылды.
Тегеурін темір көп халық,



Ұйымдасып ат қойғанда» болып кездесті. Өлеңдегі: «Жаудың беті сырылды» деген жолынан кейін:

«Чжу-де деген бір батыр,
Халық әскерін бастаған,
Ер екен тым айбынды.

Он мыңдаған жапонның,
Қолдарын қойдай қуғанда,

Қандырды мүлде қыбымды» деген 2014-те кездеспейтін 6 жолы ӘӨИ 161-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») бар. Ал өлеңнің соңғы жолы «Ардақты әрбір ұлынды» – «Жау қуған әрбір ұлынды» (ӘӨИ 161-бумада) деп жазылған.

2014 жылғы томдықтағы мәтін ӘӨИ 161-бума, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») кездескен өзгешеліктер мен жолдарды түсінікте беріп отырмыз.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Амангелді» – 1937 жылы қыркүйек айында «Ленфильм» киностудиясы қазақ артистерінің қатысуымен Қастек (қазіргі Жамбыл) ауданының жерінде «Аманкелді» атты көркем суретті фильмнің эпизодтарын түсірген. Оған қазақ әртістері қатысқан. Сонда Жамбыл актерлермен жүздесіп, өлеңін арнаған. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 8 қыркүйектегі санында, жинақтарында жарияланған. Осы кино лентада бір жерде Жамбыл да көрініп қалады. Өлең ӘӨИ 161-бумада, ЖМҚ-да, 1937 жылғы жинақта «Амангелді /тойына/» деген тақырыппен берілген. 1937 жылғы жинақта өлеңге: «Амангелді киносы қазір Қастек ауданында түсіріліп жатыр. Жамбыл бұл өлеңді соған арнап жазған» деген сілтеме берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Ұрпақтарым алдында» – Өлең ССРО Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауына әзірлік науқанына арналған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 15 қазандағы санында, одан кейін жинақтарында «Сталин ұрпақтары» деген атпен басылды. Жазып алған – Т.Жароков. Әдеби хатшыларының мәліметтері бойынша айтқан. ЖМҚ-да, 1946, 1955 жылғы жинақтарда кездесетін



«Сталин ұрпақтары» деп *Сталин* атымен берілген жерлер түгелдей «*Отанымның*» деген сөзге өзгертілген. 1957 жылғы жинақта қысқартулар болған. 1982 жылғы жинақтан бастап «Ұрпақтарым алдында» деп аталған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ұлы көш*» – Жамбыл бұл өлеңді Қазан төңкерісінің XX жылдық мерекесіне арнап шығарған. 1937 жылы 5 қараша күні ауылдағы салтанатты жиында айтқан. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы қараша айындағы санында жарияланған. Әдеби хатшыларының айтқан деректері негізінде шығарылған. Өлеңнің «*Қазақстан – Гүлстан*» деген жолы ӘӨИ 162-бумада «*Советстан – Гүлстан*» деп берілген. Өлеңнің «*Бақыттың шамы жанады...*» деген жолынан кейінгі 1940, 1946, 1955 жылғы жинақтардағы:

«Сталин көштің басында,
Жан жолдасы қасында.
Көш асатын жерлердің
Бұлжытпай жолын табады.
Каганович жасасын!
Ұлы көшке жол аштың,
Белес-белес өрімнің,
Сыры жұмбақ жерімнің,
Қоймаларын ол аштың;
Қорғасын, болат, көк темір,
Мұнай, мырыш, көп көмір –
Түбіне жете сен аштың;
Қызығын көпке кіргіздің,
Жемісін елге жегіздің,
Асқар тау, кең даланың,
Құмның, шөлдің, жон астың.
Молотов жолдас, көп рақмет!
Бақытқа елді бастадың,
Сталиндік декретпен
Түнекті түріп тастадың,



Көштегі көп елдердің
Бір атадан туғандай
Қостың мәңгі бастарын» деген жолға дейінгі аралығы және
«Микоян жолдас, ардақты
Ерімізсің сен біздің.
Ет пен қымыз, күрішті,
Нелер тәтті жемісті,
Еліңе еркін тергіздің;
Молайтып байлық, несібе
Қуат беріп көшіңе

Мол береке бергіздің!» деген жерлері түгел қысқартылған. Сондай-ақ, «Компартия еріме» деген жолы ӘӨИ 162-бумада «Сталиндей еріме» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Октябрьдің XX жылдығына**» – ақын бұл өлеңді мерекеге арнап 6 қараша күні айтқан. ӘӨИ 162-бумада, 1938, 1946 жылғы жинақтарында тақырып «XX жылдық тойда» деп берілген. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. 1946 жылғы жинақта кездесетін:

«Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан,
Тұншықтым неше жылдар, кетті мазам.
Бұзған күн тасқын басын октябрьде,
Жүз де емес, XX жылда-ақ құлаш жазам.

Ғасыр бойы бейнет пен азап шеккен,
Зар жылап жұртпен бірге жасын төккен.
Ақынмен бабаң құрдас бақытты елім,
Токсанда арманына қолы жеткен.

Арманның белбеуінен ұстаған күн,
Октябрь XX жасқа толды бүгін.
Күшті қол серпіп тастап көзін ашқан,
Миллион жыл жұрт еңсесін басқан жүгін» деген үш шумақ қысқарған. 2014 жылғы жинақта кездеспейді. Өлең осы қысқарған шумақтармен толықтырылды. Ал 1955, 1957 жылғы жинақтарда осы үш шумақ кездеспейді.



«*Өлгенің жоқ, сен тірі*» – 1937 жылы 23 қарашада Дағыстанның әйгілі ақыны Сүлейман Стальскийдің қайтыс болуына байланысты айтқан өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 27 қарашадағы санында шықты. Жинақтарында жарияланған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Домбырадан ағыл *жыр*» деген жол ӘӨИ 162-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «Домбырадан ағыл *сыр*» деп жазылған. Өлеңнің: «Үдете түсті үмітті...» деген жолынан кейінгі:

«Тасқынға тетік Сталин,

Әлемге аты сүйікті» деген екі жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1940, 1946 жылғы жинақтарында бар, 2014 жылғы жинақта кездеспейді. Ал ӘӨИ 162-бумада, 1955 жылғы жинақта: «*Тасқынға* тетік Сталин» деген жолы «*Үмітке* тетік Сталин» деп берілген. 1957 жылғы жината мүлде алынып тасталған. Бұл өлең «Стальский» деген атпен ОҒК 651-бумадағы 4-дәптерден кездесті. Салыстыру барысында тақырыбы өзгеше болғанымен, жоғарыдағы «*Өлгенің жоқ, сен тірі*» деген өлеңнің бір нұсқасы екені анықталды. Мұнда «*Өлгенің жоқ, сен тірі*» өлеңінде кездеспейтін мынадай жолдар бар:

«Қосылмаған домбыра,
Сексен жылдан серігім.
Жамбылдың қолға түспесін
Келе ме менен жерігің.

* * *

Еділ, Жайық екі арна
Сол бетінен құйылып,
Кавказ аққан көп арна
Оң бетінен құйылып,
Каспидей шалқар көл болды.
Арнадан сулар құйылып,
Оқпаны үлкен ойпаттың,
Тозған жоқ тасқын білініп.
Құрсағы кең сол ойпат,



Тоймастай суды сіміріп,
Қозғасын соны жел ғана,
Желпінтіп бетін жиырып,
Асықтай атқан үйіріп».

Және осы өлеңнің соңында: «Жолай бұлағы, Ернар колхозы. 26/XI 1937» деген анықтама берілген. Осыған қарағанда өлең қайта өңделіп, толықтырылған, бірақ жарияланбаған, себебі көрсетілген мерзімнен үш күн бұрын «Өлгенің жоқ сен тірі» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Конституция күніне*» – Жамбылдың ССРО Конституциясы қабылдануының бір жылдығына арнаған өлеңі. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 5 желтоқсанындағы санында жарық көрген. Одан кейін 1938, 1946 жылғы жинақтарында «Бір жыл» деген атпен басылды, сонымен қатар кейінгі негізгі жинақтарына кірген. Жамбылға жасалған идеологиялық жұмыстың айқын әсері бар. ӘӨИ 161-бумадағы «*Партия*» сөзі «*көсем*» деп, «*Алтын заңды*» сөзі «*Сталин*» боп өзгертілген.

«Орнымды алам сайлаудан» деген өлеңнің соңғы жолынан кейінгі:

«Советіме мүше боп,
Ерлерім өтед мың-мыңнан;
Сол ерлердің басы боп,
Сайланады ұлы адам
Бақыт заңын жазған ол –

Ұлы Сталин данышпан!» деген жолдар ӘӨИ 161-бумада, 1955-те бар. Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Халықтар туысқандығы*» – ССРО Жоғары Советінің сайлауы қарсаңында шығарған өлеңі. 1937 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің 5 желтоқсандағы санында шыққан, жинақтарында жарияланған. Хатшыларының ықпал етуі бойынша шығарылған өлеңдерінің бірі. Өлеңдегі «*Октябрь* нұры астында мәңгі жарық» деген жолы ӘӨИ 161-бумада «*Сталин* нұры



астында мәңгі жарық» деп, және «*Сталин*» сөзі «*Ленин*», «*партия*» болып өзгертілген. Жоғарыдағы «Сталин нұры...» деп басталатын шумақ пен өлеңнің соңғы екі шумағы 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жеңіс пен шаттық*» – «Ерназар» колхозындағы сайлаушылардың сайлау алдындағы жиналысында айтылған өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Газеттер мен жинақтарында жарық көрген. «Ерназар» колхозы кейін «Жамбыл» атындағы колхоз, совхоз, жылқы зауыты болды. Қазір Жамбыл ауылы. Өлеңдегі «Сталин» есімі кездесетін екі шумақ 1957 жылғы жинақта қысқартылған. Бұндағы «*Сталин*» сөзі «*Компартия*» сөзімен ауыстырылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*12-декабрь*» – Жамбылдың ССРО Жоғары Советінің сайлау күні 12 желтоқсан қарсаңында шығарған өлеңі. Алғаш рет Семей облыстық «Екпінді» газетінің 1937 жылғы 12 желтоқсандағы санында шыққан, негізгі жинақтарында жарияланды. Өлеңнің:

«Ақиық мұзбалақтай аэроплан,

Зуылдап көз ұшында дөңгеленед» деген 1955, 1957 жылғы жинақтарда кездесетін осы екі жолы ӘӨИ 161-бумада, 1940, 1946 жылғы жинақтарда жоқ. ӘӨИ 162-бумадағы нұсқада берілген «*Сталин*» сөзі «*Ленин*», «*компартия*» сөздеріне өзгертілсе, ал 1957 жылғы жинақта «Сталин» есімімен басталатын жолдар түгел қысқартылған.

«*Шынықтырды болаттай*» – Жамбылдың «Ерназар» колхозы сайлаушыларының алдында айтқан өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 12 желтоқсанындағы санында шықты. Ақынның жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің:

«*Коммунистік партиям,*

Нұсқауы оның алтын сөз» дейтін екі жол ӘӨИ 161-бумада, 1946, 1955 жылғы жинақтарда:



«Сталиндей ұлы адам,
Аузынан шыққан алтын сөз» деп берілген. Осы «Нұсқауы оның алтын сөз» деген жолдан бастап «Компартия көсемім» деген жолға дейінгі 9 жол өлең 1957 жылғы жинақта қысқартылған. Және «Асырып саты-сатыдан» деген жол ӘӨИ 161-бумада және 1940, 1946, 1955, 1957 жылғы жинақтарында «Бастырып саты-сатыдан» деп берілген.

Өлең 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Шота Руставелиге*» – Жамбыл Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жыл толуына арналған Грузин ССР Жазушылар Одағының салтанатты пленумына құрметті қонақ ретінде шақырылған. Сол пленумға бару қарсаңында айтқан. Ақынның тойға республика делегациясы құрамында баруы жайлы бірнеше мақала, естеліктер жазылған. Алғаш орыс тілінде «Путешествие на Кавказ» (1938 ж.) деген жинақта басылған. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 27 желтоқсандағы санында шыққан. ӘӨИ 162-бумада, 1938, 1946, 1957 жылғы жинақтарында тақырып «Ақынға» деген атпен басылған. Ақынның негізгі жинақтарының бәрінде берілген. «Барлық елге тарады үн» деп аяқталған өлеңнің соңғы жолынан кейін 1955 жылғы жинақта «Әлем көркі Сталин, Елдің ұлы туды шын» деген екі жолы бар. 1957 жылғы жинақта осы аталған екі жол қысқарталған.

«*Кавказға*» – Жамбыл бұл өлеңді 1937 жылы 5 желтоқсанда Кавказға Шота Руставели тойына жүрер алдында айтқан. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш орыс тілінде «Путешествие на Кавказ» (1938 ж.) деген жинақта басылған. Кейін ақынның негізгі жинақтарында жарияланып келді. Өлеңнің «Сүйікті Кавказ еліне» деген жолынан кейін ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») кездесетін:

«Сағынып самғап келемін,
Сталин туған жеріне» дейтін екі жолы және
«Сталиндей ұл туған,



Әулемге жарық күн туған.
Менің де ардақты анамның
Сәлем беріп өлеңмен

Қуанышына енемін» деген бес жолы қысқартылған. Осы қысқарып қалған бес жолы 1946, 1955, 1957 жылғы жинақтарда да кездеспейді. Өлең «Жаңғырта әнге саламын...» деп аяқталады. Жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Кавказға сәлем*» – Жамбылдың Ш.Руставели тойына бара жатқанда 1937 жылы 17 желтоқсанда шығарған өлеңі. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 25 қаңтардағы санында шыққан. Сонымен қатар П.Кузнецовтың аударуымен «Бакинский рабочий» (Азербайжан), «Заря востока» (Грузия) газеттерінде басылған. Негізгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің ЖМҚ-дағы, 1945 жылғы жинағындағы «*Сталин*» сөзі «*советтік*», «*октябрь*» сөздеріне ауыстырылса, 1957 жылғы жинақта «Сталин» есімі кездесетін екі шумақ және екі жол қысқартылған.

«*Орынбор*» – Жамбылдың Қазақстан делегациясының құрамында Шота Руставели тойына Кавказға жол жүріп бара жатып, Орынбор қаласының тұсынан өткенде, 1937 жылы 19 желтоқсанда айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш орыс тіліне аударылып, «Песня об Орынборе» деген атпен 1938 жылы Москвада басылған «Путешествие на Кавказ» атты жинақта шықты. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1955, 1957 жылғы жинақта өлеңнің тақырыбы «Орынбор қаласы туралы жыр» деп берілген. ӘӨИ 159-бумада «Ел үшін ер Пугачев батыр ұлы» дейтін жол мен «шүйілгенде» сөзі кездеспейді, ал өлеңдегі: «Ардақты ақын Пушкин келіп кеткен» деп аяқталатын соңғы жол ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Аңсаулы ақын Пушкин келіп кеткен» деп жазылған.

«*Чанай*» – Жамбылдың Кавказ сапарында Куйбышев қаласына жақын Чапаев станциясынан өткенде шығарған өлеңі. Жолда хатшылары айтқан әңгімелерді негізге алған. Жазып алған –



Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 21 ақпандағы санында, жинақтарында шықты. Ақынның толық жинақтарына кірген. Өлеңнің: «*Партиядан* мандат ап» деген жолындағы «*партиядан*» деген сөз ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «*Сталиннен*» деп берілген. ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1946, 1955-тегі «*Сталин*» сөзі «*Ленинге*» ауыстырылған. ӘӨИ 159-бумадағы «Әр тамшысы Еділге» деген жолдағы «Еділ» өзені – «Жайыққа» деп түзетілген. Өлеңдегі:

«Оған өскен әрбір дән,
Жауға оқ боп көріне» деген екі жолды ӘӨИ 159-бумада өшіріп, орнына:

«Ақ бидайдың әр дәні,
Алқа болды жеріме» деп өзгерткен. Жинақта бастапқы қалпында қалдырылды.

Ал «Чапаевтай талай ер,
Өсіп, өніп туыла,
Болаттай түскен сынына,
Дұшпан қарсы келе алмайд,
Халықтың батыр ұлына.
Лениндей жарық күнімнен
Құйылды жерге шұғыла» деген жолдар 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Одақ*» – ССРО-ның құрылғанына 15 жыл толу мерекесіне орай шығарған. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы санында шығып, негізгі жинақтарында басылған. Жазып алған – Т.Жароков. ӘӨИ 162-бумадағы тақырып «*Одақтас Республика*» деп қаламмен түзетілген. Өлеңнің: «Лениндей ер көрдім...» деген жолынан кейінгі ӘӨИ 162-бума, 1946, 1955, 1957 жылғы жинақта бар:

«Ер серігі – Сталин,
Күннің нұры құшқаным,
Екі шыңға теңгердім» деген жолдар қысқартылған.



Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ленин*» – 1937 жылы 21 қаңтарда Лениннің қайтыс болуына он үш жыл толған кезде жырлаған толғауы. Өлең газеттерде, журналдарда, 1938 жылғы мерекелік жинағында, 1940 жылғы шығармалар жинағының бір томдығында және басқа да жинақтарында жарық көрген. Жазып алған – Т.Жароков. Өлеңнің «Ұстазым сенсің – *Ленин!*» деп аяқталатын жолы 1940, 1946, 1955 жылғы жинақтарда «Ұстазым ол – *Сталин!*» деп берілген. Ал 1957 жылғы жинақта соңғы бес жол қысқартылған.

«*Туысқан ел*» – ақынның Кавказға сапарында Мәскеуге тоқтаған кезінде шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Бұл өлең алғаш газеттерде, 1938 жылғы жинақта, «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 5-санында жарияланған. Өлеңнің ӘӨИ 159-бумада, 1940, 1946 жылғы жинақтардағы:

«Нардай шөгіп жатқанда,
Жетелей мені желгенін.

Ленин менен Сталин

Қатар...» деген үш жолы және ӘӨИ 159-бумада кездесетін:

«Адуын жауға оқ жұмсап,

Көрдің бе елдің қағуын...» деген екі жол 2014 жылғы жинақтан кездеспейді. Өлеңдегі «*Туған менің*» сөзі ӘӨИ 159-бумада «*Сталиндей*» деп, «*Ленин*» есімі ӘӨИ 159-бумада «*Сталин*» болып өзгертілген. Ал:

«Туған менің бағыма!

Ұлы Ленин Жамбылың –

Сайран сап гүлді бағында;

Он бір орда тіккіздің

Күндей күшті заңында.

Сол ордалар ішінде» деп келетін осы жолдары 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Тынық Донның ұлдарына*» – 1937 жылдың 23 желтоқсанында Мәскеуден Кавказға поезбен бара жатқан сапарында Дондағы Ростов қаласынан өткенде шыққан туынды. Хатқа



түсірген – Т.Жароков. Өлең алғаш газеттерде, 1938 жылғы жинағында жарияланған. Өлеңдегі: «*Партияға*» сөзі ӘӨИ 159-бумада «*Сталинге*» ауыстырылса, 1940, 1946-дағы «*Сталин*» аты кездесетін жері түгелдей «*Қолбасшы*» сөзіне өзгертілген.

«*Өмір жыры*» – 1937 жылы ақын Тбилиси қаласында болғанында Шота Руставелидің 750 жылдық мерейтойына арнап 26 желтоқсанда шығарған. Туынды ең алғаш П.Кузнецовтың аударуымен «*Заря Востока*» (Грузия) газетінің сол жылғы желтоқсан айындағы санында, одан кейін жинақтарында жарияланып келді. Жазып алған – Т.Жароков. Бұл өлеңнің тууы туралы естеліктер бар. Өлеңдегі: «*Кремльден*» сөзі ӘӨИ 159-бумада «*Сталиннен*» деп ауыстырылған. 1940, 1946, 1955 жылғы жинақтарындағы «*Сталин*» деп берілген жерлер 1957 жылқы жинақта қысқартылған.

1938

«*Ұлдарым менің коммунист*» – Жамбыл бұл толғауын Сталиннің туған жері Гори қаласын, туып-өскен үйін көріп, 1938 жылы 1 қаңтарда Тбилисиде шығарған. Жазып алған – Т.Жароков. Шығарма алғаш газеттерде, орыс тілінде 1938 жылы мемлекеттік әдебиет баспасы бастырған «*Путешествие на Кавказ*» атты кітабында жарық көрген. Сонымен қатар кейінгі жинақтарында да жарияланып келеді. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («*Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы*») өлең «*Сталиннің туған жері*» деген атпен жарияланған.

«*Көрейін – дедім барайын...*» деген жолдан кейін ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-дағы («*Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы*») «*Сталин туған жеріне*» дейтін бір жол қысқарса, «*Толғауда ер боп жырланды*» деген өлең жолындағы «*толғауда*» сөзі ӘӨИ 159-бумада «*Толғанған*» болып өзгертілсе, «*Исатай мен Махамбет*» деген жолы ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («*Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы*») «*Қобыланды, Бекет,*



Исатай» болып, сондай-ақ «*Сталин»* сөзі «*Ленин»*, «*компартияға»* ауыстырылған.

«Жадыратып Жамбылдың
Жүз жасаған жүрегін,
Жасартып қайта соққыздың,
Жырын көкке жеткіздің,
Бұлақтайын төккіздің;
Жүрегім, жырым өлгенше,
Сенікі, жаным сөнгенше,
Өйткені, дана *партиям*
Жалқау тартқан жаныма

Өмірдің нұрын еккіздің!» деген өлеңнің осы он жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») кездеспеді.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Қайта келген жастық**» – Жамбылдың Кавказ сапарынан оралғанда, алдынан шығып қарсы алған ауылдастарына айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 16 ақпандағы санында жарияланған. Содан кейін жинақтарында жарық көрген. Өлеңнің: «Жасартқан *советтік* дәуірінде» деген жолы ӘӨИ 161-бумада, 1940 жылғы жинақта «Жасартқан *Сталиннің* дәуірінде» деп өзгертілген, «Қарт жырау – енді сенің арманың жоқ!» деген бір жолы 1957 жылғы жинақта қысқартылған. Ал 1940 жылғы жинақта «Шаттықтан нөсер *төккен*» – «Шаттықтан нөсер *құйған* дәуірде енді!» деген аздаған айырмашылықтар кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Халық армиясы**» – Қызыл Армия күніне орай 1938 жылдың ақпан айында шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Өлең алғаш орыс тілінде «Армия народа» деген жинақта жарияланған. Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізу барысында қысқарған жерлер мен стильдік әрі саяси түзетулер жасалғанын байқауға болады. Өлең ӘӨИ 161-бамада кездесетін:

«Қолыма қайта шақырып,
Қондырғандай болайын
Қайран жастық он бесін».



* * *

«Апшақ торғын шапанды
Шетсіз далам шіренген.
Қарт Алатау қашанғы
Басы көкке тірелген.
Көміп жатыр қалың қар
Ескі шиім жолдардан.
Талай қалың қолдардың
Заман-заман үдерген».

* * *

«Не күндердің сілемі,
Қар астында міне енді.
Тек есіме аламын».

* * *

«Естімейді оны жер,
Жым-жырт, қарлы не білер.
Қайдағыны ойға сап,
Қиялды тек өргізер».

* * *

«Патшада құрал көп еді,
Халықта қару жоқ еді.
Қазақ, тәжік, өзбек,
Тау, далалы жері көп,
Билеп-төстеп жетімдер,
Патша қолы кеп еді.
Ел жүрегі түршікті,
Қызыл қанға боялып,
Талауратып күн шықты.
Күңіренді қан дала,
Қайғы, зарлы үн шықты.
Жайлау қурап, көл құрып,



Қалың халық тұншықты.
Тарылды жұрттың заманы,
Сақараға тізілді.
Патшаның темір қамалы».

* * *

«Қолда шоқпар, құр бақан,
Құрал ма сол құр қоқаң.
Исатай мен Махамбет,
Есімде әлі ер Бекет.
Ел бастаған батырлар
Қолда сойыл, құр келдек.
Шыдатсын ба зеңбірек,
Патша қолы пәрменді,
Оқ боратты не керек.
Жоса қылып салды енді,
Байлар матап алды ерді,
Жаттың жапан әлсіреп.
Қырға шықсам ән салар,
Не заманды еске алар» деген жолдармен 2014 жылғы жинақтағы мәтін толықтытырылды.

Ал 2014 жылғы жинақтағы:

«Өткізген сенің басыңнан,
Ертедегі өмірінді» деген жолдар ӘӨИ 161-бумада кездеспейді.
«Басып-жаншып *өмірдей*» деген жолы ӘӨИ 161-бумада
«Басып-жаншып *көмірдей*» деп берілген.

Өлеңдегі:

«Ел егеске бел *байлан*»,

Жеңеміз деп *айқайлан*» деген жолдардағы сөздер ӘӨИ 160-бумада «*байлар*», «*айқайлар*» болып жазылған.

«Ел бастаған *көсемім*» деген жолы ӘӨИ 160-бумада «*екі адам*» болып, «Берді *қуат* күш маған» ӘӨИ 160-бумада «*қыруар*» болып ауыстырылған. «Ленин мен Сталин» деген жолы 1957 жылғы жинақта бар.



«Қол бастады күн көсем» ӘӨИ 160-бумада «батырлар» болып өзгертілсе, бұдан кейінгі: «Бейбітшілік сүйеді» деген жолы ӘӨИ 160-бумада «өзін бейбіт сезеді ел» болып, «Күші құрыш біздің ел» деген жолы «Күші құрыш әр күнді» деп өзгертілсе, «Қол бастады данышпан» деген жолы «Қол бастады қос қыран» болып, «Жерімді шарлап кеземін» деген жолы «Сені шарлап кеземін» деп келеді. ӘӨИ 160-бумада кездесетін «Қар оранған дүние» деген жол толықтырылып, қалпына келтірілді.

ӘӨИ 160-бумада және 1957 жылғы жинақта бар: «Тұрғаны талай мен болжап», «Сталинмен бірге өстің» деген жолдар қысқартылған. Өлеңнің «Деп уәде бергенің» деп аяқталатын соңғы жолы ӘӨИ 160-бумада жоқ. 160-бумадағы өлеңнің астына «Мен жазған емеспін» деп Т.Жароков көк сиямен қол қойған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Сәлем бүкіл халықтан» – Сол кезде аталып өтетін Қызыл Армия күніне арналған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 23 ақпандағы санында жарияланған. Кейіннен жинақтарында жарық көрді. Әдеби хатшыларының айтуымен шығарған өлеңдерінің бірі. «Қастерлеп баққан – дүр Жамбыл» деген жолда «дүр» анықтауышы ӘӨИ 162-бумада «ел» деп жазылған. Өлең: «Сәлем бүкіл халықтан!...» деп аяқталған. ӘӨИ 162-бумада және 1957 жылғы жинақта бар:

«Ұлымды ер ғып өсірген,

Ленин менен Сталин –

Жасасын қос данышпан!» деген үш жол қысқартылған. Сол сияқты «Сталин» сөзі «Ленинге» ауыстырылған.

«Өнердің өсуі» – Жамбыл 1938 жылдың 1 наурызы күні Алматыда опера және балет театрында КСРО халық әртісі, әйгілі әнші Күләш Байсейітованың, басқа да айтулы өнерпаздардың өнерін көргенде шығарған өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Қазақ әдебиеті» газетінің 22 наурыз күнгі санында шыққан. Ақынның жинақтарында жарияланып жүр. Өлең: «Алтын ірге



ел барда!» деген жолмен аяқталған. ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта жоқ, бірақ ОҒК 651-буманың 4-дәптеріндегі:

«Ел болар ма өнерсіз,
Елі жақсы адамнан,
Ері жақсы адамнан,
Туар ма бала жігерсіз.
Тоқсан үште Жамбылды,
Күләш сынды бұлбұлды,
Сталин сынды бақшасы –
Өсірді демей не дейміз» деген жолдар қысқартылған.
Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Кұрт көзін*» – Троицкийшіл-бухариншілдерге сот процесі болуына байланысты туған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең ең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 4 наурыз күнгі санында шыққан. Ақынның жинақтарында жарияланған. ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда тақырып «Жоғалт көзін» деп берілген. Жамбылға идеологиялық қысым жасаудың айқын мысалы. ҚР Мемлекеттік архивінде сақталған «Подстрочники стихов Джамбула» атты бумада осы өлеңнің көлемдірек нұсқасы бар. Кейінгі кітаптарына сол нұсқасы алынған. Салыстыру барысында мынадай өзгешеліктер кездесті: «*Бақасқан жау әлі көп*» деген өлең жолы ӘӨИ 162-бумада «*Қастасқан жау біткен жоқ*» деп, «*қорқауға*» сөзі 1957 жылғы жинақта «*құзғынға*», «*Піскен астың дәмі жоқ*» деген жолы ӘӨИ 162-бума мен 1957 жылғы жинағында «*адал астың дәмі жоқ*» деп, «*Жан жақпайды, зәрі жоқ*» дейтін жолы «*Сақтаған әлі зәрі көп*» болып өзгертілген. Өлеңнің:

«Қасаң теспес қол тесер,
Біз ұстасаң сабы жоқ.
Ондай істен мүлт кету,

Өскен елге мәні жоқ» деген жолдары ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда жоқ. «*Адам атын* білмейтін» деген жолы ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Адамдықты* білмейтін» деп берілген. Өлең ӘӨИ 162-бумада,



1940, 1957 жылғы жинақтардағы «Жеңімпаз ер бала бол», «Бақытты елдің қамқоры» деген екі жолмен толықтырылды. «Сталиндей *sapa* бол!» деген өлең жолы ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «Сталиндей *дана* бол!» деп берілген. Өлең:

«Жау жолатпас қырағы,
Елдің жанған шырағы.
Білімір, тапқыр ер жүрек

Сынды дана бол!» деген жолдермен аяқталады. Мұндағы «Сынды дана бол!» деген түсініксіздеу жол ОҒК 651-бума 4-дәптерде «Ежов сынды дана бол!» деп жазылған. Міне, осы төрт жол 1940 жылғы жинақта жоқ, ал 1957 жылғы жинақта өлеңнің соңғы сегіз жолы түгел қысқарып кеткен.

«*Ұлдарым – папаниншілерге*» – Солтүстік полюсте тоғыз ай бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген И.Ф.Папанин бастаған ғалымдардың Мәскеуге абыроймен оралуына арналған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 17 наурыздағы санында, одан кейін жинақтарында жарияланған. Әдеби хатшылары айтқан мәліметтері бойынша шығарған. ОҒК 651-бума 4-дәптерде, ӘӨИ 162-бумада, 1957 жылғы жинақта өлеңнің тақырыбы «Ұлыма» (Папаниншілерге) деп берілген. «Сүйікті *партиядай* шын данама!» деген жолы ӘӨИ 162-бумада, 1957 жылғы жинақта «Сүйікті *Сталиндей* шын данама!» деп өзгертілген. Өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде кездесетін:

«Рүстем, аты шыққан Әлінің де,
Мақтаны кісі өлтіру бәрінің де.
Қатесін құдіреттің қайта соққан,
Көріп пе ең ер естіріп дерлі күнге.

Ертеkte көкте болып кілем көлік,
.....(оқылмайды) Құдайды атқан құсқа мініп.
Таулардан отты, мұзды өтіпті-мыс,
Үйреніп сиқыршыдан дуа үшкіріп.



Майдан аш, қанды майдан тиылсын деп,
Майдан аш, елге бақыт құйылсын деп.
Майдан аш өлім құртып, өмір үшін,
Майдан аш жауыз дүние түңілсін деп.

Майдан аш, қанау түрлі үзілсін деп,
Майдан аш, елге еркіндік берілсін деп.
Майдан аш, мұзды, құзды жолым жерге,
Ерікті Кеңес туы тігілсін деп» деген төрт шумақпен толықтырылды.

Жинаққа ОҒК 651-бума 4-дәптердегі нұсқа бойынша берілді.

«*Күн нұры*» – Ұлы орыс жазушысы А.М.Горькийді еске түсіру кезінде шығарған өлең. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 18 наурыз күнгі санында шыққан, негізгі жинақтарының бәрінде жарияланған.

«Пернеге машықтанған кәрі бармақ,
Үйреншік домбыранды қағып сарнад.
Алғандай тосқауылын Жетісудың,

Жарқырад өзен селін Горькиге арнап» деп ОҒК 651-бумадағы бірінші шумақ басталады. Мұнда стильдік жағынан жөндеу жүргізілгені байқалады. Өлеңнің осы жинақтағы алғашқы шумағы мен ОҒК 651-бумадағы шумақ арасында мазмұндық жағынан алшақ кеткен көп ештеңе жоқ деуге болады. «Ежелден менің *жырым* елге арналған» деген жолдағы «*жырым*» сөзі ОҒК 651-бумадағы латын әрпімен жазылған нұсқасында «*сөзім*» деп жазылған. Осы ОҒК 651-бумада бар:

«Шалшық емес, шалқыған көлге арналған,
Көрінген шың басынан шам-шырақтай,
Адамнан асып туған ерге арналған.
Мақтансам мақтанайын заманыма,
Сақадай сай боп туған адамыма.
Әлемнің шырқап шыққан шынарындай,
Жетпейтін мұхит суы балағына.
Елімнің ұйтқысы ұлы Ленин,
Адамның асып туған шыңы Ленин.



Серігі дана Сталин өзіне сай,
Әлемнің жарқыраған күні Ленин.
Ол ұлы – ұлы ұлдардың бірі Ленин,
Сондықтан Алатаудай ірі Ленин.
Өмірлі ұстазы да, шәкірті де,
Кіршіксіз салған жолы тірі Ленин.
Ленинді ұлы мұхит теңіз делік,
Шеңбері қаланғандай таумен берік.
Ніл дария, Аму дария, Сыр сияқты,
Көп арна сол теңізге құйған келіп.
Арнаның ағыны мол, атағы ірі,
Суынан сүзіп ішкен жердің жүзі.
Көрікті көркем сөздің шам-шырағы,
Рейнде ұлы арнаның Горький бірі.
Айдын көл түбі терең ел ғалымы,
Ақ пейіл, ашық көңіл күн жарығы.
Сұлу сөз, шындық өмір бал қаймағы,
Ақынның әңгімеші сен алыбы.
Шалқардың шаңқан ашық тынығындай,
Шындықты көпке шашқан рухындай.
Жақтаушы әділетті сүйді халқы,
Жүректің бойға берген жылуындай.
Шын сүйдің, еңбек сүйдің, елді сүйдің,
Жайнаған жалпақ әлем гүлді сүйдің.
Адал ер елде аңсаған жаңалықты,
Құлпырып күннен түскен нұрды сүйдің.
Гауһардай сен әлемнің шынын сүйдің,
Лениндей, Сталиндей ұлын сүйдің.
Бірлескен бал қаймақтай ел достығы,
Тым тәтті махаббаты шырын сүйдің.
Қас болдың сен әлемнің ласына,
Ластық – фашизм мұрасына.
Тұманға күрес ашқан сұңқарымсың,
Халыққа нұр құйылтып күн ашуда.



Арам ниет ел жанының арсыз жыны,
 Еш теңеуге келмейтін бейне түрі.
 Жаһан жарық жұлдызы қызғалдағы,
 Жау қолы улы тырнақ жұлды сені.
 Асқан дана көксеген әділетті,
 Барлық адам сүйетін адал ниетті.
 Өміріңе қолын сұққан бір қысым жау,
 Күл болды, үп деді ел ұшып кетті.
 Елімде Ленин тірі, Горький тірі,
 Жүрегі суынбайтын мәңгі жылы.
 Ластан ел тазарады, жер тазарады,

Қалады қалыбында күннің нұры» деген жолдар қысқарып кеткен. Сонымен қатар, ӘӨИ 162-бума, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*жырлар жазды*» деген жолы «*жыр шығарды*» деп, «*Ленин мен Сталин*» деген жолы «*Лениндей көсемнің*», «*Лениндей асқан дана*» болып өзгертілген. «*Уа, Горький, мәңгі өлмейтін шынды сүйдің*» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940, 1957 жылғы жинақта «*Уа, Горький ардақтадың әділетті*» деп берілген.

«*Куйбышевке*» – Жамбылдың хатшыларының мәліметтері бойынша кеңес үкіметінің көрнекті қайраткерлерінің бірі В.В.Куйбышевтің қазасына байланысты шығарған өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғашында орыс тілінде «*Куйбышеву*» деп жарияланып, 1955 жылдан бастап жинақтарында беріліп келеді. Өлеңнің «*Лениндік партияның адал ұлы*» деген алғашқы жолы ӘӨИ 162-бумада, 1957 жылғы жинақта «*Ленин мен Сталиндей адал ұлы*» деп өзгертілсе, ОҒК 651-бума 4-дәптерде «*Ленин мен Сталиндей ердің ұлы*» деп берілген. Және «*Партияның жолына берік ұлым*» деген жолы ӘӨИ 162-бумада, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1957 жылғы жинақта «*Дананың Сталиндей серігі ұлы*» болып келеді.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Еңбек туралы жыр*» – Ақынның көктемгі егіс кезінде «*Ерназар*» колхозы егістігін аралап келіп шығарған өлеңі. Өлең



алғаш Қастек (қазіргі Жамбыл) аудандық «Большевиктік жол» газетінің 1938 жылғы 10 сәуірдегі санында жарияланған. 1957 жылғы жинақтағы бірінші шумақтың:

«Лениннің заңыменен тура жүрсең,
Іздемей, қолдарыңа келеді алтын» деген соңғы екі жолы және
«Бақытты колхозшылар ұйымдастың
Көп табысқа жетісіп алға бастың.
Лениндік партияның арқасында

Байлық пен рақатқа ұшырастың» деген бесінші шумағы қысқартылған. «Отаншыл түлектері еңбекші елдің» деген жол 1957 жылғы жинақта «Сталиншіл батыры еңбекші елдің» деп берілген.

«Бақыт туралы жыр» – Ақынның ауылдастарымен кездескенде айтқан өлеңі. Алғаш рет аудандық «Большевиктік жол» газетінің 1938 жылғы 10 сәуірдегі санында жарияланған. Мұнда да қысқартылған жолдар кездесті. 1957 жылғы жинақта:

«Армансыз Жамбыл сөйлейді,

Жыр жылғасын ағыза,
Жырым жырдың шекері
Балын көпке тамыза;
Өмірім келіп жалғасты,
Жаңа дәуір шағына.
Болып бұлбұл сайрадым,
Жайнаған соның бағында;
Қуат болды жаныма,
Сүйеу берді жағыма.
Барлық адам қамына,
Заман туып бағыма» деген жолдары түгелдей қысқарып

кеткен.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Бесік жыры» – Ақынның ауылындағы колхоз балабақшасын көргенде шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Октябрь балалары» газетінің 1938 жылғы 6 сәуірдегі санында, кейінгі негізгі жинақтарының барлығына кірген. Өлеңнің:



«Ұйықтасын деп бөбегің» деген жолынан кейінгі «Тербелсін деп бесігін» деген қысқартылған бір жолы осы жинақта толықтырылды. Бұл ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар.

«Болды сенің дегенің» жолынан кейінгі:

«Баулып саған нұсқаған

Мейірімді атаң Сталин

Терезеден қараған,

Көрінеді көзіне,

Қараса оған бар әлем.

Сені де сәулем көріп тұр,

Сүйіп мейірін төгіп тұр,

Мәпелеп баулып бар елдің» деген қысқартылған сегіз жолы ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар. Ал 1957 жылғы жинақта жоқ. Өлеңнің «Жас өспірім ерісің!..» деген жолынан кейін көп нүкте қойып:

«Бәрінен жақсы өссін деп,

Бөбегім сені қолдаған

Кремльден жан атаң,

Сталин сені ойлаған» дейтін бір шумағын қысқартқан. Бұл жолдар ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1957 жылғы жинақтарында бар. «Ұйықта бөбек жас қазақ!» деген жолы 1957 жылғы жинақта «Ұйықта қалқам, жас бөбек!» болып өзгертілген.

«**Мәстек пен тұлпар**» – Жамбыл бұл өлеңді 1938 жылы 12 сәуір күні ауылдастары сыйға тартқан атты алғанда шығарған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 16 сәуірдегі санында шыққан, жинақтарында жарияланған. Өлеңнің: «Деп жуандар есірді» деген жолы ӘӨИ 161-бумада, 1957 жылғы жинақта «Деп *жынданып*, есірді», «Таныды мені *партия*» деген жолы ӘӨИ 161-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Таныды мені *Сталин*», «*Отан* берген даңқым бар» деген жолы 161-бумада ӘӨИ, 1940 жылғы жинақта «*Сталин* берген даңқым бар», «*Партияны* жырлайын»



деген жолы «Сталинді жырлайын» деп өзгертілген. Соңғы: «Домбыраны тартыңдар!» деген жол 1957 жылғы жинақта жоқ.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Отанды сүй**» – Ақынның өзіне сәлемдесуге келген жастарға айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 17 сәуірдегі санында шығып, кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. «Отанға, ел жүрегі *партияға*» деген жолы ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Сталинге*», «Отанды сүй, ел сүйген көсемді сүй» деген жолдағы «ел» сөзі ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «*отан*» деп өзгертілген.

«**Шын жүректен**» – Жамбылдың көктемгі егіс басында колхозшылармен кездескенде айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған – Ә.Тәжібаев. Алғаш «Әдебиет майданы» журналының сол жылғы 5 санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің 1940 жылғы жарияланымындағы «*Сталин*» сөзі «*компартия, партияға*» деген сөздермен ауыстырылған.

«**Бірінші май жыры**» – Жамбылдың 1-мамыр мерекесіне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 1 мамырдағы санында, 1955 жылғы жинағында жарияланған. Осы нұсқа кейінгі жинақтарында беріліп келеді. Өлеңнің ӘӨИ 161-бумадағы нұсқасында тақырып «*Май*» деп берілген. Өлеңдегі: «Ұлы Отан – *совет елім*» деген жолы ӘӨИ 161-бумада «Ұлы отаным *Советстан*» деп жазылған.

«**Күн толғауы**» – ақынның идеялық сипаты бар толғау түріндегі өлеңі. Мамыр мерекесі күндері шығарған. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 5 мамырдағы санында шыққан, жинақтарында да жарияланған. «Мен үшін сонау *Кавказ туған ауыл!*» деген жолы ӘӨИ 161-бумада, 1940 жылғы жинақта «Мен үшін сонау *Гори туған ауыл!*» деп берілген.

Өлеңнің 1940 жылғы жинақта кездесетін:

«Жалғыз-ақ сенен күшті ер Сталин,

Өмірдің қуаты мен берген сәнін.

Сені де халқым үшін туғызған сол



Жан беріп, жалыныңа қосып жалын» деген бір шумағы қысқартылған. Аталған шумақ 1957 жылғы жинақта жоқ.

«Жалғыз-ақ *Отанымның* бақыт заңы» – ӘӨИ 161-бумада, 1940 жылғы жинақта «*Сталиннің*», «Халқымның *орындалды* көп арманы» – «*Қолға алған*» болып, 1940 жылғы жинақта «*Күнім осы Советтің* алтын заңы!» – «*Сен жаңа Сталиннің* алтын заңы» деп өзгертілген. «О, күнім, көріп пе едің, жерде заңды» деп басталатын өлеңнің соңғы екі шумағы 1957 жылғы жинақта жоқ.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Тағыз бітті жаңа күш*» – 1938 жылы 17 мамыр күні Жамбылдың шығармашылық қызметіне 75 жыл толу құрметіне арналған халық өнерпаздарының республикалық слеті өткен. Жамбылдың сол слетте айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 18 мамырдағы санында жарияланды, кейінгі жинақтарында берілген. Өлеңдегі: «*Ғұмырлы қартсың* ертеде» деген жолдағы «*ғұмырлы*» сөзі «*жасанды*» деп жазылған (ӘӨИ 162-бума, 1957 жылғы жинақта).

Өлең «*Жылы жүзді қай төре!..*» деген жолдан кейінгі:

«Алатаудың лаңы,
Лайланған бұлағы,
Алатулы Абылай,
Асыр салған хан Кене –
Елден өлді ол неге?
Қайғырмадым мен неге?

Кебінсіз, көрсіз өлсе де» дейтін 1957 жылғы жинақта кездесетін жолдармен толықтырылды.

«Сүйінгендей нем бар ед?» деген жолдан соң «Ел мен ханды бөлетін» дейтін бір жол 162-бумада, 1957 жылғы жинақта бар. «*Советтің* алтын заманы» деген жолы ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «*Сталиннің* алтын заманы» деп, «*Гүл-гүл тартып* жайнаған» деген жолы 1957 жылғы жинақта «*Қызғалдақтай* жайнаған» болып берілген. ӘӨИ 162-бума,



1940 жылғы жинақтағы «Сталиндей шебердің» жолы қысқарған, ал содан кейінгі «Дүкенінде дәуірдің» деген жолы 1940 жылғы жинақта «Дүкенінде қайнаған» деп берілген, ал осы екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «*Партияның нұсқауы*» деген жолы ӘӨИ 160-бума мен 1940 жылғы жинақта «*Сталиннің нұсқауы*» деп өзгертілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Қымбатты сый» – ССРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен Ленин орденімен наградталғанын естігеннен кейін шығарған өлеңі. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 22 мамырдағы санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланған. Өлеңнің: «Ленин мен *компартия* соған теңдес» деген жолы 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Сталин» сөзімен берілген. Үшінші шумақтың төртінші жолы 1940 жылғы жинақта «Нұрымның *Сталиннің* арқасында» деп берілген. Осы төрт жол 1957 жылғы жинақта жоқ. Ал төртінші шумақтың «*Алыбы* адамзаттың ұлы Ленин» деген бірінші жолы 1940 жылы жинақта «*Айшығы* адамзаттың ұлы Ленин» болып кездесті.

«Компартия – көсемім» – 1938 жылы 20-21 мамыр күндері Жамбылдың шығармашылық қызметіне 75 жыл толуына байланысты ақынның ауылында және Алматыда салтанатты жиындар болып өтті. Сол мерейтой қарсаңында алғыс сезімін білдіріп айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 20 мамырдағы санында, 1955 жылғы жинағында «Сталин, жырым сен үшін» деген атпен жарияланған. Өлеңнің ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»), ӘӨИ 159-бумада «Сталин жырым сен үшін» деп басталатын бірінші жолы қысқартылған. Ал «Ленин – сүйікті әкем туған менің» деген жолындағы «*Ленин*» сөзі ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «*Сталин*» сөзімен ауыстырылған. «Қайнатам қара өлеңді оңға, солға» деген жолдан кейінгі:

«*Барлауым* бұрын мен де Қорқыттайын,
Секілді Асан қайғы түсіп зарға.



Ол кезде керуендей өмір кешкен,
 Жете алмай алтын үміт күткен таңға» деген шумақ ӘӨИ 159-бумадағы нұсқадан қосылып, өлең толықтырылды. Аталған шумақтағы «*Барлауым*» сөзі ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «*мазарланғам*» деп өзгертілген. Осы төрт жолды ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») көк қаламмен өшірген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Балам Тычинаға*» – Украин ақыны Павло Тычина Қазақстан Жазушылар одағының Жамбыл юбилейіне арналған салтанатты пленумында «Жамбылға сәлем» атты өлеңін оқыған. (П.Тычинаның бұл өлеңінің қазақша аудармасы 1954 жылы жарық көрген «Украин жырлары» жинағында берілді.) Жамбыл соған жауап ретінде осы өлеңін шығарған. Өлең ақынның кейінгі негізгі жинақтарының бәріне кірген.

«*Гүлденді далам*» – Жамбылдың 1938 жылы 2 маусым күні колхоз жерін, егістігін аралап көргенде айтқан өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 5 маусымдағы санында шыққан. 1955 жылғы жинағынан бастап ақын жинақтарында беріліп келеді. Өлеңнің: «Солмайтын қызыл гүлі бар» деген жолы ӘӨИ 162-бумада жоқ. Ал осы жолдан кейінгі: «Лениндік заманда» деген жолы 1957-жылғы жинақта жоқ. «Күннен қымбат нұр кірді» деген жол да 1957 жылғы жинақта кездеспеді. Осы жолдан кейінгі ОҒК 651-бума 4-дәптерде кездесетін:

«Қымбат нұрым Сталин
 Сүйікті ұлым ұстазым,
 Тіріде кірген ұшпағым.
 Алатауға ая боп,
 Суығыма пана боп,
 Ыстығыма сая боп,
 Бас депутат болуға
 Ризалығын білдірді» деген жолдар және «Сүйіндірді, күйдірді» дегеннен кейінгі:
 «Жалпақ жатқан даладан
 Жасаған өмір сан заман,
 Сұраған патша неше хан,



Бәрі де өлді қанаған.
Сталиндей ұлы адам
Етем деп қызмет мен саған,
Ортасына түскенін
Кім естіді, кім көрді» деген жолдары қысқартылған.
Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жеңіс жырын сайраңдар» – Жамбылдың 1938 жылы 10 маусым күні Қазақ ССР Коммунистік партиясының II съезін құттықтап айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 11 маусымдағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланған. Өлеңнің тақырыбы ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «Жеңіс жыры» деп берілген. «Қуанышы *сезімнің*» деген жолы 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Қуанышы *сөзімнің*» деп жазылған. «Қуаныш симай қойынға» деген жолдан кейінгі «Сталинді ту етіп» деген жол ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») 1940-та бар, ал 1957 жылғы жинақта жоқ. Өлеңде бар: «Біз атып болған таң едік, Біз әлемге жарық күн едік» деген екі жол 1957 жылғы жинақта кездеспейді. «Жау ма бізді жеңетін?» дейтін жол ӘӨИ 159-бумада жоқ. «*Дұшпандардан* ақты қан» деген жол 1957 жылғы жинақта және ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «*фашистерден* ақты қан» деп өзгерген. Осы жол мен «Шүберектей жыртылды» деген жолдар 1957 жылғы жинақта кездеспейді. «*Отанышыл* жас ұрпағым» деген жолы ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм»), 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Сталиншіл* ұрпағым» деп берілген. «Бақыты үшін елімнің, Жеңіс жырын сайраңдар!» деген соңғы екі жолдың ортасында қысқартылған «Ұлы Сталин атымен» деген жол ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм»), 1940, 1957-те кездеседі. 1957 жылғы жинақта: «Көпке дейін басылмаған ұзақ қол шапалақтаудың аяғы овоцияға айналды» деген сөздер бар.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жамбылдың халық үшін қалған жасы» – 1938 жылы 18 маусым күні Жамбыл Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаттығына



ұсынылғанда сайлаушылармен кездескен. Сонда айтқан өлең. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 20 маусымдағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып жүр.

ӘӨИ 161-бумада, ОҒК 651-бума 4-дәптерде өлеңнің тақырыбы «Жамбыл – кандидат» деп жазылған. «*Жүзге кеп бақыт тапқан, ақын Жамбыл*» деген жолы 1957 жылғы жинақта «*октябрьде*» деп берілген.

«Тілекке көп аңсаған бүгін жеттің,

Далада жасасаң да ғасыр, Жамбыл» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «*Мұхиттай шарықтаған, тасы, Жамбыл*» деген жол 1957 жылғы жинақта «Шарықтап теңіздейін тасын, Жамбыл» деп берілген. «Тасытқан *социалистік* алтын ғасыр» деген жол ӘӨИ 161, 162-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940 жылғы жинақта «Тасытқан *Сталиндік* алтын ғасыр» деп өзгертілген. Осы жол мен «Сондықтан көкке жетті басың, Жамбыл!» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Қаймағы адамзаттың көсем үшін» деген жолы да 1957 жылғы жинақта жоқ. «*Татымды (ләззатты, 1957) жыр шербетін сапыр, Жамбыл*», «*Капитал* ел басқарған *қауымында*» деген жолдағы «*Капитал*» сөзі 1940 жылғы жинақта «*Есалаң*», 1957 жылғы жинақта «*Фашистер*», ӘӨИ 161, 162-бумаларда «*Бай-манан*», ал «*Қауымында*» сөзі ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақтарда «*Қауымдарға*» деп берілген. «*Қай уақта* ел сайлаған қадірлісін» деген жол 1957 жылғы жинақта «*Күнде* ел сыйлаған қадірлісін» деп өзгертілген.

«Болмаса *социалистік* күндей заңы» деген жол ӘӨИ 161-бумада, 1940 жылғы жинақта «Болмаса *Сталиндік* күндей заңы» деп өзгертілген, «Еш елде болмақ емес адам азат» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «*Сондықтан* бізде ғана бірдей сайлау» деген жол 1957 жылғы жинақта «*Ерікті* ел бізде ғана бірдей сайлау» деп, «*Лениншіл* алғыр ойлы большевиктер» деген жол ӘӨИ 161, 162-бумаларда, ОҒК 651-бума 4-дәптерде, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Сталиншіл* алғыр ойлы большевиктер», «*Түскендей күллі әлемге шұғыласы*» деген жол 1957 жылғы



жинақта «*Отанға жарқырасын шұғыласы*» деп, «*Қуатым – заманымның шарапаты*» деген жол ӘӨИ 161, 162-бумада, ОҒК 651-бума 4-дәптерде, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Қуатым – Сталиннің шарапаты*» деп өзгертілген.

«Елімнің өшпенді жау келсе қасы» деген жолдан кейінгі: «*Жырымның жанарланған болмақ гүлі*» (бұл жол ОҒК 651-бума 4-дәптерде «*Жерімнің жауһарланған болмақ гүлі*» деп жазылған), «*Отанның өрлеп өскен шаруасы*» деген екі (ӘӨИ 161, 162-бумада, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940, 1957 жылғы жинақтарда бар) жолы қысқартылған.

«*Сайлау күніне*» – Жамбылдың толғау түріндегі өлеңі. 1938 жылғы 24 маусым күні болған Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің сайлауы кезінде шығарған. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің 24 маусымдағы санында шыққан. Алғаш «Толғау» деген атпен жарияланған. Кейінгі жинақтарына кірген. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 162-бумадағы нұсқасында «*Тойға*» деп беріліп, жанына қаламмен «*Сайлау күніне*» деп жазып қойған, ал 1957 жылғы жинақта тақырып «Толғау» деп берілген.

«Партия берген жаңа заң,
Ел тілегі қалаған,

Жаңа өмірдің шегесі» дейтін үш жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «*Ата-бабам бұрынғы*» деген өлең жолы 1957 жылғы жинақта «*Асан қайғы, Жиренше*» деп берілген. «*«Сегіз жұмақ» іздейтін*» деген ӘӨИ 162-бума мен 1957 жылғы жинақтағы бір жол қысқарып кеткен, қалпына келтірілді. «*Нұрда жүзген кемесі*» деген өлең жолы 1957 жылғы жинақта «*Ырыста жүзген кемесі*» деп берілген. «*Жібімес кімнің денесі?..*» деген жолдан кейінгі:

«Заманды шолып көрейін,
Ту басыма келейін.
Жайлы еді деп кім ақтар,
Атақ үшін, бақ үшін,
Хан қойды алтын тақ үшін, –



Әкесін жарған Зұһақбар²¹,
Аты шулы Мұхамбет,
Болу үшін ел үмбет.
Сағитқа құран жаздырып,
Құдықтан құрап бергізді.
Берген соң таспен көмгізді,
Шайтан бар деп нандырып.
Бақталас боп Петрді
Орда ішінде өлтірді.
Өлтіруші қатыны
Ел қоймаған сайлаусыз
Қабаған ит байларсыз
Елде болмас жақыны.
Әділет жоқ, заңы жоқ,
Еліне атқан таңы жоқ,
Хан әулеті қан құмар,
Гитлер мен Муссолин
Жалпы жұрттың дұшпаны
Қаныпезер әлі бар.
Испан, Қытай қырылып,
Үй, орманы бұзылып,
Басып жатып қайғы, зар,
Жауын жарға түсіріп,
Күлін көкке ұшырып,

Ертең мендей той қылар» дейтін ӘӨИ 162-бума, 1957 жылғы жинақтағы кездесетін жолдармен толықтырылды. ӘӨИ 162-бумадағы «Сайлауым шаттық мереке, Бас кандидат Сталин» деген екі жол да қысқарған. Ал «Еліме ырыс, береке» дейтін жол 1957 жылғы жинақта кездеспейді.

Бұл жинаққа ӘӨИ 162-бума бойынша берілді.

«Халық ұлдарына» – 1938 жылы 15 шілде күні Совет Армиясының Н. бөлімінің Борис атты командирі Жамбылға

²¹ Зұһақбар – Фердаусидің «Шаһнамасындағы» жауыз патшаның аты.



барып сәлем береді. Жамбыл оған арнап өлең шығарады. 1955 жылғы жинағынан бері жарияланып келеді.

Өлеңнің:

«Көп жаса атаңды іздеп келген балам,
Жасартты советтік мені заман,
Халықтың ардақты ұлы қызыл әскер
Күшіңе басын иді барлық ғалам.

Нұрың бар Октябрьдей сөнбейтұғын,
Елің бар күнде өрістеп өрлейтұғын,
Бұлжымас алпыс ұлтта достығың бар,
Ешбір жау сырттан келіп жеңбейтұғын» деп басталатын алғашқы екі шумағы 1957 жылғы жинақта жоқ.

«Халықтың қызыл әскер адал ұлы,
Отанның социалдық атқан гүлі.

Жауына жай оғындай жайқасып ти,

Бұрқырап екпініңмен өшсін күні» деген 1982, 2014 жылғы жинақтарда кездеспейтін бір шумақ ӘӨИ 161-бумада бар. «Халыққа коммунистей жақын болсын» деген жол ӘӨИ 161-бума мен 1957 жылғы жинақта «Халыққа Сталиндей жақын болсын» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы жарияланым бойынша берілді.

«Сессияны ашардағы сөз» – Жамбылдың Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің бірінші сессиясын ашарда 1938 жылы 15 шілде күні үкімет үйінің мәжіліс залында айтқан шығармасы. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең (толғау) «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 16 шілдедегі санында шыққан. Жинақтарында жарияланған. Алғаш «Қазақ ССР Ұлы советінің сессиясын ашардағы үш орденді халық ақыны, депутат Жамбыл Жабаевтың сөзі» деп ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта, ал 1957 жылғы жинақта «Депутат Жамбыл Жабаевтің Қазақ ССР жоғарғы советінің бірінші сессиясын ашардағы сөзі» деген тақырыппен жарияланған. Толғаудың: «Ақыл жастан шығады» деген жолынан кейінгі:



«Әділдіктің түрлері,
Әдемі заман гүлдеді,

Сталин соққан бесіктен» деген ӘӨИ 162-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940-де бар үш жолы қысқартылған. «Сталин соққан бесіктен, Өрбіп өскен кіл жастар» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. ӘӨИ 162-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940, 1957 жылғы жинақтарда бар.

«Қардың басын қар алар,
Ханның басын ел алар,
Түннің тұлды тетігін,
Нұрланып атқан таң алар,
Төренің басын топ алар,
Жауыздың басын көп алар,
Көп толқыны қозғалса,
Кімдер тоқтау бола алар?
Торымақ болған жауынды
Тоз-тоз етіп сол алар.
Қан жалаған ауыздар,
Фашист атты жауыздар,
Күн тақалды жоғалар.

Еңбекші халық қалаған» деген жолдар қысқартылған. ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасында да жоқ. Бұл жолдар 1957 жылғы жинақта бар. «Төрт миллион халық қалаған», «Компартия дана бар», «Советтік мына заманның» деген жолдар ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақта жоқ.

«Төрт миллион халық қалаған» деген жол 1957 жылғы жинақта «Еңбекші халық қалаған», «Компартия дана бар» деген жол ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Сталиндей дана бар» деп берілген.

2014 жылғы жинақта «Сталиндік заманның» деген жол кездеспейді, бірақ ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда бар. «Тірегі соның партия» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Тірегі оның Сталин» деп өзгертілсе, «Шынарындай шынардың» деген осы екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Бауы



берік достығым» деген жол 1957 жылғы жинақта «Қуатты берік достығым» деп, «Социалистік заңымның» деген жол ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «Сталиндік заманның» деп берілген. Өлеңнің: «Халық өкілі Жамбыл қарт» деген жолынан кейінгі:

«Ырыс туын ұстадым.
Социалистік заңымның –
Күні атқан таңымның,
Қозғалысы қанымның,
Рақаты жанымның,
Соны маған сыйлаған

Компартия көсемім» деген жеті жолы 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

1957 жылғы жинақта кездеспейтін «Компартия көсемім» деген жол 1940 жылғы жинақта «Көсемім досым Сталин» деп, «Адамын таңдап қалаған» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Адамын қойып қалаған», «Ел менен ел достасып» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақтарда «Ел ерікті болғанда» болып, «Социалистік жаңа заң» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Сталиндік жаңа заң» болып, «Елдің құты партия» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Елдің құты Сталин» болып өзгерген.

«Сегіз ай тұрған сендегі» деген жол 1957 жылғы жинақта «Тоғыз ай тұрған сендегі» деп өзгертілген. «Одақ атты ұлы Отан» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Союз атты ұлы Отан», «Тірі жаннан сұрасаң» деген жол 1957 жылғы жинақта «Адамзаттан сұрасаң» деп өзгертілген.

«Қисық соққан «кұдайдың», «Анайы ісін жөндеді» дейтін осы екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Сталин құйған нұр деді» деген жол ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта бар, ал 1982, 2014 жылғы жинақта кездеспейді. «Құйрығын бізге сермеді» деген жол 1957 жылғы жинақта жоқ. 2014 жылғы жинақта: «Шырқаған ән, күйі бар» деген жол кездеспейді, ӘӨИ 162-бума, 1940, 1957 жылғы жинақта бар. «Күңгірт ауыл, кәрі ауыл» деген жол 1957 жылғы жинақта «Кәріп ауыл, кәрі ауыл» деп берілген.



«Сырттан келіп жау алмас, Іштегі жау сүйемей» деген екі жол 1957, 1982, 2014 жылғы жинақта жоқ. Қалпына келтірілді. «Компартия штабы, Халқымды өзі бастайды. Бір тілекті ұл мен қыз» деген үш жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Бүкіл отан халқымен, Көрсетер достық көмегін» деген екі жолы ӘӨИ 162-бумада, 1940-та жоқ. «Жамбыл деп маған ат берді, Сөнуге қалған қартты алып» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Бүкіл отан халқымен» деген жол 1957 жылғы жинақта «Бүкіл отан халықты» деп берілген.

ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта кездесетін «Сталиндік заң қосқан» деген жол мен «Міндетті тұрмын атқарып» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ. 2014 жылғы жинақта кездеспейтін:

«Бүкіл одақ ел болып,
Гүлдентелік отанды.
Партияда жоқ большевик,
Коммунистпен бірлесіп,
Партия туын көтеріп,
Жолын таза сақталық» деген жолдар 1957 жылғы жинақта бар.
«Барша адамның қамқоры,
Даналардың ең зоры,
Жеткенінше қызыл тіл,
Арна боп ақсын асыл жыр.

Сталинді мақталық!» деген 1940 жылғы жинақта бар, осы бес жол 1957-де жоқ. 1982, 2014 жылғы жинақтарда да кездеспейді. «Бірінші бетін мен аштым» деген жол 1957 жылғы жинақта «Сессиясын мен аштым» деп өзгертілсе, «Бостандық жайып өркенін» деген жол 1957 жылғы жинақта «Бостандық жайып құшағын» болып берілген. 2014 жылғы жинақта жоқ: «Болуға күмән қылмассың» деген жол ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940, 1957 жылғы жинақта бар. «Бірінші топ өткенде» деген жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Ел көсемі партия» деген жол ӘӨИ 162-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940 жылғы жинақтарда «Ел көсемі Сталин» деп өзгертілген. Осы аталған өлең жолы



мен «Советтік біздің жаңа заң» деген соңғы екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Теміржолшылар күніне*» – Жамбылдың 1938 жылы 29 шілдеде Бүкілодақтық Теміржолшылар күніне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 20 шілдедегі санында «Сталиндік шындық» деген атпен басылған. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») тақырыбы «Сталиндік шындық» деп жазылған. 1955 жылғы жинағынан бастап жарияланып келеді. Өлеңнің екінші жолынан кейін: «Шығып Ұзынағаштан, Созылғандай алысқа, Сібірге, оңтүстікке» деген жолдар ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») кездесті. 2014 жылғы жинаққа қалпына келтірілді. «*Шыққандай тұлпар бәйгеге*» деген жол ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «*Түскендей тұлпар бәйгеге*» деп берілген.

«Тап сол кезде қырандай,

Партия сөзін ұрандай» деген екі жол 1957 жылғы жинақта қысқартылған. «*Партия* сөзін ұрандай» деген өлең жолы ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «*Сталин* сөзін ұрандай» деп кездесті.

«*Жауға – оқ*» – 1938 жылы 29 шілдеде Жапон әскері Кеңес Одағының Қиыр Шығысындағы Хасан көлі маңында шекараға шабуыл жасайды. Бірақ, совет шекарашыларынан қатты соққы алып, кейін шегінеді. Жамбыл осы оқиғаны естігенде 30 шілде күні өлең шығарады. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 9 тамыздағы санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланған. ӘӨИ 162-бумада тақырып «Жау жазасы жалынды оқ» деп берілген. Өлеңнің «Жал, құйрығым, қанатым» деген жолы 1957 жылғы жинақта жоқ. ӘӨИ 162-бума, 1940, 1957 жылғы жинақтарда кездесетін:

«Білмеген менен сұрасын,

Жау сергелдең болмасын,

Болса, көрсін оңбасын!» деген үш жолы 2014 жылғы жинақта жоқ.



1957 жылғы жинақта «Қанды соғыс ол жауыз» деген өлең жолы ӘӨИ 162-бума, 1957 жылғы жинақта «Қанды соғыс ол фашист», «Ел көсемі сол кезде» деген жолы ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Ел көсемі Сталин», «Халықтың берер ұранын» деген жолы ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «Халықтың берер бұйрығын» деп берілген. Осы өлең жолдары мен «Алпыс ұлттың айбынды, Адалды сүйген ұлына» деген жолдары 2014 жылғы жинақта кездеспейді.

«Күлге айналдыр *мылжалан!*» деген өлең жолы 1940 жылғы жинақта «Күлге айналдыр *мыжғылап*» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Біздің Отанның қырандары**» – Жамбылдың Жапон әскерлерінің Совет жерінен қуылуына байланысты шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1955 жылғы жинағында жарияланған. Осы нұсқа кейінгі жинақтарында берілді. Өлеңнің:

«Самғадым, тағы самғадым,

Домбыра алып толғандым» деп басталатын бастапқы екі жолы ӘӨИ 159-бумада жоқ. «Құтырған *самурайлардың*» деген жері ӘӨИ 159-бумада, ОҒК 651-бума 4-дәптерде «Құтырған *жапон иттің*» деп берілген. Өлеңнің:

«Үздік шыққан ірі Отан» деген жолынан кейінгі:

«Өмірінің таңына

Ел мен менің бағыма

Күннен алған гауһарым –

Социалистік ұлы Отан.

Ұлы Отанды есейтіп,

Ес берген де партия.

Ұлдарымды батыр ғып

Өсірген де партия.

Қырағы ғып ұрпаққа.

Күш берген де партия.

Найзасы өткір ақ алмас

Салса тастан өтеді;

Қылышы өткір мұқалмас



Шапса тасты кеседі;
Аты жүйрік әскерім,
Қуса жауға жетеді;
Қолы күшті батырым
Қай жау аман кетеді;
Қалың қолдан қаймықпас,
Жігіттері жетелі;
Ойға алғанда заманды,
Заманымның тұлғасы,
Компартия данамды
Бақыт нұрын құйды да

Гүлдендірді даламды» дейтін жолдары 1957 жылғы жинақта түгел қысқартылған және ОҒК 651-бума 4-дәптердегі «Сталиндей данама» деген жол да қысқарған.

«*Ғалым ініме*» – 1938 жылы жазда Алматыға атақты биолог ғалым, академик Б.Н.Келлер келіп, 22 тамыз күні ауылындағы Жамбылға барып сәлемдеседі. Жамбылдың сонда айтқан өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Өлең алғаш «Лениншіл жас» газетінің сол жылғы 23 тамызындағы санында шыққан. Ақын жинақтарында жарияланып келеді. ӘӨИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда жақшаға алып, «Академик Келлерге» деп тақырыптың астына жазылған. «Жасарған өркені өсіп жаңа өмірім» деген жол ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «Жасарған Сталинмен жаңа өмірім» деп берілген. Осы жол 1957 жылғы жинақта жоқ. ӘӨИ 162-бума мен 1940 жылғы жинақта «Заманы ұлы Октябрь үдемелі» деген жол «Заманы Сталиннің үдемелі» деп, «Достықтың ұйытқысы Компартия» деген жол «Достықтың ұйтқысы ұлы Сталин», «Ғалымға да қамқоршы Компартия» деген жол «Ғалымға бригадир ұлы Сталин» деп өзгертілген. «Сондықтан құрмет етем басымды иіп!..» деген жолдан кейін:

«Мәскеудің барсаң сәлем шаһарына,
ТСЕКА-дай ұлы штабын, кәуһерімен.
Сталин, Молотов пен Каганович,



Калинин, батыр Клим өреніме» деген шумақ 1940 жылғыда бар, ал осы жолдар түгелімен 1957 жылғы жинақта қысқартылған. 2014 жылғы жинақта да жоқ. «Қартынан *Қазақстан* сәлем айтқын» деген жол 1940 жылғы жинақта «Қартынан *Алатаудың* сәлем айтқын» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Трамвай*» – Жамбыл бұл өлеңді 1938 жылы 28 тамызда Алматыдағы алғашқы трамвай жолының пайдалануға берілу құрметіне болған митингте айтқан. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 29 тамызындағы санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. «*Сансыз жапа бейнеттен*» деген жолы ӘӨИ 162-бумада «*Сусыз жапа бейнеттен*» деп, «*ЦК тұрған Кремль*» деген жол ӘӨИ 162-бума, 1940 жылғы жинақта «*Сталин тұрған Кремль*», «*Шалықтап өмір сүремін*» деген жол ӘӨИ 162-бумада «*Сарқырап өмір шүмегін*» деп өзгертілген.

«*ЦК тұрған Кремль* –

Соғып тұрған жүрегім.

Сол жүрек маған жан берген

Шалықтап өмір сүремін.

Шаттықтың берді шалқарын,

Қуанам күнде, күлемін.

Үздіксіз маған нұр құйып,

Орындалды тілегім» деген жолдар 1957 жылғы жинақта жоқ.

«*Трамвай жүрді қалада*» деген жол ӘӨИ 162-бумада, 1940 жылғы жинақта «*Трамвай құрып қалаға*», «*Ұлым, қызым өмірім*» деген жол 1940 жылғы жинақта «*Ұлым, қызым өрімім*» деп берілген.

«Болдым тәтті сүйіскен,

Басыңа басым тиіскен» деген екі жол 1940, 1957, 2014 жылғы жинақтарда жоқ.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ұиқыши қыздарыма*» – М.Раскова, П.Осипенко, В.Гризодубова 1938 жылы 25 қыркүйекте Мәскеуден Қиыр



Шығысқа қонбай ұшу сапарын іске асырады. Жамбыл осы оқиғаға арнап өлең шығарған. Жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 11 қазандағы санында «Отанымның қыздарына» деген атпен жарияланды. Ақынның негізгі жинақтарына кірген. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 159-бумада, 1957 жылғы жинақта «Отанымның қыздарына» деп берілген. Өлең ӘӨИ 159-бумадағы:

«Жаһанда бір жерлер бар,
Аңға ұқсаған елдер бар.

Ол елдердің байқасам» деп басталатын жолдармен толықтырылады. «Құлпырған қамқа жерінін» деген жол 1957 жылғы жинақта кездеспейді. «Отанға (Сталин) мың рақмет!» деп өлең аяқталады. Осы соңғы жол 1957 жылғы жинақта жоқ. Бұл соңғы жолдан кейін:

«Сәуле ашқан отанға,
Жарық күні Сталин,
Жаса, жаса, көп жаса,

Халық күні Сталин!» деген ӘӨИ 159-бумадағы төрт жол қысқарған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Үлкен МХАТ-қа*» – 1938 жылы қазан айында Мәскеудің академиялық көркем театрының құрылғанына 40 жыл толуы атап өтілді. Соған арнап 17 қазан күні айтқан. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 27 қазандағы санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің «*Отанның (Сталин, ӘӨИ 162-бума, ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940) бақшасында гүлдей өссін*», «Ел өссе, мендей болып ғылым өссін» деген екі жолы 1957 жылғы жинақта жоқ. ӘӨИ 162-бума, 1940-та бар:

«Аузыма түсті еріксіз тағы Сталин,
Бақытты елге ұйыған шам Сталин.
Көгінде сол көсемнің сен бір жеміс,

Шындықтың айнасы боп қарыштадың» деген төрт жолы 2014 жылғы жинақта да кездеспеді. ОҒК 651-бума 4-дәптердегі



нұсқада «Мәпелеп ұл мен қызды өсір шебер» деген жерден өлең аяқталады. «*Жеңімпаз Октябрьдің* туын қолға ап!» деген жолы ӨӘИ 162-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Ленин мен Сталиннің* туын қолға ап» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Елімнің қыздарына*» – 1938 жылдың 19 қазан күні Алматыда қазақ қыздарының республикалық съезі ашылды. Сонда Жамбыл құттықтау өлең айтқан. Жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 20 тамыздағы санында шыққан. Ақынның жинақтарында жарияланып келеді. 1957 жылғы жинақта тақырып «Өз елімнің қыздарына» деп берілген. 1940 жылғы жинақтағы «Күннен де нұрлы *партия*» (*Сталин*, 1940), Осыларды өсірген» деген екі жолы 1957 жылғы жинақта жоқ, ал соңғы «Осыларды өсірген» деген бір жол 2014 жылғы жинақта жоқ. Қалпына келтірілді. «Отанды күндей күлдірген, *Партиям* (*Сталин*, 1940) үшін, ел үшін» деген екі жол 1957 жылғы жинақта жоқ.

«*Жастық жыры*» – Жамбыл бұл өлеңді Бүкілодақтық лениншіл жастар одағының құрылғанына 20 жыл толуына орай шығарған. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 29 қазандағы санында шыққан. Ақынның жинақтарында жарияланып келеді. «Ленин менен *партия*» деген жол 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Ленин мен *Сталин*» деп, «*Немерем* мен шөберем» деген жол 1940, 1957 жылғы жинақтарда «*Өберем* мен шөберем» деп берілген.

Өлеңнің «*Компартия* баулыған» деген жолы 1940 жылғы жинақта «Ұлы *Сталин* баулыған», «Ұлы *Ленин* ұрпағы» деген жолы 1940 жылғы жинақта «Ұлы *Сталин* ұрпағы» деп өзгерген, «Гүлдерім менің – комсомол» деген осы жолдар 1957 жылғы жинақта жоқ.

«Ленин менен Сталин,
Таң шапағы бір ғана,
Сталиннің қуаты,
Ел шаттығын тастырған.



Сталиннің қуаты
Ерді көкке ұшырған,
Таудан алтын шаштырған,
Сталиннің қуаты» деген жолдар 1940 жылғы жинақта бар. Ал 2014 жылғыда жоқ. «Жауды жеңіп, жапырып...» деген жолдан кейінгі «Сталиннің ұрпағы» деген жолы 1940 жылғы жинақта бар, 2014 жылғы жинақта кездеспейді. Ал,
«Өмірдің балын жесіпті,
Егілген ойға, қырға да,
Елге дағы, жерге де,
Көкке дағы, көлге де,
Анаға да, ұлға да,
Өмір беріп ерге де,
Бақыт беріп нұсқаған,
Ленин менен Сталин,
Таң шапағы бір ғана,
Сталиннің қуаты.
Ел шаттығын тастырған.
Сталиннің қуаты
Ерді көкке ұшырған,
Таудан алтын шаштырған,
Сталиннің қуаты.
Ер комсомол ұрпаққа,
Ерлік қадам бастырған,
Ұшқыш етіп жастарды.
Ұшса көктен астырған,
Ер боп өскен жастарға.
Өрле деп биік асқарға,
Өрлеу жолын ұсынып,
Күннен де биік ұшырып,
Мұз түндігін аштырған.
Улы оғын шашыратып,
Ұлы Отанға тас атып,
Жау келсе егер лепіріп,



Жауды жеңіп, жапырып...
Сталиннің ұрпағы
Қас қылғанды тас қылған!

Соның үшін толғанып,
Домбырасын қолға алып» дейтін жолдар 1957 жылғы жинақта түгел қысқартылған. «Сталиндік ұрпаққа» деген жол 1940 жылғы жинақта бар, 1957 жылғы жинақта жоқ.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Октябрь үшін*» – Әдеби хатшыларының айтуымен Қазан төңкерісінің 21 жылдығына арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 7 қараша күнгі санында шықты. Жинақтарында бар. Өлеңдегі «Жиырма бірде комсомол» деген жол ӘӨИ 159-бумада бар, кейінгі жинақтарында қысқарып кеткен. «Желі тартқан бағыма» деген жол ӘӨИ 159-бумада, 1957 жылғы жинақта жоқ. ӘӨИ 159-бумада «Оның қарсыз, соның мұз» деген жол «Оның қарлы соның мұз» деп берілген. «Теңеу бердім гүл бақ деп» деген жол ӘӨИ 159-бумадағы нұсқада қысқартылған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Дәрігерлер съезіне*» – 1938 жылы 1 желтоқсанда Алматыда Қазақстан денсаулық сақтау қызметкерлерінің съезі болады. Жамбыл бұл өлеңді съездің ашылуы алдында айтқан. Өлеңді жазып алған – Қ.Сатыбалдин. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 5 желтоқсандағы санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің «Қазақтың тиеп алған көп малын» деп басталатын жолы 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Қазақтың тиеп алған көп мақалын» болып, «Нұр шашқан жаңа дәуір заманасы» деген жолы «Нұр шашқан Сталиннің заманадасы», «Партия ардақтайтын адам басын» деген жолы «Сталин ардақтайтын адам болсын» деп 1940 жылғы жинақта өзгертілген. Ал:

«Нұр шашқан жаңа дәуір заманасы,
Халқымның бәрі түгел мал мен басы.
Аурулар әлдеқашан арылды елден,
Қазақтың дем алды еркін сахарасы.



Партия ардақтайтын адам басын,
Аударып халқыма шын ықыласын.
Елімнің денсаулығын ойлайды ылғи,
Күлімдеп күн сияқты нұрын шашып.

Гүлденген қызғалдақтай қыздарымның,
Айбатты арыстандай ұлдарымның,
Дені сау, әл-қуатты болуы үшін,
Салады Кремльден көзінің қырын» деген үш шумақ 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Сәлем берем Мәскеуге» – Жамбылдың 1938 жылы 30 қараша күні Мәскеуге барғанда айтқан өлеңі. Жазып алған – Қ.Сатыбалдин. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде 1938 жылы 23 желтоқсанда жарияланды. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлең 1940, 1957 жылғы жинақтарда: «Сәлем берем Мәскеуге» деген жолмен басталады.

«Араларым көшенді,
Көзімді тартты үйлерің.

Сонда тұрад Сталин,

Бүкіл әлем сүйгені» деген бір шумақ 1940-та бар. Кейінгі жинақтарында қысқартылған. Соңғы 2014 жылғы жинақта да кездеспейді.

«Сонда тұрад Сталин,

Бүкіл әлем сүйгені

Дүние жүзі бұл күнде,

Москва сені біледі.

Шет елдерде езілген

Қан аралас жас ағып,

Екі бірдей көзінен,

Аш, қорлықта жүргендер,

Саған көзін тігеді.

Сенен үлкен күш алад,

Жауларымен күрессе,



Арта түсед жігері.
Кремльдің басында,
Қызыл жұлдыз жанып тұр.
Ол елімнің бақыты,

Ұлы Октябрь берген нұр» деген жолдар 1957 жылғы жинақта қысқартылған. Сондай-ақ, «Күн отырған Кремль» деген жол да 1957 жылғы жинақта жоқ.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Ленин орденін алғанда» – Жамбылдың КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы М.И.Калининнің қолынан 1938 жылғы 2 желтоқсанда Ленин орденін алғанда айтқан өлеңі. Жазып алған – Қ.Сатыбалдин. Сол жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 23 желтоқсандағы санында шықты. Ақынның негізгі жинақтарында жарияланып жүр. Өлеңнің: «Замандасым, құрдасым...» деген алғашқы жолынан кейін: «Сталиннің сырласы» дейтін бір жол 1957 жылғы жинақта кездесті. **«Лениндік ЦК штабым»** (*Ленин мен Сталин*, 1957). «Сүйікті анам – Отаным...» деп көп нүктемен аяқталатын өлең «Сені мен ылғи жырлаймын» деген 1957 жылғы жинақтағы бір жолмен толықтырылды.

«Конституцияның екі жылдығына» – Жамбыл бұл өлеңді Мәскеуде атап өтілген КСРО Конституциясының екі жылдығына орай шығарған. Жазып алған – Қ.Сатыбалдин. 1938 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 23 желтоқсандағы санында шықты. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді.

«Социалистік Қазақстан тойына» – Жамбыл бұл өлеңді 1938 жылы 24 желтоқсанда айтқан. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. «Социалистік Қазақстан» газетінің бес мыңыншы санының шығуына орай айтылған. «Социалистік Қазақстан» газетінің 24 желтоқсандағы санында берілді. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңге текстологиялық салыструлары жүргізу барысында айтарлықтай айрмашылықтар кездесті.

«Күнде оқимын өзінді,

Қадап кәрі көзімді» деген екі жол 1940 жылғы жинақта бар. 1957, 2014 жылғы жинақтарда кездеспеді.



«Сенің әрбір бетіңнен,
Көрем елім өмірін» деген екі жол 1940 жылғыда жоқ.
«Сенің жазған сөздерің,
Шындығы біздің өмірдің» деген қос жол 1940, 1957 жылғы
жинақтарда бар, 2014 жылғы жинақта жоқ.
«Асыл құрал алмастай.
Менің сұлу өмірім
Толқындаған теңіздей.
Ортасында нұр шашып –
Тұрған алтын жартастай,
Біздің елде баспасөз» деген алты жол 1957, 2014 жылғы жи-
нақтарда кездеспейді.
«Біздің елде баспасөз,
Шындықтың үлкен құралы.
Біздің елде баспасөз,
Ылғи шындық айтады» деген шумақтың соңғы екі жолы 1957
жылғы жинақта жоқ, 1940 жылғыда бар. Ал 2014 жылғы жинақ-
та шумақ түгел жоқ. Сонымен бірге «Айтар сөзі халыққа» деген
жолы да 1940 жылғы жинақта жоқ.
«Большевиктік баспасөз,
Күрес ашып жаулармен,
Бақытты өмір құрады» деген үш жол 1957 жылғы жинақта
жоқ.
«Газетім сенің тойыңа,
Құттықтау сөз айтарда»,
«Шындығын айтып өмірдің,
Оқысын көп өзіңнің
Көңілі соқыр жан болса,
Таныт оған өмірді.
Оят сана-сезімін,
Мұнан да әлі көп жаса!
Елімізде шығатын» деген жолдар 1940 жылғы жинақта бар.
Ал 1957, 2014 жылғы жинақта жоқ. Осы өлең жолдарында-
ғы «*Большевиктік* баспасөз» деген жері 1940 жылғы жинақта



«Сталиндік баспасөз», «Күрес ашып жаулармен» деген жері «Күрес ашад жаулармен», «Газетім сенің тойыңа» деген жері «С.Қ.» сенің тойыңа», «Құттықтау сөз айтарда» деген жолы 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Құттықтау сөз сөйлерде» деп берілген.

Өлең 1940 жылғыда: «Сталиннің тілі бол!» деп аяқталса, 1957 жылғы жинақта бұл жол қысқартылған. Бұл арнау өлең 2014 жылғы соңғы жинақта 22 жолдан тұрады, ал 1940, 1957 жылғы жарияланымдарымен текстологиялық салыстыру кезінде жалпы 43-жол екені анықталды.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мал өсірген аймаққа» – Жамбыл 1938 жылы 25-29 желтоқсанда Алматыда озат малшылардың республикалық съезіне қатысады. Съездің үшінші күнгі жиналысында айтқан құттықтау өлеңі. Жазып алған – Ә.Тәжібаев. «Социалистік Қазақстан» газетінің 29 желтоқсандағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің: «Партияның арқасы!» деген жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Сталиннің арқасы», «Партияның атына» деген жері «Сталиннің атына» деп берілген, ал бірінші жол 1957 жылғы жинақта жоқ және «Жырлаған, жырлайд жырларын!» деген соңғы жол 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

«Заман» – Бұл Жамбылдың 75 жылдығына арналған тойы ашылған күні айтқан өлеңі. Өлең ӘӨИ 161-бумада кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкада терілген. Қара қарындашпен «1938» деп жазылған. Қолжазбаның сақталуы жақсы. Өлеңнің: «Мұндай енді көрмедім» деп аяқталатын 96-бетінен кейін 98-бет басталып кетеді. Өлең архив беті бойынша 94-бетте. «Жазып алған Тайыр Жароков» деп көк сиялы қаламмен өзге біреу жазған. Себебі оның жанына көк сиялы қаламмен «Мен жазбадым» деп Т.Жароков қолын қойыпты. Өлең ӘӨИ 161-бумадағы:

«Есітпедім, білмедім,
Ұлым, қызым, ей, халық!
Комсомолым, сендер,
Қызғалдығым – шешегім.



Ел басқарған көсемім,
Ел ақыны шешенім.
Тойларыңды бастайын,
Хан билеген қанды күн,
Қайғылы күн, зарлы күн,
Шыңғыс хан,
Әбілқайыр, Жәнібек,
Аяғы соның көп сұлтан,
Көрген кезде қыспағын,
Қорқыт деген кім еді,
Қуумен (... оқылмады) жүр еді.
Дүние кезіп қашумен
Өмір сақтау тілері.
Ондай қашқан Қорқыт жоқ,
Ол халықтың жыры еді.
Өлім болып қан құсқан,
Қашып жүрген ел еді.
Ел әулие болмаса,
Өз тұрмысын сол күнгі
Қорқытқа неге тенеді.
Асан қайғы, Жиреншем
Болды ма, жоқ па кім білсін.
Тоқымдай жерден қорығып,
Көздей (*оқылмады*) көрінсе,

Алдына алып әлпештеп» деген жолдармен толықтырылды.

Ал ЖМҚ («Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқасы») деп аталатын бумадан өлеңнің толық нұсқасы кездесті. Бұл нұсқа бұрын-соңды ешқандай жарияланымдарында жарық көрмегендіктен, өлеңге редакциялық жұмыс жүргізілмеген. Сол себепті өлеңде кездесетін:

«Қос іздеп кетпеген
Шырқ айналып дүниені

Олар міндей Өтеген» деген, т.б. түсініксіздеу жолдарды түзетпей қолжазба негізінде сол қалпында бердік. Себебі, ақын



өлеңдерінің табанда суырыпсалып айтқан нұсқаларына мысал болсын деп ешбір өзгертулер енгізбедік.

Кеңсе қағазына латын әрпінде машинкада басылған. Жазып алған – Тайыр Жараков. Жылы белгісіз. Архив беттелуі бойынша 221-бетте. Қолжазба жақсы сақталған. Өлеңнің осы нұсқалары бұрын еш жерде жарияланбаған.

Бұл жинаққа өлең алғаш рет ЖМҚ-дан («Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқасы») алынып ұсынылып отыр.

1939

«Жаңа жыл» – Жамбылдың жаңа жыл алдында айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1939 жылы 1 қаңтарда «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің соңғы екі жолы: «Домбыраның пернесін, Жамбыл бір құлаш сермесін!» деп аяқталады. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да, 1939, 1940, 1941, 1957 жылғы жинақтарда:

«Жамбыл да күндей жарқырап,

Жырым бір құлаш сермесін!» деп бітеді. Осындағы «Жырым бір құлаш сермесін» деген жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1940, 1957 жылғы жинақтарды «Жырмен бір құлаш сермесін» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Орындалған ант туралы жыр» – Жамбылдың В.И.Лениннің қайтыс болғанына 15 жыл толуына орай айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы 21 қаңтардағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланған. 1940 жылғы жинақтағы «Жыл жарды ма жерінен?» деген өлең жолы 1957 жылғы жинақта: «Гүл жарды ма жерінен» деп берілсе, ал 2014 жылғы жинақта кездеспейді.

«Деп еді, – Ленин, – ұлы антын

Орындады Сталин!

Жиһанды интернационал



Туын берік ұстадың.
Деп еді, – Ленин, – ұлы антын
Орындады Сталин!
Өсиет еткен өлерде,
Ленинің көп нұсқауын
Құрыштай қыран ұлы антын

Орындады Сталин!» деген жолдар 1940, 1957 жылғы жинақта бар. Өлеңдегі: «Лениндік ЦК – штабым» деп бірнеше рет кездесетін жолдар ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да, 1939, 1940, 1941, 1957 жылғы жинақтарда кездеспейді.

«Ұлы Ленин алыбы,
Ленинше туды ұстаған,
Ленинше елді бастаған
Бүгінгі Ленин Сталин

Жарығымның жарығы!» деген бес жол 1957 жылғы жинақта жоқ. «Компартия – көсемім» деген жол 1940, 1957 жылғы жинақтарда «Ленин менен Сталин», «Жалыннан күшті бір отсың» деген жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Екі алып күшті бір отсың», «Өзіңнен» деген сөз ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Сендерден» деп берілген.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Егіс жыры» – Жамбыл бұл өлеңді 1939 жылы 29 қаңтарда көктемгі егіске әзірлікті көрген кезде айтқан. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. 1939 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 9 ақпандағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді. 1957 жылғы жинақта тақырып «Егістіктің бітік шығуы» деп берілген. Өлең «Қырағы бол ұғына!..» деп аяқталады.

2014 жылғы жинақта жоқ:

«Ау, колхозым, колхозым!
Ауқатты болған дер кезің,
Үкімет пен партия

Сүйікті сенің оң көзің» деген төрт жол ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқалары»), 1957 жылғы жинақта кездеседі. Сондай-ақ:



«Колхозшыны сүйеді
Халық ырысы Сталин.
Орында елім егісті,

Сталиннің нұсқауын» деген төрт жол да ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар.

Өлең жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Отанымның батырларына**» – Кеңес Армиясы мен Соғыс – Теңіз флотының мерекесіне орай толғағаны. Жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1939 жылы 23 ақпан күні «Біздің дәуіріміздің батырлары», ӘӨИ 159-бумада, 1940, 1957 жылғы жинақтарында «Біздің дәуірдің батырлары» деген тақырыппен, ал кейінгі жинақтарында «Отанымның батырларына» деген атпен жарияланған. Өлеңнің:

«Ер Рүстем, Дастанды,
Сұраншы батыр, Өтеген
Жауына оқтай төтеген.
Селебелі, сауытты
Көргем батыр Саурықты,

Жау қамалын бітеген» деген жолдары ӘӨИ 159-бумада, 1940 жылғы жинақтан кездесті, ал 1957, 2014-те жоқ.

«Ол бір кезде халықта
Ұмтыларға шама жоқ,
Қарленсе де хан патша,
Жайнаған қара халыққа
Заман ақыр болған жоқ.
Әуеден Иса түскен жоқ,
Жерде Мәді жүрген жоқ,
Қара халық алайда
Сол бір сұмырай заманда,

Бүйірі шығып көрген жоқ» деген жолдар да ӘӨИ 159-бумада, 1940-та бар, ал 1957, 2014-те жоқ. Өлең осы шумақтармен толықтырылды.

«Ұрыс шығар мияттан» деген бір жол 1940-та бар, 1957-де жоқ. «Ленин менен Октябрь» (Сталин, 1940, 1957);



«Ауыздықпен алысты» (алысқан, 1940) деген жолдарда өзгешелік кездесті. Ал «Қамал алғыш қайратты, Әскерлерім айбынды» деген екі жол 1940-та жоқ. «Күн нұрын алған халқы бар» деген жол 1957-де жоқ. «Ерлерімнің даңқы (анты, 1940) бар!»; «Менде Октябрь (Сталин, 1940) нұры бар» болып өзгертілген жолдар 1957 жылғы жинақта қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Тарас» – Жамбыл бұл өлеңді 1939 жылы Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченконың туғанына 125 жыл толу мерекесіне арнап шығарған. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Жинақтарында жарияланып келеді.

«Мен есіттім *жырларын*» (*жырлаған*, 1940, 1957) болып өзгертілсе,

«Ойға бір шомып ойласам,
Зарлатқан оны зар заман,
Тұсауын салып құлдықтың,
Билеген патша зар заман,
Қол-аяғын кісендеп,

Байлатқан оны зар заман» деген жолдар 1940, 1957 жылғы жинақтарда кездесті. 2014-те жоқ. Осы кітапта бұл бір шумақ толықтырылды. «Айдатқан оны *тар* (зар, 1940) заман»; «Сол бір *өткен* (зарлы, 1940) заманда»; «*Ленин көсем кемеңгер*» (*Ленин менен Сталин*, 1940, 1957); «Алыбым сол (екі, 1940, 1957) данышпан»; «Елді бастап *жеңіске*» (*екеуі*, 1940, 1957) деп өзгертілген. Ал 2014 жылғы жинақта: «Өлсең дағы алыстан» деген жол кездеспейді. Осы жол 1940, 1957-де бар. Өлеңнің «Табыссын дұшпан өліммен!» деген соңғы жолы 1940 жылғы жинақта жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жеңімпаздар съезіне*» – 1939 жылы 10 наурыз күні Мәскеуде ашылған Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының XVIII съезі құрметіне арналған. Ә.Тәжібаев жазып алған нұсқа бойынша «Социалистік Қазақстан» газетінде сол жылдың 10 наурыздағы санында, кейін жинақтарында жарық көрген.



Өлең мәтіндерін салыстыра келе, ондағы кейбір сөз, сөйлемдердің өзгергенін көреміз. Өлеңнің 16-жолы: «Сөйлегенде *партиям*» (Сталин, 1940, 1957) // 25-жолы: «*Советтік* (Сталиндік, 1940) біздің алтын заң» // 28-жолы: «*Партияның* (Сталиннің, 1940) туымен» // 36-жолы: «*Партияның* (Сталин, 1940) туымен // ал 2014 жылғы жарияланымда бар «Теңіздей егін шалқыды» деген 37-жолы, 1940-та да бар, ал 1957-де жоқ. // «Табакқа жая, жал толды..» деген өлең жолы 1940-та бар да, 1957-де, 2014-те жоқ. Бұл өлең жолы осы жинақтың мәтінінде, 39-жол болып берілді. // 2014-тегі өлеңнің 50-жолы (біз жариялап отырған жинақтағы 51-жолы): «*Партияның* (Сталиннің, 1940, 1957-де бұл жолды алып тастаған) туымен» // 2014 жылғы басылымның 66-жолы (осы жинақтағы 67-жолы): *Партияның* (Сталиннің, 1940, 1957-ден алып тастаған) туымен // 2014-жылғы жинақтың 81-жолы (осы жинақтың 82-жолы): «*Компартия* (ұлы Сталин, 1940, 1957) тұр бастап», // 2014-жылғы жинақтың 113-жолы (осы жинақтың 114-жолы): «*Партия* (Сталин, 1940, 1957) туы астында» // 2014-тың 116-жолы (осы жинақтың 117-жолы): «Берейік серт *Отанға*» (көсемге, 1940, 1957). Өлең мәтіндегі өзгерістер жоғарыдағыдай салыстырылып берілді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Еңбек көктемі*» – Жамбылдың колхозшыларға арнап 1939 жылы көктемде шығарған өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Жинақтарында жарияланып келеді.

Өлеңнің латын әрпінде жазылған ОҒК 651-бумадағы тақырыбы «Совет көктемі» деп берілген. Өлеңінің бұдан бұрынғы жарияланымдарында кездеспеген, қолжазба қорда сақталған нұсқасында бар:

«Сүйсіндірген бір көктем,

Тоқсан үшке жеткелі» деген екі жолын жинаққа кіргізіп отырмыз. «Саялаған елім қаз» жолынан кейін «Сталиндей ер берген», 63-жолынан кейін «Ұлы Сталин бейнесі» деген жолдар кездеседі. Бұл жолдар бұдан бұрынғы жарияланымдарында кездеспегендіктен тек түсінікте ғана берілді. Ал 2014-те бар «Көктем күні күйсе нұр» деген жол 1957-де қысқартылған.



Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мұғалімдерге сәлем» – Жамбылдың 1939 жылы 23 сәуірде Алматыда өткен мұғалімдер жиналысына арнауы. Өлеңді жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Сол жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 12 мамырдағы санында шыққан. Негізгі жинақтарында басылып келеді.

Өлең ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940, 1957 жылғы жинақтарында жарияланған. Алайда,

«Кәрі, жасын елімнің,
Тұнығына білімнің,

Жүздірген тау бұлақтай», – деп басталатын үш жолы кейінгі басылымдарында алынып тасталған. Бұл жолдар осы жинақта берілді. 2014 жылғы жинақта: «*Октябрьдің (Сталиннің, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) нұрымен*», – деп өлеңнің 18-жолында берілген. Ал осы жол 1957-де қысқартылған. 2014-тегі өлеңнің 27-жолындағы «Қадірлеп ұлы Сталин» деген жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940 жылғы жинақтарда бар, ал кейінгі басылымдарында қысқартып берген. 2014-тегі өлеңнің 38-жолындағы: «*Октябрьден (Сталиннен, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) нұр алған*», – деген тармағы 1957-дегі жинақтағы жарияланамында алынып тасталған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Май жыры» – Ақынның мейрам алдындағы арнауы. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1939 жылғы 4 мамырдағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді.

2014-тегі өлеңнің 64-тармағындағы: «Партиямның – данамның» деген жолы 1957-де қысқартылған, ал 65-жолындағы «*Жеңісі (саулығы, 1957) үшін, балаларым*» деп берілген. 2014-те бар «Советтік мына заманда» деген жол 1957-де қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жеңіс жыры» – Кеңес әскерінің Жапония басқыншыларына Халкин-Гол көлі маңында тойтарыс беріп, жеңгеніне



арнап 24-шілде күні айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. «Заманымыздың батырлары» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде 9 тамыздағы санында шықты. Ақын жинақтарында жарияланып келеді.

ӘӨИ 159-бумада, 1940 жылғы жинақта: «Қиыршығыстағы қызыл тулы майданның айбынды жауынгерлері мен коммунистеріне арналған» дейтін аңдатпасы бар. Бұл аңдатпа кейінгі жарияланымдарында қысқартылған. Сол қысқартылған жолды түсінікте беріп отырмыз.

2014-тегі өлеңнің «Социалистік (Сталиндік, 1940) заманда» деген жолы 1957-де алынып тасталған. «Лениннің (Сталиннің, 1940) ұрпағы», – деп жазылған жолы да 1957-де қысқартылып берілген. 2014-тегі жарияланымында бар:

«Көгі болса көгінде,
Жері болса жерінде,
Ерлік үшін ант берген

Еңбек сүйгіш (Сталиндік, ӘӨИ 159-бумада, 1940) еліне, – бір шумақ 1957-де қысқартылған.

2014-тегі жинақта жарияланған өлеңнің 119-жолындағы: «Қарғылы фашист (сұм, 1940) төбеттер», 144-жолындағы «Самурай жендет (шошқа, 1940) немені» сөздердің орны әр жылғы жарияланымдарда өзгеріске ұшырап отырғанын көреміз.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мал өсірушілерге» – Жамбыл 1939 жылы 25 шілдеде Алматыда өткен озат малшылардың республикалық кеңесінде айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Бақыт жыры» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1 қыркүйектегі санында шықты. 1955 жылғы жинағынан бастап жарияланып келеді. Бұл өлеңнің 2014-тегі жарияланымындағы: «Берген Ұлы Октябрь...», – деген 57-жолы 1957-де қысқартылған.

«Халық қазынасы» – Жамбыл бұл өлеңді 1939 жылы 1 тамызда Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылу қарсаңында 28 шілде күні айтқан. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 1 тамыздағы санында берілген. Жинақтарында



жарияланып келеді. Өлеңнің 2014-тегі «Әскерге асыл ат берген» дейтін 55-жолынан кейінгі екі тармағы, яғни 56-57-жолдардағы:

«Сталиннің саясы,

Сталиннің аясы..», – деген тармақтары ӘӨИ 159-бумадағы нұсқасында жоқ. Өлеңнің:

«Бізге осындай бақ берген», – деген жолы ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-тағы жарияланымында бар, 1957-дегі жарияланымында жоқ.

2014-тегі жарияланымында төмендегі шумақтар кездеспейді. ӘӨИ 159-бумадағы нұсқасында да жоқ. Ал ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1957-де бұл шумақтар жарияланған.

«Біздің елдің егісі,
Еңбегінің жемісі.
Бітік шығып жайнаған,
Украина елінен,
Қара топырақ жерінен,
Ойы менен қырдағы
Алтындайын бидайы,
Жетіле пісіп желкілдеп,
Қырманына сыймаған.
Қырда болат комбайн
Өзі орып, өзі жинаған;
Алтайдан алтын алынды,
Балқаштан мыс қазылды.
Қарағанды көмбесі
Тас көмір боп алынды.
Анау жатқан Ембіден
Мұнай көлдей ағылды»

деген жолдар мәтіндегі «Аруана жүр ойнақтай» тармағынан кейін беріліп отыр.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Қаны бір бауырларымызға» – Жамбыл бұл өлеңді 1939 жылы қыркүйек айында Батыс Украина мен Батыс



Белоруссияның ССРО-ға қайта қосылуына арнап 26 қыркүйек күні шығарған. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 3 қазандағы санында шықты. Жинақтарында жарияланып келеді.

2014-тегі «Торға түскен қалыпты» (*торғайдай*, 1940, 1957) деген жолынан кейінгі: «Оқ астында қалыпты» деп келетін бір тармақ жоқ, ал осы тармақ 1940, 1957-де бар. 2014-те бар «Асу бір жатқан бел ед деп» 1940-та жоқ. «Лениннен (Сталиннен, 1940, 1957) үйренген...», «Компартия (Сталин атты, 1940) данасын!» 1957-де жоқ, «Отан (Сталин, 1940, 1957) үшін, халық үшін» болып өзгертілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Әбілқасым...**» – Жамбылдың ауылдас інісі Әбілқасымға айтқан экспромпты. Жазып алған – Т.Жароков.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Кәрілік**» – Жамбылдың 1939 жылы қазан айында Ғали Орманов хал-жағдай сұрағанда айтқаны. Жинақтарында жарияланған. 2014-тегі «Сыр білдірмей, сұрамай» деген жол ауысып түскен. ӘӨИ 160-бума мен ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм»):

«Не көрсетіп тонамай,

Сыр білдірмей сұрамай

Мүшенді алған біріндеп» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Отан үшін**» – Бұл өлеңді Октябрь мерекесінің қарсаңында шығарған. Әдеби хатшыларының айтуы бойынша «Екпінді құрылыс» газетінің 1939 жылғы 6 қарашадағы санында шыққан. 1955 жылғы жинағынан бастап кітаптарында беріліп келеді.

ӘӨИ 161-бумада «Отан үшін жан пида» деп берілген. Өлеңнің:

«Ол – Ленин (Сталин, ӘӨИ 161-бума) данышпан,

Парасатты (Сталиндік, ӘӨИ 161-бума) ғасырда, «Жырдың шырын (жыл, ӘӨИ 161-бума) қаймағы» – деген өзгерістер енгізілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Октябрь толғауы*» – Жамбыл бұл өлеңін Октябрь революциясының 22 жылдығы қарсаңында 1939 жылғы 23 қазан күні шығарған. Жазып алған – Ғ.Орманов. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 7 қарашадағы санында, жинақтарында жарияланған.

2014-тегі өлеңнің басқы үш жолы:

«Домбырамды қолға алсам,
Айналама көз салсам,

Ағыл-тегіл жыр келер» деп басталатын алғашқы тармақтары ЖМҚ-дағы («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») қолжазба дәптерінде сызылып тасталған.

«Айдаладай ажарсыз» деген жол, ӘӨИ 160-бумада, 1940-та жоқ. «Көшті *ілгері керуен*» деген ӘӨИ 160-бумада «Көшті бірге елменен» деп көк сиямен өзгерткен.

«*Партия (Сталин, 1940)* бастап халықты,

Күннен-күнге өрлеген» дейтін екі жол 1957-де жоқ. Ал 47-жолдағы «Кензесі тоймаса» деген жол ӘӨИ 160-бумада, 1940-та бар, 1957-де жоқ. 2014 жылғы жинақта да кездеспеді. Өлеңдегі 56-жол «*Ленин (менен Сталин, 1940, 1957)* дана іңкәрім», «Бақытты біздің жердікі» деген жолдан кейінгі 88-жол, яғни «Украина, Белорус!» дейтін бір жол ӘӨИ 160-бумада, 1940, 1957-де жоқ. Өлеңнің 93-жолындағы «Жамбыл қарттың *сиына*» (*ойына* ӘӨИ 160-бума, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940), 104-жолдағы «Ұраным боп *Октябрь*» (*Сталин, ЖМҚ* («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) тармағы 1957-де жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Иісті майға*» – Жамбыл 1939 жылы 9 қараша күні Алматыда өткен халық ақындарының республикалық слетіне жүрер алдында Ғали Ормановқа қалжыңдап айтқан өлеңі. Жинақтарында жарияланып келеді. «Жамбыл қайта жасарып жігіт болмас» деген жолдан кейінгі: «Жағасын неше қайта майлағанмен» дейтін екінші жол ӘӨИ 160-бумада жоқ.

«*Үндеу*» – Жамбылдың 1939 жылғы 10 қарашада Алматыда өткен халық ақындарының республикалық слетінде айтқан



өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы 12 қарашадағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді.

ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар:

«Адамзаттың ардақты ұл –

Туғанына алпыс жыл», – деген тармақтар кейінгі басылымында кездеспейді. «*Шабыт беріп (толғанында, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) толғантып», «Партия (Сталин, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) боп ұраным», «Баққа туған күн көсем»* деген жол ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар. Ал «Бақыт берген партия» деген тармақ ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та жоқ. «Данышпаным партия!» (Сталин, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940), «Жасағанда алпыс жас» деген жол ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар, 2014 жылғы жинақта жоқ. «Сталиннің тойына, жырдан шашу шашам деп» (ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар) деген жол да 2014-те жоқ. «Партияға (Сталинге, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) арналсын!» жолдарындағы сөздердің өзгеріске түскені байқалады.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Біздің Киров»* – Жамбылдың Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің ірі қайраткері С.М.Кировтің қайтыс болуының бес жылдығына орай шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы 1 желтоқсанындағы санында шыққан. Ақын жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің: «Лениннен алған күшімен» деген жолынан кейінгі: «Сталиндік ісімен» дейтін тармақ ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940 жылғы жинақтарда бар, 2014-те жоқ. «Сталиндік саясын» тармағы да 2014-те жоқ. ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының



негізгі нұсқасы»), 1940-та бар, 1957-де жоқ. «Лениншіл алғыр қыранның» (Ұлы Сталин алғыр қыраның, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940), «Компартия штабы» (Қыран ағаң Сталин, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) өзгеріске түскенін көреміз.

«Сталиннің ұрпағы,

Жаудың шебін қырқады» деген екі жол ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар. 1957, 2014-те жоқ. Ал 2014-те бар «Ісін халқым ұнатты» тармағы 1957-де жоқ.

«Ұлы Ленин (Сталиннің, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) ұрпағы // Қарап көзің жетпейді» деген екі жол 1957-де жоқ. «Сталин көсем тұрғанда» деген бір жол ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940-та бар. Ал 1957, 2014-те жоқ.

«Жау қорқады дірілдеп...

Ел белі қайтіп бүгілмек» деген жолдар ӘӨИ 159-бумада, 1940, 1957-де кездеспейді, 2014-те бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Кекілік ұшып дүр етті...» – 1939 жылы 15 желтоқсанда тауға құс атуға барып құр қол қайтқан Ғ.Ормановқа қалжыңдап айтқан экспромпт өлеңі. Жинақтарында жарияланып келеді. Жамбыл мұражай қорындағы нұсқада: («Оригиналы стихов и поэм») «Секретарь Орманов саятқа шығып, ештеңе ата алмай келгенде, Жамбылдың айтқаны» деген анықтама бар. Өлеңдегі: «Кешке ауылға құр жетті...» деген жол ӘӨИ 160-бумада жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жаһанда жоқ теңіміз» – Жамбыл бұл өлеңді хатшыларының айтуы бойынша 1939 жылы желтоқсан айында шығарған. Жазып алған – Т.Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 21 желтоқсандағы санында шығып, жинақтарында «Сталин» атымен жарияланған. ӘӨИ 159-бумадағы тақырыбы да «Сталин» деп жазылған. Кейінгі жинақтарында қысқартылып берілді. Өлеңнің «Жүрегімен жайнаған?» деген жолы ӘӨИ 159-бумада «Болып нұры жарықтың» деп жазылған. Мәтінде



әуелгі тармағы қалдырылды. Өлең «Жиһанда жоқ теңіміз!..» деп аяқталады. Ал ӘӨИ 159-бумадағы:

«Батыстағы біздің дос
Украина, Белорус,
Бұғауын үзіп паңдардың.
Ері болып майданның,
Сталин атын ұрандайд,
Фин халқы көріп майданды,
Қуып жібер байларды,
Сталинді ту қылып,
Сталин салтын ұрандайд;
Қытай, Монғол елі де,
Сталин атын атаса,
Қуанбайын тұра алмайды!
Алпыс жасты жасаумен
Асқарлаған Сталин!
Жасымен бірге қайраты
Аспандаған Сталин!
Ешбір жаудан, қамалдан
Жасқанбаған Сталин!
Ақ қылыштай қайралған,
Жігіт болып жайнаған,
Жетті жаңа жасына;
Жалғыз тал ақ кірмеген,
Оның қара шашына.
Жігіт демей не дейін –
Жамбылдың жарты жасында;
Сталиннің нұрынан
Жасарып қайта жаралған,
Қуатым, жырым әлі жас,
Тоқсаннан асқан жасымда.
Ол алпыс жыл бойында,
Етті еліне еңбегін,
Таң нұрына шомылып,



Төкті елге еңбегін;

Айта берсем тіл жетпес,

Еліне бақыт бергенін,

Ұшан-теңіз халқымнан» деген жолдар түгел қысқарып кеткен.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Жыр арқауы**» – Жамбыл бұл өлеңді 1939 жылы желтоқсан айында шығарған. Өлеңді жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 1 қаңтардағы санында шыққан, 1955 жылғы жинағынан бастап жарияланып келеді. ЖМҚ-дағы («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») қолжазбасында өлеңнің тақырыбы «Жырдың жаны» деп жазылған. Басқа өзгешелік кездеспейді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Тұрапқа**» – Жамбылдың туысы колхоз бастығы Тұрап Мыржиев 1939 жылы 26 желтоқсан күні шаруашылық мәселесімен Алматыға барып қайтқанда айтқан экспромпт өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді.

ӘӨИ 160-бумада өлеңнің тақырыбы «Тұраптан сұрау» деген атпен жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

1940

«**Қалмақанға**» – Жамбылдың әдеби хатшысы Қ.Әбдіқадіровқа айтқан өлеңі. Алғаш 1982 жылғы жинаққа берілген. 2014 жылғы жинақта да жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Оспанбайға**» – Жамбылдың ауылдасы Оспанбайға айтқан өлеңі. Жазып алған – Қ.Әбдіқадіров. Алғаш 1982 жылғы жинаққа берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Төлегенге**» – Жамбылдың туысы ауылдық кеңес төрағасы Төлеген Ахметжановқа айтқаны. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді.



Өлең тақырыбы 1957-де «Сыртың сұлу болғанмен» деп, ал 160-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») «Кербез жігітке» деген атпен берілген. Өлеңде: «Бүйте берме, *колхозшы*» (*шырағым*, 1957-де, 160-бума), «*Деп жүрмесін (Әсіресе елге, 1957-де, ӘӨИ 160-бума, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»)* бүліксің!» деген түзетулер кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Менің мініп келгенім...*» – Жамбылдың ауылдас туысы Төлеген Ахметжановқа айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Алғаш 1982 жылғы жинақта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Арқаның арқауы*» – Жамбылдың 1940 жылы ақпан айының басында Ақмола – Қарталы жолының пайдалануға берілуіне байланысты шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Алғаш «Лениншіл жас» газетінің сол жылғы 8 ақпандағы санында шыққан. 1955 жылғы жинағында өлең «Ақмола – Қарталы жолында» деген атпен жарияланған.

Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 161-бумада «Арқаның арқары» деп берілген. Өлеңнің 2014-тегі 14-жолы «*Лениндік (Сталиндік, ӘӨИ 161-бума) ұрпағым*» 1957-де жоқ. Өлеңнің 28-жолындағы «*Өз көзіммен (Сталин көзбен, ӘӨИ 161-бума, 1957) көргенде*», ал осы жолдан кейін «Арқадағы ел үшін» деген 1957-де бар бір жол, кейінгі басылымдарда қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Рахымбайға*» – Жамбылдың денсаулығын қарап тұратын дәрігер Рақымбай Досымбековке айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. 1982 жылғы жинағында алғаш жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Мыржыға*» – Жамбылдың 16 ақпан күні ауылдас туысы Мыржы деген кісінің үйінде отырғанда айтқан өлеңі. Бұл екі шумақ эпиграмманың ЖМҚ-дағы («Оригиналы стихов и поэм») латын әрпінде терілген нұсқасында өлеңнің астына «Мыржы Жамбылдың жақыны. Қарт адам. Соның баласы әйелінен айырылып, біраз бойдақ жүрген» деген сілтеме берілген. Мұндағы



Мыржының баласы Тұрап сол ауылдағы колхоздың бастығы болған. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді. Жамбылдың сыни-сатиралық өлеңдерінің бірі. 1957-де өлеңнің тақырыбы «Балаң бойдақ жүр ме әлі ала қыстай» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Болат тонды батыр**» – Жамбылдың 1940 жылғы ақпан айында финдердің басқыншылығына тойтарыс берген совет жауынгерлеріне арнап шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 23 ақпандағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді.

ӘӨИ 159-бумада, 1940 жылғы жинақта: «Отанымның геройларына, Ленин қаласының даңқты қорғаушыларына, Фин халқын азат етушілерге, Ленин соғыс округінің жауынгерлеріне және қызыл тулы Балтық плотының қызыл плотшыларына осы жырымды арнаймын» деген аңдатпа сөз бар. Бұл аңдатпа кейінгі жарияланымдарында қысқартылған.

Өлеңнің:

«Кремльде Сталин

Отан қамын ойлаған.

Отанды сүйсең сондай сүй,

Ел шолпаны ол орнаған» деген 1940-та бар төрт жолы 2014-те жоқ.

Ал «Кремльде Сталин

Отан қамын ойлаған.

Отанды сүйсең сондай сүй.

Ел шолпаны ол орнаған..

Партияның атымен

Қызыл ерлер майданды

Күшейтті де, талқан ғып

Женді талай жауларды!» деген жолдар 1957-де қысқартылған.

«Фин халқының бағы үшін,

Аямаған бар күшін,

Ұлдарымның таласы» деген ӘӨИ 159-бумада, 1940-та бар осы үш жол 1957-де қысқартылған. Осы жинақта бұл үш жол өлең толықтырылып берілді.



«Тудырар ма мұндай ер,
Өсірер ме мұндай ел.
Сталиннен өзге адам!
Сталиннің атынан

Күшімен кіл батырым» деген бес жол 1940-та кездеседі. Ал, кейінгі 2014 жылғы жинақта жоқ. Бұл өлең жолдары:

«Біздің елдің батыры,
Болат тонды, қуатты, –

Мұнан батыр озбаған!» деп аяқталады. Мұндағы бірінші жол 159-бумада (ӘӨИ), 1940-та жоқ. Ал осы үш жол және оның алдындағы жоғарыдағы бес жол (барлығы 8 жол) түгелдей 1957-де қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Тезекбайға**» – Жамбылдың кенже баласы Тезекбайдың шаруаға ебінің жоқтығын сынап айтқаны. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Большевиктер тобына**» – Жамбылдың 1940 жылы 16 наурыз күні Қазақстан Коммунистік партиясының III съезінің ашылуын құттықтап айтқан өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Өлең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 17 наурыздағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл өлең туралы ӘӨИ 159-бумада, 1940-та: «Үш орденді халық ақыны Жамбылдың Қазақстан большевиктерінің III съезін құттықтап айтқаны» дейтін анықтамасы бар. «Большевигім тобына!» (ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940, 1957.), 2014-те «Оза шауып жүлде алған» деген жолдан соң «Сталиннен үлгі алған» дейтін жол кездеспейді. Бұл тармақ ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940 жылғы жинақтарда бар. «Жерді қазып ін салған» деген жол ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар. Кейінгі жарияланымдарда қысқартылған. «Компартия (ұлы Сталин, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), ОҒК 651-бума 4-дәптер, 1940) кеменгер».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Жанқұттыға*» – Жамбылдың 1940 жылы 24 наурыз күні халін сұрап келген ауылдас ағайыны Жанқұтты деген кісіге айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл өлеңнің тақырыбы 1957-де: «Көп жүріп, жеттік ақыр – аш кезеңге». Ал 160-бумада «Жанғұттымен әңгіме» деп берілген. Сондай-ақ өлеңнің алдында «Қалай, күйлі-қуаттысыз ба? – дейді алыстан іздеп келген Жанғұтты деген шал. – Жаман емес-ау, – дейді Жамбыл» деген сөздер бар.

Өлеңнің 160-бумадағы нұсқасында: «Көп жүріп, жеттік *ақыр* (*асу*, ӘӨИ 160-бума) – аш кезеңге» деген жолына төмендегідей түсінік берілген. Ашкезең – таудың ең биік басындағы жіңішке жері. Ақын өзінің қартайғанын сондай кезеңге теңейді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Күні туған елім*» – Жамбылдың Батыс Украина мен Батыс Белоруссия өз еркімен туысқан Советтік республика құрамына қосылғаннан кейін онда СССР Жоғары Советінің сайлауы өткізілуіне орай шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 26 наурыздағы санында шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді.

Өлеңнің алғашқы төрт жолынан кейінгі:

«Секілді менің руым,

Өмірдің көрген қиынын» деген қос жолы қысқартылған. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940 жылғы басылымында бар. 2014-тегі өлең тармақтары мен бұрынғы жарияланымдар, қолжазба қорларындағы нұсқаларындағы өзгешеліктер төмендегідей: «Бакыт берген *Ленин*» (*Сталин*, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940), «Ұлы *Ленин* (*Сталин*, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1940) данышпан».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Асау үйреткен жігіттерге*» – Жамбылдың 1940 жылы 1 сәуірде екі тайын үйреткен жігіттерге айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді. 2014-тегі



«Не білім жоқ, еңбек (не өнер, 1957) жоқ» деген жол ӘӨИ 160-бумада «Жүруші едік жұмыс жоқ» деп жазылған. «Жұртқа қадір (сүйкім, 1957, ӘӨИ 160-бума) кеткізіп (кеткіздік, 1957)», ал «Жүрдік пе екен қыз үшін!» деген жол 1957-де қысқартылған. Соңғы «Қылжақпастық құрысын!» дейтін жолы да 1957-де кездеспейді.

«*Тәжібайға*» – Жамбылдың 1940 жылы 4 сәуір күні Алматыда тұратын замандасы Тәжібай деген кісінің үйінде отырғанда айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлең 1957 жылғы жинақта: «Жасымнан атым аян Жамбыл едім» деген тақырыппен жарияланған. Өлеңнің 7-жолындағы ««Ә» (әу, 1957) десем, аузымнан бытырайды», ал 11-жолы «Әнді алған, әр нені (әрімді, 1957) алған сұрамастан».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Маяковскийге*» – Жамбылдың В.В.Маяковскийді еске алуға арналған Қазақстан Жазушылар одағының пленумында 1940 жылы 13 сәуірде айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. 1955 жылғы жинағында «Жыр батыры» деген атпен жарияланған. Негізгі жинақтарында берілген. ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1957-де тақырып «Жыр батыры» деп, жақшаға (Маяковскийге) деп берілген.

«Ол шын сүйген адам ед,

Сталинді – беренді!» деген екі жол ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1957-дегі өлеңдерінде бар. «Қырдан (жырдан, 1957) шыққан өренді», «Коммунизм (Ұлы Сталин, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») жолында», ал осы жол 1957-де жоқ.

«*Түркістің он жылдығына*» – Жамбылдың 1940 жылы 29 сәуірде Түркістан – Сибирь (Түрксиб) темір жолының құрылысы аяқталуына арнап шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1955 жылғы жинағынан бастап жарияланып келеді.

ӘӨИ 159-бумада тақырып «Түріксіб 10», содан кейін «Жер шарын жырмен ораймын» деп, ал ЖМҚ-да да: «Жер шарын жырмен ораймын» деп жазылған. Өлеңнің:



«Ұлы көсем серігі,
Каганович білгілі,

Құрыш нарком қиядан» деген үш жолы қысқартылған. Бұл шумақтар ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») бар.

2014-тегі өлең жолдарының оған дейінгі жарияланымдары мен қолжазба қорларда сақталған нұсқаларындағы өзгерістер төмендегідей: *«Жорғала, жырым, жорғала, (Сорғала, жырым, сорғала, ӘӨИ 159-бума, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»))»*.

Жорғалаған жырымдай. (Сорғалаған, ӘӨИ 159-бума, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»))»

Дөңгелектер доңғала.

Біздің совет адамы (Каганович наркомым, ӘӨИ 159-бума, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»))».

Орайды жердің шеңберін (Ұрар, ӘӨИ 159-бума, ЖМҚ («Оригиналы стихов и поэм»)) болып кездесе, өлең «Тағы да жаңа жол сала...» деген жолмен бітеді. Көп нүкте қойылған. Ал одан кейінгі:

Домбыраны алғанда,
Шырқап әнге салғанда,
Жүйткі поез Мәскеуге,
Мәскеуге барып түскенде,
Сталинге сәлем де!

Оның даңқын жырменен,

Шырқаймын мен де әлемге!» деген жеті жолы қысқартылған. Бұл жолдар ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») бар, шумақтар осы жинақтың түсінігіне беріліп отыр.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Ол заманды мақтаман» – Жамбылдың 1940 жылы 7 шілде күні қазақ халқының бұрынғы өткен өмірін бейнелейтін кинофильмді көргеннен кейін шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1955, 1957 жылғы жинақтарда «Бұрынғы Қазақстан туралы» деген атпен жарияланған. ӘӨИ 159-бумада «Кешегі Қазақстан» деп жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Мектеп балаларына*» – Жамбылдың 1940 жылы жаңа оқу жылы қарсаңында 22 тамыз күні ауылындағы мектептің оқушыларымен кездескенде айтқан өлеңі. «Лениншіл жас» газетінің 1 қыркүйектегі санында «Шәкірт балаларға» деген атпен қысқартылып басылды. Жинақтарында жарияланып келеді.

Өлеңнің ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1957 жылғы жинақтарындағы тақырыбы «Қош келдіңдер!» деп берілсе, ӘӨИ 159-бумада тақырыпты «Мектеп балаларына» деп көк сиялы қаламмен өзгерткен. Ал ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасында «Шәкірт балаларға» деп жазылған.

«Мектеп боп ынтық-әуесі,

Жасынан білім ойлаған» деген екі жол қысқартылған. Бұл ӘӨИ 160-бумада бар, ал ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») жоқ. «*Мәуелеп өскен (мәуелі сендер, ӘӨИ 160-бума бәйшешек)*», «Өмірдің жазын тойлаған» ӘӨИ 160-бумада бар, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») жоқ. «*Ортаңда гүлдеп көркейген*» (*көктеп бойлаған, ӘӨИ 160-бума*).

«Сендерді қоссам жырыма,

Саңқылдап үнім сайраған.

Қазандап кәрі саусағым,

Ішекте бойлап ойнаған.

Мектептен сендер келгенше,

Тағы да бір жыр ойланам.

Келген соң айтып бермесем,

Балалар, кінә қой маған!» деген жолдар ӘӨИ 160-бумада бар. Бұл жолдар өлеңге толықтырылып берілді. Және де өлең осы жолдармен аяқталады, бұл ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») жоқ. «Сталин атаң оқуынан» дейтін бір жол 1957-де бар. 2014-те:

«Сендерді көріп сүйсініп...

Кремльде атаң Сталин

Күлімдеп көзі қарасын!



Маған да қуат құяр бұл
Осыны көрген қарт Жамбыл
Сендерден несін аясын!» деп өлең аяқталады, ал осы жолдар
1957-де жоқ.

Өлеңнің 2014 жылғы жинақтағы:

«Жасарып, көктеп бойлаймын.

«Жәке!» леп салған қолқаңа

Жаңадан жырлар толғаймын.

Жайнаған мынау заманда

Жас болу қандай адамға

Қызық пен бақ деп ойлаймын.

Мектепке тұрған гүмбірлеп

Қуанып ойнап жүгіріп,

Алуға білім барасың.

Көзімді салсам осыған

Көңіліме ойлар саласың.

Ленин бабаң оқуынан –

Сталин атаң оқуынан

Өмірге право аласың.

Сананың ашып көздерін,

Кітаптың білім сөздерін,

Өмірдің талай кездерін

Біліп – ата-ананың

Бұрын талай қиналып

Қынжылумен келгенін

Көріп ойға түйесің.

Мектепте кісі боласың,

Дүрмекке еріп, дірілдеп.

Мектепке бәрің бүгін кеп,

Оқисың, думан саласың.

Томдарын оқып Лениннің

Бұлағына жүзіп білімнің

Сусындап сонда қанасың.

Сендерді көріп сүйсініп...



Кремльде атаң Сталин
Күлімдеп көзі қарасын!
Маған да қуат құяр бұл
Осыны көрген қарт Жамбыл
Сендерден несін аясын!» деген жолдары түгелдей ӘӨИ
160-бумада жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Әлемде бір жұлдыз бар» – Жамбылдың Қазақ ССР-нің құрылғанына 20 жыл толу мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков пен Ғ.Орманов. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 6 қарашадағы санында, 1946, 1955 жылдардағы жинақтарында жарияланған. 1982, 2014 жылғы жинақтарында:

«Қайда барсам қамығып,
Қабағын ашпай жабығып,
Үдере көшкен ел көрдім.
Жол торабын жоғалтқан
Көрдім өмір керуенін.
Жұлдызбенен жол жүріп,
Жәрдем күтіп аспаннан,
Жалбарынып сасқаннан,
Көргем көкке сенгенін.
Қамалғанға жол табар,
Қандай қайрат қолда бар.
Үдере көшкен елменен
Мен де бірге сенделдім.
Жас жалындай күнімде
Өлең болып тергенім,
Зарын айтты осы өлең
Жапа шеккен елдердің.
Таудың басын бұлт шалып,
Құлазып дала қуарып,
Жұрт жығасы жығылды,
Қандай жорық қуырды,
Соқпағында сол күннің



Не теперіш көрмедім» деген жолдар кездеспейді. Ал осы жолдар 1957-де бар. Бұл жыр жолдары жинаққа толықтырылып берілді.

Өлеңнің «Өмір тұрқын бір болжап» деген жолынан кейін: «Нелер түсіп ойына» деген бір жолы қысқартылған. Бұл ӘӨИ 159-бумада бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мен бір биік бәйтерек» – Жамбылдың Қазақстанның жиырма жылдық тойы қарсаңында шығарған өлеңі. Жазып алған – Т.Жароков. 1955 жылғы жинағында жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Бақыт заңы» – Жамбыл бұл өлеңді хатшыларының айтуы бойынша 1940 жылы Латвия, Литва, Эстония республикаларында СССР Жоғары Советінің сайлауы өтуіне байланысты 30 қараша күні шығарған. Алғаш 1955 жылғы жинағында жарияланған. ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да: («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Бұл заң елдің бағы үшін» деп беріліп, өлеңнің жоғарғы жағына «Бақыт заңы» деп қарындашпен жазған. Өлеңнің:

«Латвия, Литва,
Карелофин халқы да,
Бессарабия ұлты да,
Украина, Белорус,
Буковина жұрты да.
Советтік алтын заңымды
Қолдаған да самғаған» деген жолдары мен
«Ағарғанша сақалым,
Аузымда алтын мақалым.
Заң мен таңды жырласам,
Ленин атын атадым

Сол үшін Жамбыл сайраған» деп бітетін соңғы бес жолы 1957-де қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Тауда» – Жамбылдың 1940 жылы тау етегіндегі жайлауға көшкенде шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов.



Жинақтарында жарияланып келеді. 1957-де тақырыбына «Мен бір шал тоқсан жасты құрдас еткен» деп өлеңнің бірінші жолы алынған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Абайдың суретіне*» – Жамбылдың 1940 жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 95 жыл толуына байланысты өткен Қазақстан Жазушылар Одағының мерекелік пленумына қатысып отырып, залдың төрінде ілулі тұрған суретке қарап айтқан өлеңі. Жазып алған – Ғ.Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді.

Өлең үш шумақ. Осы он екі жол өлеңге өзгертулер, түзетулер жасалған. «Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған» деген жолдан кейінгі: «Өр Абайдың төтеген кім бетіне» деген алғашқы шумақтың соңғы жолы ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасында: «Қарсы келер Абайдың кім бетіне?» деп берілген. Ал «Арғын, Найман сөзіне таңырқаған» деген жол Жамбыл мұражай қорындағы нұсқада және 1957 жылғы жинақта: «Қол бастар ер, ел сүйген ақын болған» деп жүр. Енді соңғы шумақтың үшінші жолы «Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей» деп ақынның әр жылғы жинақтарында жарияланса, ЖМҚ-да, 1957-де: «Сол тереңге ешкімді үңілте алмай» деп жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жүрек неге соғады...*» – Жамбылдың денсаулығын қараған екінші дәрігер Р.Досымбековке айтқан өлеңі. Жинақтарында беріліп келеді. 1957-де тақырыбы: «Жүрек неге соғады өрге қарап?» деп берілген. Өлеңді жазып алған – Ғ.Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Дәрігерлерге*» – Алматыдан келген дәрігерлерге айтқан өлеңі. Жинақтарында жарияланып келеді. 1957-де өлеңнің тақырыбы: «Шақырған жоқ сендерді Жамбыл жайға» деп жарияланған. Жазып алған – Ғ.Орманов.

Өлеңнің: «Әркім өзін емшілмін деп ойлайтын» деген үшінші жолы ЖМҚ-да, ӘӨИ 160-бумада, 1957 жылғы жинақта: «Әркім өзін жершілмін деп ойлайтын» деп берілген.



Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Кедей көтеріліп қырда жүр...» – бір шумақ өлең алғаш 1989 жылы «Дастан ата» жинағында берілген. 2014-ке 1996 жылы шыққан екі томдықтағы мәтін бойынша берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Қизаш қас» – Өлең Ғ.Ормановтың күнделігінен (6 ақпан, 1940 жыл) алынып, 1996 жылғы жинаққа берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жаулығымен бетін басып» – Ғ.Ормановтың күнделігінен алынып, 1996 жылғы жинақта берілген. Өлеңге аздаған редакциялық жұмыс жүргізілуі керек еді. Біз осыны ескеріп өлеңнің жетінші жолындағы бір сөзді көп нүктемен бердік (мәтінде). Себебі, ақын өлеңіннің жалпы мазмұнын бұзыңқырап тұрған сөздің мағынасы оқырманның эстетикалық талғамына қайшы келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Кәденжан» – Ғ.Ормановтың күнделігінен алынған. Ауылдас әйел Кәденге айтылған қалжың өлең. Күнделікте 1940 жыл 6 ақпан күні жазылған. 1996 жылғы жинақта шыққан.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Балдыzyma» – өлең Ғ.Ормановтың күнделігінен алынған. Датасы – 1940 жыл 6 ақпан. Жамбылға қайын жұрт болып келетін Илияс деген кісінің үйінде айтылған. 1996 жылғы жинақта шыққан.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Бай үйінің артында шөп жатқанда...» – Бір шумақ экспромпт өлеңді ертеректе бір байдың қызына қаратып айтқан. Ғ.Орманов 1940 жылы 24 наурызда жазып алған. 1996 жылғы жинақта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Кененге» – Өлең ақын, сазгер, әнші Кенен Әзірбаев мұражайының қолжазба қорынан алынып, 1996 жылғы жинақта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«**Қонақ бала**» – «Дастан ата» (1989) жинағында, 1996 жылы шыққан екі томдықта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Майтөбе жайлауы**» – 1989 жылы «Дастан ата» жинағында, 1996 жылы шыққан екі томдықта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Оспанқұлға**» – Жамбылдың әдеби-мемориалды мұражайының архивінен алынып, 1996 жылғы екі томдық жинағының 2 томында берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Ақындарға**» – «Дастан ата» жинағынан алынып, 1996 жылғы екі томдық жинақта берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Сенің әкең баяғы Қаракүшік...**» – Өлең Ғ.Ормановтың күнделігінен алынып, 1996 жылғы жинаққа берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Барлыбайға**» – 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасынан келгеннен кейін Жамбылдың денсаулығын Алматыдан келіп қарап тұратын дәрігерлер тағайындалған. Солардың бірі Х.Барлыбаев барғанда айтқан өлең. 1940 жылы 25 қарашада Ғ.Орманов жазып алған. 1946 жылғы жинағында берілген. Жамбыл мұражай қорындағы өлеңнің тақырыбы: «Дәрігерлерге» деп жазылған. Өлеңнің: «Жем терген жалпақ елден, мен бір тауық» деген бірінші жолы 1957 жылғы жарияланымында: «Елімде көптен жүрген, мен бір тауық» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Докторым, отыр бермен белің шешіп...**» – Өлең Ғ.Ормановтың күнделігінен (6 ақпан, 1940 жыл) алынып, 1996 жылғы жинаққа берілген. Алматыдан келіп денсаулығын қараған дәрігер Р.Досымбековке әзілдеп айтқан өлең.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



1941

«Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң...» – 1941 жылы Ғали Орманов жазып алған. Әр жылдардағы басылымдарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Сақалым темір күрек борға малған...». Қазақ ССР Жоғары Советінің сессиясына (1941 жылы, ақпан айы) қатысу үшін Алматыға барар алдында айнадағы өз бейнесін көріп, әзіл-шыны аралас айтқаны. Ғали Орманов жазып алған. Жинақтарында жарық көрген. Өлеңнің соңғы жолына ғана түзетулер жасалған: «Батпандап тізе тұсқа (шонданайға, 1957) тұз артады...».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жетіпін жүре-жүре қыр басына...» – 1941 жылғы ақпан айының аяқ кезінде ақынның ауырып қалғанын естіп, халын білуге келген дәрігер Рахымбай Досымбеков пен сол кезде әдеби хатшысы болған Ғали Ормановқа айтқаны. Жазып алған Ғ.Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Алғыс» – СССР Мемлекеттік сыйлығы берілгені туралы 1941 жылдың наурыз айында хабарды естігенде айтқан өлеңін жазып алған – Ғали Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді. Тек өлеңнің соңғы жолындағы: «Айтам алғыс, Сталин!» деген ӘӨИ 160-бума мен 1957 жылғы жинақта бар бір жолы қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Көктем менен май даңқы» – 1941 жылғы 1 мамыр мерекесіне арнап айтқанын жазып алған – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде сол жылы 1 мамырда, одан кейін жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің тақырыбы ЖМҚ-да: («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «Көрдім тағы көктемді» деп беріліп, ал қасына «Көктем мен май даңқы» деп кирилл әрпімен жазған. Жазып алған – Т.Жароков. Ал мәтін көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған. Өлеңнің: «Көктің (Күннің ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»))



нұрын төкті жаз», «*Бұлты көшкен (Буырқанған бұлты, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»)) тауымның», «Советтік (жазылған, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»)), 1957) заңның жолымен» деген жолдарында өзгерістер бар.*

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Өмірдің қысын жаз қылды»* – Бұл өлеңді арнайы хабар ұйымдастыруға келген Москва радиосының тілшісі 1941 жылы 14 мамырда дыбыс лентасына жазып алған. Әр жылдарда жинақтарында жарық көрген. Өлеңнің «*Партиямның (Сталиннің, ӘӨИ 161-бума, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»)), 1957) әр сөзі»* деген жолында ғана өзгеріс кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Жер байлығы»* – Алатау баурайындағы колхоз жерін 1941 жылы 7 маусым күні аралап келіп, колхозшыларға айтқан жыры. Жазып алған – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде 12 маусым күні алғаш жарияланған. Жинақтарында да бар. Бұл өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») «*Жер азығы»* деп берілген. Өлеңнің «*Жер асылын береді»* деген бір жолы ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») жоқ.

«Онысыз не күн көреді,

Арқауы айтқан адамның

Еңбек – тоба қазығы» деген өлеңнің соңғы үш жолы ӘӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Мал азығы»* – шабындықты аралап жүріп, шөпшілермен жүздескенде айтқаны. Жазып алушы – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде 12 маусым күні шыққан, кейінгі жинақтарында жарияланды. Өлеңнің: «*Байлығы (биылғы, ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»)) шөптің онуін»* деген жолында ғана көрсетілген өзгешелік кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«Жан азығы» – жүздесіп, сәлемдесуге келген колхозшылармен әңгімелесу барысында айтқанын жазып алушы – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінің 12 маусымдағы санында, кейінгі кітаптарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жалқауларға» – Колхоздың егіс даласын аралап жүріп, кейбір қырсыздарды көріп айтқаны. Тайыр Жароков жазып алған. «Социалистік Қазақстан» газетінің 12 маусым күнгі санында шыққан. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мен келдім амандаса» – жасынан аралап өскен Құлансаз жайлауына барып, малшылармен жүздескенде айтқаны. Тайыр Жароков жазып алған. Кейінгі жинақтарында бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жайлауымыз – Құлансаз» – Бұл өлеңін 1941 жылы 14 маусым күні Құлансаз жайлауына барған кезде айтқан. Жазып алған – Тайыр Жароков. Жинақтарында бар. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 159-бумада «Жайлауға шығам» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Мен де бір жас баламын қыңқылым көп...» – өлеңді Құлансаз жайлауына барғанда, суырыпсалып айтқан. Жазып алған – Ғали Орманов. Жинақтарында бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Ата жаумен айқастық» – 1941 жылы 22 маусым күні фашистер бейбіт жатқан Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасағанын, сұрапыл соғыс басталғанын естігеннен кейін ақынның шамырқанып шығарғаны. Жазып алған – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде сол жылы 26 маусымда «Екі дүние айқасты», ал жинақтарында «Ата жаумен айқастық» деген атпен жарияланған. Сондай-ақ, ӘӨИ 159-бумада, 1957-де «Екі дүние айқасты» деп берілсе, ЖМҚ-да («Жамбыл өлеңжырларының негізгі нұсқасы») тақырыбы: «Бейбіт елім тыптыныш» деген атпен берілген. Өлеңнің:

«Көз жібердім сонда мен
Жүрегіне елімнің;



Кремльді болжап ем:
Қуат құйған бойына,
Шырақ жаққан ойыма
Келбетін көрдім ерімнің;
Бақытты елге бел болып,
Батырларға дем болып,
Тұрқын болжап тарихтың,
Қамын ойлап халықтың
Таразылап заманды
Шәкірттері Лениннің,
Халық бағын ойлаған.
Шам-шырағы өмірдің,
Жанарындай көзімнің
Ұлы көсем Лениннің,
Өзі орнатқан өмірін
Жеткізген бізді бұл халге
Жау түгіл шыбын қонғанға
Қияр ма Отан өңірін!
Сол тұлғасы елестеп,
Аяған жан жолыңнан
Адамдық жан емес деп,
Толқып бір кетті-ау көңілім!
Сен шақырсаң партиям,
Әмірің ортақ маған да,
Төгіп жырдың нәсерін
Домбырамды алам да,
Айналам жас – нөкерім,
Мен де барам, қалам ба!» деген жолдары 1957-де қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Өлім мен өмір белдесті*» – 1941 жылы 3 шілде күні Кеңес армиясы Бас қолбасшысының халыққа арнаған үндеу сөзін радиодан тыңдағаннан кейін, 4 маусым күні колхозшылар жиналған митингте айтқаны. Жазып алған – Тайыр Жароков.



«Социалистік Қазақстан» газетінде сол жылы 6 шілдеде, жинақтарында жарық көрген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Қырман басында**» – Егін орағы қызу жүріп жатқан кезде қырман басына барып айтқаны. Жазып алған – Ғали Орманов. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 160-бумада «Қырманда» деп берілген.

«Аузы-басын *шаң* (қан, ӘӨИ 160-бума, 1957) қылып» деген жолынан кейінгі: «Арқа, басын шаң қылып» деген 1957-де бар бір жолы қысқартылған. Өлең тұтас күйінде:

«Аузы-басын қан қылып,

Арқа, басын шаң қылып» болуға тиіс. Ақынның жыршылық дәстүрі мен қалыптасқан конондық тіркеске түзетулер жасалғаны анық көрініп тұр. Мұндай мысалдар осы жинақты дайындау кезінде жүргізілген салыстырулардан айқын болып отыр және солардың бәрін түсініктерде нақты мысалдармен көрсеттік.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Аттан, батыр ұрпағым**» – Қазан төңкерісі мерекесі қарсаңында айтқаны. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1941 жылғы 7 қарашада басылған. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің:

«Игі өмірдің сәулесін
Ойлайтын жалғыз мен емес,
Жалғыз болар ел емес!
Жеңіс туы өзімде,
Өмір нұры көзімде,
Тағдырдың соққан сағатын,
Бақылап, тілін табатын
Жарқырап күндей жанатын.
Жеңіс десе бар халық,

Қырандай қағад қанатын!» деп аяқталған жолдары 1957-де қысқартылған. Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Ленинградтық өрендерім**» – 1941 жылдың басында кәрілік мендеп, жүріс-тұрысы ауырлаған Жамбыл соғыс туралы жат



хабарды естігеннен бастап, ықшам киініп, жинақы жүргенін, мәжілістерде, кездесулерде болып, жауға деген ашу-ызасын ақтарып, айқасқа үндегеніне, әскерге аттанғандарға дем бергеніне барлық көз көргендердің естеліктері куә. Бұл орайда замана тынысын, халықаралық маңызы бар оқиғалар, адамзат тарихында бұған дейін болып көрмеген дүниежүзілік соғыс туралы қарияға түсінікті, әсерлі жеткізе білген қазақ поэзиясының айрықша тұлғалары – Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Әбділдә Тәжібаев, т.б. еңбегі ерекше. Ақын жанына қозғау салғанда ғана тегеурінді толғаным үдейтініне «Ленинградтық өрендерім», «Алғадай» сияқты өлеңдері куә. Т.Жароков «Дарын табиғаты» атты мақаласында осы өлеңнің қалай туғанын, ақын тебіренісі туралы толғанады.

Ата сөзі, ақын сөзі газеттерде жарияланып, қоршауда қалған қалада плакат болып ілініп, рух бергені – тарихи шындық. Өлең «Социалистік Қазақстан» (1941, 5 қыркүйек), «Правда» газеттерінен бастап, көптеген басылымдар мен жинақтарда жарияланған. Өзін аса тебіrentкен осы тарихи оқиға туралы ақын тағы да толғанғанда, туған өлеңнің екінші нұсқасын Ғ.Орманов жазып алған. Екі нұсқа да жинақтарында жарияланып жүр.

Толғаудың ЖМҚ-дағы («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») тақырыбы «Ленин қаласындағы өрендерім» деп берілген. Осы алғашқы нұсқасындағы «Қайт етпестен дегенін» дейтін жолы ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»), 1957 жылғы жинақтарында кездеспейді. Бұл жол кейін қосылып, оның алдындағы:

«Аттан! – десе Сталин:

Қолбасшысы көсем – береннің,

Ақылды дана өреннің» деген үш жолы қысқартылған. Бұлар ӨӨИ 159-бумада, ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Москва – менің қамалым*» – фашистер сол кездегі Кеңес Одағының астанасы – Москваға бар күшін сала шабуыл жасап,



зор қауіп төндірген ауыр сын сәтте айтқаны. Т.Жароковтың жазып алуы бойынша берілген. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 159-бу-мада көк қаламмен «Қаһарман Мәскеу қамалы» деп өзгертілген. «Москва менің қамалым» (*мәртебем* ЖМҚ («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы»). Өлеңнің:

«Көз салсам солай ертемен,
Көзіме бәрі елестеп,
Тигендей көкке дәл төбем.
Ленин жатқан Мавзолей
Кең дүние – әлемдей!
Қасында жайнап жұлдызы –
Заманның жарық күндізі,
Сәулесі қайда жетпеген!
Жүрсе де қандай қиырда,
Ыстық боп жан сол нұрға,
Азаттық күткен адамзат,
Жетсем деп соған көксеген.
Қартайған көне шағымда,
Кез болып менің бағыма,
Бойыма қайрат көп берген.
Масайрап Москва ордамда,
Бақытпен күнді өткерген.
Ұялы терек секілді,
Ұл, қызым өскен жанымда,
Таң қалған әлем Жамбылға!
Жаудың сол ішін өртеген.
Пиғылы жаман, пейілі тар,
Гитлершіл залым, жауыздар,
Жалаңдап жақын келгенмен,
Қаптатып қолын төнгенмен,
Қаймығып одан кім бұқпақ!
Қорлыққа ондай жоқ көнбек!
Алдымда кәміл қолбасы,
Лениннің дана жолдасы –



Көсемім күнім – Сталин:
Құртуға көзін дұшпанның
Ленинге мықтап серт берген.
Мызғымас қамал осы серт!
Болады жаулар мұнда мерт!
Қаһарман Москва қамалы –
Жаулардың айқын ажалы!
Жандарын сығып алады,

Қысқан соң бір күш өкпеден» деген жолдары ӘӨИ 161-бу-мада және ЖМҚ-да («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұс-қасы») «Мәскеу менің мәртебем» деген тақырыппен бөлек өлең болып берілген. Сондай-ақ, осы өлеңнің ЖМҚ-да сақталған («Жамбыл өлең-жырларының негізгі нұсқасы») бір нұсқасын-да жоқ. Ал «Қаһарлы Мәскеу қамалы» деген тақырыппен атала-тын үшінші бір нұсқасында: «Қысқан соң бір күш өкпеден» деп аяқталған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Москвага*» – Москва түбіндегі қиян-кескі шайқаста В.Панфилов басқарған қазақстандық 316-дивизия ғажап ер-лік көрсетіп, 8-гвардиялық дивизия деген абыройлы атаққа ие болғаны тарихтан мәлім. Дивизияның 28 жауынгері Москваны қорғауда теңдессіз ерлік көрсеткен. Осы ерлік туралы ақын-ның толғанысын жазып алған – Тайыр Жароков. 1941 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 28 қыркүйек күнгі санында, басқа да көптеген газеттерде басылған. Өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізілді. «*Компартия (Ұлы Сталин, 1957) се-німді*» деген бір жолда ғана өзгерту жасалған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Совет гвардеецтеріне*» – В.И.Панфилов басқарған 316-ди-визияға 8-гвардия дивизиясы деген мәртебелі атақ берілуіне (1941 жыл, қараша) байланысты айтқанын Т.Жароков жазып ал-ған. Мерзімді басылымдарда, жинақтарында жарық көрген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



1942

«Жаңа жылдың кезеңі» – «Социалистік Қазақстан» газетінде 1942 жылғы 4 қаңтар күні алғаш басылған. Жинақтарында беріліп келеді. Өлеңдегі: «Бұралқы жауды қиратып» (*қаңғыр-тып*, ӘӨИ 160-бума, 1957), «Сарқылмас қуат қаулаған» деген бір жол 1957-де кездеспеді. Басқа айырмашылық жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Төлеген ер» – Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровтың жауынгерлік ерлігіне арналған. Жинақтарында басылған. Өлеңнің соңғы: «Ерлігі оның өлмейді» деген жолы Жамбыл мұрағат қорындағы нұсқада: «Атаң даңқы өлмейді» деп жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Қалжың» – Жамбылдың өзіне жақын, жақсы көргендеріне айтқан әзілдері аз емес. Кезінде өзіне әдеби хатшы болған Ғали Орманов пен дәрігері Рахымбай Досымбековке айтқан әзілі, алғаш 1946 жылғы жинағында жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы басылымнан алынды.

«Совет жауынгерлеріне» – Кеңес Армиясы мен Әскери Теңіз Флотының жиырма төрт жылдық мерекесіне арнаған. Жазып алған – Тайыр Жароков. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1942 жылы 28 ақпан күні, сондай-ақ кейінгі жинақтарында жарияланған. Өлеңнің: «Фашистерді қиратып» (*шегінтіп*, 1957), ал «Жасалған бағын елімнің» // «Қамалды болат сауыттың», // «Қарлы күн қақпай қабағын» деген жолдары 1957-де жоқ. «Күнбатысқа (бастысқа тігіп, 1957) жанарын».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Майданға хат» (*Жамбылдың жауабы*) – Жамбыл жырлары көптеген тілдерге тәржімаланып, Кеңес Одағының барлық дерлік басылымдарында жарияланып, радиодан дүркін-дүркін асқақ дауыспен оқылған. Қан майданда жүрген ерлерге арнаған өлеңдері от кешкен жауынгерлерге дем берген. Сондықтан байтақ Кеңес Одағының түкпір-түкпіріндегі қарапайым еңбеккерлерден де, майдандағы жауынгерлерден де хаттар көптеп



келген. Сол хаттарға жауап ретінде шығарған өлеңі. Жазып алған – Ғали Орманов. «Большевиктік жол» (1942, 24 сәуір), «Советтік Қарағанды» (1942, 30 сәуір), «Оңтүстік Қазақстан» (1942, 6 мамыр), т.б. газеттерде басылған, жинақтарында жарияланған. Жауынгерлерге арнап айтқан «Хаттарыңды алдым, балалар» (Майдандағы Қызыл Армиядан келген хатқа жазған жауабы) деген өлеңі де жарияланған («Социалистік Қазақстан», 1942, 1 мамыр). Біз бұл өлеңге текстологиялық салыстырулар жүргізгенде мынадай өзгешеліктер кездесті. Өлеңнің:

«Белгілі маған биыл қыс,
 Көрмеді дамыл балалар,
 Алдырмай жауға еш тыныс
 Қаздырды қардан молалар.
 Тыныштық жырын бұзды жау,
 Көп елге сойқан салды олар,
 Кетпеді бірақ есен-сау
 Кезікті кекке қанқұмар.
 Қаһарын төкті біздің ел,
 Фашистер қылған қастыққа,
 Қанынан жаудың ақты сел,
 Қайтара қуды Батысқа!
 Дидары жаздың жарқырып,

Жадырап күлді балғын жер» деген осы бөлігі ӘӨИ 160-бумада «Жаз жыры» деген тақырыппен бөлек берілген. Ал «Қайтара қуды Батысқа!» деген бір жол ӘӨИ 160-бумада жоқ. Жинақтарда «Майданға хат» деген өлеңге қосылып кеткен және осы атпен жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Дидары жаздың жарқырап...*» – 1942 жылы 1 мамыр мерекесіне арнап айтқаны. Жазып алған – Ғали Орманов. «Жаз тілі» деген атпен жинақтарында, сондай-ақ, «Социалистік Қазақстан» газетінде (1 мамыр), «Алынбас қамал» (1943), 1945, 1946 жылғы жинақтарында басылған. Бұл өлең «Майданға хат» өлеңінен кейін жұлдызшамен «Дидары жаздың жарқырап, Жадырап күлді



тағы жер» деген жолдарымен берілген, ал ӘӨИ 160-бумада тақырыбы: «Жаз тілі» деген атпен берілген. Өлеңнің «Өшпейтін күнде – көсемде» және соңғы: «Бастайды жаудан таймауға» дейтін екі жолы 1957-де жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сәлем айт*» – майданға аттанғалы тұрған жауынгерлерді қолдап, шығарып саларда айтқан лебізі.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сыйлық*» – Қоршауда қалған Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен қолдау жасалды, сыйлықтар жіберілді. Қазақстанның атынан жолданған сыйлыққа байланысты Жамбылдың «Менің сыйлығым» деп жолдаған сәлемін жазып алған – Ғали Орманов. Өлең 1942 жылы «Социалистік жол» (5 маусым), «Социалистік Қазақстан» (28 маусым), т.б. газеттерде басылған. Жамбылдың әр жылғы жинақтарында жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Темір тұлпар мінген қыз*» – Майданға аттанған жауынгерлерді жоқтатпай, орнын басып, халық шаруашылығының бұрын бейтаныс болып келген салаларына белсене араласып, техниканы тізгіндеген тылдағы қыз-келіншектерге арнап айтқанын жазып алған – Ғали Орманов. «Оңтүстік Қазақстан» (28 маусым), «Ленин жолы» (20 сәуір), т.б. газеттерде шыққан. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 160-бумада «Тракторист қыздарға» деп берілген.

«Билегендей болды күш,
Көтерілем, шат болам;
Елге қуат, елге ырыс –
Қыздарыма мақтанам, –
Сталиннің сөздерін
Көкейінде сақтаған;
Өңкей ерім-көзелім
Ана сүтін ақтаған.
Ертең тағы көремін,



Жинағанын көп егін.
«Сенсе туған ел бізге,
Біз жігіттен кембіз бе?
Астығы мол – ел қарық,
Біздер ектік – біз алдық!» –
Естісем сөйдегенін
Жырды тағы ақтарам.
Соны күнде ойлаймын,

Сонда былай толғаймын» деген жолдар қысқартылған. Бұл жолдар ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар, осы жинаққа толықтырылып берілді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Аттандыру**» – Ақынның үлкен ұлы Алғадай 1942 жылдың жазында әскер қатарына шақырылып, майданға аттанар алдында қоштасуы. Алғаш рет 1946 жылғы жинағында шыққан. Жазып алған – Ғали Орманов. Өлеңнің екінші жолы ақынның әр жылғы жинақтарында: «Арғымақ атқа мін, балам» деп берілген, ал ӘӨИ 160-бума «Алшайып атқа мін, балам» деп жазылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Қаһарман халық достығы**» – 1943 жылы Украинаның басқыншылардан азат етіле бастауы кеңес елінің, жауынгерлерінің жеңіске деген сенімін арттырған зор қуанышқа айналған. Осыған орай туған өлең. Ғ.Ормановтың жазып алуы арқылы майдан газеттерінде, «Социалистік Қазақстанда» (9 тамыз), автордың «Қамал бұзған қаһарман» атты жинағында (1945), кейінгі басылымдарда шыққан. Өлеңнің: «Қастанды жаудың кегіне» деген жолы 1957-де жоқ. Ал «Қазақтар орыс жерінде» (Орыс, қазақ ерлерім 1957), «Партияның (Сталиннің, ӘӨИ 160-бума) сөзі – заң!». Соңғы жол 1957-де кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Отан әмірі**» – 1942 жылғы жазда фашистер Кавказға шабуыл жасағанда, Жамбыл жырмен жар салған. Ш.Руставели тойына қатысып, көңілі өсіп, көркейіп қайтқан қарт жыраудың осы толғанысын хатқа түсірген – Ғали Орманов. «Социалистік



Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде, «Алынбас қамал» (1943), т.б. жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің: «*Отан (Сталин, ӘӨИ 160-бума)* айтқан жарлық бұл!» деген жолы 1957-де қысқартылған. Басқа айырмашылық кездеспеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Большевиктік шындық туралы*» – Қазан төңкерісінің 25 жылдық мерекесіне (1942) айтқан арнауы. Сәбит Мұқановтың жазып алуы бойынша «Социалистік Қазақстан» (7 қараша) газетінде, 1945 жылдан бастап жинақтарында басылып келеді.

Текстологиялық салыстыру барысында 1957 жылғы жинақта: «*Лениншіл ұлы партия*» (*Ленин менен Сталинде*), «*Ленин менен Октябрь*» (*Сталин*) болып өзгертілсе, өлең: «Большевиктік – Лениндік – Сталиндік шындықта!» (1957) деген екі жолдармен аяқталған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Қарағандыға хат*» – Қарағанды көміршілеріне арналған. «Советтік Қарағанды» газетінде (1942 жыл, 7 қараша), 1955 жылдан бастап, кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. «*Жан аямай (қимылдайтын, ӘӨИ 160-бума)* бұл жолда». Өлең жарияланымдарында басқа өзгешелік жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Алынбас қамал*» – Фашистік басқыншылар аласұрып басып алуға тырысқан Сталинград қаласын қорғаушылар қатарына Жамбылдың баласы Алғадай да аттанған. Баласының барған хабары жеткен ақын осы өлеңін арнаған. Мерзімді баспасөз беттерінде, жинақтарында жарияланған. Жазып алған – Ғали Орманов. «*Халқың (Сталин, ӘӨИ 160-бума, 1957)* көріп мақтасын».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

1943

«*Жаңа жыл сәлемі*» – Жаңа жылға арнауын Ғали Орманов жазып алған. «Социалистік Қазақстанда» (1943 жыл, 1 қаңтар),



«Комсомольская правда» (1943 жыл, 1 қаңтар) газетінде, 1943 жылдан бастап, жинақтарында жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Воронеж батырларына**» – 1943 жылы қаңтар айында Жамбылға Воронеж майданының жауынгерлерінен хат келген. Өлең сол хатқа жауап ретінде шығарылған. Ғ.Ормановтың жазып алуы бойынша республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде (13 қаңтар), 1943 жылдан бастап, кейінгі жинақтарында да жарық көрді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Ленинград жастарына**» – 1943 жылы қаңтар айында Ленинградтан «Ленинское пламя» газетінің тілшісі Жамбылға арнайы келіп жолыққан. Қоршауда қалған Ленинград қаласын қорғаушы жастарға арнаған өлеңі «Ленинское пламя» газетінде орысша басылған. Қазақшасы «Ленин өреніне» деген атпен жинақтарында (1945, 1946 жылдары) шықты. Жазып алған – Ғали Орманов. Толғаудың тақырыбы ӘӨИ 160-бумада «Ленин өреніне» деп берілген және астына «Ленинград жастарына арналған» деп жазылған. Толғау өлең:

«Жеңісінді жырлауды,

Жырау атаң тосқандай!» деген жолдармен аяқталады. Алайда екі жол ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«**Балама хат**» – 1942 жылдың қазан айында Жамбылдың Сталинград майданында шайқасып жатқан баласы Алғадайдан «Әкеміз Жамбылға! Біздің бастықтарымыз Сізге қаратып, «Ардақты атамыз...» деп жазды. «Хатымызды ала отырып, ...кешіктірмей жауап қайтарыңыз, сіздің өлеңіңіздің бізге көп жәрдемі тиеді» деген хат келеді. Бұған қоса әскери бөлім командирінің, жауынгерлерінің хаты келіп жеткен. Осындай хаттар – Жамбыл сөзі – әке сөзі, ата лебізі ретінде кезінде зор мән-маңызы болғанына куә. Бұл өлең – сол хаттарға жырман айтылған жауап. Жазып алған – Ғали Орманов. Мерзімді басылымдарда, жинақтарда жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«Қамал бұзған қаһарман» – Совет Армиясының 25 жылдық мерекесіне арналған өлең. Жазып алған – Ғали Орманов. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде 1943 жылғы 23 ақпан күні басылған. Жинақтарында жарияланып келеді. Бұл толғау түріндегі ұзақ өлең. Текстологиялық салыстырулар жүргізу барысында төмендегідей өзгешеліктер кездесті. «Жаудан тайқып ықпаған» деген жол 1957-де қысқартылған. «Баққаны асыл мұралар, Дүние еңбек сарсылған» деген екі жол ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. «Қол бастаған көсемге» деген жол 1957-де қысқартылған. «Махамбеттей батыр бол» деген жолдан кейінгі: «Қарсы шапқан Жәңгірге» ӘӨИ 160-бума мен 1957 жылғы жинақта: «Қарсы шапқан әлемге» болып өзгертілген. «Бәйіт (шежіре, 1957) етіп жырлаған», «Бас тартпаған (қаймықпаған, 1957) өлімнен», «Қырғын тапқыр немістер» (фашистер, 1957), ал «Балтырлары бесіктей!» деген жол 1957-де қысқартылған. «Ұлы көсем Лениннен» (Ленин мен Сталиннен, 1957), «Бабаларша белдестің» деген жол ӘӨИ 160-бумада жоқ. Өлеңнің:

«Ұлы Отанның әмірін
Орындадың ерлерім.
Дегеніне жау зұлым,
Жете алмады, көрді елің!
Жартасқа ұсап жол тостың,
Дауылға ырық бермедің.
Бабаларша белдестің,
Батырларша сермедің!
Майыстырып белдерін,
Бырт-бырт үздің шеңберін!
Өзің құрап шеңберге,

Малғұндарды жерледің!» бөлігі ӘӨИ 160-бумада «Армия генералы Р.Я.Малиновский» деген тақырыппен бөлек өлең болып берілген. «Айықтырып жер, көгін» деген жол қысқартылған. ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. «Ұлы Сталин шыңдаған» бұл да солай. ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. «Батысқа! – деп бұйырған»



деген жол 1957-де жоқ. «Ұлы Сталин қасында!» деген жол қысқартылған. ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. Ал «Қолбасшың бар қасында» деген екінші жол ӘӨИ 160-бумада, 1957-де жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Ту астында берген ант» – 1943 жылғы сәуірде мал шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жеткені үшін Қазақстанға СССР Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы берілген болатын. Ол кезде бұл қуанышты, елеулі оқиға саналатын, атаусыз, ескерусіз қалмайтын. Әрине, Жамбылға мұндай сәттер түгел айтылатын, «түсіндірілетін». Осыған байланысты айтқанын хатқа түсірген – Ғали Орманов. Өлең «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» сәуір айының 20-ы күні жарық көрген. Кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. Өлеңнің ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасында тақырып: «Ту астындағы ант» деп және оның астына «Ту астындағы берілген ант» деп жазылған. «Сталинге айтыңыз» деген бір жол қысқартылған. Бұл жол ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. Ал «Қашанғы ата салтымыз» деген жол 1957-де кездеспейді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Той күні таяу» – 1943 жылы Кеңес Одағының әскері гитлерлік басқыншыларға қарсы жойқын шабуылға шығып, екінші дүниежүзілік соғыста бетбұрыс жасалды. Ақпан айында Қызыл Армия жауынгерлері жаулап алушыларды кері шегіндіріп, жеңістен жеңіске жете бастады. Осыған орай шығарылған өлең сол жылдары Алматыда шығып тұрған «Қызыл әскер» газетінде, 1946 жылғы жинағында Ғали Ормановтың жазып алуы бойынша басылған. Өлеңнің: «Жеңіске бастап келеді ол» деген бір жолы 1957-де жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жүз жасаған жүректен» – жауынгерлердің хатына өлеңмен қайтарылған жауап. Жазып алған – Ғали Орманов. Жауынгерлердің хатымен бірге «Социалистік Қазақстан» газетінде баспа бетін көрген. Жинақтарында жарияланып келеді. Өлең ӘӨИ 160-бумада, 1957 жылғы жинақта: «Жамбылдың



жауабы» деген атпен берілген. «Қамал бұзып жол салған» деген жол 1957-де қысқартылған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Жау ажалы жақын» – өлеңін жазып алған – Ғали Орманов. Майдандағы жағдайдың жай-жапсарын, сол кездегі Қызыл Армияның жоғарғы қолбасшысы И.В.Сталиннің сөздерін, бұйрықтарын қарт ақынға түсіндіріп, үн қату қажеттігін айтып, күн сайын ықпал жасап отырған насихатшылар, «қамқоршылар» аз болмағаны тарихтан аян. Жыры елге жететінін, сөздің сырын, салмағын сезінген Жамбыл қартайса да, жырымен жеңіске өз үлесін қосудан тартынбаған. Өлең сол кездегі ҚазТАГ арқылы көптеген мерзімді басылымдарда басылған. Ақын жинақтарына кірген. Өлеңнің ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасында тақырып астына: «Сталиннің бұйрығына арналған» деген сөз жазылған. Өлең шумақтарындағы өзгешеліктер төмендегідей: «Айтқан талай нұсқауы» (*тұрғыны*, ӘӨИ 160-бума), мәтінде «Жазған бұйрық Сталин» деген қысқартылған жол ӘӨИ 160-бумада бар. «Дос-жараны қуанған» (*тыңдаған*, ӘӨИ 160-бума), «Сап түзеңдер (*Сапталыңдар*, ӘӨИ 160-бума) кәрі, жас», «Партияның (*Бұл бұйрықтың*, ӘӨИ 160-бума) тілі сол», «Фашистке (*неміске*, ӘӨИ 160-бума) де сол зауал».

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Қызыл жұлдыз» газетіне – Соғыс жылдарындағы КСРО Отан Қорғау Халық Комиссариатының органы – «Красная Звезда» газетінің мерекесіне құттықтау лебізін жазып алған – Ғали Орманов. Орысшасы осы аталған газетте, қазақшасы майдан газеттерінде, жинағында алғаш рет 1946 жылы шықты. Өлеңнің тақырыбы ӘӨИ 160-бумада «Қызыл жұлдызға құттықтау» деп берілген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«Әке әзілі» – Жасынан жиын-тойға, думанға құштар Жамбыл сөзі жарасатын жақындарымен жиі-жиі бас қосып, сұхбаттасып отыруға ықыласты болған. Осындай әңгіме-дүкен үстінде көңілашар әзіл-қалжың үнемі айтылатын. Ауыл қымыз ашытып



сусындаған 1943 жылдың 10 мамыры күні ақын туыстары мен балаларын жинап алып, «Бір тамашалап отыралық» деп, әзілдеп шығарған өлеңін Ғали Орманов жазып алған. Жинақтарында жарияланып келеді.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Алатауды айналсам*» – Сталинград майданында ерлікпен қаза тапқан үлкен ұлы Алғадайды жоқтауы. 1943 жылы жазда келген қаралы хабарды қарт ақынға Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының председателі Ә.Қазақбаев бастаған басшылар, қаламгерлер – бір топ адам келіп естірткен. «Жүз жасын тойлаған соң естіртейік, Жамбыл Жабаевтың жүз жасқа толуы – сол кездегі Кеңес Одағы үшін керек оқиға» деген пікірлер де болған, бірақ қолдау таппаған. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, ақын Әбділда Тәжібаев осы естірту сәтін еске алғанда, былай дейді:

«Бүгін де көз алдымда. Алма ағаштарының саясына төсек жайылып, Жамбылды ортаға алғандар отыра бастады». Жайшылықта жүздері жарқын, жайраңдап кететін, көңілді дауыспен қанаттанған сәлеміне әдепті әзілдері жарасып кететін ақын-жазушылардың тұнжыраған, түнерген жүздері, үндері әлсіреп тайсақтауынан жүрегі сезімтал, жүзге жақындаса да, жаны жас қария, әлбетте, тіксініп қалады. Сұмдық сезігін, қобалжуын қымтап тұруға төзе алмайды.

«– О, неге келдіңдер? Немене айтпақсындар, түге?! – деген Жәкең әрқайсысына үрке қарай бастады. Мен ақынның ажарынан сескеніп, шегініп кеттім. Анадай жерде ағашқа сүйеніп тұрмын. Жүрегім дір-дір етеді.

– Жетті! – деді Жәкең жан дауысы шығып. Қазақбаев сөзін бастай беріп, тынып қалды. Мен Жәкеңнің сылқ түсіп, төмендеп қалғанын өз көзіммен көрдім».

Көңіл айтушылардың бірі – көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов «Әттең, дүние-ай, – деді, ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең басын көтеріп, – бұл қайғыны қалай көтерем енді... Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты», – дейді.



Жәкеңнің ұзақ жылдар бойы жанына жақын серігі, іні-досы болған ақын, әнші, композитор Кенен Әзірбаев былай дейді: «Ешқайсымыздың сөзімізге құлақ қоймағандай, үһілегенде, көкірегі қарс айырылып, үн-түн жоқ отырды да алды. Мен өлеңмен құлағына жақындатып, үш-төрт ауыз көңіл айттым, қаза біреуге ерте, біреуге кеш келеді...». Бұған қоса Сүйінбайдың, қырғыз Қалмырзаның естірту, жоқтау сөздерін еске алады.

«Жәкең маған қарап: «Сен онан да «Базарың мен Назарыңды» айтшы деді. Мен соны айтып отырып, Жәкеңмен бірге өзім де ағыл-тегіл жасымды төктім. Ертеңіне келген қонақтармен бірге аттанарымда Жәкең маған: «Кенен, сен қайда барасың? Тым болмаса, қасымда бір жұма болсаңшы» деді. Мен Жәкеңдікінде жарты айдай болдым. Күн сайын маған бұрын-соңғы білетін өлеңдерімді айтқызып тындайды, бірақ жадырап сөйлемейді, тек анда-санда «Кененжан-ай, сені де осынша өнеріңмен бір күні қара жер жұтады-ау» деп қояды. Бірнеше күннен бері Жәкең Алғадай өлімінен басқаны ойламаған сияқты. Қоштасып аттанар күні Ғали екеуміз отырғанда, Жәкең басын көтеріп, сүйеулі домбырасын қолына алып: «Кенен, ішімдегі қайғының жалыны сияқты мынау бір сөздерді ала кетші. Сен жоғалтпай, жұртқа жаярсың, – деді де, жай ғана дауыспен, бірақ көкіректі кернеген зілдей ауыр үн лебімен жырлай бастады:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?.. –

деп ұзақ жырлады. Ғали жазып алсын деп, саябырлап та айтқан жоқ, ұғып алсын деп маған айтып отыр. Жамбылдың домбырасынан шыққан үн мен әрбір сөзді ұғып, жаттап алуға барықыласымды салдым.

Бірақ егіліп жылап отырып тыңдаған соң, Жамбыл айтқан ұзақ жырының оннан бірін ғана ұстап қалдым. Көңілі босаған Ғали да бір-екі-ақ ауызын жазып алыпты. Сонан кейін Жамбылмен қош айтыстық. Көп жыл жолдас болып жүріп, Жамбылдың осынша ауыр қайғыда болғанын көргенім жоқ». «Кенен бұл әңгімесін 1943 жылы 23/ХІІ күні Мәскеуде маған



айтып берді. Өлеңді Ғали Кененнің айтуынан жазып алды» дейді профессор Есмағамбет Ысмайылов (*Е.Ысмайылов. Жамбыл және халық ақындары. 1996, 218-219 беттер*).

Бертінге дейін Алғадай Жамбыловтың қазасы туралы белгісіз болатын. 1987 жылдың сәуір айында Днепропетровск облысының Синельниково қаласындағы №3 мектеп оқушылары мектептегі Даңқ мұражайы үшін іздестіріп, Подольск қаласындағы СССР Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві арқылы «Қайсар кавалерист, қазақ Жамбылов Алғадайдың Синельниково қаласында қаза тапқанын анықтап, осы қаладағы «бауырластар зиратының шығыс жағында жерленгенін» айтқан.

Бүгінде ақынның Алғадайын жоқтауы төрт түрлі әуенмен айтылады. Біріншісі – өз құлағымен естіген Кенен Өзірбаевтың айтуымен жетсе, кейінгілерін көкірегі шерге толған, замана ауыртпалығын қайысып жүріп көтерген Жәкеңнен жасы кіші ұрпақ өкілдері таратқан.

Өлең 1946 жылғы толық шығармалар жинағынан бастап, кейінгі кітаптарында жарияланды. Жоқтау өлеңнің тақырыбы ӨӨИ 160-бумадағы, ЖМҚ 2266-бумадағы нұсқаларында, 1957 жылғы жинақта: «Алғадай туралы әрбір ой» деп берілген.

Жоқтаудың:

III

Құр сүлдерім, есім жоқ,
Жүріп тұрған десім жоқ,
Деп қараймын сәбиге:
«Игіліктің кеші жоқ!»

Бала қалды жетім боп,
Келін қалды жесір боп,
Біздей кәріп кісіге,

Көз салындар есіркеп» бөлігі ЖМҚ 2266-бумада, 1957-де жоқ. Жамбыл мұрағат қорындағы нұсқа III-бөліммен бітеді.



Кейінгі жинақтарында IV-бөлім және бұл үш шумақпен «Көзден жасы құйылар» деген жолмен аяқталады. Ал ЖМҚ 2266-бумадан мынадай жолдар кездесті.

«Жасым жүзге кеп еді,
Мен өлгенім еп еді.
Ақ таяққа сүйеніп,
Сен жыласаң жөн еді.

Не істеп едім, Құдайым,
Қорлығына жылаймын!
Келіп қапты, балалар,
Өңшең өжет шырағым.

Орнымнан мен тұрайын,
Белді бекем буайын.
Келші жақын, Әлімқұл,
Күндерім, түбін сұрайын.

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары аяқ болған бар ма екен.
Қырға шығып шақырсам,
Алғадайдай боздағым,
Келер күнің бар ма екен.

Мінген атың кер ме екен,
Кекілде аққан тер ме екен.
Жырға қосып шырқасам,
Алғадайдай боздағым,
Тәтемнің дауысы дер ме екен.
Жылағаным жыр болсын,
Көзімнің жасы нұр болсын.
Жақсыменен жолдас бол,

Қойныңа сайтан кірмесін». Бұл шумақтар осы жинаққа толықтырылып берілді.



«*Сарғайып атқан таң ба екен?..*» – бұл да Алғадайға арналған сағыныш-жоқтау өлеңі. Ғали Орманов жазып алғанымен, кезінде жарияланбаған. 1982 жылғы жинағына енгізілген. Жамбылдың әдеби-мемориалды мұражайында сақталған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Сәлем саған, комсомол*» – қырқыншы жылдардағы Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының құрылғанына 25 жыл толуына байланысты шығарған өлеңі. Ғали Орманов жазып алған. Жинақтарында бар. Өлеңнің: «Көзімнің нұры секілді» деген бірінші жолы 1957-де қысқартылған. «*Дүбірлеген (дүрілдеген, ӘӨИ 160-бума) дауылдай*», ал өлең: «*Ән шырқаймын мен елде!..*» деп көп нүкте қойылып аяқталады. Ал ӘӨИ 160-бумадағы нұсқасы мен 1957 жылғы жинағында:

«Тойларыңның үстінде,

Бүкіл халық атынан

Риза болып Сталин

Алғыс айтар сендерге!» деген қысқарып кеткен төрт жолы кездесті.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Ақындарға арнау*» – Жамбылдың ақындар айтысын өткізу қажеттігі туралы айтқан сөзі ескеріліп, 1943 жылы желтоқсанда халық ақындарының республикалық айтысы ұйымдастырылған.

Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік алпысқа тарта суырыпсалма өнер иелері қатысқан. Олармен бірге басқа да жұртшылық өкілдері келген. Бес күнге созылған айтысты Жамбыл арнау өлеңмен ашқан.

Бұл жайында жазушы Сапарғали Бегалин: «Ақындардың осы айтысын Жәкең бастап, думанды ашып, әдемі жырымен ақын інілеріне бата берді, жол көрсетті. ...Жәкеңнің бұл жыры жүз жасаған алып ақынның, халық ағасының, көпті көрген көне ойдың ағалық жыры еді» деп жазды (*С.Бегалин. Жамбыл. 1996, 180-бет*). «Жамбыл, Шашубай, Орынбай сияқты ақындарға ат бастатқан бас бәйге берілді, бәйгенің арты – бір-бір шапан болды» (*Е.Ысмайылов, аталған кітап, 217-бет*).



Өлең «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде 1943 жылы 9 желтоқсанда басылып, кейін жинақтарында шықты. Жамбылдың осы арнауы бар ақындар айтысы жеке жинақ болып жарық көрді. Өлеңнің: «Көк дауылдай боратып» деген жолы ӘӨИ 160-бумада, 1957-де жоқ. «*Бәйіт қылып (дастан етіп, 1957)* тараңдар», ал өлеңнің:

«Сол заманның тұлғасы,

Лениннің жолдасы,

Қамал бұзған қолбасы

Ұлы Сталин көсемге

Жырларыңды арнаңдар!» деген бес жолы 1957-де қысқартылған.

«*Өлең-жырды дүрілдет*» (Өлең-жырдың өзенін, ӘӨИ 160-бума, 1957), «*Жарқылдатып жасылдай*» (Ағытыңдар тасқындай, ӘӨИ 160-бума, 1957).

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

1944

«*Батыр туы*» – Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің батыры Амангелді Имановтың мерт болғанына 25 жыл толуына байланысты толғаған өлеңін Ғали Орманов жазып алған. «Социалистік Қазақстан» газетінде (1944 жыл, 18 маусым), кітаптарында жарық көрген. Толғаудың: «Кілең батыр жас берен, Достығы берік келгенде» деген екі жолы ӘӨИ 160-бумада, 1957-де бар. Кейінгі жинақтарында қысқартылған. Ал «Компартия – кемелге!» деген соңғы жол 1957-де жоқ.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Атаның әлдиі*» – Жамбылдың ұлы Алғадай майданға аттанғаннан кейін келіні Жәмеш босанып, ұл туған. Оның атын Қуаныш деп Жәкең өзі қойған. 1944 жылы жазда Қуаныш ауырып, Алматыда ауруханада жатып, емделіп шығады. Немересін алдына алған ақынның тебіренісін жазып алған – Ғали Орманов.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



«*Әшекейге*» – Әшекей деген досына шапанын сыйлағанда, айтқанын жазып алған – Ғали Орманов. Жамбылдың әдеби-мемориалды мұражайынан алынып, 1982 жылғы шығармалар жинағында алғаш жарияланған.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.

«*Соңғы сөз*» – 1944 жылы кәрілік ақынды қатты әлсіреткен. Ұлынан айрылып қайғырған Жамбылдың «Екі көзі де біржолата көрмейтін, бір құлағы мүлде естімейтін болды. Орнынан кісі сүйемесе, тұра алмайтын халге түсіп ауырлады» (*С.Бегалин, аталған кітап, 181-бет*).

«Қазақстанның басшы партия, үкімет орындары Жамбылдың күтіміне, емделуіне айрықша көңіл бөлді. Жамбылдың өзі де оны дұрыс деп тауып, 1944 жылдың 27 желтоқсанында жүргелі жатқанда...» (*Е.Ысмайылов, аталған кітап, 221-бет*), үйден шығар алдында «балалар, сендер қау-қауламай қоя тұрыңдар. Қолды-аяқты кісімін ғой, өзім тұрып көрейін...» деп, ұмтылса да тұра алмайды. Содан соң:

«– Тіпті түрегелгенде де қайда бара қоймақшымын?! Сипалап жүріп, бірдемеге басымды соғып алсам, қайтемін?» депті (*Е.Ысмайылов, аталған кітап, 221-бет*). Жақындарының алдында айтқан осы өлеңін жазып алған – Ғали Орманов.

Әйтсе де Жамбыл соңғы өлеңін – көлемді жырын фашистік Германия жеңілген 9 мамыр күні, жеңіс хабарын естігеннен кейін толғаған (Сәбит Мұқановтың айтуынша). Жырын «енді өлсем де, арманым жоқ деп аяқтаған» екен. Алайда жазып алатын ешкім болмағандықтан, бүгінге жетпеген.

Бұл жинаққа 2014 жылғы кітап бойынша берілді.



БҰРЫНҒЫ ЖИНАҚТАРҒА ЕНБЕГЕН ӨЛЕҢДЕРІ

Жинақты дайындау барысында жазбаға түскен, енді біреулері алғашқы жинақтарда жарияланып, кейінгі басылымдарға енбей келген өлеңдердің бар екендігі анықталды.

Бұл шығармалар мәтінін жинаққа енгізудің орайын таппағандықтан, «түсініктер» бөлімінде толық мағлұмат беріп отырмыз.

«Ерназар колхозының митингісінде Жамбыл сөйледі» – Өлең ӘӨИ 161-бумада сақталған. Көлемі – 18 жол. Кирилл әрпінде машинкада терілген. Өлеңнің астына «жазып алған Жамбыл Әлімқұл» деп көк сиялы қаламмен жазған және «С.Қайнарбаевтың статьясынан» деген сөз машинкада терілген. Қолжазбаның сақталуы жақсы. Архив беттеуінде 33-бетте. Өлең алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 27/8.1936 жылғы санында жарияланған. Бұдан кейін ақынның ешбір жыр жинақтарына енбеген.

«Ежов (Ежон) батыр туралы» – Арнау алғаш 1937 жылғы жинақта жарық көрген. Көлемі – 36 жол. Бұл саяси бағыттағы және хатшыларының мәліметтері бойынша жазылған өлеңдерінің бірі. Сталинді және оның серіктерін дәріптеу мақсаты қойылған өлең екенін мазмұнынан анық көрінеді. Алайда, ақынның көркемдік айшықтары алыстап кеткен керуеннің қарауытқан көрінісіндей әр жолдарынан қылаң береді. Өлең ақынның бұдан кейінгі жинақтарының ешқайсысына енбеген. Себебі, Н.И.Ежов ішкі істер халық комиссары (НКВД) болған адам және 1940 жылы атылған. Бұндай бұрынғы қызыл комиссар, кейінгі саяси сатқын делініп түсіндірілген тарихи адам туралы өлең Жамбылдың жыр жинақтарына енбеуі заңдылық еді.

«Ұсынамын» – Бұл 12 жол өлең ӘӨИ 162-бумадан кездесті. Өлең кирилл әрпімен машинкада басылған. «Жазып алған поэт Қалмақан Әбдіқадіров» деп машинкада терілген және оның астына көк сиялы қаламмен қолын қойып, «2/V. 53» деп жазған. Ал өлеңнің жылы қара қарындашпен 1937 деп көрсетілген. Өлең жақсы сақталған. Архив беттеуінде – 85-бетте.



«*Ер күні*» – Бұл 86 жол өлең ӘӨИ 161-бумада сақталған. Өлең кирилл әрпінде машинкада терілген. Жазып алған – Қалмақан Әбдіқадіров. Өлеңнің астына көк сиялы қаламмен қолын қойып, бұған да «2/V. 53» деп жазған. Ал өлеңнің жанына қарындашпен « «Қазақ әбеиеті» 1937» деп жазып қойған. Өлең жақсы сақталған. Архив беттеуінде 110-112-беттерде. Өлең ақынның жыр жинақтарына енбеген. Сонымен қатар, ОҒК 651-бума 4-дәптерде осы аталған өлеңнің тағы бір нұсқасы кездесті.

«*Әулиеата еліне*» – Бұл 14 жол өлең ӘӨИ 161-бумада сақталған. Кирилл әрпінде машинкада терілген. Сақталуы жақсы. Архив беттеуінде – 104-бетте. Ешқайда жарияланбаған. Өлеңнің астына: «26/8.1938 жыл. Т.Жароков «мен жазбадым» деп қол қойған.

«*Жайратқан жаудың шебін арыстаным*» – Бұл 2 шумақ өлең ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») сақталған. Тақырыбы қойылмаған. Өлең көк сиялы қаламмен араб әрпімен жазылған. Жанына қара қарындашпен «Қалмақан» деп қиғаштап жазған. Өлеңнің астына: «10/6.1938. Жамбыл» деп арабша жазылған. Сақталуы жақсы. Архив беттеуінде – 16-бетте.

«*Ал Жамбыл сөйлесін*» – Бұл 105 жол толғау ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») сақталған. Тақырыбы қойылмаған. Өлең көк сиялы қаламмен араб әрпімен жазылған. Жанына қиғаштап «кім жазғаны белгісіз» деп жазған. Сақталуы жақсы. Архив беттеуінде – 19-21-бетте.

«*Командирге*» – Бұл алты шумақ өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлеңнің астында: «Жамбыл. 15/VII 1938» деп жазылған. Сақталуы жақсы.

«*Мерекелі бір күнім*» – Бұл өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Көлемі – 50 жол. Өлеңнің астында: «29/ X 1938» деп жазылған. Сақталуы жақсы.

«*Ғылым*» – Бұл 13 жол өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған. Аталған 651-бумада: «Жамбылдың кино-театр, школ, оқытушы, оқушылар



туралы өлеңдері» деп арнайы тақырыпқа топтап берген өлеңдерінің ішінде сақталған.

«*Біздің мектеп*» – Бұл 11 жол өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған. Аталған 651-бумада: «Жамбылдың кино-театр, школ, оқытушы, оқушылар туралы өлеңдері» деп арнайы тақырыпқа топтап берген өлеңдерінің ішінде сақталған.

«*Мұғалим*» – Бұл 3 шумақ өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған. Аталған 651-бумада: «Жамбылдың кино-театр, школ, оқытушы, оқушылар туралы өлеңдері» деп арнайы тақырыпқа топтап берген өлеңдерінің ішінде сақталған.

«*Той*» – Бұл өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Көлемі – 34 жол. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы.

«*Туды Сталин бағым*» – Бұл 43 жол өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған.

«*Ерлер күн*» – Бұл 65 жол өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған.

«*Кино-театр*» – Бұл 10 жол өлең ОҒК 651-бума 4-дәптерде сақталған. Араб әрпінде жазылған. Өлең 1938 жылы жазылған. Сақталуы жақсы. Еш жерде жарияланбаған.

«*Әр байға тиген келіншекке*» – Бұл 8 жол өлең ӘӨИ 160-бумада, ЖМҚ-да («Оригиналы стихов и поэм») сақталған. ЖМҚ-да өлең латын әрпімен машинкаға, ӘӨИ 160-бумада кирилл әрпімен машинкада терілген. Архив беттеуінде (ЖМҚ) 108-бетте. Жазып алған – Ғ.Орманов. Мәтінге қарағанда табанда айтқан сатиралық өлең екені байқалады. Және өлеңде эпиграмма элементтері бар. Демек, белгілі бір адамға арналған. Бірақ, бұл туралы дерек жоқ. ӘӨИ 160-бумада өлеңнің тақырыбы «Әр байға тиген келіншекке»



деп, ал ЖМК-да бұл тақырып қара түсті сия қаламмен сызылып, «Келіншекке» деп жазылған. Осы нұсқада өлең тақырыбына тарихи сілтеме берілген. Онда: «Жамбыл ауылының төңірегінде бір жас әйел бір жылда төрт байға тиіпті. Сол туралы әңгіме болғанда Жамбылдың айтқаны» деп түсінік берілген. Өлеңнің жазылған уақыты «1939 ж.» деп көрсетілген. Ал жазып алған адам туралы мәлімет жоқ. Өлең бұрын еш жерде жарияланбаған.

«Естігенде дауысымды» – Жамбыл мұражай қорындағы («Оригиналы стихов и поэм») нұсқада сақталған 20 жол өлең. Архив беттеуінде 30-31-бетте. Сақталуы жақсы. Өлең сарғыш түсті кенсе дәптеріне жазылған. Тақырыбы қойылмаған. Қолжазба көк сиялы қаламмен араб әрпімен жазылған. Жазып алған – Әбділда деп көрсетілген (кирилл әрпімен). Жылы қойылмаған. Бумадаға қатар тұрған өлеңдердің жылына қарағанда 1939 жылға сәйкес келеді. Өлең бұрын еш жерде жарық көрмеген. Жарияланымы жайында дерек жоқ. Өлеңнің мазмұнына қарағанда Жамбылға ат мінгізгенде айтқан өлеңі сияқты. Ақын оны сол уақыттағы арнау өлеңнің негізгі сарынына сап айтқаны:

«Тұлпар берген көсемнің,
Сыйлығына сыйлық деп,

Жырымды алып барайын» деген жолдары айқын дәлел. Өлең ақынның жыршы-жыраулық табиғатына сай шыққан. Толғау мәнері анық. Қара өлең, әсіресе жазба поэзияның элементтері мұнда жоқ. Сондықтан, бұл арнау өлеңге ешбір редакциялық қолтаңба түспеген деп санауға негіз бар.

«Жаса балам біз үшін» – Бұл өлең ӘӨИ 161-бумада сақталған. Өлеңнің басына «Жамбыл» деп жазып қойған. Кирилл әрпінде машинкада терілген. Көлемі – 41 жол. Өлеңнің астына: «Мен жазып алған жоқпын» деп көк сиялы қаламмен Т.Жароков қолын қойған. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы наурыздың 9 күнгі №56 санында жарияланған. Бұдан кейін ақынның жыр жинақтарына енбеген.

ӘӨИ 161-бума Жамбыл шығармаларына арналған. Бумадағы материал 3 дәптерге жинақталған. Ақ түсті кенсе қағазына



кирилл әрпінде машинкамен терілген. Бума қатты қағазбен тысталған. Буманың айтарлықтай ақауы жоқ. Бумадағы Жамбыл өлеңдерін жазып алғандар: Т. Жараков, Ғ. Орманов, Қ. Тоғызақов, Ә. Жамбылов, Қ. Әбдіқадіров, Ә. Тәжібаев. 1953 жылы өткізген. Т. Жароковтың «мен жазып алған жоқпын» деуінен басқа жинаушылардың бірінің өткізгені болуы мүмкін.

«Бес мың жауды айдадың» – Бұл 68 жол өлең ӘӨИ 159-бумада сақталған. Өлең кирилл әрпінде машинкада терілген. Сақталуы жақсы. Архив беттеуінде 251-253-бетте. Жазып алған – Тайыр Жароков. «24.04.1941 ж» деп жазған. Бірақ қолжазбада көк қаламмен «Жазған мен емес» деп Т.Жароков қолын қойған.

ЖМҚ-да тақырып: «Бес мың жауды айдадың» деп кирилл әрпінде жазылған. Ал өлең араб әрпінде қарындашпен жазылған. Осы бумада өлеңнің соңында: «Жазып алған Тайыр Жароков. 24.04.1941 ж» деп жазылған. Міне, осы араб әрпіндегі қолжазба машинкада терілген соң, жоғарыдағы ӘӨИ 159-бумада «Жазған мен емес» деп Т.Жароков қол қойған деп топшыладық.

«Америка Құрама Штатындағы азаттық сүйгіш халыққа» – Бұл алты бетке жуық кирилл әрпінде машинкада ба-
сылған толғау ӘӨИ 159-бумада сақталған. Араб әрпінде жазылған ЖМҚ-да (Жамбыл өлең-жарларының негізгі нұсқасы) сақталған. Көлемі – 249 жол. Архив беттеуінде – 10-15-бетте. Сақталуы жақсы. Жазып алған – Тайыр Жароков. Өлеңнің астына: «20-21/11.41» деп жазылған.

«О, ұлдарым, ұлдарым» – Бұл 83 жол өлең ӘӨИ 160-бумада сақталған. Тақырыбы қойылмаған. Кирилл әрпінде машинада терілген. Өлеңнің соңына: «Ғали Орманов» деп қолын қойып, «1944/V» деп жазылған. Сақталуы жақсы. Архив беттеуінде – 202-204-бетте.



ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай (Абай (Ибраһим) Құнанбаев) (1845-1904) – қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келген. Ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. Ол бала кезінен ертегі, әңгімелерді тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен көзге түскен. Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Шөжелерді тыңдап өскен. Әжесі Зере, анасы Ұлжан да шешен, сөз қадірін білетін адам болған.

Абылай (Абылай хан) (1711-1781) – қазақтың ханы. Көрнекті мемлекет қайраткері. Қолбасшы, дипломат. Ұлы тұлғаның бүкіл өмірі қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан азат етіп, тәуелсіз, дербес қазақ хандығын құруға бағытталды. Ол ұрыс үстіндегі ержүрек батырлық қасиеттерімен де кең танылды.

Алғатай (Алғатай Жамбылұлы) (1902-1943) – Жамбылдың үшінші әйелі Қанымжаннан туған ұлы. 1942 жылы соғысқа аттанады. Ол Днепрепетровск облысы, Синельников қаласын азат ету кезінде ерлікпен қаза тапқан.

Аманкелді (Аманкелді Иманов) (1873-1919) – Торғай уезі Қайдауыл болысының 3-ауылында шаруа отбасында туған. Қазақ халқының батыры. Қазақстанда 1916 жылы өріс алған ұлт-азаттық көтерілістің басшысы.

Андас – дулат руынан шыққан батыр, Сұраншының замандасы.

Асанқайғы (Асан қайғы (Хасан) Сәбитұлы) (XIV ғасырдың ақыры – XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Әз Жәнібек ханның ақылшысы болған. Оның өмір сүрген тұсы Алтын Орда және қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді.

Әбілқасым – Жамбылдың ағайындас туысы.

Әлмен (Әлмен Байқалмақызы) (1860-ө.ж. белгісіз) – Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Сұлутөр өңірінде туған, айтыскер ақын.

Әлімқұл – қырғыз, Құдияр ханның әскербасы болған.

Байбосын – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан батыр. Жайылмыс деген деген жердегі көтеріліске белсене араласқан. Қолға түсіп дарға асылған.



Байзақ (Байзақ Мәмбетұлы, Байзақ датқа) (1789-1864) – қазақ батыры, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі.

Байсейіт (Байсейіт Тойшыбекұлы) (1831-1867) – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Таран ауылында туған. Тойшыбек бидің баласы. 17 жасында Кенесарының жорығына қатысқан. Сыр бойында патша үкіметіне қарсы соғысқа қатысқан. Сыздық батырдың жолдасы.

Байұзақ (Байұзақ молдаға) – Сарыбай Айдосұлының ауылда ұстаған молдасы.

Барлыбай (Хабиб Барлыбаев) (1898-1946) – дәрігер, профессор, медицина ғылымдарының кандидаты, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер.

Бекболат (Бекболат Әшекеев) (1843-1916) – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі, батыр. 1916 жылы дарға асып өлтірген.

Борис – Совет Армиясының Н. бөлімінің командирі, кезінде Жамбылға амандаса барған.

Буденный (Буденный, Семен Михайлович) (1883-1973) – Кеңес Одағының алғашқы маршалдарының бірі. Үш мәрте Кеңес Одағының батыры, сегіз рет Ленин орденінің иегері болған.

Бұғыбай (туған жылы белгісіз-1847) – батыр, қолбасы. Ұлы жүздегі Шапырашты руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күреске белсенді түрде қатысып, ерлігімен көзге түскен. 1847 жылы жазда қырғыздарға жасалған жорық кезінде қоршауда қалып, ерлікпен қаза тапқан.

Бұқарбай – (Бұқарбай Естекбайұлы) (1822-1898) – XIX ғасырда өмір сүрген қазақ батыры, әрі шешен. Ол қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінде дүниеге келген. Кенесары ханның ірі жорығына белсене қатысуы арқылы тарихта қалған. Бұқарбай батыр Кіші жүздің Табын руындағы Теке атасынан шыққан.



Бұрым (туған, өлген жылы белгісіз) – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынқарғалы ауылында өмір сүрген. Айтыскер ақын, Шапырашты Айқым руындағы Қыдырма деген кісінің көрікті қызы, Жамбылдың сүйген қызы.

Ворошилов (Ворошилов Климент Ефремович) (1881-1969) – Кеңес Одағының маршалы, Социалистік еңбек ері, Кеңес Одағының батыры.

Горький (Горький Алексей Максимович.) (1868-1936) – орыс кеңес жазушысы, прозаик, драматург.

Ғали (Ғали Орманов) (1907-1978) – ақын. Алматы облысы, Қапал ауданы, Қызыл жұлдыз ауылында туып, Алматыда қайтыс болған. Жамбылдың әдеби хатшысы болған.

Ғали арыстан (Әзірет Ғали) (Әли Әбу Талип, т.ж.б. 21.01.661) – «әділ халифтердің» төртіншісі және соңғысы. Шын аты-жөні – Әбул-Хасан әл-Мұртада. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі және күйеу баласы (қызы Фатиманың күйеуі). Қазақтар арасында Әли есімі «Әзіреті Әлі» тұлғасында аталып, оған үлкен құрмет білдіріледі.

Ғасем Лахути (Лахути Абулькасим Ахмедзаде) (1887-1957) – Тәжік ақыны және саясаткері, қазіргі тәжік әдебиетінің классигі.

Дәрмен – Ораз Жандосовтың анасы.

Дүйсекей – Дүниежүзілік екінші соғысқа қатысқан жауынгер.

Ермекбай – Жамбылдың ауылдас ағайындары, ұста болған адам. Шапырашты Бақай руының адамы.

Есенәлі – бай болған. Жамбыл Есенәлі деген байдың үйіне қонаққа барады. Сонда Жамбылдың кедейлігін кекеткен болып: «Жамбылдың жүрегіне май батады дейсің бе?» – дейді Есенәлі мешкей, табақтағы қазыны өзіне қарай тартады. Сарандықпен аты шыққан Есенәлінің өз дастарханының берекесін өзі кетіргеніне ыза болған Жамбыл мысқылдап өлең шығарады.

Ескендір (Ескендір Зұлқарнайын, Александр Македонский) (патшалық құрған мезгілі б. з. б. 336-323) – әлемге аты мәшһүр қолбасшылардың бірі. «Жалғыз ғана қазақ арасында емес, бүкіл Шығыс әлемінде Ескендір Зұлқарнайын деп



аталып кеткен кісі – македониялықтардың әйгілі қолбасшысы Александр Македонский. Александр шын мәнінде Филипп патшаның ұлы, «Македонский» деген қосымша есімі, ал Шығыс халықтарының арасында осы қолбасшының қос мүйізі бар екен деген аңыз тарап кеткен.

Естемес – Бұйдалы руындағы Аба байдың баласы.

Есімбек – Эрентальды сабап, Верныйға айдалса да, уездің бастығын жеңіп шығады. Сол үшін Жамбыл Есімбекті мақтап айтады. Есімбек – Біржан салмен айтысқан ақын Сараның жақын ағалары.

Есім-Малай, Қожан – Есім-Малай туралы Жамбыл Ғали Ормановқа мынадай әңгіме айтыпты: – Бір атадан үш ұл бопты. Малай бәйбішенің баласы екен де, Есім, Қожан тоқалдың баласы екен. Бірақ Қожан пысық боп, ағасы Есімді қой соңына салып қойыпты. Ақыры Қожанның қорлығына шыдамай, Есім Арғынға барып, сонда жүріп үйленіпті. Есім – кең пейіл, адал адам екен, соңынан Есімнің аты шығып, оған қулық қылған Қожан санатқа ілінбей қалыпты.

Жақсыбай (Жақсыбай Жантөбетұлы) (1888-1958) – Жамбыл облысы, Шу ауданы, Абай ауылында туып, сонда қайтыс болған. Айтыс ақыны. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады.

Жанқұтты – Шу бойында Көктерек ауылындағы Күнту көкірек елінің адамы, шешен кісі болған.

Жаныбек (Жәнібек Майлыбаев) – қажы, Самсыдағы мешіт имамы болған.

Жаныс – ақын. Оның аты тек Жамбылдың «Жаныс ақынға» деген өлеңінде кездеседі.

Жапа (Жапа Ыстыбайұлы) (1809-1896) – Жамбылдың әкесі, жас кезінде қарулы жігіт болып, жортуылға, барымтаға жүрген. П.Кузнецовтың «Джамбул внук Ыстыбая» атты романында Жапа 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі Бекболат Әшекеевтің аталары ұстаған жортуылшы жігіттерінің қатарында суреттеледі. Қамшыгер деген даңқы көпке белгілі



болған. Бір соғыста оны сыртынан көрген қолбасы «жабайы батырларша соғысады» деген екен, содан бастап Жапа аты, Жабай болып аталып кетеді.

Жартыбай (Жартыбай Қырықбаев) – Жамбылдың ағайыны, ақын.

Жданов (Жданов Андрей Александрович) (1896-1948) – Кеңестік партия және мемлекет қайраткері.

Жиренше (Жиренше шешен) (туылған-өлген жылы белгісіз) – қазақтың ақыл-парасатымен, тапқырлығымен аты аңызға айналған ділмәр шешені. Аңыз-әңгімелердің дерегі бойынша ол тарихта болған, Әз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген кісі, бірақ тарихи шығармаларда Жәнібек ханның төңірегінде ондай адам болды деген дерек кездеспейді. Қазақ фольклорында бар Жиренше шешен жайындағы аңыз әңгімелердің кейбір нұсқалары негізгі кейіпкердің атымен, мысалы, қарақалпақ (Жиренше), қырғыз (Жээренче чээчен), түрікмен (Йикренче) фольклорына ауысқаны байқалады. Жиренше шешен туралы ертегілер, әңгімелер қазақ фольклорында шамамен XV ғасырдан басталады.

Жуков (Жуков Георгий Константинович) (1896-1974) – Кеңес Одағының маршалы, Ұлы Отан соғысы кезіндегі қолбасшы, төрт мәрте Кеңес Одағының Батыры.

Зиновьев (Зиновьев Григорий Евсеевич) (1883-1936) – революционер, Кеңестік саяси және мемлекет қайраткері.

Исатай (Исатай Тайманұлы) (1791-1838) – қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы «Тайман жалы» деген жерде дүниеге келген. Исатай 21 жасында Беріш руының старшинасы болып ел басқарады, Ордадағы беделді адамдардың біріне айналады. Алайда, әртүрлі алым-салықтан күйзелген, жайылым жерден айрылған, казак әскерлері мен жергілікті феодалдардың екі жақты езгісінен әбден шыдамы таусылған халық қолдарына қару алып, көтеріліске шығады. Исатай Тайманұлы – осы көтерілістің сардары, көсемі болады.

Калинин (Калинин Михаил Иванович) (1875-1946) – компартия және Кеңес мемлекетінің қайраткері, социалистік еңбек ері.



Каменев (Каменев Лев Борисович) (1883-1936) – революционер, Кеңестік саяси және мемлекет қайраткері.

Кәден – ақынға ауылдас әйел. Жамбылдың «Кәден жан» өлеңі соған арналған әзіл өлең.

Кәдірбай – Жамбылдың заманындағы бай адам. «Кәдірбайдың төбеті» деген өлеңі сол адамға арналған.

Кәмшат – Шудың бойындағы Күнту руының ауқатты адамы Керім дегеннің сұлу қызы.

Кәсен – Мәңке болыстың інісі.

Кәшке – Шапырашты руынан шыққан бай адам.

Келлер (Келлер Борис Александрович) – Биология ғылымдарының докторы, академик.

Кемпірбай (Кемпірбай Бөгенбайұлы) (1834-1895) – ақын, әнші. Шөже, Тезекбай, Әсет, Жәмшібай сынды ақындармен айтысқан.

Кенен (Кенен Әзірбаев) (1884-1976) – Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Мәтібұлақ ауылында дүниеге келген. Халық ақыны, әнші, халық композиторы. Қазақтың сал-серілік, айтыс өнерін кейінгі буынға жалғастырушы.

Кенесары (Кенесары Қасымұлы) (1802-1847) белгілі хан (1841 жылдан). Абылайдың немересі. Ресейдің отаршыл саясатына қарсы 1837-1847 жылдар аралығында ұлт-азаттық көтерілістің көсемі. 1825 жылы ағасы сұлтан Саржанның қарулы көтерілісіне ат салысқан. 1836 жылы ағалары Саржанды, Есенкелдіні Ташкент билеушісі зұлымдықпен өлтірткеннен соң қанат жайған қозғалысты әрі қарай жалғастырды. Ханның туының астында топтасқан қарулы серіктерінің арасында, азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, қанды шайқастарда ерліктерімен халықтың рухын көтерген үш жүздің де батырлары болды: Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Таймас, Саурық, Наурызбай, Бұхарбай, Иман, Сұраншы, Төлебай, т.б.

Кеншімбай (Кеншімбай Қабанұлы) (1865-1925) – айтыс ақыны. Қызылорда облысы Сырдария ауданында туып, сонда қайтыс болған. Бізге жеткен айтыстарының ішіндегі шоқтығы биік



әрі көркемі – ақынның Ақсұлу қызбен айтысы. Бұл айтыс шамамен 1890 жылы Ор өзенің бойында өткен. Ырысты қызбен айтысатын он алты ақынның бірі де – осы Кеншімбаи. Ақынның XIX ғасырдың аяғында шығарған өлеңдері бізге жетпеген.

Киров (Киров Сергей Миронович) (1886-1934) – Ресей революционері, Кеңес мемлекеттік және саяси қайраткері.

Коккинаки (Коккинаки Владимир Константинович) (1904-1985) – ұшқыш, Кеңес Одағының екі дүркін батыры, Ленин орденінің иегері.

Колпаковский – Жетісу, Түркістан аймағын жаулап алған, XIX ғасырдың 50-60 жылдары патша үкіметінің генералы болған.

Көкім (Көкім Мәйкеұлы) – Жамбылдың жақын інісі. Екей елінің старшыны, 1933 жылы қырықтың ішінде қайтыс болған.

Көрұғылы (Көрөғлы, Көрұғлы, Көрғұлы) – қаһармандық эпос кейіпкері. «Көрұғылы» жыры Орта Азия, Таяу Шығыс, Кавказ халықтарына ортақ фольклорлық ескерткіш. Жырдың түрлі нұсқалары түрікмен, қарақалпақ, өзбек, құмық, әзірбайжан халықтарында кездеседі. Жыр сюжеті Қазақстан, Орта Азия, Кавказ халықтарынан бөлек Балқандағы гагауз, Сібірдегі Тобыл татарларына да жақсы мәлім.

Куйбышев (Куйбышев Валериан Владимирович) (1888-1935) революционер. Кеңес үкіметінің партия және саяси жетекшісі. Ол Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Кутузов (Кутузов Михаил Илларионович) (1745-1813) – қолбасшы, мемлекет қайраткері, дипломат.

Күләш (Байсейітова Күләш, шын есімі Гүлбаһрам) (1912-1957) – Алматы қаласында туып, Мәскеуде қайтыс болған. Алматыға жерленген. Аса көрнекті қазақ әншісі, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, КСРО халық артисі (1936).

Күлен – «Мен келдім амандаса» деген өлең мазмұнына қарағанда Жамбылдың ауылдас ағайыны екені байқалады.

Күргібай – шапырашты ішіндегі екей руының адамы.

Қазыбек – Ораз Жандосовтың арғы аталары.



Қали (Қали Ордабайұлы) – өз заманында қазіргі Іле ауданы орналасқан аймаққа аты шыққан ауқатты байлардың бірі болған.

Қалиқұл – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан батыр.

Қалқа (Жапсарбаев Қалқа) (1886-1976) – Алматы Облысы, Көксу ауданының тумасы. Қазақ КСР-інің халық артисі. Оның «Қалқаның әні», «Қалқаның желдірмесі», «Жайқоңыр» қатарлы әндері бар.

Қалқабай – Жамбылдың «Кедей күйі» өлеңіндегі қайыршы жігіт. Жамбылдың ағайыны. Ұзынағаш бойындағы Қаратас деген жерді мекендеген.

Қараш батыр (1715-1813) – жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз Шапырашты руының Есқожа тармағынан.

Қарымбай – Малай елінің байы.

Қарымбай (Қарынбай) – қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын тойымсыз, сараң, қарау байдың бейнесі. Ол Құрандағы жетім-жесірге қайыр-садақасы жоқ, қолда бар байлығын нысап етпейтін Харун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Қазақ аңыздарында Харун есімі Қарынбай болып өзгерген.

Қатаған – XIX ғасырда өмір сүрген Қырғыздың айтыс ақыны. Оның Сүйінбай мен айтысы ел арасында көп тараған.

Қиқым – мемлекет қайраткері болған Ораз Жандосовтың әкесі. Кен жұмысшысы болған.

Қисыбай (Қисыбай Сарыбайұлы) – Ел билігіне араласып, Ұзынағаш болысына болыс болған. Әкесіндей (Сарыбай бидей) беделі, атағы болмаса да біраз жыл ел басқарған. Жамбылға ағайын. Шапырашты Екей руының Ізбасар атасынан.

Қожақан – Жалайыр ішіндегі Балғалы Бабанның баласы. Болыс болған кісі. Бұл Абақ, Тарақ елінің ақындары көп түсетін үй болған.

Қожамберді – Алматы қаласында өмір сүрген бай.

Қорқыт (Қорқыт Ата) – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт Ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт Атаның



өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз, шаман. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра.

Қосай – Жамбылдың өлеңінде Жиреншедей шешен адам деп көрсетіледі. Басқадай мәліметтер кездеспеді.

Қуандық (Қуандық Сабырбайқызы) (1843-1928) – ақын, әнші. Айтыс өнерінің шебері Сабырбай қызын жас күнінен сөз өнеріне баулып есірген. Қуандық шаршы топта жыр досына түсіп, әншілік, ақындық өнерімен ел құрметіне бөленген. Қара өлеңге өте жүйрік болған.

Қуаныш – Жамбылдың немересі, майданда қаза тапқан Алғадайдың баласы.

Қуаныш (Қуаныш Баймағанбетов) (1895-1973) – қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылында туып, сонда қайтыс болған. Халық ақыны, ауыз әдебиетін жинаушы.

Қуат (Қуат Терібаев) (1891-1952) – халық ақыны. Ауыл мектебінен оқып, ескіше білім алған. Ата-анасынан ерте айрылып, 1916 жылы патшаның маусым жарлығына ілігіп, майданның қара жұмысына алынады. 1936 жылы республикалық айтысқа қатысып, жүлдегер атанған. Терібаевтың ақын болып қалыптасуына Абайдың әсері көп тиген. Абайдың жаңашыл дәстүрін, өлеңдері мен әндерін ел ішіне насихаттаған. Абайдың дәстүрімен «Күлсағила», «Айжан-Жанша» дастандарын жазған. «Өмір жыры», «Ағынды Ақсу» шығармалар жинақтары белгілі.

Құдияр хан – 1840-1860 жылдардың арасында Қоқанның ханы болған.

Құл (Құл Өтемісұлы) – XIX ғасырда Талдықорған өңірінде өмір сүрген айтыскер ақын. Құлдың «Ассалаумағалейкум, Есім төре», «Түйенің бір ұраны кебек екен», «Атқа мініп текешік



болып тұрған», «Садырдың Нияз деген батыры бар», «Бәйгеге маңқа айғырды қосып тұрмыз» атты жырлары сақталған.

Құлманбет (Құланаян Құлмамбет) (1826-1906) – Айтыс ақыны. Қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданы Күрметі ауылында туып, Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылында қайтыс болған. Жетісуда Сүйінбай бастаған айтыс мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Албан ішіндегі Қызылбөрік руының Құланаян атасынан шыққан, Құлмамбеттің Құланаян атануы да содан. Кемеліне келген шағында Түбек, Жанақ, Бақтыбай, Тезек, Майкөт, Уәзипа қыз, Жамбыл тәрізді айтыс майталмандарымен, қырғыздың Қаламқас, Тұрсынай қыздарымен айтысқан.

Құлыншақ (Құлыншақ Кемелұлы) (1840-1911) – Қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе аулында туып, сонда қайтыс болған. Құланшақ Майлықожа, Шөже, Молда Мұса, т.б. ақындармен айтысқан. Ж.Жабаев Құланшақтың ақындық шеберлігін жоғары бағалаған.

Қыдыр (Қыдыр ата, Қызыр) – 1) ислам дініндегі пайғамбар. Кейбір дінтанушы ғалымдар оны Ілияс пайғамбар деп жорамалдайды. Құран Кәрімнің Кәһф сүресінде Мұса пайғамбар сапарға шыққан кезде Қыдырға жолыққаны, Алланың оны Мұсаға тағылым үйрету үшін арнайы жібергені жайлы айтылады (66 аят). 2) мифтік бейне. Түркі халықтары мифологиясында Қыдыр бейнесінің астарынан ислам дініне дейінгі және онан кейінгі кезеңде пайда болған діни-фольклорлық дәстүр түсінігі аңғарылады.

Қылышбай (Қылышбай Ержанұлы) (1851-1926) – Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Фурманов селосында туған. Оның шешендігін, әділ сөйлейтін қасиетін таныған ел көбінесе өздері барып жүгініп отырған. Сөйтіп, Қылышбай шешен келе-келе «өзіміздің Қылышбай, айтқан сөзі қылыштай» деп аталып кеткен.

Ленин (Ленин Владимир Ильич) (1870-1924) – ленинизм ілімінің негізін қалаушы, Ресей КФСР мен КСРО орнатушысы, Кеңес Үкіметін басқарушы.



Майкөт (Майкөт Сандыбайұлы) (1824-1902) – ақын. Қазіргі Қаратау өңірі Сарысу ауданында Шабақты өзенінің бойы, Бестөгай алабында туып, Сарыарқада қайтыс болған. Сыр бойына, Жетісуға, Сарыарқаға аты шыққан. Майкөт Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Сүйінбай, Бақтыбай, Түбек, Мәделі қожа, Бөлтірік, Құлмамбет, Қазанғап, т.б. ақындармен айтысқа түскен. Майкөтпен кездескен Ә.Диваев оның қазақтың мыңжылдық тарихын өзінше жырлаған алып жыршы екендігін айтқан.

Маман (Маман Қалқабайұлы) (1810-1901) – қазақтан шыққан алғашқы кәсіпкерлердің бірі, бай, би. Орта жүз найман ішіндегі матай руынан шыққан.

Манас – Қасқарау елінен шыққан ұры.

Манас – қырғыз халқының батырлық эпосы «Манас» жырының бас кейіпкері, батыр.

Маркс (Маркс К.) (1818-1883) – немістің философ ғалымы. Ғылыми коммунизм теориясының іргетасын қалаған.

Махамбет (Махамбет Өтемісұлы) (1804-1846) – Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жанқұс жерінде туып, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданында қаза тапқан – қазақтың әйгілі ақыны, күйші, композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы.

Маяковский (Маяковский Владимир Владимирович) (1893-1930) – Орыс ақыны. XX ғасырдың ең танымал ақындарының, Кеңес әдебиетінің классиктерінің бірі.

Маясар (Маясар Жапақов) (1889-1965) – төкпе ақын. Жастайынан өлең шығарып, домбырамен ән салған. Ыбырай, Мәди, Мұхит тәрізді әнші-ақындарды ұстаз тұтқан. Жапақов Кеңес өкіметі кезінде Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегін жырлаған ақын ретінде танылды. Ұлы Отан соғысы кезінде «Атыңнан атам қазақ айналайын» деген патриоттық толғауы қазақ жауынгерлері арасына кең тарады. 1943 жылы Болман, Нұрлыбек ақындармен, 1961 жылы республикалық ақындар айтысында Көшен, Қайып, т.б. ақындармен, өнер сайысқан.



Мәлік (Мәлік Ғабдуллин) (1915-1973) – жазушы, ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Кеңес Одағының батыры. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Мәмбет – Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы ботбай елінің байы.

Мәмбетәлі – қырғыз елінің байы.

Мыржы – Жамбылдың інісі.

Мырзабек – Шапырашты руынан шыққан бай адам.

Нағашыбек – Жамбылдың баласы, шофері болған.

Нартай (Нартай Бекежанов) (1890-1945) – ақын, композитор. Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Он жасынан ән салып, өлең айта бастайды. Ақын халық әндерін шебер орындаумен қатар өзі де әндер («Толқын», «Нартай сазы», «Өсиет терме») шығарған.

Наурызбай (Наурызбай Қасымұлы) (1822-1847) – батыр. Кеңесарының туған інісі. 1837-1847 жылдардағы Кеңесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбай 1847 жылы тұтқынға түскен ағасы Кеңесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан.

Нәпбай – Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан батыр.

Николай (Николай Александрович Романов) (1868-1918) – Ресейдің соңғы императоры. Александр III-нің үлкен ұлы.

Ноғайбай (Ноғайбай Дәулетбақұлы) (1834-1910) – Жамбыл облысы, Қордай ауданында туып, сонда қайтыс болған. Жетісу өңіріне белгілі шешен, би. Дулат тайпасының Жаныс руының Қасқарау бұтағынан шыққан.

Нұрлыбек (Нұрлыбек Баймұратов) (1887-1969) – бұрынғы Семей облысы Бесқарағай ауданында, «Семьяр» деген ауылда дүниеге келген. Ел арасында айтыскер ақын, жалынды жыршы болып танылған ол Ұлы Отан соғысы жылдары халыққа рух беретін отты жырларымен кең танылған. Ол алғаш үлкен айтыс сахнасына 1922 жылы Исамен, 1939 жылы Нартаймен, 1943 жылы



Маясармен, 1944 жылы Төлеумен сөз сайысына түскен. 1938 жылы Алматыда өткен халық ақындарының тұңғыш слетінде Нұрлыбек ақын көрермендерге жоғары деңгейден көріне білді. Осы айтыстан соң 1939 жылы Нұрлыбек Баймұратовқа Қазақ СССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері деген құрметті атақ берілді.

Нұрпейіс (Байғанин Нұрпейіс) (1860-1945) – қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданында туып-өскен. Нұрпейіс әрі жырау-орындаушы, әрі эпик ақын. Көптеген эпостық жырларды жаттап айтып, кейбірін өзінше жырлаған («Қобыланды», «Құбығұл», т.б.).

Омар – өлеңші, ақын деген ғана мәлімет бар.

Омарбай – «Мен келдім амандаса» деген өлең мазмұнына қарағанда Жамбылдың ауылдас ағайыны екені байқалады.

Ораз (Жандосов Ораз Қиқымұлы) (1889-1938) – Алматы Облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласының тумасы. Мемлекет қайраткері.

Орынбай (Орынбай Бертағыұлы) (1813-1891) – айтыскер ақын. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Көлдей елі, Дауқара ауылында туып, Аягөзде қайтыс болған. Ел ішінде Қарауыл Орынбай ақын деген атпен мәлім. 13-14 жасынан өлең шығарған. Өз тұсында Жанақ, Балта, Шөже, Тоғжан, Серәліқожа, Арыстанбай, Шортанбай, Сақау, Қожабек, Кемпірбай, Тезекбай, Өтеулі, Дана, Байкөкше, Нұркей, Ақан Сері, Құлтума, т.б. ақындармен айтысқан.

Орынбай (Орынбай Тайманұлы) (1868-ө.ж.б.) – халық ақыны, Жамбылдың шәкірті болған.

Оспан – Жамбылдың ауылдас ағайындары, ұста болған адам.

Оспанбай – Жамбылдың ауылдасы.

Өтеген (Өтеген Өтетілеуұлы, мүйізді Өтеген) (1699-1773) – Ұлы жүздің дулат руынан шыққан, жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқан батыр, қолбасы.

Панфилов (Панфилов Иван Васильевич) (1893-1941) – Кеңес Одағының батыры, әскери қайраткер.

Папанин (Папанин Иван Дмитриевич) (1894-1986) – Кеңес Одағының екі дүркін батыры.



Пугачев (Пугачёв Емельян Иванович) (1742-1775) – Ресейдегі 1773-1775 жылдардағы шаруалар көтерілісінің жетекшісі.

Пушкин (Пушкин Александр Сергеевич) (1799-1837) – орыстың ұлы ақыны.

Рахметжан Жолашаров – Жамбылдың ағайындас інісі.

Рахымбай (Рахымбай Досымбеков) – Жамбылдың жеке дәрігері.

Рүстем – Иран, Тұран елдеріне ортақ жартылай мифтік әрі фольклорлық кейіпкер. Оның есімі Орта ғасырдан бергі дәуірдегі мұсылмандық шығыс әдебиетінде тұрақты орын алған, былайша айтқанда ертегі, аңыз, хикая-дастандарда ол – батырлық пен ерліктің ғажайып үлгісі.

Рүстем (Тентек төре) (туған-өлген жылы белгісіз) – Оңтүстік қазақтарының Қоқан хандығына қарсы 1821 жылғы көтеріліс басшысының бірі.

Саймасай – сол кездегі Талғар ауданы, Қызылту ауылында болыс болған кісі.

Сарбас (Сарбас Майкөтұлы) (1849-1914) – Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Доланқара ауылының Мәтібұлақ деген жерінде туып, сонда қайтыс болған. Айтыскер ақын.

Сарыбай (Сарыбай Айдосұлы) (1821-1890) – бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Ұзынағаш болысы 1-ауылда туған. Жамбылдың ағайыны, Шапырашты Екей руы Избасар атасынан. Бейіті Ұзынағаштан Жамбыл ауылына (мұражайына) баратын жолдың бойында. Сарыбай жер дауы, құн дауы, мал дауы, т.б. мәселелерді шешуде ақылдылығымен, әділдігімен көзге түскен. Бытырап кеткен шапырашты руының басын біріктірген би.

Сатай – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан батыр.

Сатика – Жамбылдың інісі Сәтіштің зайыбы.

Сатыш (Сатыш Тәйтиев) – Жамбылдың туған ағасы Тәйтинің баласы.

Саурық (Саурық Ыстамбекұлы) (1814-1854) – қазақ батыры, қытай, қоқан, қырғыз шапқыншылығына қарсы күрестерде қол бастаған. Шапырашты Еміл-Есқожа руынан шыққан, Қарасай батырдың 5-ші ұрпағы.



Саттар – 1916 жылғы көтеріліске қатысқан ер, батыр.

Сахаров – Дүниежүзілік екінші соғысқа қатысқан командир.

Сәт (Сәт Ниязбеков) – 1916 жылғы ұлт-азаттық күресіне қатысушылардың қатарында болғаны жайлы деректер бар. Дулат ішіндегі Жаныс руынан шыққан болыс.

Сейтқали – Жамбылдың «Жырға қосам ерлерді» өлеңінде еңбекқор шаруа адамы ретінде көрінеді.

Сөргі – Найманда Қаптағай ішінде Көлдей деген елдің батыры.

Сталин (Сталин Иосиф Виссарионович) (1878-1953) – кеңестік мемлекеттік, саяси және әскери қайраткері, 1922 жылдан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас хатшысы, Кеңес Үкіметінің басқарушысы (1941 жылдан бастап КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, 1946 жылдан бастап КСРО министрлер кеңесінің төрағасы), Кеңес Одағы Генералиссимусы (1945).

Стаханов Алексей (1905-1977) – Кеңес Одағы кезінде еңбегімен ел көзіне түскен шахтёр. Стахановшылар қозғалысын бастаған.

Сұраншы (Сұраншы Ақынбекұлы) (1815-1864) – батыр. Ұлы жүз шапырашты ішінде есқожа руынан. Арғы атасы – Қарасай батыр. 1848-1860 ж. Қоқан билеушілерінің Жетісуды басып кіруіне қарсы күресті. 1864-1865 ж. Ресей әскері сапында Ұзынағаштан Сайрамға дейінгі қазақ ауылдарын азат етуге қатысты.

Сүйінбай (Сүйінбай Аронұлы) (1815-1898) – айтыс ақыны. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақастек ауылында туып, сонда қайтыс болған. Тарихи деректерде Қоқан хандығы шапқыншылығының әсерінен жан-жаққа бытырай көшіп, қиын-қыстау кезеңде (1840-1860) іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде Сүйінбай мен Сарыбай бидің ықпалы зор болғандығы айтылады. Осы тұста ақын халықты қоқандықтарға қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күресуге шақырды. «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай



батыр» сияқты толғаулар шығарды. Әсіресе, ақын Тезек төре мен қырғыз ақыны Қатағанмен айтыстарының орыны ерекше.

Сүлейман (Сүлейман Стальский) (1869-1937) – Дағыстанның халық ақыны. М.Горький Бүкіл кеңестік жазушылардың бірінші съезінде оны «XX ғасырдың Гомері» деп атаған.

Сыздық (Сыздық Кенесарыұлы) (1837-1910) – орыс әдебиетінде Садық, Сыдық деп аталады. Ол Ресейдің отарлау саясатына және Қытай империясына қарсы халықтың азаттық күресін басқарған көрнекті батыр. Сыздық Жамбылмен 1880 жылдары кездескен.

Сыпатай (Сыпатай Саурықұлы) (1837-1899) – Шапырашты Ескожа руынан шыққан батыр. Саурық батырдың ұлы.

Сырттан – найманның қаптағай ішінде құлшан руынан шыққан батыр деп көрсетіледі.

Сырым – Қасқарау елінен шыққан ұры.

Таңат – Жамбылдың «Таппаспын сендей салақты» өлеңінде аты аталған кісі.

Тарас (Шевченко Тарас Григорьевич) (1814-1861) – Ақын. Украин әдебиетінің «жарық жұлдызы», украин халқының санасын оятуының ұлттық нышаны болып саналады. Суретші ретінде де тарихта қалған. Қазақстанда оның есімімен қала, елді мекендер мен көше аттары аталады. Алматыда Шевченко атында көше және сол көшеде ескерткіш орнатылған.

Тастемір-Танабай – Оспан ұстаның аталары.

Тәжібай – Сол кезеңде Алматыда тұратын Жамбылдың замандасы. Ақын, тамыршы, тәуіп болған кісі.

Тәйті (Тәйті Жапаұлы) (1840-ө.ж. белгісіз) – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында туып, Мединеде қайтыс болған. Жамбылдың әкесінің інісі. Ол Мекеге барып, қажы болып қайтпақ сапарында қаза болады.

Тезек Төре (Тезек Нұралин) (1820-1879) – аға сұлтан, Абылай ханның шөбересі. Тезек төре өз заманында айтыскер ақын, белгілі күйші ретінде де танылған.

Тезекбай – Жамбылдың кенже баласы.



Тойбай – «Мен келдім амандаса» деген өлең мазмұнына қарағанда Жамбылдың ауылдас ағайыны екені байқалады.

Тойшыбек (Тойшыбек Қасаболатұлы) (1783-1860) – XIX ғасырдың бірінші жартысында Жетісу өңірінің тарихында өзіндік із қалдырған би, әрі батыр. Ұлы жүздің Дулат ішіндегі Ботпай руының Шағатай атасынан тарайды. Қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданының Таран ауылында дүниеге келген. Тойшыбек батыр Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының қолдаушыларының бірі болып, талай шайқастарға қатысып, ерлік көрсеткен.

Тоқтағұл (Тоқтағұл Сатылғанов) (1864-1898) – қырғыз ақыны. Қырғызстанның Ош аймағында дүниеге келген. Сібірге жер аударылған. Айдаудан қайтқанда қазақ жерін басып өтіп, Жамбылмен кездескен.

Төлеген (Төлеген Тоқтаров) (1920-1942) – Кеңес Одағының батыры. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қарақұдық ауылында туып, Ресейдің Бородино ауылында ерлікпен қаза табады.

Троцкий (Троцкий Лев Давидович) (1879-1940) – революционер, Кеңестік саяси және мемлекет қайраткері.

Тұрап (Тұрап Мыржиев) – Жамбылдың немере інісі, колхоз бастығы болған.

Тычина (Павло Тычина) (1891-1967) – Украин ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері. УКСР ҒА-ның академигі, социалистік еңбек ері.

Тілеміс (Тілеміс Есболұлы) (1860-1933) – Жамбыл облысы, Шу ауданы, Аққайнар деген жерде өмір сүрген, ақын әрі жыршы ретінде артына елеулі рухани мұра қалдырған өнер иесі.

Фердоуси (Әбілқасым Фердоуси) (935-1020) – Парсы әдебиетінің ең көрнекті өкілі, ақын. Әлемге әйгілі «Шахнама» кітабының авторы.

Фрунзе (Фрунзе Михаил Васильевич) (1885-1925) – революционер, Кеңес үкіметінің қайраткері, қызыл армия қолбасшысы, әскери теоретик.



Фурманов (Фурманов Дмитрий Андреевич) (1891-1926) – революционер, Кеңес үкіметінің қайраткері, орыс жазушысы.

Хан Жәңгір (Жәңгір хан) (1801-1845) – Бөкей Ордасының соңғы ханы, Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі, Бөкей ханның ұлы. Генерал-майор, Шын аты – Жиһангер.

Чапаев (Чапаев Василий Иванович) (1887-1919) – бірінші дүниежүзілік және азамат соғысының қатысушысы, Қызыл Армия дивизиясының бастығы. Ресейдегі Азамат соғысы дәуіріндегі ең танымал тарихи тұлғалардың бірі.

Черняев – Жетісу, Сырдария бойын жаулаған генерал.

Шалтабай (Шалтабай Құдайбергенов) – Шапыраштыдан шыққан болыс, бай.

Шашубай (Шашубай Қошқарбайұлы) (1865-1952) – қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қоңырат ауылында туып, сонда қайтыс болған. Халық ақыны, әнші, композитор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1941). Ақын өз қызметінде ауыз әдебиеті үлгілерін кеңінен насихаттап, жұртшылыққа таратқан; қисса-дастандар мен толғауларды жатқа айтқан. Олардың ішінде, әсіресе, «Ақтамберді», «Қамбар», «Сұраншы-Бөкей» дастандарын көп жырлаған. 1909 жылы Жетісуға келіп, Жамбылмен айтысқан. Шашубай қазақ әдебиеті тарихында мысал айтысты шығарудың шебері ретінде атағы шыққан.

Шәбден (Шәбден Жантайұлы) – XIX ғасырда өмір сүрген қырғыздардың шоң манабы. Халыққа беделді болған, кей тұста қырғыз-қазаққа атағын шығару үшін «жомарттық» әдісті де пайдаланған. Ресей әкімшілігі полковник атағын беріп, қырғыздарды басқаруға пайдаланған. Жамбыл, қазақтың басқа да ақындары Шәбденге барып, өнерлерін көрсетіп, сый-сияпаттарын алып тұрған. Шәбден жайында баспасөз бетінде материалдар шыққан. Архивтерде көптеген деректер бар.

Шмидт (Шмидт Пётр Петрович) (1867-1905) – революционер, 1905 жылғы Севастополь көтерілісінің жетекшілерінің бірі, лейтенант.



Шота Руставели – XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың ортасында өмір сүрген грузин ақыны. Оның әлемге әйгілі «Жолбарыс тонды батыр» шығармасы бар.

Шөже (Шөже Қаржаубайұлы) (1808-1895) – халық ақыны. Ақмола облысы Қызылту ауданы, қазіргі Нұра ауданның жерінде туып, сонда қайтыс болған. Өлең шығару дарыны жас кезінен-ақ байқалған, бала кезінде аурудың салдарынан зағип болып қалған. Үлкен айтыстарда 17 рет жеңіп шыққан. Абаймен кездесіп, халық эпостарын, әндері мен аңыздарын білетіндігімен оған зор ықпал жасаған. Ш.Уәлиханов 1864 жылы 5 наурызда өзінің Омбыдағы пәтерінде Шөже орындаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының ең тандаулы нұсқаларының бірін жазып алып, Шөженің ақындық шеберлігіне жоғары баға берген.

Шыңғыс хан (1162-1227) – Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есүхей батырдың отбасында туған.

Щорс (Щорс Николай Александрович) (1895-1919) – Украина қызыл армиясының командирі, дивизия бастығы болған.

Ізтілеу – Жамбылдың баласы.

Энгельс (Энгельс Ф.) (1820-1895) – неміс философы. Ол әріптесі Карл Маркспен бірге «Коммунистік партияның манифесі» атты еңбек жазған (1848 ж.).

Эренталь – Қапалдағы үйез бастығы болған.

Янка (Янка Лучина) (1851-1897) – Беларуссияның демократиялық бағыттағы ақыны. Ол шығармаларын беларусь, поляк және орыс тілдерінде жазған.



ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Әбдіқадіров Қалмақан (1903-1964) – ақын, жазушы. Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі.

Жароков Тайыр (1908-1965) – ақын, 1938-1942 жылдары халық ақыны Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы болған.

Орманов Ғали (1907-1978) – ақын, 1939-1945 жылдары Жамбыл ақынның әдеби хатшысы болған.

Сатыбалдин Қапан (1917-1969) – ақын, аудармашы. Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі.

Тәжібаев Әбділда (1909-1998) – ақын, Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі. 1952 жылы Погодинмен бірлесіп, «Жамбыл» көркем фильмінің сценарийін жазған.

Тоғызақов Қасым (1910-1984) – ақын, 1936 жылы халық ақыны Жамбылдың жеке әдеби хатшысы болып, онымен бірге Мәскеуде болған қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне барған.

Шәріпов Сабыр (1882-1942) – жазушы, қоғам қайраткері. Ауыз әдебиет үлгілерін, халық мұраларын жинаған.

Ысмайылов Есмағамбет (1911-1970) – Көрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі (1958). Жамбыл шығармаларының 1940, 1946 жылғы басылымдарын шығаруға қатысқан. Ауызша әдебиеттің төлтума сипаттары сараланған «Ақындар» монографиясын жазған. Жамбылдың әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан игерудің негізін салған зерттеушілердің бірі.



ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Абиссиния – толық атауы Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы. Көп уақыт бұл ел Абиссиния деп аталды.

Айдаутас – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Аққолтық – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Ақмола – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Алғаш 1939 жылы құрылған. 1962-1992 жылдары Целиноград облысы болып аталды.

Ақтау – Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысындағы қала, Маңғыстау облысының орталығы. Қала теңіз және әуе порты болып табылады.

Алатау – Орта Азия мемлекеті мен Ресейдің Сібірдегі тау жотасының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатаулары жатады.

Алтай – Қазақстанның шығысында орналасқан, түркілердің алтын бесігі. Алтай тауы қазіргі шекаралық бөлініс бойынша Қазақстан, Ресей, Монғолия, Қытай қатарлы төрт елдің территориясына еніп жатқан ұлы тау.

Арқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстіктен басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Арыс – Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы. Отырар ауданы Талапты ауылының маңында Сырдария өзеніне құяды.

Әмудария – Орталық Азиядағы ең ірі және суы мол өзен. Пяндж және Вахш өзендерінің қосылған жерінен Әмудария (ежелгі атаулары Әму, Оксус, Балх, Жәйхун) деп аталады.

Байқал (Байкөл) – Шығыс Сібірдің оңтүстігіндегі әлемдегі ең терең көл және ең ірі тұщы судың табиғи қоры болып табылады.



Балқаш – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шекарасында орналасқан.

Балтық теңізі – Еуразиядағы солтүстік шеткі су айдыны.

Баянауыл – Павлодар облысының оңтүстік батысындағы әкімшілік аудан.

Берлин – Германия астанасы.

Бетпақ (Бетпақдала) – Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Түркістан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі.

Верный – 1921 жылға дейінгі Алматы қаласының атауы. Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Тянь-Шань тауларының солтүстігінде, Іле Алатауының баурайында, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан.

Дағыстан – Ресей Федерациясының құрамындағы автономиялық республика. Солтүстік Кавказдың шығыс жағында, Каспий теңізінің жағалауында орналасқан. Астанасы – Махачкала.

Дегерез – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жер аты.

Днепр – Еділ, Дунай және Оралдан кейінгі Еуропадағы ең ұзын төртінші өзен, Украина ішіндегі ең ұзын канал.

Дон – Ресейдегі өзен.

Донбасс – Украинаның оңтүстік-шығысындағы аймақ.

Еділ – Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби-тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын-жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

Ембі – Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы қала, темір жол бекеті.



Есік – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы қала.

Есіл – Сарыарқаның Нияз тауының етегінен басталып, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарын, Ресейдің Түмен, Омбы облыстарынан өтіп, Ертістің сол жағалауынан қосылатын өзен.

Жайық – Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы, Каспий ойпаты, Башқұртстан, Челябині, Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерлерінен ағып, Атырау қаласы арқылы Каспий теңізіне құяды.

Жасылкөл – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Жая – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Жетісу – солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, Шығыста Жоңғар Алатауы, оңтүстік және оңтүстік батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектесетін тарихи-географиялық аймақ.

Заозерный – Ресейдің Краснояр облысындағы қала.

Иран (1935 жылға дейін Парсы елі), Иран Ислам Республикасы – Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет.

Кавказ – батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке.

Карпат – Еуропадағы тау жүйесі.

Каспий – Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Үлкендігіне қарап, оны «теңіз» деп атайды.

Көктөбе – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Лабасы тауындағы жайлау.

Көкшетау – жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

Кремль – ішкі бекініс, орыс қалаларының мұнаралы қабырға-қорғанмен қоршалған орталығы. Мәтін бойынша Мәскеудегі Кремль алаңы айтылып отыр.

Кузбасс – Ресейдің Кемерово облысындағы көмір кені.



Қадарша – Алматы облысындағы жер аты.

Қайрақты – Алматы облысындағы жер аты.

Қамаутөр – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Қапал – Алматы облысы, Ақсу ауданындағы ауыл.

Қапшағай – Алматы облысындағы қала.

Қарабастау – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жер аты.

Қарағанды – Орталық Қазақстанда орналасқан облыс орталығы.

Қарақия – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы тау аты.

Қарақыстақ (Қарақастек) – Алматы облысының Жамбыл ауданындағы ауыл.

Қаратас – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жер аты.

Қаратау – Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда, т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Кавказ, Қырым, т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

Қарғалы – Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты ауыл.

Қарқаралы – Қарағанды облысының ең байырғы қалаларының бірі. Кезінде Қарқаралы арқылы Орта Азиядан Сібірге бағытталған керуен жолдары өткен.

Қарсақпай – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында орналасқан. Мұнда тұңғыш мыс қорыту зауыты құрылған.

Қаскелең – Алматы облысы, Қарасай ауданының орталығы саналатын қала.

Қасқабұлақ – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Қастек – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Күрті алабымен ағатын өзен. Қастек атауымен тау жотасы және ауыл бар.

Қоңыр жайлау – Алматы облысындағы жайлау аты.

Қоңырат – Түркістан облысы, Мақтаарал ауданына қарайтын ауыл.



Қордай – Жамбыл облысындағы аудан.

Қошқар – Алматы облысындағы жайлау.

Құлансаз – Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі жайлау.

Құмбел – Іле Алатауының батыс бөлігіндегі асу. Алматы облысы, Жамбыл ауданының аумағында орналасқан.

Қызылкезең – Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты жайлау.

Қызылқұм – Әмудария мен Сырдария аралығындағы құмды алқап.

Қырым – Қырым түбегінің оңтүстік бөлігіндегі тау. Қара теңіз жағасын бойлай жатқан Бас қырқа – Яйладан және Куэста түбегіндегі орта, солтүстік қырқалардан тұрады. Қырым тауларын адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени үдерістерге өз әсерін тигізді. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады.

Қытай – Шығыс және Орталық Азиядағы мемлекет. Мұнда негізінен қытай тілінде сөйлейтін 1 миллиардтан аса халық тұрады.

Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) – Ресейдегі ірі қалалардың бірі.

Майтөбе – Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағында орналасқан тау. Қастек жотасының солтүстік сілемі.

Маңғыстау – Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан облыс. Ел аузында Маңғыстаудың ойында 360 әулие барлығы айтылады.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы

Меке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі



айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мырзашөл – Сырдарияның жоғарғы бойының сол жағын алып жатқан құмды шөл. Солтүстік жағы Түркістан облысы жеріне кіреді.

Нанкин – Қытай Халық Республикасындағы қала.

Нарын – Қырғызстандағы елді-мекен, аудан атауы.

Нева – Ресейдің Ленинград облысындағы өзен.

Нұра – Қарқаралы тауларынан басталып, Ақмола, Қарағанды облыстарынан өтіп, Теңіз көліне құятын өзен.

Ніл – Африканың ірі өзені. Арабтар Нілді «кұдайдың сыйы» деп атап, негізінен осы өзенді жағалай қоныстанған.

Орал – Батыс Қазақстан облысының орталық қаласы.

Орынбор – Ресейдегі қала. 1735 ж. бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өзеннің атына байланысты қойылған.

Пиреней түбегі – Иберия түбегі деп те аталады. Еуропаның оңтүстік батысында орналасқан.

Риддер – Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысындағы қала.

Ростов – Ресейдегі қала.

Самсы – Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты ауыл. Алматы-Бішкек күре жолының бойында орналасқан.

Саркемер – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жер аты.

Сартаукұм – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл.

Сарыжазық – Алматы облысындағы жер аты.

Сарысай – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы өзен. Қарақия тауының етегінен басталып, Қарғалы өзенінің сол жағалауынан кеп қосылады.

Семей – Ертіс өзенінің жағасында орналасқан, Шығыс Қазақстан облысының ірі қалаларының бірі.

Семізбел – Алматы облысындағы жайлау.

Суықтөбе – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы тау. Жетіжал жотасының шығысына орналасқан.



Сұлутөр – Жамбыл облысы, Қордай ауылына қарасты ауыл. Сұлутөр атауымен жайлауда бар.

Сібір – Азияның Орал таулары мен Тынық мұхит жағалауының және Солтүстік Мұзды мұхит жағалауы мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

Тайга – солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуіндегі қылқан жапырақты Сібір орманының аты.

Талас – өзен. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықта-рынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады.

Талғар шыңы – Солтүстік Тянь-Шань тауларының Іле Алатауы тізбегінде орналасқан тау жотасы.

Талдыбұлақ – Алматы облысындағы жайлау.

Тарғап – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Самсы ауылдық окургі құрамындағы ауыл.

Тянь-Шань (Тәңір тауы) – Азияның орталық бөлігіндегі аса ірі тау жүйесі. Тәңір тауының орталық бөлігі Қырғызстанға, солтүстік және батыс жоталары Қазақстанға, оңтүстік-батыс шеті Өзбекстан мен Тәжікстанға, шығыс бөлігі Қытайға қарайды.

Ұзынағаш – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Күрті алабындағы өзен. Ұзынағаш атымен байланысты айтылатын ауыл, бекет аты бар. Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы.

Үнді (Индия, Үндістан) – Оңтүстік Азияда орналасқан мемлекет. Үндістан – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі ел.

Үлкен Кебін – Алматы облысындағы жайлау.

Үлкенсаз – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жайлау.

Үшқоңыр – Алматы облысы, Қарасай ауданындағы жайлау.

Хасан көлі – Ресей мен Солтүстік Корея шекарасында орналасқан көл.

Шанхай – Қытай Халық Республикасындағы ерекше статусы бар қала.

Шиен – Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарайтын ауыл.



Шу – Жамбыл облысы, Шу өзенінің бойындағы аудан.

Шымкент – Қазір Республикалық маңызы бар қаланың бірі. 2018 жылдың 19 маусымына дейінгі Түркістан облысының орталығы болған.

Іле – Балқашқа құятын өзендердің ең үлкені, Жетісудің ең ірісі. Тянь-Шань тауларынан, Текес пен Күнес өзендерінің қосылуынан пайда болған.

Эльбрус – Үлкен Кавказ жотасындағы ең биік шың.



СӨЗДІК

Абакты – қылмыстыларды қамайтын орын, түрме.

Абышқа – қырғызша шал деген сөз.

Ақ берен – жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің эвфемистік жанама атауы. Берен сөзі тілімізде «асыл болат» дегенді білдіреді. Сондықтан қазақ тілінде «ақ берен» сөзі ақ болаттан соғылған қару-жарақ түрлеріне байланысты айтылатынын көруге болады.

Ақырет (ахирет) /а/ – ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жоқ болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Алдияр – ханға, төрелер мен сұлтандарға қарата айтылатын «таксыр», «кұлдық» деген мағынада қолданылатын сөз.

Әуір – көңілдің желігі деген мағынада қолданылады.

Байғазы – қазақ халқының тәрбиелік мәні бар дәстүрі. Негізгі мақсаты жеткіншек баланы жақсылыққа, игі мақсатқа жетелеу. Байғазы негізінен балаларға үлкендер тарапынан беріледі. Бала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда әжелері мен апаларына, аға-жеңгелеріне барып көрсетіп, мақтанышын сездіреді. Ал үлкендер өз кезегінде киімнің жарасымдылығын айта отырып, алғыс-тілектерін де білдіреді. Аяғында киіміне түйме, тана тағады немесе арнайы сыйлық береді. Бұл сый «байғазы» деп аталады.

Бәйіт – /а/ – қос тармақты өлең шумағы, бұл жерде баяндау деген мағынада.

Бекет – жолаушы, қатынас көліктері аялдайтын жер.

Болыс – Патшалық Россияға қарап тұрған кезеңдегі әкімшілік-аумақтық территорияның басқарушысы, әкімі.

Буыршын – аруана мен үлектен туған төрт жасар бура.



Бұғау – қылмысты адамның қол-аяғына салынатын шынжыр. Ауыспалы мағынада еркі мен құқынан айрылуға қолданылады.

Винтов /о/ – мылтық.

Гвардеец /о/ – гвардияшы.

Губернатор – бірқатар мемлекеттік территориялық бірліктеріндегі сайланатын немесе тағайындалатын ең жоғары тұлға. Кейбір қазіргі заманғы мемлекеттерде (Ұлыбритания, Дания, АҚШ және т.б.) губернатор әкімшілік-аумақтық немесе федералды органның жоғарғы лауазымды адамы болып табылады.

Диуана (дуана) – ризығын көктен тілеп, кәсіпсіз жүретін адам; дәруіш.

Дию – ертегілерде кездесетін алып құш иесі.

Дозак (тозақ) – діни наным бойынша адамдарды әр алуан күнәсі үшін азаптап, қинайтын жер, жанып тұрған от, тамұқ.

Жабы – қазақ жылқысының қарабайыр тұқымын жабы деп атайды.

Жабық – киіз үйдің үзігі мен қос туырлығының қосылған жері.

Жандарал – патша кезіндегі полиция қызметкерлеріне берілетін атақ, лауазым.

Жасауыл – әскербасының оң қолы, шабарманы.

Жәбірәйіл (Жәбірейіл) – Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам Атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Желмая – шөлге төзімді, күшті де, жүйрік түйе.

Жиһан – бүкілдүниежүзі, әлем.

Жөйт – жөһүд, яхуди, еврей; Мұса пайғамбардың үмбеті.



Жын – адамзаттан тыс өмір сүретін мифологиялық тіршілік иесі.

Зұлпықар – жүзінің ұшы екіге бөлініп жасалған ерекше қылыш түрі. Бұл негізінен Әзірет Әлінің екі басты семсерінің атауы ретінде де кездеседі.

Зымыстан /п/ – адам төзгісіз, қатты.

Император – монархиялық мемлекет басшыларының мирас-қорлық, мұрагерлік атағы, сол атаққа ие адам.

Иранбақ (Ерамбағы, Ирамбақ) – шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ – оңтүстік Арабия әмірі Шададтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Кебін – қайтыс болған адамның денесін орайтын ақ мата.

Кебіс – мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқкиім.

Кеусен – қырман иесінің таныстарына беретін сыбағасы.

Князь – өлке билеушісі.

Колхоз /о/ – ұжымшар.

Көбен – арықтап жүріп, ет алған жылқы.

Көн – ірі қараның иленген қатты терісі.

Көң-қоқыр – ескі-құсқы, қи аралас шөп-шалам.

Күл себу – соғымға мал сойғанда «шүйгін болсын» деп күл себетін ескі ырым.

Қамқа-қамзол – зер талшықтары қосылған жібек матадан тігілген, әйелдердің көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырт киімі.

Қамыт – аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба-шана әбзелі.

Қатыбас – қатыгез, мейірімсіз, қайырымсыз.

Қитар – екі көзінің жанары бір-біріне қиғаштала біткен, қи-сық көзге қарата айтылатын сөз.

Құндыз бөрік – өзен, көлде тіршілік ететін өте бағалы аңның терісінен тігілген бас киім.

Манап – билік иесі, бай.



Мұзбалақ – алғыр, қыран, бес жасар бүркіт.

Наркескен – болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.

Наһан – үлкен, денелі.

Октябрь /о/ – қазан айы.

Остепке (выставка) /о/ – көрме, жәрмеңке.

Пері – діни сенім бойынша аспанда, су ішінде өмір сүретін жамандық пен зұлымдық күш иесі.

Право /о/ – мәтінде құқығы, қақы деген мағынада қолданылады.

Пристав /о/ – сот орындаушысы.

Пырақ /а/ – жарқыраған; найзағайдың жылдамдығындай тез шабатын жүйрік ат, сәйгүлік. Мұсылман мифологиясы бойынша Алла тарапынан пайғамбарларды аспанға алып ұшу үшін арнайы жіберілген қасиетті, қанатты тұлпар бейнесінде де көрінеді.

Пігір – ораза айында отбасындағы жан санына қарай берілетін қайыр-садақа.

Сайтан – діни ұғым бойынша адамзатқа қарсы күш, ібіліс.

Самурай – жапониядағы ірі князьдар мен ұсақ дворяндардың әскери-феодалдық тобы.

Самұрық – ертегілік образ. Құс сипатындағы екі басы бар, қанатының екпінінен жел соғып, дауыл тұратын, көз жасы жерге жауын болып құйылатын зооантропоморфтық бейне.

Семсер – болаттан істелген екі жүзді өткір қару.

Совхоз – кеңшар (кеңестік шаруашылық).

Солдат /о/ – сарбаз, жауынгер

Стахановшы – бұл термин шахта жұмысшысы Стахановтың есімімен және осылайша аталған еңбек қозғалысына байланысты шыққан. Стаханов қозғалысы «социалистік жарыстың» бастамасы болды. Қозғалыстың өзіндік материалдық негізі болды. «Стахановшылар қозғалысына» тек шахтерлар ғана емес, бүкіл еңбек адамдары қосылды.

Съезд (Жеңімпаздар съезінде) – конгресс, мемлекеттік деңгейдегі жиналыс.

Сырдете – сырлас.



Тана – екі жасқа жетпеген торпақ, тайынша.

Тастүлек – төрт жастағы бүркіттің атауы.

Тауап /а/ – берілу, жолында болу мағынасында.

Трибун (трибуна) /о/ – мінбер.

Ұжмақ (жұмақ) – о дүниедегі рахат орын: пейіш. Ауыспалы мағынасында тұрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.

Ұлық – жоғары мәртебелі, әкім, төре.

Шарбы – қарынның сыртындағы жұқа май.

Шаһибаз – қыран, сұңқар, батыл деген мағыналарда қолданылады.

Шаша – жылқының сирағы мен бақайшығы түйіскен жердегі бір топ шоқ ұзын қыл.

Шекпен – иірілген жүннен тігілген сырт киім. Шекпен көбінде түйе жүнінен тоқылады.

Шұрқан – мәтін бойынша бүлік, жанжал дегенді білдіреді. Әлек салды, шатақ шығарды деген мағынада.



ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК – Орталық Ғылыми кітапхана

ЖМҚ – Жамбыл мұражай қоры

а – араб

о – орыс

п – парсы



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ӘӨИ. 159-бума. Жамбыл шығармалары. Жазып алған: Тайыр Жароков. 1953 жыл. Қолжазба кирилл әрпімен машинкада терілген. Жалпы көлемі – 269 бет.
2. ӘӨИ. 160-бума. Жамбыл шығармалары. Жазып алған: Ғали Орманов. 1953 жыл. Қолжазба кирилл әрпімен машинкада терілген. Жалпы көлемі – 189 бет.
3. ӘӨИ. 161-бума. Жамбыл шығармалары. Жазып алғандар: Т.Жароков, Ғ.Орманов, Қ.Тоғызақов, Ә.Жамбылов, Қ.Әбдіқадіров, Ә.Тәжібаев. 1953 жыл. Қолжазба кирилл әрпімен машинкада терілген. Жалпы көлемі – 110 бет.
4. ӘӨИ. 162-бума. Жамбыл шығармалары. Жазып алған: Қалмақан Әбдіқадіров. 1953 жыл. Қолжазба кирилл әрпімен машинкада терілген. Жалпы көлемі – 184 бет.
5. ОҒК. 651- бума. 4-дәптер. Әр түрлі жинаушылардың жазып алғаны. Қолжазба араб, латын әріптерінде жазылған.
6. Жамбыл мұражайы қоры. «Оригиналы стихов и поэм». Қолжазба көк сиялы қаламмен араб әрпінде қолмен жазылған және латын әрпінде машинкада терілген.
7. Жамбыл мұражайы қоры. «Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқасы» (1939-1941 жж.). Қолжазба латын әрпінде машинкада терілген, қарындашпен, көк сиялы қаламмен жазылған. Кейбір өлеңнің орысша аудармалары да қатар берілген. Қаламмен жазылған өлеңдерге өңдеулер жасалып, шимайланған.
8. Жабаев Ж. Жамбыл өлеңдері. – Алматы: Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы, 1937. (Латын әрпінде)
9. Жабаев Ж. Шығармалары. Т. 1. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1940. (Латын әрпінде)
10. Жабаев Ж. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазақстан Біріккен Мемлекет Баспасы, 1946.
11. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Томды баспаға әзірлеген және шығармаларына түсінік сөз жазғандар: Қ.Б. Тұрғанбаев, Т.Сыдықов. – Алматы, 1955.
12. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 2. Томды баспаға әзірлеген және шығармаларына түсінік сөз жазғандар: М.Ғ. Ғұмарова, О.А.Нұрмағамбетова, З. Сейітжанов. – Алматы, 1955.
13. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 3. Томды баспаға әзірлеген және шығармаларына түсінік сөз жазғандар: М.Ғ. Ғұмарова, О.А.Нұрмағамбетова. – Алматы, 1955.



14. Жабаев Ж. Шығармалар. Томды баспаға әзірлеген және шығармаларына түсінік сөз жазғандар: М.Ф. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, Т. Сыдықов – Алматы: Қазақстан мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 1957.
15. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Революцияға дейінгі шығармалары. Құрастырғандар. С. Садырбаев, К. Сейдаханов. Алматы: Жазушы, 1982. – 336 б.
16. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2. Совет дәуіріндегі шығармалары. Құрастырғандар. С. Садырбаев, К. Сейдаханов. Алматы: Жазушы, 1982. – 440 б.
17. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ғылым, 1996. – 312 б.
18. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Ғылым, 1996. – 384 б.
19. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы: 4 томдық. – Алматы. Т.1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – 2014. – 304 б.
20. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы: 4 томдық. – Алматы. Т.2: Жыр, дастандар. – 2014. – 336 б.
21. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы: 4 томдық. Т.3. – Алматы: – 2014. – 352 б.
22. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы: 4 томдық. Т.4. – Алматы: – 2014. – 328 б.
23. Жамбыл. Энциклопедия. / Бас. ред. Тойбаева Ж. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 616 б.
24. <https://kk.wikipedia.org> (электронды дереккөз)
25. <https://adebiportal.kz> (электронды дереккөз)
26. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / – Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б.
27. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / Н.Д. Оңдасынов. 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
28. Классикалық зерттеулер: Көп томдық . – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. Т.11. Әуезов М. Фольклор туралы зерттеулер. – 384 б.



ТҮЙІНДЕМЕ

Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағының 1-томына ақынның өлең-толғаулары алғаш рет топтастырылып берілді. Бұл жинаққа Ж.Жабаевтың өлеңдері хронологиялық ретпен дайындалды. Академиялық жинақтың 1-томын дайындау үшін осы уақытқа дейінгі баспа бетін көрген ақынның өлең-толғаулары түгел қамтылып, ондағы негізгі деректер барынша пайдаланылды. Жамбылдың өзі жазған қолжазба мұра жоқ. Әдеби хатшылары жазып алған қолжазбалардың көпшілігі сақталмаған. Сақталғандарының өзін түрлі қорлардан іздестіріп, жинауға тура келді. Жамбылдың 1917 жылға дейінгі саяси бояу сіңбеген лирикалық өлең-толғаулары мен 1944 жылға дейінгі аралықтағы ақын аузынан жазылып алынған шығармалары бұл жинақтың негізгі бөлігін құрады.

Жамбыл мұрасы Кеңес дәуіріндегі саяси жағдайларға байланысты өзгертіліп отырғаны мәлім. Кейбір кезеңдік пікірлер мен ойлардың ақын өлеңдерінде көбірек көрінгеніне әр жылдары жарыққа шыққан жинақтары дәлел бола алады. Бұндай шағын әрі көлемді болып келетін өлең жолдары мен шумақтардың келесі басылымда өзгертіліп, тіптен қысқартылып кеткені байқалады. Академиялық жинақтың басты талаптары мен ғылыми принциптеріне сай ақын шығармаларының барлық басылымдары мен қолжазба нұсқаларына кешенді текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Осының нәтижесінде, көптеген өлең жолдарының идеологиялық сарындарға еріксіз бой алдырғаны белгілі болды. 1-томда бұл жайттар нақты мәтіндік мысалдармен атап көрсетілді.

Сол замандағы көптеген шығармашылық адамдарының кітаптарын да орын алған жасанды сөздер мен тіркестер және көсемдердің есімдері Жамбылдың да өлең-толғауларында көптеп кездеседі. Міне, осы жайтты қазіргі тәуелсіз сана сарабынан өткізіп, бүгінгі оқырманға жаңа түсінікпен ұсыну басты міндет болды. Саяси мәні бар ұғымдар мен ойларға толы өлең жолдары бұл томдағы негізі мәтінге енгізілмей, жинақтың «түсініктерінде» айтылды. Сондай-ақ, бұрынғы басылымдарына еңбеген төмендегі: «Ерназар колхозының митингісінде Жамбыл сөйледі», «Ежов (Ежоп) батыр туралы», «Ұсынамын», «Ер күні», «Әулиеата еліне», «Жайратқан жаудың шебін арыстаным», «Ал, Жамбыл сөйлесін», «Командирге», «Мерекелі бір күнім», «Ғылым», «Біздің мектеп», «Мұғалім», «Той», «Туды Сталин бағыма», «Ерлер күні», «Кино-театр», «Әр байға тиген келіншекке», «Естігенде даусымды», «Жаса балам біз үшін», «Бес мың жауды айдадың», «Америка Құрама Штатындағы азаттық сүйгіш халыққа», «О, ұлдарым, ұлдарым» дейтін шығармаларына да «түсініктер» бөлімінде толымды мағлұмат берілді.

Бұл кітап мәтіннен, аңдатпадан, түсініктерден және қосымшалардан тұратын ақын шығармаларының академиялық толық жинағы болып қалың оқырман қауымға, ғылыми көпшілікке ұсынылып отыр.



РЕЗЮМЕ

В 1-й том полного академического сборника произведений Жамбыла Жабаева впервые собраны все стихи и толгау поэта. В этом сборнике стихи даны в хронологическом порядке. В процессе подготовки первого тома данного сборника были изучены все ранее опубликованные книги поэта, и все стихи включены в данный том, и сведения данные в этих изданиях по возможности были использованы. Рукописей, написанных самим Жамбылом, как известно, нет. Большая часть рукописей, написанных литературными секретарями, не сохранилась. А тех рукописей, которые сохранились, пришлось искать и собирать из разных фондов и источников. Основную часть сборника составили лирические стихи, не имевшие политической окраски, написанные до 1917 года, и произведения, написанные со слов самого Жамбыла до 1944 года.

Известно, что в советское время содержание произведений Жамбыла не раз исправлялось в связи с политической ситуацией. Сборники, изданные в разные годы, свидетельствуют о том, что в стихах поэта отражаются те или иные мнения присущие к определенному периоду. Заметно что разные по объему стихи были изменены или даже сокращены в последующих изданиях. Все издания, опубликованные ранее и рукописи произведений поэта были сопоставлены, сделан текстологический анализ, в соответствии с основными требованиями и научными принципами академического сборника. В результате выяснилось, что многие стихи поэта были изменены по идеологическим соображениям. В 1-томе показаны все эти изменения и приведены конкретные примеры.

Слова и фразы, воспевающие Советский союз, присущие произведениям того периода, а также имена вождей часто встречаются в стихах Жамбыла, так же, как и в книгах многих творческих людей того времени. Основная задача заключалась в том, чтобы проанализировать этот факт, основываясь на современном независимое сознание и представить его сегодняшнему читателю в новом понимании. Стихи, содержащие политические взгляды и идеи, не включены в основной текст этого сборника, но о них даны сведения в «комментариях». Также в комментариях даны сведения о произведениях, не вошедших в предыдущие издания. Эти произведения: «Ерназар колхозының митингісінде Жамбыл сөйледі», «Ежов (Ежоп) батыр туралы», «Ұсынамын», «Ер күні», «Әулиеата еліне», «Жайратқан жаудың шебін арыстаным», «Ал, Жамбыл сөйлесін», «Командирге», «Мерекелі бір күнім», «Ғылым», «Біздің мектеп», «Мұғалім», «Той», «Туды Сталин бағыма», «Ерлер күні», «Кино-театр», «Әр байға тиген келіншекке», «Естігенде даусымды», «Жаса балам біз үшін», «Бес мың жауды айдадың», «Америка Құрама Штатындағы азаттық сүйгіш халыққа», «О, ұлдарым, ұлдарым».

Эта книга представляет собой полное академическое собрание произведений поэта, состоящее из текстов стихов, предисловия, комментариев и приложений, и предлагается широкой публике и научному сообществу.



SUMMARY

In the 1st volume of the complete academic collection of works by Zhambyl Zhabayev, for the first time, all the poet's poems and tolgau are collected. In this collection, the poems are given in chronological order. In the process of preparing the first volume of this collection, all the previously published books of the poet were studied, and all the poems are included in this volume, and the information given in these editions was used whenever possible. As is known, there are no manuscripts written by Zhambyl himself. Most of the manuscripts written by literary secretaries have not survived. And those manuscripts that survived had to be searched for and collected from various funds and sources. The main part of the collection consisted of lyric poems that did not have a political connotation, written before 1917, and works written from the words of Zhambyl himself until 1944.

It is known that in Soviet times, the content of Zhambyl's works was corrected more than once in connection with the political situation. Collections published in different years indicate that the poet's poems reflect certain opinions inherent in a particular period. It is noticeable that verses of different volume were changed or even shortened in subsequent editions. All publications previously published and the manuscripts of the poet's works were compared, a textual analysis was made, in accordance with the basic requirements and scientific principles of the academic collection. As a result, it turned out that many of the poet's poems were changed for ideological reasons. Volume 1 shows all of these changes and provides specific examples.

Words and phrases praising the Soviet Union, inherent in the works of that period, as well as the names of the leaders, are often found in Zhambyl's poems, as well as in the books of many creative people of that time. The main task was to analyze this fact based on modern independent consciousness and present it to today's reader in a new sense. Poems containing political views and ideas are not included in the main text of this collection, but information about them is given in the «comments». Also, the comments provide information about the works that were not included in the previous editions. These works: «Ерназар колхозының митингісінде Жамбыл сөйледі», «Ежов (Ежоп) батыр туралы», «Ұсынамын», «Ер күні», «Әулиеата еліне», «Жайратқан жаудың шебін арыстаным», «Ал, Жамбыл сөйлесін», «Командирге», «Мерекелі бір күнім», «Ғылым», «Біздің мектеп», «Мұғалім», «Той», «Туды Сталин бағыма», «Ерлер күні», «Кино-театр», «Әр байға тиген келіншекке», «Естігенде даусымды», «Жаса балам біз үшін», «Бес мың жауды айдадың», «Америка Құрама Штатындағы азаттық сүйгіш халыққа», «О, ұлдарым, ұлдарым».

This book is a complete academic collection of the poet's works, consisting of poetry texts, annotations, commentaries and appendices, and is offered to the general public and the scientific community.



М А З М Ұ Н Ы

АҢДАТПА	5
ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАР	16
1917 жылға дейінгі өлеңдер	17
Шағым	19
Әкеме	19
Тәйти мен Шыбыл шалға	20
Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын	21
Сарыбайға	21
«Айрылдым арманменен»	22
Байұзақ молдаға	22
Кәмшат қыз	22
Сыртың бір сұлу жан екен	23
Сараң бай мен жомарт кедей	24
«Бай жалтаң»	24
Өлеңші омарға	24
Жаныс ақынға	25
Жылқышы	26
Пұшықтың ұрыға айтқаны	26
Кетіпті ғой басың ауып	27
Әзіл	27
Сараң келінге	27
Кесірлі қатынға	28
«Ел едің құт дарыған...»	28
Қуғын	29
Шәбденге	29
Сырттанға	30
Төментіннен келесің	31
Сыздық сұлтанға	31
Есте қалған әңгімелерден	32
Мәмбетке	35
«Садырмекке ат шапты...»	36
Сәт сайланарда	36
Жалғызбын деп жүрмесін	37
Тілеміске	37
Абышқа	38
Мәңке туралы	39
Артықша туған азамат	39
Қабат тусын күн мен ай	40
Өсиет	41
«Көп қарға тең келмейді...»	42



Шалтабайға.....	42
Қалиға.....	43
Көкімге.....	44
Тоқтағұлға.....	44
Кедей күйі.....	44
Есенәлі мешкейге.....	45
Қисыбайға.....	46
«Үштоқал болыс болды...».....	46
Әділдік керек халыққа.....	46
Кәдірбайдың төбеті.....	57
Өстепкеде.....	63
«Халықтың еркі кетті...».....	64
Патша әмірі тарылды.....	64
Зілді бұйрық.....	65
Халық кегі.....	69
Жол үстінде.....	70
Таппаспын сендей салақты.....	70
1921-1935.....	71
Белсенділерге.....	73
Ақын болдым он үште.....	73
Батырақ – кедейлерге.....	81
Қазақстан тойына.....	81
Уа, қарағым келіншек!.....	82
Жастар алдындағы сөз.....	82
Ұсталарға.....	84
Оразға.....	85
Жайлау.....	85
1936.....	87
Қайта жасардым.....	89
Халықтың сәлемі.....	89
Елімнен Мәскеу жеткенше.....	92
Ленин мавзолейінде.....	94
Орден алғанда.....	96
Калинин ақсақалға.....	97
Клим батыр.....	98
Дастархан жыры.....	101
Ғасем Лахутиға.....	102
Әлемді келдім аралап.....	104
Мәскеу туралы жыр.....	109
Горькийге.....	110



Кекті ашу	112
Ұлы заң	114
Күләшқа	116
Кененге	117
Тоқтағұл	117
Қырғыз ұлы, құлақ сал	119
Кремльді тыңдадым	121
1937	123
Балаларға	125
Асқан бұлбұл	125
Пушкинге	126
Қызыл әскерге	128
X съезге	129
X съезді құттықтау	130
Одақтас республика	133
Егіс туралы жыр	134
Жырға қосам ерлерді	135
Сұр жылан	136
Май	138
Жаз жыры	141
Сүлейман Стальскийге	143
Жаз	144
Алатау	145
Қымыз	146
Испандық туысқандарға	147
Қытай халқына	149
Аманкелді	150
Ұрпақтарым алдында	151
Ұлы көш	153
Октябрьдің XX жылдығына	157
Өлгенің жоқ, сен тірі	159
Конституция күніне	161
Халықтар туысқандығы	163
Жеңіс пен шаттық	166
12-декабрь	167
Шынықтырды болаттай	170
Шота Руставелиге	172
Кавказға	173
Кавказға сәлем	173
Орынбор	174
Чапай	175
Одақ	178



Ленин.....	181
Туысқан ел.....	185
Тынық Донның ұлдарына.....	188
Өмір жыры	191
1938.....	195
Ұлдарым менің коммунист	197
Қайта келген жастық	201
Халық армиясы	202
Сәлем бүкіл халықтан	208
Өнердің өсуі	210
Құрт көзін	211
Ұлдарым – папаниншілерге.....	213
Күн нұры	215
Куйбышевке.....	217
Еңбек туралы жыр.....	218
Бақыт туралы жыр.....	219
Бесік жыры.....	220
Мәстек пен тұлпар	222
Отанды сүй	226
Шын жүректен.....	227
Бірінші май жыры	228
Күн толғауы	229
Тағы бітті жаңа күш	232
Қымбатты сый.....	235
Компартия – көсемім	236
Балам Тычинаға	239
Гүлденді далам	240
Жеңіс жырын сайраңдар	241
Жамбылдың халық үшін қалған жасы	243
Сайлау күніне.....	245
Халық ұлдарына	248
Сессияны ашардағы сөз	249
Теміржолшылар күніне	257
Жауға – оқ	261
Біздің Отанның қырандары	262
Ғалым ініме	266
Трамвай	267
Ұшқыш қыздарыма.....	268
Үлкен МХАТ-қа	270
Елімнің қыздарына.....	271
Жастық жыры	272
Октябрь үшін	276



Дәрігерлер съезіне.....	278
Сәлем берем Мәскеуге.....	280
Ленин орденін алғанда.....	282
Конституцияның екі жылдығына	283
«Социалистік Қазақстан» тойына.....	286
Мал өсірген аймаққа	286
Заман	288
1939	293
Жаңа жыл	295
Орындалған ант туралы жыр.....	295
Егіс жыры	298
Отанымның батырларына.....	301
Тарас	305
Жеңімпаздар съезіне	308
Еңбек көктемі	312
Мұғалімдерге сәлем.....	314
Май жыры	316
Жеңіс жыры.....	318
Мал өсірушілерге.....	323
Халық қазынасы	326
Қаны бір бауырларымызға	329
«Әбілқасым...»	332
Кәрілік.....	332
Отан үшін	333
Октябрь толғауы	334
Иісті майға.....	338
Үндеу	338
Біздің Киров.....	340
«Кекілік ұшып дүр етті...»	344
Жаһанда жоқ теңіміз	345
Жыр арқауы.....	350
Тұрапқа	352
1940	353
Қалмақанға	355
Оспанбайға.....	355
Төлегенге	355
Менің мініп келгенім.....	355
Арқаның арқауы	356
Рахымбайға.....	357
Мыржыға.....	357
Болат тонды батыр.....	357



Тезекбайға	361
Большевиктер тобына.....	361
Жанқұттыға	364
Күні туған елім.....	364
Асау үйреткен жігіттерге	366
Тәжібайға.....	366
Маяковскийге.....	367
Түрксибтің он жылдығына	370
Ол заманды мақтаман.....	372
Мектеп балаларына.....	374
Әлемде бір жұлдыз бар.....	376
Мен бір биік бәйтерек	381
Бақыт заңы.....	383
Тауда	385
Абайдың суретіне	385
«Жүрек неге соғады...»	386
Дәрігерлерге.....	386
«Кедей көтеріліп қырда жүр...»	386
Қиғаш қас.....	386
Жаулығымен бетін басып	387
Кәденжан	387
Балдызыма	387
«Бай үйінің артында шөп жатқанда...».....	388
Кененге	388
Қонақ бала	388
Майтөбе жайлауы	389
Оспанқұлға.....	389
Ақындарға.....	389
Сенің әкең баяғы Қаракүшік,	389
Барлыбайға	390
«Докторым, отыр бермен белің шешіп...».....	390
1941	391
«Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң...».....	393
«Сақалым темір күрек борға малған...»	393
Жетіппін жүре-жүре қыр басына.....	393
Алғыс	394
Көктем мен май даңқы	395
Өмірдің қысын жаз қылды.....	396
Жер байлығы	397
Мал азығы	397
Жан азығы.....	398
Жалқауларға.....	399



Мен келдім амандаса.....	400
Жайлауымыз – Құлансаз.....	406
«Мен де бір жас баламын қыңқылым көп...»	407
Ата жаумен айқастық	407
Өлім мен өмір белдесті.....	410
Қырман басында.....	412
Аттан, батыр ұрпағым.....	413
Ленинградтық өрендерім (<i>Алғашқы нұсқа</i>).....	415
Ленинградтық өренім	421
Москва – менің қамалым.....	427
Москваға.....	431
Совет гвардеецтеріне	438
1942.....	441
Жаңа жылдың кезеңі	443
Телеген ер.....	444
Қалжың	446
Совет жауынгерлеріне	446
Майданға хат	449
«Дидары жаздың жарқырап...»	450
Сәлем айт.....	451
Сыйлық	452
Темір тұлпар мінген қыз.....	454
Аттандыру	458
Қаһарман халық достығы	459
Отан әмірі	462
Большевиктік шындық туралы	465
Қарағандыға хат	469
Алынбас қамал	470
1943.....	473
Жаңа жыл сәлемі	475
Воронеж батырларына.....	476
Ленинград жастарына.....	477
Балама хат	481
Қамал бұзған қаһарман.....	483
Ту астында берген ант	488
Той күні таяу.....	491
Жүз жасаған жүректен	492
Жау ажалы жақын	494
«Қызыл жұлдыз» газетіне.....	497
Әке әзілі.....	497



Алатауды айналсам.....	498
«Сарғайып атқан таң ба екен...»	501
Сәлем саған, комсомол.....	502
Ақындарға арнау	503
1944	507
Батыр туы.....	509
Атаның әлдиі.....	510
Әшекейге	510
Соңғы сөз	510
ҚОСЫМШАЛАР.....	511
Түсініктер	513
Есімдер көрсеткіші	669
Жинаушылар туралы мәлімет.....	688
Жер-су атаулары	689
Сөздік.....	697
Шартты қысқартулар.....	702
Пайдаланылған әдебиеттер.....	703
Түйіндеме.....	705
Резюме.....	706
Summary.....	707

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ЖАМБЫЛ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ

Өлең-толғаулар

Мұқабадағы ақынның фотосуреті Жамбыл Жабаевтың
әдеби-мемориалды музейінен алынды

Компьютерде қалыптаған Жұмағалиев А.

Басуға 07.07.2021 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90^{1/16}. Баспа табағы 44,75.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды